

Әміржан ӘЛПЕЙІСОВ

«ЖАС ТҰЛПАР» ДҮБІРІ
АЗАТТЫҚ АҢСАҒАН САРЫАРҚА
ҚАШҚЫН СУЫР



Алматы, 2015 ж.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-44
Ә 54

Әлпейісов Әміржан.

«Жас тұлпар» дүбірі. Азаттық аңсаған Сарыарқа. Қашқын суыр. / –
Ә 54 Алматы: «Асыл сөз» баспасы, 2015. – 472 бет.

ISBN 978-601-80932-0-1

Мызғымайтындай көрінген Кеңес Одағының шаңырағының ортасына түсуіне, социалистік жүйенің қирауына қазақ жастарының қосқан үлесі зор. Ал сол жастардың санасын серпілтіп, болмысын оятқан, Алаш зиялыларының күрес жолын жалғастырған

«Жас тұлпар» қозғалысы болды. Кітапқа «Жас тұлпар дүбірі» повесімен бірге «Азаттық аңсаған Сарыарқа» және «Қашқын суыр» повестері де еніп отыр.

«Азаттық аңсаған Сарыарқа» повесінде Алматы қаласы студенттерінің астыртын құпия ұйымының іс-әрекеттері көрсетіледі. Ал «Қашқын суыр» повесінде Желтоқсан көтерілісінен кейінгі қазақ жастарының қилы ғұмыры мен тұрлаулы тағдыры, рухани-адамгершілік қасиеттерінің ашылуы сипатталады.

Жалпы бұл тарихи повестер ХХ-шы ғасырдың 60-80-ші жылдарындағы жастардың Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресі туралы айтылады. Повестер қалың оқырман қауымға, қазақ ұлтының тарихын зерттеушілерге арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-80932-0-1

© Әміржан Әлпейісов, 2015
© «Асыл Сөз» Баспасы, 2015

ОҚЫРМАНҒА

Тәуелсіздігіміздің көк байрағының желбірегеніне де, міне, 25 жыл болып қалды. Өркениетті елдердің көшіне ілігіп, дамыған 30 мемлекетпен тереземізді тең етеміз деп ұмтылып жатқанымызда негізсіз емес. Бүгінгідей күндеріміз үшін талай ғасырлар бойы ата-бабаларымыз қанды жолға тәуекел етіп басын тікті. Сондықтан да бүгінгіні – кешегінің жалғасы, өткеннің салдары, болашақтың себепшісі деп білген жөн. Өмір диалектикасына жүгінсек, ғайыптан пайда болатын ештеңе жоқ: кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертеңгі – бәрі де бір-бірімен табиғи да, тарихи тұрғыдан да байланысты.

Тарихымыздағы тәуелсіздік үшін болған 300-ден аса қан төгілген ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістер бір-екі күндік іс-әрекет емес, халықтың көп жылдар бойы ішінде жүрген Ұлы арманы – Тәуелсіз ел болудың ұмтылысы. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ “бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар”.

Өлі разы болмай, тірі байымайды. Тарихқа қиянат жүрмейді. Халқымыздың бостандығы, еліміздің тәуелсіздігі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, халқым, ұлтым деп отқа түскен боздақтар ұлтымыздың мақтанышы, ар-ұжданы, бүгінгі күннің айнасы.

Кез келген халықтың маңызды ескерткіші – оның тарихы. Ал 1465 жылы Қазақ хандығының құрылғанынан бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы тарихымыздың ақтаңдақ қалған жерлерін анықтап, оның ақ-қарасын айыру біздің міндетіміз. Шындап келгенде 1991 жылы Тәуелсіздікті аса үлкен шығынсыз жариялауымыздың түп-тамырында 1721-1757, 1837-1846, 1916, 1979, 1986 және басқа жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстар, көтерілістер жатыр. Жалпақ жұрттың мүддесі үшін шындық пен қатердің бетіне қаймықпай тура қарап,

дұрысын, ағын айтпасақ, керанау кемшіліктерге кездесе береміз. Ұлттық зейненің күш-қуатын күшейту де, жаңа қазақ тәрбиелеу де, еліміздің болашағы үшін парықты пайым, парасатты пікір айту да күмәнға айналады.

Осындай ақтаңдақтың бірі – қазақ жастарының Тәуелсіздік үшін күресі. Ал жастардың азаттық үшін күресінің көш басында «Жас тұлпар» қозғалысы тұрды. Ұлттық идея көрінісін Алаш идеясынан іздеген жастұлпарлықтар қазақтың жаңа өмір сүру философиясын қалыптастұрушы күшке айналды. Қазақта көзі ашық, көкірегі ояу жастардың бар екенің, рухы өшпегенін көрсетіп берді. Алаш идеясын қайтадан жаңғыртып, өзіміздің ел екенімізді, өз тегіне үнілетін тамыры бар тұтас ұлт екендігімізді дәлелде алды. Ұлтына деген сүйіспеншілік оларға ертеңгі күнді дұрыс болжаудың көрегендігін сыйлады. «Жас тұлпар» дүбірі қазақ жастарының санасын біржолата серпілтіп, азаттық күресіне жетеледі. Дүбірден оянған жастар Қазақстанның бар аймағында жасырын үйірмелер ұйымдастырып, өз шамашарықтарына қарай, ұлт-азаттық көтеріліске араласты. Құрбы-құрдастарының ой-өрістерін кеңейтіп, ұлттық зейненің күш-қуатын күшейтті. Қарағандыда «Жас қазақ», Қостанайда «Жас түлек», Өскеменде «Ұлттық мамандарға әділеттік тобы», Семейде «Тайшұбар», Гурьевте «Ұшқын», Павлодарда «Жас ұлан», Целиноградта «Тың тұлпар», «Оян қазақ», Шымкентте «Адыр қасқырлары», Алматыда «Сарыарқа» ұйымдарының болғаны соның айғағы. «Жас тұлпар» қозғалысы тарихымыздағы азаттық үшін күресіміздің үлкен бір белесі. Ол неміс автономиясының құрылуына жол бермеген, Желтоқсан көтерілісінде ұлтымыздың намысын жанып, жастарға рухани азық бола алған күш!

Халық тарихы қатпар-қатпар. Қай халықтың болсын, өткен өмір жолы, әлеуметтік-экономикалық өрбуі, рухани кемелденуі, сайып келгенде тарихи тағдыры бар.

Адам өткенге қарап өседі, бүгінгіге қарап бой түзейді, болашақты болжап күн кешеді. Шындықты, азаматтық қа-

сиетті қадірлей білу өмірдің көрсетіп келе жатқанындай жеке адамның тағдырына ғана емес, бүкіл ұлттың рухани дамуына, адамгершілік пен парасаттың салтанат құруына тікелей қатысты.

Тәуелсіз ел болуға деген ұмтылыстың қаншалықты қымбатқа түсетіндігін біз білеміз. Маркс айтты екен деп тоқтарым жоқ деп қатулана 1915 жылы-ақ “Аллаға шүкір, алты миллион қазақ бармыз” деп қуанып, дүниеге жар салып ұлтшылдығын көрсеткен, ұлтының болашағына көз жібере білген Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш зиялылары айдалып, атылып кетпегенде қазақтың ой-санасы қай дәрежеде болар еді...

Тарихтағы ұлы оқиғалар ұлттық идеяның сарқылмас қайнар көзі. Ал Ұлттық идея - мемлекеттің қозғаушы, алға итермелеуші күші. Ол тарихи қажеттіліктен қоғамдық болмыс болып қалыптасатын құдіретті күш.

Қазақ жастары қашанда саяси күрестің алдыңғы қатарында болды. Халықтың аузын құлыптап, ойын көгендеп, еркін шідерлеп ұстаған тоталитарлық коммунистік режимге алғашқы соққы беріп, негізін шайқалтқан да осы жастар. Біз тарихымызға жастұлпарлықтардың, сарыарқалықтардың, желтоқсандықтардың көзқарасы, іс-әрекетімен қарасақ қателеспейміз. Бұдан бүгін ғана емес, болашақта да адалдықтың, патриоттылықтың, тазалықтың, зиялылықтың құйындысы ретінде қарастырып үлгі аларымыз сөзсіз.

Болашақта қазақ болу, қазақша сөйлеу, қазақтың ән-жырын айту, қазақша жөн-жоралғы өткізу әлеуметтік мәртебе болсын десек, жастардың тарихтан алатын өз орнын көрсетіп бағалауымыз керек. Біз сана-сезімімізді, ұлттық менталитетімізді құрсаулаған ұзына ғасырлық отаршылдық жүйе үйреткен жалтақтығымыздан неғұрлым тез арылсақ, солғұрлым ұлттық болмысымыз шыңдала түседі.

Өткенді білмесек, болашаққа қалай барамыз? Кеткенімізді қадірлемесек, жана ұрпаққа не дерміз? «Жас тұлпар» қозғалысы, желтоқсан көтерілісі жөніндегі ақиқат, оның тарихи

орны, сипаты шындап келгенде өлгендерге емес, тірі біздерге де емес, болашақ ұрпаққа керек. Бұл жастардың жігерін күшейтуге, ұлттық болмыстың шыңдалуына қажет.

Құрметті әлеумет, кітаптың әділ қазылары өздеріңізсіздер, шығарманың артық-кемі болса, кешіре жатарсыздар.

автор

«ЖАС ТҰЛПАР» ДҮБІРІ

*Осыдан 50 жыл бұрын
1963 жылдың қараша айында
Мәскеу қаласында қазақ студент-
жастарының «Жас тұлпар» ұйымы
ресми құрылды.*

Өмір диалектикасына жүгінсек, ғайыптан пайда болатын ештеңе жоқ: кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертеңгі – бәрі де бір-бірімен табиғи да, тарихи да тұрғыдан байланысты. Тарихқа қиянат жүрмейді. Осыдан 550 жыл бұрын шаңырақ көтерген Қазақ хандығының құрылғанынан бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы тарихымыздың ақтаңдақ болып қалған жерлерін анықтап ақ-қарасын айыру, оны жас ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз. Шындап келгенде, 1991 жылы Тәуелсіздікті жариялауымыздың түп-тамырында көптеген жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістер жатыр. XX ғасырдың 60-шы, 70-ші жылдарында қазақ жастарының санасын серпілткен «Жас тұлпар» ұйымы болды. Бұл қозғалыс жастұлпарлықтардың өмір жолы, жастардың Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күресі ғана емес, бұл қазақ қауымының үлкен бір тарихи белесі. Бүгінгі жастарымыз, болашақ ұрпақтарымыз мақтанышпен айтар, үлгі-өнеге алып, жадында сақтар, ұлт рухының асқақтығын көрсетер тарихи алтын кезең.

Тарих толқынында туған «Жас тұлпар»

Адамзат тарихындағы әлемді билеген барлық империялардың ерте ме, кеш пе ыдырауы, күйреуі заңды құбылыс. Дүниежүзіндегі ең үлкен мемлекеттер Ислам халифаты, Рим империясы, Шыңғыс ордасы да объективті, субъективті жағдайларға байланысты бірі өздері, енді бірі жаугершілік нәтижесінде жер бетінен кетті. Барлық империялар биліктік

құрылымда қатаң тәртіп сақтау үшін диктатуралық, жеке бастық билікті ұстанады. Ол билік бірде қатаң, бірде жұмсақ икемді саясат құралына айналады. Ал Кеңес Одағындағы пролетариат диктатурасы қанды биліктің ең сорақы көрінісін айқындап берді. Ең үлкен, ең соңғы империя осы Коммунистік партия басшылығындағы Кеңес Одағы болды. Кеңес Одағы да қоғам дамуы заңдылықтарынан тыс қала алмады. Кез келген мемлекет – тірі организм – ол туады, дамиды. Даму, құлдырау және жаңару кезеңдерін басынан өткізеді. Бағына да, сорына да қарай қазақ халқына Кеңес Одағы құрамында өмір сүруіне тура келді. Өкінішке орай, қазақ халқы соңғы 300 жылдық тарихында өтпелі кезеңнен арыла алмай-ақ қойды. Хандық тұрақталып, әлеуметтік, саяси-экономикалық құрылым нығая бергенде жоңғар шапқыншылығы басталды. Қырық жылғы қырғыннан енді ес жия бергенде Ресей бодандығы келіп, Кеңес өкіметінің билігімен жалғасты. Адам тарихи өмір сүреді, өркениет тудырады. Бірақ өз тіршілігін жақсартудың орнына қитұрқы саясаттың кесірінен адам айтқысыз дәрежеде күрделендіреді. Дәл осылай «жердегі жұмақ» коммунизм қоғамы үшін Кеңес өкіметі әлемнің алтыншы бөлігін қамтыған өз халқын азапқа салып, жалғандағы тозақтың отын «жақты». Кеңес өкіметінің сөзі мен ісінің арасындағы алшақтық жалғандылыққа, ал ол өтірікшілікке әкелді. Өз халқын көзбояушылықпен алдау үйреншікті іске айналды. Өтіріктің арты бір тұтам, біртіндеп халық биліктің сырын ұқты, сөйте тұра күні үшін бетперделік сайқымазақ ойнын ойнауына тура келді. Ең бастысы аз ұлттардың рухани жан дүниесі күннен-күнге былықпен ластыққа тола берді. Ал өтірікпен, көзбояушылықпен өмір сүретін қоғам ешқандай кісілік пен ізгілік туғыза алмайтын рухани бедеу күйінде қалары сөзсіз. Мұндай қоғамдағы саяси құрылыстың ерте ме, кеш пе түбегейлі өзгеріске түсері айдан анық еді. Кеңес өкіметі сөз жүзінде бостандық, теңдік, социализм, коммунизм, бақытты балалық шақ, ұлттар достығы ұранымен халық санасын тізгіндеп, ауыздықтап отырды. Бір партия, бір билік, бір депутат саясаты көпшілікті тобырға

айналдырды. Полицейлік – шокпарлы билік ойына келгенін істеп, саяси сенімсіздермен аяусыз күрес жүргізді. Барлық империялардың мақсаты бір. Ол жаулаған халықты бағындырып ұстау. Ал ол үшін оның рухын сындыру керек. Бұл жердегі ең басты құрал идея болғандықтан, сол жергілікті бодан ұлттың зиялысын құрту қажет болды. Адамзат тарихындағы ең үлкен қылмыстар XX ғасырда Кеңес Одағында компартияның басшылығымен жасалды. Елдің халықтар түрмесіне айналуы былай тұрсын, жаппай қырғынға ұшыратты.

Кеңес өкіметі сөз жүзінде халық деп, ал шындығында оны қорлықта ұстады. 1920 жылы В. И. Лениннің тапсырмасымен коммунист С. Берзин Соловецкі аралында әлемдегі бірінші концлагерді ұйымдастырды. Кейін осы тәжірибеден неміс фашистері үлгі алып концлагерлер салды. Тарих білмеген, көрмеген сорақылық жасап, «халық жаулары жан ұясы» деген желеумен әйелдер үшін, балалар үшін түрмелер ашты. Коммунистер мен неміс фашистерінің мемлекет басқару билігі өте ұқсас болып шықты. Жалғыз ғана айырмашылығы неміс фашистері жаулап алған халықты қырса, коммунистер өз халқын қырды.

Ең басты қылмыс -социалистік жүйенің тоталитарлық өктемдікпен екі жүзден астам ұлтты қасақана мидай араластырып негізін жоюы болды. Осы саясаттың нәтижесінде аралас некеден туғандардың саны артты. Қаншама ұлттар мен ұлыстар жойылып кетті. Жүзге тарта мыңжылдық тарихы бар төлтума мәдениет жоғалды. Қоғамның өткені мен бүгінгісін саралаудың шебері неміс жазушысы Томас Манн Кеңес Одағының өткен шағын түпсіз құдыққа теңеген болатын...

XX ғасырдың 50-60-шы жылдары Кеңес Одағының тарихында ерекше орын алады. И. В. Сталиннің өлімі, Кеңес Одағының ішкі және сыртқы саясатындағы кемшіліктерді көрсету, «жеке басқа табыну мен оның салдарларын» сынау кеңес саяси жүйесі мен қоғамдық өміріне үлкен сілкініс әкелді. Жаңа басшылар социалистік жүйенің негізгі қағидаларына

тимей елде саяси реформа жасауға талпыныс жасады. Әрине, бұл либерализациялық үрдіс тиянақты жалғаспады және тоталитарлық санасы қалыптасқан қоғам да, элита да үлкен өзгерістерге, қайта құруларға дайын болмады. Әйтсе де, капиталистік Батыс елдерімен қарым-қатынастар біршама түзеліп, «темір шымылдық» ашылды. Елдегі саяси қуғын-сүргін тоқталуымен бірге Кеңес өкіметінің өз халқына істеген зорлығының, қайғы-қасіреттерінің беті ашыла бастады.

«Хрущевтік жылымықтың» басталуына елде пісіп жетілген объективті де, субъективті де алғышарттар толығымен болды. СОКП-ның XX съезінің «жеке басқа табыну және оның салдарлары» шешімінің қабылдануының да негізі бар. Шындықты балта шаппайды. Съезде Орталық Комитет мүшелерінің бәрінің шешімді бір ауыздан қолдауының өзі көп дүниеден хабардар етеді. Тарихтың бұралаң жолы жеке басқа табынудың сұрқия бетін ашты. Шынында, бұл Сталиннен бұрын Ленин салған қызыл террорлық жол болатын. Енді міне, осы саясат мемлекет деңгейінде әшкереленді. Компартияның XX съезі шешімдері биліктің бетін бұқара халыққа бұрып, әділеттілік орнатпақ ниет көрсетті. Деспоттық, тағылық биліктің қалың сеңі жібиін деді.

1939-1945 жылдар аралығындағы екінші дүниежүзілік соғыс, өлім-қиыншылық пен бірге кеңес солдат-офицерлерінің болмысына әсерін тигізіп, дүниеге көзқарастарын өзгертті. Батыс елдерінің тұрмыс-жағдайын көрген Кеңес азаматтары өз өмірлеріне сын көзбен қарауға айналды. Соғыстан елге оралғандардың арасынан социалистік жүйеге, ұлттық қарым-қатынастардағы кемшіліктерге мән беретін адамдар шықты. Әсіресе, орыс интеллигенциясы қатарынан соғысқа қатысқан А. И. Солженицын, А. Рыбаков, В. Аксенов сияқты ақын-жазушылар шығып, өз шығармаларында кеңестік жүйені ашық әшкереледі. Мұндай жағдай Ресей тарихында 1812 жылғы соғыстан кейін де болған. Онда да Наполеонды жеңген орыс армиясындағы алдыңғы қатардағы дворян офицерлері монархиялық құрылысты өзгертпек ниетпен көтеріліске шығып «декабристер» атанған.

1921-1954 жылдар аралығында Кенес Одағы өзінің 3 миллион 777 мың азаматын «халық жауы» деп соттап түрмеге отырғызды. Оның 642 мыңы атылды. 1929-1933 жылдары Қазақ АССР ОГПУ саяси өкілдігінің үштігі 9805 іс қарап, 22933 адам жөнінде шешім қабылдады, соның ішінде 3386 адам атылды. Атылғандардың арасында біртуар Жүсіпбек Аймауытов, Иманжүсіп Құтпановтай ұлтының қамын жеген Алаш зиялылары мен ақын жыраулары болды.

Қазақстанда 1937-1938 жылдары 100 мыңнан аса адам сотталып, 27 мыңы атылды. Бұл сотталып, атылғандар негізінен қазақтың оқыған білімді, ұлтының болашағын ойлаған алдыңғы қатарлы зиялы қауымы болды. Жалпы «халық жаулары» 953 лагерьде қамауда ұсталынды. Тек бір Қазақстанда ГУЛАГ-тың 11 лагері орналасты. Олар Алжир, Карлаг, Дальний, Степной, Песчаный, Камыслаг, Ақтөбе, Петропавл, Кенгір және Өскемен лагерлері.

Миллиондаған әр түрлі ұлт өкілдері Қазақстан және басқа да Орталық Азия республикаларына жер аударылды. Кешегі аштықтың қырғынынан қансырап, боздақтарынан айырылып, көз жасы енді тиыла берген қазақ елі мен жеріне жаңа қасірет келді. Адам айтқысыз хайуандық-азғындықтың іс-әрекеті жалпылай көрініс алды.

Өмірі түрме көрмеген қазақ жері «халықтар түрмесіне» айналды... Бір ғана «Карлагта» 200 мың жуық адам қуғын-сүргін көрді. АЛЖИР-де әйелдер зонасы жұмыс істеді. 1937 жылы Қиыр Шығыстан 100 мыңнан астам корейлер, Ресейдің Еділ өңірінен 361 мың неміс, 1943-44 жылдары Солтүстік Кавказдан 507 мың шешен-ұңғыш, қарашай-балқар, Месхетиядан ауған күрдтер мен месхед түріктері, одан қалды, қалмақтар мен татарлар қазақтың кең даласына тоғытылды. Қазақ қашан да өзі де еркіндікте өмір сүрді, басқаның да бостандығын шектемеген. Оның түрмесінің болмауы азаттықтың қасиетін қадірлегенінде жатыр. Адам өлтіруді қазақтың азғындыққа тенеуі шынайы парасаттылық белгісі. Ешбір дәлел өлімге баруды ақтай алмайды. Өйткені қан қанды тартады. Жамандық өздігінен өршіп жалғасын таба береді.

Кеңес өкіметі қазақтың ұлттық ерекшелігі – кеңпейілдігін ездiк, жасықтыққа балап ойына келгенiн iстедi. Малын қырғанымен, зиялысын қамап өлтiргенiмен қоймай, ата мекенiн қайғы қасiреттiң көз жасына толтырды.

И.В. Сталин өлгеннен кейiн 20 күннен соң 1953 жылдың 26 наурызында НКВД басшысы Л. П. Берия дайындаған «Кешiрiм жөнiндегi» (об амнистии) өкiметтiң шешiмiн Жоғарғы кеңесi Президиумы бекiттi. Сөйтiп, осы шешiм негiзiнде түрмедегi бас бостандығынан айырылып, сотталған 2 миллион 526 мың 402 адамның 1 миллион 183 мыңы босатылды. Мұндай кешiрiм жасап, осыншама адамды бiр мезгiлде түрмеден босату адамзат тарихында бұрын соңды болмаған. Әрине бұл шараның iске асуына Л. П. Берия мен Н. С. Хрущевтiң арасындағы таққа таласы да себебiн тигiздi. Екеуi де өткен күннiң көлеңкесiнен алшақтағылары келдi...

Қалай дегенде де, азаматтық құқықты қорғау, либералдық саяси өмiр жанданды. Кеңес Одағында Коммунистiк партия социалистiк жүйеге сай мемлекеттiк органдардан жоғары тұрғандықтан, оның көшбасшысының ұстанған бағытына көп нәрсе байланысты болды. Уақыт қажеттiлiгiне сай заманның талабын орындайтын саяси тұлға Компартияның саяси бюросынан табылды. 1953-1964 жылдары Кеңес Одағын Н. С. Хрущев басқарды. Бұл он жыл – Кеңес Одағы тарихында «ұлы жылдар» деп аталды.

«Хрущевтiк жылымық» ерекше оқиғаларға байланысты үш кезеңге бөлiндi.

Бiрiншi, И. В. Сталиннiң өлiмi, 1953 жылдың наурызынан – 1955 жылдың басына дейiн Маленков бастаған антипартиялық топпен күресу кезеңi.

Екiншi, 1955-1957 жылдар, Н.С. Хрущевтiң И.В. Сталиннiң «жеке басқа табынуын» әшкерелеу кезеңi.

Үшiншi, 1957 жылдың желтоқсаны мен 1964 жылдың қазаны. Iшкi және сыртқы саясаттағы дағдарыс, Н.С. Хрущевтiң билiк басынан кету кезеңi.

Бiр сөзбен айтқанда, 50-60-шы жылдар Кеңес қоғамында бұқара халықтың саяси болмысын өзгерттi. «Хрущевтiк

жылымықтың» әсерімен «таптық социализм» деген термин де шықты.

Қоғамда рухани бостандықтың көзін ашуға мүмкіншілік туа бастады. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды жаппай ақтау басталды. Б. Пастернак, М. Зощенко, И. Эренбург, тағы басқа ақын-жазушылардың еңбектерінің жарық көруіне жағдай жасалды. А. Твардовскийдің «Новый мир» журналы әділдіктің, шындықтың көзіне айналды. А. Солженицын, Б. Слуцкийлердің шығармалары кеңінен шығарылды. Ұлттық аймақтарда ояну басталды.

Кеңес Одағында тұрып, Сталиннің «жеке басқа табыну» саясатының зардаптарын тартқан ұлттар әділдік іздеп, іске кірісті. Адам құқығын қорғау, тарихи шындықты айтуға біріккен «Родина» сияқты жалпыхалықтық ұйымдар пайда болды. Қызыл империяның тоталитарлық жеке басқа табыну зардаптарынан арылу кезеңін жәй «Хрущевтік жылымық» жылдары деп айтқанымызбен, бұл кеңестік болмыс-санада ақжол толқын атқан керемет заман еді. Саяси ағымдағы биліктің де беті бұқара халыққа бұрылды. Коммунистік диктатура кезеңінде сіресіп қатып қалған қара түнек ыдырайын деді.

1953-1964 жылдардағы «Хрущевтік жылымық» Кеңес Одағында шешімін таппай, күн тәртібіне қойылмай, ондаған жылдар бойы жабулы жатқан ұлт мәселесін шешпекші болды. Бірақ «жылымық» кезінде ұлтаралық қатынас керісінше шиелене түсті. Батыс Украина, Қап тауы аймағы республикалары ұлт мәселесіндегі қуғын-сүргін мәселесін көп көтерді. Ұлттық мәдениет, ана тілі, ұлттық саяси мәселелерді шешу туралы іс-әрекеттер жасалды. Күрес нәтижесінде жер аударылған ұлттар ақталып, туған жерлеріне қайтуға мүмкіндік алды.

Кеңес Одағындағы саяси мүмкіншіліктер барлық ұлттардың сана-сезімін оятып, ұлттық болмыстарын жаңаша қалыптастыра бастады. Ұлттық автономиялық республикаларын құру үшін Қырым татарлары, Поволжье немістері ұлт-азаттық көтеріліске шықты. Барлық республика, ұлттық

автономиялық құрылымдарда ашық, жасырын ұйымдар құрылып, өз ұлттық мүдделерін қорғай бастады.

Балтық жағалауы республикаларында тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық көтеріліс кеңінен орын алды. Бұған 1956 жылғы Польша мен Венгриядағы көтерілістер де өз әсерін тигізді. 1956-1959 жылдары Балтық жағалауы республикаларында социалистік жүйеге, компартияның диктатурасына қарсы шыққан шерулер көбейді. Олардың қатары күннен-күнге көбейіп, шеруге мыңдаған халық шықты. Барлық шерулер ұлттық мәдениет пен ана тілін дамыту, тәуелсіз мемлекет құру жөнінде талаптар қойды.

Бұл саяси реформалар мен бостандық үрдістері Қазақстанға кешігіп жетті... Ерте ме, кеш пе шындықтың бет-пердесі ашылатынына қазақтар да сеніп, тірлік қамын жасауға кірісті.

Республикалардағы ұлт наразылығы әр түрлі сипатта өтті. Балтық жағалаулары республикалары, Украинада шеруге шығу кең өріс алса, Қазақстанда сайлау бюллетендеріне наразылық жазу кеңінен етек алды. Ресей ғалымы Александр Пыжиковтың зерттеуінше, Мәскеудің ұлттық саясатына келіспеушілігін бюллетенге жазып білдіруден Қазақстан әрдайым алда болды.

Қоғам дамуында әр ұлт өзіне ыңғайлы мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан құндылықтар негізінде саяси жүйе орнатқанда ғана ұлт жан-жақты дұрыс дами алады. Ұлттық мұрат іске асады. Капиталистік қарым-қатынастар күшті дамымаған, жартылай көшпенді, шаруашылығының ұлттық ерекшелігі бар қазақ халқы ешқашан социализмге құштар болған емес. Өзіндік өмірлік ерекшелігі, таптар арасындағы қайшылықтың жоқтығы социалистік қоғамды қажет қылмады. Ұлттық құндылықтары негізінде өмір сүріп отырған қазақ еліне өз ырқымен, өз жолымен ұйымдаспаған социалистік жүйе пайдадан гөрі орны толмас орасан қиыншылық әкелді. Қазақы қоғамның қаймағы сылынды, рухы бұзылды.

Әрине басқаның несібесін тартып алып бақытты қоғам құрмақшы мемлекеттің болашағы күмәнді болатыны сөзсіз.

Кенес Одағының ерте ме, кеш пе құлайтыны жөнінде Алаш зиялылары өз кезінде көрегендікпен ашық айтты.

Мағжан Жұмабаев:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер Алашым,
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар, байқамаған шамасын, –

деп, ойдан туған, қиялмен жасалған қисын-жүйелі Кеңес өкіметінің құлайтынына Алаш зиялыларының сенімді екенін көрсетті.

1929 жылдың қаңтарында Міржақып Дулатов ұрпаққа өсиет хатында:

«Совет өкіметіне қарсы күрес деп шуласып жүргендері – қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отанымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз... Ғұмыр болса, дәм жазса – ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам – халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» деп көрсетті.

XX ғасыр қазақ халқына өмірі көрмеген нәубет жылдар әкелді. Бұған бірнеше объективті жағдайлар әсер етті.

Біріншіден, 1919-1921, 1931-1933 жылдардағы Кеңес өкіметінің қолдан жасаған ашаршылығы кесірінен қазақтардың саны екі есеге кеміді.

Екіншіден, соғыстар ұлттық менталитетті әлсіретті.

Үшіншіден, өтпелі кезеңдер қырғындарының құрбандығына Қызыл империя жоспарлы түрде қазақтың зиялы қауымын түгелдей дерлік шалды. Қазақ халқы көшбасшыларынан айырылды.

Төртіншіден, Кеңес өкіметі тап күресін желеу қылып, қазақтың ат төбеліндей аз зиялы қауымын екі бөліп, бір-біріне қарсы қойып жау етті.

Бесіншіден, социалистік идеология ұлт, ұлтшылдық деген дүниедегі ең асыл сөздерді құбыжық қылып халықтың санасына сіңдірді.

Осындай себептерден қазақтың ұлттық генофонды таптық, коммунистік идеологияға қарсы күресу иммунитетін құра алмады. Ұлттық сананы қайғының қара бұлты жапты. Ал ұлттану - қазақ даласында бағзы заманнан, мәңгілік өшпес болып әр қазақтың сүйегіне сіңген қасиет еді.

Қоғам дамуының тарихына көз салсақ, өтпелі, қиынқыстау соқпақты кезеңдерде ұлтын адастырмай қараңғы түнектен алып шығатын алып тұлғаларының дүниеге топтанып келетінін көреміз. Ұлт көшін бастар сегіз қырлы бір сырлы тұлғалар неғұрлым көп болса, елдің даму үрдістері соғұрлым жылдамдайды. Қазақ халқы дарынды, ұлты үшін жанын қияр ұл-қыздарына ешқашан кенде болған емес. Осы өтпелі кезеңде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын заманауи үрдісіне сай жаңа арнаға бұрған, жүз жылда бір туатын Алаш зиялыларының тарих сахнасына шығуы ерекше құбылыс. Бір мезгілде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай және тағы басқа да саяси қайраткерлер; Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов сияқты талант иелерінің дүниеге келуі үлкен феномен. Әттең не керек «қолдағы алтынның» қадірін біліп қорғап, сақтай алмадық. Тәңірім бізге ат төбеліндей аз зиялыны көп көрді.

«Хрущевтік жылымық» жасаған жағдай қазақ болмысына да төңкеріс әкелді. 1950 жылдың соңында басталған саяси ой-пікір қозғалысы билікке қарсы жекелеген адамдардың күресімен басталып, жаппай қарсылық жасап қоғамдық тәртіпті бұзушылықпен жалғасты.

Ояна бастаған ұлттық сана меңіреу ұйқыдағы қалың жұртқа ой салды. Елдің жанды жерлерін сыздата бастады. Халық, әсіресе алдыңғы қатарлы болашағын ойлаған зиялы қауым бірде ашық, бірде жасырын іске кірісіп, күреске шықты. Үнпарақ жазып тарату, өкіметке, Компартия комитеттеріне шағым хат жазу қалыпты іске айналды. Көбіне жоғарғы мекемелерге жекелей, ұжым болып хат жазды. Қазақстанда да ұлт саясатындағы кемшіліктерді ашық сынап,

наразылықтарын білдіретін адамдар шыға бастады. Олар соғыс кезінде жанқиярлық ерлік көрсетсе де батыр атағын қазақ болғаны үшін ала-алмағандардан бастап, ауылдағы, әсіресе колхозшылардың тұрмыс-жағдайларының мәселелерін көтерді. Сол кезде Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлының ерліктері ел аузынан түспеді. Ал Қазақстандағы колхозшылардың тіпті еңбек кітапшасының болмағаны өз алдына, өз еріктерімен ешқайда кете де алмай құлдарша өмір сүрді. Халық өзгерістерді, жаңаша өмір сүруге мүмкіншілік жасауды талап етті. Бірақ көбіне көпшіліктің күңкілі жылы пештің қасынан, жайылған дастарқанның басынан әріге бармады. Дегенмен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар туып, биліктің әділетсіздігі, қарапайым халықтың мұқтажына ешкімнің бас ауыртпайтындығы кейбір аймақтарда жәй сөзден іске жалғасты. 1951 жылы Қарағанды қаласында соғыс ардагері К. Жақсылықовтың ықпалымен Б. Исақов, А. Нарешев, К. Теміров және тағы басқалар астыртын «Елін сүйген ерлер партиясы» (Есеп) атынан үгіт-насихат жасап, жастарды ұлтын сүюге, халқына қамқорлық жасауға шақырды. Өкінішке орай, топтың жұмысы көпшілік арасынан қолдау таппай, тез арада тоқтатылды. Соғыстан әлі есін жинап болмаған ел санасы – қарынның тоқтығы, қара бастың амандығынан әріге бара алмады...

Кеңес Одағындағы билік пен еңбекші халықтың арасындағы қарулы қақтығыс алғаш рет 1959 жылы Қазақстанның Теміртау қаласында орын алды. Бұл көтеріліске болат қорыту комбинатын салып жүрген қазақ жастары түгелдей қатысты. Азаттықта өмір сүріп үйренген, қанында бостандық рухы бар Арқа азаматтары биліктің әділетсіздігіне бұқпаланбай қарсы шықты. Сөйтіп, Отан соғысынан кейінгі Кеңес Одағындағы компартия саясатына қарсы алғашқы қарулы көтеріліс интернационалдық кейіпте қазақ жерінде көрініс тапты.

Қоғамдық қозғалыстар көтерген мәселелерге өкімет тарапынан жауап берілмеді, шешілмеді. Қозғалыстардың барлық талаптары айналып келгенде, егемендікке, ұлт мәселелеріне

келіп тіреле берді. Ал ұлттық мәдениет пен ана тілді дамыту, қалыптасқан әдет-ғұрыпты сақтап қалу коммунистік жүіенің қағидаларына қайшы келді...

Отан соғысынан кейін тап жауларын жою саясаты жаңаша деңгейде өріс алды. Енді ұлтын ойлаған зиялыларды социалистік идеология тұрғысынан сарсаңға салу басталды. Компартия Кеңес өкіметі халықтарын ұлтсыздандыруды жаңа белеске көтерді.

Қазақ ұлтшылдарын әшкерелеу 1951 жылы қазан айында өткен «Қазақстан Республикасы партия ұйымындағы идеологиялық жұмыстың жағдайы және оны жақсарту» деген тақырыптағы пленумнан кейін күштеп қолға алынды. Буржуазияшыл ұлтшыл аталып, сотталған тарихшы-ғалымдар Е. Бекмаханов пен Б. Сүлейменовтердің жақтастарын әшкерелеу күшейді. Бекмахановтың лекциясын тыңдаған КазГУ-дің тарих факультеті студенттерінің бәріне Кенесары Қасымовтың ұлт-азаттық қозғалысын сынап қайтадан дәріс оқып, емтихан тапсыртты. Партия басшылығымен қоғамдық кафедралар жиналыстарын өткізу көбейді.

1954 жылы Жазушылар Одағының III съезінде Компартия идеологы Н. Д. Жандилдин жолдас Қ. Бекхожин, Қ. Аманжолов, Қ. Шаңғытбаевтың шығармаларын ұлтшыл, зиянды деп атады. Тіпті Қ. Сатыбалдинның «Әлия», М. Хакімжанованың «Мәншүк» поэмаларын ұлтшыл шығармаға жатқызды. Сөзін жоғалтқан жұрттың өзі де жоғалатыны сөзсіз. 1959 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің жабық қаулысымен: «Жоғарғы оқу орнына түсу емтиханы тек қана орыс тілінде тапсырылсын» деген талаптар қойылды. Соның нәтижесінде қазақша оқыған бала оқуға түсе алмады, оқуға түссе, ары қарай оқу қиынға соқты. Қиындық көрген адам өз баласын орысша оқуға беруге мәжбүр болды. Қазақ өз ана тілінен безді. Адам қай тілде сөйлесе, қай тілдің мәдениетін меңгеріп, салт-дәстүрін ұстанса, сол ұлтқа жатады. Ресей империясында 1897 жылғы жалпы халықтық санақта, кім қай тілде сөйлесе, сол ұлтқа жатқызған. Ел қайтадан қасіреттің қою қара бұлтына оранды.

«Хрущевтік жылымық» ойлағандай нәтиже бермегендіктен, жекелеген азаматтар өз шамалары, саяси деңгейіне қарай, социалистік жүйемен күресті күшейтті. Ойларын ашық айтып, үнпарақ таратып, социалистік жүйенің кемшілігін әшекереледі. Қазақстанда да басқа республикалардағыдай тығырыққа тірелген ұлт мүддесін қорғау үшін кеңестік билікке қарсы күресуге жекелеген диссиденттер шықты. 1962 жылы Қостанайдың Рудный қаласының тұрғыны Махмет Құлмағамбетов саяси көзқарасы үшін қылмыс кодексінің 58-бабымен 10 жылға сотталды. Ол мерзімді уақытын түрмеде отырып шығып, кейін «Азаттық» радиосында қызмет істеді. Махмет Құлмағамбетов Мұстафа Шоқайдың «Біртұтас Түркістан» ұстанымын басшылыққа алып, «Азаттық» радиосының Түркістан редакциясын құрған Қарыс Қанатбай, Мәулікеш Қайболдыұлы, Дәулет Тағыберді, Жәкебай Бапыш және Хасен Оралтайлармен қызметтес болып, ұлтының жоғын жоқтады. Ол философ, жазушы Германияда неміс тілінде шыққан «Жұмақтан жеткен жансауға үні» романының авторы Мәулікеш Қайбалдыұлымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы және тағы басқа Алаш зиялылары еңбектерін радио арқылы насихаттап, көпшілікке таныстырды. «Азаттық» радиосы «Түркістан» редакциясының алғашқы директоры болған Мәулікеш Қайболдыұлымен өте жақын болды. Мәулікеш Қайболдыұлы (Асан Қайғы) кезінде Ленинград университетінің философия факультетін тәмамдаған дарынды ақын, ұлтшыл азамат еді. Оның 1969 жылы Мюнхен қаласында белгісіз біреулердің қолынан қаза табуы да кезіндегі Шәкәрім, Әміре, Естайлардың қазасындай жұмбақ жағдай. Ол Қазақстандағы зұлымдықтарды Батыс елдеріне жеткізіп, хабардар етті. Алаш зиялыларының жоқтаушысы болды. Ал Махмет Құлмағамбетов Алаш зиялыларынан кейінгі ұлтшылдығы үшін сотталған жаңа буындағы бірінші қазақ азаматы болды, оның есімі Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне кірді.

Адамның тұлғалық мәні – рухани дамуында деп есепте-

леді. Коммунистік басшылықтағы социалистік идеология «халықтар түрмесіне» айналған Кеңес Одағында ұлттардың рухын жоспарлы түрде әлсіретіп отырды. Бұл соққыны ең көп жеген қазақ ұлты болды. Социалистік идеологияның жеңісі мәңгүрттік кезеңнің өріс алуына кеңінен мүмкіншіліктер жазады. Ашаршылық пен соғыстан азып-тозып, қажып, зиялы қауымынан түгелге жуық айырылып, геноцидке ұшыраған қазақ ұлтының рухани дамуы ондаған жылдарға тежелді. Ұлттық құндылықтарды сақтау қиындыққа соқты.

Компартия ең алдымен өткенді білетін, қазіргіні саралай алатын зерделі ұлт зиялыларына қарсы науқан ұйымдастырды. Алаш зиялыларының ұшқыр ойына, сан-салалы біліміне, ұлттық рухына қарсы тұра алмаған Кеңес өкіметі оларды жаппай қырды. Жеті атасын, үш жұртын жастайынан біліп өскен, рулық шеңберде өмір сүрген бауырмал қазақ тығырыққа тіреліп елдігінен айырылайын деді. Өткенді ұмытқан, бүгінгіні байыптамайтын, келешекке көз салмайтын жаңа ұрпақ өмірге келе бастады. Ғылыми коммунизм ілімімен сусындаған, жалғандықты біліп тұрса да соған құрандай сенетін жаңа адам қалыптасты. Өткеннің тереңіне бармай, бетіндегісін қалқып ішіп соған мәз болатындар көбейді. Тарихи жады, көкірегінде көзі жоқ, бірақ интернационалистік ағымдағы шала сауаттыларға даңғыл жол ашылды. Ел билеуге табандарының бүрі жоқ, тайғанак, рухсыз, ұлтынан безген адамдар тағайындалды. Революцияшыл социализм идеясын қолдаушылардың саны көбейді. Діл күйреуге, мәдениет күйзелуге айналды. Өткен тарихымыз түгелдей феодалдық сарқыншақ аталып, ата дәстүрінен жерінетіндер пайда болды.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда Ер Түрігім туып-өскен.

Тұранның тағдыры бар толқымалы,

Басынан көп тамаша күндер өткен,

– деп жырлаған Мағжан Жұмабаевтың бүкіл түрік әлемі халықтарының гимніне айналған «Түркістан» өлеңі жолдары ұмытылды. Тоталитарлық, социалистік жүйе қазақ қауымын көйлектің көктігі, тамақтың тоқтығы мен соғыстың жоқты-

ғынан әріге жібермеді. Қазақ – арқа қағар жалған мақтанышқа мәз болды...

Ұлтының болашағын ойлап, оның тарихын зерттеп, білім беруге оқулықтарын жазып, ұлттық болмысты жаңаша қалыптастыра бастаған Алаш зиялыларының жоқтығынан халық қорғансыздың күнін көрді. Егер Мағжан Жұмабаев сияқты ақындар қазақты алаламай жырласа, революцияның жалған әуеніне еліккен тап ақын-жазушылары шығып, социалистік-интернационалистік идеяның жаршыларына айналды. Қазақ халқын қасіреттің қанына шомылдырған компартия көсемі Сталинді мақтауға «халық ақындары» сөз таба алмай қиналды.

Кеңес өкіметі, саясатқа қатысы жоқ, қазақ мәдениетінің халық арасындағы өкілдерін де қуғынға түсірді. Тірі пенденің ала жібін аттамаған, жаны нәзік Әміре Қашаубаевтың өлімі, халықтың сүйіктісі Естай ақынның белгісіз біреулердің қолынан қаза болуы жан түршіктіреді. 1925 жылы Парижде болып, ән салған сапарында Мұстафа Шоқаймен кездескені үшін талай НКВД соққысына жығылып, бір түнде Әміре Қашаубаевтың белгісіз жоқ болуы ізделінбеді. Әміренің зираты 1974 жылы ғана табылды. Ал халқымыздың дана ақыны Шәкәрім 1931 жылы атылып, отыз жылдан соң 1961 жылы ғана сүйегі аруланып жерленді.

Кеңес өкіметінің, И. Голощекин билігінің кесірінен қазақ халқы 70 мың зиялысынан айырылды. Француздарда бір ғұламасынан мезгілсіз айырылған мемлекет 1 ғасыр артта қалады деген сөз бар екен. Біз бар ғұлама, зиялымыздан бір мезгілде айырылдық. XX ғасырдың 20-шы жылына дейін қазақты өз тарихи атымен атамай, 200 жылдан астам қырғыз деп келуінің өзі отарлық саясаттың дәлелі болса керек.

Социалистік идеология Кеңес Одағы дәуірінде қазақ халқының талғамын да түбегейлі өзгертті. Ұлттың таным-түсінігі сол кеңестік идеология шеңберімен шектелді. Көшпелі өмірден туған еркіндік қазақ үшін басқа елдердің құндылықтарын жылдам қабылдауға мүмкіндік берді. Кез келген қоғам өркениеттің белгілі бір формасын қабылдап

жетістіктерге қол жеткізгенімен, өзінің құнды нәрселерін жоғалтатыны заңдылық. Кеңестер Одағының басқа ұлттарымен салыстырғанда қазақтар өздерінің салт-дәстүрі мен мәдени мұрасын көбірек жоғалтты. Оған қолдан жасалған тап күресі қосылып ұлттық сана әлсіреді. Аумалы-төкпелі заманның көптігі қазақтың ұлттық санасын қилы-қилы кезеңдерден өткізді. Өзгеге кіріптарлық қазақ қауымын алты-бақан алауыз етіп, ауыр зардабын тарттырды. Бірақ ұлттық рух әлсірегенімен тарихи сабақтастық үзілген жоқ.

Қазақ халқы басынан қандай да қилы-қилы замандарды өткізсе де, ел болуды әрдайым аңсады. Бас бостандығын, ата мекенін, жері мен малын өмір бақи қорғай білді. Қазақтың әйелдері елін қорғайтын ерлерді, жауына шабар батырларды жүздеп, мыңдап дүниеге әкелді. Бір XVIII ғасырдың басындағы 40 жыл ішінде қазақ халқына жоңғарлар, Еділ қалмақтары, башқұрттар жан-жақтан шабуылдап, халықтың үштен екісін қырды. Бірақ сонда да олар қазақтың жерін алып тұрақтап тұра алмады. Қазақтың қашан да ұлттығын, ата-мекенін сақтауға құдіреті, қаһары жетті.

Әр ғасыр халыққа өмір ағысында сәтті кезең «алыптар дәуірін» сыйға тартады. Қазақ тарихында XVIII ғасырда «жау жүрек» елім деп аттан түспеген батырларды сыйласа, XX ғасырдың басы «зиялы қауым» Алаш азаматтарын дүниеге әкелді. Рухани қажеттіліктің ұлттық болмысты тарих сахнасына итермелеуі де диалектикалық заңдылық. Бұл процесс халықтың бүгіні мен ертеңі сарапқа түскенде ар намысы, ел болашағы үшін күресуге дайын ұлтшыл, қаншыл, білікті, батыр жандарды жарыққа шығарады.

Қазақ «Атаға тартып ұл туса игі, ата жолын қуса игі», - дейді. Ата-баба жолын жалғастыру арқылы ғана қазақ ұлты қырық жыл қырғын болғанда да елдігін сақтап, парасаттылығымен ұрпағына үлгі бола алды.

XX ғасырдың 60-шы жылдары «Хрущевтік жылымықтан» мүмкіншілік алып оянған ұлттық болмыс ұлттық сананы жаппай қозғалысқа итермеледі. Кеңестік Одақтың республикаларында ұлтшылдық жаппай үлкен белең алды.

Әсіресе, ұлттық интеллигенция мен студенттік жастар қауымдастықтары ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі күшіне айналды.

Ата данқы, баба салты, өнегелі дәстүрі, айбарлы күші болған халықтың бұл жылдарғы жағдайы Қазақстаннан тыс қалаларда білім алып жүрген жастарды бей-жай қалдырмады. Мәскеуде өткен ғасырдың 60-шы жылдары бір мың екі жүзден аса қазақ жастары бір мезгілде білім алды. Рухы бай адамдардың үндестіктері қай жерде жүрсе де бірге шығады. Қазақ жастары Кеңес Одағының түпкір-түпкіріндегі арасы алшақ республикаларда жүрсе де, бірін-бірі көрмей, естімей-ақ ой-армандары бір жерден шықты. Ұлтына деген сүйіспеншіліктері жастарды көп іс тындыруға, ізгілікті іс қалдыруға жетеледі. Білім алып жүрген жастардың бірігіп бас қосуы заман талабы, тірлік қамынан туды десек қателеспейміз.

Заңғар жазушы Мұхтар Мағауиннің айтуынша, XX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында қазақ руханиятында жаңа серпіліс басталды. Ұлттық танымға, рухани өмірге дұрыс көзқарас туды. Мәдениет, әдебиет, тарих салаларында қазақ қауымы жөнінде құнды еңбектер дүниеге келді. Ұлттық болмыс көрініс тапты. Ашаршылық пен соғыстан есін жинап, тұрмыс-жағдайы түзеле бастаған ел-жұртта ұлттық, отаншылдық сана оянайын деді.

Тарих ағымы кез келген халыққа өз даму барысында мүмкіншіліктер жасайды. Тарихта «кіндік кезең» деп саналатын тұстар болады. Бұл кезеңде ұлттық сана оянып, серпілікке түседі. Осындай тарихи мүмкіншілік белесін дұрыс, сәтті пайдаланып, қалған ұлттар үлкен табыстарға жетеді. Ой-сана, діл, мәдениет тағы басқа салалар да жаңа үрдіс жолына түседі. Ұлт бойындағы жақсы қасиеттер сыртқа шығады. Зиялы, білімді, ұлтшыл азаматтардың жұлдыздары жанып, көш бастайды. Сол кезеңдегі ұлттың даму деңгейі, ой-болмысы, менталитеті, жоғары ұмтылысы екпінді болса, халық өз дегеніне жетеді. Дербес мемлекет болып, ұлттың көкейіндегі армандары орындалады, экономикасы дамып, әл-ауқаты

жақсарады. Ал ең бастысы, ұлттық рух оянып, халық етек-жеңін жиып, алдына үлкен- үлкен мақсаттар қояды.

Арман асулары

Азаттық қозғалысы жөніндегі ойлар жастұлпарлықтарға сол 60-шы жылдары келді. Елдегі саяси өзгеріс ұлтын сүйген жас жігіттер мен қыздарға өз ықпалын күштеп тигізді. Әсіресе, «Жас тұлпар» ұйымының болашақ басшысы Әуезов қоғамдағы саяси өзгерістердің негізін ерте түсінген болатын. Бұл жерде жаппай қырғыннан жалғыз тірі қалған Алаш зиялыларының соңғы көзі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің тарихи орны ерекше болды. Ұлы жазушының тарихи-көркем шығармалары әсіресе «Қилы заман» повесі жастарға үлкен ой салған еді. Мұхтар Әуезов пен ұлы Мұраттың арасындағы ел өмірі, ұлт болашағы, мәдениет, тіл тағдырлары жөніндегі пікірлер «Жас тұлпар» қозғалысының идеялық алғы шарттары болды. Мұхтар Әуезов Алаш идеясының нәрін ұлы Мұратқа 1961 жылдың шілдесінде өзі дүниеден өткенге дейін беріп үлгерді.

Қазақстанның экономикалық дамуының сыртында көлеңкеленіп мәдениет, тіл ғана емес, жалпы қазақ ұлтының құндылықтарымен бірге өзінің тарих сахнасынан жойылып кетуі тұрды. Тілі мен ұлттық ерекшелігінен айырыла бастаған қазақтың төлтума мәдениеті социалистік идеология әсерімен интернационалистік, тексіз бағыт алды.

Мұхтар Әуезов ұлы Мұраттан көп дүние күтіп, ұлтына істер еңбектеріне сенгендігін ғұлама жазушының елдегі досы Кәмен Оразалинге жазған өсиет хатынан көруге болады. Семейдегі достарынан ұлы Мұратты елмен таныстыруды өтінуінде үлкен саяси астар бар. Шындық тек халықпен шынайы араласып, соның мұң-мұхтажын, қажетін өз көзімен көргенде ғана ашылады. Семей - Алаш азаматтарының қаласы. Ұлы Абайдың рухы сақталған, зиялы үлгілі мекен. Ұлт тағдырының кешегісі мен бүгіні айдан анық көрінетін жер. Ел іші – қашан да өнегелі шежіре. Әкесі Мұхтар Әуе-

зовпен көзі тірісіндегі әңгімелер, ой саналар енді жас Мұратқа өсиеттей көрініп, нақты іс-шараларға жетеледі. 1961-1962 жылдар – Мұрат Әуезовтің әке арманын іске асыру жолдарын іздеу кезеңі. Бұған Мәскеудегі әлеуметтік орта, елдегі саяси реформалар да қолайлы жағдай жасады. Мәскеудегі жастардың өзара пікір алмасулары біртіндеп нақты істерге итермеледі. Елмен байланыс жасап, үгіт-насихат жүргізуге де мүмкіншіліктер туды. Абай мен Махамбеттің өлеңдері жастарға күш берді. Елуінші жылдардың соңында қазақ мәдениетінің көгінде жарық жұлдыз пайда болды. Бұл Олжас Сүлейменов еді. Оның «Арғымақтар» өлең жинағы Қазақстаннан тыс жерлердегі жастардың жастанып жататын кітабына айналды. Мұрат Әуезов бастаған Мәскеу қаласындағы қазақ жастарының Олжас Сүлейменовпен қоян-қолтық араласуы да жастардың ұлттық рухын көтерді. «Қазақ қашан еңселі ел болып, өрдегі өркениетті жұрттың қатарына қосылады? Адамзат көш -керуеніне қайтсек, еңсесін көтеріп ере алады? Неге қазақ елі артта қалды?» деген ойларын ортаға салды. Тығырықтан шығатын жол іздеді. «Батыр бабалардың ұрпақтары азғындаған аз топ коммунистерге, оның шолақ белсенділерінің бірі И. Голощекинге халқының жартысын аштан қырғызып қойып қалай қарап отырды? Әкесіне қарап ұлы оқ жонған, шешесіне қарап қызы тон пішкен, аруаққа сыйынып рухтанған ер жүрек ұлттың осынша қасіретке шыдап отыра беретініндей не болды? Халқы, туыстары, бауырлары ашығып, қырылып жатқанда ел билігіндегі қазақтардың өңештерінен тамақ қалай өтті екен?! Неге біз көне мәдениет көздерінің иесі бола тұра, тарих көшінен қалып барамыз?» деген ойлар жастұлпарлықтарға жатса да, тұрса да маза бермеді...

Өз пікірі жоқ адам ұлттық құндылықтарды танып біліп, қастерлей алмайды. Рухани деңгейі төменнің жан дүниесі олқы. Міне, неге коммунистер ана тіліне, дінге, ұлттық құндылықтарды жоюға бар күшін салды. Ұлттық ерекшелігін жоғалтқан адам тұлға болып, халқына қызмет жасай алмайды.

Алаш зиялылары ғана ерте замандағы батырлардың ерлігін жалаң айта бермей, бүгінгі таңда ұлтқа қалай қызмет жасау керектігін көрсетті. Ұлтты сүйді. Рухты шыңдады. Қазаққа көзсіз батырлық емес, ұлт болып ұйысудың жолдарын ұсынды. Жастұлпарлықтар Алаш зиялыларын осындай ұлағатты, ерекше көзқарастары, болашақты дұрыс болжай білгендіктері үшін пір тұтты. Рухы жоқтың болашағы жоқ екенін біліп, рух көзін мәдениет пен тарихтан іздеді.

Қазақ жастары ұлттық ерекшеліктеріне тән Мәскеуде жүрсе де ән-күйге көп мән берді. Мәдениет көзі ән мен жыр қазақтың қанына ұлттық ерекшелік болып сіңген. Ән елге, туған жерге деген сағыныш. Студенттер қалт еткен мүмкіншілікті бос өткізбей бір-бірлеріне барып, бас қосып ел жөніндегі әнгімелерін, әнмен жалғастырады. Ән мен күй елге деген сағынышты басады...

Туған елге деген сағыныш та қазақ үшін өмірдің бір ғанибеті... Бұл сезім –мәңгілік. Ол өлгенде көрге бірге кетеді...

Жастар көбіне Абайдың әндерін айтып, қазақша сөйлеп үйренуге әдеттенеді. «Абай жолы» эпопеясынан үзінділер оқиды.

Дәрменнің монологын, І. Жансүгіровтің «Гималай» өлеңін жаттайды. Қазақ жастары Мәскеу қаласының сыртына шығып, Правдинское көлінің, Пахра өзенінің жағасына серуендеп, ақ сүйек ойнап, мақал мен мәтелден жарыс ұйымдастырып, дастархан жайып, өлең-жырмен шер тарқатады. Ұлт болашағы жөнінде әнгімелер кеңінен етек алады. Қала сыртынан келе жатқан пойыз -электричка ішінде Әсия Мұхамбетова, Қорлан Рахимбекова тәрізді қыздар жол бойы қазақтың әндерін айтқанда, вагон ішіндегі халық ұйып тындап, қазақ жастарына ілтипат көрсетуді әдетке айналдырыпты.

Ал Мұрат Әуезовтің саяси тұлға болып, ерте шыңдалуына анасы Фатима Ғабитованың еңбегі өте зор. Фатима Ғабитова өте білімді кісі екен. Қазақтың үш бірдей біртуар азаматтарының жары болған Фатима апай өмір жолында көп айдауға ұшыраған, бірақ ешкімге намысын таптатпаған, ірі

азаматтық дүниетанымда болған жан. Қазақ халқының асыл буыны - Алаш азаматтарының бел ортасында жүріп, соларға сай бола білген және қилы заманда оларды рухтандырып отырған. Ол әрқашан ұлы Мұратқа рухани күш беріп, әр адымын қадағалап, саяси көзқарасын, іс-әрекетін қолдапты. Мәскеудегі қазақ жастарының мақал-мәтелден жарыс өткізетінін естіген Фатима апай машинкаға 5 дана қылып 100 мақал -мәтел басып жіберуі соның дәлелі.

Жастұлпарлықтар саяси реформа берген қоғамдық жүйелік мүмкіншіліктерді өз мақсаттарына дұрыс пайдалана алды. Бұл ретте МГУдің физика факультетінің студенті Ғалым Әбілсейітов туралы айта кеткен жөн. Ол сол жылдары Бүкілодақтық студенттер құрылыс отрядтарының командирі болды. Студенттік құрылыс отрядтарының қасынан жастардың мәдени топтары құрылады. Мұндай мәдени, үгіт-насихаттық бригадалар конкурсқа қатысып, елді мекендерге барып жұмыс істеуге жолдама алатын болған. Ол үшін мәдени шаралардың деңгейі, оқылатын дәрістердің бағыты, мазмұны жоғары дәрежеде болуы ескертілетін.

Сөйтіп 1963 жылдың көктемінде Ғалым Әбілсейітовтың кеңесімен болашақ жастұлпарлықтар «Жас тұлпар» ансамблін құрып, жолдама алу үшін байқауға қатысады. Мәскеу қаласының халық творчествосы үйінің комиссия мүшелері бағдарламаларында көп ұлттың әндері бар өнерлі жастарға бір ауыздан қолдау көрсетіп ансамбль І орын иеленеді. Концерт жүргізуші Әбділдә Ботбаев, ән айтқан Қорлан Рахімбекова, Н. Байбулаева, Ерсайын Тапенов, Жамбыл Баспаев, Жеңіс Қойшыбаев, Мырзағали Шотбаев, Алдар Тұңғышбаев, Марат Сейдалин және басқа да жастар көпшіліктің көңілінен шығады. Бұл жастұлпарлықтардың алғашқы жеңісі болды. Өкімет тарапынан қолдау табу, материалдық, қаржылану мәселелерін шешуге мүмкіншілік берді. Концерттік бағдарламалармен бірге, дәріс оқуға, үгіт-насихат жүргізуге жағдай жасалды. Жастұлпарлықтар өздерінің концерттік бағдарламаларын Жамбыл облысынан бастады. Ол жерде олардың қатарына Ташкенттен әнші Пулат Илдаров

косылды. Әсия Мұхамбетова сол алғашқы жеңіс күндерін бүгінде ұмытпайды:

«... Наша агитбригада из 14 студентов московских вузов заняла на отборочном смотре в райкоме комсомола первое место (представьте наш восторг и удивление москвичей других бригад) и была допущена к поездке. Этот волнующий день я в деталях запомнила на всю жизнь. В программе концерта были казахские, русские песни и даже английские спиричуэлс (я аккомпанировала на семиструнной гитаре, которую пришлось срочно освоить), незамысловатые сатирические сценки, стихи, Мыразгерей играл на домбре кюи. Конечно, это была программа самодеятельная, но очень искренняя и задорная. Нас направили в Джамбулскую область.

Мы общались с аульной молодежью, днем играли в волейбол, футбол и казахские народные игры, о которых мы и не слышали в городе. Концерты шли вечерами, встречали нас на ура. Мурат после концертов проводил свои лекции. Интерес к его лекциям был огромный, приходили люди всех возрастов, практически все население аула, общение длилось часами. И вот тут-то открылось то главное, ради чего он организовал эту поездку. Он разумеется, рассказывал людям о международном положении, о произошедшем разрыве с Китаем, который тогда еще не был объявлен официально. Но основное время Мурат посвящал совсем другим проблемам. В 1961 году был отменен запрет на выдачу паспортов колхозникам (т. е. произошла своеобразная отмена крепостного права), но на местах частенько старались оставить молодежь в аулах, и сельсоветы паспорта не выдавали. Информация для читателей, не живших в СССР. Без паспорта сельский человек не мог прописаться в городе, а без прописки невозможно было устроиться на работу или поступить в учебное заведение. Мурат объяснял молодым людям, что получение паспорта – их законное право, призывал никого не бояться, добиваться своего и обязательно ехать в города, продолжать учебу в ВУЗах. И эти призывы давали немедленный результат. К нему подходили за советом молодые, куда пойти

учиться, люди зрелого возраста обсуждали с ним свои проблемы. Были и уникальные случаи, когда подошел парень, с детства обученный арабскому языку дедом, но не знавшим, как продолжить образование. Мурат помог ему поступить на факультет востоковедения в МГУ. Тогда же мы встретили молодого Амангельды Сембина, обладателя уникальной красоты тенора, который с нашей подачи поехал поступать в Московскую консерваторию. К сожалению, после консерватории его артистическая карьера рано оборвалась, но многие до сих пор помнят его редкий голос и удивительное пение. Многим Мурат помог в дальнейшей учебе и судьбе. И эту миссию сознательного служения людям он принял на себя уже в двадцать лет!!!»

Қазақ халқының «кіндік кезеңінде» 1963 жылдың қараша айында Мәскеу қаласында «Жас тұлпар» ұйымының ресми құрылып, тарих сахнасына шығуы – осындай рухани қажеттіліктен туды. Жастұлпарлықтар Кеңестік өкімет қолданған интернационалистік идеологияның қазақ ұлтының тамырына балта шауып жатқанын жәй біліп отыра берген жоқ, оған ұлт құндылықтарын, қазақ өнерін қарсы қоюға ұмтылыс жасады. Өмірдегі қасіретті өнердегі көркем дүние арқылы көпшілікке жеткізу қазақтың сүйекке сіңген ата салты.

Сол күндерді Аймұқан Таужанов былай еске алады: «1963 жылдың алтыншы қарашасында біздің институттың (Мәскеу энергетикалық институты) асханасында қазақстандық студенттердің тұңғыш рет бас қосу кеші ұйымдастырылды. Осы кеште «Жас тұлпар» ұйымы құрылып, оның жетекшісі болып Мұрат Мұхтарұлы Әуезов тағайындалды. Мен ұйымның оқу секторы Мәскеудегі қазақ жастары оқитын бірнеше институттың кураторы болып бекітілдім. Ол кезде қазақстандық жастарды ешнәрсенің анық-қанығына бармай жатып, оқу орындарының басшылары оп-оңай институттан шығара салатын. Қазақ студенттерінің тағдыры олар үшін ойыншық сияқты болатын. Менің міндетім осы мәселенің түйінін шешу еді. Іс нәтижесіз болған жоқ. Мәскеудегі Қазақстан өкілдігіне барып, онда істейтін Ғалым Сүлейме-

нов дейтін ағамызбен ақылдастым. Қазақстандық студент тағдыры талқыға түскен кездерде ол іске өкілдіктің де іске араласуын өтіндім. Бұл ұсынысымыз ағаларымыздан қолдау таппай қалған жоқ. Нәтижесінде Қазақстандық студенттерді өкілдіктің келісімінсіз оқудан шығаруға болмайтындығы жөнінде заңды талаптарға қол жеткізгенбіз. Бұл бір жағынан бізге өкілдікпен тығыз байланысып тұруға мүмкіндік жасады. «Жас тұлпар» ұйымының атынан жағдайы төмен студенттерге материалдық көмек сұрау жөніндегі өтініш қағаздарды өкілетке жеткізіп отыру да менің міндетіме кірді. Қуантарлығы өкілдікте істейтін азаматтардың қазақ жастарына деген ықыласы ерекше болатын. Өкілдік орналасқан ғимарат - кішкентай Қазақстан сияқты еді. Онда біздің «Жас тұлпар» деп аталатын қабырға газетіміз үнемі ілініп тұрды».

Тәуелсіздікті аңсаған тұңғыш жастар қозғалысының көш басында Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжанов, Алтай Кадыржанов, Әнуар Сартбаев, Болат Хисаров, Темірхан Бектібаев, Серік Байкенов, Мақаш Тәтімов, Советқазы Ақатаев, Марат Балтабаев, Базар Дамитов, Жеңіс Өмірбеков, Бекен Дүйсебаев, Құтжан Құнапина, Жәмилә Аухадиева, Қалқаман Тілеуханов, Өмірсерік Қасенов, Алдар Тұңғышбаев, Әсия Мұхамбетова, Ағлаш Жалдыбаева, Дәмелі Машанова, Арлоп Ахметов, Сара Тыныштығұлова, Дәмеш Белесарова, Амангелді Сембин, Мұқан Орынбеков, Бекеш Шәкірбаев, Аймұқан Таужанов, Раушанбек Абсаттаров, Роза Бердіғалиева, Нұрлан Әбішев, Сағынтай Тойтанбаев, Шұға Алдабергенова, Шарапат Жапаров, Қазбек Тәттібаев, Марат Сейдалин, Мырзағали Шотқалиев тағы басқалары болды. Жастұлпарлықтардың бәрі дерлік өз ойларын жетер жеріне жеткізе алатын, сөздері өткір, топ жарған Ресейде оқитын қазақтың жайсаң ұлдары мен қыздары еді.

Қорқыт ата, Асан ата, Бұхар жыраудай ұлтымыздың алтын діңгектерінің жалғасы Алаш зиялылары болса, солардың барлықтарының ой-армандарын өздеріне ту қылған жаңа ұрпақ тарихқа «Мен қазақпын» деп атойлап кірді. Орнында бар оңалар. Тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің. Нарт-

әуекелге бармасқа амалдары жоқ. Күш-жігер, ар-намыстары кеуделерін қысқан қазақ жастары күреске шықпай тұра алмады. Жастұлпарлықтар Алаш зиялыларындай басшысы дана, қоғамы дара, ел еңсесі биік, ердің бағы жанып, ұлты бақытты болатын кезеңді аңсады.

Ұлттық мүдде, болашақ ұрпақ қамы болатын ой-арман Мәскеу, Ленинград және басқа Ресей қалаларында оқитын қазақ жастарының басын біріктірді. Олар жас болса да ұлт тағдыры үшін өздерінің жауапкершіліктерін сезді. Қазақ қоғамының өткен асылдарын жоғалтпай өркениет көшінен өзіне тиесілі орын алуын көкседі. Адамзат тарихында не істелсе де ұлттық мүдде үшін істелетінін көрсетті.

Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған Алаш қозғалысы десек, 40 жылдан соң сол Ұлы арманды халқына жеткізуге талпынған «Жас тұлпар» ұйымы болды. Мұрат Әуезов өз естеліктерінің бірінде «Жас тұлпардың» құрылуын былай сипаттайды:

«Біз өзіміздің кім екенімізді, тарихымызды білгіміз келді. Қазақ ұлтына жасалып отырған әділетсіздікті көрдік. Сол уақыттарда қазақ мектептері жабыла бастады. Семей полигонында ядролық жарылыс жүргізілді. Қазақстанның бес облысын қамтитын Тың өлкесі құрылып, оған сырттан неше түрлі адамдар әкелінді. Бес облыс үшін бір ғана қазақ газеті шығарылды. Оның өзі орысша басылымның аудармасы. Ашаршылық туралы естігеніміз бар. Ешқандай деректер жоқ, бірақ ата-аналарымыздың, үлкендердің әңгімелерін тыңдағанбыз. Ақиқаттың ашылмай жатқанын ішіміз сезіп жүрді. Қазақтың атылған ақын-жазушылары, Алаш зиялылары ол тағы бар. Осының бәрі біз сияқты жалындап тұрған жас жігіттерді ойға қалдырды. Біздің ой-пікіріміз қалыптаса бастады. Екінші-үшінші курстан бастап экономиканы оқыдық. Қазақстанның шикізат базасы екендігіне, отарлау саясатының құрбаны болғанына көз жетті.

Болатхан Тайжан, Алтай Қадыржанов, Әнуар Сартбаев және мен төртеуіміз бір жарым айдың ішінде 46 жатақхананы аралап үгіт-насихат жүргіздік. Барған жерде Болатхан мен

Алтай қазақ әндерін айтады, Илияс Жансүгіровтің «Гималай» деген өлеңін оқиды.

Тоқ қарыны басылған,
Аш қарыны ашынған,
Тұман әдет, қар сәлде,
Арылмаған басынан.
Құлғанасы құл жайлап,
Ғасырдан шіріп сасыған,
Дертке дене толғандай...
Сол бір дертке ем қонбай,
Жаны жара, тәні ауру
Гималай сорлы, сормаңдай...

* * *

Гималайда қуат бар,
Қозғалды оны құрауға.
Гималайда ұлы от бар,
Таянып тұр, тұтауға.
Гималайда улы оқ бар,
Құл атады құдайға.
Болса болар, болғандай...
Көксеп күн мен көк орай,
Дейтіндерге неге олай?
Айтар сонда Гималай!

Бұл өлең қазақ жастарының рухын көтеретін өлең болды. Сөйтіп, Мәскеуде оқитын қазақ жастарының басын қостық. Ең бастысы, біздің қазіргі жастардан айырмашылығымыз – жауымыз анық болды. Ол – отаршыл Қызыл империя. Кенес одағын өзге халықтарды қанап отырған отарлаушы деп түсіндік. Сөйтіп, оған қарсылық білдіруге тырыстық. Әсіресе шет елдерде болып келген алғыр ойлы, саяси сауатты дипломат Болат Тайжанның қосылуы «Жас тұлпар» ұйымын жаңа сатыға көтерді».

Әр заман әркімнің алдына өз сұрақтарын қояды. Өмір, тәжірибе, мақсат та әр түрлі болады. Жастұлпарлықтардың

Отанының тағдырына байланысты мақсаттары айқын болды. Тұманды күнгі дүниедей әлдебір буалдыр ұғымға малданып жүре беретіндердің саны көбейген заманда жастұлпарлықтардың саяси аренаға шығуы Ұлттық рухымыздың барлығының көрінісі. Қазақтың бойында қашан да ұлттық рух сөнбеген.

Жастұлпарлықтар басқа қалаларда ұйымның бөлімшелерін ашудан басқа үш бағытта жұмыс жасады. Бірінші бағыт, Қазақстаннан тыс жерде оқитын қазақ жастарына көмек көрсету. Ұйымшылдық, бауырмашылық және қолқабыс мәселелері. Екіншісі, қысқы-жазғы демалыс кездерінде қазақ ауылдарын аралап, елмен танысу, бұқара халықпен тікелей байланыс орнату. Үшінші бағыт – бұл ұлт мәселесі. Кітапханалардағы ұлттық мәселеге байланысты кітаптарды зерделеу. Ұлттың өткені мен болашағы тағысын тағылар жөнінде кең көлемдегі пікір алысулар. Жалпы бағдарлама үш бағытта ғана болғанымен олар алдарына үлкен көп салалы, жан-жақты мақсаттар қоя алды. Ең бастысы, тарихымызды түгендеуге, рухани болмысымызды бүтіндеуге жол іздеді.

Жастұлпарлықтар Алаш ақын-жазушыларының еңбектерімен бірге Махамбеттің творчествосына үлкен мән беріп, құрметпен қарады. Олар Махамбетті ел атынан сөйлеген ер, азаттықтың жаршысы деп санады, өлеңдерін жаттады. «Исатай-Махамбет» көтерілісін ұлт-азаттық көтеріліс деп үлгі алды. Махамбеттің азаттық ой-танымын танытар жан тебіренісі, бостандықты аңсауы жастұлпарлықтардың арман – мақсаттарымен ұштасып жатты.

Ұлтының мұңын мұндап, жоғын жоқтап, болашағын болжап, сол жолда қандай да қиыншылықтарға шыдаған Алаш зиялыларының өмір жолдарын өздеріне үлгі тұтқан жастұлпарлықтар «тәубе» деп іске кірісті. Осы кезеңдерде қазақ қоғамында түрлі мамандықтарды кәсіби деңгейде игеруге ұмтылған жастардың легі көбейді. Ауылдың балалары Алматыға, қала берді облыс орталықтарына ұмтылса, қалалы жердегі қазақ зиялыларының балалары Мәскеу, Ленинград,

Киев, Рига қалаларынан білім алды. Әсіресе, Мәскеу және Ленинград қалаларындағы университеттерде талантты жастар көптеп оқыды. Білімді жастар ұлт тағдыры үшін мойындарындағы борышын атқаратын заман келгенін түсінді. Жастұлпарлықтар Мәскеу, Ленинград, Киев және басқа қалалардағы ең күшті, демократиялық үрдіс ертеден қалыптасып, жалғасқан атақты университеттерде оқыды. Олардың білім алған, араласқан орталары 60-шы жылдардағы ең білімді, демократиялы, озық орта болды.

Мәскеу қаласындағы жоғары оқу орындарының ішінде МГУ, Бауман техникалық училищесі, байланыс және мәдениет институттарында оқитын қазақ жастары белсенділік көрсетіп, «Жас тұлпар» қозғалысын құруға көп еңбек сіңірді. Бауман училищесінен Болат Хисаров, Байланыс институтынан Анвар Сартбаев, Мырзағали Шотқалиев, Мәдениет институтынан Марат Балтабаев сияқты талантты жастар шығып, ұлт тағдырына байланысты іс-шараларға ұйытқы болды.

«Жастұлпарлықтар» Алаш зиялыларының ұлттық идеяларын ту қылып ұстады. Өнер атаулының барлығы ұлттық рухтың көрінісі деп есептеді. Қазақтың өмірі мен өнері егіз! Өздерінің ой-мақсаттарын бұқара халыққа жай жалынды сөздерімен ғана емес, ұлттың жан сарайынан шыққан ән мен күй арқылы жеткізуге тырысты. Парықсыз құлдық санадан тезірек арылудың бірден-бір жолы ұлттық мәдениет пен ана тілінің дұрыс дамуына байланысты деген тұжырымда болды. Концерттік нөмірлер арасында Қазақстанның кешегісі мен бүгіні, болашағы жөнінде сөз қозғау ыңғайлы және нәтижелі болды. Мәдениетті көрсету барысында өздерінің саяси мақсаттарын насихаттай алды. Биліктің шектеулерін бұзып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өз істерін Кеңес Одағының түкпір-түкпіріне жеткізе алды.

Жастұлпарлықтардың көркемөнерпаз үйірмелері алғашқы концерттерін Мәскеу, Ленинград қалаларында студенттік ортада берді. Қазақ жастарымен бірге басқа ұлт өкілдерінің студенттері де қазақ елінің асқақ әнін тыңдап, аса бір күшті

сезім құшағына енді. Айтылған әндердің мазмұнын орысшаға аударып, түсініктеме берумен бірге, шығу себебіне, маңызына тоқталды. Міндетті түрде елдің тарихына шолу жасалып, өлеңді шежіремен байланыстырып отырды. Сол күндерді Сара Тыныштығұлова «Бір үйдің балаларындай едік», – деп былай еске алады: «Ол кездерді ұмытуға бола ма?! Мәскеуде эстрадалық студияда оқыған жылдарым әлі күнге есімнен кетпейді. Қазақ жастары соншалық ұйымшыл тату еді. Біз бір-бірімізбен туған бауырлардай араластық. Жекелеген жігіттердің жетістіктеріне бір үйдің балаларындай бірге қуандық. Желігіп қызық қуып жүрген біраз жігіт «Жас тұлпардың» арқасында есею жолына бет бұрды, архивтер мен кітапханаларды қопарды. Біз – қыздар өзге ұлт өкілдерінің алдында жігіттеріміздің қажет жерінде қол бастар көсем, сөз бастар шешен де бола алатындығы үшін мақтанатынбыз. Ауылдан ұзап шықпаған біздер үшін «Жас тұлпардың» белсенді азаматтары туған ағамыздай жанымызға жақын болды. Мен Марат Балтабаев басқаратын «Жас тұлпар» ансамблінің әншісі болдым. Репертуарыма көптеген ұлттың әндерін еңгіздім. Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып », халық әні «Қарғаш», Шәмші Қалдаяқов пен Әсет Бейсеуовтің сол жылдары дүниеге келген әндері біздің ұранымыз секілді болатын, жиі орындалатын. Мәскеуде жүріп екі бірдей телефильмге түстім. Студент әнші үшін бұл өте үлкен табыс еді. Бұл үшін менен бұрын «Жас тұлпарлықтар» қуанып, жиын-кештерде құрмет пен қошаметке бөлейтін еді. Олардың ниеті мен пейілі сағынып жүрген өз туған ауылынды Мәскеуге көшіріп әкелгендей әсер қалдыратын. Жат жерде қазақ қыздарына қамқор болған сондай азаматтармен бірлесіп жұмыс жасағаным әлі күнге мақтанамын. «Жас тұлпар» ұйымы маған туған халқымның дәстүр-салтына, өнері мен әдебиетіне зор құрметпен қарауды үйретті. «Жас тұлпар» арқылы мен халқымның қадір қасиетін таныдым ». Сара Тыныштығұлова Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін өз репертуарынан сонау студент күндерінен түсірмей орындап келе жатқан халық

әншісі. «Менің Қазақстаным» әні айтылуының астарында Тәуелсіздік үшін күрес рухының шыңдалуы жатты.

«Жас тұлпарлықтар» Тәуелсіздіктің басы сонау ата-баба арманында жатқанын, олардың ой түйсіктерін Алаш зиялыларының іске асырмақшы болғанын жақсы түсінді. Азаттық үшін болған көтерілістер мен шайқастағы азаматтардың не үшін құрбан болғанын жадыларына сақтай білді. Өскен орталарына сай, жастайларынан ұлттық сана мен сана тәуелсіздігін бойларына қалыптастыра алды. Халқының тарихын біліп, басқа ұлттардан артық болмаса кем еместігіне көздері жеткендіктен батыл болды. Ерте ме, кеш пе халқының тәуелсіз жеке мемлекет болатынына сенді. Ұлтына сенімі армандарымен ұштасқан білімді ұлтшыл жастар ештеңеден тайынбады. Ана тілін, дінін, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрін күрес құралының көзіне айналдырды.

Ұлттық идея – ұлттың еңсесін көтеріңкі ұстап дамуы болса, жастұлпарлықтар Ресейде жүріп, «Мен қазақпын» деген мақтаныш сезімін қалыптастыра алған жастар. Отаршылдықтан көзін ашпай қырылып, езіліп, өткені қараланып, болашағы мүшкіл елдің жастарының бұл қайсарлығының өзі ерлікке пара-пар еді.

«Жас тұлпарлықтар» өз ұлтының мәдениетінің, әдебиетінің, әдет-ғұрпының тарихын, ана тілін кемітіп қаралап отырған мемлекеттік саясатпен келіспейтіндерін ашықтан-ашық білдірді. «Қазақ елі», «Қазақ жері» деген ұғымдарды жоюға жол бергілері келмеді. 40 ғасырлық тарихы бар қазақ ұлтын Кеңес өкіметінің жоққа шығаруын әділетсіздік, барып тұрған сұрқиялылық деп тапты. Қазақтың қалыпты, мәдени ерекшелігін сақтауды ата-баба аманаты деп түсінді. Басқа ұлттардан тереземіз кем болмасын, ел-жұрт болайық, бұл – бабалар алдындағы киелі міндетіміз, мойнымыздағы парызымыз деп іске кірісті. Жастұлпарлықтар алдарына қойған мақсаттарына ерте ме, кеш пе жететіндеріне сенді. Әділеттілік, жақсылық қашан да үстемдік құрады. Егер жақсылықтың мерейі үстем болмаса, адамзаттың өз деңгейінде өркендеуіне қабілеті болмас еді. Өзіндік ерекшелік сақтап

ұлт болып қалыптасып, адами құндылықтар жасай алмас еді. Ағысқа қарсы жүру ниеті қай қоғамда болсын өте қауіпті екенін ескерсек, «Жастұлпарлықтарды» өз дәуірінің батырлары деп мақтанышпен айта аламыз.

Адам санасындағы ең жоғарғы саты – ұлттық болмыс. Ұлт болу мындаған жылдарда қалыптасатын ұзақ процесс. Ал адамзат тарихындағы ең әділетті күрес – ұлт азаттығы үшін күрес. Азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, тәуелсіз мемлекет құру – халық арманы. Бұл арман «ұлт» деген ең қасиетті, ең киелі сөздің құдіретінен туады.

«Жас тұлпар» ұйымының басқа ұйым, қозғалыстардан ерекшелігі де, артықшылығы да оның ұлт болашағы көзін басқа ел, басқа ұлттан емес өз халқынан іздеп, соған сенгендігінде. Жастұлпарлықтарды ұлттық болмыстың пісіп, сананың оянуы төл тарихымызды білуге ұмтылдырады. Ол міндетті түрде қолымызды Тәуелсіздікке ерте ме, кеш пе, жеткізеді деп сенді.

Тарихты бұрмалап, халықты қаралаған саясатқа осыдан 50 жыл бұрын қарсы тұруға тырысқан жастардың басының бірігуі ұлттық рухтың, жігердің күштілігі. Социалистік идеямен уланған елде өссе де жастардың ұлттық сезімдерін жоғалтпауы таңғажайып қасиет. Мұндай ғажаптылық жастұлпарлықтардың қанына сіңген ұлтшылдықтарынан, шыққан тектерінен еді.

Зиялы қауым ұрпағы қаны су болып кетпесе, қашан да текті. Тектілік адам бойындағы жақсы қасиеттердің, парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастылықпен беріледі. Тектілік құбылысы жаны жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, ділдік, психологиялық адами қасиеттер. «Тектен нәр алған тозбайды».

Ұлт мүддесі үшін бірлік ұстанымын жастұлпарлықтар мызғытпай берік ұстады. Мысалы, ұйымның «Жас тұлпар» деп аталу төңірегінде де көп ұсыныстар болыпты. Алаш идеясын ту қылып ұстаған жастардың біразы Алаш зиялыларының көп шоғырланған өңірі, қазақ жерінің батысы мен

шығысын, солтүстігі мен оңтүстігін бір-біріне байланыстырып тұрған өлке - Сарыарқа сондықтан Сарыарқа болсын депті. Бірақ Сарыарқа аталса бөлінгендей, тек бір өңірмен шектелгендей болармыз, идеямыз, ұранымыз Алаш болса да жылқы мінезді қазақтың сүйікті атауы Тұлпар, біз жаспыз сондықтан «Жас тұлпар» болайық деп шешіліпті. Біз бұдан жастұлпарлықтардың жершілдіктен, рушылдықтан әу бастан-ақ жоғары тұрғанын көреміз. Ата-бабаларымыздың бөлшекке емес, бірлікке сенген, бөтендікке емес, туыстыққа бас ұрған қасиеттеріне сүйенді. «Бір қазақтың баласымыз, ұранымыз Алаш» деп бөлінбеді, бірлікті биік ұстады. Ел намысы, бүкіл қазақтың мерейі, болашақ ұрпақтың мүддесі үшін алдарына ұлы мақсаттар қойды.

Қазақ үшін «Ер қанаты – ат». Жылқы қазақ даласының екінші есімі. Ұлы даланы меңгеру үшін, осынша шалғайлықты қаусыру үшін қазаққа тек аттың ғана жалы мен белі, тұяғындағы желі керек болды. Өзінің ұлттық тарихында бүкіл тұрмыс тіршілігі тек қана атқа байланысты, жылқы малына қатысты ұлт – қазақ ұлты. Тарихтағы қиян-кескі жорықтар, дала үшін ұзақ қантөгіс қырғындар ат арқасында өткен. Қазақтың: «Адам – жылқы мінезді» дейтіні өмір философиясынан алынған. Ана сүті мен жылқы сүті – біздің тарихымыздың басы. Жабыдай сүрінбейді, арғымақ ат. Тұлпарлар - өнер тарихымыздың ұлы тарауы. Ол тарауларсыз даланы, туған жерінді тану, сүю мүмкін емес. Жастардың ұлтының азаттығы үшін күрес ұйымы «Жас тұлпар» аталуы - тарихты, қазақтың болмыс-сана, ұлттық ерекшеліктерін жақсы білгендіктің дәлелі.

Ағылшын ғалымдары жылқының алғаш рет Қазақстанның солтүстігінде қолға үйретілгенін және қымыздың пайда болғанына бес жарым мың жыл болғанын дәлелдеді. Жылқы малының алғаш қолға үйретіліп, тұрмыстық қажеттілікке пайдаланылуы адамзат тарихын жаңа белеске көтеріп, қоғамдық саяси дамуға түбегейлі өзгерістер әкелді. Ботай мәдениет қазбаларынан мыңдаған жылқы сүйегі табылуы – біздің ата-бабаларымыздың өмір сүру деңгейінің жоғары болғанының дәлелі.

Ал санасы тұнық, зердесі ашық «жастұлпарлықтар» қазақ халқының Еуразия даласындағы түркі халықтарының негізін қалаған ең көне тайпа екендігін біліп қана қоймай, білдіре жүрді.

Жастұлпарлықтар қазақ жерінің түкпір-түкпірлерінен шыққан аса дарынды, жан-жақты талантты жастар. Бұлардың бәрі де ұлтшыл болды. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны істейсің. Әр адам өзінің балалық әлемінен, жанұя тәрбиесінен тамыр тартқан танымына байланысты қуаныш-жұбаныш дауасы, ой түбінің тереңдігі, қиялының шарықтау аясының болатыны белгілі. Жастұлпарлықтардың барлығы дерлік зиялы, оқыған, текті жанұядан шыққан жастар еді. Замана ағымына сай олардың ой-пікірлері мен іс-әрекеттері ел арасына тез арада кеңінен тарады. Қазақ ұлтының тарихы, мәдени-рухани өміріндегі келеңсіздіктер кімді болсын жайбарақат қалдырмады. Ұлт арманы сана тәуелсіздігіне жетелеп «ұзын құлақтан» жеткен жастұлпарлықтардың іс-әрекеттері елді елең еткізді. Жастұлпарлықтардың сөздері шын, істері әрдайым нық шықты. «Жас тұлпар» ұйымының кең ұлттық көлемде мәдени-ағартушылық, саяси қозғалысқа айналуы қазақ ұлтының өз болашағына немқұрайлы қарамайтынын көрсетті. 1963 жылдың қысында жастұлпарлықтар мәдени-ағартушылық іс шараларын Ресейдің Омбы облысындағы қазақтар шоғырланып қоңыстанған мекендер мен Жамбыл облысынан бастады. Тек бір Жамбыл облысында 90 концерт беріп, 50 дәріс оқыды. Ықылас, ыждахат болса бәрі де болады.

Өлең айтып, би билеп өнер көрсеткен жастар көпшіліктің ризашылығына бөленді. Орталарынан Жәмилә Намазбаева сияқты әнші қыздар шықты. Концерттерге училищелерде оқитын Рамазан Бапов, Дүйсенбек Накипов, Раушан Байсейітова сияқты жас таланттар да қатысып, жастұлпарлықтардың мерейін өсірді. Жамбыл облысында жастұлпарлықтарға халықтың сүйіктісі – вальс королі Шәмші Қалдаяқов жанашырлық көрсетті. Қанаты қатты заманның жас ұл мен

қыздарының халқының қамын жеп, Алаш зиялыларының ізін қуып, тағдырларын қалап алулары қатты толғандырған Шәмші Қалдаяқов Мағжан Жұмабаевтың «Сен сұлу» өлеңіне ән жазды. «Әйтеуір сол қыз бір сұлу» – деп Алашшыл ұлы ақынды өзін іздеген ұрпақтарымен етене жақындатқысы келді. Мағжанның өлеңін «халық әні» деп, музыка жазып елге тарату ол жылдары тұтқынға өз еркінмен түсумен бірдей болатын.

Жастұлпарлықтар елдегі ниеттес, рухтас талантты жастарды өз қатарларына тартты. Мұндай талантты жастардың алдыңғы шебінде кереметтей сезімтал домбырашы Мүлкаман Қалауов жүрді. Ол «Жас тұлпар» тобымен ел аралап қазақтың киелі домбырасымен Брамстың «Венгерский танец» шығармасын асқан шеберлікпен орындап, үнемі халықтың шынайы сүйіспеншілігіне бөленді. Көпшіліктің көңілін көтеретін талантты әнші-күйшілердің қатарында Бейсен Нұрпейісов, Жәніс Қойшыбаев, Марат Бітібаев, Әсия Нұрмат, Лидия Тулешева, Әсия Жансеитова, Сардар Татубаевтар жүрді. Бұл мәдени іс-сапарларды Мұрат Әуезов, Болатхан-Тайжан, Алтай Қадыржанов, Хорлан Рахимбекова, Әсия Мұхамбетова, Клара Ашықбаева, Аймұқан Таужановтар ұйымдастырды.

«Жас тұлпар» ресми 1963 жылдың қарашасында құрылып, жұмысын бастағанымен кең көлемдегі белсенділігі 1964-1965 жылдары арта түсті. Екі жылдың ішінде Ресейдің қазақ жастары оқитын қалаларының бәрінде және Рига, Киев, Харьков қалаларында «Жас тұлпардың» бөлімшелері ашылды. Ол жердегі ұйымдастыру жұмысын жастұлпарлықтардан тұратын комитеттер басқарды. «Жас тұлпар» ұйымы Мәскеу қаласында орналасқанымен оның Ресейдің басқа қалаларындағы бөлімшелері де жақсы жұмыс істеді. Әсіресе Ленинградтағы студенттер Сәрсенғали Қоспанов пен Марат Сембин басқарған ұйым белсенділік көрсетті. Олар Ленинград пен Қазақстан арасындағы достық мәдени байланыстардың тарихының тереңге кететінін, Кеңес Одағына дейін де байланыстардың күшті болғанына тоқталып жүрді. Ленинг-

радтағы «Арай» ұйымының құрылуы жөнінде тарихшы-ғалым Марат Сенбі былай еске алады:

«...1964 жылы қарашаның төртінде Ленинградқа «Жас тұлпардың» біраз жігіттері келеді деген хабар алдық. Бұл ұйымның атқарып жатқан істері жөнінде хабарымыз мол болатын. Содан қойшы, қазақ студенттерінің барлығы оларды күтіп алуға қам жасадық. Күткен күннен кешікпей Мұрат Әуезов бастаған Алтай Қадыржанов, Болатхан Тайжанов, Мақаш Тәтімұмов сияқты бір топ азамат Ленинградқа келді. Біз жоғарғы оқу орындарының бәрінде кездесу өткіздік. Нәтижесінде «Жас тұлпардың» Ленинградтағы бөлімшесін ашу жөнінде ұйғарымға тоқтадық. Атын «Арай» деп қойдық. Оның жетекшісі болып Сәрсенғали Қоспанов дейтін үлкенмен де, кішімен де тіл табыса алатын өте пысық азамат тағайындалды. Ол досымыз әлі күнге Ленинградта тұрады. Жастық шақтағы күш-жігер екпінмен қазақтың жыртысын жыртып, ұпайын түгендеуден жалығар емес. Қазір Санкт-Петербург және Ленинград облысындағы қазақтардың «Ата мекен» мәдениет орталығын басқарады.

Біз жұмысты ән-би ансамблін құрудан бастадық. Көп ұзамай Ленинградтағы жоғарғы оқу орындарынан қазақтың әндері естіле бастады. Құрманғазы мен Тәттімбеттің күйлері күмбірлеп жатты. Біздің бойымызда қазақ болғанымыз үшін мақтаныш сезімі күннен-күнге ояна бастаған-ды. Тіпті тілге деген құрмет дәл сол жылдары айырықша мәнге ие болды десем, артық айтқандық емес. Орыс тілді құрдастарым ана тілін үйренуге бет бұрды. Тіл проблемасын көтергендер де солар болатын. Неге десеңіз, олар барынан, байлығынан айырылып бара жатты ғой. Жанталасуы заңдылық. Қазір оған ешкімді сендіре алмайсын. Қалай десек те орыс тілді қазақ достарымда орыстарға деген өкпе, империялық саясатқа қарсылық сол кездің өзінде басым болатын. Оны өз басым аяқ астынан пайда болған құбылыс деп есептеген емеспін. Мен орыс мектебінде оқыдым. Тілім орысша шықты.

Біздің сыныпта Олег дейтін орыс баласы бар еді. Бір күні сызу сабағынан үйге берілген тапсырманы орында-

май келіпті. Жанталасып жүріп менің сызбамды көшіріп алды. Сабақ үстінде мұғалім оған бес деген баға қойып, маған төрттің төңірегінен орын сайлады. Күйіп кеттім. Көшірме – көшірме, түпнұсқа – түпнұсқа ғой. Олегке қойылған баға менікі болуы керек емес пе? Мұғаліммен айтысқанымнан түк пайда болмады. Бәрібір жеңді. Орыс болғандықтан жеңді. Осындай нәрселер біздің бала жүрегімізге «ұлы халыққа» өкпе-реніштің ұрығын сәт санап сеуіп жатқан-ды.

Бір күні әлдебір азаматымыз Голощекиннің тірі екенін біреуден естіпті. Оның тірі екеніне кәдімгідей иланып қалған Ленинградтың политехникалық институтында оқитын Жақып дейтін азамат: «Жігіттер ол иттің баласын қалайда өлтіруіміз керек. Оның жер басып жүруге хақысы жоқ» деп, отырғандарға сұраулы жүзбен қарады. Бәріміз Голощекиннің тірі- тірі емес екендігінде шаруамыз жоқ, Жақыптың ұсынысына түрлі- түрлі жауап бергеніміз есімде. Мұны албырттық десек те, әйтеуір жастардың жүрегінде, қанында ғаламат рух буырқанып жататын. «Толыққанды білім алмай қазақ жігіттері Қазақстанға бармайды» деген ұранымыз да болды. Үлгерімі нашар студенттерге ұстаздық жолда жүрген ұлты қазақ ағаларымыз арнайы қосымша сабақ өткізетін еді. Уақыт бізді сондай рухта тәрбиеледі».

Сәрсенғали Қоспанов Ленинград қаласында оқитын Болат Тұрсынов, Ерік Садықов, Орынбасар Ысқақов, Амангелді Нұрпейісов, Сәния Шайхина, Тимур Сүлейменов, Мейрам Тұманов, Эдуард Садықов, Амангелді Сатпаев сияқты талантты жастарды төңірегіне топтастыра алды. Сәния Шахинасыз бірде- бір ойын-сауық өтпейтін болған. Пианист Сәния жастардың мақтанышына айналды. Ал математик Болат Тұрсынов атақты ғалым Лев Гумилевтің шахмат ойнайтын сүйікті әріптесі болған. Болат Тұрсынов арқылы жастұлпарлықтар Лев Гумилев пен кездесіп пікірлескен, тәлім алған. Жастұлпарлықтардың осындай мүмкіншілігін Ақселеу Сейдімбек те пайдаланған. Ол әдейі барып, бірнеше рет Лев Гумилевпен кездесіпті. Көне түркі мәдениеті,

көшпенділер өмірі жөнінде пікір алысыпты. Ленинградтықтардың «Арай» ұйымы да Қазақстанға келіп, өнер көрсетіп, үгіт-насихат жүргізді.

Ресей империясының астанасы болған бұл қалада оқыған қазақ жастары ерекше саяси күйде болды. Бір жағынан Ленинград «революция бесігі» болса, екінші жағынан үлкен мәдениет орталығы, зиялы қауымы өткенмен сабақтастығын үзбеген, тарихын мәпелеп сақтай білген қала. Тіпті патшаларының еңбектерін әділ бағалап, ескерткішін бұзбай қорғап, өткеніне тағзым қылып, мұражайлар салған қала. Мәдениеті мен әдебиетін аспандата ұстап, басқаға үлгі болған қалада жүрген жастардың көкейіне күндіз-түні «біздің хандарымыз, жиганымыз, ата-бабаларымыздан қалған мұралар қайда» деген ойдың келгені де сөзсіз. Жастұлпарлықтардың ішінде Мәскеу мен Ленинградтағы жастардың белсенділігінің негізі, шоқтығының биіктігінің де өз заңдылығы бар. Мәскеу жәй орталық – астана емес, бұл ғылым-білім ортасы. Кешегі Әлихан Бөкейханов, Санжар Асфендияровтар университеттерде дәріс беріп, кітап жазған жер. Смағұл Садуақасов, Ғани Мұратбаевтар білім алған, ғылыми еңбектерін жазған қала.

Ал Ленинградтың қазақ ұлты үшін ерекше орны бар. Бұл кешегі Шоқан Уәлиханов жүрген, Ғұбайдолла Жәңгіровтың II Александр Императордың адъютанты болып қызмет істеген жер. Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұландар білімін ұштаған қала. Кешегі Отан соғысында ленинградтықтар Дмитрий Шостаковичтің симфониясын тыңдап, Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өрендерім» өлеңін оқыған ел. Әлия Молдағұловадай Шығыстың батыр қызының шыңдалған жері. Әрине, Мәскеу, Ленинград қалаларының тұрғындары да қазақ халқының кеңдігін, батырлығын бәрі білді. Қазақты қазақ еткен Мағжан Жұмабаевтай, құдіретті талант иелері Күләш Байсейітовадай бұлбұлдарымыз жүріп өткен жерлердің ізсіз қалуы мүмкін бе? Алаш зиялылары рухының иісі бар қаладағы қазақ жастары да сол шоқтыққа сәйкес дәрежеде болуға тырысты.

Шынында, Ленинград қазақ зиялыларының демо-кратиялық болмысы қалыптасқан ерекше қала. Мұнда Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханов, тағы басқаларының білім алуымен бірге саяси тәжірибе жинап, өмір мектептерінен өткен жер. Ленинград Қазақстанға үш толық генералдың екеуін берген қала.

Оның біріншісі – Балқан соғысының батыры, орыс армиясының байланыс бөлімінің іргетасын қалаушы Император II Александрдың сүйікті адъютанты Ғұбайдолла Жәңгіров – Шыңғысхан. Бұл тарихи тұлға қазақ жерінің талан-таражға, жеке меншікке беріліп сатылып кетуіне жол бермеген. Императордың жер комиссиясының мүшесі болып, генерал Скобелев сияқты қанды көйлек достарымен бірге қазақтың жерін бөлшектеуге қарсы тұрып, мемлекет құзырына өткізбеген.

Петербург қаласындағы мұсылман мешітін салу комитетінің белсенді мүшесі. 1884 жылы Ғұбайдолла Жәңгіровтың араласуымен Қазақстандағы іс-қағаз татар тілінен қазақ тіліне ауысты.

Екіншісі – толық генерал Лавр Корнилов. Қарқаралының тумасы, анасы Күлшара - қазақ қызы. Орыс армиясының Бас қолбасшысы, ақтар қозғалысының көсемі.

Ал үшіншісі – армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов.

Толық генерал түсігіні, «генерал от инфантерии», «генерал от кавалерии» бүгінгі күнгі дәреже бойынша армия генералы атағына сәйкес келеді.

Қазақ жастарының көптеп шоғырланып білім алған қалаларының бірі Украинаның астанасы Киев болды. Көне мәдениеті бар, кезінде Киев Русі аталып әлемге танылған қаланың жастарға тәрбие берер өзіндік ерекшелігі болды. Украина қашанда Мәскеу билігіне өз наразылығын жасырмай көрсете білді. Қазақстан мен Украина қарым-қатынасының жақсы болуы жастарға қатты әсер етті. Тарас Шевченконың қазақ жерінде көп жыл болып творчествосында үлкен із қалдыруы да екі республиканы жақындата түсті.

«Жас тұлпар» қозғалысының Киевтегі филиалында Қа-

шакпай Елеуов, Серік Шартықов, Орынбасар Қашқынбаев, Қыдырғали Байбеков, Алтынай Бертілеуова, Тұрдыбек Садықов, Майдан Сатқалиев, Бақыт Жексенбиев тағы басқалары сияқты қазақтың ұл мен қыздары белсенділік көрсетіп жұмыс істеді. Киев қаласындағы жастұлпарлықтар тек Қазақстандағы қазақ жастарын ғана емес, шет елдерде тұратын қазақтарды да бауырларына тартты. «Бесігіміз бір- қазақтың баласымыз» ұранын ұстанды. Олардың арасынан монголиядан келген Тұрысбек Аятхан, Жақсылық Құсманқызы сияқты қайратты жастар топ жарып шықты. Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күреске өз үлістерін қосты.

Кезінде Қазақ зиялыларының Мәскеу, Ленинград, Киев, Рига қалаларындағы білім алып, еңбек етіп өмір сүрген, ауасын жұтқан жерлерінде жүрген жастардың шоқтығы өте биік болды. Әсіресе Сталиндік «темір шымылдық» алынған жылдары бұл орта Кеңес Одағында реформа жасап, қоғамды өзгертпек болып әрекеттер жасады. Ең бастысы – Сталиндік жеке басқа табынушылықты әшкерелей отырып, шындық, демократиялық үрдіс қағидаларын төңірегіндегі халық санасына сіңіруге ұмтылған орта. Бұл әрекеттер коммунистік диктатура қыспағындағы республикадан келген жастардың да ұлттық болмыстарының жаңа деңгейге көтерілуіне әсер етті. Ұлттық қозғалыстардың қажеттілігін туғызды.

Жастұлпарлықтар Алаш идеяларының мұрагерлері, Алаш зиялыларының істерін жалғастырушы ретінде социалистік қоғамдағы мүмкіншілік шеңберінде жұмыс жасады. Олар Кеңес өкіметі, социалистік идеологияға тікелей саяси тұрғыда қарсы тұрмай, тоталитарлық жүйедегі рухани, мәдени-ағартушылық саласындағы кемшіліктерді көтеріп бетпе-бет келді. Әрине, билік те зиялы қауым да ашық айтылмағанымен түпкі мақсаттың тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанын түсінді.

«Жас Тұлпар» басшылары жас болса да, қозғалысты ұйымдастыру, бағыт-бағдарын анықтау барысында орасан зор саяси көрегендік жасады. Ең алдымен жылдан-жылға рухани дүниесі құлдырап, жік-жікке бөлініп, ұлтсызданып,

тілінен айырылып, ыдырап бара жатқан ұлтына мәдени-ағартушылық іс-әрекеттер арқылы әсер етуді көздеді. Олар өткеннің шындығының шымылдығы ашылса, ұлттың көзі ашылып, санасының оянатынына сенді. Мәскеу қаласында жүріп «жылымық» кезеңінің мүмкіншіліктерін кеңінен пайдаланды. Бүкілодақтық Лениндік комсомол комитетінің Орталық аппаратына, Мәскеу қаласы компартия комитетіне «Лениндік саясат негізінде ұлттық мәдениетті дамытамыз» деп, хаттар жолдады. Аталған ұйымдар мәдени-ағартушылық жұмыстар жасауға кедергі жасамай, рұқсатын беріп, көмек көрсетті. Орталық газет-журналдарда «Жас тұлпар» ұйымының мәдени іс-шаралары жөнінде мақалалар жарияланды, теледидардан ақпараттар берілді. Мәскеу қалалық комсомол ұйымымен «Жас тұлпар» ұйымы атынан Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжанов және Сәбит (Советқазы) Ақатаев тұрақты өкіл ретінде байланыста болып, жұмыс істеді.

Мәскеу қаласында қазақ студент жастарының «Студенттік кеңесі» құрылып, оған Мәскеу қаласындағы жоғарғы оқу орындарының өкілдері мүше болды. Олар негізінен оқу үлгерімі мәселесімен айналысты.

Жастұлпарлықтар Мәскеуге мәжіліске келген Қазақстан өкіметі басшысы Д. А. Қонаевпен кездесіп, қазақ жастарының әлеуметтік жағдайын көтеруге көмек көрсетуін өтінген. Д. А. Қонаев қаржы министрілігіне нұсқау беріп, әлеуметтік тұрғыдан жағдайы төмен студенттерге бөлінетін қаржыны Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігіне аударып бергізген.

Жастұлпарлықтар «Студенттік кеңес» шешімімен қазақ жазушыларының шығармашылығына кештер ұйым-дастырды. Б. Майлин, С. Сейфуллин, І. Жансүгіровтің мере-келік тойлары кеңінен аталды. Қазақ тіліндегі баяндамаларды Советқазы Ақатаев, орыс тілінде Мұрат Әуезовтер жасап отырды. Көбіне ұлт болашағына бағытталған дәрістер әр түрлі тақырыптарды қамтыды. 1965 жылдың 9 майында студенттік кеңес мәжілісінде «Государственный суверенитет и внешне-политические полномочия Казахстана» деген тақырыпқа Б. Тайжанов баяндама жасаған. Мұрат Әуезовтің ұсынысымен

Мәскеу қаласындағы қазақ студент жастары кеңесі төрағасы болып сайланған Советқазы Ақатаев көрер көзге көп жұмыс атқарды. Ресейдің басқа қалаларындағы қазақ студенттерімен тығыз байланыс жасап, қарым-қатынасты жақсартты. Бірігіп, тәрбиелік маңызы бар мәдени шараларды іске асырды. Мәскеу қаласында қазақ студенттері кеңесінің жұмыс есебіне қарасаң, олардың атқарған істерін, істелетін жоспарларының ұшан-теңіздігін көріп қайран қаласың. Студенттік кеңес қазақ жастарына тәлім-тәрбие беруде, оқу жүйесін өңдеуде бір министрліктің қызметін атқарған.

Қазақтар өз ата мекенінде өсіп дамуы үшін ұзақ мерзімге ұлттық идея жасауы керек, ал оның көзі мәдениет пен өнер деп есептеді. Ұлттық ерекшелікті көрсететін де, әдет –ғұрып пен салт дәстүрді сақтайтын да мәдениет пен өнер делінді. Елдегі бостандық пен теңдіктің шынайы не жасанды екенін ұлт мәселесі көрсетеді. Ал Қазақстанда қазақ өз ата мекенінде өмір сүрсе де әділетсіздікті басынан кешіруде екеніне мән берді. Жастұлпарлықтар өз жұмысын неден бастаймыз деп көп ойланған жоқ. Ұлтымен бірге болу үшін елге, ауылға бет бұрды. Қаласынан моласы көп қазақ халқының көне тарихы оның киелі топырағында, әрбір қазақтың көкірегінде, қанында, жанында екенін білген жастар ауылға сағынышпен аңсап ұмтылды. Ата-жұртты, ауылды ұлттық құндылықтардың қайнар көзі, сарқылмас бұлағы деп санады. Көне заман тарихының шындығын да, тәрбиелі аңыз-әңгіме, шежіренің дұрысын да халық аузынан өздері естігілері келді. Елдің тұрмыс-жағдайын өз көздерімен көріп, пікір алысқанды жөн көрді. Жастұлпарлықтар ауыл –ауылдағы көргендері, тоқығандары көп деген ақсақалдарды іздеп барып, лебіздерін естіп, салиқалы сұхбаттар құрды. Ақсақалдардың бойларындағы ұлағат, жүріс-тұрыстарындағы тұнып тұрған шежіре, өнеге тағлымдарынан сусындады. Ең бастысы сол көнекөз шалдардың арғы аталарының қыстауы мен жайлауының қай өзеннің бойында, қай сайды жағалайтынын, көл суларының ащы-тұщысына дейін дәл айтқандары көңілдерінен шығып қуантты. Қазақта шекара жоқ, мемле-

кеті болмаған деген білімсіздердің былжырағына жауапты ауылдан іздеудің дұрыстығына көздерін жеткізді. Қазақтың қасиеті оның өнерінде. Сүйінші – кәде қашанда ән мен күйден басталған. «Жастұлпарлықтар» елге құр алақан келмей, өнері мен өлеңін, жүрегінің түкпіріндегі жан айқайы – Ұлттың болашағы жөніндегі ой-толғауларын ала келді. Түркі тілінің маманы Клара Ашықбаеваның естелігінен: «Басқа ұлттардың төмен етектілерімен салыстырғанда қазақ қыздары қоғамдық жұмыстарға араласуды кеш бастағанын екінің бірі білетіні анық. Алайда олар аз ғана уақыттың ішінде өздерінің қабілеттілігін дәлелдеп үлгірген-ді. Өнерде де, ғылымда да қазақ қыздары алпысыншы жылдары ер азаматтармен бәсекелес болуға жарап қалғандығы байқалатын. Мен Мәскеудің мемлекеттік университетінде оқып жүрген жылдары басқа да оқу орындарында білім алып жатқан қазақ қыздарын көрсем, кеудемді мақтаныш сезім билейтін. Дала-ның иісі бұрқырап, тоқпақтай бұрымын сүйреткен құрбыларымының қазақ ұлты үшін тірлік жасап жүрген азаматтарға қара көбейту үшін емес, бар жан –тәнімен қолдау көрсету тұрғысындағы іс –әрекетіне тәнті болатынмын. Біз –қыздар «Жас тұлпардың» мақсаты қазақ деген ұлтқа кір келтірмеу деп ұғындық. Жат қалада жақсы жүріп тұруға тырысатынбыз. Қазақ жігіті қазақ қызымен, қазақ қызы қазақ жігітімен мақтануға тиісті сияқты болатын. Мен «Жас тұлпар» құрған ансамбльдің әншісі болдым. Міндетіміз насихат жұмысы. Талай аймақтарды аралап, қазақ әндерінің көпшілікке таралуына мұрындық болдық. Жырлар мен дастандар оқылатын еді. Студенттер жазғы демалысқа кетіп жатқанда, ансамбль құрамы жаңа бағдарлама әзірлеп, ел аралауға дайындалып жататынбыз. Рас, біз «Жас тұлпармен» мақтандық. Курсымызда оқитын басқа ұлт өкілдерінің студенттері қазақтарға қызыға қарайтын. Ұйымшылдығымызға тәнті болатын. Олар да осындай іске құлшынып көрді. Алайда нәтиже шығара алмағанын білемін».

Ән – халқымыздың ғасырлар бойы там-тұмдап жинаған рухани қазынасының төл басы, құтты тұяғы.

Жастұлпарлықтардың елге әнмен келіп, әннің қыр-сырына ден қоюлары – халықтың рухани әлеміне зер салуы еді. Олар ән мен күйді қазақ халқының ғұмырнамасының шежіресі деп біліп, ғасырлар төрінен қатталып, қордалана келе байтақ қазынаға айналған деп есептеді. Қазақтың ұлттық құндылықтары көбіне көп тарих қойнауының шырғалаң қатпарларында шырмалып, өркениет дамуының сарабал жолдарынан түрлі себептермен тыс қалып қойды. Сондықтан ұлттық мәдениеттің дамуы – ұлттық сананы жаңа биіктікке көтеріп, ел мәртебесін оздырады деп түсінді. Ән қасиетін қастерлей білетін ел де жастұлпарлықтарға құрмет көрсетті.

Ғасырдан ғасырларға адам ауыса алмайды. Алайда олардың айтқан әні мен күйі қалады, ұрпақ пен ұрпақты ән жалғастырады. «Жақсы ән – жан азығы» деп қазақтың жақсы ән естілсе, ішкен асын жерге қоятынын білетін жастұлпарлықтардың ауылға әкелген сәлемдемесі ән мен күй болды. Өйткені ән арқылы қазақтың әр буыны табысып жатады, арызы мен арманын, тілегі мен мұратын ортақтастырады, бүкпесіз сыры мен көкейкесті мұңын тоғыстырады, кейінгі ұрпаққа ән арқылы өсиет айтылады. Ән – халықтың өшпес рухы, жан серігі. Қазақша концерт ұйымдастырып, жұрт алдында ұлт мәселесін көтеру бүгін бізге үйреншікті, қарапайым, жәй әншейін нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бірақ қылышынан қан тамған Кеңес өкіметінде 60-шы жылдары ұлтшылдығынды жасырмай айтып көрсету, арыстанның аузына басынды сұққаныңмен бірдей еді.

«Жас тұлпар» ұйымының бағдарламасындағы басты сәлалардың бірі – қазақ халқының өз тарихына өзі үніліп, жоғалтқанын тауып, еңсесін көтерсін дегені. Халықтың әсіресе жастардың тарихи санасын ояту өздерінің парызы деп есептеді. Ресейдің қазақтар тығыз қоныстанған Омбы, Орынбор облыстарын, Қазақстанның тың игерудің кесірінен есеңгіреп қалған солтүстік «Тын» аймақтарын аралап, концерттер қойып, арасында ел тарихы жөнінде әңгімелер өткізді.

«Жас тұлпар» ұйымының белсенді мүшесі Қалқаман Тілеухановтың естелігінен:

«Мен «Жас тұлпарға» Мәскеудің архитектуралық институтына оқуға түскеннен бастап, мүше болдым. Бойда қазақтың қаны бүлкілдеп, жүректе жастыққа тән рух жалындап тұрған кез еді. Қылышын жалаңдатқан, танауы иіс сезгіш қызыл империяның қасапханасынан біз қалай аман қалдық? Бұл сауал кейінгілерді қызықтырмай тұрмасы анық. Оның жауабын өз басым ұйым жетекшісі Мұрат Әуезовтің білімділігі мен біліктілігімен байланыстырамын. Жастығына қарамай ол жан-жақты ойлай білетін. Біз тіпті Мұраттың басшылығымен Бүкілодақтық комсомол ұйымын «Жас тұлпардың» жұмысының жандануына пайдаландық. Ол кезде студент- жастардың көркемөнерпаздар үйірмесіне байқау жариялап, озып шыққандарды іс-сапармен ел-елді аралап, концерт беріп қайтуға мүмкіндік жасайтын. Қаражатын аямайтын. Біздің ансамбліміз осындай мүмкіндікті пайдаланып Мәскеудің жолдамасымен Қазақстанға келіп бірнеше мәрте концерт берді. «Жас тұлпар» жоспарлы түрде жұмыс жасады. Бағдарламасы да айқын еді. Мақсаты –қазақы рухтағы жаңа ұрпақты тәрбиелеп шығу болды. Өнер, білім, ғылым саласында жан-жақты қалыптасқан тың резерв дайындау бірінші кезекте тұрды. КПСС Орталық Комитетіне Омбы облысында тұратын әлдебір қазақтың баласынан шағым түсіпті. Шағыммен Бүкілодақтық комсомол комитеті айналысты. Істің анық-қанығын тексеріп қайтуға Мәскеудің жоғарғы оқу орындарында оқитын 5-6 жігіт іріктеліп, тапсырмамен жолға шықтық. Омбы облысының 3-4 ауданын араладық. Қазақтар біршама қалың шоғырланған аймақ екен. Таза қазақ ауылдарын аралап көрдік. Шағым берушінің айтқанындай ақ, сол ауылдардың жағдайы тым ауыр болып шықты. Балалар оқитын мектеп сын көтермейді. Электр желісі тартылмаған. Ал орыстар шоғырланған ауылда жағдай мүлде бөлек. Осы уақытқа дейін бұл өңірде бірде-бір қазақ азаматы жоғары орындарға көтерілмеген көрінеді. Қызметі өсе бастаған әлдебір қазақ азаматын жергілікті басшылар түрлі-түрлі айыптар тағып жұмыстан қуған да, трактордың рөліне отырғызып қойған. Бұл бір ғана мысал

гой. Айтпағым – осындай әрекеттер бір ұлттың екінші ұлтқа деген өшпенділігін оятпағанымен жаныңа кәдімгідей қаяу салатын. Біз әлдінің тілін таба отырып, аяқ-қолы тұсаулы өз қазағымыздың мүддесін қорғағымыз келді. «Жас тұлпардың» төңірегінде топтасқан барлық жігіттер бас қосып, осы мәселені жиі талқылайтынбыз. Әрине, албырттық жасаған кезіміз де болған шығар. Алайда адаспаған сияқтымыз. Мәскеуде жүріп қазақы рухтың түлеуіне қызмет еттік. Бізді заманның өзі топтастырды. Уақыт өткен сайын түсінігімізге қайшы келетін ел өмірінде түсініксіз жағдайлар болып жатты. Мәселен, ауыл- ауылда «шопандар бригадасы» құрылып, оған мектепті жаңа бітірген жастар мүше болып «кіріп» жатты. Олардың дені мектепте үлгілі тәртібімен, сапалы білімімен көзге түскен оқушылар болатын. Байғұстардың қолына мәжбүрлегендей етіп шопан таяғын ұстатып жатты. Ал бұл кезде өзге ұлт өкілдерінің балалары жоғары оқу орындарында оқып жүрді. Өз басым қойшы болған бір орыстың баласын көргенім жоқ. Қазақтың жалындап тұрған қабілетті жастарын ауылда тұншықтыру емей немене бұл. Әйтеуір ұлтымызды сауатсыздандырудың айла-амалын Мәскеуіңіз осылай жүзеге асырып жатқанын іштей сезетінбіз».

«Жас тұлпарлықтар» кездесулер барысында елдегі көнекөз қариялардан Алаш зиялылары жөнінде көп мағлұматтар алды. Орынбор, Семей қалалары Алаш зиялыларының оқып-білім алып, кейін қызмет еткен қасиетті жерлер еді. Ол қалаларда Алашордалықтардың тұрған үйлері, жүрген жерлерімен бірге оларды көріп тәлім алған, сөздерін естіп қанаттанған адамдар бірен-саран болсын бар болатын. Жастұлпарлықтар өкіметтің өз халқына қарсы жасаған зұлымдықтары жөнінде айтпай жүре алмады. Кездесулерде «Жас тұлпар» ұйымы мүшелері тарихқа тағлым жасап, 1937-ші жылдардағы қазақ зиялыларының жазықсыз атылғаны жөнінде, колхоздастырудан кейінгі ашаршылық туралы бүкпелемей ашық айтты. Қазақ білімділері қыршынынан қиылмаса, ашаршылық халқымызды қырмаसा, біз бүгін қандай деңгейде болар едік. Ана тіліміз, мәдениетіміз төл

қалпында сақталар еді деп тындаушыларына ой салды. Қазақ болашағын, ұлттың ертеңін жастұлпарлықтар Алаш зиялыларының көзімен көріп, солардың ой-арманы мен жүрек сезімдеріндей қабылдады. Қазақ халқының отаршылдық сойқаны салған рухани мүгедектік көрінісі, ұлтсыздану мен мәңгүрттену таңбасынан арылу, жаңару жолдарын көрсетуге тырысты. Олар «хрущевтік жылымықты» пайдаланып, замана мүмкіншілігіне сай-кіріптарлық шеңгеліндегі жұрттың қайта жаңғыру бағытын нұсқады. Өз қаны, өз нәсілінің тарихтан өзіне тиесілі орнына ие болу үшін күресті.

Жастұлпарлықтар үлкен ғылым және мәдениет орталықтарына айналған қалалардан алған білімін, ұлттық тәлім-тәрбиелерімен ұштастырды. Бар жастық шақтың күш-жігерін ата-баба арманының орындалуына жұмсады. Жастұлпарлықтардың саяси саналығы ғана емес, сана тәуелсіздіктері де ерте оянды. Ұлтының ертеңін ойлаған Ұлы істер толқыны оларды тарих сахнасына алып шықты. Өткені мен бүгінгіні жалғастыратын алтын көпірдің саф қиыршықтарына айналды. Өздері де өсті, халқының ұлттық сана-сезімін оятуға да әсерін тигізді.

Ұлт рухы – рухани күш

Тарихтың өз заңдылығы бар. Өсу, өну, өшу. Қоғам тарихтан дұрыс тағылым алса, даму процестері қарқынды болмақ. Ал керісінше жайбарақаттық жасап, даму желісін бәсеңдетсе өткен күндердің қасіретті қателіктерін қайталай береді. Тарихқа тағылым – болашаққа негіз.

Ел тарихы - әр адамның тағдыры, ұлттық рухтың бетпердесі. Жастұлпарлықтар ежелгі тарихты, ұлттың өткенін үлкен мән бере зерттеп, ерінбей тағылым алды. Олар Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең – бесігіңді түзе, халық боламын десең-қалпыңды сақта», - деген сөзін өмірлік кредоларына айналдырды. Өздері оқитын қалалардағы орталық кітапханаларды жағалап, Қазақстан жөнінде жазылған кітап, мақалаларды оқып, түйсіктерінен өткізіп, білімдерін

толықтырумен болды. Білім жүйесі, рухани мәдениет, салт-дәстүр, тіл саясаты, этика өмірдің өзекті саласы екенін ескерген жастұлпарлықтар аталған құндылықтарды жалпылай камтуға тырысты. Әсіресе, Мәскеудің Ленин атындағы кітапханасы олардың сүйікті орнына айналды.

Жастұлпарлықтар қазақтың шежіре тарихына терең бойлаған сайын, олардың ұлтына деген сүйіспеншілігі арта түсті.

Мәскеу қаласында жастұлпарлықтар әр бейсенбіде Кеңес Одағы Ғылым Академиясының жатақханасындағы бөлмесінде кезекті жиындарын өткізіп тұрды. Әңгіме, пікір алмасулары бағдарлама негізінде - қазақтың санының аздығы, ашаршылық, тың игерудің кесірі, қазақ тілі мен мәдениетінің, ұлттық рухының әлсіздігінің себептері төңірегінде болды. Оларды Кеңестік Одақтың демографиялық және ұлттық саясатының қазақ халқы үшін «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейінгі екінші трагедия болғаны кинады. Қазақ халқы өз тарихында туып өскен жерінде азшылықта қалды. 1959 жылғы санақ бойынша қазақ ұлты республикада 30 пайызды ғана көрсетті. 1915 жылы 90 пайыз құраған халық 40 жылда 30 пайызға дейін кеміді. Кезінде қытай көп пе, қыпшақ көп пе дейтін мақал да айтылған. Мадиярлық бір ғалым қазақтың саны құммен тең деген екен.

Ежелден әлем тарихында көшпелілердің тұрағы Орталық Азия белгілі роль атқарып келді. Көшпелілер Персия, Қытай сияқты құдыретті көрші мемлекеттердің зәре-құтын алып отырды. Әбден запы болған Қытай империясы біздің ата-бабаларымыздан қорғану үшін қисапсыз күш жұмсап «Ұлы Қытай қорғанын»(Ақ қорған) тұрғызған. Ал сасанидтер дәуірінде соғылған «Александр дуалы» солтүстік Иранның құнарлы алқабын көшпелілерден қорғауға тиіс болды.

Көне грек данышпаны Платон: «Жер бетінде сақтардан өткен мерген жоқ. Сақ сарбаздары жебені оң қолымен салып, адырнаны сол қолымен тартады, бірақ садақ атқанда екі қолы бірдей ойнайды,» – деп тамсанған.

Он сегіз бен жиырма жас аралығындағы қазақтың ұл мен

қыздары Мәскеу, Петербург, Киев, Рига және басқа қалалардағы сән қуатын жеңіл өмірге қызықпай халқының болашағын ойлап, уақыттарын бос өткізбей, мамандық игерумен бірге көрген-білгендерін көкейлеріне түйді. Жастұлпарлықтар қазақ халқы мыңжылдық тарихы бар этнос ретінде жаңа заманда өзіне тиесілі орынды қалай алу керек деген сұраққа жауап іздеді. Ұсақ түйек емес, ұлттық миссияны ата-бабалар жетелеген Ұлы армандарға бағыттауды көздеді. Академик Мұрат Ғылмановтың естелігінен:

«Мұрат жатақханада тұрғаннан бастап, аптасына 1-2 рет жиналатын семинар ұйымдастырды. Семинарда еліміздің экономика, мәдениет және тарих мәселелері талқыланатын. Бұл семинардың жұмысына атақты философ Георгий Гачев қатысып, еліміздің тарихы мен мәдениеті туралы баяндамаларды үлкен қызығушылықпен тыңдайтын. Семинарларда Мәскеудегі ғылыми-зерттеу институттарында жұмыс істейтін көптеген аспиранттар баяндама жасайтын. Мұндай отырыстар қызу пікірталастармен өтетін. Көбінесе Қазақстан мәселелері көтеріліп, еліміздің тәуелсіздікке жету жолдары талқыланатын. Өкінішке қарай, әлдебіреу бұл семинарлар туралы біздің республикамыздың тиісті органдарына жеткізіпті. Алматыдан Қазақстан КП Орталық комитетінің бөлім меңгерушісі келіп, семинарға қатысып жүрген әрқайысымызбен жеке сөйлесті. Семинар жұмысына қатысуға болмайтынын ескертті. Бұл сөзге құлақ аспаған жағдайда оқудан шығарыласындар деп қорқытты. Осыдан кейін семинар жұмысы тоқтатылды. Алайда Мұрат өзінің ұйымдастырушылық жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Ол Мәскеудегі Қазақ ССР-нің тұрақты өкілдігінде мәдениет мәселелері жайлы жиі дәрістер оқыды. Мұраттың ұйымдастырған іс-шараларының ішінде 1967 жылы желтоқсан айында Мәскеу қаласындағы мәдениет институтының акт залында өткізген кешін айырықша айтуға болады. Бұл кешке қазақтың 500–дей студенттері мен аспиранттары жиналды. Кешті ұйымдастыруда мәдениет институтының студенті Марат Балтабаевтың еңбегі ерекше болды.

Мұнда Мұрат үлкен баяндама жасады. Осы баяндамада Сталин және оның қызметкерлерінің қолымен ұйымдастырылған қазақ халқының ұлы қасіреті жайлы баяндалды. Осы сұмпайы саясаттың нәтижесінде еліміз қырғынға ұшырап, халық саны екі есе азайғаны айтылды. «НКВД» әскерін жұмылдыру арқылы қолдан ұйымдастырылған ашаршылыққа халықтың малын конфескелеу себеп болғаны ашық айтылды. Малсыз қалған халық аштықтан қырылып, қазақ даласы өлікке толды. «НКВД» қызметкерлері ашыққан қазақтарды қалаларға кіргізген жоқ. Осының салдарынан қала қақпалары маңында аштан өлген адамдардың мәйіттері тау болып үйіліп жатты. Бұл трагедия әлі күнге дейін өзіне лайықты тарихи бағасын алған жоқ. Осы теріс саясат қазақ ұлтының моральдік тамырының күйреуіне әкелді. Трагедияның ауқымды болғанына байланысты бұны қазақ халқының «Холокосты» деп айтуға болады. Бұл трагедияға тарихи баға берілмей, қазақ халқының өркендеуі жайлы айту қиын мәселе. Мен Мұраттың осындай мәселелер көтерілген баяндамасынан кейін Коммунистік партияның қатарына кірмеймін деп серт еттім».

Студент жастар Ресейдің қыпшақ даласына тәуелді, Алтын Орда хандығының бодандығында болғанына көз жүгіртті. Орыс мемлекетінің тұрақты шекарасы болмауының себебін іздеді. Бір мезгілде мемлекет құрған қазақ пен орыс ұлттарының тарихи даму жолдарын саралады.

Жастұлпарлықтардың қоғамдық ғылымдармен көп әуестенуі де ұлт тарихына үңілуден туған қажеттілік. Ұлтының өткен күндердегі жетістіктерін білу олар үшін қажеттілік, өмірлік мұрат болды. Өз ұлтының кешегі тарихын білмеген, болашағын ойламаған адамның қоғамнан дәрежелі орын алуы күмәнді екенін түсінді. Кешегісін жоғалтқан, келешегіне несімен бармақ. Өткенін мансұқ көрсе, өркені неден өспек?! Жастар болашағын бағамдау үшін төл тарихымыздың тағлымына жүгінді. Жүздеген жыл бодандықта отырып, зердесінен айырылуға таяу қалған ел есін жиып, етегін жинағысы келсе тарихтан басқа барар жері бар ма?!

Жастұлпарлықтар тарихтан тағылым алу барысында ежелден ұлы дала төсінде болған ұлықты ұлт, қонысы құтты халықтың ұрпағы екендеріне көздері әбден жетті. Л. Гумилевтің, О. Сүлейменовтің зерттеулеріндегі түрік әлемі тақырыбының сабақтастығы жастұлпарлықтар үшін де байқаусыз қалмады. Түрік тілдес ұлттардың өткені мен бүгіні, тарихи да мәдени сабақтастығына, үндестігіне үлкен мән берді. Әсіресе Қазақстан мен Өзбекстанның Орта Азиядағы орнына ерекше тоқталып, олардың болашақта біртұтас экономикалық, мәдени-ақпараттық одақ құрып, басқа түркі ұлттарын өз төңірегіне жинайтынына сенді.

Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік тарихын, Абылайханның дипломатиясын, «далалық демократияның» қалыптасу жолдарын зерттеді. Осы салада зерттеу жүргізуге жастарды үгіттеп, көне тарихтың көздерін ашуға жастарды жұмылдырды.

Оларды Л. Н. Гумилевтің «Көне түріктер» жөніндегі зерттеулері қатты қызықтырды. Оның 1961 жылы тарих ғылымы бойынша «VII-VIII ғасырлардағы ежелгі түріктер» тақырыбына докторлық диссертация қорғағанынан хабардар болды. Әсіресе Чех ғалымдарының 1958 жылғы археологиялық экспедиция кезінде Күлтегін мен Күлтегіннің әйелінің мүсіндерін тауып, көне жазуларды оқып оны әлемге паш етуі жастұлпарлықтарды бір көтеріп тастады. Әл-Фараби, Дулати, Ахмет Яссауи, тағы басқа бабаларымыздың еңбектерімен таныса отырып, басқа ұлттардың інжу-маржандарынан да нәр алды. Алты алаштың баласы ел басына күн туған қилы кезеңдерде әрқашан ауыз бірлікте болып, төрт құбыласын түгендей біліпті.

Жастұлпарлықтар бабаларымыздың дәуіріне сай дамыған мәдениеті, төл жазуы болғанын «Орхон -Енисей» жазуларынан білді. Тасқа қашалған көне руна жазуларындағы көптеген көркем бейнелер, қанатты сөздер, ұтқыр тіркестер қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылып сақталуы жастұлпарлықтардың абыройын өсірді. Көрнекті этнограф –Жағда Бабалықұлы тапқан таста домбыраның және онда билеп тұрған

бес адамның суреті бейнеленген. Ал ол тастағы суретті ғалымдар неолит дәуіріне жатқызды. Яғни осыдан алты мың жыл бұрын қазақ халқының өнерінің дамығанын қара домбырасы да дәлелдегені мәлім.

XV ғасырдағы Алтын Орданың құлауы – Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір, Қазақ, Өзбек және Ноғай ордалары тәрізді тәуелсіз хандық мемлекеттердің құрылуына негіз болғаны ақиқат. Қазақ елі хандардың айрықша ақыл-парасат, күш қайраттарының арқасында үлкен мемлекетке айналды.

Еділден Алтайға, Батыс Сібірдің түстік шалғайынан Жоңғар Алатауы мен Тянь-Шаньға дейінгі кең байтақ аймақты иемденді. Қазақ хандығы көп жылдар Орталық Азияда маңызды саяси-әскери роль атқарды. Қазақ мемлекеті тарих бетінен жойылып кетпес үшін өзін қоршаған жауларымен арпалысты күндер өткізуіне тура келді. Оңтүстіктегі Қоқан, Хиуа хандықтары, Қызылбас, Қытай, Ресей империялары аралығындағы Ұлы дала қашанда жау шабуылына тойтарыс берумен болды. Әсіресе, қазақтың хандары орыс пен Қытайдан сақтанып, ерекше саясат жүргізгенін тарих дәлелдейді. Қазірде Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Ұлы мемлекеттер қыспағына түсіп, көп векторлы саясат жүргізіп, алаңдап отырған халі бар.

Ал кезінде Александр Македонский, Парсы патшалары бағындыра алмаған Ұлы дала осылайша қайта жаңарып, біртұтас елдік үлгісін көрсеткен екен.

Қазақтың құзырлы мемлекеттік құрылымының куәсі ретіндегі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» атты ел билеу ережелері мен Тәуке ханның «Жеті Жарғысының» болуы – дамығандықтың көрінісі, мемлекеттік Тәуелсіздігінің белгісі.

Әр ереже, көшпелі қоғам жүйесін – тұрмыстық әдет-ғұрыпты, ұлттық дәстүрді реттеуімен бірге елдік, мемлекеттіліктің бірден-бір тіреуіне айналды. Қазақ халқының арасында көп жұмыс істеген және қазақ тілін жете меңгерген орыс зерттеушісі А. Е. Алекторов өз бастауын көне заманнан алатын, бірақ ХІХ ғасырға дейін сақталған билер сотын таң-

дана суреттейді. Сот әділдігінің көне дәстүрлерін сақтаған билер, оның айтуынша, ежелгі демократия үлгілерін жүзеге асырған. Ол : «Істі қарастыру кезінде би мен ақсақал даулаушыларға асқан әділдік танытуды өзінің қасиетті парызы санайды. Ол екі жақтың да дәлелдемелерін әбден тыңдап болған соң ғана өзінің әділ шешімін жариялаған және ол шешім міндетті түрде орындалған», -деп жазды.

Ал Ресей өкіметі қазақтардың ереже заңдарын жоққа шығаратын «Сібір қазақтарының жарғысы», «Орынбор қазақтарын басқару туралы» ережелер қабылдады. Бұл жаңа ережелер «бөліп ал да, билей бер» саясатына сәйкестендірілді. Қазақ хандарының билігі шектелді, ел біржолата бодандыққа көшті. Бұл саяси құрылымды қиратып, ұлт ерекшеліктерін еске алмайтын ережелерді Шоқан Уәлиханов та 1864 жылы жазған «Сот реформасы жайындағы хат» атты еңбегінде сынады.

Патша өкіметінің отаршылық саясатына қазақ зиялылары қашан да қарсы шығып отырды. Бірақ Ресей Империясының бодан ұлттардың тағдырында жұмысы болған жоқ. Шекарасын кеңейтіп, билігін күшейту саясатын ғана жүргізді.

Жастұлпарлықтар көне тарихқа көз жүгірту барысында Қазақстандық Әлкей Марғұлан, Алан Медоев, Валентин Басин сияқты ғалымдармен көп пікір алысты. Ежелгі тарихқа, саяси тұлғалардың өмірі мен істеріне мән берді. Ал оқыған білгендерін кездесулер барысында бұқара халыққа таратты. Кеңес өкіметі тұсында жазылып жатқан тарихи еңбектерге күмәндана қарап, көне тарихты нақты археологиялық, этнографиялық деректермен салыстырып оқуға тырысты. «Ұлтын жойған ел болмас» ұранын ұстанды. Алтын орда хандығы кейін жер жағдайына қарай 4 ұлысқа ыдырағанда соның үшеуі Қазақстан аумағына орналасып, одан Ақ Орда хандығы пайда болып, соның негізінде Қазақ хандығының құрылғанын мақтан тұтты. Ресей ғалымдары қазақ тарихын түбегейлі жоққа шығарғанын, ал жалған тарихты Кеңес өкіметі коммунистік идеология принципінде саналы түрде ондаған жылдар бойы халықтың болмысына сіңдіргенін білді.

Қазақ өзінің ұлттық төл-тума діні тәңірлікті ислам дінімен ұштастырды. Біз Ислам дінін Тәңірлік негізде ұстанған ұлтпыз. Табиғаттың заңдылығын өмір заңымен ұштастыра алған халықпыз. Табиғат аясы біз үшін ұлттық құндылықтар негізі. Жаратқан мен арамыздағы байланысты Аруақ рухы жасайды. Бізді Аруақ қана қолдайды... Көшпенділер мәдениетіне ислам діні қайшы келе қоймады. Қазақтар қабыспайтын, өз мәдениетіне кедергі болар жат нәрселерден қашық болды. Ислам дінін өз мәдениетіне бейімдеді. Ата дәстүр, әсіресе аруаққа құрмет сол төл-тума қалпында, сана – сезімде өзгеріссіз қала берді. Тәңірдің жарылқауын, аруақтың қолдауын ешқашан жадынан шығармады. Тек социалистік жүйедегі материалистік көзқарас дінмен бірге тарихи қалыптасқан сенім – танымды ұлт түйсігінен ығыстырды.

Жастұлпарлықтар қазақтың елдігі мен мемлекеттігіне тарихи тұрғыдан күмән келтірушілерге қарсы күресу үшін көне тарихқа, ежелгі мәдениет пен ауыз әдебиетіне көп көңіл бөлді. Сақ, ғұн, көне түріктердің түбінің бір екеніне өздерінің ғана емес, көпшіліктің көзін жеткізуге тырысты.

Жастұлпарлықтар халықшыл болды. Олар қазақ билігі жүйесіндегі төрелердің, қожалардың өз орны болғандығымен қалың халықтың қызметшісі болғанын да естен шығармады. Шынында хандық-сұлтандық биліктегі төрелер де, рухани-діни биліктегі қожалар да қазақ қауымымен келіспейінше өзіндік шешімдер шығармаған. Даналық түсініктегі бірлестік салиқалы нәтижелерге қол жеткізген. Ел билеген қазақ хандарының көбі ұрыс даласында қаза болды. Қазақ халқы қанша төре тұқымы болса да батыр болмаса, соғыс алаңына шығып қол бастамаса хан сайламаған. Хан билігі лауазым ғана емес, биліктің көрінісі. Кеңес өкіметінің хан тұқымын аяусыз қыруының көзі қазақтың елдігінде, мемлекеттігінде жатыр. Шыңғыс әулеті Өзбекстанда да, Қырғызстанда да өмір сүрді, бірақ олар Қазақстандағыдай қуғын сүргін көрген жоқ. Қазақстандағы төре ұрпақтары Ресей, Өзбекстан, Қырғызстанға барып, бас сауғалады.

Талай ғасырларға созылған ата-бабаларымыздың қанды жорығының, дабыл-дауылды күресінің арқасында қазақ ұлан-ғайыр жерге ие болды. Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ алысты, арпалысты. Ердің елі – туған жері, отан – жан азығы, пенденің түп қазығы екендігі қазаққа қанмен дарыды. Осы тұрғыдан алғанда патша өкіметінің құлап, Ресей империясы ыдыраған алай-дүлей өтпелі кезеңде Алаш партиясының ұлттық автономия құрып, тәуелсіздікке ұмтылуы динамикалық заңды құбылыс. Жалпы Алаш идеясы 1917 жылға дейінгі он-он бес жылдың ішінде ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсы білген, саяси күресте жан-жақты сынақтардан өтіп, тәжірибе жинап шыныққан негізгі саяси күшке айналды. 1917 жылы тарихи мүмкіншілікті пайдаланып, Алаш арыстары Алашорда үкіметінің негізін қалап еді, оны Кеңес үкіметі тағы қиратты. Мұстафа Шоқай Қоқанда Түркістан муфтариатын құрып еді, оны да қуғындап, жоқ қылды. Бастан бақ тайса, қорқау қасқырлар қамайды. Қазақ жеріне көз алартқан көршілер біздің алауыздығымызға, ұлт-азаттық көтерілістер кезіндегі қыңырланып бір-бірімізге қырғиқабақ кездерімізге шоқ-шоқ десті... Қазақ ойының ұшқырлығы, рухының күштілігі отаршылардың бас ауыруына айналды. Еркіндікте өмір сүрген, далалық демократиялық үрдістер салт – дәстүрінде тәрбиеленген халық бодандық бұғауына оңайлықпен көне қоймады. Орталық Азиядағы басқа ұлттар мен билік тәртібі бір де, қазақтарды билеу ерекшелігі мүлде басқа болды. Ресей билігі қазақтардың рухани дамуына барынша кедергілер жасап бақты.

Қазақ тіліндегі алғашқы газет «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде 1870 жылдан бастап Ташкент қаласында шыға бастаған. Газет кеңінен тарап, ондағы елдің тұрмысы, тарихы жөніндегі мақалалардың таралуынан қорыққан генерал-губернатор 1883 жылы газеттің қазақ тілінде шығуына тыйым салды. Өзбек, орыс тілдерінде газет 1917 жылға дейін шығып тұрды. 1917 жылғы Ақпан революциясынан

кейін Қазақстанның көптеген елді мекендерінде қоғамдық – саяси ұйымдар пайда болды. Мысалы Омбы қаласында «Демократиялық оқушы жастар кеңесі» мен «Бірлік» ұйымы, Ақмолада «Жас қазақ», Спасскіде «Жас жүрек», Меркеде «Қазақ жастарының революциялық одағы», Семейде «Жанар», Қызылжарда «Талап» тағысын-тағылар.

Жас тұлпарлықтар Асан қайғы мен Қорқыт атаны Ресей Империясының ұлттық идеясының негізін салған православие дінінің өкілі Феофанмен салыстырып біздің бабаларымыздың рухани, адами дүниетаным деңгейінің, ой-түйсіктерінің жоғарылығын көрді.

Жастардың жүректері сезіп, өздері толық біле бермеген замана шындығы олардың көздерін ашып қана қойған жоқ, кандарын тасытты. Қазаққа тарихтан тиген несібесі запыранды, өте өкінішті екенін білді.

Ең бастысы Алаш Орда өкіметі құлап, Алаш зиялылары атылғаннан кейін қазақ халқы ұлттық идеясыз қалды. Оның орнын мән-мағынасынан жұрдай болған утопиялық социалистік идея жайлады. Жастұлпарлықтар қайда жүрсе де Қазақстанның Ресей Империясының отарына айналып, сол құлдықта 300 жыл ғұмыр сүргенін естерінен шығармады. Отар болу – бағыну, бостандығынан айырылу. Кезінде жеңілген, бағынған ел жөнінде Бисмарк: «Как бы мы не лувкавили – побежденному победитель оставляет только глаза, чтобы было чем плакать», - деген екен. Қазақстанда 1731 жылы Әбілхайыр хан Ресей билігін мойындап, қол астына кіргеннен бастап қазақ халқы осындай күн көре бастады.

Жастұлпарлықтар тарихты сана-түйсіктерінің сүзгісінен өткізіп, қазақ халқының 1456 жылы хандық мемлекет құрғаннан бастап 1821 жылы толықтай жойылғанға дейінгі жылдарды ұлттың «алтын сара жолы» деп санады. Құлы, түрмесі болмаған, ұрысы мен қарысын сөзбен тәрбиелеп, рухани тазалықта, азаттықта өмір сүрген кездерді дәріптеді. Қазақ хандығының тарихы – біздің Ұлы халық екендігіміздің айғағы. Ата-бабаларымыз үсті бейіш, асты кеніш әлемнің тоғызыншы жер көлемін ұстап тұруы күш-қуатының, рухының

күштілігінде екеніне көздері әбден жетті. Қазақтың ұсақ-түйек емес, тарих көшінде ерекше орынға ие боларлық істерге бейім екенін көрді.

Тарих тағлымынан нәр алған жастар ханы халқын ойлап, өтірік айтпай, әділ болуға тырысқанын, батыры елін жаудан қорғап, ат үстінен түспегенін бұқара халықтың санасына сіңіруге тырысты.

Қамал бұзған батырлардың, топты жарған шешендердің, ел бастаған көсемдердің ұрпағы екендерін мақтан тұтты. Абылай хан дәуірінің асқағы оларды шындай түссе, Бұхар, Үмбетей сияқты жыраулардың «Аттан», «Аруақ», «Ел болсайшы, қайран қазақ» деген айбынды сөздері рухтарын көтеріп қанаттандырды. Алаш зиялыларын ұстаз тұтып, бағдарламаларына бағыт қылып, істерін жалғастырды. Ұлттық саналары асқақтап, шалқақтады.

Жастұлпарлықтардың саяси аренаға шығуы – қазақ ұлтына тән жалпы саны аз болса да жекелеген интеллектуалдар мен пассионарлық тұлғаларға бай екендігінің бірден-бір дәлелі. Қазақ даласының қасиетті топырағынан қашан да жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар туып отырған. Ұлы даланың әлемді дүрліктірген тұлпарының соңғы тұяғы осы жастұлпарлықтар.

Ресей империясы 1821 жылы ереже қабылдап, саяси реформа жасағансып, қазақ хандығын біржолата жойды. Ресейдің бодандығына кірген қазақ қоғамы әлеуметтік-саяси және территориялық тұтастығынан айырылды. Ресей империясы Қазақ елінің билігінің шаңырағын 1800 жылдардың басынан бастап шайқай бастады. Сөйтіп, Ресей өзінің басқару жүйесін қазақ даласына жоспарлы түрде енгізді. Содан Қазақ даласында 1831жылдардан бастап –Аягөз, 1832 ж. -Ақмола, 1833ж. – Баянауыл мен Үшбұлақ, 1834ж. – Аманқарағай, Көкпекті, Құсмұрын, Алатау сияқты жаңа округтік приказдар бірінен соң бірі ашыла бастады. Олардың құрылысы мен күзеті орыс казачествосына тапсырылды. Орыс казактары салықтан босатылып, жергілікті жұрттан тартып алғандарын қанағат етіп, қазақтың шұрайлы жерлеріне иелік

етті. Ресей Империясы 1824 жылы Хан билігін, 1868 жылы Сұлтан билігін жойды. Қазақ даласы дәстүрлі мемлекеттік сипатынан бір жолата айырылды.

Аз ұлттың азабы таусылған ба? (Кейін, 1945 жылы Сталин, Черчилль, Рузвельт қатысқан Ялта конференциясының «Шығыс мәселесі бойынша шешімі» қазақтың елі мен жерін біржолата бөлшектеді). Енді қазақтар үш мемлекетте - КСРО, Қытай, Моңғолияда тұрып, бөлек тіршілік жасауына тура келді.

Бөліп билеу саясаты күшейтіліп, бір қазақты үш жүзге жіктеу кеңінен қолдау тапты. Қазақты үш жүзге бөлудің өзі бас бірліктен айырып, жекелеп бөліп алып, жырымдап билеу үшін жасалған арамза пиғыл еді. Жүз деген тек сан ұғымы ғана. Жер, тайпа, ру ұғымында жүз термині қазақта ХХ ғасырдың басына дейін ешбір дерек, аңыз-әңгімелерде кездеспейді. Яғни билеуші топтың, өз іс-әрекетіне сай қолдан жасаған түсінігі. Қазақта руын мақтаған ақын - жыраулар болды, бірақ жүзді өлеңге, не сөзге қосқан ақын - жырау да, би - болыс та болған емес. Ру сол әлеуметтік ортада ерекше орын алуы, өмір салтымен, тұрмыстық қажеттіліктен туды. Ру адамдары тең праволы болды. Сондықтан адамның қандай бір айрықша қасиеті болса да, қауым оған ешбір артықшылық бермеді. Кейде ақылды, батыл адамдар соғыстар кезінде басшылыққа сайланған. Алайда ол өз міндетін атқарған соң қайтадан жұртпен бірдей болған. Ал жүздік сана қазаққа жат сипат. Бауырмал, ағайыншыл қазақ қаны су болып кеткенінше алысты жақындататын туысшылдықтан көзі тірісінде айырылмады. Қотан арасының кикілжіңі, мал барымтасы болмаса, шарт кетпек, бет жыртыспаққа бармады. Қазақтың құдасын құдайдай көріп, тәңірдің, жаратқанның дәрежесіне көтеруі жәй туысшылдық емес, өмір мәні, ұрпақ қамы. Құдалардың сыйластығы - отау тігіп, отбасы құрған балаларының шаңырағының биіктігінің, босағасының беріктігінің, дастарқанының берекелілігінің кепілі. Ал тонның ішкі бауындай байланып, аралас - құралас отырған туыстарда жәй қырғи-қабақтық, өзімсінген өкпе-наз болса

да, сүйек сату болған емес. Ағайыннан жарыместер ғана береді. Қазаққа тасбауырлық қашан да жат қылық. Туысына соғымынан омыртқасын беріп араласпайтын, оразада ағайынды жинап аруағына құран оқытып, ауыз аштырмайтын қазақ бүгінде де кемде-кем...

Қазақтың көрнекті этнолог-ғалымы Ақселеу Сейдімбек бұл жөнінде: «...қазақтың кез келген ру-тайпасының құрамында үш жүздің де этникалық аралас-құраластығының бар екеніне, жүздік бөліктің өзі этникалық бөлік емес, ең алдымен әкімшілік-территориялық бөлік екеніне, қазақтың тілі мен діліндегі біртұтастық олардың рушылдық бөліктігінің емес, ұлттық бүтіндігінің нәтижесі екендігіне көз жеткізеді» – дейді.

Қазақты жүзге бөлудің ешқандай ғылыми негізі жоқтығын академик Оразақ Смағұлұлы да дәлелдеп берді. Ол:

– Қайран қаласың! Мен Кеңес одағы дәуірінде Шығыс Қазақстандағы наймандарды зерттеп, әкесі де, шешесі де найман болып келетін 300-ден артық адамның қан жүйелерін алдым. Сосын бір жылдан кейін Батыс аймақтағы 400-ге жуық таза адайлардың қан жүйелерін зерттедім. Нәтижесінде не болды дейсіз? Мәскеудегі мамандар ренжіп: «бір облыстан жинап әкелгеніңіз қалай?» дейді. Мен «кешіріңіз, аталған екі облыстың арасы - 3, 5 мың шақырым» деймін. Есімде қалған бір қызық жай, шығыстан жазда арнасы кеуіп қалатын «Жеменей» деген өзен көрсем, адайлардың ішінен Жеменей руының адамдарын кездестірдім... Жалпы, мұндай биологиялық, генетикалық тұтастық алысты қойғанда, қасымыздағы өзбектің де, орыстың да, қытайдың да бойында жоқ. Тіпті біздің тіліміздің өзі, бірді-екілі ғана диалекті сөздер болмаса, біртұтас. Ал Қытайда 6-7 диалекті бар. Бейжіңге жинала қалса, бірінің айтқанын бірі түсінбей, әуре-сарсаңға түседі. Сөйтіп отырып, олар «Қытай - мәңгі бөлінбейтін, біртұтас ел» деген саясатты тастай қатып ұстанып отыр. Оның қасында ат төбеліндей қазақтың жүз-жүзге, ру-руға бөлінуін не деуімізге болады?!» - дейді. Қазақ жүзге бөлінгеннің жүзі қара деуі тегін емес...

Шынында, қытайлар өз мектептеріндегі тарих пәнінде тұтастай Жетісу жерін Қытайдың жері деп оқытады екен. Осындайда болашақта болуы мүмкін территориялық дау-дамайдың алдын алуда Оразақ Смағұловтай білімді қазақ ғалымының болғанына шүкір дейсің! Академиктің жоғарыда айтқаны әркімнің өз руын ғана дәріптейтін көзқарастың заманы әлдеқашан өткенін дәлелдеп тұрған жоқ па! Ұлтымызға тән бір ерекшелік – жеті атадан аспай ешқашан қыз алысып, беріспегендігіміз, қанымыздың тазалығын сақтағандығымызда. Рушылдық бізге осы тұрғыда ғана керек! Ал жүзге бөлінудің шығуы, территориялық басқарудың нәтижесінде қолдан жасалынғаны ғылымда әлдеқашан дәлелденген. Үш жүздің бір-бірімен қыз алысып, қыз берісуінің арқасында қазақ ықылым заманнан біртұтас бөлінбейтін халыққа айналған.

Тәуелсіздікті, бостандықты сақтау қашан да оңайға түспеген. Жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру, Қокан, Хиуа хандықтарынан қорғану, Орыс отаршылығына қарсы күрес ұлттық ерекшеліктерді сараптап нығайтты. Отаршылыққа қарсы күрестегі басты фактор ұлтшылдық. Ұлт болып қалыптасудың өзі тарихи дамудағы қажеттіліктің көрінісі. Осыған сай өмір сүру жүйесі, әдет-ғұрып, діл, мәдениет, дін, рух қалыптасады. Ұлт ұғымы, шындығында, мемлекет деген ұғым баламасы. Қазақ отаршылдыққа түскенімен қырылса да, ашықса да ұлттық менталитетін, әдет-ғұрып, мәдениетін сақтап қала алды.

Тек, қазақи ұлт ой санасы, мемлекеттігі Кенесары ханның өлімімен тоқтады. Бірақ біз қазақ халқы болып қала берсек те, ұлттығымыздың құндылықтарын жоғалта бастадық. Ұлттық мемлекеттік деңгейде ойлаудан қалдық. Қазақ халқы Кенес өкіметі, Қызыл империяның қанды балағына ілігіп, ұлттық рухын бәсеңдетіп алды.

XX ғасырдың басында түрік тілдес халықтардың ішіндегі екінші, ал Орталық Азия ұлттарының ішіндегі сан жағынан да, сапа жағынан да алдыңғысы қазақтар болды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған

Алаш қозғалысы ұлтты оята бастап еді. Қазақы болмыстан айырылып, елдіктен-жұртшылдықтан кетіп бара жатқан ұлтына тоқтау айтты. Олар қолайлы жағдай болса, біраз жылдардан соң дамыған елдер қатарына енетініне сенді. Тіпті, Смағұл Садуақасов жапон жұрты сияқты деңгейге жетуге тарихи да, рухани да мүмкіншіліктердің барлығын дәлелдеді. Тек жапондар мен қазақтарда ғана өздерінің төл діні сақталды. Таным, сенім, ұлттық құндылықтарда ұқсастық көп. Табиғатқа, аспан мен күнге табынушылық аруакты ардақтауға әкелді. Тәңірі мен Синнің түп-тамыры бір.

Жастұлпарлықтар ұлттық психология, көшпелілер мәдениеті туралы жазылғандарды көпшілікке насихаттады. Басты мақсаттары тарихи негізде рухани құндылықтарды жандандыру болғандықтан Алаша хан жөніндегі аңыздарды, қазақ хандарын, хан ордасының билік сипатын дәріптеді.

Алаш ұраны, Алаш идеясы – ұлттық мемлекеттің көрінісі деп білді. Қазақ шежіресінің осы Алаша хандығынан басталатынын, оның көзінің көнеде екендігін насихаттады. «Елдің тарихы өкіметтің тарихы емес, ол ең алдымен халықтың тарихы», – деп халықтың мүддесін елдің мүддесімен қарастырды.

Беғазы-Дәндібай археологиялық қазбасының нәтижелері жастұлпарлықтардың мерейін одан әрі өсірді. Алаша хан күмбезі мен Беғазы қорғандарындағы айналмалы баспалдақ - саты стилдері таң қалдырды. Алаша хан кесенесін қазақ халқының бірнеше мың жылдық тарихындағы ең басты ескерткіші, бұл елдіктің, мемлекеттіктің белгісі деп білді. Қасым ханның Алаша ханға кесене тұрғызуын ұлттық символ деп халыққа түсіндірді. Олар Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі тарихи жерлерді, аңыз әңгімелерді, археологиялық жетістіктерді бұқара халыққа насихаттаудан жалықпады. Ұлытаудағы Алаша хан кесенесіне, Көкшетаудағы Кенесары мекеніне әдейі арнап экспедициялар ұйымдастырды. 1969 жылы Мұрат Әуезов «әулиелер мекені» Маңғыстауға экспедиция ұйымдастырып, үстіртке,

жер асты мешіттеріне барып, тағзым етті. Елеусіз, ескерусіз, күтімсіз жатқан тарихи ескерткіштерді жөндеуге ат салысты. Ескерткіштерді қорғау комитетіне хат жазып, Маңғыстау өңіріне мән бергізді. Осы істерді мемлекет қаржыландырған жоқ, отаншыл жас қыз бен жігіттер бәрін өздері істеді. Көпшілік халықпен де танысты, өздерін де танытты, тағлым алды. Музыка зерттеушісі, профессор Болат Қарақұловтың ата жұрттағы тарихи ескерткіштер, ел ауызынан естіген қисса жырлар мен ән – күйлер біздің, қалада өскен қазақ жастарының өмірге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертті деуі сондықтан.

Жастұлпарлықтар «Біз Ұлылар ұрпағымыз, соған лайықпыз, әрдайым алда боламыз» деп ниет етті. Шынында, адамзат өркениетіне қазақ мәдениетінің қосқаны аз емес. Жастұлпарлықтар – әрдайым көкіректерін көтеріп, қазақ деген атты мақтан тұтқан жастар.

Елдік мұрат – халық көкейіндегі мәңгілік құбылыс. Ұлт бар жерде «елдік мұрат» бар. Қазақтың елдік мұраты көне заманнан басталып, тайпалық, рулық мемлекеттік құрылымдар кезінде шындалып, Қазақ хандығы дәуірінде даму деңгейінің тұғырына көтерілді. Әрине, бұған жоңғар-қалмақ шапқыншылығы, әлемдегі саяси-экономикалық қайта бөліс, жаугершіліктер де әсерін тигізді. Қазақ хандығы кезеңінің ең басты жетістігі ұлт болмысына мемлекетшілік ой-санасын сіндіруі. Тәуелсіз, еркін көшпеліліктегі, далалық демократия салтымен жүрген елде бір орталыққа біріккен ел атрибутын жасау, арман - мақсат бірлігі мен мемлекетшілдікті ұштастыру ұлан - ғайыр қазақ даласында оңай болған емес. Қазақ хандығы – арғы-бергі тарихымыздағы мақтанышпен айтар, үлгі алар ерекше дәуіріміз.

Қазақ тарихын, әсіресе соңғы хандықтағы Кенесары Қасымовтың азаттық қозғалысымен жастұлпарлықтар Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты кітабы арқылы танысты. Патшалық және большевиктік тарихнаманың қазақтың мемлекеттік дәстүрлерін санадан, жадыдан өшіру үшін тарихты бұрмалап жазғандарын

білді. Әрине Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов сияқты ғалым-тарихшыларды жастар үлгі тұтты.

Кеңес өкіметі қазақ тарихын бұрмалап қана қойған жоқ, ол сонымен бірге қазақтың тарихи этнос екенін, жеке мемлекет болғандығын жоққа шығарды. Шындығында қазақ этносы осыдан төрт мың жыл бұрын Қазақстанда өмір сүрген тайпалардың тікелей ұрпағы. Еш жақтан көшіп келмеген, ешкімге жерін бермеген. Жалпы, қазақтардың еуропоид пен монголоид тектестердің араласуы нәтижелерінен өте ерте заманда пайда болған тұраноид нәсіліне жататындығын АВО қан жүйесі бойынша да, резус-фактордан да айқын аңғаруға болады. Кеңес өкіметінің социалистік идеологиясы мемлекеттің тек материалдық нәрселерде ғана сақтайлмайтынын, оның адам жадында, мәдениетінде, ауызша дәстүрлерінде қалатынын ескермеді.

Қазақ ұлтын кемітіп көрсету үшін көзі ашық білімділер саны 1, 5-2 пайыз ғана деді. Арабша, парсыша білімділер есепке алынбады. Шындығында 1897 жылғы Ресейдегі санақта қазақтардың еуропалық білімі бар азаматтары 8, 0 пайыз болды. XX ғасырдың басында Кеңес өкіметі орнағанға дейін қазақ балалары Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Ыстамбұл, Шам және тағы сондай үлкен-үлкен қалаларда білім алды. Жәй сауатын ашып қойған жоқ, білікті маман иелері болды. Шет елдегі жоғарғы оқу орындарында қазақ қыздары да оқыды. Солтүстік Қазақстаннан Ұмсынай деген қыз 1906 жылы Мысыр университетінің ағылшын тілі мамандығын игеріп елге оралған. Асфандиярова Гүлсім Петербургта дәрігерлік диплом алған. Ал Қостанайдағы Сейдалы төренің қыздары мен келіндері Петербургтегі «ғибратты қыздар институтын» бітірген. «Далалық демократия» еркіндігінде тәрбиеленген қазақ қыздары өнерде де, білімде де әрдайым алдыңғы қатардан көрініп, өздерін ер –азаматтармен тең ұстады.

Қазақтың қасиеті оның арлылығында. «Малым - арымның садағасы» деп арын, адамгершілік қасиетін бәрінен де жоғары ұстанған ұлт. Осы қасиеттің арқасында елдігін, бірлігін

парасаттылықпен сақтай алды. Шалқайса, тарихи шыңы бар, еңкейсе, иен елі бар қазақ арлығының арқасында жерін де қорғай білді, ешқашан ұлын құл, қызын күндікте ұстауға жол бермеді. Бірақ Патшалық Ресей Империясы ыдырап, Кеңес өкіметі орнауымен қазақ халқының басына бұрынғыдан да сорақы ауыр хал-жағдай келді. Еселеп өсуге тиіс халық жаппай қырылып, ал қалғанының тоз-тозы шықты.

Алаш идеясын арқа тұтқан жастұлпарлықтар Кеңес өкіметі кезіндегі ұлт болашағы үшін істелген істерге де көп көңіл бөлді. Соның бірі – 1920 жылдардағы қазақ автономиясының құрылуы мен оның алғашқы жетістіктері еді. Жастұлпарлықтар сол 1922-1925 жылдары Халық комиссарлар кеңесі төрағасы Сәкен Сейфуллиннің ұлттық талпыныстарын зор бағалады. Әсіресе Сейфуллин төраға бола тұра 1923 жылы «Қазақ, қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, Киргизия болып келген елге Қазақстан атын қайтарғанын, ең бастысы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе алуына, кеңсе істерін қазақша жүргізуге шешім қабылдауын ерлік, ұлтжандылық деп бағалады. Біз бүгін Сәкен Сейфуллиннің қажырлы еңбегінің арқасында 1923 жылдың 22 қарашасында қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беріліп, оның 1924 жылдың 1 шілдесінен бастап республикалық деңгейдегі мекемелерде кеңсе ісі қазақ тілінде жүргізіле бастағанын тарихтан білеміз.

Ұлт болып сақталып дамудың екі тірегі бар: оның бірі жер, екіншісі ана тілі. Жердің терең ұлттық мәні бар. Қазақ үшін жер ең қасиетті ұғым. Себебі ол қазақтың ұлт болып сақталуы, тұтас қауымдастық болып қалыптасуының көзі.

Жалпы, қазақ халқының елдік-пассионарлық бірнеше дәуірі ғана болды. Негізінен сыртқы жаудың қауіп-қатерінен қорғану үшін бастары қосылды. Осылай Абылай ханның заманында жоңғарларға қарсы соғысу үшін бірікті. Содан кейін Алаш идеясы негізінде ұлттық табандылық көрсетіп, ұлы мақсат - тәуелсіздік үшін күреске бірігіп шықты. Ұлт тағдыры үшін Алаш зиялылары жанкештілік әрекеттерге барды.

Тәуелсіздікке қол жеткізу, бостандықты сақтау қашанда оңайға түспеген.

Ал кейін Кеңес Одағы ыдырағанда қазақтар 10 мемлекет құрамында қалды. Қазір әрбір 3-ші қазақ шетелде тұрады. Кеңес Одағы ұлттарды бөліп билеп, біртіндеп ассимиляциялады. Кеңестендірудің зорлық-зомбылығынан көптеген шағын ұлттар жерін, мәдениетін, тілін жоғалтты. 1926-1939 жылдардағы Кеңес Одағындағы 194 ұлттан 100-ге жетпейтін ұлт қалды.

Жастұлпарлықтар ел бірлігін көздеп, қазақтың жүзге бөлініп, ыдырап, жерінен айырылуының себебін бодандықтан көрді. XX ғасыр қазақ халқына нәубет жылдар әкелді. Алаш идеясының мұрагерлері – жастұлпарлықтар Кеңес одағындағы социалистік идеяның кесірінен зардапты ең көп тартқан қазақ ұлты болғанын білді. Столыпин реформасында басталған Қазақстанға Ресейдің басқа өлкелерінен көшірілгендерге жер беру «талапай - талау» саясаты жалғастырылды. Кеңес өкіметін зорлық-зомбылықпен орнату, азамат соғысындағы ақ пен қызыл әскерлерінің кезекпе-кезек тонауы елдің шырқын кетірді. Қолдан жасалған 1919-1921, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, 1931-1932, 1937-1938 жылдардағы ұлт зиялыларын қыру, Ұлы Отан соғысы жылдары басқа ұлт өкілдерін Қазақстанға жер аудару салдарынан қазақтар санының азаюы ұлттық трагедияға айналды. Мақаш Тәтімов пен Айтан Нүсіпханұлының зерттеуінше Қазақстандағы миграциялық ағымдар төмендегідей болған.

1. Бос жатқан жерлерге келімсек казактарды қоныстандыру (200 мың адам).

2. Орыс әскерін қоныстандыру. (100 мың адам).

3. Шаруаларды жер аудару (1 млн. 300 мың адам).

4. Мал мүлкі тәркіленген кулактарды айдау (250 мың адам).

5. Индустрияландыру кезінде жіберілгендер (1млн 200 мың адам).

6. Қуғындалған «жарамсыз» халықтарды қоныстандыру (1млн 500 мың адам).

7. Соғыс кезінде қоныс аудару (350 мың адам).
8. Тың игеруге келгендер (1 млн 450 мың адам).
9. Жалпы стихиялық миграция (900 мың адам).
10. Ведомствоаралық миграция (200 мың адам).
11. Вахталық ағыммен (50 мың адам).

1690-1990 жылдары аралығында ұйымдастырылған және стихиялық миграция нәтижесінде Қазақстанға келген адамдардың жалпы саны 7 млн 500 мыңға жетті. Ал енді, сол бір тарихи кезеңде қазақ халқының өз жерінде қанша шығынға ұшырағандығы жөнінде мәліметтер келтірейік:

1. «Ақтабан шұбырынды» атты ұлы күйреу кезінде (1 млн адам).

2. Жаугершілік кезеңде ел-жұртты қорғаған (250 мың адам).

3. Сарытабан үркіншік-отаршылдық, қысымшылдық кезеңінде елден біржола көшіп кеткендер саны (300 мың адам).

4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тікелей және жанама әсерінен (150 мың адам).

5. Азамат соғысы кезінде шаруашылықтың күйреуінің тікелей және жанама әсерінен (800 мың адам).

6. 1928 жылғы байлардың мал-мүлкін тәркілеу кезеңінде жер аударылғандар (10 мың адам).

7. 1931-1933 жж. ашаршылық пен эпидемиядан қырылғандар (2 млн адам).

8. 1930-1934 жж. коллективтендіру мен жаппай отырықшыландыру кезінде алыс жаққа қоныс аударып, қайтып оралмағандар-қызыл табан босқыншылық (615 мың адам).

9. Сталиндік саяси қуғын-сүргін жылдарында атылғандар (27 мың адам).

10. 11-ші дүниежүзілік соғыс майдандарында қаза тапқандар (400 мың адам).

11. 1986-1989 жж. «процентомания» науқаны кезінде миграцияға ұшыраған жастар. (50 мың адам).

Негізінен 1645-1945 жылдар аралығында дүркін –дүркін болған халықты ыдыратудың салдарынан қазақтар жалпы алғанда 5 миллионнан аса адамынан айырылды. Ал Қытай,

Моңғолия, Иран, Түркияға 200 мыңнан астамы кетті. Жолда тоналды, бейнет көрді. Түркімения арқылы Иранға көшіп бара жатқан адайлар құмда адасып қырылды. Ел аузында бұл қайғы-қасірет «тақыр қырғыны» деп есте қалды.

Жастұлпарлықтар 1465 жылы Қазақ хандығының шаңырағы көтерілгеннен бастап бүгінгі күнге дейінгі біздің тарихымыз соғыс пен ашаршылықтың зардаптарын жою жолы деген тоқтамға келді. Ашаршылықтың болуына Кеңес өкіметінің солақай саясаты, большевиктердің арнайы жоспармен істеген зорлық-зомбылығы кінәлі деп есептеп, оны «ғасыр қылмысы» деп атады.

Жастұлпарлықтар Кеңес одағында бір емес, екі аштықты бастан кешкен ұлттың ұрпағы екенін естерінен ешқашан шығармады. 1919-1922 жылдардағы аштық кезінде 1, 5 миллион, 1931-1933 жылдары 2, 5 миллион қандастарының қырылғанын нақты білмесе де, қазақ халқының 50 пайыздан астамы аштан қырылғанын білді. Өйткені өздері сол аштықты бастарынан кешкен әке-шешенің балалары еді.

Жаны мен малы талауға түскен, құла медиен далада тігерге тұяғы қалмай, өзегі талған қанша адам аштан өлді. Жанұясының ашыққанын көргісі келмеген ата-ана балаларынан безіп, айдалаға тастап кетуге мәжбүр болды. Большевиктік өкімет қазақ халқының миллиондаған малын кәмпескелеп, қазақ даласына екінші «Ақтабан шұбырындыны» әкелді. Ғалым-демограф, жастұлпарлық Мақаш Тәтімөвтің «Мен боздақтарды түгендедім» естелігінен:

«Жас тұлпар» біздің жастық шағымызды қамтитын кезеңдегі алғашқы бейресми қозғалыс болатын. Жасыратын несі бар, осыдан 15-20 жыл бұрын –ақ қазақ зиялыларының арасында Қазақстан тәуелсіз ел болуын армандаған немесе тәуелсіз ел болатындығын болжай білген азаматтар көбейе бастады. Қатарынан озып туған оғыландар қазақта қай кезде де болған. Ашығын айтсақ, біздер - «Жастұлпарлықтар» Кеңес Одағын құлату үшін күрескен жоқпыз. Өз басым ол алып империяның жұлыны түбінде осылайша үзіледі дегенге сенген адам емеспін. Рас, жігіттер ұлт мәселесін көтерді,

рух мәселесін қолға алғысы келді. Сол үшін біріктік. Алайда төңкеріс жасау үшін емес. Біз қазақ ұлтының өзіне ғана тән құндылықтарды қорғап қалуды армандадық. Талауға түскен қазақтың малын да, аштықтан қырылған жазықсыз боздақтарын да өзімізше түгендей жүріп, Мәскеудің назарын өзімізге аудармақ болдық.

Мен 1964 жылдың көктемінде Хрущевқа хат жаздым. Ол кезде екінші курс студенті едім. Өз бетімше ізденіп, 1897, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіргенмін. Көзімнің жеткені – 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтарлықтай асырып жазғандығын аңғардым. Неге?

Өйткені озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген. Оның астарында қазақ халқы жойылып кетпейді, қамқорлыққа зәру емес деген пиғылдың жатқаны анық. Хрущевқа хатымда осы нәрселерді жаза отырып, 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын өз есебім бойынша көрсеткенім есімде. Мал шығыны жөнінде де қосымша мәліметтерді келтіре отырып, алдағы уақытта нәубет жылдарында табиғи өсіміне орасан зор нұқсан келген қазақтарға оң көзқарастың қажет екендігін жаздым.

Әлде аңқаулық, әлде албырттық, мен жазған хат тиісті адамның қолына тиеді деп ойлағанмын. Бір күні маған Орталық комитеттен шақырту келді. Себебін іштей сезсем де, үлкен үйдің есігін ашып көрмегендіктен бойымды кәдімгідей қорқыныш жайлаған. Мені Мездяков деген ЦК КПСС-тің жауапты қызметкері қабылдады.

«Сіздің хатыңызға байланысты Қазақстаннан жауап келді», – деді ол. Менің хатымды неге Қазақстан асырып жібергенін әлі күнге білмеймін. Мездяков жауап хатты судыратып оқып берді. Менің есімде : «Нельзя писать о гибели людей, но можно писать о потярях скота» деген бір ауыз сөз ғана ерекше сақталып қалыпты. Мен оны ескерту деп қабылдадым. Алайда зерттеу барысында табылған жаңа деректер мен мәліметтердің дұрыс-бұрыстығы жөніндегі

көзқарастарымды, «Жас тұлпардың» бас қосу жиындарында үнемі айтып жүрдім. Ол жөнінде Мәскеу мен Ленинградта оқитын қазақ жастарының алдында да талай мәрте баяндама жасадым. «Жас тұлпардың» үгіт бригадасымен бірге Қазақстанды аралай жүріп, біршама оқу орындарында сөз сөйлеп, демография саласы жөнінде өз пікірімді студент әріптестеріммен бөліскен кездер аз болған жоқ.

Мен «Цифрлар шежіресі» деген зерттеуімді студенттік жылдары жазып бітірдім. 1968 жылы аспирантурада оқып жүргенде, ол еңбегім «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. Маған сол еңбек «Жас тұлпарлықтардың» ортақ жемісі ретінде жаныма өте жақын. Ол жылдар қазақ демография ғылымының қалыптасу кезеңі болып қалды. «Жас тұлпардың» аясында демография ғылымы дүниеге келді». Кеңес өкіметі қазақ халқын қан қақсатты. Қалың қазақ амалсыздан тоз-тоз болып ата-қонысынан көшуіне тура келді. Шыңғыстау мен Жетісу адамдары Қытайға қашса, Маңғыстау мен Сыр қазақтары Ауғанстан, Иранға беттеді, батыс жұрты кавказ, орыс, татар жерлеріне барып пана іздеді. Сарыарқалықтар Сибкрай, Сібірге ауды. Барар жер, басар тау таба алмай, миллиондаған адам ажал құшты. Мағжан Жұмабаев осы кезді:

Алды жау, арты да - жау, жан-жағы жау,

Дағдырған қазақ енді қайда бармақ? - деп жырлаған.

Аштық кезінде қоғам да жеке адам тәрізді азады, тозады. Аштық пен індетке азамат соғысының зардабын, Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығын қосыңыз. 1918 жылдың 23 қарашасында «Известия ЦИК Туркеспублики» ақпаратында Түркістан халқының 25-тен 50 пайызы аштықтан, суықтан өлді деп көрсетілген. Ал «Новый Туркестан» газеті сол кезді былай жазған: «Янгикорган селосында бір аптаның ішінде аштықтан 35 адам өлді. Будал селосында 43 адам, Бәке селосында аштан 37 адам өлді».

Қазақстандық тарихшы А. Н. Алексеенконың зерттеуінше: «...әртүрлі есептеулер мен түзетулерге сүйенгенде, 1930-шы жылдарғы қазақ халқының аштан қырылуы 1 миллион 840 мың немесе қазақтың 47, 3 пайызын құрайды».

Ал академик М. Қозыбаев: «1930-1933 жылдардағы ашаршылықта халықтың 52%-ы қырылды» деп көрсетеді.

Қоғам қайраткері, зерттеуші Сағат Жүсіптің айтуынша тек қана 1931 жылдың өзінде 1 миллион 30 мың адам өз жерінен ауып босып кеткен, оның 616 мыңы қайтпаған. Жүздеген мың қазақ Қытай ауып, кейін 1954 жылы Қытайда Іле-қазақ автономиялық округі құрылып, орталығы Құлжа қаласы болып белгіленді. Елдегі ашаршылықтың зардабы, қасіреті жөнінде Ғ. Мүсірепов, М. Гатауллин, М. Даулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышовтардың И. Сталинге хат жазғаны белгілі.

Ашаршылық синдромына шалдыққан адамның болмысы тұманданып, есі кете бастайды. Ессіз адамға еріктіктің, бостандығының да құны бір тиын. Оған шындықтың да қажеті жоқ. Ең қиыны - адам әдет-ғұрпынан, ұлттық ерекшелігінен, саналы өмір сүру категорияларынан айырылады. Аштықты көрген адамның сана-сезімінен ашаршылық синдромы өле-өлгенше кетпейді. Қайта қанымен бірге ұрпағының бойына сіңеді. Аштықтың салдарынан адамның кісілік қасиеттері мен рухани келбеті өзгереді. Аштықтың сандырағы адамның психологиясын өзгертіп, мәңгілік қорқыныш-үрей әкеледі. Қазақтың «тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк болсын» дейтін сөздерінің астарында қанға сіңіп, болмысты өзгертіп, санасының күйзелісінің өзгергенін көрсетеді. Шүкіршілік, тәубашылық, қорқыныштық салдары, ой ағысының тежелуі. Аштық адамның бет-пердесін жалаңаштап қана қоймай, ол сонымен бірге қоғамды да аздырады. Аштық пен соғыста көп шығынға душар болған ұлтта жалпы даму процесі тежеледі. Қоғамның әлеуметтік жүйесіндегі өзгерістер ұлтсыздануға, салт-дәстүрдің жойылуына, ұлттық психологияның әлсіреуіне әкеледі.

Кісілік пен ізгілік туғыза алмайтын қоғам қай заманда да рухани күйзеліске ұшыраарын білген жастұлпарлықтар өткеннің кемшіліктерінің беттерін тырналап ашты. Ұлтына ашаршылық әкелген, даму процесін тежеп отырған өкіметтің саясатына қарсы шығып, өткенге көз салып, ойлының

сезімін оятты. Жастұлпарлықтар барлық кездесулерде ұлттық мәдениеттің дамуы қажеттілігімен бірге ашаршылықтың халыққа тигізген зиянын тілдеріне тиек қылып отырды.

Олар қазақтың санының аздығын, санасының құрдымға кетуін ұлтымыздың қанына сіңген пассионарлық ерекшелік – көзсіз батырлық деп білді. Әрине, Отан қорғау – әр адамның азаматтық борышы. Ерлік ұрпақ тәрбиесі үшін де керек. Дегенмен, соғыстардағы көзсіз шығын ұлт болашағының тамырына балта шабатын кесепат екенін ұмытпаған жөн.

1941-1945 жылдардағы Отан соғысында қазақтар батыр ата-бабаларының аруағына тіл тигізген, сөз келтірген жоқ. Намысты қолдан бермеді, керек кезінде тайынбай елі үшін қыршын жандарын қиды. Кеңестік тәртіпке қарсы тұра алмаса да, Отан қорғауға келгенде парасаттылығын көрсетіп, рухтанса, қолынан көп дүниенің келетінін көрсетті. «Пассионарлық ұлт», «Ұлы істер», «Үлкен мақсаттар» үшін жаратылған халық екенін дәлелдеді. Жаппай ерлік көрсеткен де қазақ. Халық санының пайызына шаққанда ұлттар арасында Кеңес одағының батыры атағын ең көп алғаны да қазақтар. 102 қазақ Кеңес одағының батыры атағын алса, Отан соғысындағы ерліктері үшін 3 азамат Халық қаһарманы атағына ие болды. Түрлі себептермен, идеология сұрқиялығының кесірінен ерліктері бағаланбай қалған қазақтар қаншама. Рейхстагқа Ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев болса, Берлинді бірінші болып 1941 жылдың 16 тамызында бомбылаған ұшқыш - Біләл Қалиев.

Өкінішке орай, Біләл Қалиевке Кеңес Одағының батыры атағы беріліп, кезекті әскери тапсырмадан оралмағандықтан тұтқынға түсуі мүмкін делініп, батыр атағы жарияланбаған. Ол кездегі ұйғарым бойынша, Кеңес Одағының батыры тұтқынға түспеуі керек екен. Шындығында, кейін белгілі болғандай Біләл Қалиев ұшағымен жарылып қаза болған.

Соғыс кезіндегі идеология әсерімен көп шындық дұрыс айтылмады. Бірінші болып жауға жанған самолетін бағыттаған да Гастелло емес, Масловтың экипажы екен. Ол самолетте жерлесіміз Бақтыораз Бейсекбаев та болды. Отан соғы-

сындағы 1-ші нысанды мерген Төлеуғали Әбдібековтың 395 фашистің көзін жойғанын білеміз. Соғыс уақытындағы заң бойынша 100 фашист өлтірген мергенге Кеңес Одағының батыры атағын беру керек екен. 255 неміс өлтірген В. Зайцев, 187 неміс өлтірген Ф. Сможковтар батыр атағын алды, Әбдібеков атақ алмады. Ал Кеңес Одағының батырлары Расул Есетов, генерал Сабыр Рахымов өзбек, Біліс Нұрпейісов орыс деп жазылып келді. Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлованың ерліктерін қайталаған Хиуаз Доспанова сияқты қазақтың батыр қыздары қаншама. Әрине ерлік жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бірақ соғыста ұлттың он екі мүшесі сау, жас, моральдік тұлғасы, кісілігі биік жастар өледі. Себебі олар Отан алдындағы борыштарын өтеуге парасаттылықпен ұмтылады. Бұны ерлік десек те, ұлттың даму эволюциясы тұрғысынан бұл үлкен апат. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде 40-50 мың қазақ атқа мініп, шоқпар, шиті мылтықпен орыс әскерінің пушкасы мен пулеметіне қарсы шапты. Нәтижесін білеміз...

Торғай өңірінде сол азаматтардың шығынының орны әлі күнге дейін толған жоқ...Алаш зиялылары 1916 жылғы 25 маусымдағы «Қазақтарды қара жұмысқа алу жөніндегі патша Жарлығына байланысты үндеуінде қарулы әскерге қарсы соғысу апат дей келе, «Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар», – деп жазды. Олар Ресей өкіметінің кез келген көтеріліске қатысқан, әсіресе шет аймақтағы ұлттарды аяусыз жазалайтынын білді. Көзсіз шығынға барғылары келмеді. Алаш зиялылары елді қантөгістен сақтағысы келді...

Олар ұлт – азаттық күрес жүргізу тәсілдерінде де, қарулы қақтығыстан гөрі ұлт рухына негізделген, бейбіт жолмен халықтың сана сезімін ояту арқылы мақсаттарына жетуге тырысты. Шындығында ұлт – азаттық күрес қазақ жерінде бірнеше бағыттан тұрды. Академик Манаш Қозыбаев ол жөнінде былай тұжырымдайды: «Ұлт – азаттық қозғалыс ХХ ғасырда көптеген ағымдардан тұрды. Оған жұмысшы қозғалысы, зиялы қауым қозғалысы, мұсылмандар қозғалы-

сы кірді». Зиялы қауымның өзі екіге бөлінді. Орыс әдебиеті мен Еуропа мәдениетіне сенген топ батысшылар болып, ал ұлттық діни өзгешеліктерді жоғары санаған топ түрікшілдер болып, панисламизм бағытын ұстанды. Батысшылар «Қазақ» газетінің маңына топтасып, болашақ Алаш зиялыларының негізі қаланды. 1916 жылдың екінші жартысына дейін қазақ зиялылары қалай болғанда да тұтас толқын болды. «Оян қазақ!» ырғағына түсті. Алаш қозғалысы Ресейде болған екі революция кезінде өз бағдарламасымен жеке толқын, жеке ағын болып шықты. Ал Алаш партиясы, Алашорда автономиясы, Алаш Халық Кеңесі болып қалыптасып, большевизммен жекпе-жек айқасты.

Қазақ зиялыларының бір тобы (Т.Бокин, Ә.Жангелдин, Ә.Жүнісов, Ә.Майкотов, С.Меңдешев, Б.Кұлманов, Ж.Ниязбеков, Т. Рысқұлов сияқты) еркіндікті білектің күшімен, найзаның ұшымен алуға, қару ұстап, күреске шығуға шақырды және өздері оған тікелей қатынасты.

«Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан ұлттық либеральдық-демократиялық зиялылардың басшылары (Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар) қазақ халқын жарлықты орындауға шақырды. Өйткені, олардың ойынша, жарлық орындалмаса, патша өкіметінің қарулы әскері нашар қаруланған көтерілісшілерді қырғынға ұшыратуы мүмкін деп санады.

Іс жүзінде солай болып та шықты. Көтерілісшілердің қаһармандық пен күресіне карамай, олармен салыстырғанда жақсы қаруланған патша жазалаушы әскерлері көтерілісті басты. Патша өкіметі көтеріліске қатысқандарды және оған қатысқан ауылдарды қатты жазалады, куғын-сүргінге салды.

Американдық зерттеуші профессор Марта Брилл Олкоттың пікірінше, 1916 жылғы көтерілісте, әсіресе ауыр зардап шеккен –қазақтар. Далалық аудандарда көтерілісшілерді қолға түсірудің қиындығын білген жазалаушы әскери бөлімдер «Газ ашуын тырнадан алады» дегендей, көтеріліске қатысы бар деген ауылдарды қырып-жою әрекеттерін

жүргізгенде, көшпенділердің басты өмір сүру көзі - олардың малдарын айдап әкетіп отырған. Соның салдарынан мал шығыны Қазақстанның алты облысы (Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария) бойынша; жылқы -50, ірі қара мал-39, түйе-55, қой мен ешкі-58 пайызға кеміді.

Сол 1941-1945 жылдардағы соғыста 18-бен 30-дың арасындағы 400 мыңнан аса қазақтың қылшылдаған жігіттері қаза болды. Бұлар дендері сау, білімді, өнерлі, ұлттық генофонды жаңартатын күш еді. Олардың көбі үйленіп арттарына ұрпақ қалдырып та үлгермеді.

Бір қанды шайқас орнын аралап жүрген Наполеонға маршалдарының бірі «Император, мына өлген солдаттардың орнын қалай толтырамыз?» – деген екен. Сонда Наполеон көп кідірмей: «Париждің бір түні бәрінің орнын толтырады», – депті. Ал қазақтың XX ғасырдағы аштықтан қырылып, соғыста қаза болғандарының орнын толтыруға ондаған жылдар аздық етті. Бізде Париж де, парықтылық та жоқ болып шықты...

Қашанда Отанын қорғауға алғашқылардың бірі болып тектілер мен намыстылар кетеді. Қорқақ, ынжық, қаны суланғандар жан сауғалап үйде қалады. Олардың ұрпағы бейнет көрмей өседі, оқиды. Соғыстан қайтпағандардың, елге жараланып оралғандардың балаларының тұрмысы қиындап, болашағы күмәнданып, рухы әлсірейді. Жетімдік көреді. Ал соғыста болмаған әкенің баласы өсе келе ел билер, бірақ Отан қорғаудың, ар-намыстың қадірін білуі екіталай...

...Қазақ халқы – қырғыннан көз ашпай өмір сүрген халық...

1897 жылғы санақта қазақтар 5 млн. болса, арада 42 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн. 300 мың болды, яғни екі есе азайды. Ал өзбектер 3 млн. 900 мыңға немесе 5 есе көбейген. Тәжіктер 900 мың – 3 есе, қырғыздар 750 мың - 4 есе, түрікмендер 700 мың – 3 есе өсті.

Осыған қарап отырып, 42 жыл ішінде қазақтар азамат соғысы, байларды кәмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932-33 жылдардағы аштық, 1937-38 жылдардағы репрессия

салдарынан миллиондаған адамынан айрылған деуге әбден болады. Осы екі санақ арасында орыстар – 30, өзбектер – 24, қырғыздар – 16 пайызға көбейсе, қазақтар – 22 пайызға, украиндықтар – 21 пайызға кеміген.

Қазақтар 1960 жылы ғана бастапқы мөлшеріне зорға ілікті. Сөйтіп, 1925-1939 жылдар аралығында қазақ халқының саны өспей келді. Ғасыр тауқыметін басынан өткізген қазақтар 1950 жылдың соңы мен 1960 жылдардың басында ғана демографиялық өсу кезіне ие болды. Қатары селдіреп, қасіретке тұмшаланған халқымыз бұған бала туудың көбеюімен бірге Қазақстанға басқа республикалардан, әсіресе Қытайдан көп қазақтың тарихи отанына оралуымен жетті. 1959-1970 жылдары қазақтардың өсуі 52%-ды құрап, 1, 5 миллион адамға жетті. Халқымыздың демографиялық өсімінде де оң өзгерістер бой алды.

1970 жылы ғана қазақтар 1926 жылғы деңгейдегі халық санын толтыра алды. Егер әлгі аштық, қырғын, зорлық-зомбылық болмаса, қазақтар саны 1939 жылы 10 миллион, бүгінде қазақтың саны 40-45 миллион болар ма еді? Қазақ ұлты халық санының көптігінің арқасында ғана жер бетінен жоңғарларша жойылып кетпей аман қалды. Кеңес өкіметінің отарлық, геноцидтік саясаты болмағанда, біздің санымыз күрт кеміп, өз жерімізде аз халыққа айналмас едік.

Алаш рухының жоқтаушысы, тарихшы Мәмбет Қойгелді Кеңес Өкіметінің қазақ халқына жасаған зорлығы жөнінде: «Мәселен, салыстырмалы түрде алсақ, 1917 жылы өзбек халқының саны 3, 5 миллион болса, біз 5, 5-6 миллион болатынбыз, яғни екі есе көп, ал қазір кім қанша? Сол өзбектер өз елінде – қазір 30 миллион болса, ал біз өз ортамызда 10 миллионнан енді асып отырмыз. Бұл не деген сөз? Кеңес өкіметінің бізге көрсеткені осы. Біз қазір өзіміздің қандай тұңғыш шыңыраудан өрмелеп-еңбектеп, тізерлеп, қан – жоса болып әйтеуір өлермендікпен шығып келе жатқанымызды сезсек қой, шіркін. Бізді биік құздан сол шыңырауға еш аяусыз итеріп құлатқан өкіметке еме-

шегіміз иімек былай тұрсын, лағынет айтар жөніміз бар», – деп ашына жазды.

Социалистік дәуір қазақ халқының ғасырлардан келе жатқан жер, мекен атауына дейін өзгертті. Қазақтың санасынан тарих атауларын мүлде ұмыттырмақшы болды. Облыс, аудан, елді мекен аттары жаппай өзгертілді. Қызыл Октябрь, Социалистік, Коммунизм, Партсъезд атаулы мекендер әр жерде қайталана берілді. Төл атын төреге де бермеген қазақтың жер-су аты тұрсын, адамның да есімін өзгертті. Адам аттары да коммунистік идеологияға сай Мэлс, Марлен, Коммунар, Совхозбек, Совет, Поезбай, Ким деп атала бастады. Ой-тұжырымның өзінде де «совет халқы», «совет әдебиеті», «совет мәдениеті», деген жаттанды сөз тіркестері пайда болды. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары құрылған барлық совхоздар, аудандар Володаровка, Урицкий, Ворошилов, Буденный, Чапаев тағы да басқа революционерлердің есімдерімен, қала берді Изобильный, Пятилетка, Коминтерн, Капитоновка деп тағысын тағы атады. Жер, көл – өзен аттары да адам танымастай өзгертілді. Өз ата жұртында қазақтың ерекшелігін сипаттайтын еш нәрсе қалмауға айналды. Кеңес өкіметі, халық санасынан ұлттық болмысты өшіріп, интернационалистік тұрғыдағы дүбәрә адамды сезімсіз мемлекеттік машина тетігіне айналдырғысы келді.

Тың игеру патшаның отарлау саясатының жалғасына айналды. Қазақ халқының ұлттық ерекшелігінің сақталуына мүмкіншілік қалмады. Бұл саясат жөнінде Никита Хрущев былай деді: «Если царь не мог заполнить людьми этот регион используя царские методы, то нам удалось это сделать применяя советский метод». Қазақстанға 2 миллионнан аса түрлі ұлт өкілдері әкелінді. Бұған соғыс кезінде депортацияланған неміс, шешен, инғуш тағы басқаларын қосыңыз. Хрущев 20 жылдан соң коммунизмге жетеміз деген сандырақ идея негізінде ұлттарды мидай араластырғаны өз алды, ұлттық республикаларды жоюды көздеді. Қазақстанды бөлу үшін тың өлкесіне қоса Батыс

Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан өлкелерін ашпақшы болды. Республика араларындағы шекараны жою үшін Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының басшыларынан Орта Азия бюросын құрды. Манғышлақты Түркменстанға, Оңтүстік Қазақстанды Өзбекстанға қосу жолдары қарастырылды.

Тың игерушілердің көбі уақытша паспорттармен 1 жылға келіп, кейін түпкілікті қалып қойса, біразы құжатсыз қашқан – пысқан, қылмысты тұлғалардан тұрды. Бұл мәселеде де жастұлпарлықтар жауапты Алаш зиялыларынан, әсіресе Әлихан Бөкейхановтың жер мәселесі жөніндегі зерттеулерінен тапты. Алаш зиялылары жер мәселесін шешуде Ресей Мемлекеттік Думасын пайдаланғанын білді.

Отарлау Қазақстанда кең көлемде жүргізілді. Столыпин жер реформасын негізінен қазақ жерін талан-таражға салу арқылы іске асыруды көздеді. Патша өкіметі 1916 жылы 40 млн. гектар шұрайлы жерден қоныстану қорын құрды. Қазақтар шөл далаға ығыстырылды. Тек 1916 жылы Қазақстанның ең жақсы егістік жерлері мен жайылымдарының 45147765 десятинасы тартып алынды. Жер бөлуде де әділетсіздіктер көзге көрініп тұрды. Орыс поселкелеріндегі әрбір келімсекке 3, 17 десятина жер берілсе, қазақтарға 0, 21 десятина өңделетін жер тиді. Малы жоқ, жері жоқ қазақ батырақтары пайда болды. Олар таңның атысы, күннің батысы жұмыс істеп, өлместің күнін көрді...

Әлихан Бөкейханов қазақ жері үшін Мемлекеттік Думаның мінбесін пайдаланды. Өкіметті, губернаторды сынады. Бөкейхановтың нақты дәлелдермен көрсетуі – патша өкіметінің қазақтың жерін тартып алу саясатының бетін ашты. Премьер-министр Столыпин, Дала өлкесі генерал губернаторы Сухотиндер Бөкейхановты өздерінің жеке бастарының жауы деп есептеді.

1908 жылдан 1917 жылдар аралығына Ә. Бөкейханов Самара губерниясында айдауда болса да, Петербургте шығатын

газет-журналдарға Қазақстандағы келеңсіздіктер жөнінде жазып, қазақтардың мүдделерін қорғай берді.

«Санкт- Петербургские ведомости» газеті Столыпин реформасының басқа ұлттардың құнарлы жерін тартып алып отырғаны жөнінде былай жазды:

«... егер мемлекет мүдделері қырғыздарды (қазақтарды) құрбан етуді талап етсе, бұған қарсы шығудың керегі жоқ, бірақ екінші жағынан, бір қолымызбен жасай отырып, біздің екінші қолымызбен күйретіп жатқанымызға көзді жұма қарамай, қайта ашық мойындауымыз керек».

Әлихан Бөкейханов бастаған топ алдымен жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету керектігін дәлелдегенінен жастұлпарлықтар үлгі алды.

Жастұлпарлықтар ұлттық идея көзін және Отан, ел деген ұғымды алашордашылардай тікелей жер мәселесімен байланыстырып қарады. Жер мәселесіне ата-бабаларымыздың қалай қарағанын білеміз. Ата қоныс - қазақ үшін өмірдің мәні. Жер қазақ үшін тек өмір сүру қажеттілігі емес, әдет-ғұрып, салт-тұрмыс, шежіре, дүние-таным. Жесір дауы таусылса да, жер дауы қашан да таусылмаған. Жер батырлыққа, ерлікке тұғыр болар тәрбие көзі. Ата қоныс қасиеті аруақ сыйлаумен жалғасады. Аруақ қазақ үшін – діл мен сенім. Ал сенім бар жерде, болашақ бар.

Қазақ халқының мыңдаған жылғы тарихы туған жерге деген сүйіспеншілік және оны қорғаумен тікелей байланысты. Ата бабаларымыздың сан жылдардағы арман- сағынышы елінің көркеюі, туған жерінің амандығы.

Генерал Ғұбайдолла Жәңгіровтың патша өкіметінің жер комиссиясы жұмысында ерекше пікірде болып, қазақ жерін қорғауы да ұлттық мүдденің қажеттілігінен шыққан. Мыңжылдықтар бойы қалыптасқан тегімізді, мінезімізді бір ғасырдың ішінде жоғалтуымыздың өзінде осы жер мәселесі бар.

Ал 1954 жылы басталған тың игеру саясаты І Петрдің Азияға жорығы жоспарының жалғасы еді. Қазақстанға тың игеру кезінде келгендерінің саны сол аймақта тұ-

ратын жергілікті халықтан әлдеқайда көп болды. Оларға ерекше жағдайлар жасалды, тіпті қылмыстары үшін жауапқа да тартылмады. Келімсектер жергілікті халыққа менсінбей жоғарыдан қарап, әдет-ғұрып, ұлттық психология ерекшеліктерімен санаспады. Ақша тауып, тұрмыстарын жақсартпақшы болған көптеген этнос өкілдері ішінде ұры-қарысы, түрмеден шыққандары бар қазақ жерінің апай-топайын шығарды. Мәдениеті, менталитеті басқа адамдардың бас-көзсіз мидай араласуы қазақты амалсыздықтан ұлтсыздануға итермеледі.

Қазақстандағы тың игеру - тек экономикалық мүдделіктен жасалған жоқ, бұл Столыпіннің орыстарды шет аймақтарға қоныстандыру саясатын одан әрі іске асыру қажеттілігінен туды. Бұл жерде аз ұлтты ассимиляциялау саясатын жүргізуге барлық оңтайлы жағдай жасалды. Әсіресе Кеңес Одағы жергілікті халықты қырып, санын азайтып, оның генофондын бұзып, санасын улап, ұлттық рухын сындыруды көздеді.

Қазақстанның солтүстігінде орналасқан қазба байлығы көп, жері құнарлы Целиноград, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстары бір Тың өлкесіне біріктірілді. Болашақта бұл өлке Ресей федерациясына қосылуы керек еді.

Тың игеру барысында ұлтсыздандыру саясатын жүргізу кеңінен өрістеді. Бұл бағытты Коммунистік партия ұйымдары қолдап, нақтылы көмектер көрсетті. Ұлтсыздандыру саясаты негізінен жергілікті қазақтарға қарсы жүргізілді. Социалистік идеологияның бар күші, айла-тәсілі халықтарды интернационализм рухында тәрбиелеуге жұмсалды. Компартияның нұсқауларын орындау барысында жергілікті ұйымдар шектен шығып, көзге көргісіз, көңілге жағымсыз істерге барды. Тың өлкесі Компартия ұйымының 1-ші хатшысы Т. Соколов жергілікті қазақтарды жер аударылған немістермен будандастырып жаңа социалистік азамат жасауға кірісті. Бұл сынақты жасау үшін қазақ қызы Дәмелі Жақсылықованы әуелі неміске тұр-

мысқа шығарып, кейін шошқа бақтырды. Бұл саясат ұнаған өкімет органдары Жақсылықоваға үлгілі істері үшін Социалистік Еңбек Ері атағын беріп, Алтын Жұлдыз бен Ленин орденін тапсырды. Бүкіл Кеңес Одағының газет-журнал, теледидарлары Қазақстандағы ұлттық саясатты даурықтыра дәріптеп, басқаларға үлгі етті. Қан араластыру арқылы қазақ пен немістің ортасынан «Социалистік интернационалист қазақ» ұлтын жасау күн тәртібіне қойылды. Аралас некедегі жастарға ерекше жағдайлар жасалып, пәтер, жұмыс мәселелері кезексіз шешілді. Жан-жақты қолдау, құрмет көрсетілді. Аралас некедегі жастар әрине интернационалистік тұрғыда болды. Ұлттық тіл, діл, әдет-ғұрыптан бірден адаланған советтік жас отау социалистік идея, коммунистік моральға сәйкес келді...

Қазақтың тарихы мол Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді. Ал Павлодар қаласы Хрущевоград болсын деп облыстық атқару комитеті, обком бюросымен бірігіп шешім де қабылдады. Осыдан бұрынырақ 1954 жылы Қазақстан Компартиясы бюросы істеген еңбектеріне қарамай тың жерлерді игеру саясатын қолдамағаны үшін 1-ші хатшы Ж. Шаяхметовты жұмыстан босатты.

Жер мәселесі қазақ үшін, ата-баба үшін ең қасиетті нәрсе. Батырларымыз ол үшін қан төкті, ақындарымыз жыр-өлеңдеріне басты тақырып қылып алды. Жастұлпарлықтар барлық кездесулерде қазақтың жерден басқа еш байлығының жоқ екенін халыққа жеткізіп отырды.

«Жас тұлпар» ұйымының мүшелері бағдарламаларындағы мәселелерді өзара бөлісіп, жан-жақты зерттеуге тырысты. Кездесулерге жиналған жұрттың деңгейі, жас айырмашылықтарына қарап, баяндамаларын сол ортаға бейімдеп жасады. Мұрат Әуезов «Жастұлпар» ұйымының алдына қойған мақсаттары жөнінде қазақтың ұлттық мәдениетінің, ана тілінің жоғалып бара жатқанына тоқталды.

Ол бір ХХ ғасырдың 50 жылының ішінде қазақ халқы үш үлкен қайғыны басынан өткізді деп, соған ерекше мән берді : біріншісі: 1916 жылғы қантөгіс кезіндегі қырғын;

екіншісі: 1932-1933 жылдардағы елді ендеген өкіметтің қолдан жасаған ашаршылығы;

үшіншісі: 1937-1938 жылдардағы қазақ зиялы қауымын жаппай қыру.

Мұрат Әуезов: «Кешегі кер заман алдыңғы қатардағы озық ойлы, ұлтына жанашыр Алаш зиялыларын қырып-жойды, қуғындады. Біз енді, ел боламыз десек, сол азаматтарымызды толықтай ақтап, жазған еңбектерін жарыққа шығаруымыз керек. Қайда бара жатқанын анық білмейтін адам, қайда келгенін түсінбей дал болатынның біз кебін кимеуіміз керек» деді. Арыстары атылып, ел-жұрттың ашыққан кезеңдерін жиынға қатысушылардың есіне салды. Көкейлерінде айтылмай шер болып жүрген жоғалғандарын көз алдарына елестетті.

Ол кезде Алаш зиялылары жөнінде, ашаршылық жөнінде айту – ерлікке пара-пар батылдық еді. Әрине бұл жалғыз Мұрат Әуезовтің емес, барлық жастұлпарлықтардың ұлт алдындағы тарихи жауапкершілікті толық сезінуінің жарқын көрінісі. Сталиннің елді дамытқаны мен Отан соғысындағы орасан табыстары адам құрбандықтары мен қайғы-қасіретінің қасында түк емес екенін жастұлпарлықтар алғашқылардың бірі болып білді, сол жөнінде батыл айтты. Олар тартынбай Сталин-Голощекин дәуірі – Қазақстанның бөлінбес күрделі қайғылы-қасіретті тарихы екенін айтып әшкереледі.

Ал Болатхан Тайжанов ұлттық идея мәселелерін көтеріп: «Халық тарихын кесіп, бөлшектеуге болмайды». Қазақ хандығы, Алашорда өкіметі мемлекеттік құрылым белгілері. Қалай оларды ұмытып қазақ халқының мемлекеттілігі болған жоқ делінеді. Ұлт тарихы қалай болғанда да біртұтас, ол қайталанбайды және де түзетуге келмейді деп ұлттық идеяны мемлекеттіліктен іздеді. Сәрсенғали Қоспанов, Алтай Қадыржанов, Марат Сембин, Советқазы Ақатай, Мақаш Тәтімөвтер көпшілік ұйымды шыңдайтын насихатшы шешендерге айналды.

Олардың : «Рухани тоқырау адамгершілікті аздырып,

шынар шыңына жеткізді. Өтірік пен жалғандық өзімізді ғана емес, жас ұрпақтың қанына сіңіп, күнделікті әдетіне айналып барады. Ал біз болсақ, ештеңе болмағандай мәзбіз. Несіне мәзбіз, қарнымыздың ашпағанына, соғыстың жоқтығына ма? Біз өзімізге-өзіміз өтірік айтудамыз. Біз өтіріктің, жалғандықтың құлымыз. Бүгінде біз шындықты айтып, рухани дүниелеріміз, айналып келгенде жанымызды кірлетпей қорғауға күшіміз жетпей тұр. Біз өткендегі қайғы-қасіретімізді, аштықты, жоғалтқанымызды айтудан да қорқамыз. Ол жөнінде айтатын болсақ, сол жаншылық тіріліп қайта келетін сияқтанады. Ал өткеннің шындығын айтпай, әділеттілікке қол жеткізу мүмкін емес. Біз бүгінде әділеттілікке қол жеткізгіміз келсе, алды-артымызға жалтақтамай, жүрегіміз қалаған шындықты айтуымыз керек. Өтірік пен екіжүзділік ешкімге ешқашан опа әкелмегенін естен шығармауымыз керек. Адам алдымен ұятын сақтап, абыройынан айрылмауы тиіс. Ең бастысы, бұл өзіңе ғана емес, сенен үлгі алып отырған бала-шағаңа, ұрпағыңа керек. Халық КГБ мен заң органдарынан қорықпаулары керек, қайта олар сендерден қорқулары керек», – деген жалынды сөздері тыңдаушы жұрттың құрсауланған жан-дүниесін жібітті. Алаш идеясынан нәр алып сусындаған жастұлпарлықтар ештеңеден тайсалмады. Алды – арттарын ойлап жалтақтамады. Бұл – қазақ халқының басты құндылығы – шыншылдығы мен тазалығы, «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтатындығының» көрінісі еді.

Жастұлпарлықтар кездесулерінде «Біз тарихи кезеңде өмір сүрудеміз. Қоғам оянуда. Ол өзінің жауапкершілігін сезіне бастады. Сең жібіді, енді оны ешкім де тоқтата алмайды», – деп, елді ездіктен безіп, ерлік жасауға шақырды.

Ұлттық сананың оянып, жастардың белсенділігінің артуы Кеңес Одағы өкіметін жәйбарақат қалдыра алмады. КГБ социалистік жүйеге қарсы адамдармен күресті күшейту үшін арнайы бөлімдер ашты. Қоғамның бар саласында өздеріне тыңшы ұстады. Қазақстанда жастармен күрес «Жас тұлпар» ұйымына байланысты басталды. Асыл тастай ұлтының бо-

лашағын ойлаған талай қазақ азаматтарын қайыстырған Кеңестік жүйенің бар дүлей күші енді жастұлпарлықтарға бағытталды. Жастұлпарлықтардың арасына тыңшы жіберіп, бақылауға алды. Барлық кездесулерде кімдер болды, не делінді бәрі-бәрі жіпке тізілгендей керек жеріне жеткізіліп отырды. Қазақстанның КГБ қызметкерлері істеген жұмысын Мәскеуге хабарлап, бірігіп жастарға қарсы шаралар, арандаушылықтар жасады.

1966 жылдың 28 наурызда Қазақстанның КГБ-сынан Мәскеуге жіберілген ақпаратта «Жас тұлпар» ұйымы жөнінде былай делінген:

«... в период зимних каникул, в начале февраля 1966 года в г. Алма-Ата находились некоторые участники творческого объединения «Жас тулпар», состоявшего из казахской молодежи, обучающейся в вузах Москвы, Ленинграда, Украины и Прибалтики. В частности, Ауэзов Мурат – аспирант восточного факультета МГУ, председатель «Жас тұлпар»; Тайжанов Болатхан – студент Института международных отношений; Ибраев Шамиль – студент Рижского авиаинститута; Сулейменов Тимур – студент одного из ленинградских вузов; Қоспанов Сарсенгали – студент Ленинградского электротехнического института; Сембин Амангелды – студент Московской консерватории; Сматаева Сона (Сматаев Софы) – студент Московского института связи. В г. Алма-Ата ими были проведены три встречи с представителями казахской молодежи города, в которых так же принимали участие некоторые алматинские писатели, журналисты, художники и студенты прибывшие по инициативе М. Ауэзова, из городов Караганды, Чимкента, Семипалатинска и из других городов Казахстана.

Из выступлений М. Ауэзова в этих встречах:

«В 1937 году и раньше были уничтожены лучшие люди, лучшие представители казахской интеллигенции, которые могли бы создать огромную культуру.

В 1932 году погибло миллион казахов, среди них погибло много талантливых людей. Молодежь наша должна обо всем

этом знать и помнить. Все традиции и обычаи наших отцов и дедов забыты. Жизнь современной казахской молодежи не интересна».

... На другой встрече М. Ауэзов заявил, что до нынешнего нашего поколения у казахского народа не было своей национальной интеллигенции в полном смысле этого слова и только теперь национальная интеллигенция может вести свой народ. Он утверждал, что в народе накопилось много недовольства».

1967 жылы 7 майда Қазақстанның КГБ қызмет орны Кеңес Одағы КГБ төрағасының орынбасары С. Г. Банниковке төмендегідей ақпарат жібереді:

«... в марте группа казахских аспирантов, обучающихся в Москве (М. Ауэзов, Б. Тайжанов, Б. Аманжолов, М. Гильманов, М. Жусупов и другие) систематически собиралась по четвергам и обсуждали вопросы демографического положения казахского народа и о том, что положения Конституции о государственности в настоящее время не применяются на практике. Заострялось внимание на том, что полезные ископаемые Казахстана, в основном, вывозятся в Россию, а промышленные предприятия не строятся, нет национальных кадров и их не готовят», – делінген.

Мәскеуде оқып жүрген «Жас тұлпар» ұйымы мүшелерінің арасына Қазақстанның КГБ-сы өз тыңшыларын жіберіп, олардың істеген істерін Мәскеудің КГБ-сына жеткізулері барып тұрған сатқындық еді. Сол тыңшылардың да қазақ жастары екенін ескерсек, әлі де ұлттық намыс, сана-болмысының қазақ қауымында әр түрлі деңгейде болғанын көреміз...

Әлемде ешбір қоғамның халықты күшпен мәңгі ұстауы мүмкін емес. Кеңес Одағының сенгені өз халқын қорқынышта ұстауында. Қорқынышта өмір сүрген халық шындықты айта алмайды, жүйенің ойыншығына айналып ұлттық болмысынан, кейінірек адамгершілік, парасаттылығынан жұрдай болады. Парасаттылықты қалыптастыра алмаған тұлға, адамгершілік қасиеттерін сақтап қалуы күмәнді. Адам сезімінің пәктігін, рухының тазалығын сақтағанда ғана пен-

дешіліктің тұсауын үзіп, тұтқыннан босап еркіндікте өмір сүре алады.

Ұлттың бар зиялы қауымын «халық жауы» деп соттап, атып жатқанда бұқара халықтың араласпауы, арашашы бола алмауы жәй қорқыныш емес, адамгершілік құндылықтардың қалмағандығында.

Бірақ қандарында ұлы даланың еркіндік рухы бар жастар КГБ бұғалығына мойымады. Жүректіліктеріне білімдері сай келіп, үлкен мақсаттар үшін ештеңеден тайынбады. Өткір жанарлы 18-20 жастағы ұл-қыздардың ұлтшыл, қаншыл болуына замана тауқыметі, халқының дүрбелең аласапыран кезеңдердегі өмір қиыншылықтары себеп болды. Сондықтан да олар өткенді танымаған, бүгінгіні байыптамаған, келешекке көз салмаған мемлекеттің жаңсақ саясат көрінісін қорықпай әшекереледі. Казармалық социализм қоржынынан шыққан аға буын зиялы қауым пендешіліктің бесігіне бөленіп жатқанда, жастұлпарлықтар Ресей жерінде «Мен қазақпын» деп асқақтап жүрді. Елде кімнің жемісі піссе, соның торғайына айналғандарға қарсы соққы беріп, көпшіліктің мүлгіген болмысын сілкіндірді. Дені күншіл, сүлделерін әншейін сүйреткен, заман ағымының жапырағына айналғандарға ой салды. Ұлтының тарихын тұжырымдап, болашағын халқының тағдырының жалғасы деп есептеді. Ұлттық рухтарының, алға қойған мақсаттарының күштілігінің арқасында қандай да болсын қиыншылықтарды жеңе білді. Ұлт мүддесі үшін адам айтқысыз қиындықтарға қарсы тұра алды. Өкімет тарапынан қысым, қуғын күшейген сайын олар бірліктерін, тірліктерін көрсетіп, Ұлы идеялар жолында жаңа істерді бастады.

Ұшқан құстың қанаты талар кең байтақ қазақ даласының қалалары мен ауылдарында ХХ ғасырдың 60-шы жылдары «Жас тұлпар» қозғалысы жөнінде естімеген, білмеген қазақ баласы кемде-кем болды. Бұл ұйым ұлттық болмыстың қажеттілігінен, халықтың аңсаған арман-тілегінен туды. «Жас тұлпар» деген сөз бодандық шеңгелінде ұлтсыздануға ұры-

нып, этнос есебінде жоғалып кетуге қарсылық көрсетудің символына айналды.

Алаш идеясы – қазақ идеясы

Жастұлпарлықтар үшін – ұлттың болашағы жөніндегі ой-тұжырымдар «Керегеміз – ағаш, ұранымыз - Алаш» сөзінен басталып, ұлттық құндылықтарды ұмытпай қастерлеп, рух асқақтығын жаңғыртудың жолдарын іздеумен жалғасты. Алаш идеясы – қазақ идеясы болып шеңберлене берді. Ұлт тарихы – халықтың өмір жолы, оның мұңы мен мақтанышы екеніне көздерін жеткізе түсті. Оларды мыңжылдықтар бойы қалыптасқан тегімізді, мінезімізді, парасаттылығымызды Кеңес Одағының жермен жексен еткендігі қинады. Қазақ халқы мыңжылдық тарихы бар этнос ретінде әлем тұғырынан өзіне тиесілі орынға қалай жетуі керек деген сұраққа жауап іздеді. Отарлық, социалистік тәуелділіктен құтылу үшін ең алдымен рухани бостандыққа қол жеткізу, ұлттық сананы қапастан шығару керек деді. Жастұлпарлықтар мың ойланып, жүз толғанып, естіп-білгендерін зерделерінің сезігінен қайта-қайта өткізіп, «ұлт мұраты», «ұлт арманы» Алаш зиялыларының еңбектері мен істерінде деген тұжырым жасады. Алаш көсемдерінің өмірімен, еңбектерімен танысты, көбі олардың тікелей ұрпақтарымен араласып тұрды. Алаш идеясын елге таратушы ақын Хамза Абдуллиннен Мағжан Жұмабаев пен Мұстафа Шоқай жөнінде толық хабардар болды. Мағжан Жұмабаевтың творчествосымен Хамза арқылы танысып, өлеңдерін оқыды. Әсіресе, оларды Мағжан Жұмабаевтың Мұстафа Шоқайға арнаған «Алыстағы бауырыма» өлеңі қатты толқытты.

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.

Қаптаған қалың жаудың ортасында,
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым!

Алдыңды ауыр қайғы жапқан бауырым,
Өміріңше жапа көрген жатқан бауырым.
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,
Тірідей жеріңді тонап жатқан бауырым!

Бауырым, сен о жақта, мен бұ жақта,
Қайғыдан қан жұтамыз, екі жақта.
Лайық па құл боп тұру? Кел, кетелік,
Алтайға – ата мирас алтын таққа!

Жастұлпарлықтарды Алаш зиялыларының бауырма-шылық – туысшылдықтары, парасаттылықтары таң қалдырды.

Хамза Абдуллиннен Мұстафа Шоқайдың негізгі мақсатының Ресей империясында тұратын күллі түркі ұрпақтарын біріктіріп, «Үлкен Түркістан» одағын құрғысы келгенін білді. Шынында Мұстафа Петербург университетінің заң факультетін бітіре сала, 1916 жылы Қазан қаласына келіп «Түркістан бірлестігі» деп аталатын құпия ұйым ашқан. Парижде 1924 жылдан түрік тілінде «Яш Түркістан» журналын шығарған. Жастұлпарлықтардың Алаш зиялыларын жақсы білулеріне негіз де бар.

Озық ойлы, кеудесінде ұлтының оты бар жастардың шыққан тегіне, өскен ортасына мән берген жөн. Бұлар кешегі Алаш ұрпақтары, әке-шешелері сол Алаш идеясымен тәрбиеленіп, балаларының сүйегіне де ұлтшылдықты сіңірген әулеттерден шықты. Тарихпен сабақтас өмірді бастарынан өткізген қазақ зиялы қауымы шаңырақ астында, отбасында Алаш азаматтарының жақсы қасиеттерін айтып, еңбектерін өсиет етіп ұрпағына жеткізді. Жастұлпарлықтардың көбінің әке-шеше, ата-әжелері Алаш зиялыларын көріп, ұлағатты сөздерін естіп, жадына тоқыған көзі ашық, зиялы қауым болатын. Әке-шешелері Алаш зиялыларын көріп, солардың жазғандарын оқып, жаттап өскендіктен жастұлпарлықтар

алаш идеясымен жастайынан қоректенді десек, қателеспейміз. Тоталитарлық жүйе қазақты қанша қырып жойса да, қанында еркіндік дәстүрі бар халықтың санасында сүйекке сіңген еркіндік, кеңдік сақтала береді. Бостандық идеялары қазақ халқында ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында мәңгілік өмір сүрді. Бұл тарих тағылымы. Алаш қозғалысы, Алаш Орда өкіметі Алаш арыстарын қазақ халқы ешқашан естерінен шығарған емес.

Алаш зиялылары қиындығы көп қысқа өмірлерінде қазақ жұртына айтатынын айтып үлгерді. Оны естір құлақ жоқ шығар дегенде 40 жылдан соң Кеңес өкіметінің көгін дүбірлетіп «Жас тұлпар» дүниеге келді. Жәй емес, «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген. Тамырым терең, құлашым кең», - деп екпіндей келді. Сұрауға емес, алуға, өзінің қарымтасын қайтаруға келді...

Туған ел, шыққан шаңырағына қайта орала алмай, ізі- жоғалып кеткендерді, зым-зия құрып бара жатқандарды іздеді. Қазақтың орны қайранда, апан жағасында емес, жазира шұрайлы кең дала, асқар тауда деп жар салды.

Алаш қайраткерлері туралы шет елдерде қазақ Мұстафа Шоқай, башқұрт Зәки Уәлиди Тоған, өзбек Баймырза Хайт, орыс, неміс ғалымдары еңбектері басылды, бірақ ол Кеңес Одағына жетпеді.

Қазақта «тұлпардың - тұяғы, асылдың - сынығы» деген асыл сөз бар. Бұл мақал тектілікті, ұлтын сүйіп, соның барлық қасиеттерін бойына жиған, айтқанынан қайтпайтын, сегіз қырлы - бір сырлы жандарға арналған. Ұлтының болашағын ойлап, соның жолына басын бәйгеге тіккен Ресейде оқыған жастардың алдыңғы қатарлары «Жас тұлпар» ұйымына мүше болды. Мойындарына ұлтының ұлы мақсат-аманаттарын артып, «шу, жануар» деп атқа қонды. Абайдың сөзімен айтқанда: «Серт бергем, еңбек етем деп, алдағы атар таң үшін...».

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің». Әр адам өзінің балалық әлемінен, жанұя тәрбиесінен тамыр тартқан танымына байланысты іс-әрекеттер жасайды. Ой түбінің те-

рендiгi, қуаныш-жұбаныш дауысы, арман-қиялыңның шарықтау шегi.

Алаш идеясына жастардың көп көңiл бөлүiне «Жас тұлпар» ұйымы басшыларының бiрi Мұхтар Әуезовтiң ұлы Мұраттың болуы да әсерiн тигiздi. Өйткенi Мұхтар Әуезов Алаш зиялыларының соңғы көзi, идея үрдiсiндегi сабақтастықтың негiзi едi. Оның «Алаш» партиясының белсендi мүшесi болғанын және Алаш идеясынан бас тартпағаны белгiлi. Кеңес Одағында Мемлекеттiк және Лениндiк сыйлық алған Компартияда жоқ жалғыз жазушының Мұхтар Әуезов екендiгiн ескерсек - бұл ұстанымда алашордалық жатыр. Мұхтар Әуезов «Қилы заман» повесiмен «Хан Кене» пьесасында Алаш идеясын жәй дәрiптеп қойған жоқ, ол қазақ халқының Тәуелсiздiкке жетер жолын көрсеттi. Ұлттық болмыстың шыңдалуына түбегейлi әсер еттi. Алаш азаматтарының соңғы тарихи тұлғасы Мұхтар Әуезов қаламымен зиялылар қауымының аманатын орындап, жаңа ұрпаққа салауат қылды. Алаш идеясын «Қилы заман» повесi арқылы жас ұрпаққа жеткiздi. «Қилы заман» – ұлттық сананың қозғаушы күшi, халықтың көкiрек көзiн оятар, Алаш азаматтарының болашақ ұрпаққа сәлемдемесi. Повесть Мұхтар Әуезовтiң ұлт тағдырына толғанысы ғана емес, бұл тарихи шындықты алаш идеясымен суара отырып, ұлттың рухын көтеруге арналған шығарма.

Қазақтың өршiл рухын көрсеткен шығарма, ұлттық сана-сезiмнiң оянуына орасан зор әсер еткенi сөзсiз. Кеңестiк жүйенiң бұл шығармадан қорқатын да жөнi бар. Сондықтан да елу жыл бұл шығарма қайта басылмай қамауда ұсталды.

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов өзiнiң жас кезiнде «Қилы заманмен» қалай танысқанын былай әңгiмелейдi:

– «Мұхтар Әуезовтiң «Қилы заманы» 1928 жылы жарық көрген. 1916 жылғы Жетiсу албандарының отаршыл патша өкiметiне қарсы соғысы бейнеленген бұл кiтапты жазуда әкеме қазақ поэзиясының құлагерi Илияс Жансүгiров қолын-

да бар материалдарын беріп, көмектеседі. Бұл кітап жарық көрісімен кеңестік цензураның қаһарына ұшырап, жаппай кітапханалардан алынып, өртелген.

Сол кітаптың Ұлттық кітапханада (ол кезде Пушкин атында) бір ғана данасы сақталып қалыпты. Сары ауыз бала кезімде шешем Фатима Ғабитова мені аталмыш кітапханаға ертіп апарып, араб әрпімен басылған «Қилы заманның» сақтаулы жалғыз данасын алдырып, оқып беретін. Міне, жарты ғасырдай құлыптаулы жатқан сол повесть 1972 жылы Шыңғыс Айтматовтың алғы сөзімен «Новый мир» журналының 6-санында орыс тілінде «Лихая година» деген атпен жарық көрді. Содан кейін барып қана қазақшасы шықты.

«Қилы заман» – Әуезов шығармашылығында ерекше орын алатын тарихи туынды, уақыт озған сайын айтар ойы мен маңызы артпаса, кемімейтін, жаңаша қырынан түрлене беретін мәңгілік шығарма». Ал «Хан Кене» пьесасының Қасымның асынан көрініс алып, онда Нысанбай ақынның ұлттық бірлікке шақырған жыр жолдарымен басталуы азаттық идеясымен байланысып жатыр.

... Екі тізгін бір шылбыр
Ұстат енді Кенеге
Тас қорғанын бұзатын
Ақ алмастан жебеге...

Ал жастұлпарлықтар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салтының өзгеріске ұшырағанын, ұлттық рухтың қалай бәсеңдегенін оқып білді. Алаш зиялыларының қазақы болмысты сақтап қалу мақсатын іске асыруға тырысты.

Тәуелсіздіктің басы мың өліп, мың тірілген ата-бабалар арманында, бергісі Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай бастаған Алаш зиялыларында жатқанын түсінді. Олар азаттық идеясын ту етіп ұстаған Алаш зиялыларының өмір жолы, күресі, таным-түсінігі қазақ санасын ашады деп сенді. Қазақтың жетпегенін жетілтіп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырған да Алашорда зиялылары. Алашорда өкіметін құрған ұрпақтың көш басында тұрған 15 азаматтың

түгел дерлігі жоғары білімі бар қазақтар еді, тек жалғыз Отыншы Әлжанов қана мұғалімдер гимназиясын тәмамдаған. Ал Кеңес өкіметінің құрамы Алашордадан анағұрлым төмен болды. Сталиннің өзінің небәрі үш-ақ сыныптық діни білімі болса, жалпы халық комиссарларының көбінің жоғары білімдері болмады.

Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алашорда өкіметі, Алаш идеясы қазақ ұлтының оянуының шырқау шыңы болса, жастұлпарлықтар сол ой-арманды жалғастырушылар, халық пен Алаш зиялылары араларын байланыстырушы көпірге айналды. Сондықтан Абайды бар қазаққа таныстарған Алаш зиялылары мен Мұхтар Әуезов десек, Алаш идеясын қайта жаңғыртып, елімен қауыштырған «жастұлпарлықтар» десек қателеспейміз.

Қазақ ұлтының күші мен жігері ұлы мақсатқа бағытталғанда ғана идея болып қалыптасып, күшейіп жанданады. Ұлы мақсат - бұл ұлт болашағы. Ал қазақ ұлтының болашағы - Абайдың арманы, ұлы ұстаздың ойлары.

Абай қазақтың келмеске кетіп бара жатқан көшпелі ғұмыры мен енді қалыптаса бастаған отырықшылдықтың шекарасы іспеттес. Ол мәдениет пен өркениет заңдылықты шайқасқа кіріскен заманда өмір сүрсе де, Алаш зиялыларының ұстазы, хакімі бола алды. Замана тұрғысына қарай мәдениеті таза ұлттық негізден нәр алса, өркениет интернационалистік кейіптен күш алып, алға шапты.

Абайдың жан дүниесін, рухани болмысын жақсы түсінген Алаш азаматтарының іс-әрекеттері - арттарына қалдырып кеткен мол мұралары. Жас тұлпарлықтар Мұхтар Әуезов арқылы Абайды қалай білсе, Алаш зиялыларын сол үрдісте сабақтастырып таныды. Қазақтың болашағын Абай және Алаш идеясы деп түсінеді.

Алашорда қайраткері Жүсіпбек Аймауытов 1918 жылы «Абай» журналында «Ұлтты сүю» деген мақаласында «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүр-

ген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы - мемлекеттің керегі, қызметкері: Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғамыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр, - деп еді. Абайдың «Бірінді қазақ, бірінді дос көрмесек істің бәрі бос» дегеніндей Алаш идеясының тағы бір ерекшелігі оның елшілдігінде, туысшылығында. Бұны ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің емханада жатып, ең соңғы рет қолына қалам алып елдегі достарына ұлы Мұратты тапсырып жазған өсиетінен көруге болады.

Қымбатты Кәмен!

Мынау Мұрат Әуезов менің туған балам. Москва университетінде оқушы еді. Қазір жазға Семейге, содан әрі Абай ауданын – әкесі туған жерді, елді көруге бара жатыр. Өзіне саған, Балташқа бар дедім. Осыны ауданды аралатып, елді, жерді көрсетіп танытуға өзің бар, Балташ бар көмек етулеріңді сұраймын. Өзін сен өз үйіңе түсірсең деймін.

Мен ауырып, Москвада больницада жатырмын, жайымды Мұрат айтар. Үйіңе көп-көп сәлем. Мұхтар Әуезов.

Елдегі бар ағайынға мың сәлем! Балташтікіне жайды ұғындырып өзің алып барарсың.

25. 06. 1961

Мұхтар Әуезов ақтық демінің аз қалғанын сезді ме «жан пида» арманы болуы керек, операция алдында туған жерін, өскен ауылын еске алады. Ұлы Мұратты Семейдегі елмен тереңірек таныстырып, Алаш зиялылары бас қосып, Орда құрып, ту тіккен жерлерді көрсетіп, содан рухани нәр алғызғысы келді. Бұл өсиет хатта тағы бір сыр бар. Ол кешегі жайсаң жердің бүгінде «ядролық сынақ» жарылысы мекеніне айналғанын көріп ұлын ойлансын дегені. Ел қамы, ауыл

тірлігі - ұлт болашағының негізі екенін меңзейді. Ал оның ұлы Мұратты ата - жұртымен табыстырып кетуді достарына өсиет қылуының көзі әке арманы, қазақшылықта, алаштықта жатыр.

Алаштық ой - саналарды арман тілекке балап, мойнына жүк алған жас тұлпарлықтар өз замандас құрбыларын ұлт камын ойлап, халыққа жаны ашып, қызмет қылуға шақырды. Облыстарда үлгілі іс-әрекеттерімен көпшіліктің ықыласына ие болып, көңілінен шығып ұлтымен бірге болуға үгіттеді. Жастұлпарлықтар көздеген мақсаттарына бірден жеткен жоқ. Бірақ олар елдің сана-сезімін тербетіп, ұлтты оята бастады. Ұлттық ерекшеліктерді ұмытпай, оны орынды, заманға сай, қиюын келтіре пайдаланып, жетуге болатын жолын көрсетуге тырысты.

Олар ХХ ғасырдың басында шыққан «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» газеттерінің болғанынан хабардар болды. Ал Кеңестік қызыл идеология – Ұлт, Ұлтшылдық деген ұғымдарды біздің санамызға ондаған жолдар бойы құбыжық қылып сіндірді. Ұлтымыз үшін аянбай еңбек етіп, арын-жанын садақа етіп халқымыздың болашағын ойлаған Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев және тағы басқа жүздеген Алаш зиялыларын жау етіп көрсетті. Соғысы, кәмпескесі, ашаршылығы бар, өмірінде көрмеген азап пен жоқшылықты, жаппай қырылуды көрген қазақ қауымы ұлт, ұлтшылдық ұғымын қасіреттің баламасы ретінде қабылдап ұлтсызданды. Ұлтсыздану - рухсыздыққа әкелді.

Алаш идеясының басты нысандары жастұлпарлықтардың саяси бағдарламасының негізі десек, қателеспейміз. Алаш зиялыларының ұстанымдары:

а) экономикада - жер мәселесі, жердің асты-үстіндегі байлықтың иелігі, қазақ жерінде өндірілген бар зат бұқара халықтыкі;

ә) руханиятта - қазақтың ана тілінің, дінінің, ділінің үстемдігі;

б) саясатта - замана жетістігін пайдаланып, салт-дәстүрді

жоғалтпай, Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құру болды.

Алаш зиялыларының ұлттық идеясын негізге ала отырып, Жастұлпарлықтар уақыт талабына сай, оған өз түсініктерінше толықтырулар жасады. Көрсетіліп келген ұлттық құндылықтарға қосымша тарихқа тағылым жасап, ашаршылық, алаш зиялыларын ақтау, демография мәселесін түзеу үшін шет елдегі қазақтарды ата-жұртқа қоныстандыру және ұлттың санасын өсіріп, ұлт мұратына жауапкершілігін арттыруды көздеді. Бұл көтерілген мәселелер ұлт дамуының ең өзекті іс-салалары делініп, барлық ұйымдастырушылық үгіт-насихат жұмыстарын осы мәселелер төңірегінде өткізді.

Алаш идеясы Жастұлпарлықтардың бойына күш-қуат және сенім берді. Идеядан нәр алған олар ең алдымен ұлттық сананы көтеруді мақсат етті. Ұлттық болмыс негізінде қазақтың тілі мен мәдениетін жас ұрпаққа жеткізгенде ғана ұлтсызданудан арылатынын түсінді.

Жастар тарихтың тереңінен бастау алып, тағылымына шөлін қандырып, ұлттық психология аясында қалыптасқан сана ғана өміршең деп есептеді. Мәдениеттің ұлттық ерекшеліктен нәр алатынын, соған негізделетінін ұмытпады.

Бұл жөнінде академик Д. Кішібеков «Ұлттық идея және идеология» атты еңбегінде: «Ұлттық идея тамырын тереңнен алады және этностың болмыстық табиғатын түзеді, оның тарихымен және мәдениетімен байланысты болады. Ұлттық идея этникалық сезімдердің негізінде пайда болады, - дейді.

Ұлттық идеяны ешкім арнайы жасамайды. Ол стихиялы түрде жүздеген жылдарда біртіндеп қалыптасып, пісіп жетіледі. Оның негізі ұлттық психологиялық және генеологиялық ерекшелікте жатыр.

«Ақтабан шұбырынды - Алқакөл сұлама» жылдарында Отан қорғау, ел-жұрт, ата-мекенді аман сақтау Ұлт мұраты болса, Сырым, Кенесары, Амангелділер ұлттық идеяны қарулы күрестен тапса, Шоқан, Абай, Ыбырайлар ағартушылықтан тапты. Ал Алаш зиялылары өздеріне дейінгі

барлық рухани, ұлт мұратымен толық сусындап одан әрі барды. Ұлттық идеяның қайнар көзі де, түпкілікті мақсаты да Тәуелсіздік екенін түсінді. Алаш автономиясы қазақ халқының арман-мұнын іске асыратын ең дұрыс ұлттық идея екенін тарих дәлелдеді.

Жастұлпарлықтар - Алаш идеясын жалғастырушылар. Олар Тәуелсіздікке нысаналы даярлықпен келгілері келді. Кеңес Одағындағы әлеуметтік қозғалыстың негізінде Алаш идеясын арқа тұтып, тұтас қазақ қауымын қамтитын елдік идея жасауға тырысып, оны нақтылы іс-әрекеттермен пысықтады. Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді жан-жақты қорғауды алдарына мақсат етіп қойды. Сөз жүзінде Кеңес Одағының ішкі және сыртқы саясатын қолдағансып, ұлттық мүддені тапталмай, күн тәртібіне қойып, қорғауға кірісті. Алғашқы қарлығаштар болып, ұлт мәселесін көтеріп, ашық жиналыстар, кездесулер өткізді.

Жастұлпарлықтарға Алаш зиялыларының тағдыры жөнінде академик Сайым Балмұханов көп мәліметтер берген. Ғалым, ұстаз Германияға барғанда «Милли мәдениет» деген журнал әкеліп те берді. Жастұлпарлықтар сол журналда басылған Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін оқиды. Өзбектің, қырғыздың атылған ақын-жазушыларымен танысады. Түркістан легионының құрылу тарихынан хабардар болады. Сайым Балмұханов бұл журналды заман қатты болса да тәуекелге бас тігіп, ұлтарак қылып, аяқ киімінің астына салып алып келіпті...

Олар алғашқылардың бірі болып Мұстафа Шоқай және Түркістан легионы жөнінде шындықтың бетін ашты. Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағынан екі миллионнан астам әскери адам немістердің тұтқынына түсті. Олардың миллионнан астамы неміс өлім лагерьлерінде азап пен аштықтан, әр түрлі аурудан ажал құшты. Ал тірі қалу үшін амалсыздан солдат пен офицерлердің біразы Власов армиясына, Түркістан легионына кірді. Бірақ Түркістан легионы ешбір соғысқа қатыспады, қазақтар өз Отанына қарсы оқ атқан жоқ. Оларды жау қылып көрсету, барып тұрған жала, майданда сол Ре-

сейді қорғап қаза болған қазақтардың аруағын қорлаған үгіт-насихат еді. Мұстафа Шоқайға келгенде оның қазақ халқына қарсы іс-әрекет жасамағаны үшін немістердің у беріп өлтіргені белгілі. Соғыс басталысымен Мұстафа Шоқай басқа эмигранттармен бірге Компьен замқына қамалды. Немістер оны уландырды. Шоқай 27 желтоқсанда, Берлинде ауруханада жатып қайтыс болды. Ал Түркістан легионы ресми 1 942 жылы құрылды.

Түркістан легионында болғандарға соғыс біткенімен, көрген азаптары бітпеді. Олар соғыс тұтқыны емес, сатқын атанды. Ең өкініштісі түрлі жағдаймен Түркістан легионына кірген қазақ азаматтары бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан ақталмай отыруы. Олардың біразы партизан отрядтарында болып, Кеңес армиясы қатарында жүріп неміс басқыншыларына қарсы соғысқандарымен елге оралған соң сотталды. Соғыста аман қалып, Отанына келгенде қайтадан азаптың отына күйді. Қоғам мен ортаның, қала берді көрші қолаң, ағайынның қағажуына түсті. Көзге түрткі болып, дұрыс жанұя құрып, бала-шаға өсіре алмады. Адам айтқысыз жағдайда өмір сүріп, көбі Сібірде шіріп өлді. Біразы амалсыздан туған елінен жырақта қалып, ес-түссіз қаңғырып кетті.

Әрине, кездесулердегі мұндай ақпараттардан кейін өкіметтің тапсырмасымен КГБ «Жас тұлпар» ұйымын ерекше «қамқорлыққа» алды. Қазақтың қанау мен тонауда болған шындығын айту Кеңес өкіметі билігіне ұнамады.

«Жас тұлпар» ұйымы іс-әрекеттері алаштық мақсат пен ұлттық рух көрінісінің үздік үлгісі деп айдарлауға толық мүмкіндік бар. Олар коммунистік партиялық идеологияның қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихын жоққа шығарып, қазақ тарихы «Ұлы октябрь революциясынан» бастау алады деген тұжырыммен келіспеді.

Жүректеріне ұлттық сана сезім ұялап, бойларына ұлттық сана сіңген, ойларын ұлттық патриотизм кернеген жастұлпарлықтар қандай да бір қиындыққа да бас тігуге әзір болды. Арзан ұранға ермей, ұшпа сезімге ерік бермей не істесе де

алды - артын ойлайды. Жастұлпарлықтардың алдындағы ең негізгі кедергі коммунистік идеологиялық қысымынан ұлтсыздануға жақын қалған, езіліп есі кеткен, тойғанына, тірі жүргеніне мәз, қалың ұйқыдағы халқын ояту болды. Кеңес кезінде қазақ қарттары дәстүр ұстаушы емес - коммунист, белсендіге айналса, саяси элита комсомолдық, коммунистік номенклатурадан пісіліп-жетіліп шыққан адамдар еді.

Қазақ ұлтының мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұру «Жас тұлпардай» қоғамдық ұйымға оңайға соққан жоқ. Кемітілген, езгіден есі кеткен елдің болмысындағы ой-сананы ұлттық арнаға бұру инемен құдық қазғандай болды.

Жастұлпарлықтардың алдында бұл ұстанымдарға қоса ең қиын мәселелер - қазақтың рухсыздануымен, ұлтсыздануымен және ұлттық құндылықтарды ұмытуымен күресу тұрды.

Жастұлпарлықтар Алаш идеясы негізінде қазақ ұлтының біртұтастығын қолдады. Алаш зиялыларының парасаттылығы мен ұлттық болмыстарының күштілігі ауызбірлігінде болатын. Жіктелу, рулану, жүздену Алаш зиялыларына жат қасиет еді. Алаш Ордасы да Орталық, Батыс және Түркістан болып сөз жүзінде бөлінгенімен іс жүзінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды. Ең аяғы қиын-қыстау кезеңдердің өзінде де Кеңес өкіметіне қызметке кірген Алаш зиялылары шет елдегі Мұстафа Шоқайды қажет құжаттармен қамтамасыз еткен. Ұлт мүддесін қорғау үшін, Батыс Еуропа мемлекеттері хабардар болсын деген ниетпен Жас Түркістан газетіне Қазақстандағы кемшіліктерді әшкерелейтін құжаттар жіберіп отырған.

Жастұлпарлықтар Алаш зиялыларының халықшылдығын, ұлтшылдығын өздеріне үлгі тұтты. Әсіресе, олардың мемлекеттік қызметте болмаса да өз еріктерімен 1921-22 жылдарғы ашаршылық кезіндегі істеген істерінен үлгі алды. М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ғ. Бірімжанов, А. Юсупов, М. Әуезов, тағы басқа Алаш зиялылары ашыққан елге көмектесу үшін елге шығып жылу жинап, халқына себін тигізді. Бұл науқанның басында Жүсіпбек Аймауытов тұрып, тек

бір Торғай уезінің ашыққан халқына 9 мың мал жиып, таратып берді. Қолында малы бар қазақты бауырмашылдыққа шақырып, ағайынмен бөлісуге үгіттеді. Ал өкімет билігінде отырған Әліби Жангелдин, Сейтқали Меңдешевтер халқы апатқа ұшырап, қырылып жатқанда үнсіз отырғанымен қоймай, Мәскеуге ашаршылық жоқ деп өтірік ақпарат берумен болды. «Ашаршылық туралы қауесетті таратып жүрген ұлтшылдар. Олар қарапайым шаруаның мұң - мұқтажын жоқтағансып еңбекшілердің назарын өздеріне аудару үшін қасақана байбалам салуда» – деп, зиялыларды қаралады. Ғалымдар Т. Жұртбай, Қ. Даркеновтардың зерттеуінше, дәл осы кезде С. Меңдешевтің туған ауылында түтіні тік шығатын бірде – бір үй қалмапты. 1921 жылы Орал губерниясында тұратын халықтың 446536-сы яғни 99%-ы аштыққа ұшырады. Олар Ашаршылыққа шалдыққан халқына көмектесіп жүрген Алаш зиялыларын ұлтшыл деп қаралап, соңдарына түсіп қуғындады. Жүсіпбек Аймауытов бастаған зиялыларды қаралаған «Торғай ісін» ұйымдастырды. Қаратаяқтарға (зиялыларды қыр қазақтары осылай атаған) қарсы газет-журнал беттерінде жалған атпен жала жапты. Адамның парасаттылығы ұлтының басына қара түнек орнағанда айқын көрінеді. Жастұлпарлықтардың өздеріне ерекше үлгі еткен тұлғаларының бірі – Смағұл Сәдуақасов. Оның ашаршылық кезінде Ф. Голощекин мен О. Исаевқа қарсы шығуын, «Торғай ісі» жөнінде Ж. Аймауытовқа арашашы болуын ұлт сүюдің көрінісі ретінде бағалады. Шындығында, С. Сәдуақасовтың Оқу комиссары, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы бола тұра сотта ұлтшыл жазушы Ж. Аймауытовты ашық қорғап, басын бәйгеге тігуі ерлік еді. «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде Ж. Аймауытовты «Торғай ісіне» байланысты қорғап, мақалалар ұйымдастырды. Сотта өзі сөйлеп, Ж. Аймауытовты «Қазақтың Вересаевы», Алексей Толстойы, ол «Интернационалды» аударды, бұл сот процесі – «Алашорданың» үстінен жүргізілген сот, одан басқа ештеңе емес», – деп ақтады.

1930 жылдың 21 сәуірінде Мәскеуде Бутырка түрмесінде Ж. Аймауытов, Д. Әділов, Ғ. Бірімжанов, А. Юсупов

төртеуі ұлтын сүйіп, соған қамқор болғаны үшін атылды... Жастұлпарлықтар Алаш зиялыларының ашаршылыққа қарсы істеген еңбектері жөнінде елде жүргізген үгіт-насихаттары кезінде әрдайым айтып жүрді. Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжан, Мақаш Тәгімов, Советқазы Ақатаевтар ашаршылық жөнінде Мәскеудегі студенттер арасында пікірталас ұйымдастырып, дәріс оқуға тарихтан хабары бар адамдарды шақырған.

Жастұлпарлықтарға өздерінің ой-санасы, білім деңгейлігі, парасаттылықтарына - рушылдық, жершілдік, жүзшілдік деген кесепаттар ұғымы мүлде жат болды. Ұлттық мұрағатты, мемлекеттілікті алдына өмір мәні, мақсат қылып қойған адам ішкі жікшілдіктерге барар ма! Үш жүзге бөліну қазақ халқы үшін феодалдық бытыраңқылыққа әкеліп, бірлігімізді әлсіреткенін, бодандықтың, рухсыздығымыздың осы жүзге бөлінуден бастау алғанын олар жақсы білді.

Жастұлпарлықтар идеяның қайнар көзі ел қойнауында, халықтың аузы мен қолында деп есептеді. Бағдарламаларындағы «ауыл жолы» бағыты - халықшылдықтың ата-баба сабақтастығының нәтижесі. Олардың болмысындағы «ұлттық идея» жүре-келе оқу-білім барысында қалыптасқан үрдіс емес, ол жастұлпарлықтардың кең мағынада тектіліктерінде. Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйеге қарсы қозғалысты кешегі «халық жауларының» балалары, туыстары бастады десек қателеспейміз. Қуғын-сүргіннен аман қалған ұрпақ өмірден өзіне тиесілі сыбағасын алып, әкелерінің арман – аманаттарын орындағылары келді. «Халық жауы», «Халық жауының баласы» деген ауыр сөздің салмағын жастайларынан жүректерінен өткізіп өскен Олжас Сүлейменов, Санжар Жандосов, Болат Жансүгіров, Мереке Майлин, тағы басқаларымен Мұрат Әуезов бастаған жастардың қоян-қолтық араласуы да әсерін тигізбей қоймады. Мұрат Әуезов «Атылған ақын» жанұясында Фатима Ғабитовадай анадан тәрбие алды. Қазақтың намысы – ананың ақ сүті, аяулы алақаны, тәлім-тәрбиесі мен

сезімінің құдыреттілігінде. Анасының мейірімінде өсіп, өмірге деген сүйіспеншілікті бойына сіңіре алды.

Кеңестік демократия мен кеңестік патриотизм өтірік пен алдамшылыққа белшесінен батып, жалған үгіт-насихаттың арқасында халықтың санасын улаумен болды. Ал шынында, елдің күні өлместің қамы еді. Әсіресе, ауылды жерде тұрмыс өте төмен, өгіз өлмес, арба сынбаспен ит тіршілікке мәз етті.

Кеңестік алдамшы идеологияның күштілігі сондай халық өкіметке ризашылықтарын білдіріп, сайлауларда бір адамдай жүз пайыз дауыс беріп, тірі жүргендеріне мәз болысты. Компартия басшыларын пайғамбардан артық көрді. Орысша оқымасаң, адам болмайсың деп, тіл түсінбейтін баласын орыс мектептеріне сүйреді.

Жастұлпарлықтардың халықтың қалауына ие болуының басты себебі, олардың жігерлілігінде, намысшылдығында. Ұлт тағдырын ойлаған жастарды ешқандай қиындық мұқалта алмады. Намысқа шаппайтынның - алысқа шаппайтынын білеміз.

Алаш зиялыларын өздеріне үлгі етуі олардың қаншама қылкөпірден өтсе де адамдық арларын биік ұстауға, парасаттықтарын пендешілікке айырбастамауына әсерін тигізді. Жастұлпарлықтар қауіп-қатерден қаймықпай, шындықты айтты. Өкімет пен партияны тынымсыз мадақтап, билік көсемдеріне бас иіп табынбады. Өткенді бұрмалаған, бүгінді дұрыс байыптамаған, келешекке дұрыс көз салмаған мемлекеттік жаңсақ саясаттың кемшіліктерін қорықпай әшкереледі.

Біртіндеп жастұлпарлықтар ұлттың ынта-жігерін арттырды, коммунистік идеологиядан шелденген көзін ашуға кірісті. Өздері кездесу жүргізген елді мекендердің өнерлі жастарының басын қосып, көркемөнерпаздар үйірмелерін ұйымдастырды. Өлеңдер оқып, халықты қазақша өлең кітапшаларымен қамтамасыз етуге көмектесті. Өнерді ансаған жұрт жиналған жерде Шәмші Қалдаяқовтың әндерін қосылып айтуды әдетке айналдыра бастады. «Менің Қазақстаным» халықтың гимніне айналды.

Қазақ – арманшыл халық. Бұған әдет-ғұрып, ұлттық дәстүр ерекшеліктері негіз болады. Ұлттық психологиядағы кеңшілдік, ақ көңілдік – арманшылдықтың екпіні.

Жастұлпарлықтардың рухани деңгейі, күштілігі соншалық, олар «Ұлт арманын» қалыптастырып, түйіндеп, соған жетуге ұмтылыс жасады.

Ұлт арманын – ұлт көкейіндегі мақсатты – Тәуелсіздік пен бостандықтан іздеді. Қазақстанда ұлттық мәдениетке, ана тіліне ерекше мәртебе берілуін қалады.

Кеңес Одағының ең басты кемшілігі социалистік идея негізінде халықтардың ұлттық құндылықтарын жою болатын.

Ұлт жою саясаты Кеңес Одағының басты мақсатына айналуы ерте ме, кеш пе бұл саясатты құрдымға кетіретіні сөзсіз еді.

Жастұлпарлықтар ұлттық арманға социалистік идея аясында орын болмайтынын түсінді. Сөйтіп, Кеңес өкіметі мен ұлт арасы күннен күнге алшақтай беретініне сенімді болды.

Ұлттық идея ұғымына сол кездегі жас дипломат Болатхан Тайжан 1960-шы жылдары-ақ көп мән беріп, жұмыс, үгіт-насихат барысында күн тәртібіне қойып отырған. Олардың ішіндегі басты мәселелері Қазақстандағы қазақтардың тең құқылығы, завод-фабрикаға жұмысқа орналасу, тарихи шындықты айту, шет елдегі қазақтармен байланыс, Қазақстан шикізат өндіретін елден өнеркәсіпті индустриялы республика болуы тағысын, тағылар. Жастұлпарлықтар осыдан 50 жыл бұрын ұлттық идея қажеттілігіне аса зор мән берді.

Олардың қорықпай, бастарын қатерге тігіп, Алаш идеясына көп көңіл бөліп халыққа жеткізудегі іс-әрекеттері қазақ тарихында бұрын болмаған ерлік. Жастұлпарлықтар өкімет қаһарынан қорықпай алғашқы болып Алаштануды бастады. Ұлт мақсаты үшін күресу, өткеннің асылдарын ұмытпай өркениетті нысана тұту Жастұлпарлықтардың өмірлік кредосына айналды. Жастұлпарлықтардың ұлттық мүддесін қорғауды мәдениет пен тілден бастауы, оның жетістіктерін бұқара халыққа паш етуінде Алаш үлгісі жатыр. Жаратылы-

сында әнмен туып, әнмен жерленетін қазаққа өнер - әрқашан өзегін өртеп, мен мұндалап тұрады. Ұлы Абай «Өлең - сөздің патшасы», – деп айтуы тегін емес қой.

Тіл – қазақ үшін жәй өмірлік қажеттілік емес. Ол – өмір тынысы, әдет-ғұрып ерекшелігі. Ұлт болып қалыптасып, өсіп-өну – ұрпақпен рухани-сабақтастық байланысының негізі. Бас кеспек, тіл кеспек жоқ.

Ана тілін білмеген адам – ұлттық мәдениетінен аулақ жан. Ұлттық тілі жоқ жерде ұлт та жоқ. Алаш зиялыларының ана тілін ардақтап, оған үлкен мән беруі ұлттық қажеттіліктен туған. Ұлттық рух ана тілінен бастау алады. Алаш азаматтарының «ұлт мұратын» іске асырудағы бірлігінің негізі де ана тілі десек қателеспейміз. Олар замана қажеттілігіне сай ғылымның бар саласына арнап оқулықтар жазып, ғылыми тұжырымдар жасады. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынов «Оқу құралын» жазып, қазақ грамматикасының негізін салса, Мағжан Жұмабаев – педагогикадан, Жүсіпбек Аймауытов – психологиядан, Халел Досмұхамедов – зоология мен физиологиядан, Жұмахан Күдерин – ботаникадан, Әлімхан Ермеков – математикадан қазақ тілінде оқулықтар жазды. Алаш зиялыларының осынау шексіз еңбегін Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұландардың жалғастырғандарын да жастұлпарлықтар үгіт-насихат құралына айналдырды.

А. Байтұрсынов «... Қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамаққа мүмкін емес», – десе, Мағжан Жұмабаев:

« Елдік, бірлік, ерлік, қайрат, бақ ардың-

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз –Баба тілі, сен қалдың!» – деп жырлаған.

Қазақтың ақын – жазушыларының қай-қайысы да халық пен тілді, тіл мен елдің арасын бөлмей бірге қараған. Оған Мағжан Жұмабаевтың із басары, қанатты ақын Мұқағали Мақатаев жырлары дәлел. «Ең бірінші бақытым –халқым менің», – деп келіп былай жырлайды:

Ал екінші бақытым- тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түнілсем де,
Қасиетті тілімнен түнілмедім!

Қазақстанда ұлтсыздандыру саясаты советтендіру саясатымен қатар жүрді. Әсіресе, тың игеру науқаны кезінде қазақ мектептері жаппай жабылып, жоғарғы және арнаулы білімді жастар тек орыс тілінде алуға мәжбүр болды. Совхоздарды құру кезінде ұсақ қазақ ауылдары таратылып, 600-ден аса мектептер жабылды. Шағын ауылдың балалары түгелдей совхоз, аудан орталықтарындағы мектеп-интернаттарында тұрып, оқуларына тура келді. Өзінің ұлттық ортасынан, әке-шеше тәлім-тәрбиесінен алшақтады. Әдет-ғұрып, мәдени ұлттық ортадан айырылған жас түлек дүбәраланып, болмысы пышырап, тез ұлтсызданып орыстанды. Жастұлпарлықтар Қазақ тілсіз ұлттық идеяның болуы мүмкін емес екенін түсінді. Ұлттық идеясы бұлыңғыр мемлекеттің болашағы күмәнді. Қазақ мектептері жабылғаннан кейін, ұлттық құндылықтар бірден құлдырай бастады. Тілдің ауқымы тарылумен бірге ұлттық болмыс та шектелді.

Жастұлпарлықтар ана тілінің қазақ үшін қаншалықты қажет екеніне көздерін ерте жеткізді. Бағдарламаларындағы студент қазақ жастарына көмек көрсету бағыты тек материалдық, оқу үлгеріміне ат салысу ғана емес. Ең бастысы Қазақстаннан тыс жүрген жастарға қамқорлық жасаумен бірге ұлттық мәдениет, ел тарихы, ана тілін білсін деген қажеттіліктен туған. Сана мен тілдің үндестігі мен үйлесімі бұзылған елде Ұлт рухын көтеру инемен құдық қазғандай болды. Өкіметтің «Хрущевтік жылымығына» да жұрт сене қоймады. Тоталитарлық өктем дүлей күшінің тоқпағын жеп, аузына қақпақ қойылған қазақ өзіне-өзі көпке дейін келе алмады. Социалистік идеологияның әсерімен бойын жайлаған бодандық уыты тарамалды. Не керек, коммунистік моральмен, интернационалистік тәрбиені жастайынан көріп өскен буынның ұлттық болмысы бірден оянбады.

Адамның ұлттық психологиясы қалыптасуымен бірге оның сана-болмысында өзіне ағайын-туыс, еліне деген көз-қарас қалыптасады. Табиғат, заңдылығына сай өмір сүрсе де болашағын ұзартқысы келеді. Бұл тек жәй жалғас, сабақтас-тық емес, саналы, мазмұнды ғұмыр болса деп тілейді. Сондықтан бауыр, жақын-туыс, қандас түсінігі болмысымыздың түкпіріндегі мәңгі нәр. Жарқын, жақсы өмірге ұмтылу генетикалық, психологиялық құбылыс. Кез келген ұлттың болашағы жастарға аманатталатыны осыдан шығады.

Ал бұл мақсаттарға жету үшін материалдық және рухани-мәдени жағдайлар жасалуы шарт. Қазақ халқы Кеңес өкіметінің қырғындарынан кейін осы «ұлттық арман» тілегінен айырылуға шақ қалды. Қазан революциясы, колхоздастыру, ашаршылықтан кейін ересек адамдардың ойлау қабілеті, оқушылардың үлгерімі күрт төмендеп кетті. Жеке басқа табынудағы саяси қатігездіктің қасіреті үрей болып санаға сіңіп, қанды суға айналдырды. Ең басты қасірет – ұлттық ерекшеліктің негізі ана тілінен айырыла бастады.

Халқына қасірет көрсеткен, өтірік пен жалғандықтан сусынданған алаяқтардың билігінен тұратын қоғам қанша түрленіп боянса да рухани бедеу күйінде қала берері сөзсіз. Бірақ еркіндік пен мүмкіндік шектеулі қоғамнан әділдік іздеудің өзі ғайыптылықпен пара-пар болса да жастұлпарлықтар мойымады.

Сталиннің жеке басына табынушылықтың құрбандары, ашаршылық жөнінде Мұрат Әуезовтің ұйымдастырған семинарында Мұстафа Шоқай жөнінде Советқазы Ақатаев, ал Болатхан Тайжанов атылған ақын-жазушылар жөнінде баяндамалар жасады. Мәскеуде оқитын қазақ жастары өз ұлтының шынайы тарихынан тағылым алды. Енді сол семинарларда Мұрат Әуезовтің жасаған баяндамасынан үзінді келтірейік :

«... Казахстан не велик, казахи малочисленны. Но это народ, который может поведать миру о том, что такое древность, радость побед и созидания, скорбь потерь, годы трагедий, прекрасное весеннее чувство возрождения,

сможет рассказать, что такое торжество самоутверждения. В новый, двадцатый век самоутверждение тождественно равенству. Равенство не дар, оно завоевывается и достигается. Казахам еще предстоит добиться культурного равенства с другими народами. Духовное развитие народа происходит за счет связей с духовным богатством других народов, но закрепляется и формируется как национальное лишь за счет его собственных, внутренних, сил. Никто не сможет для нас создать великолепные полотна художников и литераторов, никто не сможет развить за нас нашу философскую и общественную мысль, никто со стороны не сделает нас развитыми и культурными в высшем смысле этих слов-всего этого мы должны добиться сами. Эта цель осуществится, если наш разум и наше чувство будут едины, если будут едиными в каждом из нас знания и патриотизм...».

Өткен қатесін қайталамаған ғана дамудың дұрыс жолынан адаспайды. Өкінішке орай, шындықты бірден біле бермейміз, кейде оның қаншалықты мағыналылығын түсіну үшін көптеген жылдар керек. Жастұлпарлықтар ұлттық мәдениет, тіл мәселелерін көпшілік алдында көтергенде жәй даурықпа мысалдарға арқа сүйеп қойған жоқ, Компартияның нақты қаулыларын негізге алды. Қазақтың тілі мен ұлттық мәдениетін дамытпай отырған Кеңес өкіметі екенін дәлелдеуге тырысты. 1938 жылы 10 наурызда Бүкілодақтық Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі қабылдаған «Ұлттық республикалар мен облыстарда орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысын орындау барысында Қазақстандағы асыра сілтеушілікті сөзге тиек етті. Өнер мен тілді үйрен де жирен. Бірақ ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне тән құндылықты, өмір салтын, мінез-құлқы, мәдениетін әр ұлт сақтауы керек деді.

Жастұлпарлықтар Кеңес Одағының интернационалистік идеологиясына Алаш зиялыларынан кейін қарсы шыққан алғашқы топ. Олар ұлт саясатын күн тәртібіне қойып, қызыл

империяның қанды ақпаратына тосқауыл қоюға ұмтылды. Ұлты үшін жанын салып, қазақтың мәдениетін, тілін, рухын аяққа бастырмауға тырысты.

Қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі орны жөнінде ғалым Хангелді Әбжанов: «Қазақ тілісіз ұлттық идея сыңар қанатымен жер сабалаған дәрменсіз құстай», – деп дұрыс айтады. Ұлттық идеяның ұлттық құндылықтардың жиынтығы, ұлт мұратының, ұлттық мемлекеттің негізі десек, басқалай түсінудің еш қисыны болуы мүмкін емес.

Қазақтарды орыстандыру саясаты тіл арқылы жүргізілді. Қазақ мектептері жаппай жабылып, жоғары және арнайы білімді тек қана орыс тілінде алуға мәжбүр болды. Қазақ тілі қоғам өмірінен мүлде ығыстырыла бастады.

Ұлттық психологиясы мызғымаған елде ғана рухани байлықтар сақталады. Ұлтыңды, елінді сүю ұлттық психология болмаған жерде өте күмәнді. Анаңның әлдиімен, сүтімен бойыңа, санаңа кірмеген нәрсенің өміршең болуы екіталай. «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» тек ана тілінде ғана сені ерекше сезімге бөлейді. Жаныңды тербетіп, сүйегіңді сырқырата алады.

Жастұлпарлықтардың жан айқайы – ана тілін білу, ұлттық мәдениетті бойыңа сіңіру ұстанымы бүгінгі күні де өз қажеттілігін жоғалтқан жоқ.

«Жас тұлпар» ұйымының идеологы Болатхан Тайжанов ана тілінің ұлт тарихындағы орны жөнінде тіл саясатына мынадай тұжырымдама береді:

«Тіл саясаты – жалпы ой-пікір, идеяларды, мемлекетті құру тәсілдерін, жолдарын, қабылданған шешімдердің іске асыру бағыттарын, жалпы қоғамды біріктіретін құрал-тәсіл. Ұлт, мемлекет, тіл ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, біртұтас екенін білу қажет және бұл жаңадан егемендік алып жатқан елдердің саяси-философиясының іргетасы екенін де жақсы білу керек. Тіл – сол халықтың рухани, бірлігінің негізі болып табылады», – деді

Жастұлпарлықтар насихат жүргізу барысында нақты, халықтың көкейіне бірден қонатын мысалдармен басқа ұлттар-

дың жетістіктерінде көрсетіп отырды. Әсіресе, тіл мәселесіне келгенде оқу жүйесін өз тілінде жүргізетін республикаларды үлгі етті. Бұл бағытта жастұлпарлықтардың ішінен өте ерекшеленіп көзге түскен Рига авиация институтының студенті Шамиль Ибраев болды. Ол өзі оқитын институттың мысалымен оқу жүйесінің ұлт тілінде қалай жүргізілетінін, ол үшін жергілікті билік өкілдері, институт басшыларының қалай жұмыс істейтінін үлгі етті. Ригадағы жалғыз авиация институты емес, барлық оқу орындарында, әсіресе қиын деп есептелетін техникалық оқу орындарының бәрінде ұлттық топтардың бар екеніне тоқталып жүрді. Шамиль Ибраевтың үлгісінде басқа да жастұлпарлықтар өздерінің халықпен кездесуінде ана тілінің орны жөнінде ұдайы мәнді әңгімелер ұйымдастырып отырды. Институт-техникумда ана тілінде дәріс жүргізу ұлттық маман дайындау, елдің болашағын ойлау деп түсіндірілді.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың: «Егер жеңсек бір төбеде жиналамыз, жеңілсек – бір шұңқырда көмілеміз», – деген сөзін жастұлпарлықтар өздеріне ұран етті.

Алаш қайраткерлерінің басты арманы қазақ елінің тәуелсіздігі, бостандығы еді. Сол арманға жету үшін олар аянбай тер төкті, үлгілі ғұмыр кешті. Алаш идеясы, Алаш мұраты – қазақтың мүддесін, құқын қорғау деген сөз. Алаш идеясының өзектілігінің күштілігі сонша, қанша қуғын-сүргін болғанның өзінде де сабақтастық жалғасып өмір сүрді.

Ұлы мақсаттарына жету үшін алаштықтар замана талабына сай амалсыздан кеңес өкіметін мойындады, қызмет етті. Бірақ басты міндеттерін ұмытпай, 1920-1929 жылдар аралығында көптеген азаматтарды тәрбиелеп шығарды. Ұлттық танымның тұқымын шашып үлгерді. Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратпаев, Бейсембай Кенжебаев, Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Қайым Мұхаметжанұлы, Бүркіт Ысқақұлы, Бауыржан Момышұлы және басқа да көптеген зиялы қауым өкілдері Алаш идеясы ықпалында өсті.

Ата-баба тарихы қандай жағдайда болмасын, келешек ұрпақ үшін аса тағлымды да қызықты дәуір болып қала береді, өйткені ол барлық кейінгі жетістіктердің негізін жасайды. Жастұлпарлықтардың Алаш зиялыларының қазақы болмысты сақтап қалу мақсатын іске асыруға тырысуының көзі де осында жатыр.

Халқының ұлт-азаттығы жолында күрестен еш қажымаған Алаш азаматтарының өмір жолдары кімге болса да үлгі. Жастұлпарлықтар тағдырдың тәлкегіне айналған Алаш зиялыларын өздеріне жәй ұстаз, үлгі алар аға буын ғана емес, қазақ болмысының көрінісі, ұлт жетістігінің шыңы деп білді.

Қазақ жастарының санасын серпілткен «Жас тұлпар»

«Жас тұлпар» ұйымы бұқара халықпен тығыз байланыс жасауының арқасында ел сеніміне ие болды. Жастұлпарлықтар ары үшін арпалысатын, елі үшін жан қия алатын қазақтың балаларының әлі де бар екенін дәлелдеді. Әрине, олар социалистік идеямен уланған қалың ұйқыдағы, күнкөрістің күйбеңімен көлеңкеге айналған көпшіліктің есін жинатқызу оңайға түспейтінін білді. Әлемді қаптап тұншықтырып тұрған социалистік идеядағы мемлекеттік жүйені бірден қирата алмады. Бұл мүмкін де емес еді. Бірақ өз елі, өз жерінде тұрып мәңгүрттеніп бара жатқан ұлтының санасын сілкіндіріп, зердесін ашуға бар күш-жігерін салды. Жастұлпарлықтардың еңбектері еш кетпеді. Істеген істері елді біржолата құлдық, бодандық санадан арылтуға негіз болды.

Алаш идеясы жастұлпарлықтарды дүниеге әкелді, ал олар қазақ жастарын оятты. Тәуелсіз, бостандықтағы ел болу үшін ұлтының көзқарасын өзгертіп жаңа болмыс, ойлы санаға жетеледі. Жастұлпарлықтар әсіресе, Мұрат Әуезов пен Болатхан Тайжан қазақ жастарын мектептен кейін сыныбымен ауылда қалдырып мал баққызуды геноцидтің бір түріне

санады. Салпандап мал соңында жүре берсе аштан өлмес, бірақ көштен қалып қоятыны айдан анық.

«Ой еңбегін ұршықша иіретін қазақта қабілет жетеді» – деп, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезовтерді мысалға келтіріп жүрді. Ұлы Далада сонау сақ замандарынан бүгінге дейін ұрпақтар сабақтастығы, бабалар жалғастығы үзілмеген, ата-тек тумысы ажырамаған қазақты бұратана, білімсіз, мал бағудан басқа ештеңе қолдарынан келмейді деген қағидамен жастұлпарлықтар келіспеді. Әсіресе Болатхан Тайжан барлық кездесулерде ауылды жерде мектеп бітірген балаларды сыныбымен комсомол ұйымдарының қой бағуға жіберетінін әшекерелеп «бұл адам құқығын бұзу» деп айтып та, дәлелдеп те жүрді. «Бәріміз бірдей қойшы болсақ құл болармыз, бәріміз бірдей тойшыл болсақ жын болармыз»деп айтудан жалықпады. Шынында да жас түлекке аттестатын бермей қой баққызып қою барып тұрған надандық еді. Бұндай көрсоқырлықтар ұлттың дамуын тежеу үшін әдейі істелінді.

Жастұлпарлықтардың жастарға жасаған жанашырлық істері «ұзынқұлақтан» ауыл-ауылға тез тарап, ата-аналардың балаларын қорғауға себепші болды. Жастұлпарлықтар көпшілік қауым, әсіресе жастар арасындағы кездесулерге жауапкершілікпен қарап, жоғарғы деңгейдегі дайындықпен келді. Тарихи оқиға, ұлттық ерекшеліктерді бүгінгі күнмен салыстырып, жастарға ой салды.

Жастұлпарлықтар ұлтының бақытты болашағына өздері ғана сеніп қойған жоқ, басқаларды да сендіре алды. Қоғамнан өзіңе тиісті орынды алу үшін табиғат берген ақылмен бірге ұлы сезімге жетелейтін жүрегінің бар екенін көрсетті. Далада өскен қазақ баласы жан дүниесінің тазалығы арқасында ғана өзін еркін, бостандықта сезінетінін айтып түсіндірді. Бөтеннің ала жібін аттамайтын, жанын арының садақасы қылған ұлттың өмірге көзқарасының басқа екенін дәлелдеді. Бұндай болмыстағы халықтың ұлт болуға міндеттілігін көрсетіп бере алды. Қазақ болашағының бақыты үшін жан сала ізденіспен ұмтылысқа толы

еңбек етті. Жастұлпарлықтардың жүректерінен шыққан қуатты ойлары жастарға кәусар боп құйылып, қанына сіңіп жатты.

Олардың өмір жолдарындағы талпыныстары зерделі жастардың кеудесінен саңлау ашты. «Мен кіммін?» деген сұрақ туғызды. Өз қасиетін өзі бағалап, өз тізгініне өзі ие бола алмаған, өз жоғын өзі жоқтай алмайтын халық тарих сахнасынан түсетінін білуіне себепші болды.

«Егерде қоғамды өзгерткің келсе өзіңнен баста, жамбастап жатып қиялға беріле берме» деген ұран да жастардан қолдау тапты. Кеңес өкіметі қанша қатаң тәртіп ұстанса да, ерте ме, кеш пе әділдік орнайтынына сенді.

Жастұлпарлықтар оятқан ұлттық болмыс қазақ жерінде өз нәтижесін бере бастады. Тәуелсіздікке жетелейтін іс-әрекеттер жастарды рухтандырды. Жастұлпарлықтардың үгіт-насихаты негізінде бірлестіктер, жасырын ұйымдар құрылды. Жастар өздерінің өмірлерінің мәнсіз, қызықты емес екенін, ауылдарда мәдениет ошақтарының, кітапханалардың жоқтығын ашық айтуға кірісті. «Нантабарлық» енді жастарды қызықтырмады. Есесіне тарихқа қызығып, өткенге көз салуы, мәдениетіміздің ұлағатты жақтарын білуге ұмтылуы көбейді. «Жас тұлпар» ұйымының Қазақстаннан тыс жерлерде оқып жүрген қазақ жастарына тигізген әсерінің күштілігі сондай, елдеріне келген жастұлпарлықтар үгіт-насихат жүргізумен шектелмей, жасырын ұйымдар құруға тырысты. Жастардың сана-сезіміне ұлтшылдықтың дәнін септі. Алаш зиялыларынан кейін қазақтың санасына ұлтшыл ұғымның тарихи орнын, өз бағасын қайтарған жастұлпарлықтар болды. Олар ұлтшылдықтарын жасырмай мақтан тұтты. Бастың амандығы, жанның тыныштығы, қарынның қамын ғана ойлағандардың қасіреттің қара жолы рухсыздануға, ұлтсыздануға түсері сөзсіз екенін батыл айтты.

Мұндай іс-әрекеттер ХХ ғасырдың басында алаш зиялылары ұйымдастырғаннан кейін қазақ жерінде болып көрмеп еді. Алаш қозғалысынан кейін жастұлпарлықтар жалпы

казакқа «Аттан!» салып, ұлттық бірлікке, жаңаша тірлікке, азаттық үшін күресуге шақырды.

1966 жылы мектеп реформасының нәтижесінде 10-шы сынып пен 11-ші сынып балалары мектепті бірге бітірді. Қазақ мектебін бітірген түлектердің білімін әрі жалғастыруы екі есе азайды. Бұл да отқа май құйғандай әсер етті.

Жастұлпарлықтар осы тірліктердің бәріне қарсы шықты. 1963 жылдың қараша айынан 1965 жылдың шілде айлары аралығындағы екі жыл көлемінде «Жас тұлпар» идеялық, құрылымдылық жақтарынан толық қалыптасып, Қазақстаннан сыртта оқитын студенттер арасында филиалдар құрып болып, елмен тығыз байланыс орнатып үлгерді. Жастұлпарлықтар туған ауыл, өскен жерлерінде жәй үгіт-насихат жасап қоймай, Қазақстанның барлық жерінде болашақ құрылымдарға негіз жасады. 1965 жылдың күзінен бастап 1966 жылы ақпанда Алматыда өтетін «Жас тұлпар» ұйымының республикалық мәжілісіне дайындықтар жүргізді. Елді мекендерде «Жас тұлпар» ұйымының жақтастары, қолдаушылары жартылай құпия жиындар өткізіп, өздерінің Алматыға баратын өкілдерін дайындады.

Бұл жылдары Кеңес Одағының саяси жүйесінде де өзгерістер болды. 1964 жылдың қазан айында Никита Хрущев экономикалық кемшіліктері үшін қызметінен босатылды. 1961 жылғы ақша реформасы, одан кейінгі екі жыл астықтың шықпауы ауыл шаруашылығында қиыншылықтар туғызды. Хрущевтің өзі де Сталиннің «жеке басқа табынуын» әшкерелеу бағытының желісін азайтып, авторитарлық билік жүйесіне бет алған еді. Бұл саясатқа елдегі шығармашылық зиялы қауым қарсы шықты. Елде коммунистік жүйеге қарсы «диссиденттік» ағым пайда болды. Хрущев биліктен кетісімен құқық қорғау органдары жоғалтқан билік құзырларын қайтадан қолдарына алды. КГБ тіріліп қайтадан тарих сахнасына шықты.

Жастұлпарлықтарға «коммунистік аға буынды» арқа тұтқан, ұлттық санадан жұрдай, өліп-өшіп билікке ұмтылған «комсомолдық буын» қарсы тұрды. Жаттанды сөздер айтқан,

ұлттық, рухсыз жастар легі «Жас тұлпар» ұйымының іс-әрекеттеріне кедергі жасап бақты. Бұл комсомол беделділерінің ақыл-кеңесшісі, құдіретті КГБ еді. Мемлекеттік қауіпсіздік арнайы шешім қабылдады, Мәскеуге ұйым мүшелерінің жиналыстарына қатысуға арнайы тыңшылар жіберді. Қазақстанда жиналыстар, кездесулер өткізуге кедергілер жасады. «Хрущевтік жылымық» дәуірі болғандықтан үндеместер жастұлпарлықтарға қарсы ашықтан-ашық репрессияға бара алмаса да, ұйым мүшелерінің аяқтарын қия бастырмай аңдыды. Құпия деректер жинап, шабуылға шығуға ыңғайлы сәтті күтті.

Ел билігіне Л.И. Брежневтің келуімен демократиялық үрдіс саябырлап, «хрущевтік жылымық» тарих сәресіне көшті. Бірақ қозғалған саяси сең өз жүрісін баяулатқанымен, тоқтаған жоқ.

«Жас тұлпар» ұйымының ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет, қазақ тілі жөнінде жүргізген жұмыстарын бұқара халық та әр түрлі қабылдады. Кейбір зиялы деген ел ағалары Компартияның Орталық комитетіне алашордашылардың ұрпақтары Кеңес өкіметін құлатуға шақырып жатыр деп «домалақ арыз» жазды. Енді біреулері бұны әдейі, істелініп отырылған арандатушылық деп, үрейленіп ат-тондарын ала қашты. Бұл интернационалистік тұрғыдан тәрбиеленіп қалған, бойында өткеннің үрейі бар дүбәралар саны күннен-күнге көбейген кез болатын.

Тек, ұлттық сезімнің құндылығынан нәр алған қазақ жастары «Жас тұлпар» ұйымының мақсат-бағдарын болмыстарына сіңіре алды. Жастұлпарлықтар айтып жүрген қазақ халқының тарихи ұлт екендігіне сеніп, оларды жаппай қолдады. Бұл қазақ ұлтының ерекше көріністері мыналар еді:

біріншіден, қазақтардың ерте заманнан тұрақтаған атақонысы бар;

екіншіден, қазақ, мемлекет құрған ұлт;

үшіншіден, тарихи-мәдени құндылықтар жасап, материалдық қажеттілігін өз жерінде, өз күшімен қамтамасыз еткен;

төртіншіден, ата дәстүр, әдет-ғұрпы қалыптасып сабақтастығы жалғасқан ұлт;

бесіншіден, рухының күштілігі, сөз құдіреті, далалық демократиялық үрдісінің күшті дамуы;

алтыншыдан, бауырмалдық, батырлық қанға сіңген қасиет;

жетінші, кеңдік, еркіндік, ұлттық ерекшеліктер негізінде Ұлы істерге бейімділік.

Жастар ұлттық ерекшеліктен қазақ халқының ұлылығын көрді. Ауыз әдебиетіміздің, шежіре тарихымыздың, тіліміздің, өнеріміздің байлығы оларды шаттандырды. Ұлт сана-сезімдеріне серпіліс әкелген жастұлпарлықтарға жәй сеніп қойған жоқ, қолдап, сондарынан ерді.

«Жас тұлпар» ұйымының беделін, ұйымдастырушылық қабілетінің қаншалықты болғанын 1966 жылы ақпан айында Алматыда өткен ашық мәжілістен көреміз. Жастұлпарлықтармен кездесуге Қазақстанның барлық облыстарынан жастардың арнайы өкілдері қатысты. Бұл жәй кездесу емес, ұлттық сананың оянып, жаңа белеске жеткені еді. Жастұлпарлықтарға Қазақстанның Орталық комсомол комитетінің хатшысы Ибрагим Аманғалиев көп көмек көрсетті. Жастардың жол қаражаттарын айырды, материалдық көмек көрсетті. Ол кейін осы іс-әрекеттері үшін жұмыстан қуылды.

Қазақстандағы ақын -жазушылардың арасынан Жастұлпарлықтар өздеріне жақтастар тапты. Елдегі келеңсіздік, ұлттық құндылықтардан айырылу қазақ зиялы қауымына да ой салды. Жазушылар Одағының басшылары жастұлпарлықтарға жанашырлық жасады. Шамаларынша қолдау көрсетті. «Жас тұлпар» қозғалысының екі күндік жиналысын Жазушылар Одағы аясында өткізбекші болды. Ұлтшылдық бағыттағы қозғалыстың жиналысы жазушылылардың қара шаңырағында басталуы қазақ рухының әлі де қуатының бар екенінің көрінісі.

Жазушылар Одағындағы жиналыстың бірінші күні Мұрат Әуезов пен Болатхан Тайжановтың өте мазмұнды ұлт

тағдыры бағытындағы баяндамаларымен басталды. Жастардың сөздерінде ой деңгейлерінің жоғарылығы, жан-жақты терең білімділіктері, ең бастысы ұлтының болашағы үшін отқа да, суға да түсуге дайындықтары айқын көрініс тапты. Баяндамашылардың репрессияға ұшырап, атылған ақын-жазушыларды ақтау, ауылдағы жастардың жағдайы, қазақ мектептерінің жабылуы туралы келелі мәселелерін қолдап Әнуар Әлімжанов, Сәкен Жүнісов тағы басқа жазушылар сөз сөйледі. Жиналысқа қатысушы көпшілік қауым жастарды бірауыздан қолдады. Бірақ, қазақтың кертартпалығы таусылған ба, жастарды «Бүлікші, Алашорданың күшіктері өсіп, Кеңес өкіметін құлатпақшы», – дегендер де болды. Белгілі классик жазушымыз сол жиынның аяғына қарамай шыққан бетімен алаңды қақ тіліп, жүгіре басып өкімет үйіне барып арыз айтты. Бұл ол кісінің 1937 жылдан қалған бойындағы үрейінен де болар. Бірінші болып естігенімді тиісті орнына жеткізбесем, өзім де қармаққа ілініп қалармын деп қорыққан сияқты.

Тиісуге сылтау іздеп отырған билікке керегі де осы еді. «Айт!» дегенде арс етіп қабатын КГБ-ның иттерінің тұмалдылығы алынып басы босатылды. КГБ қызметкерлері керекті ақын-жазушылармен түні бойы «тәрбие» жұмысын жүргізді. Нәтижесі бесенеден белгілі. Келесі күні жастұлпарлықтарға Жазушылар Одағының есігі жабылды...

КГБ талабы орындалып, жастұлпарлықтардың жиналысының екінші күнгі мәжілісі тоқтатылды. Бұл іс-әрекет жігерленіп намыстың атына мінген жастұлпарлықтарға кедергі бола алмады. Жиналыстың жұмысын жалғастыруға шарқ ұрып мекеме іздей бастады. Қазақтың атар таңын жоқтаған Алаш зиялыларын ұзақ жылдар бойы датталып, қараланып келгенімен келіспеген. Жан дүниелерінде жас болса да, социалистік жүйенің ұлт зиялыларына қара жағуына іштей жиркеніш қалыптастырған. Алаш азаматтарының тұлғаларынан үлгілі өмір өрнегін тоқыған жастұлпарлықтар КГБ қызметкерлерінің құзырынан қаймықпады. Елінің ертеңі үшін ештеңеден тайынбай ерлік жасай алатын азаматтарға

казак топырағы бағзы заманнан бері кенде болып көрмеген. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар қашанда шығып отырды. Жастұлпарлықтардың ақсақалдардың кесірінен тығырыққа тіреліп қиналып тұрғанын көрген КазГУ-дің аспиранты, кәсіподақ төрағасы Мырзатай Жолдасбеков жауапкершілікті өз мойнына алып, жиналысты университеттің үлкен мәжіліс залында өткізуге ұсыныс жасады. Бұл нағыз көзсіз ерлік еді. Ұлтының болашағы сөз болғанда қара бастың қамымен шектеліп бұғып қалмай, жұмыстан шығып, тамырыма балта шабылады-ау деп жалталақталмай, жауапкершілікті мойнына алу кім болса соның қолынан келетін іс емес. Социалистік жүйенің қамшысы төбеңнен үйіріліп, КГБ аяғыңды аттатпайтын заманда ұлшылдарды ашық қолдау жау қолына жалғыз шапқандай жүректілік болатын!

Мырзатай Жолдасбеков қай жерде, қандай қызметте жүрсе де сол жастұлпарлықтарға деген ой-сезім, көңіл қалауын кейін де өзгертпеді. Өзі де «Жас тұлпар» қозғалысының Қазақстандағы белсенді мүшесі болды, ұлттық болмыстың шыңдалуына ат салысты.

Жиналыс кешеулетіп КазГУ-дің 500 адам сиятын үлкен мәжіліс залында жалғасын тапты. Сөз жарыстар зұлматты күндердің бет-пердесін аямай ашты. Жиналысқа қатысушы жастар халқының қасіретін сезініп, ғибрат алды. Респубикалық кең көлемдегі саяси шараға Жастұлпарлықтар Мәскеуден, Петербургтен, Киевтен, Рига, Харьков, Одесса, Саратов қалаларынан келді. Олар студент жатақханаларында, суретшілердің ұстаханаларында, зиялы қауым арасына барып өз ойларын ашық айтып, жұртты әділдік үшін бейбіт күреске шақырды. Жастұлпарлықтар екінші күнгі жиналыстың алғашқы сөзін Алаш зиялыларының соңғы көзі Хамза Абдуллин ақсақалға берді.

Хамза Абдуллин тарихи тұлға. Мағжан Жұмабаевтың немере інісі, ең соңғы серіктес-атқосшысы, шәкірті болған азамат. Абдуллин Отан соғысы кезінде Берлиндегі Түркістан ұлттық комитетінде қызмет атқарған. Ұлтшылдығы үшін неміс фашистері өлім жазасына кескен, бірақ атылмай

Демблин қамалында концлагерьде жазасын өтеген. Соғыстың аяғында Америка әскері тұтқыннан құтқарып елге оралған. Елге келген соң Түркістан ұлттық комитеті мүшесі, жау ретінде 10 жылға сотталып, Сталин өлгесін ақталған.

Хамза Абдуллин университеттің үлкен дәріс залының төрінде тұрып:

Не көрсем де, Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін,

- деп, өз сөзін Мағжан Жұмабаевтың өлеңімен бастады. Халық жауы аталып атылып кеткен сүйікті ақынының өлең жолдары 30 жылдан кейін қазаққа қайта оралды.

Хамза арасында Демблин қамалында түрмеде отырған кезінде өскен елін, қазақ жерін сағынып жазған өз өлеңдерінен де үзінді оқыды:

«Ашшы – мынау қараңғылық сарайын,
Бой жазайын, бостандыққа барайын.
Қайда менің еркін өскен кең далам?
Көз жіберіп, биік шыңнан қарайын».

Жастұлпарлықтар 1966 жылы Алматы қаласында қазақ зиялы қауымы және студент жастармен өткізген кездесулерінің бәріне Хамза Абдулинді бойтұмар қылып ертіп жүрген. Алаш идеясының соңғы көзі, тірі азаматы ретінде алғашқы сөзді беріп отырған.

Олар ұлттық идея нәр алатын мәдениет пен өнер, тіл мен діл, салт пен дәстүрді жандандырайық деп үндеу тастады. Алаш зиялыларын ақтау, ашаршылық жөнінде шындықты айтуды талап етті. Ұлы Абайдың «Адам бол!» принципі негізінде рухани-адамгершілік жағынан жетілген, білімді, озық ойлы, ұлтына жаны ашитын жаңа қазақ тәрбиелеу керек деді.

Жастұлпарлықтардың бір ерекшелігі көпшілік зиялы қауым өкілдері сияқты қазақтың ұлт ретінде жойылып ке-

туінен қорқып жәй байбалам салу болмады. Ұлтына деген сүйіспеншілік оларды рухтандырды, халқының болашағына сендірді. Қазақтың соңғы дауылпазы Махамбет те, қазақтың соңғы ханы Кенесары да азаттық үшін басынан айырылса да бүгінге дейін ұлт рухының біз жете алмай жүрген алып шыңы екенін де кездесулердің бәрінде баса айтты. Әр қаладан келіп өз пікірлерімен бөліскен жастұлпарлықтардың сөздері өтімді болды, келтірген мысалдары тыңдаушылардың көкейлеріне жақты.

Бұл – жастұлпарлықтардың маңдайларына жазылған тарихи мүмкіншілікті мүлт жібермей, өз өсу деңгейі, мәдени биіктігіне сай заманы арқалатқан жүкті межелі жерлеріне жеткізгенінің нақты көрінісі болды. Мұрат Әуезов естелігінен:

«Жиналыс екі күнге жоспарланған болатын Бірінші күні менің баяндамам тыңдалды. «Жас тұлпардың» Ленинградтағы бөлімін басқаратын Сәрсенғали Құспанов дейтін азамат сөйледі. Сол сияқты біраз жігіттер сөз алып, алдағы уақытта не істеу керек деген сауал төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Қазақтың тағдыры хақында көптеген мәселелер көтерілді. Бұл нәрсе біреулерді риза етіп, енді біреулерді қатты шошындырды. Әнуар Әлімжановтың «Нас мало, но мы в тельняшках» дегені әлі күнге есімнен кетпейді. Әлдекімдерге назаланғаны ғой...

Екінші күні қайтадан жиналды. Қаладағы студенттер біздің бір күн бұрынғы басқосуымыздан құлақтанып үлгірген екен. Жазушылар одағын басып қалды. Алайда жиын өтетін зал есігіне қара құлып салынды. Белсеңді жігіттер жай іздеп жан-жаққа шауып кетті. Бізді бұл тығырықтан Мырзатай Жолдасбеков алып шықты. Бұл азамат ол кезде КазГУ-дың аспиранты, кәсіподақ төрағасы екен, оқу орнының басшыларымен келісіп, барлық жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, студенттер аудиториясында бас қосуымызға үлкен азаматтық көмегін берді. Кешкі алтыда басталған жиын қызу пікірталаспен түнгі сағат он бірден өткенде барып тарқады. Ең соңында жиналғандар орнындарынан тұрып бірне-

ше қазақ әндерін орындады. Олардың бар дауысымен жаңғырта салған әндері мүлгіген түнгі Алматының аспанына сіңіп жатты. Біз сол жиында мәдениетімізбен тарихымызға қатысты 20 шақты мәселені қағазға түсіріп, оны Өзбекәлі Жәнібековтың қолына тапсырдық. Ол кісінің жылы шыраймен қолымызды қысқаны әлі күнге есімнен кетпейді».

Жазушылар Одағында өткен жастұлпарлықтардың жиналысына «Лениншіл жас» газетінің тілшісі болып қатысқан жазушы Дулат Исабеков алған әсерін былай сипаттайды: ««Жастұлпарлықтар» Жазушылар одағындағы кездесуге тың өлкесін аралап, ондағы кәриялармен, жергілікті қазақтармен сөйлесіп, олардың ұлттық тұрғыда мүшкіл хәлін көріп, ойға түйгендерін ерекше күйінішпен тізіп шықты. Мұраттың сөзі әр адамның көңіл түкпірінде сары сем болып қатып жатқан ар мен намысты оятты, іште қамалып келген ұлт болашағы жайлы уайымына қозғау салды. Оның ойлары мен өткір топшылауларын жиылған жұрт уыздай жас жігіттің албырт эмоциясы деп қабылдаған жоқ, мейілінше ақыл тоқтатқан, ұлт болашағын білімдарлықпен батыл қозғай білген толысқан азаматтың сөзі деп айрықша қабылдады. Ұлттың ассимиляцияға түсіп, ертеңгі болашағы бұлыңғыр екенін ол кезде трибунадан ашық айтпақ түгілі сыбырлап сөйлесуден жасқанатын кезеңде Мұрат Әуезовтің сөзі билік басында отырғандар үшін ашық күнгі найзағайдай қабылданды. Көлеңкесінен қорқып үйренген кейбір жазушылар осы сөздерді үреймен тыңдап, кейбір ақсақалдардың залдан шығып кеткенін де көрдік.

Мұраттан соң Болатхан Тайжанов сөйледі. Оның сөздері де ыстық ықыласпен қабылданды. Қазақстанның ен байлығы, қазақ игілігіне емес, өзгелердің игілігіне жұмсалып отырғанын, тың игерудің салдарынан Арқадағы қазақ ауылдарының жойылып, қазақ мектептерінің жабылып жатқанына күйзеле тоқталды. Жазушылар жағынан да сөйлеушілер көп болды. Ұлт мәселесі тұнғыш рет ашық айтылды. Оған мұрындық болған - Мұрат Әуезов, «Жастұлпарлықтар» еді. Бір ғажабы, ұлт мәселесін осында жүрген қазақ тілді «ұлт-

шылдар» емес, қазақы ортадан алыста, барлық білім мен тәрбиені орыс тілінде алған өрімдей жас жігіттердің алғаш рет батыл көтергендері кеудесінде намысы бар барша қазақты жігерлендіріп, ұйқылы-ояу жүргендерін оятып, өздерінің кім екендерін, ертең кім боларын ойлауды естеріне сап, көңіл көздерін ашып кеткендей болды».

Адамзат тарихында не істелінсе де Ұлттық мүдде үшін істеледі.

Жас тұлпардың тұяғының дүбірінен ояңған Ұлы дала төскейіндегі қазақ жастары ештеңеден тайынбауға айналды. Әділеттілік жөніндегі пікір-ойлар, жастұлпарлықтарды көріп, сөздерін есту елдің түкпір-түкпірінен келген жастарды бұрынғыдан да қатты рухтандыра түсті. Адам өз еркіндігі үшін талпынып, аяңбай күреспесе болашағының күмәнді, көмескі бола беретіндігіне көздері әбден жетті. Қазақ жастары жастұлпарлықтардың ықпалымен қоғамдық өмірге белсене араласып, болашақтары үшін күреске шықты.

Қозғалыстар бейбіт түрде студент жастардың әр түрлі министрліктер мен ведомстволарға, партия-кеңес органдарына кемшіліктерді айтып арыз-хат жазуымен басталды. Студент жастар институттар мен техникумдарда дәрістер қазақ тілінде жүргізілуін сұрады. Министрлік пен ректораттарына тарих, химия, физика, биология сабақтарын қазақ тілінде өткізуін болашақ дәрігерлер көптеп талап етті. Алматы дәрігерлік институтының I курс студенттері жастұлпарлықтармен кездесулерінен кейін талаптары орындалғанша сабаққа бармай қойды. Бұл іс-әрекетті Қарағанды, Целиноград, Ақтөбе дәрігерлік институттарының студенттері қолдады. Қазақ тілінде дәріс жүргізу тілек-талаптарының көптігі сонша ректорлар саяси ахуалдың шиеленісінен қорқып, жекелеген пәндерді қазақша өткізуге талпыныстар жасады.

Қазақстанның барлық аймағында, жұрттың жиналған жерлерінде ұлт мәселесі, ана тілі, оқу мәселесі жөніндегі пікірлер ашық айтыла бастады. Әсіресе, тың игерудің әсерімен орыстандыру саясаты күшті жүргізілген солтүстік, орталық Қазақстанда ұлт мәселесі шиеленісуге дейін барды.

Қазақ мектептерінің жабылуы, институт, техникумдарда қазақ бөлімінің болмауы былай тұрсын, билік орындарында көрер көзге қиянаттықтар жасалынды. Қазақ ұлтының өкілі бірінші басшы бола алмады. Жұмыс, кезекпен пәтер алу тағысын тағылардан қазақ жастары шектелді. Тың игеру демографиялық ара-қатынасты өзгерткеннен соң қазақтың сан көрсеткіші азайғаны басты сылтауға айналды. Өрескел кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін орыс тілді, аралас некелі қазақтарға көп мүмкіндіктер жасалды.

Басшылық қызмет, партия совет ұйымы жұмыстарына қазақ болып жазылған, орыстілді азаматтарға қолдау көрсетілді.

Қазақ болмысы «тың және тыңайған жерлерді игерудің» құрбандығына шалынған Орталық және Солтүстік Қазақстан облыстарының жастары арыз-хагтардан еш нәтиже шығара алмағандықтан өздері әрекеттерге кірісті. Жастұлпарлықтардың ықпалымен Алматы дәрігерлік институты студенттерінің қазақша дәріс алу туралы жеткен жетістіктері студент-жастар қауымына қатты әсер етті.

«Жас тұлпар» ұйымы үлгісіндегі бірлестіктер студент жастар арасында құрыла бастады. Целиноград дәрігерлік институтының 2 курс студенттері «Оян, қазақ!» атты ұйым құрды. Бірлестікті құрған қазақтың 18 жасар қызы Гүлжан Ғазизқызы Бейбітова еді. Ақмола облысы Бестөбе кенішіндегі жанұядан шыққан намысты, өр мінезді қыз группалас құрбыларымен студенттер арасында беделге ие болады. Қазақ және орыс тілдеріндегі «Оян, қазақ!» атты үндеуді бөлмелес құрбысы Сәлима Қасымова екеуі қолдан көшіріп көбейтіп, Целиноград қаласындағы студенттік жатақханаларға таратады. Үндеудің мәтінін Гүлжан Бейбітова өзі жазады. Енді «Оян, қазақ!» ұйымы үндеуінен үзінді беріп көрейік:

«Қазір қазақ халқын толық орыстандыру саясаты жүріп жатыр. Қазақ мектептері жаппай жабылуда. Балабақшаларда бүлдіршіндер таза орыс тілінде тәрбиеленеді. Барлық жерде бірдей қазақ тілінің қолданыс аясын қасақана тарылтып, бірте-бірте ұлттық тілімізді мүлде жойып жіберу науқаны белең

алған. Ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміз өгейсіп барады. Ұлт өкілі ретінде партия, совет және комсомол қызметінде жүргендер халық мүддесі үшін бір ауыз жылы сөз айта алмайды. Қазақша қойылған есімдерінен бас тартатын балалар көбейді. Бізге ұлттық болмысымыздың болашағы үшін, туған тілімізді сақтап қалу үшін күресетін кез келді. Конституциялық құқығымызға сәйкес талап етеміз: қазақ тілі мен мәдениетіне, ұлттың дәстүрі мен діліне қысым көрсету тоқтатылсын!.. »

Осындай мағынадағы үнпарақтардың студент-жастар арасына таратылуына «Оян, қазақ» ұйымының белсенді мүшелері Жақсылық Сәрсембаев, Ақбаян Малдыбаева, Жібек Байтышқанова және басқалары ат салысты.

Бұл жерде Гүлжан Ғазизқызы Бейбітованың өскен, өнген жеріне, тектілігіне тоқтала кеткен жөн.

Өнегелі, ұлтшыл жанұяда өскен Гүлжан Бейбітова қаршадайынан бойына халқының ұлттық құндылықтарын сіңіре білді.

Қазақ КСР түсті металлургия министрлігіне қарасты кен орындарында ғұмыр бойы партиялық және басшылық қызмет атқарған әкесі Ғазиз Бейбітовтің жұмыс бабына байланысты Бестөбе, Жолымбет, Ақсу сияқты алтын өндірісі кенттеріне қоныс аудара жүріп, ол өз жерінде өздері өгей ұлтқа айналған қазақ халқының қасіретін бала көңіліне түйіп, жас жүрегіне тоқып өсті.

Елуінші жылдардың басында Бестөбе кентіндегі балалар бақшасының табалдырығын алғаш аттағалы тұрған Гүлжанға әкесі: «Балам, балалар бақшасының тәрбиешілерінің барлығы басқа ұлт өкілдері. Олар сенің есіміңді өзгертіп, басқаша Галя, Гуля деген сияқты орысша атайтын болса, келісіміңді берме», деген еді. Айтқандай-ақ, ертеңіне балабақша тәрбиешісі Людмила Александровна Шпанберг Гүлжанды оңаша шақырып алып: «Давай мы тебя в садике будем называть Гулей. Гуля очень хорошее имя» демесі бар ма! Нет, мне не надо никакая хорошая имя. Меня зовут Гулжан», - деді қаршадай қыз тәрбиешіге тура қарап. Тура қарсылық-

тан тосылған тәрбиеші қайта-қайта басын изеп, тұтығып қалады.

Жасырын ұйымдар жастар арасына Конституция негізінде ұлттық құқықтарымызды қорғайық, орыстануға тосқауыл қояйық деп үнпарақтар таратып, үгіт-насихаттар жүргізді. «Жастұлпар» ұйымы мүшелерінің сөздерінен нәр алып, қанаттанған Алматы қаласында оқитын студенттер елдеріне барып, жастардың басын қосып, жасырын ұйымдар құрды.

Алматыдан келген заң факультетінің студенті Ж. Кемелханов Гурьев облысындағы жерлестері арасында «Ұшқын» жастар ұйымын құрды. Ұйым мүшелері үгіт-насихат барысында қазақ жерлерінің тарихи атауларын өзгертуге, мекемелерде іс-қағаздарының орыс тіліне көшуіне қарсы шықты. «Ұлттық мүдде қорғалмаса Конституция негізінде Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан шығуы керек», - деп есептеді. Мәскеуге Компартияның Орталық комитетіне хат жазып Конституция баптарының бұрмаланып жұмыс істемеуін, өкіметтің жергілікті халықпен санаспауы, қазақ тілін дамытпай отырғанын айтты. Хатта: «... нет никакой Казахской Республики. В учреждениях делопроизводство ведется не по-казахски, а по-русски. Учеба в высших учебных заведениях - на русском языке. Переименовываются по-русски названия казахских земель». Хаттың соңында Кемелханов Жаңабай болашақ заңгер, Конституция негізінде Қазақстанды Кеңес Одағының қатарынан шығарындар деп талап қойды.

Қызылорда қаласы педагогикалық институтының студенті Ш. Садықов Алматы қаласына барып, «Жас тұлпар» ұйымы мүшелерінің сөзін естігеннен кейін, өзінің курстастарының арасында жасырын ұйым ашпақшы болып үгіт-насихат жүргізіп жүрген кезінде КГБ тұтқындады.

Ташкент байланыс институтының студенті Мырзабеков Қостанай қаласында «Жас түлек» ұлттық ұйымын құрды. Ұйым мүшелерін КГБ талқандады. Жастар өздеріне тағылған ұлтшылдық айыбының басты себебін «Орыстың отаршылық шовинизміне қарсы іс-әрекеттен» шықты деп жауап берді.

Ресейдің Горький қаласындағы Су көлігі инженерлері институтының студенті С. Абылханов, Мәскеудің Мұнай институтының студенті У. Орынбасаров және Қарағанды қаласы дәрігерлік институтының студенті М. Кейін жастұлпарлықтар үлгісіндегі жасырын ұйым ұйымдастырып жүрген кездерінде ұсталып, оқуларынан шығарылды.

Ал Павлодар қаласының мектеп мұғалімі Р. Нұрбасаров деген азамат Павлодар және Ермак қалаларында құрамында 29 мүшесі бар жас балалардан жасырын «Жас ұлан» ұйымын құрады. Ұйым бір жыл бойы үгіт-насихат жүргізіп, Павлодар, Ермак қалаларының атауын өзгертуге шақырады. Ермактың шапқыншылық-жаугершілік жорықтарын әшкерелейді. «Бабалар туын көтерейік» деп үнпарақ таратып, өкіметтің саясатына қарсы шығады. Ұйымның жарғысы, жұмыс жоспары болды.

«Жас тұлпар» ұйымының ықпалында тек студенттер ғана емес, қазақтың жас маман, жұмысшы ұл-қыздары да болды. Олар да бірігіп, өз мүдделерін қорғай бастады. 1969 жылдың күзінде Өскемен, Лениногорск және Семей қалаларының зауыт – фабрикаларынан жұмыстан қуғындалып, шығып қалған 75 жас маман бірігіп, «Ұлт мамандары құқығын қорғау әділет тобын» құрды. Бұл өз құқықтарын қорғау үшін құрылған қазақ техникалық жас мамандарының бірігуі болды. Халыққа таратқан үндеулерінің бірінде орыс тілінде: «Мы столкнулись с рядом фактов, когда руководители предприятий нагло оскорбляли и смеялись над нами и в настоящее время не трудоустраивают нас. В связи с этим мы решили сами вести работу, поэтому решили организовать подпольную типографию, дать политический бой», - деп жазды.

Жастармен бірге зиялы қауым арасында, әсіресе творчестволық қауым ақын-жазушы, музыканттар, суретшілер, институт мұғалімдері арасында өз пікірлерін ашық айтатын адамдардың саны көбейді.

1969 жылы Қостанай облысының жас бухгалтер маманы К. Ажибаев қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын, жеке Қазақ

мемлекетін құратын жасырын ұйым құруға талпынып, КГБ қызметкерлерінің құрығына ілікті.

Сонымен бірге Целиноград қаласында Кеңес Одағының «тың және тыңайған жерлерді игеру» саясатына және Тың өлкесінің Ресей Федерациясына қосылуына қарсы жастардың «Тың Тұлпар» жасырын ұйымы жұмыс істеді. Семей қаласындағы «Тайшұбар» ұйымы «Тарихқа әділеттік керек!» деген ұранмен Шәкәрім мен алаш зиялыларына творчестволық ақтау жасап, еңбектерін кітап қылып басып шығару керек деп үгіт-насихат жүргізді. Атом қару-жарағын сынауға да қарсылықтарын білдірді.

Тәуелсіздік алуды мақсат етіп бір жылдай жұмыс істеген жастардың «Жас қазақ» ұйымы Қарағанды қаласын ғана емес, облыс төңірегін қамтып, кезіндегі ЕСЕП партиясының мүшелерімен байланыс жасады. Ұлттық мұратқа тарихи сабақтастық негізінде жеткілері келді. Бірақ сол 60-шы жылдары құрылған ұйымдардың ғұмыры ұзаққа бармады. Олардың аяқтарын КГБ қия бастырмады.

Жастардың жасырын ұйым ұйымдастыруын, ұлттық мүдде, ұлттық мәдениет, қазақ тілі жөнінде жүргізген жұмыстарын көпшілік жұрт та әр түрлі қабылдады. Студенттер институттан шығып қалу қаупінен қорықса, үлкендер жағы бала-шағаның қамымен бас сауғалады.

XX ғасырдың 60-шы жылдарының екінші жартысы 70-ші жылдардың басында ұлттық болмысқа әсерін тигізген ғылыми зерттеулер, ақын-жазушылардың тарихи тақырыпқа жазылған шығармалары жарық көрді. Бұл тарихи сабақтастықты үзбей, жаңаруға ұмтылған ұлттық серпілу кезеңі болды. Әсіресе қоғамдық ғылымдар тарих, археология, әдебиет саласында үлкен жаңалықтар ашылып, айтылмай келген тақырыптар жария етілді. Әлкей Марғұлан «Беғазы – Дәндібай» мәдениетінің көзін ашса, Кемел Ақышев «Алтын адамды» тапты. Илияс Есенберлин, Мұхтар Мағауин, Софы Смағайтардың тарихи тақырыптағы шығармалары жарық көрді. Қызыл империяның алып күшіне қарсы тұрып, жастардың сағының сынбауына ұлт зиялыларының тарихи шығармалары

тірек болды, жігер отының қайнар көзін де сол шығармалардан алды. Қандарына сіндірді, нәрімен бойларын қатайтты. Қазақ болмысы жаңа белеске көтерілді. Бүкіл түркі әлемінің тарихи - рухани мүддесін қорғаған Олжас Сүлейменовтың атақты, қазақты қазақ қылған – «АЗиЯ»-сы дүниеге келді. Түркі халықтары мәдениетінің тамыры бір, сарқылмас көне көзінің бар екенін дәлелдеген бұл кітап ұлттың іздеп жүріп оқитын кітабына айналды. Халық рухани азыққа қарық болды. Болмыс серпіліп, сана оянды.

Әсіресе «Жас тұлпар» ұйымы іс-әрекеттерінен үлгі алып азаттық үшін күреске шыққан қазақ жастарына ғалым-жазушылардың еңбектері жәй рухани азық болып қана қойған жоқ, астыртын жұмыстарында пайдаланатын күрес құралына айналды. Жастар бұрын сақ, ғұн, түркі, үйсін, қаңлы, қыпшақ, керей, найман, жалайыр тайпаларының қазақ жерінде көне мемлекеттік құрылымдары болғанын оқулықтарға сүйеніп айтса, енді ғылыми зерттеулермен дәлелдеп айтты. 40 ғасырлық тарихы бар көне халық екенімізді, жер бетіндегі ең көне музыкалық аспаптың бірі – қара қобыздың бізде сақталғанын мақтан тұтты.

Қазақстан үшін жетпісінші жылдар табысты кезең болып есептелді. 10 жыл бойы орта есеппен жылына Кеңес Одағы мемлекет қорына бір миллиард астық тапсырылып отырды.

Байқоңыр космос кешені, Семей атом полигоны, уран өндіру саласындағы жетістіктер, қару-жарақ жасауға керекті түрлі-түсті металдар және басқа да көптеген шикізат пен ауылшаруашылық өнімдері Мәскеудегі Қазақстанмен есептесуіне мәжбүр етті. Кеңес Одағы экономикасында Қазақстанның орны ерекше зор болды. Хрущев Қазақстанды бөлшектеп біраз аудан-облыстарын Ресей, Өзбекстан, Түркіменстанға қосуды мақсат етсе, Брежнев билігі бұл әрекеттен бас тартты.

Дегенмен, ел басшылығы, мамандармен жұмыс істеу саясаты сыңар жақты, әділетсіз болды.

Қазақстандағы өнеркәсібі дамыған үлкен облыстарға бірінші басшыларды Мәскеу өз адамдарын жіберіп, тек

кана соларды тағайындады. Жергілікті мамандарды есепке алмады, сенімсіздік көрсетті. Бұл басшылар билікте кемінде он бес, жиырма жылдан қозғалыссыз отырды. Қостанайда – Бородин, Целиноградта – Кручина, Шығыс Қазақстанда – Протозанов, Павлодарда – Исаев, Солтүстік Қазақстанда – Степанов және басқа да обкомның 1-ші хатшылары тікелей Кремльмен жұмыс істеді. Қазақстанға формальды түрде ғана есеп берді.

Қазақстандағы атом өндірісіне КСРО-нің Средмашстрой министрлігі басшылық етті. Степногорск, Приозерск, Төре-там, Семей полигонындағы Курчатов сияқты жабық қалалар Мәскеуге ғана бағынды.

Республикада қазақтардың саны 40 пайызға жетпеді. Солтүстікте жағдай мүлде мүшкіл болды. Облыс орталықтарында қазақтардың саны 20 пайыздан аспады. Бұған жасырын нұсқаулар әсер етіп отырды. Ұлттың ара салмағы үйге тіркеу – прописка арқылы реттелді.

Қазақ ұлтының саны Петропавл қаласында 15 пайыз, Целиноградта- 18, Өскеменде -11, Степногор қаласында 3 пайыз ғана болды.

Сондай ақ, қару-жарақ зауыттарына қазақ ұлты басшылық қызмет тұрсын, жәй жұмысқа да алынбады. Баспана мәселесі де мүсәпірлік деңгейде болды. Отырсаң опақ, тұрсаң сопақсың. Қазақ шет жақтағы үйдің бірінші, бесінші қабаты тигенге ғана мәз болды.

Өмір тауқыметі көп нәрсені өзгертеді. Қаттынды жұмсартады, иіңді илеп, сағыңды сындырады. Заман талабына сай көндігіп, көмпістікке айналу, кімнің тарысы піссе, соның торғайы болу да бар. Бірақ қазақ ертеңін ойламай қалған емес. Ең бастысы баланы жақсы көріп, жақсылыққа тәрбиелеу көпшілік үшін әкелік міндет те, аталық мәртебе.

Осы жылдары жастұлпарлықтар оқуларын аяқтап Қазақстанға оралды. Олардың көбі Алматыға келіп еңбек жолдарын бастады. «Жас тұлпар» ұйымының жұмысы жаңа деңгейде, ұлттық сананың оянып, ұлттық рухтың көтерілген кезіне сай жалғастырылды. Алматы қаласы саяси күресте

ұлттық болмысты шындаудың қайнаған қазанына айналды. Қазақ болғысы келген адам Алматыда тұруды армандады. Жетпісінші жылдары ұлттық сананың оянғаны Алматы қаласының әлеуметтік-мәдени өмірінен анық көрініс тапты. Абай ескерткіші, Әуезов мұражайы, Медеу мұз айдыны, Көктөбе – ұлттық мақтаныш символы болып көрінді. Саяси өмірдегі «Жас тұлпар» ұйымының Қазақстанды толық қамтып, құлашын кең жайған серпілісі – бәрі-бәрі жиылып келіп ұлттық сана теңізіне ағын болып құйылды.

Кезінде Семей Алаш азаматтарының орталығы болса, енді елу жылдан кейін Алматы қаласы жастұлпарлықтардың, бар қазақтың жүрегіне айналды. Алматыда баласын оқытуды қазақ арман қылды. Әр қазаққа Алматыны көру, өз ұлттылығын сезіну – болмысындағы енді оянған ұлттық психологияның қажеттілігі болды.

Көктөбе мен Медеуді күндіз аралап қазақшылығыңды биіктетсең, кешкісін Абай, Әуезов театрларының біріне барып, ана тіліңнің шұрайына қанығасың. Алматының сылдырлап аққан арығындағы суы да, ағашы да, иісі мұрын жарып өсіп тұрған апорты да «мен қазақтыкімін» дейтін. Алатаудың басы ағарып, ауылдың ақсақалына ұқсап мейірлене қарағандай еңсенді көтереді. Қазақтың студент жастары Алматыда өздерін Қазақстанның басқа жерлеріндегідей емес еркін сезініп, намыстарын жоғары ұстай білді. Сондықтан да шығар қандарында еркіндіктің лебі қалған ата-аналар екі сиырының бірін сатып, аузындағысын жырымдап балаларын Алматыға оқуға жіберді.

Алматыда оқитын бір студенті бар ауыл сол төңіректің мақтанышына айналып, аты бәйгеден озып келгендей жас баладан, еңкейген кәріге дейін қуанатын. Өйткені Алматы қазақтың жайсаңы мен жақсысы жиналған, елдің болашағының қайнар көзі саналды. Ол жерде білім алған бала ұлтына қызмет ететін болашағы жарқын азамат болатынына жұрт сенді. 1970-ші жылдары Алматы қазақ жастарының арман қаласына айналды. Ұлтым, жұртым, елім дейтін бар қазақ Алматыны мақтаныш тұтты. Әсіресе студент жастарға

пейіштей әсер етті. Алматыны көрмеген елдің адамы өзін қазақпын деп санай алмады. Абай ескерткішін көріп оның рухына бас имеген, Алаш зиялылары жүрген жерлермен жүріп ой – пікірін өңдемеген бірде-бір жас қыз бен жігіт болмаған шығар. Шыңын аппақ қар басқан кәрі Алатаудың аясында жүру де бір ғанибет...

Алматыда оқитын жастар ғана емес, жәй демалыста, не жолай бола қалған адамның өзінде ішін кернеген ұлттық сезім пайда болады. Жастардың көз жанарларынан айтпаса да «мен қазақпын» деген мақтаныш отын көресің. Алматыға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жастар жастұлпарлықтардың демалатын мекені Аққу кафесіне соқпай тағы кетпейтін. Өкімет Алматыдағы қазақтың санын көбейтпеуге қанша шара қолданғанымен ұлттық даму үрдісін тоқтата алмады. Үйге тіркеу, баспана жоқтығы да жастардың сағын сындырып, Алматыдай бас қаласынан кетіре алмады. Өйткені Алматы қазақ рухының шыңдалатын, ұлттық сана-сезімнің қалыптасатын жер ұйығы – жүрегі болды.

Жастұлпарлықтардың талай жылдан жастарды білім алуға, зиялылыққа, ұлтты сүйеге шақырып жүргізген үгіт-насихаттары өз жемісін республика көлемінде бере бастады.

70-жылдардың басында «Жас тұлпар» қозғалысының ықпалымен қазақ студент жастарының арасында Тәуелсіздікті мақсат еткен жасырын ұйымдар көбейді. Алматыда «Сарыарқа», Шымкентте «Адыр бөлтіріктері» және тағы басқа астыртын студенттік ұйымдар бостандықты, азаттықты насихаттап үгіт жүргізді, үнпарақтар таратты. Жастарды Тәуелсіздік үшін күреске шақырды. Бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған жер-анамыздың байлығын ұрпақ игілігіне жаратуға үгіт жүргізді.

«Жас тұлпар» ұйымының ықпалы, салған ізін КазГУ-дің тарих факультетінің студенттері жалғастырды. 1972 жылдың күзінде 1 курс студенттерінің комсомол жиналысында жастарды елең еткізген оқиға болды. Бір топ студенттер жиналыста қазақ тілінде дәріс берілмейтінін, оқулықтардың жоқтығын, қоғамда әділеттіліктің орнық-

пағанын айтып, осы мәселелерді шешуді талап етті. Бірақ, жиналыста айтылған бұл мәселелер шешілмеді. Қайта осы сұрақтарды күн тәртібіне қойғызып, дауысқа салғызған I курс студенттері қуғындалып, жатақханадан шығарылды. Әділдік іздеген жастар, социалистік идеологияның тоңмойын саясатының дәмін татты. Жалпы наразылық біразға дейін басылмай, таң атқанға дейін жатақханада пікір таласулар болып біртіндеп саябырлады. Қызыл қырғынды, жеке басқа табынудың сорақылығын, сұрапыл аштық пен соғысты көріп, ой-саналары үреймен уланған ата-әже, әке-шешелерінің қорқынышы ұрпағының бойында оянды. Көпшілік студенттердің бойын үрей биледі. Бірақ, бір топ сағы сынбаған жігерлі студенттер оңашаланып, қайта бас қосты. Қазақтың болашағы қандай болуы керектігі жөніндегі құпия әңгімелер көбейді. «Жас тұлпар» ұйымындай топ немесе бірлестік құру жөнінде ұсыныстар жасалды. Жас тарихшылар Лениннің ұлттық саясат жөніндегі еңбектерін бірігіп оқып, пікір алысты. Өткен тарихқа көз салды, қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарынан айырылып бара жатқанын айтты. 10 студент бірауыздан: «өкімет ұлттық саясатты дұрыс жүргізбей отыр. Сондықтан ұлт мәселесін шешу үшін республика -Тәуелсіз Қазақ мемлекеті болуы керек!» – деген шешімге келді. 1972 жылдың қараша айында құрамында тарих факультетінің 10 студенті бар «Сарыарқа» ұйымы құрылды. Бұл ұйымға 1-ші курс студенттері - Б. Төлебаев, Т. Сұлтанова, А. Тоқпанов, Б. Нысанбаев, В. Китонина, Р. Шүленова, Ә. Әлпейісов, А. Қалиев, Б. Тойшыбеков және Қ. Лесбековалар мүше болды. Ұйымның жарғысы, бағдарламасы жазылып қабылданды. Екі бөлімнен тұратын бағдарламада түпкілікті мақсат Тәуелсіз қазақ мемлекетін құру, ана тілге, ұлттық мәдениетке, әдет-ғұрыпқа ерекше мән беру, Біріккен ұлттар Ассамблеясына мүше болу, дүние жүзіндегі қазақтарды өз тарихи отанына көшіру басты мәселелер деп көрсетілді. Біртіндеп Виноградов көшесінің 88-ші үйіндегі тарихшылар жатақханасы саяси айдын аренасына айнал-

ды. Уақыт толқыны сол айдынның бетіне жастұлпарлықтардың ізін қуған жаңа буын жастарды алып шықты.

Сарыарқалықтар Алматыдағы Орталық кітапхананың көне фондына арнайы рұқсат алудың жалын тауып, жиырма-сыншы-отызыншы жылдардағы газет-журналдардан Алаш зиялыларының мақала-шығармаларымен танысты. Алаш азаматтарының қызыл империяның қуғын-сүргініне қарамай, көне тарихты зерттеу арқылы ұлт санасына шежірені құйып, кімнің кім екенін кейінгі ұрпаққа айтып кеткендерін үгіт-насихаттарында пайдалана білді.

Ұйымға мүше, ой жосығы өрістес бір курстағы жас тарихшыларды Тәуелсіздіктің арманы жақындатып, күрес жолына әкелді. «Сарыарқа» ұйымының мүшелері Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген жастар еді.

Бұл ұйымның ерекшелігі – көп ұлтты құрамда болды. Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күрескен жасырын жастар ұйымының ішінде басқа ұлт өкілдері осы «Сарыарқа» ұйымында ғана болды. Татар қызы Талима, бурят қызы Вера Қазақстан тәуелсіздігі Орталық Азиядағы барлық ұлттарға азаттық алуына көмектеседі деп сенді. Бірақ бұл қыздар басқа ұлт өкілі бола тұра Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күрескендіктен, КГБ тарапынан қуғын-сүргінді көп көрді. Кейін бурят қызы Вера саяси көзқарасы үшін Улан-Удэ қаласында жүйке аурулары емханасына жатқызылды. «Сарыарқа» ұйымы мүшелері Алматы қаласының студенттік жатақханаларында, қоғамдық көпшілік орындарында театрларда қазақ халқына үндеу үнпарақтарын таратты. Қазақстанның басқа қалаларындағы студенттік жасырын ұйымдармен байланыстар орнатуға тырысты. Шымкент қаласындағы «Тұлпар» ұйымымен бірігіп жұмыс істеді.

«Сарыарқа» ұйымының жұмысы жөнінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне КГБ-ның берген ақпаратында былай айтылады:

...что 3 января 1973 года в Казахском драматическом театре им. М. Ауэзова в г. Алма-Ате перед началом спектакля были распространены среди зрителей листовки под

названием «Обращение к казахскому народу» от имени организации «Сарыарқа», в которых указывалось, что казахский народ подвергается русификации, его язык, культура и обычаи подавляются. Все листовки были отпечатаны на пишущей машинке». Осы үнпарақ негізінде КГБ «Сарыарқа» ұйымы мүшелеріне сырттай қылмысты іс қозғады. Жас тарихшылар құпия жұмыстың қыр-сырына қанығып, әккіленіп іздерін жасырып жүрді. «Сарыарқа» ұйымы мүшелерін КГБ тек 1977 жылдың маусымында ғана ұстап, тергеу жүргізді. Іс сотқа жетпей уақытша тоқтатылды. Бұған екі себеп болды. Бірі уақыт өтіп кетті және ол кезде «Сарыарқа» ұйымы жұмысын тоқтатқан. Ал екіншісі, ең басты себебі компартия Қазақстанды «ұлттар достығы лабораториясына» айналдырып, басқаға социалистік интернационалистік тәрбиенің нәтижесін үлгі қылып отырғанда, ұлтшылдық ұйымының болуы жат нәрсе.

«Организация «Сары Арқа» в составе 10 человек была создана осенью 1972 года по инициативе студентов 1 курса исторического факультета Каз

ГУ Тулебаева Б. К. и Алиевой Т. Т. Программой и уставом организации предусматривалось проведение культурно-просветительской работы в среде казахской молодежи, пропаганда казахского языка и культуры, в конечном итоге отделение Казахстана от СССР, указывалось на необходимость создания аналогичных группировок в других городах республики. Студенты Тулебаев, Султанова и Токпанов входили в так называемый «Центральный комитет» этой организации. Их участники выработали программу и устав: цель группы - отделение Казахстана от Советского Союза. Группой было проведено 8-9 заседаний, где обсуждались вопросы политической системы в нашей стране и в западно-европейских странах, международные события, национальный вопрос. Розыск участников организации велся до 1977 года»

1973 жылы қылмысты іс қозғалған «Сарыарқа» ұйымының мүшелері елдегі саяси жүйенің өзгеруіне байланысты,

Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, 1992 жылы ғана толығымен ақталды. Бұл жөнінде Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін Бас Прокуратура төмендегідей шешім қабылдады:

Постановление

об изменении основания прекращения уголовного дела

25 июня 1992г

г. Алма-Ата

Прокурор отдела по надзору за исполнением законов в органах КГБ, таможни и особо режимных объектах старший советник юстиции Орумбаев И. М., рассмотрев материалы уголовного дела №19Ф-Т6

УСТАНОВИЛ:

3 ЯНВАРЯ 1973 г. в зрительном зале Казахского театра драмы имени М. О. Аууэзова в г. Алма-Ате, после начала спектакля, неизвестное лицо распространило среди зрителей листовки под названием «Обращение к казахскому народу» от имени организации «Сары-Арка» («Золотая степь»)

В листовке содержались высказывания о недостаточном уровне подготовки национальных кадров ввиду нехватки учебников на казахском языке, национальных начальных средних и высших учебных заведений, содержались призывы к сохранению культуры и обычаев казахского народа, созданию независимого государства Казахстан. Все листовки были отпечатаны на пишущей машинке на русском языке.

4 января 1973 г. по данному факту было возбуждено настоящее уголовное дело по признакам преступления, предусмотренного ст. 170-1 УК Каз. ССР.

В процессе расследования дела установлено, что в октябре-ноябре 1972 года группа студентов 1 курса исторического факультета Казахского государственного университета создала кружок под названием «Сары-Арка» в которую входили: Тулеубаев Б., Нысамбеков Б., Султанова (по мужу Алие-

ва Т.) Китонова В., Лисбекова Х., Токпанов А., Чуленова Р., Тойшибеков Б., Альпеисов А., Калиев А.,

Участники кружка имели выработанную программу, предусматривавшую изучение ими трудов К. Маркса и В.И. Ленина по национальному вопросу, экономической и социологической литературы, создание независимого государства Казахстан. Было проведено несколько занятий, на которых рассматривались вопросы изготовления листовок, проводились диспуты. Некоторые занятия оформлялись протоколами.

22 ноября 1977 года ст. Следователем по особо важным делам СО Абеновым, раппсследовавшим данное уголовное дело, дело было прекращено на основании ст. 45УК Каз. ССР, т. е. вследствие изменения обстановки.

Основание прекращения данного дела подлежат изменению т. к. возбуждение уголовного дела по факту изготовления и и распространения листовок под названием «Обращение к казахскому народу» носило неправомерный характер и его прекращение по ст. 45УК Каз. ССР, в соответствии с ст. 14-2 УПК КССР требовало на это согласие прокурора, что СО КГБ получено не было.

Более того, диспозиция с. 170-1УК Каз. ССР. предусматривало изготовление или распространение в письменной или иной форме заведомо ложных измышлений, порочащих советский государственный строй. Из содержания «Обращение к казахскому народу» этого не усматривается.

Установлено, что участники группы «Сары-Арка» обоснованно констатировали в листовках недостаточность в республике национальных школ, учебников на казахском языке, необходимость бережного сохранения культуры казахского народа, ставя своей задачей создание независимого государства Казахстан.

Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР от 14. 04. 89г. ст. 170-1УК Каз. ССР исключена из кодекса.

На основании изложенного, руководствуясь ч. 1ст. 179 УПК РК.

ПОСТАНОВИЛ:

Уголовное дело № 19Ф-Т, возбужденное по факту изготовления в г. Алма-Ате листовок под названием «Обращение к казахскому народу» в январе 1973г. прекратить на основании п. 1ст. 14УПК РК., т. е. за отсутствием события преступления.

Прокурор отдела по надзору за исполнением законов в органах КГБ, таможни и особо режимных объектах старший советник юстиции Орумбаев И. М

Қуғын-сүргін көрген сарыарқалықтардың қолына Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күрескені жөніндегі қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы прокуратура шешімінің көшірмесін ғана берді. Кешірім сұрағаны былай тұрсын, не «мә», не «жә» деуге жарамады. Қазақстанның Тәуелсіздігі жолындағы әрекеттері үшін 19 жыл КГБ-ның бұғалығы мойындарында болып, қуғын-сүргін, азапты айлар мен жылдарды бастарынан өткізген жастар бүгінде ортамызда жүр...

Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтының студенттерінен құралған «Адыр бөлтіріктері» кейін «Жас тұлпар» ұйымынан ұқсастық іздеп «Тұлпар» атанды. Мектеп қабырғасында жүрген кездерінен бастап саяси астыртын жұмыс істеген бұл топ, бірнеше жыл Қазақстанның оңтүстік өңірінде үгіт-насихат жүргізді. Ұйым мүшелері «Сарыарқа» ұйымымен тығыз байланыста болып, Алматы және Шымкент қалаларында бірлескен мәжіліс кездесулер өткізді. «Тұлпар» ұйымының бірнеше жылға дейін ұсталмай жүруіне «Сарыарқа» ұйымының «құпиялық сыры» тактикасының әсері тиді. Шымкенттік жастар, «Тұлпар» атына сай қоғамдық қозғалыста замандастарының естерінде қалатындай істер атқарды.

Жастұлпарлықтардың ықпалымен ұйымдастырылып, жасырын жұмыс істеген қазақ жастары ұйымдарының ішінде асрыарқалықтар мен тұлпарлықтар 1972 жылдың өзінде бағ-

дарламаларында Қазақстан тек Тәуелсіз мемлекет болғанда ғана қазақ ұлтының барлық мәселелері дұрыс шешіледі, ұлттық құндылықтар қайта жанданып, заманға сай дами алады деп көрсетті. Бұл екі ұйымның басқалардан ерекшелігі де, артықшылығы да осында.

Жетпісінші жылдардың тағы бір ерекшелігі саяси режиммен жекелеген азаматтардың да күрескендігі. Әлі де компартияның әділдігінен үміттерін үзбеген жеке азаматтар өз ойларын, қоғамдағы келеңсіз кемшіліктерге көзқарасын Орталық Компартия комитетіне арыз етіп жазды. Бұл арыздар қайта айналып, шағымданған адамдарға таяқ болып тиіп жатыр. Енді бір азаматтар қызыл империя диктатурасына қарсы үнпарақтар жазып, халық арасына таратты. Әрине бұлардың бәрі де КГБ-нің құрығына ілікті. 170 - статья, яғни саяси жүйеге қарсы шыққаны үшін қуғындалды, сотталды. Кейін осындай азаматтардың арасынан белгілі қоғам қайраткерлері шықты. Елге белгілі Хасен Қожахметті мысалға алып, айта кетсек артық болмас. Хасен Қожахмет Есік қаласынан арнайы келіп, жастұлпарлықтармен тікелей байланыс жасаған. Мұрат Әуезовпен жақын араласып, саяси көзқарасын шыңдаған азамат.

Қанында қасиет, кеудесінде рухы бар азаматтар қазақ топырағында қашанда дүниеге келіп отырған. Кейін Хасен Қожахмет Кеңестік жүйеге қарсы күресте екі рет сотталған «диссидент» ретінде Хельсинкидегі саяси тұтқындар тізіміне кірді. Мұндай тізімге кірген екі қазақтың біріншісі Махмет Құлмағамбетов те, екіншісі осы Хасен Қожахмет болды.

Жетпісінші жылдардағы жастардың астыртын жұмыстары негізінен бірге оқитын, өздері жақсы білетін дос жарандардың бірлескен тобы болды. Елдегі келеңсіздіктерді себеп қылып пікір алысулар біртіндеп саяси іс-әрекеттерге әкелді. Бірге оқитын студенттер арасында үгіт-насихаттар жүргізілді. Техникалық мүмкіншіліктердің жоқтығынан өз қолдарымен үндеулер жазып, үнпарақ таратты. Социалистік жүйенің ұлттық саясатын отаршылыққа теңеп әшкереледі.

Жастарды, жалпы қазақ халқын Тәуелсіздік үшін күреске шақырды.

Жастардың жасырын үйірмелері ұзаққа бармады. Үнпарақ таратылу кезінде, не болмаса соған дейін-ақ бәрі де КГБ-ның құрығына ілікті. Студенттер бірден оқудан шығарылып, істі болды, саяси сенімсіздердің қара тізіміне ілініп, қатаң бақылауға алынды. Қазақстан Тәуелсіздігін алғанға дейін мұндай студенттерге қоғамнан өздеріне лайықты орын алуларына жол берілмеді.

Қазақ жастары жаппай көркем әдебиет оқып, өмірдің кейбір көлеңкелі тұстарына жауапты кітаптан іздеді. Коммунистік идеологияның ықпалында болса да қоғамдағы жағдайға көзқарасын өзінше қалыптастыруға тырысты. Ал кітап шығаруға мемлекет тарапынан бақылау қатаң сипат алды.

Олжас Сүлейменовтың «АЗиЯ»-сын жұрт оқып үлгерсе, Мұрат Әуезовтің басшылығымен шыққан «Көшпенділер эстетикасының» барлық данасы бірден жойылап оқырманға жетпеді. Бұл мақалалар жинағы көшпелі халықта мәдениет те, тарих та жоқ деген Компартия идеологиясына қайшы келді. «Көшпенділер эстетикасы» Алаш ұлтшылдарының кітаптарымен бірге қара тізімге ілікті.

Мұрат Әуезовті жастар «Жас тұлпар» ұйымын құрушы, азаттық қозғалысының жетекшісі ретінде білсе, енді ғалым-күрескер ретінде таныды. Олжас Сүлейменовпен бірге Мұрат Әуезов те студент жастардың кумиріне айналды. «АЗиЯ» мен «Көшпенділер», «Древняя культура Казахстана», «Кочевое общество казахов», «Древний Отрар», «Этнический состав и расселение казахов Среднего Жуза», «Этническая генегеография Казахстана», «Кочевое общество», тағы басқа да кітаптар кеңестік идеологияға қайшы делінді. Мұндай кітаптың авторлары, редакторлары да КГБ-ның бақылауына алынды. КГБ өзінің бір ақпаратында «Аз и Я» кітабына мынадай баға береді: «... в книге, основной идеей которой является попытка ревизовать всю древнерусскую и славянскую культуру, доказать, что истоки ее зародились в тюркских племенах, что именно тюркская цивилизация наиболее древ-

няя, допущены существенные идеологические и методологические ошибки. Как исследование она научно несостоятельна, написана с внеклассовых позиций, идейно порочная и может нанести ущерб интернациональному воспитанию молодежи».

Әрине, барлық авторлар мен редакторлар жұмыстан босатылды. Ғылым, білім, әсіресе жастарды тәрбиелеу салаларынан алыстатылды.

Мұрат Әуезов «Көшпенділер эстетикасы» кітабын құрастырып шығарғаны үшін қуғындалғанда жас-тұлпарлықтар бірліктілерін көрсетіп, намыстарын аяққа бастырмады. Олар қалыптасқан әдеттеріне басып, елге, халық арасына бет алды. «Мұрат Әуезовті жалғызсыратпаймыз» деген Марат Сембин бастаған жастұлпарлықтар жұмыстарынан шығып, Көкшетау облысы Уәлиханов ауданындағы Чапаев совхозына барып, үш ай жаз мәдениет үйін салды. «Жас тұлпардың» өте дарынды сәулетшісі Бекеш Шәкірбаев безендіру жұмыстарымен айналысты. Қалғандары оған көмектесті.

Жастұлпарлықтардың Көкшетау облысының түкпіріндегі Чапаев совхозын таңдаулары тегін емес еді. Бұл Ақмола, Павлодар, Көкшетау облыстарының тоғысқан, бір-бірімен аралас-құралас отырған Абылай аспас Арқаның асыл бөлі болатын. Уәлиханов ауданы бас біріктірген әдет - ғұрпынан әлі де толық айырылмағанымен, жақсы жаманы аралас өзіндік жаңа дәстүр қалыптастырған мекен. Арқаның салдық дәстүрін көрген, ән-күймен бірге бабалар батырлығы туралы жырлармен сусындаған елдің ұрпағы. Өткенді қаз-қалпында сақтай алмасада көргенін істеп, естігенін ұрпағына жеткізе алған жұрт. Әр адам бір ғұмыр болса, Көкшетау, Ертіс, Сілеті оңірі сапырылысып араласып, алысын жақындатып, жақсысын қадірлегенінен береке тапқан ел.

Сексен көлді Бұрабайды, Ертіс пен Сілеті өзендерін жағалай орналасқан қалың ел тың игерудің зардабын тартса да, әлі де ұлттық рухын жоғалта қоймаған.

Бұл Кенесарыдай ханының, Бөгенбай, Жантай, Атандай батырларының рухынан күш алып, Үмбетей, Бұхар жырау-

лардың жырлары мен Қазбек, Саккұлак, Мәшһүр Жүсіптей даналардың сөздеріне, Біржан сал, Ақан сері, Иманжүсіп, Естайлардың әндеріне шөлдерін қандырып өскен ел болатын. Бірақ соңғы он бес, жиырма жыл ішінде тың игерудің қасіреті елдің құндылықтарын жойып, ұлттық қасиеттерін кетіре бастаған.

«Жас тұлпарлықтар» жұмыс арасында ел аралап, қазақ тарихы мен мәдениетінен дәріс оқып, әңгіме айтып, төңіректегі ән салып, күй тартатын жастардың басын біріктірді. Бестөбе, Бөгенбай, Изобильный, Қайрат, Чапаев, Ертіс, Краснокут, Степняк елді мекендерінде өнерлі жастардың үйірмелері пайда болды. Ұмытылып, көзі көмескі тартқан ұлттық өнер қайта жандана бастады. Ұлттық сілкініс, қаңсырап қажыған жүректің түбіндегі ұлттық сезімді оятып, болмысты шыңдауға кірісті. Тың игерудің топалаңынан есін жинай алмай, қазақ мектептері жабылып, әбігерленген елде қайтадан қазақтың ән-күйі шалқыды. Елдің еңсесі көтерілді. Жастұлпарлықтардың елмен етене араласуларына сол елдің тумасы әдебиетші -ғалым Серік Негимовтың да орны ерекше болды. Жастұлпарлықтар ата-дәстүр салтымен мәрттік жасап, қастарына ерген елдің әнші жігіті Нәсиполла Назарұлына «Ақан серінің мұрагері екенсің» деп тапқан жалақыларынан жүйрік ат та мінгізді. Олардың сол Уәлиханов ауданында із қалдырып салған мәдениет үйі бүгінде халық игілігіне жарауда.

Ұлтжанды азаматтардың істері көпке үлгі болды.

Сол жылдары Абылай ақ туын тіккен Арқа елінің үлкенкішісі жастұлпарлықтарды ауыздарынан тастамай, аңыз қылып айтып жүрді. «Жас тұлпар» деген сөз арманшыл жастардың болашаққа деген қанатына айналды.

«Жастұлпарлықтардың» іс-әрекеттері ұлттық намысты оятып, қанды қыздырып, көне дүниенің күңгірі мен күрсінісін, дабылы мен дауылын Арқа жастарының жадына мәңгіге сіңдірді. Көпшілік ұлт болып ұйысуға, жұрт болып жұмылуға ұмтылды.

Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарының қазақтары

шоғырланып орналасқан аудандарында ашылған көркемөнерпаздар үйірмелері ел санасын оятып, қазақы рухты көтеруге көп әсерін тигізді. Осы елдің жастары негізінен төңіректегі білім ордасы Ақмола қаласындағы институттарға оқуға түсіп, елдегі қазақы рухты қалаға әкелді.

Ал Кеңес өкіметі Қазақстанның бес облысынан құрылған Тың өлкесін Ресейге қоса алмағанымен бұндай сұрқия ойларынан әлі де арыла қоймаған. Қазақ жерінің тұтастығын бұзып, болашақта Федеративтік құрылым жасау үшін «Неміс автономиясын» ашпаққа шешім қабылдады. Бұл сұрқиялық саясат іске асса, қайтадан Ұйғыр автономиясын құру, оңтүстіктегі Мақталы аудандарды Өзбекстанға қосу оңайға түсер еді.

Аштығына да, жоқтығына да көнген қазақ халқы сонау бағзы заманнан бері найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғалып, ата-бабадан мұра болып келе жатқан жер-анасына ауыз салғанға шыдап тұра алмады. Көп зұлымдық, көп қорлықтан мына зорлық ұлт ішіне тас шемендей қатып, ел жүрегін ыза кернеді.

Қазақ жерінен неміс автономиясын ашу жөнінде ЦК КПСС-тің жасырын қаулысы 1979 жылдың 31 май күні шықты. Жалпы Кеңес Одағында 1979 жылғы санақ бойынша 2, 5 миллион неміс ұлты болды. Оның 900 мыңынан астамы Қазақстанда шоғырланып тұрды. Ол кезде қазақтардың жалпы саны 6 миллион екенін, неміс автономиясы ашылатын жерлерде тың игеруден кейін өзгерген арасалмақтың кесірінен 20 пайыз ғана болғанын ескерсек, ұлт болашағының қиындайтыны сөзсіз еді.

Қазақстан басшылығы қаулыны орындауға шұғыл кірісті. Неміс облысын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болып Қазақстан Компартиясының 2-ші хатшысы Коркин сайланды.

Бұл шенеунік 1959 жылы Теміртау көтерілісі кезінде қатыгездікпен көзге түскен, «Металлургстрой» тресінің бастығы болатын.

Неміс автономиялық облысының ашылатыны жөнінде қазақ халқының пікіріне қараған ешкім жоқ. Ол жөнінде құпия

қаулымен ЦК КПСС-тің мүшелері ғана алдын-ала танысқан.

Қазақ жерінен неміс автономиясын ашу жөніндегі шешімді ЦК КПСС Қазақстан басшыларының келісімінсіз-ақ өздері шешті. Орталық аппараттың ұйымдастырушылық және үгіт-насихат бөлімдері Бас хатшы Брежнев атына мынадай ұсыныс жасаған:

Предложения

о порядке образования

Немецкой автономной области

в составе

Казахской ССР

1. Подготовить Указ Президиума Верховного Совета Казахской ССР об образовании Немецкой автономной области.

За 7-8 дней до сессии Верховного Совета СССР

2. Рассмотреть вопрос об организации Немецкой автономной области на сессии Верховного Совета Казахской ССР и внести соответствующее предложение в Верховный Совет СССР.

За 5-6 дней до сессии Верховного Совета СССР

3. Подготовить соответствующие материалы для рассмотрения вопроса об образовании Немецкой автономной области на сессии Верховного Совета СССР.

4. Принять на сессии Верховного Совета СССР постановление об утверждении постановления Верховного Совета Казахской ССР об образовании Немецкой автономной области и внести соответствующие изменения в ст. 87 Конституции СССР.

5. В связи с образованием Немецкой автономной области внести необходимые изменения в Конституцию Казахской ССР.

После сессии Верховного Совета СССР

6. Избрать депутатов Совета Национальностей Верховного Совета СССР от Немецкой автономной области.

Одновременно с выборами в Верховный Совет Казахской ССР и местные Советы народных депутатов 24 февраля 1980 г.

7. Подготовить состав оргбюро по Немецкой автономной области, утвердить его на бюро ЦК Компартии Казахстана.

Пригласить членов оргбюро по Немецкой автономной области, для беседы в ЦК КПСС.

До опубликования Указа Президиума Верховного Совета Казахской ССР

8. Провести совещание партийного, советского и хозяйственного актива районов, входящих в состав Немецкой автономной области, на котором рассказать о целях создания области, стоящих перед ней задачах.

Провести аналогичное совещание комсомольского актива с участием руководителей партийных работников.

Перед опубликованием Указа Президиума Верховного Совета Казахской ССР

9. Провести партийные собрания, районные партийные конференции с выборами делегатов на областную партийную конференцию Немецкой автономной области. На конференциях обсудить вопрос о ходе выполнения решений XXV съезда КПСС.

До конца 1979 года

10. Провести областную партийную конференцию Немецкой автономной области.

До конца 1979 года

11. Подготовить предложения по структуре и штатам обкома партии, отделов и управлений исполкома областного Совета народных депутатов Немецкой автономной области, профсоюзных и комсомольских органов.

Отдел оргпартрботы ЦК КПСС

Отдел пропаганды ЦК КПСС.

15 маусымға дейін Коркин Қазақстандағы барлық министрліктер басшылықтарымен Ерейментау-Ассельборн каласында болып, құрылыс жүргізу, әкімшіліктерді орналастыру жұмысын бастап та кетті.

1979 жылы 15 маусымда Д. Қонаев ЦК КПСС-ке неміс автономиясының шекарасы және басшы кадрлары жөнінде Қазақстан Компартиясының ұсынысын жолдады.

Ата-бабасынан қалған қасиетті жерінен айырылатынын естіген жастар 16 маусымда Целиноград қаласында ереуілге шықты.

«Жас тұлпардың» тұяғының дүбірінен оянып рухтанған жастар 1979 жылы Целиноград, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар облыстарының жері есебінен ашылатын Неміс автономиясының құрылуына қарсы шықты. Бөгенбай батырдың қыстауы Ерейментау қаласының Ассельборн аталуына жол бергісі келмеді. Жастұлпарлықтар сепкен ұлттық сана дәні жарылып жарыққа шықты. Қазақ жастары «Менің елім», «Менің жерім», «Менің Қазақстаным», «Ата-баба жерін бөлгізбейміз, ешкімге бермейміз», - деп бірі қалмай жаппай көтерілді. Биліктің қорқытқан өктем сөзі де, милицияның шокпар таяғы да жастарды тоқтата алмады.

Елінің амандығы, жерінің бүтіндігі үшін қазақтың ұл мен қыздары ештеңеден қайтпады. Жігерленді, ұлты үшін отқа түсуге дайын екенін көрсетіп, майданға шықты. Қаршадай қазақтың жас қыздары қайтпас қайсарлықтың, көзсіз ерліктің үлгісін көрсетті. Қазақ қыздары қашанда қанына тартпай тұрмайды. Олар көтеріліс барысында жігерліліктің, табандылықтың үлгісін көрсете алды. Қазақтың батыр аналарының өмірлерінің жалғасы екенін танытты.

Облыс басшылары, Мәскеу мен Алматыдан келген жауапты қызметкерлер тұрған мінбеге барып, Ерейментау ауданының тумасы студент Алтыншаш Бейсембаева «Ерейментау – священный регион. За эту землю наши предки во главе с Богенбай батыром воевали с джунгарами, язычниками, проливали кровь. Эта земля – наследие предков. Пока жив казах, он никому ее не отдаст. Почему немцам не разрешают выезд на историческую родину? Пусть организуют им свою государственность там, в Поволжье. Когда появится указ об образовании немецкой автономии, в тот же день приду на площадь, обольюсь бензином и сожгу себя! Смерть моя – жертва за землю мою», - деп Отанына, еліне деген сүйіспеншілігін білдірді.

Целиноград қаласына жастар көп шоғырланған болатын.

Қаладағы төрт институт, жиырма шақты техникумдарда Қазақстанның түкпір-түкпірінен қазақ жастары келіп оқыды, Целинсельмаш, Казсельмаш, Газаппаратуралары зауыттарында жұмыс істеді. Жазушы-журналист Амантай Кәкеннің айтуынша, 16 және 19 маусым күндергі ереуілдерге «Қазақ жерін бөлуге жол бермейміз», «Бөлінбеген, тұтас Қазақстан жасасын!» «Жалпыхалықтық референдумды талап етеміз», «Халықтар достығы жасасын!» деген ұрандармен 5 мыңға жуық жастар көшеге шықты. Ереуіл көп ұлтты мән алды. Шымкенттік Рысқұлов, павлодарлық Рымжановтармен бірге Оралдан келген Копылова деген орыс қызы белсенділік көрсетті.

Көкшетау, Павлодар, Қарағанды облыстарынан жастар келіп, ереуілшілерге қосылды. Жастар қолдан көшіріп жазып ұнпарақтар таратты.

Қазақ жастарының қарсылығын көрген көптеген неміс ұлтының өкілдерінің өзі неміс автономиялық облысының ашылуына қарсы шықты. Кондрат Вагнер деген жігіт: «Мы против такого решения. В 1941 году, когда переживали свалившиеся вдруг на голову трудности, казахи помогли нам выжить. Относились как к кровному родственнику. Бог не простит злоумышленных действия против казахов! Мы не имеем права просить автономию в Казахстане. Если русские действительно хотят помочь нам - пусть восстановят автономию в Поволжье», – деді.

Көтерілісті тарқату жөнінде Қазақстан Компартиясының басшылығында екі пікір болғаны анық. Қонаевтың ойы - партия ұйымының күшімен ереуілді бейбіт жолмен тоқтату болса, Коркин ереуілшілер тарқамаса, күш қолдану керектігін Целиноград облысының 1-ші хатшысы Морозовтан талап еткен.

Д. Қонаев Мәскеуге берген мағлұматтарында 1980 жылдың 19 ақпанына дейін Қазақстанда неміс автономиясының ашылуына партия комитеті бар күшін салып, ЦК КПСС-тің қаулысын бұлжытпай орындайтынына сендіріп келді.

Ақмола – Ерейментау көтерілісіне қатысқандарды ұстап, жазаға тартуды Кеңес Одағы КГБ төрағасының бірінші орынбасары, армия генералы Ф. Бобков пен Қазақстан КГБ-сының комитет, төрағасы, генерал-лейтенант В. Шевченко басқарды. Мәскеуден арнайы топ келіп тексерулер жүргізді.

Целиноград қаласынан кейін Неміс автономиялық облысын ашуға қарсы ереуілді жастар Атбасар, Ерейментау, Көкшетау қалаларында ұйымдастырды.

Целиноград қаласында ғана емес, көтеріліс болған Атбасар және басқа жерлерде партия ұйымдары үгіт-насихат жұмысын күшейтсе, КГБ мен милиция тарапынан көтерілісті ұйымдастырушыларды іздеу басталды. Белсенділік көрсеткен жастар қамауға алынды. Ашылған істер саяси емес, қылмысты статьяларға бейімделді. Көтеріліске қатысып өз пікірлерін айтқан студенттердің барлығы дерлік «оқу үлгерімдері нашар» делініп оқудан шығарылды. Педагогикалық институт студенті Сағынаев жүйке аурулар емханасына орналастырылып, күшті дәрі-дәрмекпен емделінді.

Қазақ даласында әлемді сұлулықтарымен, даналықтарымен таңдандырған аналар мен үкілі қыздар аз болмаған. Қазақ тілінің ана тілі деп аталуы тазалықтың, арулықтың аққа тенелуі де бізді көп нәрседен хабардар етіп, түйсікке ой салады.

Кир патшасының басын алған патшайым Тұмар ханым, Шыңғыс ханның жары Бөрте ханым, Низами ғашық болып жыр арнаған қыпшақ қызы Әппақ сұлу, Ұлы жүздің анасы Домалақ ана, Пугачев соғысында аты аңызға айналған батыр қыз Сапура Мәтенқызы, азаттық соғыста топ басқарған Бопай Қасымқызы және басқалар ұлт мақтанышы. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұловалардың Шығыс қыздары арасында алғашқы рет Кеңес Одағының батыры атағына ие болғаны өз алдына. Жас қыздар аналарының салған жолын Ақмола қаласында қайтадан жаңғыртты. 1979 жылғы Ақмола – Ерейментау көтерілісінен кейін қазақ өзінің өшпеуге, өлмеуге тырысқан ұлт екеніне көзі жетті. Отыз тістен шыққан

сөз отыз рулы елге тарап, неміс автономиялық облысының ашылмағанына жұрт тәубә десті. Қазақтар бастары қосылса ата қоныстарын әлі де болса қорғай алатындарына көздері жетті. Бірліктің күшін көрді...

Қазақ – аттандап аруақ шақырылған жерде ағайынға, өкпе, араздыққа қарамайды, жанын салысады. Осылай ел-жұрт халықтың бірлігін көрсетті. Рудан, аталық деңгейден әлдеқайда жоғары тұрғанын дәлелдеді.

Қазақ үшін жер атадан балаға қалған жәй байлық қана емес, тіршілік толқыны, өмір мағынасы.

Жастұлпарлықтардың патриот болу үшін - «ана тілінді, әдебиетінді, тарихыңды және мәдениетінді білу шарт принципінде жүргізген көп жылдарғы еңбектері өз жемісін берді. Жастардың оянған ұлттық санасы оларды тарих сахнасына алып шығып, Ұлы істерге жетеледі. Жастарды бар қазақ қолдады. Ақмола мен Ерейментау қалаларының көшелері ереуілшілдерге толды. 1916 жылғы Ресей патшасының маусым жарлығына қарсы дүрбелеңнен кейін Қараөткел мен Ерейментау төңірегінде бір мезгілде осыншама қазақ жиналып көрмеп еді. Қазақ қауымының ұлттық болмысы шыңдалды. Бұқара халықтың ой-өрісі, ойлау деңгейі, жаңа сатыға көтерілді. Халық жастардың неміс автономиясын құруға қарсы күресінің нәтижесінен кейін өзгерді. Социалистік жүйе қанша күшті болып көрінгенімен идеологиялық, экономикалық дағдарыста екенін сезе бастады. Кеңес Одағының кіршіксіз әділеттілігі оның күшті, жан-жақты дамып, халыққа қамқорлық жасап отырғандығы жөніндегі мақтаулар жұрттың ішкі жан дүниесін кірлетіп ластандырды. Кімбіз, қайда барамыз, ұрпағымыздың болашағы не болады деген сұрақтар көпшілік қазақтың көкейін жегідей жеді. Сенген қойы – Кеңес өкіметінің беті ашылып, сорақылығы көрінді. Тең емес, төмен екеніне, қазақпен өкіметтің санаспайтынын білді. Халықтыкі деген Кеңес өкіметі де, оның социалистік жүйесі де қазақты ондырмайтынына көздері жетті. Керісінше адамның қоғамдық өмірдегі белсенділігі оның ішкі жан дүниесін

өзгертіп, өзіне деген сенімділігін арттырып, күнделікті күнкөріспен шектелмей, үлкен мақсаттарға жетуіне болатынын көрді.

Жастұлпарлықтар санасын серпілткен қазақ жастары Атақоныс арқа жерінен Неміс автономиясын ашуға жол бермеді. Рухтанды. Ер Едігенің ұрпағы екенін дәлелдеді... Болмысты торлаған қорқыныш пен мүсәпірліктен құтылып, ұлттық болмысы біржолата оянды. Егер де жастұлпарлықтардың ықпалымен рухы көтерілген жастар Ақмола-Ереймен көтерілісіне шықпаса, бүгінгі жер тұтастығы, ел бірлігінің болуы күмәнді болар еді. «Қазақтың қамал қорғаны, қазақ деген халқынан, қазақтың абырой ары үшін, сарып қылған бар күшін» делінген Бөгенбай батырдың елді мекені Ассельборн аталса, сүйекке таңба түсіп, ұлттық рух әлсірейтіні сөзсіз еді.

1970 жылдардың соңы 1980 жылдардың басында елдегі келеңсіздік, рухани күйреу күннен-күнге өршіді. Ең бастысы қазақ ұлтының кеңестік билікке сенімдігі азайды. Билік пен халық арасының алшақтауына көрер көздегі жалғандық пен өтірік отқа май құйғандай болып тұрды. Әділетсіздік көбейген сайын, билікке қарсылық та көбейді. Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды. Көп жылдары еленбеген, шешілмеген мәселелер сыртқа запыран болып шығып, революциялық ахуал туғызды.

Елде біртіндеп ұлт азаттық көтеріліске саяси ахуал қалыптаса бастады. 1979 жылғы Ақмола – Ереймен көтерілісі 1986 жылғы Желтоқсан революциясына тарихи негіз салды.

Ақмола-Ерейментау көтерілісімен Желтоқсан революциясында саяси да, тарихи да сабақтастық жатқаны анық.

Алаш идеясымен қаруланып, елге үгіт-насихат жүргізіп, мәдени-әдеби салт-дәстүр негізінде ұлттық болмыс пен сананы оятып, жаңа жас буынға тәрбие берген «Жас тұлпар» ұйымының бұл көтерілістерге қосқан үлесі орасан зор. Тікелей басы-қасында болып көтерілісті басқармаса да жастұлпарлықтар жастардың, зиялы қауымның болмысын тәуелсіз ел, мемлекет болуға тәрбиелегені сөзсіз.

Егер де біз Неміс автономиялық облысының құрылуына қарсы көтеріліске қатысқан жастардың ұлтжанды болуына, «Жас тұлпар» ұйымының әсері болды десек, 1986 жылғы Желтоқсан революциясының алғышарты осы 1979 жылғы Ақмола-Ереймен көтерілісінен бастау алды. 1979 жылы күш алған, рухтанған жастар 1986 жылдың желтоқсанында ұлт мүддесін қорғауға дайындықтарын білдіріп, Брежнев алаңына еркін шықты.

Жастарға жастұлпарлықтар көрсеткен үлгі, салған жол ұлттық ағынның ұйтқысыз санасын оятқан серпілісі болды.

1986 жылдың 16-18-ші желтоқсанында Алматыда бас-талған революция 20-22-ші желтоқсан күндері Целиноград, Көкшетау, Павлодар, Қарағанды қалаларында жалғасын табуы осының дәлелі.

Сөйтіп, «Жас тұлпар» ұйымы ықпалымен тәрбиеленген қазақ жастары Кеңес империясының күйреуіне, социалистік идеяның жеңілуіне үлес қосты.

Замана сауалына – салиқалы аманат

Қазақ халқының Тәуелсіздігін аңсаған Алаш идеясын алғашқы болып жаңғыртқан жастұлпарлықтар оқуларын бітіріп, мамандық алып ата-жұртқа оралды. Білімімен, көргені, көкейлеріне тоқыған өнегесімен ұлттық рухты жандандыра келді. Өздері пір тұтатын Алаш зиялыларының өмірлерінен үлгі алып, оқу-ағарту, ғылым-білім, газет-журнал, өнер салаларына топтасты. Тарихи сабақтастықты жалғастырып, ұлттық болмысты жаңартуға ұмтылыс екпінін әкелді. Жастұлпарлықтардың көзқарастарына әлемдегі саяси-ахуал да әсерін тигізбей қоймады. Олар Қазақстанды халықаралық қатынастар дамуының бір бөлігі деп есептеді. Әсіресе 1969 жылғы Чехословакия көтерілісі, Польшадағы 1970-1971 жылдардағы «Солидарность» кәсіподақ қозғалыстары социалистік жүйеге бұрынғыдан да бетер сын көзбен қарауларына әсер етті.

Ал 60-шы жылдардың соңы, 70-ші жылдардың басында Қазақстан Кеңес Одағының құрамында «мемлекеттік социализм» бағытын ұстанды. Дүние жүзіндегі социалистік жүйе қарқынды дамуы үшін өз халқына шектеу қойылып, басқаға қамқорлық жасады. Бұл «Планетарлық қамқорлық» Кеңес Одағы халқына әлеуметтік әділетсіздікті күшейтті. Социалистік идеология бодандықтың жаңа түрін, яғни, сананы құрсаулап, ойды шеңберлеп көпшіліктің жоғарғы жақтың тұжырымымен жүруін үйретті. Бұның соңы өзгенің айтқанымен санаспай ештеңе істемеуге, өзіңе сенбеуіңе әкеліп соқты. Адам өз мойнына ешбір жауапкершілік алмауға бейімделді. «Біреу не айтты екен», «Сен қалай қарайсың», – деп жалтақсыз өмір сүре алмады. Кеңес Одағы сырт қарағанда бостандықтағы демократиялық ел болып көрінгенімен, шынайы өмірде «мәдениетті түрменің» тұтқыны болды. Барлық адам мемлекет есебінде. Он алты жасқа келіп төлқұжат алысымен тұрған жерінде тіркеуде тұрасың. Тіркеусіз жұмыс жоқ. Жұмыс істемесең алаяқ-кезбесің. Оған статья бар. Ал жұмыс орнында сенің өмірбаяныңмен танысып, кім екендігіңе жауап беретін арнайы бөлім бар. Ол темір есік-терезелі, сенің өз қолыңмен жазған өмірбаяның, 3x4 сурет, еңбек кітапшаң сақталады. Ол кітапшаң алған марапатың, сөгіс, қатаң сөгістерің мұқият жазылады. Өмірбаяныңда әкешешен, туған-туысқаныңда сотталғандар бар ма, шет елде туыстарың тұра ма, өзің шет елде болсаң қандай мақсатпен болдың бәріне жауап бергенсің. Іс-қағазын мұқият шыншыл толтыру Кеңес Одағы адамының азаматтық борышы.

Жастұлпарлықтар елге келгенде өмірдің өрлі-қырлы, кедір-бұдыр кезеңдерін тағы да бастарынан өткізуге тура келді. Ойлаған қызметтеріне орналасу қиынға соқты. Қайда барса да, КГБ олардың алдын орай берді. Әсіресе Мұрат Әуезовке КГБ тор құрып, аяғын ілгері бастырмады. Халқым, қазағым деп Отанына жүрегі алып ұшып келгенде, оң қабағын беріп жұмысқа алатын бір шенеунік азамат табылмады. Қазақты әлемге Абай арқылы танытқан ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Мәскеу университетінің дип-

ломы, ғылым кандидаты атағымен жұмыссыз жүрді. Құзыры күшті КГБ, білім саласының бар жолына тосқауыл қойды. Білім министрлігіндегі бір шенеунік Мұрат Әуезовке жаны ашығансып «әуре болма, еш жер сені жұмысқа алмайды, бұйрық солай» деп турасын айтып мүсіркеген де болады. Бірнеше тіл білетін, білікті маман, жас ғалым Республикада жұмысқа орналаса алмады. Мұрат Әуезов тек Михаил Есеналиевтің көмегімен «Литературная газетаның» Қазақстандағы тілшісі қызметіне орналасты. Мұрат Әуезовты Михаил Есеналиев Мәскеудің Қоғамдық Академияда оқыған кезінен білетін. Олар пікірлес, сырлас болатын.

Туған жеріне асқақтап келген ұлын елі сағын түсіріп, жерге қаратты... Сұңқарды сұқсұр табалап, қыранның күні күйкентайға түскен, ынжық-тексіздердің мерейі асқан қу заманның теперішіне шыдап бақты. Іштей налыса да, сыртқа сырын бермеді. Бірақ, текті – тегімен текті, Мұратты қиыншылық қанша қыспаққа алса да ол шыдады. Алған бетінен қайтпады. Әрине көңіліне күдік түскен сәттері де болды. Ол өзінің қара басы емес, ұлтының болмысын өзгертудегі кездескен қиыншылықтардан туған көңіл-күйі жөніндегі жанайқайын естелік күнделігіне былай жазады:

«Нет у меня гарантий. Ничего обещать не могу. Какие могут быть гарантии в затее поднять современного казаха против самой могущественной государственной системы? Какую перспективу можно обещать быть услышанным слову, если взамен миру и сытости, интенсивному росту тела этноса предлагаешь такую эфемерную ценность, как национальное самосознание... в народе, жизненным принципом которого после катастрофических потрясений двух последних столетий не могла не стать выживаемость любой ценой. Прежде всего, ценой отказа от суверенной мировоззренческой ориентации. Ценой утрированного подтверждения своей благонадежности...»

«...Избавиться от власти русской метрополии нам необходимо, если не хотим остаться на задворках истории. Быть на задворках истории-обречь несколько поколений на прис-

пособленческое существование. Медленное, длительное убийство национального достоинства, достоинства человека. Осуществление колонизаторских планов русских царей. Содействие одной из самых черных сил истории. Коммунизм – удобная вывеска. Запретили вечер Махамбета! Да не казахи это сделали, а секретари! Раковая опухоль разъедает казахское общество. Нет такого общества. Есть насмерть перепуганные, друг за другом следящие чиновники аппарата!»

Ал сенімсіздік тұлғаның айырылмас серігіне айналған заманда, қалыптасқан дағдыны бұзып-жарып Тәуелсіздік үшін күреске шақыру жастұлпарлықтар үшін оңай іс болмады.

Социалистік идеологияның жастардың санасын улаған тәрбиесі қазақ халқының ұлттық, отандық иммунитетін жылдан-жылға әлсірете берді.

Ертесімен теледидардан Кеңес Одағының гимнін естіп, Мәскеудің Қызыл алаңын көруден бастап, бар саладағы күні бойғы коммунистік үгіт-насихат өз нәтижесін берді. Ел ішінде өз ұлтының кім екенін айтуға ұялатын, басқа ұлт өкілін туған бауырынан жоғары қоятын, аралас неке қиюға ұмтылған қазақтар пайда болды. Мұндай мамандар билік тарапынан қолдау тапты, қызметі өсті, тұрмыс-жағдайы жақсарды. Жаман әдеттің өміршең екендігін еске алсақ, бұл советтік интернационалистік ниет қу шөпке тиген оттай лаулады.

Кеңес Одағындағы тегін оқу, тегін денсаулық сақтау жүйесі, кәрілікке жеткілікті зейнетақы және тұрақты баға бір қарағанда үлкен жетістік болып көрінді. Халық соғыс пен аштықтың болмағанына шүкіршілік жасады. Рухани саланың социалистік қалыппен шектелгеніне көндіккен көпшілік айтқанға сеніп, биліктің айдағанына жүрді. Жылына 7 қараша мен 1 мамырда ұран-транспорант ұстап шеруге қатысқандарына мәз болды. Сайлау болса бас шұлғып дауыс беру сүйекке сіңген әдетке айналды. Социализм дәуірі тоқыраулыққа душар етті. Жалғандық адам жадын торлады. Еркіндік бар сияқтанғанымен екі иықтан зіл түспеді. Күнделікті күйбеңнің арасында болашақтың бұлдыры ойды

сергітеді. Жайбарақаттылықтың сыртында белгісіздіктің жұмбағы көлбеңдеді.

«Дамыған социализм» қоғамында өмір сүріп отырған Кеңес өкіметі халқы парасатты пайымдылықтан, ұлттық құндылықтардан жұрдай болды. Бұқара халық ел билігіне қатыстырылмады. Тек сөз жүзінде ғана құқылық, көзбояушылық кеңінен сипат алды. Көрер көзге әділетсіздік етек жая берді. Тіпті Бибігүл Төлегенова 1970 жылы Лениндік сыйлыққа ұсынылып, Людмила Зыкинадан артық дауыс жинағанның өзінде, Мәдениет министрі Фурцева Лениннің 100 жылдығында Лениндік сыйлықты орыс алуы керек деп Людмила Зыкинаға бергізген.

Билік коммунистік моральды үдетіп, интернационалистік тәрбиені күшейтті. Қазақ тілінің, ұлттық құндылықтардың дамуына ешбір жағдай жасалмады. Билікте ұлт маманы ретінде негізінен орыстілділер, өз мәдениетінен, тарихынан мағлұматы жоқ шала қазақтар отырды. Облыстарда ашылған қазақ театрларының репертуарлары социалистік идея жүйесінің шеңберінен аспады. Есесіне Қазақстан «достық лабораториясы» аталып, оның, интернационалдық тәрбиедегі жетістіктері басқа республикаларға үлгі есебінде ұсынылды. Қазақтың рухани жан дүниесі қапасқа түсті. Өресізді өрге, тексізді төрге сүйреген Кеңес өкіметіне білімдінің де, қабілетінің де қажеті болмады. Мәскеу өзінің қу қарақан басының қамын ғана күшейтіп, саяси мүддесін, отарлық қажеттілігін ғана ойлады. Халықтың аяғын шандып байлап, адымын аттатпай тұқырта берді.

Кезінде американдық ұлы жазушы Амброз Бирс: «Ең қатерлі саяси ахуал – ұзаққа созылған интернационалдық достық», – деген болатын. Міне, енді осы жалаң достық Қазақстанда шексіз белең алды. Социалистік идеология – ұлттық құндылықтар, еркіндікке ұмтылу иммунитетінен айыру үшін мемлекеттің бар айла-тәсілін, керек кезінде күш-зорлығын пайдаланып бақты. Салт-сана мен дәстүр – қазақ тіршілігінің жазылмаған заңы екенін ескерсек, сол салт – дәстүрден айырылу ұлттық құндылықтарды жоғалту болып

табылады. Көпшілік жұрт «Компартия айтса көндік, көп айтса болды» принципімен өмір сүрді. Заман ағымына сай бойларына сіңген жалған намыстық, өтірік қолдау, жағымпаздық сияқты жат қылықтар адамды аздырды.

Ал, жастұлпарлықтар творчестволық бірлестіктерде, көпшілікпен кездесулерде интернационалдық тәрбиеден айырылмайынша, ұлттық сана оянбайды деумен болды. Осы кезең, тарихи қажеттілік жан-жақты білімді, талантты ұйымдастырушы, тектілігіне тән парасатты Мұрат Мұхтарұлын саяси тұлға етті.

Отты, жалынды жылдар тағлымы Мұрат Әуезовті шын мәніндегі «Жас тұлпар» қозғалысының көшбасшысына айналдырды. Оның өмір мәнін ұлт болашағынан іздеуі басқаларға үлгі болып, жол көрсетті. Өмірдің ұзақтығы сенің қолыңда болмаса да оның мәні мен мағынасы өзіңе байланысты. Шынайы шындықта өмір сүру – парасаттылық көзі. Ол туған жерге, халқына адал болып, соны сүйуден туатын қағида. Мұрат Әуезов төңірегіне қазақтың талантты ұлтшыл жастарын топтастырды.

Идеология мен экономикада ғана емес, адамның жан дүниесінде де тоқырау басталды. Көңілді кір басып, пендешілік аспанда ойран салды. Ал адам қашанда табиғатында азаттықта, сезіміне сай еркіндікте өмір сүргісі келеді. Оның басқа мақұлықтардан артықшылығы да осы адамгершілігінде, парасаттылығында. Адамның тұла бойын құрсаулауға болар, бірақ сезім мен жан дүниесі азаттығын мәңгі қапаста ұстау ешкімнің, ешбір жүйенің қолынан келмейді. Көпшілік жұрт «Адам – мемлекеттің ең басты байлығы – қазынасы» болатын саясатты қажет етті.

Осы жылдары Қазақстан Семей полигонындағы ядролық жарылыстан адам айтқысыз зардап шекті. Қазақтың зиялы ұл мен қыздары Қазақстан жеріндегі ядролық жарылыс сынағын тоқтату үшін күреске шықты. Қозғалысқа Олжас Сүлейменов басшылық жасап, «Невада-Семей» бірлестігін құрды. Бұл қозғалысқа барлық жастұлпарлықтар белсене ат салысты. Жер тазалығы, рух тазалығы

үшін аянбай еңбек етті. Атом бомбасының сынақтарының азабынан халқын азат ету үшін белсенділік көрсетті. Шерулер ұйымдастырып түрлі билік өкілеттіліктеріне арыз-өтініштер арқылы ұлтының мұң-мұқтажын жеткізді. Ең бастысы газет-журнал бетіне атом бомбасы жарылысының зардаптарын әшкерелеп жазды. Бұқара халықты атом полигонын жабуға шақырып үгіт-насихат жүргізді. Ел қамы мен халық тағдырына байланысты қандай да іс-шара болса, жастұлпарлықтар оған белсене араласты. Жұрт алдында сөйлеген сөздерінде Тәуелсіздікті көкसेген мұрат-мүдделері тұнып тұрды. Кеңес өкіметінің көрсоқыр саясатына деген бітіспес қарсылығы анық аңғарылып, мен мұңдалап жастарды баурады.

«Дамыған социализмнің» қарқынды үдерісі ұлттық болмысты интернационалдық тәрбиемен тұмшалады. Қазақ халқына бар рухани қазынасынан айырылып қалу қаупін төндірген мәнгүрттік сана бой көтерді. Бодандықтағы ұлт қайткенде де рухани дағдарысқа ұшырамай қоймайтынына көпшіліктің көзі жетті.

Елдің табиғи, экономикалық байлығын талан-таражға салу өз алды, ең бастысы ұлттық сананы саналы түрде жоюға кірісті. Социалистік қоғам өзіне ыңғайлы саясат жүргізу үшін жергілікті халықтың азаматтық деңгейін өзгертті. Ең бастысы қазақ тілі – қоғамдағы рөлінен айырылып, ұлттық бірліктің кепілі болудан қалды. Өкімет интернационалистік тәрбие негізінде ұлтсыздану, дүбәрәлану үрдісін күшейтіп мемлекеттік деңгейге көтерді. Ал өз ұлтының ұланы бола алмаған адамда қаншалықты мәдениет болуы мүмкін. Біреудің қаңсығын таңсық етіп жүретін, сырты бүтін іші түтін, адасқақ жігерсіз ұрпақтың саны көбейді.

Экономиканың дамуымен бірге ұлттық рух шарықтап биіктейді деген сенім ақталмады. Жан дүние, сана-болмысымыздың бетінің анық ашылуы, көп дүниені жалған істейтінімізге көз жеткізді.

Кеңес өкіметінің қазақ тіліне деген көзқарасы Гитлер мен Левитанның ара-қатынасындай еді. Қазақ тілі мәселесі сөз

етілсе, Орталық Партия Комитетінен бастап, облыстық, аудандық деңгейдегі үлкенді-кішілі жауапты қызметкерлер шошынып естері шығатын.

Әсіресе тың игерген Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында жағдай мүлде мүшкіл күйге түсті.

Қазақ мектептерінің жабылып, тіл өрісінің тарылуы білім беру деңгейінің төмендеуіне әкелді. Қала мен ауыл мектептерінің арасындағы алшақтық ұлғайды. Қазақ элитасы мен бұқара халқы әр тілде сөйлеуге кірісті. Бұл ұлттық, болмыстық бірлікті ыдыратуға айналды. Қазақ тілі қоғамдық өмірде аударма тілі ретінде қосалқы ғана рөл атқарып, негізгі мазмұнынан айырыла бастады. Ал тіл жанданбайынша ұлт өресінің өсуі күмәнді.

Тілдің қоғам өміріндегі орны туралы ғалым Ақселеу Сейдембек былай деді:

«... өмір ағымының қарқынына қарай бәріне де көнуге болар, бәріне де шыдауға болар, ал кең мағынасында, ұлттың жаны болып табылатын тілге қағажау көрсету – ақтауға да, ақталуға да болмайтын тарихи қылмыспен тең құбылыс. Тіл жанды процесс – тұтынған сайын жетіледі, тұқыртқан сайын кетіледі. Яғни, тіл тұқыртылған сайын халықтың рухы солады, ұлттың еңсесі басылады, елдің патриоттық сезімі сөнеді, сөйтіп, басқа саладағы оңға басты деп жүрген әрекет-тірліктің бәрі зая кетеді. Бұл – тарихтың мың мәрте дәлелдеген ащы шындығы».

Қазақ республикасындағы достық мәселесіне келгенде де жастұлпарлықтар компартиялық саясаттан өзгеше бағытта болды. Қазақ ұлтының мәдени деңгейі көтеріліп, ұлттық сапасы артып, тарихи ата мекенінде өзін бостандықта, еркіндікте сезінбесе интернационализм жалған келбетте болады деп есептеді. Сондықтан олар «Қазақ тілінің, әдет-ғұрып дәстүрлердің дамуын ескеру керек, өз жерінде азың күнін кешіп, төменшіктеп жүрмеуі керек», – деп жүрген жерлерінде айтудан жалықпады.

Жастұлпарлықтар 60-шы жылдары жастарды еркіндік,

әділдік үшін күреске шақырса, 70-ші жылдары творчестволық зиялы қауым арасында жұмыс жүргізді. Олар түрлі салаларда қызмет жасап, парасатты азамат, жақсы маман аталды. Қай салада болсын топ алдында, халық жадында, көз алдында еңбек етті. Әдебиетте аудармашылықпен, ғылым мен техникада жаңалық ашумен, институттарда білім беріп, жастарды тәрбиелеумен айналысты. Қаншалықты маман иегерлері болса да, өмірлік кредолары «қазақ ұлтының болашағын ойлаумен болды». Қоғамдық өмірден де алшақтамады. Төңіректеріне ғалымдарды, әдебиетшілерді, өнер-мәдениет майданында жұмыс жасап жүрген жастарды жинап, олардың творчестволарына ұлттық нақыштағы тақырыптарды ұсынды.

«Хрущевтік жылымықтың» тұсында дүр етіп көтерілген жаңа лек Олжас Сүлейменов, Сәтімжан Санбаев, Асқар Сүлейменов және де басқа таланттар тобына жастұлпарлықтар қосылып, ұлтты жандандырды. Нұрғиса Тілендиев «Жас тұлпарға» гимн жазды. Кездесу кештерінде Мұқағали Мақатаев өз өлендерін оқыды. Сержан Ақынжанов, Кенжебай Ақышев, Жақан Модахметов, Майра Ақшالова, Тамара Таңатарова, Роза Жаппарова, Амангелді Іргебаев, Халел Аханов, Әбсәттәр Дербісәлі, Болат Сарыбаев сияқты жастұлпарлық ғалымдар белсенділік көрсетті.

Морис Симашко, Әнуар Әлімжанов, Алан Медоев және басқа бір дүниетанымдағы достық, өмір мен болашақ жөніндегі пікір алысулар жастұлпарлықтарға рухани азық болды.

Қоғамдық ғылымдармен бірге басқа өнер салаларында да ұлттық құндылық негізіндегі ізгілікті істер жасалынды. Елді өз туындыларындағы тосын шешім, тың үрдісімен елеулі еткізгендердің көш басында суретшілер Салихиддин Айтбаев, Мақым Қисамединов, Бақтияр Табиев, қолөнер шеберлері Дәркембай Шоқпарұлы, Жеңісхан Тілеуханов, сәулетші Тимур Сүлейменов және басқалары тұрды. Бұл талант иелері өздерінің бақытын халқына қызмет істеп, ұлтының құндылықтарына өз үлестерін қосудан тапты. Социалистік жүйедегі жаттанды, дайын түсініктермен жүрмей, ұлтына

керек өзіндік өмір жолын іздеді. Жан дүние, таным-болмыстарымен ұлт болашағы үшін аянбай қызмет істеген бұл талант иелерімен жастұлпарлықтар қоян-қолтық араласты.

Ол жылдардағы қазақ зиялыларының басты ерекшелігі ұлты үшін қанша іс-істесе де айғай-шусыз, дабыра-даусыз, жан баласына міндетсімей іске асырды. Сол кезеңнің бір сәтін классик жазушы Сәтімжан Санбаев былай еске алады: «Алпысыншы жылдардың ортасы еді. Бір күні Олжас Сүлейменов осы Алматыда Мағжан ақынның жары Зылиха апайдың тұратынын айтты. Мұрат Әуезов екеуміз әркімнен сұрастырып жүріп ол кісінің мекен-жайы Тимирязев көшесінің бойындағы Ботаника бағы маңында екенін анықтадық. Іздеп барсақ Зылиха апай ескі бір бөлмелі пәтерде жүдеу тіршілікпен ғұмыр кешіп жатыр екен. Содан бастап Олжас, Мұрат, мен үшеуміз ол үйге жиі-жиі барып, ақынның мұрасын жинастыру, білетін адамдардың естелігін жазып алып қалу, Мағжанды ақтау туралы жоғары орындарға құжаттар дайындау секілді мәселелерді қолға ала бастадық. Мұнымен қоса өз жалақымыздың бір бөлігінен ақынның жесіріне сырттай «пенсия» тағайындап, оны ол кісіге ай сайын міндетті түрде почтамен салып жіберіп жүрдік. Біздің тарапымыздан жасалған бұл көмекті Зылиха апай білетін. Оны ол кісінің үшеумізді көрген сайын қатты қысылатынынан, сосын мереке күндері құттықтап барғанымызда қуыс үйден құр шықпаңдар дегенді сылтауратып біреумізге бет орамал, екіншімізге жейде, одан кейінгімізге галстук беріп шығарып салатын шағын сый-сияпатынан анық аңғаратынбыз. Жә, сонымен уақыт осылай өтіп жатты. Бұл мерзім ішінде біз Мағжанның 10 мың жолға жуық өз өлеңін және ол тәржімалаған Вс. Ивановтың «Сәби», Г. Гейнениң «Күннің батуы», Е. Кольцовтың «Шалдың үміті» сияқты шығармаларын тауып, оларды №1 кезектегі әзірлікке ұстауға ұйғарым жасадық. Ол ақынның шығармаларын машинкаға бастыру және мүмкіндігінше орыс тіліне аударып қою деген сөз еді!»

Қазақ елінің қандай да үлкенді-кішілі жалпыұлттық мәселелерінен жастұлпарлықтар шет қалып көрген емес. «Жас

тұлпар» ұйымының мүшелері енді уақыт өрісімен бірге аршындап өздерін ұйым шеңберіндегі жұмыспен ғана шектемеді. Олар ұлт мүддесіне қатысты жұмыстарға тікелей араласып, әрқайсысы өз деңгейінде, жұмыс істейтін, тұратын жерлерінде белсенділік көрсетті.

Әлем дамуындағы өзгерістерге сай Кеңес Одағы бедел-ықпалынан айырылып қалмауы үшін жекелеген республикаларға халықаралық деңгейде шаралар өткізуіне рұқсат берді. Өкімет идеологиялық қажеттіліктен тәуелсіздіктерін жаңа алған Азия және Африка елдерімен қарым-қатынасты жақсартуға мүдделі болды. «Капиталистік емес», «Дамушы мемлекеттер» деген ұғым жасап, бұл елдерді Америка мен Европаға қарсы қойды. Осындай идеологиялық шаралар аясында Азия және Африка мемлекеттері ақын-жазушыларының симпозиумы Алматыда өтетін болды. Қазақстан Жазушылар одағының 1-ші хатшысы Әнуар Әлімжанов бастаған комиссия құрылып, үлкен дайындықтар жүргізілді. Азия және Африка елдері ақын-жазушыларының V-ші конференциясы 1973 жылдың қыркүйек айында Алматыда өтті. Бұл симпозиумда жастұлпарлықтар басқа қырынан көрініп, білімділіктерімен ерекшеленді. Конференцияға дайындық барысында да, конференцияның жұмыс кезінде де қазақ та талантты, қабілетті жастардың бар екенін көрсете алды. Қазақ әдебиетінің мұратын, көркемдік-эстетикалық қуатын, рухани нәрін шет елдіктерге нақтылы айтты. Көшпелі елдегі «далалық демократиядағы» сөз өнерінің орнын жан-жақты көрсетті. Қазақтың сөз өнерінің мәдени-рухани деңгейін, танымдық-тағылымдық сипаттарын шетелдік ақын-жазушыларға толығымен жеткізді. Социалистік реализм ықпалында болсақ та бізде күрделі, мағыналы терең ойларға жетелейтін көркем шығармалардың бар екенін көрсете алды. Азия және Африка елдері жазушыларының жиыны қазақ халқының ең асыл сөздерін көздің қарашығындай сақтап, жан сарайын жауқазынға айналдыратын, ішкі тереңдікті танытатын көркем шығармаларды шет тіліне аударуға мүмкіншілік берді. Жастұлпарлықтар мәдениет пен әдебиетті бөле жармай,

тұтас, шет ел әдебиеті деңгейінен қарады. Өздеріне ұлт мәдениеті мен әдебиетіне деген үлкен жауапкершілік жүгін жүктеді. Ұлттық дамуына кедергі келтіретін рухсыз, интернационалистік тұрғыдағы шығармаларды сынға алды. Бұл істе Мұрат Әуезов басқарған Жазушылар Одағының аударма бөлімі ерекше көзге түсті.

Конференцияда Индияға барып арнайы дайындықтан өтіп келген Мұрат Әуезов пен Азия-Африка жазушылары ассоциациясының төрағасы Юсеф эс Сибайға тәржімеші болған Болатхан Тайжанның рөлдері зор болды.

Болатхан Тайжан жөнінде үлкен интеллект иесі, аяулы азамат, әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаев:

«Юсеф эс Сибай сияқты терең ойлы, тұңғыық білімді қаламгердің мінбелер мен теледидардағы араб тілінде сөйлеген сөзін ілеспе әдіспен орысша-қазақшаға аудару оңай шаруа емес. Ұлт намысы деп айтарлық осы сында Болатхан ерледі. Сөйтіп ол логикасы жүйрік, ойлау машығы жоғары интеллект иесі екенін көрсетті. Бүгінгі қазақ жастары міне, осындай болуы керек», – деп «Лениншіл жас» газетіне аспандата жазды.

Жастұлпарлықтар шет елдік жазушылармен пікір алысып, араласу барысында отаршылдықтан құтылу тәжірибесін алды. Саяси күрестің жаңа жол-тәсілдерін үйренді. Ал ең бастысы халықаралық деңгейде қазақ әдебиет өнерін әлемге паш етуге ат салысты.

Шындық айтылмаған жерді жамандық жайлайды. Компартияның ғөй-ғөйіне елтіген елдің күні қараң, болашағы бұлыңғыр. Тас бауыр боп, қатыгезденген адам дірілдеген жүрекпен сыр ұғып, басқаның көңіл-күйін, жан сырын түсіне алар ма?! Жастұлпарлықтар ұлттық рухты өсіріп, жігерін жану үшін елдегі ниеттес, санасы тұнық, зердесі ашық талантты жастарды өз қатарларына тартты. Олардың ықпалымен, қолдауымен қазақтың қасіретті күндері жазылып көрсетілген құнды дүниелер өмірге келді. Жазушы Смағұл Елубаев сол кезеңдегі тың тақырыптардың жазылуына Мұрат Әуезовтың тигізген әсері жөнінде

былай дейді: « 70-ші жылдардың ортасында Жазушылар одағының бір пленумында Мұрат Мұхтарұлы мінберге көтерілді. Күтпеген жерде пленумнің күн тәртібінде жоқ 1932 жылғы қазақ қырылған ашаршылық туралы әңгіме қозғады. «Бұндай ұлттық апатты айналып өткен әдебиеттің болашағы жоқ! Ащы да болса ақиқат керек!» – деді. Бұл мәлімдемеден кейін құзырлы органдар онымен тағы да айналысқан. Өйткені, ашаршылық компартияның қазақ халқына жасаған тарихи қылмысы еді. Сондықтан ол қылмыстың бетін ашпақ болғандарды партия аямайтын. Ауызынан қақпақ, төбесінен тоқпақ айырмайтын. Бірақ айтылған сөз – атылған оқ. Мұрат Әуезовтің сөзі ауыздан ауызға тарап кетті. Мұрат Әуезов сынды айтулы азаматтың ашаршылық туралы әңгіме қозғағанына алабөтен қуанғанбыз. Себеппен, бұ кез біз де ашаршылық жәйлі роман идеясымен «ауырып» жүрген кезіміз еді. Мұрат тәрізді тұлғаның бұл тақырыпты биік мінберден көтеру біздің сенімімізге сенім, қолтығымызға қанат бергендей болды. Ашаршылық жайлы роман жазуға шындап дайындала бастадық. Осынау идеяны көтергені үшін Мұқаңның қолын қыстық. Бірақ, Мұқаңның бізге назары 1986 жылы романның қолжазбасын оқығаннан кейін түсті. Мұқаң қолжазбаны оқып шығып шын қуанды. Қолжазбаға осынау талғампаз сыншы берген баға біз үшін кітап шықпай жатқан аттай 5 жыл бойы моральдік тірек болды. 1989 жылы киностудияның бас редакторы Мұқаң баспа жоспарына кіргізбей қойған «Ақ боз үйді» күресіп жүріп, кино жоспарына кіргізді. Бұдан біз бір нәрсені байқадық. Бұдан біз Мұрат Мұхтарұлының Алаш идеясынан айнымаған, ұлттық идеяға адал азаматтық тұлғасын байқадық. Тіптен, тоталитарлық жүйе «басқа шауып, төске өрлеп» тұрған сол бір сұрапыл шақтардың өзінде Мұраттың мұраты Алаш азаттығы болған отаршыл Одақ идеологиясына үнемі қарсы келген де отырған. Айтса ауызға ұрады. Айтпаса азаматтығына сын. Не істеу керек? Үнсіз қалу ма? Сырттай солай көрінді. Тілге тиым саларсың. Бірақ, Алаш, Азаттық деп соққан

жүрекке қалай тиым саларсың!? 70-ші, 80-ші жылдардағы үнсіз Мұрат мұңы тек күнделіктеріне ғана төгіліпті».

Жастұлпарлықтардың ұлтшылдығын, отаншылдығын көріп «пассионарлық ұлт» екенімізге көзіміз жете түседі. Қасиетті жерден қашан да рухты ұлдар шыққан.

«Сол қазақтың мен де бір жапырағы,

Арқасы бар, Алматы, Атырауы,

Ар-намысын аяққа таптатпайды,

Қашан да қазақтың топырағы», – деп Мұқағалидың өлең жолдарын сенің де қайталағың келеді.

Жалпы 70-ші, 80-ші жылдар Компартияның оң қолы КГБ-ның қаһарына мінген, шарықтау кезеңі. Бұл шындықты айтатын адамның алды тұман, арты күз заман болды. Сонда да жастұлпарлықтар адамдықтың асыл қасиеті – жан дүниенің, тән мен сезімнің тәуелсіздігі, бостандығы үшін күрес екенін дәлелдеді. Кеңес дәуірінің идеологиялық иіріміне икемделмеген, ноқтаға бастары сыймаған жастар Қазақстанның саяси өмірінен өзіндік сипатқа ие болды.

Бодандық ұлттық намыстың тамырына балта шапты. Өркениет төрінің жолын бітеді. Осындай киын - қыстау кезеңде жастұлпарлықтар саяси күрестің жаңа жол-тәсілдерін іздеді. Ғылыми-теориялық зерттеулерге көп мән берді, қазақ халқының тарихы мен ана тіліне тереңірек үңілді.

Ұлт тағдыры, оның болашағы үшін ана тілінде білім беріп, ұрпақ тәрбиеленбейінше салт-дәстүрдің сақталмайтынын көрді. Қазақтың тілі дамымаса болашақтың күнінің қараң екенін, өйткені жас ұрпақтың бойында ұлттық сезімнің өзі де болмайтынын білді. Сондықтан қазақ тілінің құдірет-қасиетін, мақал-мәтелдердің философиялық мәнін ұлттық ой-сананың жетістігі деп пайымдады. Үлгіге Әлкей Марғұланның қазақтың мақал-мәтелдерінің философиялық негіздері жөнінде Ленинградта докторлық диссертация қорғағанын мысалға келтірді. Қазақ тілінің қоғамдық өмірден өзіне тиесілі орнын ала алмай отырғанына жергілікті билік кінәлі деп санады. Әрине бұның арғы жағында социалистік идеологияның, интернационалистік саясаттың құлағы көрініп

тұрғанын меңзеді. Барлық кездесулерде қазақ тілінің бай қоры бар екенін, оның көне тіл екендігін алға тартты.

Шынында Герольд Бельгердің зерттеуі бойынша, Шекспир шығармаларындағы қолданылған сөз қорының жиынтығы 14000 да, ал Мұхтар Әуезовтің сөздік қоры 16 000-нан асады. Қазақ тілінің – түркі тілдерінің ішіндегі ең бай тіл екенін кезінде Шоқан Уәлиханов дәлелдеп кеткен. Қазақ тілінің құрамдас сөйлемі, әсіресе синонимді сөздерінің байлығы ерекше. Бір түйенің 40-тан аса бота, тайлак, нар, бура, аруана деген сияқты атаулары бар.

Жастұлпарлықтар ұлт белсенділігінің төмендігіне қарамай қазақ тілінің көркемдік-эстетикалық қуатын, рухани нәрінің дамуына мүмкіншіліктер жасау мәселелерін көтеруден жалықпады. Түркі тілдес халықтардың тарихи ортақтастығы, олардың дербестігі мен төлтумалығын зерттеді. Тілдің дәрежесі, оны қайта жандандыруда еврейлердің мың жыл бұрын ұмыт болған иврит тілін үйренуін үлгі етіп айтып жүрді.

Бірақ күшіне енген тоталитарлық социалистік жүйе халық пен тілдің, тіл мен елдің арасын алшақтатып тұқырта берді. Ана тілі, ұлт деген сөздер індет ауруындай көрінді. Адамзат тарихында не істелінсе де, Ұлттық мүдде үшін істелінетінін еске алмады.

Ұлтшылдық мемлекеттің тірегі, мәдениеттің көзі. Ұлттану адамзат дамуының ең жоғарғы сатысы. Ұлттық құндылықтар негізінде дамыған өркениет қана өміршең болмақ. Жастұлпарлықтар ана тіліндегі мәдени даму біртіндеп ұлттық дамуға әкеледі деп есептеді. Себебі жаратылысында сезімтал, эстет, сауықшыл қазақ домбыраның күмбірін, ана тілінде шырқап салған әнді естісе есі шығатынын білеміз. Өнер қазақ үшін - өмір.

Өйткені, қазақтың ән мен күйлері халықтың тарихи-элеуметтік, саяси-қоғамдық іс-әрекетімен, тұрмыс салт-дәстүрімен тікелей байланыса келіп, эмоциялық әрекетімен ерекшеленеді. Халықтың қатал өмір мектебі, басынан өткерген қайғы-қасіреті мен мұң-шері туралы философия-

лық ой-толғаулары, лирикалық нәзік толғаныс-тебіренісі, өмірді бағалап, сезіне білу қуанышы - бәрі-бәрі осы ән мен күйінде өрнектеледі. Тарихи сабақтастық, дәстүрлі ұлттық құндылықтар тәрбиеде орын алуы керек. Жас ұрпақ өз тарихының күнгейі мен қоса көленкелі тұстары жөнінде шынайы ақпарат алып өспесе, ұлттық өнерден бейхабар болса рухсызданып, жан сарайы жараланып мүгедекке айналады. Ел іші – өнер кеніші. Жастұлпарлықтардың қатарында өнерлі жастар көп болды. Олар елге оралысымен мәдениетіміздің түрлі салаларында еңбек етті. Театр, музей, концерттік бірлестіктерді басқарып, елден келген өнерлі жастарды тәрбиеледі. «Дос-Мұқасан» ансамблі жастұлпарлықтардың ұлттық бағыттағы ықпалының әсерімен дүниеге келді. Жастұлпарлықтар халық әндері мен билерін жастар арасында дәріптеу үшін заман талабына сай, «Гүлдер» эстрадалық тобын, вокалды-аспапты «Айгүл» ансамблін құрды. Бұл талантты жастардан тұратын творчестволық топты жастұлпарлықтар Марат Балтабаев пен Серік Елеусізov басқарды. Ауылдан шыққан жас талант иелері негізінен қазақ әндерін орындап, билерін биледі. Қазақстанда ғана емес, шет елдерде өнер көрсетіп, ұлтымыздың өнерімен таныстырды. Көкейді кернеген, көңілді тербеген әндерімен, мың бұралған билерімен олар, қазақтың мәдениетін әлемге паш етті.

Қазақ жастарының еңсесін көтеріп, мақтаныш сезімін тудырды. Ұлттық салт-сана өзегін құрауға әсерін тигізді. «Гүлдер», «Айгүл» тобы өнерлі жастарының әндері Қазақстанның түкпір-түкпірінде жаңғырып, жастар халық әндерінен нәр алып өркендері өсті. Кейін Серік Елеусізov Жезқазғанда «Ұлытау» ұлттық ансамблін құрып, ауыл мәдениетінің ұлттануына үлкен үлес қосты. Жастар ұлттық өнерге бет бұрды. Дүниеге жаңа әндер әкелді. Бұл жылдардағы жастардың ұнатып жазған, салған әндерінде қарапайымдылық басым да шығар, бірақ олар таза, сезімге толы, шынайылықпен айтылды.

Жастұлпарлықтар өнер атаулының бәріне ұлттық мән

беруге ат салысты. Мұрат Әуезов Қазақфильм студиясында бас редактор болып істеген жылдары қазақ жастарына киноөнерінен жарқын жол ашылды. Киноөндірісіне талантты жастар шоғырланып, өміршең, ұлттық сипаттағы құнды дүниелер туғызды. Қазақ киноөнерінде жан-жақты, көп салалы бағыттарда жұмыс істей алатын «Жаңа толқын» қалыптасты. Ардақ Әмірекұловтың «Отырардың күйреуі», Рашид Нұғмановтың «Инесі », Серік Апрымовтың «Соңғы аялдмасы» сияқты жаңа бағытта түсірілген тарихи, әлеуметтік мәні бар көркем фильмдер дүниеге келді. Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» романы бойынша қойылған көркем фильм халықаралық деңгейде беделге ие болды. Бүгінде «Жаңа толқын» заман талабы деңгейінде көркем фильмдер жасап, қазақ киноөнерін әлемге танытуда.

60-70-ші жылдары Кеңес адамының ішкі жан-дүниесі, наразылық көңіл-күйі ұлттық құндылықтарды құрметтеп, соның дамуына мүмкіншілік жасайтын әділ қоғамды аңсауы көбейді. Өткенге көз салып, тәлім алып, жоғалтқанымыздың орнын толтыруға әрекеттер жасады.

Жастұлпарлықтар «Ақпыз, қара, сарымыз – ағайынбыз бәріміз» деген кеңестік саясаттың өткен күнде қалуын қалады. Оның орнына кезінде Алаш азаматтары көтеріп кеткен «Бір ұлтпыз, бір қазақпыз, бір елміз» ұранын ту қылып ұстады. Қазақстанның ең құнарлы үш ауданының Өзбекстанға берілуі, Неміс, Ұйғыр автономияларын ашу сияқты келеңсіз мәселелерге қарсы шығып, өз пікірлерін де ашық айтты. Жастұлпарлықтар әлемдегі қазақтардың бір жерге жиналу мүмкіншілігі болмаса да олармен тығыз қарым-қатынаста болуды қалады. Қазақстанның жетістігі шет елдегі қандас-тарымызды да өз жетістігіндей қанаттандыратынына сенді. Шет елдегі ағайындардың Қазақстанға жалтақтап, бауырларының езіліп, ата-жұрттағы қалың елден қамқорлық күтетінін білді.

Қытай, Моңғолиядағы қазақтардың хал-жағдайы, әлеуметтік жәй-күйі жастұлпарлықтарды елеңсіз қалдырмады. Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы саяси суықтықты дұрыс

пайдалана білді. Қытайдағы қазақтар қабылдай алатын аудандар үшін Қазақ радиосынан ұдайы хабарлар ұйымдастырып, тікелей арнадан сөйледі. Өздері ғана емес Қазақстанға келіп қоныстанған қандастарымызды радио жұмысына тартып үгіт-насихат жүргізді. Ата-жұрттың бар екенін, қандас бауырларға деген жылы сезімнің суымайтынын жеткізіп рухтандырды. Әрине, жастұлпарлықтарға «Тауына қарай түлкісі, заманына қарай күлкісі сай», – қоғамда жұмыс істеу оңайға түскен жоқ. Қызыл империяның тас бұғауында жүрсе де «Қайтсек қазақтың қара қазанын ортайтпаймыз» деген міндетті мойындарына алғандықтан кейбір сәтсіздіктер, КГБ-ның арандатушылықтары оларды жасыта алмады.

Тағдырдың тауқыметімен жыраққа кеткен қазақтардың ата-мекенге көш беті 1955 жылы бұрылғанда қазақ елінің қуанышында шек болмады. Ал 1962 жылғы басталған сырттағы қазақтардың Отанына жаппай көшуі тарихта үлкен мәнге ие. Сол тұста бір айдың ішінде Қытайдағы 200 мың қазақ Тарбағатайдағы, Шәуешектегі шекарадан өтіп елге оралды. Мұрат Әуезов бастаған «жастұлпарлықтар» 60-шы жылдары елге оралған Қытайдағы қандастарымызға жанашырлық көрсетті. Әуезовтің қытай тілін, психологиясын жақсы білуі қандастарымыздың құжаттарын түзетуге себепкер болды. Қытайда Қазақ ұлты үшін күрескен азаматтарға қамқорлық жасады. Олардың жұмысқа орналасуына, Қазақстанға бой үйретулеріне ат салысты. Қытайда қуғынға ұшыраған, Шығыс Түркістан мемлекетінің ірге тасын қалаған қандастарымызға ерекше көңіл бөліп, құшақтарына алып, бауырластықтарын көрсете білді. Ел атынан, өкімет көрсетпеген жылылықты сездіре алды. Солардың ішінде қазақтың азаттығы үшін күресіп, Қытайда екі рет өлім жазасына кесілген «Жас күш» жастар ұйымының басшысы Айтан Нүсіпханұлы атты ағамыз болды. Айтан Нүсіпханұлы жиырма бес жылдан кейін Қытайдағы туған ауылында болғандағы көңіл-күйін былай білдіреді:

Талай-талай көрдік қой көрмегенді,

Талай достар талықсып түрмеде өлді.

Ширек ғасыр өткен соң оралғанда,
Қайран ауыл бақытқа бір кенелді.

Иә, біздер көрдік қой көрмегенді,
Біреу құшты біз сүйген бүрме белді.
Тақламақан құмында қалған достарым,
Армандарын өзімен бірге көмді.
Иә, біздер көрдік қой көрмегенді,
Тірі қалған жан олжа, өлген өлді.
Кей атаның үкілі отауынан,
Қалмағаны қинайды бір де белгі.

Бірақ мемлекет тарапынан ата-жұртына оралған қандастарымызға тиянақты көмек көрсетілмеді. Ата-жұртына алғашқы болып оралғандар, негізінен зиялы, білімді, рухты азаматтар еді. Қытайдың түрмесінен қашып елге оралғанда, оларға «Жә» дейтін адамдар аз болды. Соғыстың біткеніне де көп болған жоқ. Тұрмыс та қиын. Біреу жетім, біреу жесір дегендей. Әйтеуір атасы басқаға айқара ашылған қазақтың құшағы қандас-бауырларына ашылмады. Жандары ашып илікпей, тас болып қатып қалды... Ал елге оралғандар Айтан сияқты ұлттық рухы сынбаған, Қытайдағы қазақтардың азаттығы үшін күрескен сегіз қырлы, бір сырлы абзал жандар еді. Елге оралған қандастарымыз қандай мамандық иелері болса да күн көріс үшін жұмыс таңдамады. Қалалы жерге орналаса алмағандықтан, ауылды жерлерде қара жұмыс істеп, мал бағуларына тура келді.

Екінші толқында Қытайдан тағы 100 мыңнан аса отандастарымыз оралды. Бұл кезде Кеңес өкіметі мен Қытайдың қарым-қатынасы қатты шиеленісіп тұрған болатын. Енді Кеңес өкіметі, келгендерге бұрынғыдан бетер сенімсіздікпен қарап, КГБ-ның құрығына іліктірді. Шеттен келген қазақтардың бәріне тыңшы, жау, сатқын деп қарады. Ездіктен есі кеткен елде, сырттан ата-жұртына жүрек-бауыры езіліп сағынып келген қандас - бауырларына ешкім елжірей қоймайды. Қанына сіңіп қалған қорқақтық ата-дәстүр жолынан адастырып, жүрек-бауырын тас қылды. Қол үшін беріп кө-

мектеспек тұрсын, көрер көзге теріс айналды. Басқаға жуас қазақ өзіне қияңқылық мінез көрсетті. Сағыныштан сарғайып, өзімсініп келген ағайынның көңілін қалдырып, өзегін өртеді. Бүгінде ата-жұртына оралған отандастарымызды «оралман» деп тағы шеттетіп отырмыз. Шындығында ұлттық құндылықтарын, ана тілін сақтап, ұлттық рухын жоғалтпаған бауырларымыздан біздің аларымыз да, үйренеріміз де көп... Қытайдан келген қандас-бауырларымызбен бірге елге ұлттық құндылықтарымыз да оралды. Көне тарихымыз, қаймағы бұзылмаған салт-дәстүріміздің бір шеті елге жетті. Әсет пен Таңжарық сияқты ақындардың белгісіз өлеңдері, Шәкәрімнің Қытайға өтіп кеткен ұлы Зияттың еңбектері белгілі болды. Ата көрген оқ жонар, Зият ақын-режиссер ретінде Алтай мен Үрімшіде қызмет істеп жүргенде, Мағжан, Міржақып, Ахмет, Жүсіпбектердің әндерін сол жаққа таратыпты. Үнемі жастарды жинап Алаш рухын, Абай мен Шәкәрім мұраларын насихаттапты.

Тарихқа деген терең сезім иелері – жастұлпарлықтар Қытайдағы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі жөнінде көп мағлұмат алды. Айтан арқылы Зият ақынның «Оспан батыр» жөнінде жазғандарын оқыды. «Көзден жасым» өлеңінде Зият ақын большевиктердің келуін былай сипаттайды:

Біздің ел Шыңғыстаудың жайлауында,
Көп жылқы жайылатын қойнауында.
Халықты қаңсыратқан большевиктер,
Әкелген зеңбірегін қойшы ауылға.

Осыдан үріккен ел оңбады,
Аштықтан сан жетпейді, жоғалғаны!..
Сеңдей боп, селмен кеткен сезімдінің,
Олардың отқа өртенді көп арманы!

Аз уақыт Шығыс Түркістан Республикасы ұлт-азаттық көтерілісі жеңісінің нәтижесінде Тәуелсіз ел болғаны белгілі. Тек 1945 жылғы Ялта конференциясының шешімі-

мен шекара жабылып, Қытайдағы қазақтар Кеңес Одағымен байланысын үзді. Шынында, Шығыс Түркістан қазақтарының тарихы да, отаршылдық, опатшылық тарихы. Кеңес Одағы шекарашылары Оспан батыр көтерілісшілеріне қарсы әрекеттер жасады. Кешегі одақтастар бүгінде жауға айналды. Көтерілісші-қазақтар Қытай әскерінің тықсыруымен Тибет арқылы Индия – Бангладеш – Пакистан - Түркияға жер ауды...

Басқа мемлекетке барып, сіңісіп кету кімге болса да оңай емес. Қоғам өмірінен өз орнын табу үшін аты-жөнін уақытша ауыстырып, амалсыздықтан басқа атпен белгілі болған қазақтар Қытайда қазір де көптеп кездеседі. Соның бірі найман текті генерал Хасен Рустемұлы. Ол Жан Жия Мин деген атпен үлкен лауазымды қызметтер атқарған. Мао-Цзе-Дунның оққағары, әрі көмекшісі болып, Қытайдың танк армиясының негізін қалаған азамат. Қытайдағы белгілі Хасен генерал өз ата-бабасының Тарбағатайдың найманы Кетбұқадай бабасының ұрпағы екенін мақтан етіп жүрген қазақ.

Сол кезендердегі жаппай аштықты, саяси-сұрқия жағдайды, халықтың қырылып, қалғандарының жан-жаққа тарыдай бытырап кетуін жастұлпарлықтар естіді, көңілдеріне тоқыды. Ата жұртынан айырылып шетте қалған қазақтардың тек қана жан бағып жүре бермей ұлттығын ұмытпай жүргендерінен үлгі алды. Қазақтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі қайда жүрсе де суымайтындығын жастарға үлгі етті.

Ақмола-Ерейментау көтерілісінен кейін қазақ халқы біртіндеп ой-санасындағы, тұрмыс-жағдайдағы қараңғылықтардан арылып, жарыққа, тіршілікке беттей бастады. Болмысты торлаған қорқыныш пен мүсәпірліктен құтылып, ұлттық болмысы оянды. Қазақстанның барлық жағынан орталыққа шексіз тәуелді болуымен келіспейтіндердің қатары көбейді. Социалистік идеологияға негізделген мәдени-ақпараттық жүйе интернационалистік тәрбиемен қоғамды қанша тұншықтырса да ұлттық сананың оянуын тоқтата алмады.

Тоқырау кезеңін Жұматай Жақыпбаев «Ақын өлтіру ойыны» деген өлеңінде былай жырлайды:

Еліне дауысын жеткізбей,
Аузы мен мұрнын тығындап.
Сыртынан сұмдар сыбырлап,
Ойнайды келіп той ұлы,
Ақын өлтіру ойыны.

Бұл замана көрінісі, ащы ақиқат. Табиғи потенциалы мол Қазақстанда экономика дұрыс жолға қойылса күшті дами алар еді. Ал Кеңес өкіметі Қазақстанның Украинадай экономикасының жан-жақты өскенін, ғылым мен техникаға негізделген өнеркәсібінің болғанын қаламады. Қазақстан шикізат (базасы) көзі, ауылшаруашылықты республика болып қала берді. Кеңестік идеологияның ұлт белсенділігіне қарсы бағытталуының басты себебі де осы.

Елдік сана негізі азаматтық құндылықтарды қалыптастыра алмаған, өтірік өмір сүруді дағдыға айналдырған қоғам саяси катаклизмге бейім келеді. Ұлтсыздану қазақтың әдет-ғұрпында жоқ шектен шыққан пендешілік пен сатқындық сияқты жаман қасиеттерді адам бойына тәнті етті. Мұрат Әуезов бұндай жандайшап, сатқындар туралы өзінің бір сұхбатында оларды кінәламайтынын айтты: «... КГБ-ның жансыздарының әбден маманданғаны соншалықты, семинарларымызға дейін қатысып, не айтып, не қойғанымызды бүгішігесіне дейін теріп жазған. Бізге дерек жинаған жансыздар – сол жүйенің адамдары, сол жүйенің құрбандары. Біз қанша қиналсақ та құрбан болған жоқпыз. Жанымыз қиналды, көп қиындық көрдік. Бірақ біз құрбан емеспіз, құрбандар солар – әділетсіз жүйенің жақсы қызметкерлері. Өмірдің өзі күрес. Солай бола береді. Кезінде «Көшпенділер өркениеті» деген кітабымызды өртегені белгілі. Сол іске қатысы бар адамдар қазір де арамызда жүр, қалада кездесіп те қаламыз. Амандасамыз. Бір жерде мақаламыз шықса, соны аңдып жүріп тауып

алып, « әшкерелейтіндер» де болды. Бізді ұлтшылдар деп кінәлағандардың арасында осы күні жер басып жүргендер де бар. Жеке басым оларға еш кінә артпаймын. Әркімге өз ұяты, ары төреші. Олар да тарихтың бір көрінісі. Біз-тарихтың заңдылық жолымен келе жатқан бір көрінісіміз. Біздің жауымыз жеке адам емес, жүйе еді.»

Қазақ ұлты жерінің кеңдігінен, шаруашылық ерекшелігіне орай табиғатпен байланыса өзіндік кең әлем жасаған халық. Көпшіл, не істесе де берекелі, табандылықпен, істейді. Мақсат, арманы да ата-мекеніндей ұлан-ғайыр. Тойы тоқтамаған, іске кіріссе ұсақ- түйекпен араласпай, құлаштап, ғарыштап кетеді. Аяғының асты шашылып жатсада, аттап жүре береді, алға ұмтылады. Намыстың отына мінсе, жолындағысының бәрін қиратады. Албырттықпен артын ойламауы да кездесіп қалады.

Михаил Горбачев бастаған «Қайта құру» саясаты елде тоқтатылған либералдық дамуға мүмкіншілік жасады. Бұл - Никита Хрущевтің «жылымығының» үзіліп жалғасқан бағыты болды. Әрине арадағы 25 жыл «Брежневтің тоқтау-тоқырау» кезені Кеңестік қоғамды өзгертті. Социалистік жүйе, коммунистік басшылық қоғам дамуындағы қайшылықтарды одан әрі шиеленістіріп тығырыққа тіреді. Михаил Горбачевтің өзі мойындағанындай оның екі басты кемшілігі болды. Олардың бірі - жете көңіл бөлінбеген ауыл шаруашылығы болса, ең басты кемшілігі ұлт мәселесіне тиісті көңіл бөлініп дұрыс шешілмеуі еді.

Қазақстанда ұлт мәселесі ушығып, бомба болып жарылып, Желтоқсан көтерілісіне ұласты. Азаттық идеялары мен ұлттық болмыстары шындалған қазақ жастары өтірікке бейім Кеңес Одағының бет-пердесін ашты. Алматы жастары бір күндік жолдасқа мың күндік рух сыйлады. Бір күдіреті күшті түйсік – бар қазақтың зейінін еркіндік өміріне жетеледі.

Мыңдаған жастарға қала, ауыл тұрғындары қосылды. Жастардың ұлтына деген жүректерінің ыстығы желтоқсанның ызғарын жібітіп, кеңестік жүйенің құрсауын сындырды.

Арман мен сенім бірікті. Кезінде тың игеру қасіретіне қарсы шыққан Шәмші Қалдаяқоватың «Менің Қазақстаным» әні енді Желтоқсан революциясының ән-ұранына айналды. Революция Целиноград, Көкшетау, Қарағанды қалаларында жалғасын тапты. Әлеуметтік ахуал ұзақ жылдарғы қоғамдық болмыстың көрінісі. Желтоқсан революциясы ұлттық психологияның Д. Қонаевті қызметінен алғандағы бір-екі көрінісі ғана емес. Ол көп жылдарғы қатпарлар, уақыт сеңінің көшкені. Қазақстанға бірінші хатшыны жергілікті ұлт өкілінен сайламау салдар-сылтау. 1986 жылы революциялық ахуал қалыптасу деңгейіне жетті, ұлттық сана төңкеріске дайын болды. Желтоқсан революциясы ұлт-азаттық кейіпте бағыт алды. Революцияға қазақтан басқа бірде-бір басқа ұлт өкілдері қатыспады. Олар Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күрескілері келмеді. Қақпаларын жауып, ілгегін тас қылып бекітіп, өртеніп жатқан менің жерім емес, «бірің өліп - бірің қал», – деп отыра берді. «Қазақтарға ризамыз, қиын - қыстау репрессия кезінде бізді өлімнен, аштықтан құтқарып қалған солар», – дейтін шешен-ингүш, неміс, кәріс тағы тағыларының бір де біреуі жұмған ауыздарын ашпады. Бір ауыз жылы сөз айтуға жарамады. Қайта Мәскеу, Санкт –Петербург қалаларының, Балтық жағалауы республикаларының зиялы қауым өкілдері көтерілісшілерге әділ бағасын беріп араша-шы болды.

Қазақ тарихында соңғы 300 жыл ішінде әр 70 жылда естен кетпес үлкен оқиғалар тізбегі орын алып отырған. Бұл - тарихи белес. 1776- Досалы, Сейдалы сұлтандардың көтерілісі, 1846 жылы Кенесары Қасымұлының тәуелсіздігімізді сақтау үшін күресі, 1916 жылы Ұлт-азаттық қозғаласы, ал 1986 жылы Желтоқсан революциясы болғаны аян. Желтоқсан революциясы – қазақтың ұлттық идеясының алып шыңы, сарқылмас қайнар көзі.

Кеңес өкіметі қазақ халқына қарсы репрессияны күшейтті. Ұлт санының аздығын көзге түрткі етті. Пәтер алу кезегі, партияға өту мәселесі қайта қаралып, саяси сенімділікке, социалистік жүйеге берілгендікке сай елек-

тен өткізіліп, қазақтар тізімнен шығарыла басталды. Ертемен жұмысына беттеген адам кешке дейін қызметін сақтап қала ала ма, жоқ па, оған сенімділігі болмады. Акутагава айтпақшы, адам өмірінің кейбір сәттері бір сіріңке сияқтанды. Қорқып қарауға –күлкілі, мән бермей жәй қарасаң қауіпті... Ешкім де осы ұстанған саясатымыз дұрыс па, бұрыс па деп ойланбады. Билік қазақтың рухын біржолата сындырып, қазақ ұлтын жоюды алдына мақсат етіп қойды. Ұлт араздығын күшейтті. Кейін бір тентектер өкіметтің идеологиялық-насихатының әсерімен қазақ зираттарындағы сүпі тастарды қиратты. Кешікпей орталық мешітке жұма намазы күні оқ атылды. Аруақтар қорланды... Қазақ намысы аяққа басылды... Бірақ еш қылмыскер ұсталып, бірде-бір адам жауапқа тартылмады. Өткен күндер өкініші қайталанды...

Коммунистік партия бар қазаққа сенімсіздікпен қарап, кәмпитін беріп, қамшысын сілтеді. Ресейдің шағын Ульяновскі қаласынан әкеліп тағайындалған Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Г. Колбин жергілікті ұлттық мамандарға сенімсіздікпен қарап, басқа республикалардан мамандар жинады.

Желтоқсан революциясы халықтың аузын құлыптап, ойын көгендеп, еркін шідерлеп ұстаған тоталитарлық коммунистік режимге алғашқы болып соққы беріп, негізін шайқалтты. Қазақстаннан бастау алған азаттық дауылы Кеңес Одағын түгелдей қамтыды. Баку, Рига, Вильнюс, Тбилиси қалалары желтоқсан революциясы ықпалымен Кеңес Одағы жүйесіне қарсы көтеріліске шықты. Қайта құрудағы романтикалық ұмтылыс қатал шындықтың жартасына әкеліп соқты. Коммунистік көзқарас тұтқынынан шыға алмаған М. Горбачев елде лаулаған революция отынан қорқып, өркениетті өмір бағытын өзгертті. Қараңғылық жолына түсіп, империялық саясатқа қайта көшіп, шоқпарын оңды-солды сілтей бастады. Көпшілік болмысы социалистік жүйеден біржолата жиренді, М. Горбачевтің демократияландыруы мен қайта құруына деген сенім сағымдай сырғып жоғалды. Коммунистік

идея бұқара халықтан қолдау табудан қалды. Компартияның саясаты ағыл-тегіл жауған нөсерді сылқылдата сорып алып, ертесіне кебірсіп жататын шөлдегі шұқанақтай жан –жағын жайпап қуарта берді. Коммунистік тоталитарлық жүйе Желтоқсан революциясын аяусыз жазалап басты.

Жастұлпарлықтардың ар-намысының күштілігін Желтоқсан революциясы айқын көрсетті. Советқазы Ақатаев пен Мұрат Әуезов бірігіп «Неміс толқыны» (Немецкая волна) радиосына ақпарат ұйымдастырды. Мәліметтерді шет елге жіберу мәселесімен Советқазы Ақатаев айналысты. 70-ші жылдардың басында Мұрат Әуезовтің «Литературная газетада» жұмыс істеуі Кеңес Одағы зиялы қауымымен жақын араласуына мүмкіншілік жасады. Ол кезде бұл газет зиялы қауым газеті болып есептелді. Міне енді Қазақстандағы Желтоқсан революциясын компартия жаппай қаралап, қазаққа ұлтшылдық айдарын таққанда, осы орта арашашы болды. Жастұлпарлықтар өздері бірге оқыған Кеңес Одағының алдыңғы қатарлы зиялы қауымын ұлт мүддесіне пайдаланды. Олар Желтоқсан революциясы жөнінде оң жақты қоғамдық пікірлер қалыптастырды.

Балтық теңізі жағалауы республикаларында Мұрат Әуезовтің досы, болашақ Тәуелсіз Эстонияның Президенті Мери Леннарт-Георг желтоқсандықтарды ақтап, Кеңес өкіметін қаралап, Батыс елдеріне пікір ұйымдастырды.

Желтоқсан революциясынан кейінгі репрессияға қарсы қоғамдық ұйымдардан гөрі жекелеген тұлғалардың күресі нәтижесін көбірек берді. Осындай жекелеген саяси тұлғалар қатарына Кәрішал Асанов пен Михаил Есеналиевті жатқызуға болады. Олар СОКП-ның ұлттық саясатын ашық әшкереледі. Кәрішал Асанов билікке қарсы саяси күресін тоқтатпай жалғастырып, шынайы диссиденттік бағыт ұстанды. Ал Михаил Есеналиев Сәбетқазы Ақатаев төрағалық еткен «Азат» қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі болды.

СОКП-ның шешімімен қазақ халқы ұлтшыл аталып қуғын-сүргін заңдастырылды. Өкімет бір қазақты қайтадан

жүз-жүзге, оңтүстік пен солтүстікке қанша бөлуге тырысқанынан еш нәтиже шықпады. Қазақ қауымының арасына өзек құртын түсіре алмады. Ел бірігіп, көкіректің көзі ашылып, қанына тартуға айналды.

Рухы шыңдалған қазақ халқы 1987 жылы Мұхтар Әуезовтің 90 жылдығын жастұлпарларша «Мен қазақпын» деп атап өтті. 1988 жылдың желтоқсанында Алаштың үш арысы Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы толығымен ақталды. Бұл 1986 жылғы желтоқсан революциясының тарихи жеңісінің алды болды. Осы тарихи сәттен қазақ қауымының рухани дамуының жаңа дәуірі басталды. Қазақ тарихының жаңа бетінің ашылуына жастұлпарлықтардың еңбектері ерекше. Олардың ширек ғасыр Алаш идеясын жаңғыртып, ұлтын оятып, жастардың санасын серпітулері өз нәтижесін берді...

Ескі билік пен жаңа демократиялық, ұлт-азаттық бағыт арасындағы қайшылық шегіне жетті. Мәскеу билік тізгінін босатуға мәжбүр болды. Одақ құрамында республикалар экономикалық еркіндіктер алып, егемендіктерін жариялай бастады. Қазақстанның 1990 жылдың 25 қазанында қабылдаған «Егемендік жөніндегі» декларациясы шын мәнінде «де факто» Тәуелсіздігімізді жариялау болды. Өзіміз «Ит үрген сайын қоянның бір тал түгі түсетініндей зәрезәп мінез, қанымыздағы қорқыныш салдарынан Мәскеуге жалтақтағанмыз болмаса, орталық билеп –төстеуін жоғалтты. Кеңес одағы формальды түрде ғана сақталды. Осы жылдары желтоқсан революциясы әсерімен ұлт рухында үлкен серпілістер болды. Көптеген ұлт мүддесін қорғауға бағытталған ұйымдар, бірліктер, қозғалыстар дүниеге келді. Ұлтшыл қауым тарихи мүмкіншілікті тиімді пайдаланып қалуға ұмтылыс жасады. Азат, Желтоқсан тағы да басқа қозғалыстарды бұқара халық қолдап, үміт артты.

Ұлттық жағынан құрама империялар ерте ме, кеш пе ыдырауы заңды құбылыс екеніне тағы да көзіміз жетті.

Қазақ халқы тарихтың ең ауыр өткелдерінен жүгі қанша ауса да аман өтті. Қасиетті қазақ жерінде де азаттықтың ақ таңы атты. Алаш зиялылары армандаған Тәуелсіз ел болдық. Тәуелсіздік алуымызда азаттық үшін күрескен әр буынның үлесі бар. 1986 жылы Желтоқсан революциясымен Қазақ жерінен басталған коммунистік дағдарыс бес жылдан кейін - 1991 жылы Қызыл Империя – Кеңес Одағының ыдырауыменен құлады. Желтоқсанның ызғарында алаулаған революция оты Желтоқсанда социалистік жүйенің күлін ғана қалдырды. Коммунистік идея тарих қойнауы сөресінен орын алды... Алматы қаласының Брежнев алаңында төгілген қазақ жастарының қаны зая кетпеді. Ойдағымыз болды. Ортамыз толды. Төбедегі келді. Арманымыз орындалды. Аруақ ренжітпеген, азаттық үшін күресе білген елге ерте ме, кеш пе бақыт құсы қонады екен...

Тәуелсіздік есті кетіріп бақытты етті! Беймәлім бір қуаныш жан дүниені, бүкіл ықыласымызды еріксіз баурады. Көкіректі керіп кеудені отқа толтырып, еркін лапылдайтын болдық. Бостандықтың буы қиындыққа қысылтпай, кемшілікке алаңдатпай еңсені көтерді. Тенеуі жоқ қуаныш –тауымыз шағылып, бетіміз қайтқан күндерді ұмыттырды. Көксегені көктен түсіп, армандары орындалған қазақ жұртының жарқыраған көз нұрлары жүздеріне төгіліп жасарып кетті.

Ұлт тағдырын, болашағын ойлаған жастардың көптілігі, саяси салмағының күштілігі сондай Ел Президенті Н. Ә. Назарбаев қозғалыс мүшелерімен бірнеше мәрте ашық кездесу өткізді. Бұған кейбір жастардың жалаң ұлтшылдық, саяси таяздықтары да әсерін тигізді. Ұлтшылдықтың дауылына ілесіп, алды-артын ойланқырамай, жеңілтектіктің буына күмпигендер де аз болмады. Таза «Ұлттық мемлекет» құру бағытын ұстанушылардың саны көбейді. Олар ұлтының қасіретін тек келімсектерден көріп, өткеннің зорлық -зомбылығын өздеріне қайтарғысы келді. Отаршылық саясаттың кегін қайтармақшы болған біраз қызу қанды жастар «Қазақ елі - қазақтар үшін», «Окупанттар Қазақстаннан кетіңдер»

деген сияқты ұлт араздығын туғызатын ұрандар ұстады. Жастарды сабырлыққа шақырып, ақыл тоқтатқызу ауадай қажет болды.

Міне, осындай ерекше бір кездесу 1992 жылдың көктемінде Алматы қаласында өтті. Президент жастармен Правда көшесі бойында орналасқан Студенттер сарайындағы ашық кездесуге келді. Студенттер сарайы жастарға, зиялы қауым өкілдеріне лық толды. Зиялы қауым қатарын негізінен жастұлпарлықтар құрады. Өмірдің көктөбесін белдеген жастұлпарлықтар Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен – ақ зайырлы мемлекет құруды көздеп, «көзсіз, жалаң ұлтшылдыққа» қарсы шықты. Жалаң ұран, жандайшап тірлік азаттық пен демократиялық үрдістерге қайшы келіп, кедергі жасайтынын жастарға түсіндіріп жүрген.

Президент өз сөзін «Тәуелсіздік жолы – тар жол, тайғақ кешу, бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар», – деп бастауы кейбір шалалықтың буына қайнаған жастарды суындырды. Көңіл-күйдің дауылы кенеттен тынши қалды, ой сезіммен бірге тасыған қан да тоқтады. Мәңгіліктің тыныштығы орнап, бар қозғалыстың күңгірі ғана қалғандай. Табиғат тылсымы, уақыт тынысы адам арманына тәуелденді. Ой ұшқыны жылдамдығы шектен шықты.

Елбасы жастарына ашық әңгімеге келген, жастары ұлттың ішіндегі жан айқайын бүкпелемей айтып салған - сан жылда бір кездесетін ерекше сәт ... Ұлттың болашағына ұлттық мемлекет ғана жағдай жасай алады. 300 жылда 300-ден аса көтеріліс жасап, жеңіліп, қанға боялып зорға жеткен Тәуелсіздікті дұрыс пайдалану жолдары туралы пікір-ойлар ортаға салынды.

Бұл Президент пен ұлтының жас ұландарының түсіністігі ғана емес, ата-баба арман –тілегінің тарихи сабақтастық арқылы халқына жетіп, сана- сезімге нұр болып құйылып, танымы мен даналығы ұштасқан жүз жылда бір келетін «Алтын сәт» еді. Нұры шашылып, бірлікке, түсіністікке жеткен

«сол бір ерекше сәт» қазақ мемлекетінің құрылым бағытындағы түсіністікте ерекше орын алғаны сөзсіз.

Жастұлпарлықтар Қазақ елі Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін де өздерінің саяси белсенділігін бәсеңдетпеді. Қайта алдарына жаңа мақсаттар қойып, саяси күресте шындалған тәжірибелерін мемлекеттің іргетасын қатайтып, шаңырағын биіктетуге жұмсады. Мемлекет құрылымы қандай болуы керектігі жөнінде парасатты ойларын ортаға салды. Халықтың қайталанбас тірлігі, құқығы, игілігі, кісілігі мен намысы басты құндылыққа айналатын мемлекет құруға ұмтылыс жасады. Қоғам өмірінің бар саласында ұлттық ұқсастық пен бірегейлік негізінде шындықтың үстемдік етуін қалады.

Дамыған, әділетті қоғамда кісі өлтіру қандай қылмыс болса, өтірік те сондай қылмыс болып есептелуі керек. Өйткені қазақ бағзы заманнан кісі өлтіру мен өтірікті тең көрген. Қазақ болмысында өлім, өсек-өтірік жаман ұғым. Жамандықты шақыру - өтірік айту, алдаудан басталады.

Әлем тарихында өзінің өшпес сара жолын салып, қайталанбас төл мәдениетін қалдырған көшпелілер мәдениетінің мұрагері қазақ халқы жалғандағы өмірдің мәнін бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдаған. «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық», - делінген. Мұндағы денсаулық – тән мен жанның тазалығын, саулығын айтса, «ақ жаулық» ұғымы одан да кең. Ол жанұя, ұрпақ, ағайын, ел, қоғам, деген мағынаны көрсетеді. Ал «он саулық» барлық материалдық дүниені, тіршілікке не қажет соның бәрін қамтиды. Міне, жастұлпарлықтар өмірді осылай түсінген қазақтардың Тәуелсіз мемлекетін ата-баба мұратына сай құрылуын аңсады.

Жастұлпарлықтар Қазақстанның экономикалық және саяси тәуелсіздігімен қатар рухани тәуелсіздікті бірден күн тәртібіне қойды. Рухани байлықсыз Тәуелсіздіктің көріксіз, мағынасыз болатынын дәлелдеп, теледидардан айтып, газет –журнал беттеріне жазды. Жан толғанысы, сезім толқынысы, рухани өмір серпінін күшейту үшін ұлттық мұраттың жаңа құндылықтарын іздеді. Тапты да. Тәуелсіздік тұғырын

биіктетер жол бағыттарын көрсетті. Жастұлпарлықтар тарихи сабақтастықты жалғастыра отырып, қазақ елінің жаңаша өмір сүруін қалады. Патриотизм елді өзгертуі, ал еркіндік мемлекетілікті нығайтуы керек деп есептеді. Ұлтқа деген сүйіспеншілік Тәуелсіз мемлекетке, Отанға сүйіспеншілік деп түсінді. Ал демократияны халықтың билігі емес, халық алдындағы жауапкершілік екеніне ерекше тоқталды.

Қалыптасқан ғылыми көзқарастарда мемлекетті жалқы (моноұлттық) деп санау үшін сол ұлттың бүкіл тұрғындар санының 67 пайыздық үлесі болуы керек. Бұл халықаралық құқық пен өркениеттік қағиданың тұжырымдамасына да сәйкес келеді. Белгілі халықаралық құқық қорғаушы «Фридом Хаус» атты ұйым мемлекет жөнінде мынадай анықтама береді: «Тұрғындарының үштен екі бөлігінен астам үлесі бірегей этнос тобына жататын ел жалқы ұлттық (моноұлтты), ал осы үлес үштен екі бөлігінен аспаса, ол көпұлтты (көпұлттық) деп аталынады» делінген. Яғни, Қазақстан ғылыми да, құқықтық жағынан да жалқы қазақ ұлтының мемлекеті екені күмәнсіз. Ұлт мүдделігін қорғаған ерекше саяси мемлекеттік құрылымдар да әлемде орын алады. Мысалы, Израильде еврей ұлты 60%-ды ғана, Біріккен Араб Әмірлігінде жергілікті араб ұлты 20%-ды ғана құраса да олар жалқы ұлттық мемлекет.

Ғылымда «табиғи әділеттілік» және «тарихи әділеттілік» деген ұғымдар бар. Олар жүзеге асуға тиіс. Ал жүзеге аспаса, онда тарихтың доңғалағы өз жүрісінен жаңылып қырын кетеді. Жастұлпарлықтар өз халқының даналық қазынасын қалпына келтіру, дамыту, асқақтату міндетін алдарына қойды.

Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден-ақ ұлттық құндылықтарды қоғам дамуы процесіне үйлестіру, мемлекеттің бет-пердесіне, пішініне ғана емес, ішкі сапалығына да мән беру мәселелерін көтерді.

Ұлттық саясатта ең әуелі қазақтың бірлігі мен қоғамдағы орны анықталмайынша, ешбір мемлекеттік саясат қажетті нәтиже бермейді.

Ел аузындағы - «Кенесары ханның басы ата-жұртқа әкелініп жерленбейінше, кіндік қаны тамған туған жерінен амалсыз кеткен қандастарымыздың ұрпағы елге оралып, бір кара шаңырақтың астына жиналмайынша қазақта бірлік, береке бола қоюы екіталай...» деген сөздің де жаны бар. Аруак (өлі) риза болмай, тірі байымайды.

Ал Қазақстанда ел билеудің жүйелік сабақтастығы үзілгендіктен, Кеңестік әдет жалғастырылды. Интер-националдық тәрбие сақталды. Қазақ ұлтына өз жерінде отырса да жағдай жасалмады. Тәуелсіздік алуымызбен өрлеген ұлттық рухты ұстап тұра алмай төмендетіп алдық. Ел коммунистік дағдымен биленді. Билік басында ұлттық сезім-түйсігі жоқ, ұлттық құндылықтардан жұрдай азаматтар отырып қалды. Кеңестік жүйемен етене бітісіп кеткен кейбір қызметкерлер Кеңес Одағының ыдырауын трагедия деп санады. Өтірігі көп, ешбір жауапкершілігі жоқ жалған қоғамды көксеулерін қоймады. Ал шындығында бұл ұлттық рухтың жоқтығынан, ана тілін білмеуден шыққан болашағы күңгірт жандардың қорқынышы еді. Басқаның сасығына құмар, өздігінен күн көре алар ма. Осындайлардың кесірінен намысты табыспен ауыстырып алған азаматтардың көптігі рухани күштің жандануына кедергі жасауда.

Кеңес Одағынан ұлттық рухын әлсіретіп шыққан тек қазақ ұлты болды. Ең арғысы Балтық жағалауы, Қап тауы республикаларын алмағанның өзінде Түркия, Қытай, Моңғолия, Иранда тұратын қазақтардың ана тілін, ұлттық әдет-ғұрпын білмейтіндері жоқ. Ал біз өз еліміз, өз жерімізде тұрсақ та ана тіліміздің өзін бәріміз біле бермейміз. Бір ұлт, бір тіл өскендіктің, өркениеттіліктің белгісі. Халықтың ұлылығы – оның ана тілінің ұлылығында. Ана тілін білмеген – білімсіз.

Жастұлпарлықтар мемлекеттік қызметке белсене араласты. Мұрат Әуезов парламент депутаты болса, Болатхан Тайжанов Сыртқы істер министрлігінде басшылық қызмет атқарды. Олар ұлтын, мәдениетін, тілін, туған жерін сүйетін жастарды төңірегіне жинады. Тәуелсіздікті нығайту ұлттық

- идея көзі деп есептеді. Ұлттық мүддені ең алдыңғы қатарға қойды. Болатхан Тайжанов экономиканы жекешелендіру барысындағы өкіметтің жекелеген саясатымен - келіспеді. Ал Мұрат Әуезов Мемлекеттің мәдени-рухани саланы дамытуға жеткілікті көңіл бөлмей отырғанын сынға алды. Жастұлпарлықтар барлығы дерлік мемлекет байлығы халықтікі деп, ол байлықтың ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кетпеуі үшін күресті. Бірақ замана ағымы өзінше үрдіс алды. Рухы әлсіреп, ұлттық мінезі өзгерген қазақ ұлты ата-бабасынан қалған байлық көзінен қайтадан біржолата айырыла бастады. Қазаққа ең қиыны жерден айырылу болды... Қорқақтан момын жаман болып шықты. Мұрат Әуезов пен Болатхан Тайжанов көп ұзамай түрлі себептермен екеуі де елшілік қызметке ауысты...

Олардың бір мезгілде шет елге кетуі жастұлпарлықтардың саяси белсенділігін бәсеңдетті. Болатхан Тайжанов пен Мұрат Әуезов Қазақстанның Тәуелсіздік туын халықаралық деңгейде межелі жеріне жеткізіп, ұлтымызды әлемге танытуда қажырлы еңбек етті. Бұл саяси, дипломатиялық тұлғалардың халықаралық дәрежедегі беделін Эстония Президенті Мери Леннарт –Георгтің Қытай Халық Республикасына жасаған іс сапарынан анық көруге болады. Онда Эстония Президенті Қытайдағы мемлекет аралық іссапары күн тәртібіне Пекиндегі Қазақ елшілігінде болуды арнайы енгізеді. Бұл Балтық жағалауы мемлекеттерінің тәуелсіздік алуына қазақ жастарының Желтоқсан революциясымен сіңірген тарихи еңбегіне құрмет болатын. Желтоқсан революциясының екпінінен құлаған Кеңестер Одағы құрсауынан Эстонияда азаттық алып еді. Бұл құрмет тәуелсіз Қазақстанның Қытайдағы елшісіне ғана көрсетілген құрмет емес, жалпы қазақ халқына, жастұлпарлықтардың көсемі Мұрат Әуезовке жасалған ишарат, ризашылық сипатының көрінісі!

Тек, Мұрат Әуезов 1996 жылы дипломатиялық жұмыстан елге оралып, бір жылдай Мәдениетті зерттеу орталығында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істегенде жастұлпар-

лықтардың жұмысы қайта жанданды. Осы аз уақыттың ішінде Мәдени орталық «бостандық аралына» айналды. Көзі тірі «Жастұлпарлықтармен» бірге Алматының зиялы қауымы жиылатын жер болды.

Бірден «Тамыр» саяси-мәдени клубы құрылып, Қазақстанның бүгін мен ертеңі жөніндегі қызу сайыстар басталды. Әсіресе Мұрат Әуезовтың Қытайдың сыртқы саясатындағы «Си Юй» түсінігі сияқты Қазақстанның қауіпсіздігіне байланысты мәселелер көптеп қаралды. «Си Юй» экспансиялық саясаттың нақты көрінісі, таза қытайлық жаугершілік, арамза бағыт екен. Клуб мүшелерінің арасынан С. Құттықадам, Н. Масанов, С. Ақатай, М. Балтабаев, С. Қарақұлов, А. Жовтис, Г. Бельгер, М. Сембин, В. Воронов сияқты азаматтарды көрдік.

Жастұлпарлықтар қайтадан жиналып саясатпен айналыса бастады. Басында 21 адамнан тұратын «Тамыр» клубы нәр көзі, жақсылық негізі, достық пен сыйластықтың жанашырлық символы ретінде қалыптасты. Ашық пікір-сайыс алаңы зиялы қауымды елең еткізіп, елінің ертеңін ойлаған азаматтардың басын біріктірді. «Тамыр» клубының жұмысы көне мәдениет мәселелерінен басталып, Тәуелсіз Қазақстанның болашағы туралы сан алуан пікір айтумен жалғасты. Клуб модераторы Мұрат Әуезов пікір сайысына әр саланың мамандарын шақырды. Жұмасына бір рет болатын кездесуге келушілер саны көбейді. Әрине сайысқа қатысушылардың көпшілігі ел ағасы атанып, самайлары бозарған жастұлпарлықтар болды.

Бұл - нарық, ар мен бардың тайталасын күшейткен кезі еді. Сондықтан «Тамыр» клубы мүшелері экономиканы жекешелендіру - болмысты ұяттан ауа етіп, сана-сезімді тұмандандыруымен күресу жолдарын іздеді. Халық жазушысы Герольд Бельгер: «Совсем юным он организовал из талантливой казахской молодежи «Жас тулпар», что было в ту суровую пору сродни «безумству храбрых», то есть осознанным мужественным поступком уже не мальчика. Дерзновенный национально-интеллектуальный вызов Времени и режиму

власти «Жас тулпара» осмысливается и поныне. Невозможно переоценить значение этого движения в становлении и росте национального самосознания. Наслышан я был о том тогда. Помню, как неистовствовал по этому поводу один из ярких классовых борцов казахской литературы. Помню сочувственное отношение к «Жас тулпару» и другого аксакала, композитора-академика. Однако молодой, задиристый, норовистый тулпар проскакал тогда мимо меня. Но многие годы спустя, когда уже закаленный в политических, идеологических и житейских бурях Мурат Ауэзов затеял новый кружок под названием «Тамыр» я был удостоен участия на этом пиру интеллектуалов разных национальностей, т. е. я был принят в высокое тамырство страждущих духовной свободы казахстанцев.

Точное слово было найдено Муратом Мухтаровичем. Тамыр-корень, основа. Тамыр-верный друг, побратим. Тамыр – братья среди братьев. Тамыр-сообщество единомышленников, объединенных высоким порывом, благородной целью.

Таковым и был у нас кружок, или союз как хотите. Под предводительством Мурата мы, человек двадцать, не равнодушных к тому, что происходит в нашем обществе, собирались регулярно два раза в месяц в течение нескольких лет и убежденно, искренне и открыто обсуждали злободневные политические, этнографические, государственно-гражданские проблемы и ситуации, осмысливая по всем параметрам все, что творилось вокруг или только-только намечалось или проклевывалось. Со стороны наше тамырство, наши жаркие дебаты могли, возможно показаться чудачеством, донкихотством, сборищем романтиков-вельтфербессеров(-по немецки «улучшателей мира») забавой интеллектуалов, но к нам шли-текли люди, журналисты, писатели, историки, философы, политологи, обществоведы, наши суждения, установки, выводы понемногу расширяли круг единомышленников. Тамыры знали, что их беседы не исчезнут бесследно, что семена рано или поздно дадут всходы, вольные слова будят чьи - то сердца и души. А наш идейный предводитель,

тамыр тамыров был абсолютно убежден – о чем он потом скажет в одном из интервью; «А мы жили своей параллельной жизнью, и это не есть пассивное состояние. Потому что наше параллельное бытие рождает особую энергию. Оно готовит отдельные сознания способных людей, которые активизируют все то, что зарождается в наших разговорах... и, в конце концов получается какая-то энергия, которая ломает ту самую параллельную химерическую реальность».

Он прав, Мурат Ауэзов! Тихие беседы интеллектуалов, преисполненные любви к своему народу и отечеству, понемногу расшатывают твердыню режима, замешанного на опаре временщиков, на шкурническом интересе рыцарей наживы, не желающих и не способных видеть дальше своего носа.

Біртіндеп «Тамыр» клубының арнасы кеңейіп, ол «Азамат» партиясына айналды. Бұл саяси партия өз бағдарламасында зиялы қауымның мүддесін қорғады, әсіресе ғылым-білім саласындағы мәселелерді өзіне бағыт етті.

Мемлекеттің дұрыс дамуы зиялы қауымның көңіл-күйі, болмысының деңгейімен жауапкершілігіне көп байланысты. Елдегі өзгерістерді зиялы қауым бастағанда ғана қоғам мақсатына еш ауыртпашылықсыз жете алады. Жастұлпарлықтар ұлт болашағының қамы үшін зиялы қауымның орны зор екеніне үлкен мән берді. Билік пен бұқара халық арасының көпірі де, ұлт бірлігі, ел тыныштығын сақтаудың кепілі де солар екендігін түсінді. Зиялы қауымның белсенділігісіз зайырлы қоғам құру мүмкін емес деп есептеді. «Азамат» партиясы ғылым мен білім саласын, зиялы қауым мүддесін қорғаумен бірге ең басты мәселелердің біріне - қоғамның орынсыз каналуына жол бермеуді жатқызды. Тәуелсіздікті ұлттық идея негізіне алып Ұлттық идеология жасауды тездетуді көздеді. Босаған коммунистік идеология аясына діни экстремистік, жалаң ұлтшылдық үрдісін еңгізбеуді мақсат етті. Біздің халықта феодалдық, капиталистік қоғамнан «ащы», қанды болсын социализмге өту тәжірибесі болғанымен, социалистік жүйеден капиталистік қарым-қатынасқа

өту тәжірибесі болмады. Өтпелі кезеңде, ұлттық болмыс әлі шыңдалу тегіне жетпей жатып, түрлі-түрлі реформаларды халыққа тықпалай беруге қарсы болды. Батыстық үлгімен келген реформалар қалтарысын да ұлттық құндылықтардың күн тәртібінен түсіп қалмауын қалады.

«Азамат» партиясының ең басты ерекшелігі тарихқа тағлым жасай отырып, болашаққа дұрыс бағыт табу болды. Кешегі қасірет-қайғымызға кім кінәлі екенін іздемей, сондай қателіктерге келешекте жол бермейтіндей іс-әрекеттер қажеттілігін тілге тиек қылды. Өткенді ұмытуға болмайды, бірақ оған шексіз шырмалып орала берудің қажеті шамалы. Жақсы іс, жақсы сөз - жарым ырыс. Партия ұлттық сабақтастық негізде басқаның құқығын шектемей, мемлекеттік патриоттық тәрбиені күшейтпекші болды. Олар ислам дінін мойындай отырып, дүмшелікке, біржақтылыққа жол бермеуді көздеді. Ислам діні Қазақстанда Тәңірлік сенім негізі аруақтың орнын мойындағанда ғана мемлекеттік дін бола алады деп есептеді. Аруақ сыйлаған адам ата-баба дәстүрін ұмытпай, ұлттық құндылықтарды жоғалтпай, отаншыл, елшіл, ұлтшыл келетіне ерекше мән берді. Аруақ сыйлап өскен азамат намысшыл, мінезді келеді. Ұлттық рухтың көзі де –мінез бен тектілікте жатыр. Намыстың атына мініп, рухтың туын көтеру - ата-баба тарихын, ұлттық мұратын дұрыс тани білетін адамдардың ғана қолынан келеді. Мінезді, намысшыл тектілер ғана болашақтың сара жолы үшін көтерілістер жасап, құрбандыққа бара алады. Жан пида көтерілістер осындай отты жандардың көп жылдарғы өмір тәжірибесінің, ой-тағлымдарының нәтижесі.

Жастұлпарлықтар билікті, демократиялық үрдіс негізі, әртүрлі сипаттағы ой –пікірлерге көп көңіл бөлуге шақырды. Заңды, конституция негізінде құрылған саяси ұйымдар өкіметке қанша сын айтса да онымен санасу керек деп есептеді. Егер де зайырлы оппозиция саяси сахнадан кетсе, оның орнын міндетті түрде діни-экстремистік оппозиция толтыруы мүмкін деп аландаушылық білдірді. Егер азаматтың оппо-

зициямен түсіністікке жетуіне болатын болса, діни-экстремизммен ол мүмкін емес.

«Азамат» партиясының алғашқы жетістіктерінің бірі Ғылым Академиясының таратылуына қарсы жүргізген іс-шаралары болды. Ел басына, өкімет басшысына, қоғам қайраткерлері мен академик ғалымдардың ашық хатын ұйымдастырып Ғылым Академиясының жабылуына жол бермеді. Академиктер М. Қозыбаев, С. Зиманов, Т. Шарманов және басқа ғалымдар «Азамат» партиясын белсенділікпен қолдады. Партияның шерулеріне З. Нұрқаділов сияқты белгілі саясаткерлер қатысты. Бұл істердің басы-қасында сол баяғы «Жастұлпарлықтар» тұрды. Олар қазақ жандылығымен, жан-жақты білімділігімен ұлттық құндылықтарды толығымен меңгерген ұлт элитасының негізін құрады.

Ал «Азамат» партиясы бағдарламалық жағынан Алаш идеясына негізделген бұрынғы «Жас тұлпар» ұйымының жалғасы болды. Партия жаңа саяси әлеуметтік, тарихи ортаға бейімделді. Бағдарламасында «Азамат үні» деп аталатын екі тілде газет шығару да көзделді. Қазақ тіліндегі газетті Батырхан Дәрімбет, орыс тіліндегісін Сейдахмет Құттықадам басқаруы керек еді. Жалпы «Азамат» партиясы бұқара халықтың мүддесін қорғай отырып, зайырлы қоғам құруды көздеді. Қандай мемлекет құратынымызды анықтайтын уақыт енді жетті. Ауруын жасырған өледі. Запранды болсада шындықты айтқанға ештеңе жетпейді деп қоғам қажетіне жарап, жұмыс істемекші болған партияның ғұмыры ұзақ болмады. «Азамат» партиясын түрлі сылтаулармен Әділет министірлігі тіркемеді. Занды түрде ашық жұмыс істей алмайтын болғандықтан партия жұмысы тоқтатылды. Демократия үрдісі толық қалыптасып болмаған елде саяси-қоғамдық жұмысқа мүмкіншілік жоқ болып шықты. Билік әлсіздігін, саяси төзімсіздігін көрсетіп, шектеу мен тізе батырудың жолына түсуге айналды.

Мұрат Әуезов қандай тегеурін –теперіш көрсе де халқын сатпады, адамгершілігін сақтады, елін тастамады. Егер де сол 90-шы жылдары «Азамат» партиясының құрылып жұмыс істеуіне билік кедергі жасамаса, біздің мемлекетіміздің

саяси-рухани денгейі қандай болар еді. Бүгінгі күннің қоғамдағы көп кемшілігіне жол берілмейтіні айдан анық. Онда ертеңіміз не болар екен деген күмән көкейімізге оралмаста еді... Ұлтымыз тек ұтар еді...

«Азамат» партиясын Тәуелсіздік алғаннан кейінгі заманның талабынан жаңарған «Жас тұлпар» десек қателеспейміз.

Елу жылда - ел жаңа, жүз жылда – қазан.

Тәуелсіздік жолы – ұзақ жол, талай ғасырлық ата-бабаларымыздың ерлік жолы. Қазақ жерінде болған ұлт-азаттық көтерілістер ұлттық шеңберден шығып, басқа ұлт өкілдерінің де мүддесін қорғады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Ресей империясының ыдырауына, 1986 жылғы Желтоқсан революциясы социалистік жүйенің әлемдік саяси аренадан кетуіне әсер етті.

Адам мен арман егіз. Арман қашанда тың идеялар мен өмірлік мақсат-мұраттардың қайнар көзі екенін білеміз. Ал Тәуелсіз мемлекет болу арманы – бұған қоса ерлік пен батырлықты, ұлтшылдық пен даналықты талап етеді. Миллиондардың көкірегін шырғарған шоқ болады ғой, міне сол шоқтың себебін айтып, содан құтылудың көзін меңзеген жастұлпарлықтар болды. Олар қасиетті қазақ жерінде де азаттықтың ақ таңының ататынына жәй сеніп қана қойған жоқ, соған өз үлестерін қосты. Тарих тағлымын бүгінгі күнге өнеге етті. Шежіре-тарихты, ұлы тұлғаларды, ерек оқиғаларды ел есіне салды. Қайғы-қасірет пен жоғалтқан асылдарымыз туралы қаймықпай айта алды. Жастұлпарлықтар өз дәуірінің тарих арқалатқан жүгін тиесілі жеріне жеткізуге тырысты. Бұл саяси жүк – үзілген замана сабақтастығын жалғастыру, Алаш идеясын қайта жандандыру болды. Олар ұлттық сана, ұлттық тарих үшін күресті. Азаттық идеясын Алаш зиялыларындай өздерінің күнделікті өмірінде ту қылып ұстады. Алаш азаматтарының өмір жолдары, саяси күресі, таным-түсінігі арқылы өздерінің ұлттық болмысын шыңдады. Қазақ үшін – тәуелсіздік пен бостандық өмір кре-

досы деп білді. Ұлттық рух көзін тарихтан іздеп, ежелгі заман жетістіктерімен сусындап, оны жаңа замандағы қажетіне жаратты.

Жас тұлпарлықтар тарихтың жеке адамдардың өмірі, іс-әрекетінен тұратынын дәлелдей алды. Мағыналы, мазмұнды, өнегелі-өнерлі ғұмырлар қашан да қоғамның қозғаушы күші екеніне көпшіліктің көзін жеткізді.

Ұлы тұлғалардың тарихтағы орны – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде бағзы заманнан қалыптасқан үрдіс. Атаға қарап ұл өскен, анаға қарап қыз өскен елде халқына қорған бола алған азаматтарға әрдайым құрметпен қарап, үлгі алған. Қадір тұтып, алақанына салып, сыйлай білген. Қоғамда қаншалықты саяси-идеологиялық өктемділік болып отырғанына қарамастан, тарихтың қозғаушы күші халық екені ең түйінді ақиқат болып қала береді. Халық қаласа, ханы түйесін сойған. Ал елдің, халықтың мүддесін пассионарлық тұлғалардың қорғайтыны табиғи заңдылық.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов бабалар батырлығы, ұлы тұлғалардың тарихтағы орны жөнінде 1944 жылы «Теміржолшы» газетінде былай деп жазған екен: «Ер – ел тарихының белі» дейміз. Ол өзі тірісінде бір танылады. Өзі өткен соң кейінгі ұрпақ қадірін біліп, қасиетін таныған сайын тағы танылады. Бір кезде бел көрінсе, келер ұрпақ тарихына өз тұсында көрсетіп кеткен көмегімен, орнатып кеткен туымен, тастап кеткен үлгісімен, нұсқап кеткен бетімен, енді бел ғана емес, биік тұғыр боп, асқар тау болып көрінеді. Тарихта талай жақсының кейінгі дәуірлерде, талай-талай тағдыры бар. Замана деген ұста бар, адам алмасын сол дархан шығарады» - дейді. Ұлы жазушы тарихты тағылымдап, ұлы адамдардың ел өмірінде, халық тарихында алар орны жөнінде осылай тебіренген.

Ал өмір толқынында ұлты үшін ұлы істерге бара алған жастұлпарлықтардай текті ұл мен қыздардың дүниеге келіп, тарих сахнасына шығуы халықтың тілегі, қазақтың ұлттық рухының көрінісі. Жастұлпарлықтар қазақ ұлтының өткені мен бүгінін саралап, жаңадан ұлттық сана қалыптастыру қа-

жеттігіне ең алдымен өздерінің көздерін жеткізді. Сезім мен сананың бар қасиет, қуатын көкіректеріне от қылып жинаған қызу қанды ұл-қыздардың жүректері «Мен қазақпын» деп дүрсіл қақты.

Ата-баба аманатын арқалап, ел аралап, қарапайым қазақтардың тұрмыс жағдайымен таныса отырып, ұлттық қасиеттерді бойларына сіңірді. Қаланың асфальтында өскен жастар, ауылдан армандарына жол іздеді. «Жас тұлпар» ұйымы мүшелері негізінен қалада өсіп, орысша мектеп бітірген, зиялылар жанұяларынан шыққан жастар еді.

Қазақ тілін жақсы білмесе де патриоттық тәрбиелері мықты, өз ұлтының болашағы үшін адал еңбек етсем деп, өскен ұрпақ. Олардың Ресейде, Балтық жағалауы республикаларында, басқа ортада жүрсе де ана тілін ұштауы, біртіндеп толық меңгеруі бүгінгі жастарға үлгі.

Жастұлпарлықтар замандастарымен салыстырғанда көш бойы озық тұрған, ой-өрісінің, дүниетанымының, жалпы интеллектісінің жоғары дәрежеде болғанымен қоса ең бастысы ұлтшыл болды. Қалың ұйқыдағы маужыраған халқына серпіліс беріп, саналарын тербетіп, рухтарын көтере алулары да осы ұлтшылықтарынан. Ер мен елдің, халық пен батырдың, ерлік пен ездіктің диалектикалық сырын түсіне білді.

Олар намысшыл жастар болды. «Тәуелсіздік біздің маңдайымызға бұйырмаған. Барымызға қанағат. Кеңес өкіметі аман болсын, бұдан жаманымызда да тойға барғанбыз, бір жөні болар» деушілер қатары көбейген заманда өмір сүрсе де, ұлттық намыстарын төмендеткізбей, ту қылып биік ұстады. Қайда жүрсе де, қай салада қызмет істесе де қазақ екені бесенеден білініп, иісі шығып тұрды. Білімімен, адамгершіліктерімен көргеннің көзін тойдырып, жас ұрпаққа «мен де сондай болайыншы» деген ой салды. Жүрген жоқ, ұшты, қорқып бұққан жоқ, ұлты үшін қауіп-қатерге бастарын тікті.

«Анадан шыққан тілімізді, атадан өрбіген тарихымызды бірізділікке салып, халықтың ана тілін, тарихи сана-

сын қайтару, қаз қалпына келтіру бұдан артық игі тілек, игі мақсат болуы мүмкін емес», – деген сөздерді академик Манаш Қозыбаев жастұлпарлықтарға арнаған. Осындай игілікті істің басында, ұлы мақсатпен халқына ұлтым деп ұмтылған жастұлпарлықтар көпшіліктің көкейіндегісін айтты.

Ұлттық мемлекет болмайынша ұлттық құндылықтар сақталмайды. Ұлт ерекшелігі - өмір элексири. Ұлылардың барлығы да ұлтын сүйген, нәр алып жетістіктерге жетті, жаңалықтар ашты. Адам жанының инженерлері Шекспир, Достоевский, Сервантес, Солженицын, Бунин, Жұмабаев, Әуезов, тағы тағылары өз ұлтына деген махаббаттарының күштілігінен әлемдік деңгейдегі адамзат құндылықтарын дүниеге әкеле алды.

Ұлт – Мемлекет – Тіл. Бұл ұғымдар бір-бірімен байланысты, тамыры да мақсаты да бір қоғамдық құбылыс. Осы үш бәйтерек саланың бір-бірімен тығыздығы сондай олар тең дәрежеде байланысып, сабақтасып дамымаса қоғам өмірінде үлкен келеңсіздіктерге ұрынамыз. Мемлекет ұлттық болмайынша, сол мемлекет құрушы ұлттың діні жоғары деңгейде дамымайынша, қанша дамыдым дегенімен түпкі нәтиженің бұлдыр болары сөзсіз. Өйткені мемлекет құраушы ұлттың тілі қоғам тілі болмайынша ол сол мемлекетті мекендейтін басқа этнос өкілдерінің басын біріктіре алмайды. Бірігу-бейбіт заманда өмір сүрудің негізгі іргетасы. Бейбітшіліксіз қай қоғамда болсын, диалектикалық даму процестері бұзылады. Яғни қазақ тілі – мемлекеттік тіл, бірігу, бейбіт өмір сүрудің басты құралы.

Жастұлпарлықтардың басты мақсаты еліміздің Тәуелсіздігі еді, ол армандары орындалды. Қазақ халқының ұлттық санасы оянса деп шырылдап еді, оянды. Салт-дәстүріміз заманға сай жаңғырып жоғалмаса игі еді деп еді, қайта жаңғыруда. Халқымыз тамыры тереңге кеткен ата мұрасын ұмытпаса деп еді, қазағы ата мұрасымен қайта қауышты. Тарих тек әділетсіздіктен тұрмайды. Оның өзінің заңдылығы, өмір кілті, алмасуы болады екен.

Өкінішке қарай, 20 жылдан аса Тәуелсіз мемлекет болсақ та, ұлттық рух құндылықтары әлі де ойдағыдай баршаға ортақ түйсік-танымы бола алмай отыр. Қазақ туысшылдығынан, бауырмашылдығынан айырылып, қатыгездікті бойына сіңіруде. Қайырымдылық қашан да қанында болған қазақ бүгінде мүлде басқа. Ғұмыры түрме көрмеген қазақ даласында бүгін түрме көп, тастанды бала көп. Ұлт рухы күшінің көзі ауыл бүгінде басқа. Кезінде ұлттық құндылықтар,, ерекшеліктер қалыптасып сақталып келген ауыл бүгінде тозды. Ауылдың қирап, өзгеруі ұлттық нәрдің тамырын тасқа тіреді. Ауыл өзі ғана басқаша өмір сүріп тұрған жоқ, ұлттың бет бейнесі, психологиясы мен іс-әрекетін өзгертіп отыр. Ұлттық құндылықтар бұлағы көзінің біртіндеп бітелуі этностық өркениет, діни таным, ой-болмысты басқаша қалыптастыруда. Өркениет ықпалы өкпектеп ұлттық болмысты өз ырқына көндіруде.

Адам болмысы бір күнде өзгермейді. Тәуелсіз ел болып, өткеннің қатесін түзеткеннің орнына сол кешегінің көлеңкесінен әлі де қорқып жүргендер бар. Қоғамдық ортада, үйдегі тәрбиеде ұлттық құндылықтар еленбеген жерден парасатты азаматтың өсіп жетілуі күмәнді. Өзіңдікі қалыптаспаса, басқаға бейімділігің сенің кісілігіңді жояды.

Рухсыз, жігерсіз, ұлтын сүйе алмаған адам, өзі мойындамағанымен құлмен тең.

Бүгінде бізге «Қазақ болсақ, өркениетті елдің азаматы, адам боламыз», - деген ұран жетіспейді. Бабаларымыздың еңбегін де бағалай алмайтын күйге жеттік. Жиделі байсын жеріндегі Мырзашөлдің құмынан бастап, сұлу Сырдың бойымен Қаратаудың күнгей-теріскейін қатар алып жатқан қалың қоңырат елінің тумасы Алпамыс батырды алайық. Өзбек өкіметі ЮНЕСКО-ның: «Алпамыс батыр дастаны - өзбек халқының ұлттық эпосы» деген шешімін шығартып, бүкіл әлем деңгейінде атап өтті. Әзірбайжандар «Қорқыт ата» кітабының 1500 жылдығын тойлады. Тіпті ата-бабамыздан бері ішіп жеген ұлттық тағамдарымыз да өзіміздікі болмай шықты. Қымыз башқұрттыкі, қа-

зы-қарта, жал-жая кырғыздардың ұлттық тағамы ретінде құжатталып жеке меншікке айналды. Қазақтың еншісіне тигені бауырсақ. Бауырсақты қай атам тағам деп дәстүрлеп еді. Қазақ өзіне келгенде өзегі тарылатын дертке душар болды. «Қыз Жібек» эпосының 500 жылдығын тойлауда ұмтылыстар болғанымен, Алматы мен Астанада ғана спектакль көрінісінде шағын қауым атап өтті. Тарихи құндылықтарды дәріптеуге келгенде Тәуелсіздік тарихының шылбырымен ноқталанып, жиырма жылдың желісінің шеңберінен ұзай алмайтын халге жеттік. Тарихқа тағылым жасалып, ұлт үлгі алатын дүниелерді әрі кетсе «Жетім қыздың тойындай» ғана қылып атаймыз.

Қозы-Көрпеш - Баян-сұлу қиссасының 1500 жылдығын тойлағанда да «Қазақтың ұлттық лирикалық эпосы» демей, «Түркіге ортақ дүние» деумен болдық. Қозы мен Баян арасындағы сүйіспеншілікті қазақ жастарына тән ішкі жан-дүниенің ерекшелігі, тазалығы ретінде көрсете де алмадық.

Сол Қорқыт Ата, Алпамыс батыр, Қобыланды батырлардың туған жерлері де, мүрдделерінің жатқан жері де Қазақ елінде емес пе.

Барымызға ие болатын, жоғалтқанымызды іздейтін, қирғанымызды бүтіндейтін уақыттың келгені қай заман. Бардың қадірін білмеген, жоқтықтың қалдығын құшады. Мәдениет ғасырлар бойы қалыптасады. Мәдениетпен бірге ұлттық сана мен болмыс шыңдалып, ұлттық құндылықтарға негіз жасайды. Біз бүгін түрік мәдениеті емес, қазақ мәдениетінің мұрагеріміз. Көне түрік рухани, материалдық дүниесіне барлық түркі халықтарының ішінде қазақтың игілігі мол. Біз қарашаңырақ иесіміз, көненің көзін сақтаушымыз. Тарих – шындықта ғана тарих. Өткенді кемсіте де, былғанышқа орай да алмайсың.

Қазақ халқы табиғи даналығының арқасында елде ешбір ұлтаралық, дінаралық шиеленістерге жол бермегені жақсы-ақ.

Бірақ, өкінішке орай Қазақстан көп этносты емес, көп ұлтты ел атанды. Біртіндеп қазақ мәселесін күн тәртібінен алып тастадық. Сырттан қараған адам Қазақстанда

қазақ емес, басқа, жан-жақтан жиналған этностар тұратын мемлекет сияқты көрінуге айналды. Шындығында қазақ кеңдігінен көп дүниеден құр қалып келді. Өз елінде, өз жерінде қашан да жалтақтықпен өмір сүрді. Көп ұлтты республикамыз деп ұлттық құндылықтардан безді. Тіпті «Түрікпен өз төріне, өзі отырады екен» - деп мысқылдады. Ал басқа республикаларда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдері «біз осы мемлекетті құрып отырған халықтың үйінде, жерінде тұрып жатырмыз» деген ұғыммен өмір сүреді. Бізде аз этнос өкілдері «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» дейді. «Ортақ үй» деген, «иесіз үй» деген ұғымға жетелейтінін еске алмаймыз. Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерін шөміштен қағатын, шетке ығыстыратын, қысым жасап отырған ешкім жоқ. Тек бір тілек бар. Олар қазақ жерінде, қазақтың қара шаңырағында отырғанын естерінен шығармаулары керек. Өзімшілдік, жабайы ұлтшылдық қандай қатерлі болса, шамадан тыс ымырашылық та сондай қауіпті. Басқа ұлттың қамы үшін өз ұлттық мүдденді құрбан ету қылмыстың бір түрі.

Адамның арман-тілегін артындағы ұрпағы жалғастырады. Сондықтан да адамзат әрқашан ұрпағының болашағын ойлайды. Сол үшін өмір сүреді, ұрпақ бақыты үшін күреседі. Бүгінде Қазақстанда нақтыланған ұлттық идеяны анықтауға мүмкіншіліктер жеткілікті. Ең бастысы жер тұтастығы, ұлт мұратының бірлігі. Бұл екі меже бізге ішкі және сыртқы іс -әрекеттерімізді батыл жүргізуге негіз бола алады.

Ата-баба тарихи сабақтастығы мемлекет деңгейінде саяси дұрыс іс- әрекеттер жүргізуге мүмкіншілік жасайды. Тарихи сабақтастық болмаған жерде мемлекет мүддесінің орнын түрлі топтардың мүддесі иеленуі мүмкін...

Жалпы қоғам дамуынан өзіне лайықты орын алуға ұмтылған халық қана ұлт бола алады. Ал бұл үшін шекара мен ұлттық құндылықтар қажет.

Ата-бабаларымыз мың өліп, мың тіріліп ұрпағына қалдырған қазақтың қасиетті жерлерін келімсектердің ішіп-жеп,

қаннен қаперсіз ойран салатын мекен-жайына айналдыруға жол беру ұлт болашағының тамырына балта шабу.

Ал мемлекет құрушы ұлт, мемлекеттік идеология жасамайынша қоғамдық даму кедергілеріне кездесе береді. Ұлттық идея болмаған жердегі жетістіктердің ертеңі күмәнді, күні уақытша. Ұлттық идеологиясы болмаған қоғам түрлі рухани, діни, мәдени қиындықтарға ұрынады. Мемлекет ұлттық идея негізінде өзінің басты мақсатын нақты қою керек. Діни экстремизмнің пайда болуы, тұлғаның рухани таяздығынан, жан дүние, таным түйсігінің олқылығынан. Шынайы таза сезім мен салиқалы білімге негізделмеген діни көзқарас өте қауіпті. Дін-құлшылықтың көзі болмау керек. Ұлттық идея – мемлекеттік идея болмаған қоғам ерте ме, кеш пе дағдарысқа ұшырауы сөзсіз...

Жастұлпарлықтар ұлттық идеяға Қазақ мемлекетінің Тәуелсіздігінен басталып, ынта-жігерді оятып, қазақ мақтанышы бола алатын жетістіктердің бәрін жатқызды. Ұлттық идеяны тарихи қажеттілік деп есептеді.

Әрине заман талабына, шаруашылығына сай қазақтың тұрмыс-салты мен салт-дәстүрінің өзгеруі заңды құбылыс. Бірақ осы өзгерістер барысында ұлттық мүдде, ұлттық ерекшелік ұмытылмай даму процесі барысында өз орнын алу керек.

«Жас тұлпар» ұйымының басшылары Мұрат Әуезов пен Болатхан Тайжановтар қазақ болмысындағы абыздық деңгейге жеткен зиялылар. Мұрат Әуезов әке арманын абыроймен орындаған адал азамат, ұлт мақтанышы болып отыр. Ол қазақ халқының рухани құндылықтарының қорғаушысы жанашыры. Мұрат Әуезов өзі жөнінде көп айтпаса да «Мерей тойы» – 70 жасқа толған күндері 1970 жылдардағы күнделігін жариялап, ой-толғаныстарын газет-журнал беттерінде білдірді. Өткенін саралап, бүгінін тұжырымдап, болашақтың өзекті мәселелеріне көзқарасын айтты. «Өмірдің өзі мейрімнен тұрады. Ол жақсы көру үшін жаралған. Адамдардың бір –біріне жақсылық жасауы – өмірдің негізгі заңдарының бірі. Адамды қолдайтын күштер толып жатыр.

Сондықтан сенімсіздік болмасын. «Үмітсіз-шайтан» деп аталарымыз текке айтпаса керек. Қазақ еш уақытта ұтылмайтын халық. Менің кейбір достарым «Алдымен жүзге бөлінейік, сосын қайта қосылайық» деген жаңа теориямен шығып жатыр. Мен оған бірден қарсы болдым. Өйткені біз енді ұлт бола білейік. Ұлт болып ұйысуымыз, бірігуіміз керек. Ұлт – ол жаңа сапа. Біз қазір бөлінсек, алдағы уақытта тас талқан болып кетуіміз мүмкін.

Мен жастарға көп мән беріп қараймын. Үнемі олардың іс-әрекеттерін бақылап отырамын. «Нұр Отанның» «Жас отан» жастар қанаты бар, тағы да басқа ұйымдар «Жас тұлпардың» тәжірибесін пайдаланса, артық болмас еді. «Асыл – тастан, ақыл – жастан». Жастарға сырттан, билік, нұсқау болмауы керек. Олар еркін болуға тиіс. Қателесе де, сол тығырықтан өздері жол тауып шығуы керек. Олар шындықты таба біледі. Ал біреудің нұсқауымен жүрсе, онда олар жастық деген атын жояды, тек орындаушы болып қояды. Оларға бөгет жасамай, қолын қақпауға тиіспіз. Тек ақыл - кеңес беріп отыру керек. Өз өміріммен салыстырып қарағанда, 70-тегі Мұратпен 20-дағы Мұраттың ешқандай айырмашылығы жоқ, қайта 70-тегі Мұрат шаршанқыраған, жалпы ой сапасы жағынан 20-дағы Мұраттың ешқандай кемістігі жоқ. Сондықтан біз жастардың жұмыс жасауына еркіндік беруге тиіспіз.

Ұлтжандылық біздің әрқайсымыздың жүрегімізден орын алуға тиіс. Тағы «Жас тұлпарлықтарды» еске алғым келіп отыр. Мен оларға сондай сүйсініп қарайтынмын. Көбі ауылдан келген балалар. Мәскеуде жоғары оқу орындарында оқып жүр. Кейбіреуі қазақша түсінбейтін. Бірақ жүрегіміз қазақ деп соғып тұратын. Орманға барып ақсүйек ойнаймыз. Қазақтың мақал - мәтелдерін айтып жарысамыз. Кім орысша сөйлесе соған бес тиын айып салынатын. Ғажап бір кез болатын. Қыздар қандай әдемі, жігіттер бәрі дерілік спортпен айналысады. Ұлтжандылық деген бұл – ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы ке-

рек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшаң-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры – осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені заман-қатал», – деді.

М. Әуезов мемлекеттік саяси жүйені биліктік, оппозициялық деп бөлмей, ұлт болашағына байланысты оң қадамдарды әр қашанда қолдап жүр. Мұрат Әуезовтің зиялы қауымның алдыңғы шебіндегі биік парасат иесі екенін бірге өскен досы Тимур Сүлейменов былай дәріптейді:

«Мы с 50-х годов жили соседями в одном районе Алматы, на соседних улицах. Старьевщики, очереди за хлебом и керосином, кампании по расчистке арыков, драки на улицах «улица –на улицу», футбольные и другие игры, воровство яблок и груш в садах друг у друга - это провода информации, это теле, фото и интернет алматинского разлива, которые заполняли недостаток информации газет и телевидения, хлеба и зрелищ. На широких, пыльных, мягких как газонное поле, улицах, мы босиком до одурения играли в футбол, в лапту в асыки, лянгу, казаки-разбойники и вообще жили пацанами, одного и разного возраста, наций, сословий, все полуголые, полуголодные и интересные друг для друга.

Я учился в Питере, в тогдашнем Ленинграде, и естественно, мы создали Питерский «Жас тулпар», назвав его «Арай», и удивительные встречи московских студентов в Ленинграде в 1963-64 годах встают в памяти. Команда странных людей просвещенных в правде о том, что было и есть, и как надо искать свою сущность в истории, которую мы потеряли, язык, дух и все необходимое для умения читать, шевелить извилинами, видеть -в составе Болатхана Тайжанова, Алтая Кадыржанова, Мурата Ауэзова, красавицы Асии, гармониста Марата Балтабаева – тогда прибывала к нам в Питер. И мы, питерские казахи-студенты различных вузов, с интересом собирались, водили гостей в свои общаги и вели свои новые «университеты», которые стали дорогой традицией на долгие годы и продолжали быть в Алма-Ате и в других горо-

дах. Дружба, привязанность и нацеленность, всегда и везде, на познание истин национального, духовного, культурного, которые свойственны характеру и действиям Мурата, объединяют и раньше объединяли нас».

Болатхан Тайжанов ұлт сүюшілік пен ұлт қажеттілігінің көрігін басып, тың идея, ұтымды ұсыныстар жасаған, ақтық демі қалғанша ұлтым деп өмірден өткен жан. Теледидар арқылы Дода пікір-сайысына қатысып, қазақ елдігінің ертеңі жөнінде пайымды пікір айтып, барар бағытын, істер ісін көрсетіп берді. Ұлттық идея көздерін әлемдік тәжірибелермен салыстырып, демократиялық үрдістерге қалыптасу жолын көрсетті. Ол ұлттық идея мен мемлекеттік идеология жөнінде былай деді: «Мемлекеттік идеология ұлттық идея негізінде дамыса, билік пен халықтың үндестігі мен үйлесімдігі жарасып, аралары жақындайды. Дұрыс идеология қашанда өміршең келеді, оны халық қолдайды. Мемлекет құрушы халықтың ұлттық идеясы жалпыхалықтық идеология көзін жасай алады. Тәуелсіз мемлекет деңгейінде, «ұлт» термині - сол мемлекеттің жеке этносына емес, бүкіл халқына, күллі аумағына телулі ұғым. Өйткені ұлт сөзі-мемлекет, ел деген ұғымдардың баламасы. Бұдан шығары мемлекет азаматы шығу тегіне, дініне қарамай, сол мемлекет құрушы этносқа бейімделуі керек. Олай болмайынша, ұлт бірлігі, діни төзушілік, достық ара-қатынастардың шынайы болуы мүмкін емес». Болатхан Тайжан мемлекет құраушы ұлттың тіліне де үлкен саяси мән берді.

Ол «Мемлекеттік тілі бірегей емес, елдің бірлігінің берік, патриотизмінің асқақ болуы өте күмәнді. Ал мемлекеттік тілді құрметтемейтін адамның сол мемлекеттің өзін қадірлеуі екіталай. Кез келген ұлт міндетті түрде бір тілде сөйлеп, бір дінге сеніп, біртұтас мәдениетті, ортақ салт-дәстүрді ұстанатынын еске алсақ, Қазақстанда болашақта «Бір ел, бір тіл, бір ұлт» ұғымы негізгі мақсатқа айналуы тиіс», – деп талай мінбелерден айтты. Сөзі дәлелді болуы үшін Малайзия сияқты елдердің тіл мәселесіндегі қиыншылықтарды қалай жеңгені жөніндегі тәжірибелерімен ой бөлісті.

Жастұлпарлықтар және олардың ізбасарлары Қызыл империяның күйреуіне, социалистік идеяның әлсіреуіне өз әсерлерін тигізді. Қазақстанның Тәуелсіздік алуына ширек ғасыр ұлан-асыр күш жұмсап, жас ұрпақты күреске тәрбиеледі. «Жас тұлпар» ұйымы идеясы бүгінде ұлттық рухымыздың дінгегі іспеттес. Кеңестік тоталитарлық моделге қарсы шыққан алғашқы қарлығаштарымыз да солар. Жастұлпарлықтар қазақ жерінде әлі де құйса толмайтын, толса аспайтын, қайрамай өтетін, қимай кесетін ұл мен қыздардың барлығын көрсетті. Ұлтым деген барша жасқа үлгі бола алды.

«Жас тұлпар» қозғалысы мыңдаған жастардың басын қосып, санасын оятты. Жастұлпарлықтардың қатарынан қазақ зиялы қауымының жаңа буыны өсіп шықты. Қазақтың ар-намысы, тіреуі, ақылы бола алған талантты азаматтары шыңдалды. Кезінде «ашаю-жабаю» деп мазаққа іліккен жастар қазақ тілін біліп қана қойған жоқ, оны қадірлеп мемлекеттік деңгейге көтерілуіне ат салысты. Саяси күрес барысында сарқылмас қайрат жинап, заманымыздың салықалы тұлғаларына айналды. Ұлтшылдықтарының арқасында Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет болуына үлес те қосты, өздері де өсті. Әсіресе білім, ғылым, өнер және өнеркәсіп саласының талай көш бастар майталмандары шықты. Олардың ішінде Қазақстан Ғылым Академиясының Президенті, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұрат Айтхожин, лазерлік қару саласының маманы, КСРО мемлекеттік сыйлығы лауреаты, Қазақстан Республикасы вице премьер-министрі Ғалым Әбілсейітов, білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов, Қазақстан ұлттық ядролық орталығы бас директоры Қайрат Қадыржанов, «Алматы энергия жүйесі» бас директоры Алтай Қадыржанов, Қазақстанның биотехнологиялық ұлттық орталығының бас директоры, академик Мұрат Ғылманов, Ғылым академиясының биоинженерлік институты директоры, академик Ізбасар Рахымбаев, дефектология саласының ұйымдастырушы академик Жәмилә Намазбаева, Қазақстан байланыс министрі орынбасары Алдар Тұңғышбаевтар бар.

Ғұлама ғалым Мақаш Тәтім Қазақстандағы демография ғылымы саласын ұйымдастырып, қазақтың саны мен сапасын зерттеуде. Советқазы Ақағай ғылым мен қоғам жұмысын тең ұстап, халқына қызмет етуден жалықпады. Марат Сембі көне тарих көмбелерін ашып, ел ағасы болса, Тимур Сүлейменов сәулет өнері саласының майталманы аталды. М. Балтабаев, С. Елеусізов, Б. Қарақұлов музыка өнері саласында үлкен жетістіктерге жетті.

Жалпы жастұлпарлықтар ғылым мен білім, өнер саласында алтын әріппен жазылатындай мәңгілік істер қалдырды. Ойшыл-журналист Жанболат Аупбаевтың сөзімен айтқанда, жастұлпарлықтар сонау 60-шы жылдары Мәскеуде жүріп-ақ іс-әрекеттері арқылы өздеріне мәңгілік өмір сыйлаған азаматтар.

Жастұлпарлықтар бүгінде саяси аренадан, қоғам-дағы өзгерістерден де тыс қалмай отыр. Олардың парасаттылықтары, отан сүйгіштік қасиеттері әлі де өз күшінде. Елім, қазағым деген жас ұрпақ сусындай алатын үлкен мұхит. Арұждандарын жоғары ұстап, елдегі үлкенді-кішілі оқиғаларға ащы-тұщысына қарамай әділ бағасын берулері де соның айғағы. Ұлт болашағы ұйытып, армандарына жеткен жастұлпарлықтар әлі бірге. Бүгінгі таңда да қатарлары табиғат заңымен селдіресе де Мұрат Әуезов ұйымдастырып жүрген «Ұлы жібек жолы үстіндегі сұбхаттар» атты мәдени-рухани бағдарламаны іске асыруда. Орталық Азия мемлекеттерінің зиялы қауымның басын қосып, аймақтағы көне мәдени-рухани байланыстарды қалпына келтірудің жолын іздестіруде. Түбі бір, бауырлас түркі тектес ұлттардың ортақ мәдени құндылықтарының тарихи сабақтастығының қажеттілігін дәріптеп жүр. Бағдарлама аясындағы «Ыстықкөл жағасындағы кездесулері» сияқты семинар кеңесінің бірнеше бас қосулары өтті. Қазақ, өзбек, қырғыз, түркмен, тәжік зиялы қауымының ортақ жобалары өз нәтижелерін бере бастады. Күн тәртібінде Орталық Азия мемлекеттерінің мәдени, рухани, саяси бірлігінің негізінде әлемдік өркениеттен өзіне тиесілі тұғырлы орынға жету мақсаты тұр...

Жастұлпарлықтар Көктөбеге шығып, қазақ зиялы қауымының ақсақалдарына айналса да көңілдері жас, рухтары биік. Бары бабына келсін, жоғының орны толсын деген ниетпен елінің болашағы үшін ерінбей еңбек етуде. «Еліңе еңбегі сіңбей атақ алғанша, еңбегің сіңіп атақсыз қалған абырой» деп жүріп жатыр. Ұлт болашағы жастұлпарлықтардың көкейлерінен бір сәт те кеткен емес. Оған Қазақстанның Тәуелсіздігіне қауіп келуі мүмкін деген Мұрат Әуезовтің Қытайдың, ал Болатхан Тайжанның Ресей саясатынан сақ болу керек деп алаңдаушылық білдіргендері дәлел. Тәжірибелі дипломаттардың қауіптері өмір тезінен өткізіліп, сыртқы саясаттың құпия, қыр -сырына негізделген. Шындығында, Қазақстанның жер қойнауындағы орасан-зор байлығы мемлекет дұрыс саясат жүргізбесе, «ұлттық трагедияға» әкелуі мүмкін. Жер шарында жылдан -жылға қазба байлық, шикізат азаюда. Ғылыми -техникалық даму жылу – энергетика көзін көптеп қажет етуде. Бұл қажеттілік жыл сайын артып отыр. Әсіресе Қытай, АҚШ сияқты Ұлы мемлекеттердің арандары ашылуда.

Біз Бүгінде көп векторлы саясаттың арқасында елге көп инвестрлер тарттық, қауіпсіздігімізге Ұлы мемлекеттерден кепілдік алдық деп мәзбіз. Судың да сұрауы бар. Шет елдіктерге иелікке берген дүниелерімізді қайтара аламыз ба?! Өз дүниелерімізге өзіміз қашан иелік етеміз?! Инвесторлардың өте қолайлы жағдай жасағасын келгенін, қауіпсіздік кепілін ядролық қаруға айырбастап алғанымызды ұмытпағанымыз жөн.

Егер сәті түсіп, АҚШ пен Батыс мемлекеттерінің қолындағы қазба байлық көздерін қайтаруға мүмкіншілік болса да, Қытайдың қолына түскен меншіктің қайтарылуы күмәнді. Батыста демократиялық үрдіс қалыптасқан, ал Азиялық Қытай байлықтан өлсе де тайынбайды. Қытай өз мемлекетінің мүддесі үшін кімді болса да құрбандыққа шалуға барады. Сондықтан да бізге қанша тиімсіз болса да шет елдік инвесторлардың енді Қазақстан жерінен кету-кетпеуі екі талай.

Жаман айтпай-жақсы жоқ. Бүгінде қырғиқабақ Ұлы мемлекеттер мүдде бірліктеріне қолайлы жағдай туа қалса, өткенге көз жұмып ауыз жаласа қалары сөзсіз. У. Черчилль айтқандай «Ұлы мемлекеттердің достары да жаулары да жоқ. Тек мемлекет мүддесі бар» екенін естен шығармау керек-ау.

Олар қолайлы сәт туса, байлыққа, геосаяси мүдделікке қызығып, көздеріне қан толып, Қазақстанның Тәуелсіздігін құрбандыққа шалып, жерін бөліске салмастарына кім кепіл?! Ал жаугершілікке қитұрқы сылтау – желеу қашанда жеткілікті. Ирак, Египет, Ливия мемлекетеріндегі қан-төгістер бізге ойтұрткі. «Жас тұлпар» ұйымының салған жолы елу жыл өтсе де өз жалғасын тауып отыр. Жастұлпарлықтардың үлгісімен тарихи сабақтастықты жалғастырып, Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақ жастары ұлттық-мәдени орталықтарын құрып жұмыс істеп жүр. Шет елдердегі қандастарымызбен бірігіп, қазақ тілі мен мәдениетін меңгеруге ат салысуда. Қазақстанның Халық ассамблеясымен тығыз байланыс орнатып, қандас бауырларымыз бен ата-жұрт арасындағы байланыс көпіріне айналған. Бұл іс-шаралар да Санкт-Петербург қаласындағы «Ата-мекен» қазақ қоғамының «Достар» атты жас қанаты басқаларға үлгі. Олар «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар бірлестіктерімен тығыз байланыс жасап, бірігіп жасаған бағдарлама негізінде жұмыс жасап жүр.

Жастұлпарлықтар мақтануға тұрарлық, аз да болса мәртебесі биік аға буын. Әлі де «Жас тұлпарлықтардың» жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздерінен өмірге деген өзіндік көзқарасты, ішкі жан-дүниелерінің тазалығын аңғарарсың. Табиғат заңымен қатарлары сирегенімен, жылдар жылымына ілескен «Жас тұлпарлықтар» кеуделері мұң мен сырға бірдей отаншыл, қазақшыл болып қала береді... Олар қазақ халқының алдында өз азаматтық борыштарын абыройымен орындап, армандарына жеткен жандар.

Біз тарихымызға сол «Жастұлпарлықтар», «Сары-арқа-лық-

тар», «Желтоқсандықтардың» көзқарасы, іс-әрекетімен қарасақ қателеспейміз. Біз олардан бүгін ғана емес, болашақта да адалдықтың, парасаттылықтың, тазалықтың, зиялылықтың үлгі-өнегесі ретінде үлгі аларымыз сөзсіз.

Болашақта қазақ болу, қазақша сөйлеу, қазақтың ән-жырын айту, қазақша жөн-жоралғы өткізу әлеуметтік мәртебе болсын десек, «Жас тұлпар» сияқты қозғалыстардың тарихтан алатын өз орнын көрсетіп бағалауымыз керек. Біз сана-сезімімізді, ұлттық менталитетімізді құрсаулаған ұзақ ғасырлық отаршылық жүйе үйреткен жалтақтығымыздан неғұрлым тез арылсақ, соғұрлым ұлттық болмысымыз шыңдала түседі.

«Жас тұлпар» ұйымының жүріп өткен жолы Қазақстандағы Тәуелсіздік үшін күрес жылдарының үлкен бір тарихи кезеңі.

Мәскеу, 2012 қараша, 2013 сәуір

АЗАТТЫҚ АҢСАҒАН САРЫАРҚА

Абылай аспас арқаның алтын асыл белі. Ақселеулі күмістей жылтыраған кең жазық дала көсіліп жатыр. Сарыарқаның күнгейінде алыстан мен мұңдалап қарауытқан бұлдыр сағымданады. Бұл Бестөбе кенішінің шахта террикондары.

Бестөбені былайғы жұрт тас тақыр дейді. Өйткені аяқ асты сеңсіген тас. Арқаның бар желі де осы жерден өтеді. Қыс боранды суық, жаз қапа ыстық. Жауған жауын жерге сіңіп үлгермей күн қызуымен тез буланады. Биыл да көктем ерте келіп қыстайғы көше-котанға жиылған қар аз күнде еріп, жыра-жыраны қуалап жоқ болды. Маусым ыстық. Ашық аспан тазарып биіктеп кеткен. Төбеге келген күн қызуы тасты жерді ысытып, шақырайып тұр. Күн қызуы жайылған ауа дем алған сайын таңдайыңды кептіреді. Ауыр диірмендер ұнтақтап үгіткен тастар борай салады. Өндіріс көшелерінің ық жағын фабрика котлованынан ұшқан ақ тозаң да алып етеді.

Ерейментау, Сілеті өңіріне орналасқан алтын кенді Бестөбе қалашығының Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі елді мекендер сияқты атпар-қатпар сыңсып жатқан қат-қабат тарихы бар. Бөгенбай, Жантай, Атан батырлардың рухынан күш алып, Үмбетай, Бұхар жыраулардың жырларымен Қазыбек, Саққұлақ билердің сөздеріне, Иман-жүсіптің, Естайдың әндеріне шөлін қандырып өскен ел. Бестөбе заман таукіметі өмір соқпағының ерекшелігінен болар өзгеше бір ынтымағы жарасқан пейілдесті мекен. Үш облыстың: Ақмола, Көкшетау, Павлодардың қиылысқан түкпіріне тебіндене орналасқан қалашық өз басын ертеден бастайды.

Кеніштің алтынын алғаш құдықтық-дудкалық әдіспен 13-ші ғасырда монғолдар қазыпты, кейін 19-ғасырда бұл жерлерде ағылшын-неміс компаниялары істеген. Ал совет өкіметі орнаған соң 20-шы жылдардың соңында бұл рудник жанданып, шахтерлер жетпегендіктен Қазақстанның солтүстік төңірегіндегі молла, қажы-қожаларды жан ұяларымен көшіріп әкеліп жұмысқа салыпты. Өкімет тарапынан жергілікті тұрғындарға сол кезден басталған сенімсіздік 60-шы жылдардың соңына дейін тәртіпті түрде тақтайдай болып қатып тұрды...

Айына бір рет қаладан уәкілдер келіп, рудниктегі моллаларды еңкейген кәрі жастарына қарамай милицияға шақырып ”намаз оқытпаймыз, жаназа шығармаймыз, балаларды сүндетке отырғызбаймыз” дегізіп, қорқытып қол хат алу жұмыстарын тиянақты істеді.

Ақпақтың да шақпағы бар. Кейде қызмет бабымен келген уәкіл заңшылар неміс-поляк діншілдеріне көбірек тиісіп, моллалардан жасқақтайтын. Өйткені жер айдалып келген моллалар, қажы-қалпелердің құранмен ауру емдей алатын ерекше қасиеттері бар кісілер еді. Шахма қалпе үйіне ғана емес, рудникке келген кісілердің пиғылын біліп отырса, Ләтіп, Жакып, Сабыр моллалар дұғамен есі ауысқан адамдарға ақыл енгізетін. Ал қағазға ішірткі жазып, ширықтап қыстыртып ауырған тісіңді бірден жазу, не бол-

маса ит болып шошыған нәрестелерді емдеу моллалардың бәрінің дерлік қолынан келе беретін. Бірақ мен ешқайсысының мен молламын, мен мынаңды істедім дегенін естімек тұрсын, сол кісілердің қатты сөйлегенін, не балағатын естіп көрмеппін. Екі үйдің бірінде не молла, не қажы-қожа тұрды. Жасынан намаз оқыған, рухтарының күштілігінен шығар, қанша қуғын-сүргін, жоқшылық-қиыншылық көрсе де ақсақалдар мойымай, 80-нен аспай 100-ге жетпей қайтыс болғандары жоқтың қасы. Бәрі де дәл сағаттарын білмесе де, қайтатын күнін жобалап, дәреттерін алып, қисайып жатып көздерін жұмды ...

Бірде өкімет қажы-моллалардың беделін түсіру үшін иллюзионист фокусникті балгер қылып рудникке жібермей ме?! Әлгінің істемейтіні жоқ, «ә» десе аузынан от жалындайды, «б» десе құлағынан жұмыртқа шығады, стақан жейме керек... Сөзге шешен, әсіресе, тәрелкені шамға қаратып айналдырып, жан ұяңда жақсылық болсын десең не істеу керек екенін суша ағызады. Арасында дін апиын екенін, моллалардың дүмше екенін баса айтады. Жұрт гу-гу. Үйреншікті тыныш өмір шынаяқтай сынды. Қотанды соғыс басталғандағыдай белгісіздіктің, үрейдің қара бұлты қаптай қалды. Түсініксіздік, “бұл ненің” күмәні күшейді? Әлгі көріпкеліміз көшелерді жағалай аралап, жорамалын күннен күнге күшейтіп елді дүрліктіре берді. Кезек Шахме қалпе үйіне келді. Жұрт не болар екен деп анталауда. Шахма қалпенің бәйбішесі Ақжарқын өте момын, қолы ашық, не болса соған сенетін ақкөңіл жан еді. Көріпкеліміз төргі қалпе отырған жаққа бармай, кіре берістегі ауыз үйдегі столдан шыныаяқ табасын ала сала, судырай жөнелмей ме. Ағызсын кеп. Дүниені төңкеріп, жетістіктің, тірі жүргеніміз, амандығымыздың бәрін компартияның басшылығына әкеле береді. Бір кезде әлгі сабаз шыныаяқ табасын қос қолдап жоғары көтеріп айналдырған күйі қатсын да қалсын. Тілі де байланған. Жұрт у-шу.

Мен өзім шамалас ұсақ балалармен бәрін көзіммен көріп таң қалғам. Шахма қалпенің үйінің қасындағы ертелі-кеш

бірден-бір апыр-топыр шу сол шығар. Ақыры не керек әлгі көріпкел есін жиып ақсақалдардан кешірім сұрап, ендігәрі кім сұраса да, бұндай сұрқиялыққа бармайтынын айтып табанын жалтыратты. Содан бұлай басқа жақтан не көріпкел, не емші, бақсы-балгер мүлдем келмеді. Дінге қарсы үгіт жүргізетін насихатшылар да орталықтағы парткомда жиналыс өткізумен жұмысын доғаратын болды. Мектептегі ораза ұстады ма, ұстамады ма деп балаларға су ішкізіп, тексерілу де пышақ кескендей шорт тиылды...

Өзін саралап танымаған жан өзгенің қадіріне жеткен бе. Бестөбеліктер дүние танудың ұзақ жолының шетін өздерінен бастайды. Толғанады, көргендерін өмірден жинаған тәжірибе елегінен өткізеді, болашаққа дұрыс жол іздейді. Жылжып жатқан өгіз аяң, құмырысқа көшті советтік өмірді «сұбыхандары сүймесе де» басқаға шара жоқ, амалсыздан көндігеді. Күн шыға басталып қас қарая аяқталатын қыбыр-жыбыр ауылдың тірлігімен шырмалып жүреді де қояды.

Барды баламай, жоқты санамайтын ақкөңіл қолындағы барын бере салып өзі тақыр жүретіндер де кездеседі. Олар үшін өкіметтің сөздері құранның сүрелеріндей. Бәрі жақсы, бәрі тамаша.

Аштан өліп жатқан ешкім жоқ. Бұдан жаманымызда да тойға барғанбыз. Соғыс болмасын де, деп бірін-бірге жалғамалап күн көргендеріне мәз. Өкіметке иек сүйеп, біртіндеп кісіге де иек сүйеп жүргендер. Жабықса, тарықса «құдай жеткізер» жұбаныш қылады.

Қазақ жеріне кешігіп жеткен «жеке басқа табынушылықты» әшекерелеуге жұрт белсене кіріспегендерімен іштегі қалың сең біртіндеп ери бастады. Басшылыққа есі кеткен есерлерді тағайындап, колхоздастыруын ашаршылықпен жалғастырып ұлтына жаны ашыр азаматтарын халық жауы қылып аттырған билікке жұрт әлі де сене қоймады.

Боздақтарынан айырылып сағы сынған халық күнделікті тіршіліктің қамымен әуреленіп жүргендей көрінгенімен орта игілікті ойлар мен іске тола бастады. Бастың аманды-

ғы, қарынның тойғандығы енді көпшілікті қанағаттандыра алмады.

Ел есін жиып, бағы замандардағыдай ертеңіне көп көңіл бөлуге айналды. Сыртқа көп шығармағандарымен ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие, бағыт беріп мақсат-мұратына жету көпшіліктің көкейіндегі басты арманы еді. Былай қарасаң жайын жатқан ел, ертеңгісін ойламайтын бала-шаға. Бірақ бәрі бұлай емес. Жалпы бестөбеліктер тұрмыс кейістігі жүректерін сыздатса да сыр бермей, мойымай жүруге дағдыланған, әдет-ғұрпынан арылмаған тынымсыз жандар. Барға қанағат, жоққа сабыр ететін бір бейуаз жұрт. Ұлың жақсы болса - қуат, қызың жақсы болса - шуақ деп балалары үшін жандарын беріп жатады.

Күнде қайталанатын әдетіне енген, үйреншікті көрініске өзіміз онша мән бермесекте былайғы жұрт «жарайды кешегінің қаймағы бұзылмаған әдеті бар екен, бұған да шүкіршілік» дейді. Аты барда желіп жүріп жер танып, асы барда беріп жүріп ел таныған елдің ырысы, құты болған ақсақалдар әлі де баршылық еді... Ауылдағы теледидар да, радио да солар. Үлкенге сый құрметті, кішіге ілтипатты бесігіңнен сүйегіңе сіңдіреді. Ақсақалдар кеш болса жиналып алып, қисса-жырларды немерелеріне жарыстырып оқытады. Көршіге келген қонақ көшенің қонағы. Алыстан біреу ат айдап келіп ат басын тіреген үйге ақсақалдардың аяңдап барып жөн сұрауы үйреншікті іс.

Атаммен ілесіп мен де барам. Бастапқыда ізет сақтап үндеңкіремей тымырайысқандарымен әлгіндей болмай әңгіменің тамызығы тұтанады. Ат көліктің, ел-жұрттың амандығы үйреншікті шүйіркелескен көл-көсір салиқалы отырысқа жалғасады. Үй иелері де қонақ сыбағасына көршілерді де қосып қотандастырып жібереді. Пейілі кең адамның дастарханының берекелі, майлы мол болатын әдеті емес пе. Қай үйге қонақ келсе де қан шығарылмағанымен қара табақты қайқитып сүр ет әкеледі. Қалтадан шыға қоймайтын насыбайлы мүйіз шақшалар жылпылдап қолдан қолға көшеді.

Біраз әңгімелесіп жөн сұраса келгенде әлгі қонақ өз ауылындағы біздің туыстарды білетін, сүйек шатыс құдандалы болып шығады. Атам туыстарға сәлем айтады, аманат қылып омыртқаға шақырады.

Келесі күні көршінің қонағы біздің үйдің сыйлы қонағына айналады. Омақаның түпкіріндегі апамның ұн салған кебезесі ашылып сүр ет, қазы-қарта шығарылады. Ысталған еттің иісі үйді алып кетеді.

Аумалы төкпелі кезеңнің қуанышын да, өкінішін де көргендіктен шығар бестөбеліктер асып таспайды да, жоқ деп байбалам да салмайды. Қу тірліктің тынымсыз тынысы, бітпейтін әлегіне бой бермейді. Сыртқа шығара қоймағанымен ұзақ жылдар көкіректерін сыздатқан өткеннің зытырандары да жоқ емес. Оларда ұқсастық көп. Ең бастысы өмірге көзқарас, ішкі жан дүниелеріндегі аз да болса үйлестік. Мүмкін ол тағдырларының күрме жіптей байланып бір болғанынан да шығар... Дегенмен Бестөбеде әлі де қазақтың еркіндігін еске түсіретін ерекше бір жүріс-тұрыстар сақталған. Біздің ауыл да аумаған сіздің ауыл сияқты білмейтіні жоқ. Бір шетінде түшкіргеніне екінші шетіндегілер «жэрәкмәллә» десіп отырады.

Көп тауқыметті, қуғын сүргінді, ашаршылықты көрген адамдардың бастан өткен қиыншылықтарын айтпайтынын аңғарасың. Өз орталары, сыр шертетін ерекше бір сәттер болмаса жұмған ауыздарын ашпайды. Ал өткен күннің белесі көріне қалса, ана-мына ұсақ түйекпен сөздің басын басқаға бұрып жібереді. Үнсіз қалады. Көздеріндегі мұң мен ой сөзсіз ақ бірден жүрегіңе, жан дүниеге шымырлап жетеді.

Бестөбенің балалары да ес білгеннен шалдардың сөзін естіп, үлкендерден үлгі алып, ісін істегеннен бе әйтеуір ерте есейеді. Ата баласы болып қасында жүргендіктен шығар, үлкендердің әңгімесін маған көп естуге тура келді. Қыстың дайындығы малға азық шөп шабуға шыққанда әңгімеге қарқ боласың.

Әсіресе жауынды-шашынды күндері шөп шабылмай қос-та қымыз ішіп жатқан шалдар гөй-гөйге басады. Онда да

соғыстағыларын айтса да, кәмпескенің кесірінен аштан қырылғандарын айтпайды.

Үкіметке, компартияға тіл тигізбейді. Әрі кетсе қабақтары қатыңқырап, түрлері бұзыла үнсіз қалады. Әңгіменің желісін жастық шақтарының қызықты сәттеріне бұра береді. Шалдардың әңгімесін тыңдай келе, кейде осылар оралмасын білсе де жастық шақтарын бет алды аңсай береді екен деген тымырсық ой да келеді. Жаспын ғой не істеп жарыта қояр едіңдер деп миығымнан күлемін. Өзім мүлде кәртәймайтындаймын. Көп әңгімеден есімде қалғаны «Сары ала бие бәйжігіттегі» Құлнияз деген байдың он мың жылқысы кәмпескеленіп кеткенде кемпірі екеуінің аштан өлгені ғана. Бар байлығынан айырылып, 12 қанат киіз үйінің ішінде аштан өліп жатқан кәрі шал мен кемпір талай менің де түсіме кірді...

Шалдардың ұшқыр әдемі теңеуі, ойлы да ойнақы әзілді әңгімелерінен өткеннің суретін көргендей боласың. Тарих пен шежіреге айызың қанады. Қаниша аумалы-төкпелі, соқпақты бастан кешірсе де, қайғы-қасіреттің көлеңкелерін бүркемелеп, өмірдегі асыл әрекеттерді қадірлейді. Шама-лары келгенше сезімдерін жаңбыр тамшыларындай таза ұстауға тырысады. Адам деген атқа мағыналы тіршілік қана жарасады деп есептейді. Ақсақалдардың бұнысы көздері жеткен жерден арғыны білгендіктен емес, дүние тірлігінің бояуы қанық қымғауыт, қиын-қыстау сырларын танып білгендіктен болар. Аза артып, бейнет тартық, қуғын-сүргін, аштық көрдік деп өлімсіреп, мүләйімсіген біреуі жоқ. Керісінше, қысқа ғұмырлы адамға сай мәнді өмір сүрудің үлгісін көрсеткендей.

Елуінші жылдардың ортасынан бастап Қазақстан үшін рухани қасірет басталды. Тың игеру елдің экономикасын көтергенімен әлде болса да сақталып келе жатқан салт-дәстүрді бұзды. Мемлекет тарапынан жасалған экспансияға коммунистік диктатура қыспағында отырған қазақы рух дұрыс қарсылық көрсете алмады. Ұлттық мәдени ерекшелік дағдарысқа түсіп пышырады. Коммунистік идеология ұлт-

тық рухқа қарсы жігі білінбей зілдене жылжыды. Ұлттық мәдениетті қасіреттің қара бұлты жапты.

Колхоздастыруы, ашаршылығы, соғысы жоя алмаған ұлттық ерекшелік ана тілінің өрісінің тарылуымен бірге азая берді. Салт- дәстүрдің азаюы, рухани дағдарыс әкелді. Біртіндеп ана тілін білмейтін балалар көбейіп, ұлт жіктеніп қалалық асфальттық және ауылдық болып екіге бөліне бастады. Атасы мен әжесінің сөзін түсінбейтін немерелер жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаулай өсті. Ал осының бәрін істеп, ызбарын төгіп тұрған Компартия туралы күдікті ойдың өзі қорқыныш әкеледі.

Рудниктегі 3 мектептің бірі - таза қазақ мектебі. Оған ерекше мән беруіміз 60-шы жылдардағы коммунизмге 20 жыл қалып, асыра сілтеуден төңіректегі аудан-қалалардағы барлық қазақ мектептері түгелдей жабылған болатын. Қазақша оқыса орысшаны нашар біледі, ештеңеге жарамай, оқуға түсе алмай қой бағып далада қалады деп, жұрт бір-бірімен жарысып балаларын орыс кластарына жаппай берген. «Хрущевтік жылымық» Сарыарқа жері үшін тың игеруден басталып, ауылдың іргесіне дейін жүгері егумен жалғасып, ұлтаралық достықты күшейту үшін қазақ мектептерінің жабылуымен аяқталды. Жылқының бәрі керексіздіктен сойылып, ауылдағы әр үй тек бір сиыр, төрт қой ғана ұстауға қақылы болды. Тамақты көп жейтіндіктен ауылдағы иттер бір күнде қырылып атылды. Ауыл ант ұрғандай тып-типыл болып, көшеде үретін бірде-бір ит қалмады...

Бестөбеліктердің қашанда көңілін ашып шерін тарқатар ән мен күй ғана. Біржан, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Естайдің әндерінсіз жиын-той өтпейді. Әсіресе Иманжүсіптің Ерейментауын жас баладан еңкейген кәріге дейін орындайды.

Абылай аспас Арқаның сарай белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы жалдаса лайланбас,
Нияздың Аюлы мен Қарай көлі.

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап бауырынан тұлкімді алған.
Есіл, Нұра, Ереймен, Қара қойтас,
Көзімнен бұлбұл ұштың дүние жалған.
Ішім жалын болса да, құр денем сау,
Маған десең, көз жасым, жаңбыр боп жау.
Бүркіт ұстап басыңа бір шығар ем,
Көзіме бір көрінші Ерейментау.

Әрбір тарихи кезеңнің өз әні өз өлеңі бар. Жұрттың мұнына ортақтасып, жоғын жоқтайтын, рухының діндегін берік ұстайтын тұлғаларды уақыт-өмір айдынына қалықта-тып алып шығады екен.

Рухсыздану саясатының ағысына қарсы Шәмші Қалдаяқовтың әндері дүниеге келді. Бұл әндер өткенді ұмытып жайылып бара жатқан жұртты туған жердің қасиеттері арқылы ұшқан ұяларына қайта қонуларына көмектесті. Ән арқылы жан дүние тазаланып, жаңа өмірге ұлттық ерекшеліктерді ұмытпай жетуге тәрбиелейді. Махаббат сезімін оятумен бірге азаттық жырын ала келді. Ұлттық рухты оятып, қайта жандандырды, бостандықтың сағынышын халқына әнмен жеткізді. Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындау отан сүйгіштіктің символына айналды.

Ғабит Мүсірепов айтқандай «көзге көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін ән мен өлең ғасырлар бойы ел ойында қала беріпті, қорлана беріпті, оята беріпті, сергіте беріпті».

Қазақ жастары 20-ғасырдың 70-жылдары жазушылардың тарихи романдары, Есік қаласының қасынан Алтын Адамның табылуының әсерімен тарихпен таңдарын атырып, күндерін батырып жүрді. Бұл оянған ұлттық болмыстың, сананың ондаған жылдардағы отарлық қанаудың Қазақ этносының тарихи негізі жоқ деген “қатпа идеологиялық” қағидасына қарсы қаһар еді. Ұлтым, болашағым, атамекенім деген мектеп бітіруші ұл-қыздар ҚазҒу-дің тарих факультетіне түсуді армандады. Ал зиялы қауым ұрпағына ұлтының тарихын, ата-баба шежіресін білдіруге ұмтылды. Әсіресе соңғы уақыттағы ұзынқұлақтың елге жеткізген Мәскеу мен

Ленинградта оқитын қазақ жастарының істері көпшіліктің аузында жүрді. Олар қазақ өссін, өзінің мәдениетін дамытып, тарихын, шыққан тегін ұмытпасын деп жұмыс істеп жатыр екен. Ұйымдарының аттарын да «Жас Тұлпар» деп қойыпты. Басшыларының ішінде Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Әуезов те бар екен деген гу-гу сөз елге тез-ақ тарап, жастарды да елең еткізді.

Айтылмаса да жұрттың көкейінде жүрген мәселе болғандықтан ел «Біз ойлағанды жастар жоғарғы жаққа жеткізіп жатыр екен ғой. Елдің ертеңін ойлайтын білімді жастар аман болсын»- деп желпініп қалды. Әй қайдам жоғарғы жағыңды, бізді тұғыртып, басып отырған өздері емес пе. Ертең-ақ ол жастардың тамырына балта салып құртпасына кім кепіл. Талай маңғаздардан айырылдық қой дегендер де болды.

Әй, не шықса да өзімізден шығады. Жастар қыршынынан қиылса соған кінәлі өзіміз. Бір бірімізге жанымыз ашымайды. Әркім өзімен-өзі әлек. Жақынға да, алысқа да қол ұшын беруден қалдық. Кешегі ашаршылықты да, «халық жауларын да» түртпектеп көрсеткен өзіміз емес пе. Қара басымызға құнтымыз жоқ, басқаға қалай пана боламыз.

- Иә, иә, мың айдаған байымызды да, ұлтының болашағын ойлаған зиялыларымызды да өзіміз ұстап бердік.

- Болды енді, қайдағы жоқты айтып, жылауларың таусылмайды. Одан да кәне, Қажыкен домбыранды алып әу деші. Өткенде Алматыдағы бір мықты қазақ, бізге домбыра не керек, ол ескіліктің белгісі деп шатыпты. Домбыра ғой шіркін, шерді тарқатып, бізді ғасырлар бойы адам қылып келе жатқан...

Әнші жігіт Естайдың Құсни-Қорланын шырқап кетті. Бұндай әңгімелер ойын-той, өлім-жітім бар, бас қосылған жерлердегі әдетке айналды. Көпшілік өкіметтің ыңғайына көшіп өлімді жерде молда семіреді, біз маймылдан тарағамыз деген ойдан біржолата арылып, қанға сіңген әдет-ғұрып қасиеттерін қайта жандандыруға тырысты. Домбырашы мұңды шертпе күйге басты. Күй әлдебір орны толмас өкініштің өксігіндей әсер етті.

Күй бітер-бітпесте ата-бабамыздың өзі болмаса да, көзіндей болған қасиетті домбыраны ескінің қалдығы деп жүргендерде ұят жоқ шығар тегі десті.

Жас тұлпар деген сөз арманшыл жастардың болашаққа деген қиял қанатына айналды...

Маусымның шаңқан ашық, желсіз тынық күндері шеке қыздырады. Сарыарқа шілдеге бет алғандықтан күні ұзарып, түні қысқарып қыза бастаған. Қолға мектеп бітірді деген аттестат та тиді. 1971 жылғы қазақ орта мектебін бітірушілердің басым көбі Алматыға бет алмақшымыз. Қат-қабат арман-сезімдер мектеп түлектерін әсем қала Алматыға жетелей берді. Жолға шығатын күн жақындаған сайын күндіз бір орында отырудан, түнде көз іліндіруден қалдық. Алға ұмтылған үміт-көксеу ұйқыны қашырды. Асқақтаған арман дем беріп, көңіл көк дөнен болып шабады. Сарыарқаның саумал желі ұшы-қиырсыз даланы шарлап өтіп біздің ауылға да соғып қояды. Күн арқан бойы көтерілгеннен бастап, менің де көңілім күй сазындай сергіп тербелумен болады. Қоңыржай жұлдызды түндер ұйқыны қашырып, арман қиялдармен алысқа сүйрейді.

Уақыт өтсеңші. Тосқанда бәрінің шабанданып тартынып қалатын әдеті емес пе. Тіпті күн де сағыздай созылып, ұясына батпайды. Күндіз түні көкейде тек Алматы. Арман қала. Жер жәннаты. Алматының апортының өскенін көрсем деймін, дәмін татып құштарланып иіскеп, құмарымнан шықсам деймін.

Соңғы қоңыраудан бастап мектеп бітіруші ұл-қыздардың бәрі дерлік кім қайда оқуға барадының дайындығында. Бірәзі ұнатқан мамандығын қаласа, көпшілігі әйтеуір бір институтқа іліксем дейді. Кейбіреулер қалалардағы туыстарын сағаламақшы. Енді біразінің ойы көппен көрген ұлы той оқуға түсуді сылтаулатып шерден шығып бір қыдырып, қаланы шулатып келу. Ата-аналарында да әбігерлік аз емес. Бірі балаларының мектеп бітіргенін ат шаптырып дүрілдетіп тойласа, енді біреулер тайша-тұйша малдарын сатып балаларының жолына қаржы дайындауында.

Мектебіміз Республикадағы алдыңғы орын алған, ұстаздарымыз тәжірибелі болғанымен жылдан-жылға институтқа түсушілер саны азая берді. Ең бастысы қазақ бөлімі бар институттар Алматыда ғана. Ол алыс кім болса соның жағдайы жете бермейді. Екіншісі мұғалім жоқтығынан шет тілі оқылмағандықтан үш деген баға формальды қойылды. Қалған сабақтардан бес алғанымен әлгі үштің кесірінен конкурстан өтпейсің. Бестөбенің талай білімді өрімдей-өрімдей ұл-қыздары институтқа түсе алмай ауылда қалып жатты.

Ертең жол амандығы болса Ақмолаға бет алам. Ар жағына самолетпен ұшам, Алматы тиіп тұр. Ұлартқан үміт желпіндіріп, кешкісін үйге сыймай көше аралап кеттім. Бірекі жолдастарымды ертіп қиял қызуымен өскен жерді кимай жүрдім де қойдым.

Тамыздың кеші жайымен тымырсып барып, жарық айлы тыныштығы мол түнге ұласты. Төңірек күндізгі тіршіліктің таусылмас күйбеңінен болдырып тастай қатып жым-жырт болды. Айдың жансыз жарығымен көкшілденген аспанда сансыз жұлдыз самсайды. Оларда маған қарап «ақ жол болсын» деп жымындайды. Тұра қалсаң құлағыңа дүние тіршілігінің жұмбақталған мол үні келеді.

Кеншілер мәдениет сарайының қасындағы би алаңындағы музыка үні қалықтап естіліп қараңғылыққа сіңуде. Әннің әуені көңілге сай келіп, қиялыңды тербейді. Музыка қанына сіңіп, бойыңдағы қуатты күшейтіп, тұла бойыңа сиқыр болып тарайды. Амалсыз еркіннен айырыласың, жан дүниенің түбіндегі жұмбағың есігі ашылып сыртқа шығады. Еліктетеді, еліктейсің. Музыкамен бірге сенің арманың ғана емес өзің де әуендеп қалықтайсың.

Біз үш қабатты мектеп ғимаратының ауласына келіп отырдық. Жастар түн ауғанша билегені билеп, билемегені орталық көшедегі «бестөбелік бродвей» аталған асфальт жолмен қолтықтасып ерсілі-қарсылы жүр. Кей бозбалалардың кең балақ - колокола шалбарларының жиегіне салынған ұсақ шынжырлары асфальт сызады. Тар қысқа мини-көйлек киген қыздардың бөкселері бұлтындап, сандары ағарандайды.

Бала кезден бірге өскен достардың әңгімесі біткен бе, уақыттың өте шыққанын байқамаппыз да. Әлгінде ғана төніп самсап тұрған көп жұлдыздардың нұры қарығып биіктеп кеткен. Достарыммен түннің қабағы сейіліп, көк жиектің етегі сазды бауырлана бастағанда ғана, сәл-пәл көз іліндіру үшін үйді-үйімізге тарадық. Әр қайсымыздың алған жолымыз басқа. Бір-бірлерімізді қимаймыз. Досыңнан ыстық ештеңе жоқ шығар бұл дүниеде...

Ақмоладан түнделетіп Алматыға бет алған АН-24 ұшағы Балқаш қаласының аэропортына жолай қонды. Күндізгі жеркөкті қуырған қапырық азайған. Ұшақтан түсіп қайта міну арасында қасымдағы Қайролла деген жолдасыммен буфетке беттедік. Жұрттың бәрі дел-сал. Ұшақта ұйықтаған жолаушылар мыж-тыж. Отырғыза бермей мазалап түсіргендеріне кеюлі.

Біз уақыт жеткілікті болғандықтан жолдасыммен аэропорттың буфетіне беттедік. Келгеніміз сол еді, екеуіміздің де көзіміз бірден буфет қабырғасында өрмелеп жүрген тарақанға түсті. Тарақан да тоқтай қалып таңырқай бізге қарады. Шарасының сыртына теріс айналған көзін төңкере түсіп, ұзын мұрттарын қайшылай бастады. Біз жиіркеніп кезектен үн-түнсіз сыдырылып шығып кеттік. Сәл тітіркеніп қалғандарымызбен арман буы, алып ұшқан жүректеріміздің лебі бойымызды сергіте берді. Есілдертіміз Алматыға тез жету.

Әрине қиялдарымызбен әлдеқашан Алматы аэропортына жеткенбіз. Тек онда бұрын болмағандықтан, көкейлеріміздегі Алматыны нақтылы көз алдарымызға елестете алмай әуреміз. Ұшаққа отырдық. Қайтадан жүректеріміздің дүрсілін ұшақ моторларының дауысымен бірдей естуге айналдық. Уақыт өтсейші ...

Арман асқақтығы қандай ғанибет. Өттең тек ұшарға қанатымыз жоқ. Алматы бірден айналасына шағылысқан айдын көлдей дөңгеленіп жарқ етіп шыға келді. Қапсыра басқан қою қара түн астындағы алтын тас сияқты жарқырап от шашады. Жалғыз мен емес, Алматыға бірінші рет келе жатқан

кісілердің бәрі де иллюминаторға ұмтылды. Алматыға асыққан адамдар бір мезгілде ерекше бір күйге түсе қалды.

Ұйқыларынан сілкініп, жайдары-шадыман көңіл-күй ұшақ ішін толқытып жіберді. Ұшақ айналды ма керек, әйтеуір жарық үстінде ұзақ ұшты. Ұшақтың дөңгелектері жерге тигенде, мотор дауысы құлақ жарардай күшейіп кетті.

Ұшақтан баспалдақпен түсе бергенде суық жел ұрып, дене мұздатты. Қайнап тұрады деген Алматы бойды тау етегінен жеткен салқынымен шымырлатты.

Аэропорт басы күндізгідей жарық. Ығы-жығы халық. Өзімен-өзі болған жұрт. Отырарға орын жоқ. Бастапқыда төңіректі олай-бұлай жүріп қызықтап қарағанымызбен қалаға кете алмай, алып-ұшқан көңіліміз суыды. Жүретін экспресс 92 автобусы 6-дан жұмысын бастайды екен. Аяқ асты чемодан, сөмке. Аэропорт іші араның ұясындай гуілдеген дауысқа қалықтап тұр.

Еңсесі биік болса да, кішкене аэропорттың осыншама адамды сыйдыруы таңғаларлық. Әлсін-әлсін көп жыл темекі тартқан шахтердей қырылдап ұшақ келіп қонады, арасында тіркеу басталды, не аяқталды деп бір әйел ескі дырылдаған микрофоннан баж ете қалады. Адамның көптігі, жолдың ұзақтығы бізді болдыртты. Ұшақтан түскен беттегі қарқыннан мүлде арылды. Оның үстіне буфеттен шәй алып ішпек ниетпен кезексіз өтіп кетеміз деп бір әйелден сөз естіп, сәл болмағанда екі-үш еркектен таяқ жей жаздадық.

Не керек денелеріміз ауырлады, ұйқы да басайын деді. Жұрттан көргендерімізді істеп, сырттағы ағаш арасындағы көгалға чемодандарымызды жастанып қисайдық. Кезекпен ұйықтамақшы болсақ та, шабадан, киім күзету жайына қалып, бірден ұйқыға кетіп жоқ болдық.

Қайролла екеуіміз мұрындарымызды жарған апорттың иісінен ояндық. Таң атыпты. Ерекше сезім, жүректерімізді алып ұшырып, кеуделерімізге сыйғызбай, көңілдерімізді аспанға қалқыта жөнелді. Армандаған Алматы. Алатау да ақ басы ағараңдап, қол созым жерде тұр. Жеттіндер ме дегендей, сабырлы сары алтынды кейпімен күлімдейді. Сәлден

соң, апорттың иісі бас айналдыра бастады. Кешегі жолдың бейнетінен - ақ жауыннан кейінгі даладай тазарып сала бердік...

Жалма-жан шабаданарымызды сүйрете автобустың аялдамасына жүгірдік. Есілдертіміз университетке тез жету. Аялдамада да автобус күткен ұзыннан-ұзақ кезек. Кешегі тәжірибе бар, кезексіз кимелемей сыпайыланып кезек тостық. Қаланың адамдарына ұқсап, бәрін білетін адамша өзімізді еркін ұстауға тырыстық. Бір-бірімізге бірдеңе айтқан боламыз, негізінен жұрт не істер екен деп соларды аңдудамыз. Бізге қарап онша мән берген ешкім жоқ. Кезектің соңын сұрайды, қол жүгін аяғымен жылжытып газеттерін оқып тұра береді. Сөйлеспейді жөн сұраспайды. Өңшең жарма бітеу біреулер...

Ауылдың адамына қаланың ұнамайтыны содан ғой. Институтқа түсе алмай үйге қайтуға ұялып жұмыс істеп жүрген көршінің баласы айтқандай. Өңшең тоңмайын, арамза, іштерінен мерезденген бірдеңелер дегені рас та шығар. Мойындары бұрылмай өңештеріне таяқ тығып алғандай тікбақай қақиғандар. Экспресс автобусына міндік-ау, әйтеуір.

Алматы жап-жасыл. Аспанмен тілдескен биік ағаштар әр жерлерде егілген гүлді өрнекті әшекейлер. Қайролла екеуімізде үн жоқ, көзіміз сыртта. Бір-бірлерімізге қарап қалғанда алаулаған жүздерімізден бақыт нұры қызарып жылт етеді. Алып ұшқан көңілімізді басу үшін, көздерімізді тайдырып әкетеміз. Автобус бағдаршамға тоқтады. Алдымызда көгалдан салынған Ленин тұр. Көзіміз шарамыздан шығып кете жаздады. Автобус орнынан бажылдай күшене қозғалғанда Ильич көсем езу тартып күлімдеді. Автобус болмағанда төбеміз көкке жетіп, кеудеміз қуаныштан жарылып кетер ме еді, әлде қалай.

Жұрт айтқан аялдамадан түскенімізбен КазГУ-дың ғимаратын көп іздедік. Өткен-кеткен кісілерден сұраймыз “әне” деп көрсетеді, көзімізге биік-биік ағаш арасынан үлкен мекеме, зәулім үй түседі. Шабаданарымызды арқалап барамыз, ол не Алматы қонақ үйі, не баспошта, не

Абай театры болып шығады. Осылай бір квартал жерді айналдық та қойдық. Күн ысыйын деді. Шаршадық. Алматы қонақ үйін тағы бір айналып алдында кішкене су шапшыған ескі фонтаны бар «Гүлдер» деген кафенің қасына келіп орындыққа отырдық.

Танымайтын қала, ешкімнің-ешкімде ісі жоқ. Қаншама пысықайланып, мектептегі балалардың алды болғанымызбен киімдерімізден де, жүріс-тұрыстарымыздан да басқа жақтан екендігіміз білініп-ақ тұр. Ауылдың сәлемін айта келгендей ескі дөкей шабаданарымыз тағы бар. Соғысқа баратындай қасық пышаққа дейін үйдегілер салып берген. Әйтеуір күн ыстық еріп кетеді деп май салмады...

Немересін қыдыртып жүрген үлкен ақсақал бізден көз алмай ұзақ қарады. Жақындап келіп байыпты жылы дауысымен амандасты. Шырайлы, ат жақты, жүзі жылы еңселі ақсары жұқаң кісі екен. Күлімдеген көкшілдеу көздері сағынып көрген адамдай жылы тартады.

Біз ауылдағы үйреншікті әдеттерімізбен орындарымыздан атып-атып тұрып қол берістік. Ақсақал қоңыр дауысымен қайдан келгендерімізді, елдің жағдайын сұрап өзіне тез-ақ үйірді. Бапты, қоңыр дауыспен биязы сөйлеген шал былтыр ғана қайтыс болған атама ұқсап кетті. Әсіресе көк көздері күлімдеп сөйлеген сайын бас изегені аумайды атам...

Атамның тері сіңген көйлегінің иісі мұрыныма келгендей болды. Бауырында өскен атам да институтқа түскенімді көре алмай кетті-ау деп ойладым. Тірі болса жүрер еді ғой мына шалға ұқсап. Сөз арасынан өзіміздің университеттің ауласының қасында тұрғанымызды білдік. Қасымыздағы ғимаратты әлде-неше айналғанда КазГУ осы болады-ау деп ойларымызға кірмепті де. Үш қана қабат, көзге сүйкімсіз, өзі жөнделмеген алқам-салқам бірдеме. Есігінің алдында тым болмаса университет деген маңдайша жазу да жоқ. Ақсақалмен шала қоштасып, шабаданарымызды сүйретіп, университеттің есігіне бет алдық...

Абиұр болғанда елден өтіп келген дәрігерлік құжатта-

рымызды іске асып, бір-ақ күнде айды аспанға атып КазГУ-дің абитуриенттері болып шыға келдік.

Абитуриенттік уақыт жанталас, консультация, емтиханмен зымырап өте шықты. Емтихан күні жерлестер жиналып саған жанашырлық жасайды. Жақсы баға алсаң мерейлері өсіп, көңілденіп қуанып кетеді. Төмен баға немесе екі алып құлап қалғандарымызды жұбатамыз. Келесі жылы міндетті түрде түсесің деп рухтандырамыз. Жылы сөз айтып жұбатқанымызбен көңілімізді кір шалып, ренжіп қаламыз. Жерлестердің ішінде бір-екі жыл студент болып ысылып қалған Қасымбекова Майра бізді туған інісіндей қамқорлыққа алды. Қаламен таныстырды, оң-солымызды танытты. Ыстығымызға күйіп, суығымызға тоңып, емтихан тапсырған күндері барлық жерлестердің қасында болды. Ауылыңның баласын туған бауырыңдай көру қанға сіңген қасиетке айналды...

Азапты кезең конкурс болды. Бір орынға 22 адам. Бәрінің балы жоғары. Конкурс тәртібі өте қиын. Әуелі “льготниктер”, жеңілдігі барлар, жетімдер, әскерден келгендер, екі жыл жұмыс істегендер өтеді, содан соң барып балыңның санына қарайды. Институтқа түсе алмаған бір бала әжесіне құладым депті. Әжесі сонда байқап жүрмейсін бе, сенің тұсауыңды Мәкәсияға текке кестіріппін деген екен. Соны естігенде мазақ қылып күлгенбіз. Өгізге туған күннің бұзауға да туатының ойламаппыз. Өз басымызға да келді.

Емтихандардың үшеуін де беске тапсырдым. Тек оқылмаған шет тілінен үш қойып берді. Бұған аттестаттың орта балы қосылып бәрі 23 балл жинадым. Жаман емес сияқты. Жатақханада тұратын абитуриенттер тұра сала университетке жүгіреміз. Біз асықты деп комиссия асықсын ба, байқаудың шешілімі шықпай қинады. Деканмен кездесу болғанда спортпен айналысам, өлең айтам, би билеймін, оқуды жақсы оқып, тәртіпті боламын деп көпіртіп уәде де бергем. Уақыт өтпей, қорқыныштан жүректің дүрсілі көбейіп, ас батпауға айналды.

Көз майымызды ағызып тосқан тізімде шықты. Оқуға түскендердің арасында менің фамилияма тіпті ұқсас фамилия жоқ. Қайта қайта қараймын. Фамилиям жоқ. Сәтсіздіктің қара бұлты басып, көңіл-күй бірден тас-талқан болды. Жол болмай үміт үзілген деген осы. Не істерімді білмей күйінгенім сонша өмір сүргім келмей кетті.

Бәрі бітті. Жүрегім қысып бір орында тұра алмай басым ауған жаққа жүре бердім. Қанша жүргенім белгісіз, есімді жисам аэровокзалдың кассаларының қасында тұр екем. Өзіме-өзім келгендеймін, бей жай болсамда бұлан-таланым тараған сияқты. Шекемнің салқындағанын, өзегімнің ашығанын сездім. Сарымайдай сақтап қатып ұстап жүрген бар ақшама самолетке келесі күнге билет алдым. Билетті қолыма ұстаған күйі «үйге қай бетіммен барамын, масқара-ай» деп тағы қиналдым. Бетіме ұяттың қаны теуіп, көңілім құлазыды.

Әжем әрі кетсе көзін бір сығып алып, үйге келгеніме қуанбаса ренжімес. Намысқой атам еді. Көршінің иттерімен таласып жеңіліп қалса шоқпарымен «қалпитайын» деп Құтжолды ұрып, ас бермей жүрген атам тірідей жарылып өлері сөзсіз. Көз алдыма атамның әлде неге ренжігенде үндемей еңкіштеніп алып шоқпарымен насыбай үгете беретіні келді. Кеше түсімде атам күліп жүрген сияқты еді, мен түсті дұрыс жорымаған болдым. Әлде түсінде көрген керісінше бола ма... Тығырыққа тірелдім. Не істеймін қайда барам. Екі қолға бір күрек. Аштан өлмес қарынның қамының тұтқыны болам ба.

Түс ауа ұнжырым түсіп, қабылдау комиссиясындағы аттестат, мінездеме сияқты іс қағаздарымды алуға бардым. Бұнда да кезек. Байқаудан өтпеген ұл-қыздар жанталасып басқа институттардың байқауына қатыспақшы. Мен сұлықпын. Қазақстандағы жалғыз университеттің менің маңдайыма жазылмағанына кеюлімін. Іс-қағаздармен айналысып отырған тарих факультетінің жоғарғы курс студенттері болатын. Меруерт деген қыз - «Сен тоқта, бәрі жақсы болады» - деп іс-қағаздарымды бермеді.

Ештеңе түсінсем бұйырмасын. Қалай жақсы болмақшы, байқаудың шешімі шықты ғой. Байқаудан өтпегеніме әлі де тарамған қазандай өкпем бар еді. Менің аттестатымды беріңдер, самолетке билет алып қойдым деп қырсықтым.

Қыз да шақар екен, мені дырылдатып деканға алып барды. Жолда мұндай мүмкіншілікті жіберуге болмайды, ауылың қайда қашар дейсің деп ақылын орысшылап айтып келеді. Қазақша сөйлемейтін қаланың балаларын ит етінен жек көретін басыма мына сұлу өткір қыз ұнап барады. Сөйтсек, Мәскеуге екі жолдама келіпті. Орталық жоғарғы оқу орындарынан Республикаға жоспарлы түрде орын бөледі екен. Ал байқаудың нәтижесі бойынша тізім маған жетіп тірелген. Енді мен заң бойынша бірінші болып өтуім керек. Меруерт қыздың айтқаны сол.

Декан қарапайым, жұқа өңді тез сөйлейтін ақкөңіл адам еді. Бірден әй-дей жоқ: «Мәскеудің мұрағат институтына барасың ба?» - деді. Сасып қалдым. Мә саған деп біреу төбемнен шоқпармен періп қалғандай болды. Орысшаға шорқақ маған Мәскеу не атамды алған, мұрағаттық мамандықты не істеймін. Дегенмен елегізу ұмытылып, үміт дүниесі еселеніп өсе бастады. Ой мың құбылды.

Қаңғыбас қиялдың соңына еріп бармайтын жері бар ма, көз алдыма Мәскеу, ондағы «жас тұлпардың» жігіт-қыздары елестей қалды. Декан: «Неге үндемейсің, барасың ба, жоқ па?» - дегенде, мен үшін Меруерт қыз: «Барады, барады!» - деп жауап берді. Декан: «Мынаның іс-қағазын дайындаңдар, Софияға айт» - деді. Мен мелшиіп тұрмын. Меруерт мені енді қолымнан ұстап әрі сүйрей жөнелді. Техникалық хатшы деген есікке кірдік. Қатар-қатар үйілген іс-қағаздарын ақтарып жатқан көзілдірікті жас келіншек Софья болып шықты. Олар екеулеп менің іс-қағазымды ақтара бастады. Бірі шет тілін оқымапты болмайды дейді, екіншісі алып кетеді жібере салайық деп болмай жатыр. Мен қиялыммен Мәскеуге кеттім. Мұрағатшы мамандығын алып, ескі қағаз қоқысты ақтарып отыратын көзілдірікті кісіні елестеткенде денем тітіркеніп кетеді.

Әй бірақ Мәскеудің аты, Мәскеу ғой. Қыз бен келіншек: «Болмайды!»,

«Болады!», «Оқи алмайды!», «Оқиды, онда тұрған не бар, түссе, алып кетеді!» деп, біріне-бірі дәлелдер айтуда. Мені сыртқа шығарып жіберіп тағы бірәз дауласты.

Танып білмейтін адамдардың мен үшін осыншама қам жегеніне қарап, өзімде осал емес екенмін ау деп, бойым биіктеп көңілім көтеріліп қалды. Іс қағазыммен қыз келіншек деканға кетті. Ол күні мәселе шешілмеді. Жиған баллым жеткенімен орысшам шамалы, шет тілін оқымағанмын. Қайтадан көңіл күптілігінің сүркілі басталды. Ақыры не керек ниеттері дұрыс, жақсы адамдардың көмегімен Мәскеуге өтпегеніммен босаған орынға ілігіп КазГУ-дің студенті болдым.

Шама-шарқымызға қарай көсіліп, өзді-өзіміз болып жерлестер бас қосып Никольск базарының ішіндегі дөнген лапшасын жеп тойлап та тастадық.

Студенттік өмірдің ең қызықты шақ екеніне көз жетті. Жазғы таңдай жайнасқан, ұйқысыз, күлкісі көп студенттік өмір бізді шұрқ иіріп ала жөнелді. Бірден Еңбекші қазақ ауданына көкөніс жинауға ауылшаруашылық жұмысына кеттік. Көппен көрген қызыққа не жетсін, көңіл шалқалақтап ес шықты. Мәзбіз. Не істесек те күліп-ойнап істейміз.

Помидорда мұндай көп болама, күннен күнге титықта-та берді. Қаланың қыздарының тырнақтары сынып, мияулауы көбейді. Мінездерінен де биязылық кетіп, дауыстары шаңқылдап шығуға айналды. Жергілікті балалар да кеш болса килігісіп маза бермейді. Күні бойы тырбыңдап, бүкшиіп жиғанымызды кешке басқа жаққа әкетіп жатады. Сол бізге бригадир болған жергілікті әйелдерді кейін көк базардан көкөніс сатып тұрғанын талай көрдік. Жұмыс істеп жүргенде «жеріміз жоқ, егіс еге алмаймыз» деп жүретін. Жинағаннан жеп-шашқандарың көп деп күнде ұрысушы еді, қайдан келген көп көкөніс, бір құдайым білсін...

Айдың аяғында ақша айырғанда көбіміз жеген тамағы-

мызға қарыз болып қалдық. Ешкім тиын-тебен таппады. Біз ауылшаруашылық жұмысының біткеніне мәзбіз. Итің-қыржың, салпақтап тырбаңдау таусылды. Шаршағанмыз ұмытылды. Алда университет, арықтан су ағып, апортының иісі мұңкіген сүйікті Алматы. Топырлап шулап келіп, топырлап мәз болып кеттік.

Қыркүйектегі Алматы ерекше. Жеміс-жидегі әбден пісіп, марқайып шашылған кез. Қайда барсаң да алманың иісі кеңсірігіңді жарады. Алматының ауасының құрамы апорттың иісінен тұратындай. Тек ағаштардың жасыл жапырақтары ғана жасы келген қариялардай салбыр-салыңқыланып түстері күлкілдей бастаған. Кейбір сарғыш тартқан жапырақтардың шеттері жиырылып үзіліп түсетін күндерінің жақын екенін меңзейді. Шақырайған күнді көресің, бір орында көп тұрсаң бөліңді жел қуған аяз шымшиды. Жылы күні тұла бойың мұздап сала береді. Қалың киінсең пысынайсың, жеңіл киінсең жауырын арқаң сыздап қалтырайсың. Никольскі базарының айналасындағы абыр-сабыр көбейе түскен. Жаздай дем алып, құрылыстан, комбайннан ақша тауып келген студенттердің қарқындары қатты. Көңілдері көтеріңкі, сессия алыс...

Алғашында қала өмірінің желісіне, сабақтың лекциялық, семинарлық түріне үйрене алмай қиналғаныммен жаңа жолдастар, студенттік жатақхана өмірі тұңғыық иіріміне іліккендей бірден жетелеп үйіріп әкетті. Күннің атысы мен батысы университетке баруға ғана сәйкестенеді. Ең артысы тамақ ішудің мерзімі қарнының ашқанына емес, қалтаңдағы ақшаның барлығына байланысты.

Тарих факультетінің қыздары да сұлу. Жәйдің өзінде өткір көздерін аударып қарағанда бір түрлі іштегі жылылықты сезесің. Әлде бір қуаныш екпіні қаныңды тамырлай ала жөнеледі. Бетің дуылдап қызара қаласың. Үнсіз сөйлесу деп осыны айт. Ғалия деген тарихшы қызға да ғашық болып,

Айым да сен, Ғалия, - Күнім де сен,

Оң қабағым тартады күлімдесең - деп Балуан Шолақтың Ғалиясын да айттық.

Күнделікті аласұрған жүгіріс қызықты хикаялар тізбегіне ұласа берді. Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген балалардың мінез-құлықтары, салт-дәстүр, жейтін тамақтары да әр түрлі. Ауылға 1929 жылы колхоздастардан қашып күнде кешкісін алтыннан ардақты, күмістен салмақты деп жақын туыстардың атын атап хат жазамыз. Аты аталған туыстардың кейбіреуі ақша салады. Міндетті түрде күнде бас почтаға соғып аударма ақшаны тексереміз. Стендия алған күні шала байып, желдіре жүріп жерлестерге жетеміз.

Бірде алғашқы стипендиясын алып Аман досым салып ұрып университетке жетіп келді. Қасына екі-үш ауылдасымызды ертіп алған. Қуанып кеттім. Ауылдың жаңалығын естіп шер тарқатысатын болдық. Группалас студенттердің алдында да мерейім өсіп қалды.

Алматының қыркүйегі күндіз қапа, кешке қоңыр салқын. Түскі тамақ уақыты. Аққу мен Театральныйда ыстық тамақ болмайтындықтан Гүлдер кафесіне бет алдық. Адам көп екен, столдардың бәрі толуға жақын. Аман арқаланып, желпініп алған. Бәрін ұйымдастырып, официант қашан келеді деп тыпыршып шыдамсыздануда. Қалтасында ақшасы бар екені анадайдан көрініп тұр. Шүйіркелесіп, жарыса сөйлеп елдің жаңалығына кірістік.

Әңгімеміз енді қыза бергенде, сүп сүйкімді, ақ кофта, кара юбка киген талдырмаш сары шашты қыз келе қалды. Бәріміз кірпік қақпай қызға тамашалай қарадық. Жұқа ерінді сұлу қыз күлімдей амандасқанда әңгімеміз шорт үзілді. Бәріміздің көкейлерімізден құмарлықтың көк елесі көлбең етті. Аман біріншіге бес борщ деді. Сұлу қыз алжапқышының қалтасынан блокнот пен қарындаш алып жазған күйі, екіншіге не аласыздар деді. Аман мүдірмей біз екінші алмаймыз тек бірінші аламыз деп маңғазданып салмақтана қалды. Қыздың дауысының екіншіге не деп қайта-қайта сұрағанынан сескендік.

Әлгіндегі қызға қараған ынтықтан тез арылып, басқалай қарай бастадық. Орысшамыз онша емес, бәріміз де қазақ мектебін бітіргенбіз. Кіп-кішкентай тұрымтайдай қыздың дауысы мұндай ащы, қатты болар ма. Аман да көтеріле мен екіншінің керегі жоқ тек бірінші керек дедім ғой деп едірейді.

Қызда қырғи қабақтана қырсығып, жарылып кетердей долдана ісініп, ал үшіншіге не аласыздар деді. Аман үшіншінің де керегі жоқ, бірінші керек, ең жақсысын әкел деп қызды менсінбей бізге қарады.

Официант қызымыз қолы дірілдеп жаза алмай қалды. Безгек ұстағандай селкілдеп барады. Бір кезде залды жаңғырта есі кете күліп жіберді де, жүгіре жөнелді. Жынды адамша күліп барады. Аң-таңбыз. Отырған жұрттың бәрі бізге қарап қалыпты. Ыңғайсыздық туды. Бірденені бүлдірдік, не екенінің мәніне әлі толық жетпедік. Мен ақырын дауысымды шығара шықпас қылып «жатақхананың асханасынан дүнген лапшасын жей салу керек еді» дедім.

Аман енді маған едірейіп, не алсам да өз еркім, біріншісіне, ең жақсысына тапсырыс бердім. Онда тұрған не бар, студент адам емес пе, біз кімнен кембіз деп килікті. Қиқар мінез неме еді, жанжалдасып қалармыз деп сөзімді қоя қойдым. Жолдастар үнсіз. Ойымыз тездетіп тамағымызды ішіп кете қою. Борщ келді, іше бастадық. Аузымызға дәмді тамақ тиген соң түріміздегі қыртыс-тыртыс жазылып, бетке қан жүгірді. Аман досымыз иығын қозғап қомданған күйі «тырп етпеңдер ақша жетеді, бұларды осылай қатырам. Ішкесін біріншісін – ең жақсысын ішу керек, ас адамның арқауы, келешекте студенттерге дұрыстап қарайтын болады» деп маңғазданды. Біз жымыңдасып құптай бас шұлғыдық.

Борщты ішіп бітірер бітірмесімізде әлгі официантка қасында жасаңдау бала бар тағы бес борщты алып келіп столымызға қоя салды. Қыздың түрінде бізді мұқатқан мырсиган кекесін бар. Біз тілден айырылып үнсіз қалдық. Мынандайды іштік деп айта алмадық. Көзіміз ақиып шарасынан шықты. Бәрінің беті ашылды. Ту сыртымыздан біреулердің мырс

етіп күлгендері, жөтелгендері естіле бастады. Ақырын жан-жағыма көз салып едім, отырған адамдар тамақтарын ішулерін тоқтатып бізге қарап қалыпты. Жамырай қараған самсаған көздерден ұялыс таптық. Мысыққа ойын, тышқанға жан керек. Білдіртпейміз дегенімізбен қысылдық. Қапырық күннің ыстық ауасы бар бірден бырсыдық. Бәрімізден ағыл-тегіл тер кетті.

Мә, саған первый – ең жақсы. Не істерімізді білмей састық. Бесеуімізде басымызды тарелкелерімізден көтермей аштан келгендей апыл-ғұпыл жарысқандай ішіп отырмыз. Мақсат тезірек первый – ең жақсы тамақты тауысып қашу. Жұрттың бәрі тамақ ішулерін біржолата тоқтатып көздерімен енді бізді жеуге айналды. Тойынған еріккендерге қызық керек, жамырай қарап қалыпты. Құтты бір цирктегі аңдардың ойындарын көргендей естері шығып, орындарынан тапжылмайды.

Бір кезде аспанды жарып жіберердегі жұрт қарқ ете түсті. Қыран топан күлкі, жан-жағына жалтақтай қарап күлмеген біздің стол ғана. Әлгі официант қызымыз бен бала тағы борщ әкеле жатыр. Жолдастарымыз сыртқа қарай тұра жүгірді. Столдың басында Аман екеуіміз ғана қалдық. Залдағы күлкі толастасыншы. Әкелінген тарелкадағы борщтар столға сияр емес. Аманға дауысымды шығара зеки есептес, ақшасын төле деуге шамам зорға жетті. Ол қанша екенін білмеймін 3-4 қағаз ақшаны ұмаждаған күйі столға тастай салды.

Артымызға қарамай жүре жүгіре сыртқа шықтық. Кафедегі қыран-топан күлкі дауысы естілмей қалғанша артымызға бұрылмадық. Жон арқамыз су боп ақты. Түрлеріміз де өрт сөндіргендей. Жолдың екінші жағында іштерін басып күлкілерін баса алмай тұрған жолдастарымызды көрдік. Аман қатты ренжіп үнсіз қалды. Мен сол бірге келіп бізге күлген жолдастарымызды жек көріп, кейін араласпай кеттім. Достың көңілі бір атым насыбайдан қалады дейтіні рас екен. Біраз уақытқа дейін кафе-ресторандарды анадайдан айналып жүретін болдық.

Республиканың маңдайына біткен жалғыз университет революционер С. М. Кировтың атымен аталады. Оқу негізінен орыс тілінде. Қазақ группалары бар, бірақ қазақ тіліндегі кітап тапшы. Әсіресе тарих факультетінің қазақ бөліміне түскен ауыл балаларына қиын. Бағдарлама социалистік идеяға икемделген, лекция да көп. Студенттер оқулық жетпегендіктен кезекпен күні-түні оқиды. Түсінбеген сөздерін бір-бірінен сұрап алек.

Бірде көппен жәй өзара күңкілмен шектелетін көкейлеріміздегі көп мәселелердің біразы факультеттің жалпы комсомол жиналысында үлкен жарыс сөзге тиек болды. Даудың басы Дайрабайдың қасқа сиыры демекші, сөз қазақ группаларында оқитын студенттердің үлгерімінің нашарлығынан басталды.

Осыған дейін деканатқа мұғалімдер студенттерге шағым жасаса, енді жиын үстінде студенттер қазақ тілінде дұрыс лекция оқылмайтынын, ең бастысы оқулықтардың жоқтығын баса айтты. Сөйлеген студенттердің барлығы дерлік лекцияларға қанағаттанбайтындарын, университетте көп дүниенің жасанды екенін, партия қызметкерлері, басшылардың балаларының өрескел қылықтарына ешкім ештеңе демейтінін, көрер көздегі әділетсіздіктерге ашына тоқтады. Жиын піскен сүттей тасып, күн тәртібі мәселерінен әрі кетті.

Жиналысқа қатысып отырған декан, кафедра меңгерушілері, кураторлар айналасына жалтақтай қарап, шошыын деді. Күтпеген жағдай. Жұрт таң қалды. Үндемей, тәртіп сақтап жүрген студенттердің өздері өз ойларын ортаға салып белсенділік танытты. Ұстаздардың біразы шәкірттерінің ұсыныстарын іштей қолдап отырғаны сезілді.

Тарих факультетінде тарихи қиянатқа қарсы кезінде Бекмаханов, Сүлейменов сияқты ғалымдар салып кеткен «шындық күрес» мектебі бар еді. Профессорлар Бекмаханов пен Сүлейменовтер 1949 жылы Сталин шешімі негізінде Қазақстанда Ұлт-азаттық көтерілістерді, Ке-

несары Қасымов туралы жазғандары үшін 20 жылдан сотталған болатын.

Ақыры декан айтылған мәселелерге жақын арада анықтығына жетіп жауап беретінін, ректорат алдында ұлттық тілде кітаптың аздығын жеткізетініне сөз берді. Шындықтың шегіне жетпекші болған студенттер, бастан қан шықты тоқтаудың не керегі бар дегендей жиынды жапқанның орнына деканның жауабын күтпекші болып кейінге қалдырды. Бұл жалғыз тарих факультетін емес, университетті дүр сілкіндірген оқиға болды.

Кім не деді, қалай болды, жиналыс туралы сөз сол күні жатақханаларда шәй үстінде әр бөлмеде таң атқанша қызу талқыланып жалғасын тапты. «Жас Тұлпарлықтардың» идеясынан қаныққан жастар рухани серпіліс үстінде болды. Студенттер жиналыс екі-үш күн ішінде қайта жалғасып жағдайымыз жөнделеді. Университет басшыларына жеткен соң қойылған мәселелер шешіледі, әсіресе, ұлттық тілде оқулықтар көбейеді деп дәмеленді...

Тарихшы-студенттердің еңселері биіктеп, көтеріліп қалды. Жастардың сымсыз телефондары ерекше жаңалықты Алматы қаласындағы оқу-орындарындағы студенттерге сол күні-ақ жеткізді. Жиналыста көтерілген мәселерді барлық жатақханалардағы студенттердің қолдайтыны тез арада жаңалықтың шыққан жеріне жаңғырып келіп жатты. Кейбір қызбалау жастар жағы керек болса көшеге ереуілге де шығуға дайын екенін білдіріп сәлем айтыпты. Ана тілінің орны, ұлттың болашағы туралы жатақханадағы таң атқанға дейінгі пікір алысулар көбейді. Сандықтың аузы ашылды. Іштегі запыранға айналған арман-қиялдар мен кіммін, қазақ басқадан несімен кем деген ойлар сыртқа шықты. Алаш зиялылары, халық батырлары еске алынды. Ашық айтылмаса да ел болу үшін Тәуелсіз болу керек деген ой көкейден мәңгілікке орын ала бастады. Жатқаннан кейін де студент-тарихшылар ұйықтай алмай, қиялдарына келген елестерден жүректері алып-ұшып, кірпік қақпай лекцияларына барып жүрді.

Екі-үш күннен кейін факультетте өзгеше бір жағдайлар орын ала бастады.

Жиналыста сөйлеген студенттер бір жаққа кезек-кезек кетіп қалып жатақханаға түрлері күлдей бозарып, бастырылып кешігіп келетін болды. Өздерінің мінездері өзгеріп, көп сөйлемеуге айналды. Әлде бір тұйықтық пайда болып, дұрыс байқаған адамға олардың жүріс-тұрыстарында осындайда болады екен-ау деген үрей аралас дәрменсіздік көрінді... Саудыраған ақ көңіл мінезді ауылдан кеше келген студенттердің бірден ұнжырғасы түсе қалды.

Көздерінен айтылмаған, жауабы табылмаған көп жұмбақты сезесің. Факультет қабырғасында да, жатақханада да көрінбегенімен, әлде бір белгісіз қорқыныш елесі кезе бастады.

Жас тарихшы студенттердің жабырқаған көңілдерін жазылмас мұң басты. Жастардың сынған көңілін аулап, қиыншылықтан шығар жол сілтейтін ешкім табылмады. Бақытты болашақтың бояуымен әшекейленген социалистік томырық мінез топастықтың машинасы қызыл қыршын жас ұланның, 1 курс студенттерінің сана сезімін уландыруға кірісті.

Қызығына қанып болмас студенттік жан рахатының ауылы алыстады. Мұғалімдердің жиналыстағы сөздері жайшылықтағыдай шымыр шықпай, әйтеуір сөйлеудің мыжымасына айналды. Біз көгендегі қозыдай жіпсіз байланып отырамыз. Сөздің бір түйірін түсірмей ұғып алатын құйма құлақ студенттердің жоқ. Көзіңді алмай тесірейе қараған боласың, көретінің ол емес. Дем шығармай тыңдаған боласың, ойың басқа жақта. Біз сарысағыз боп кеткен қайынның безіндей қатайдық. Тас бауыр, күніміздің, құлқынымыздың құлына айналдық. Пәк сезімді жан-дүниелері ластанған жастар біртіндеп еті өліп екі жүзділікке, жалғандыққа бейімделе бастады...

Жиналыстан, куратор сағаттарындағы жалған ақыл айттып, жаны ащығансыған мүшіркегендіктен жалықтық... Келешектен үміт, сәуле, шара күту күмәнді іске айналды. Айттылған өтірікті амалсыз тыңдап, еріксіз ыржиямыз.

Отанды сүю, Компартияның рөлі туралы күн тәртібіне қойып өткізілетін класс сағаттары көбейді. Сөйлеушілердің аузына дайын, жаттанды сөздер салынуы әдетке айналды...

Көңіл-күлкі су сепкендей басылып, тәртіп сабырлықтың сыртында сенімсіздік, бықсықтық елес алды. Әркім үрейін жасырғанымен, қара басын қорғалауы іштеріндегі пендешілікті көбейтті. Үлкендерден, әке-шешелерінен келе жатқан көмбістік, ездік көпшілік студенттердің бойларын биледі. Қызыл қырғынды, жеке басқа табынудың сорақылығын, сұрапыл аштық пен соғысты көріп, ой-саналары үреймен уланған ата-аналарының қорқынышы балаларының бойында оянды...

Ұйқысыз таң атқанша сөйлесіп, даурығып пікір таласулар бітті. Ешкім ештеңе демесе де, әлде бір суықтық, белгісіз үрей төңіректі торлауын көбейтті. Табиғатта еш өзгеріс болмаса да, студенттер қапаланып өздіктерінен бастырыла берді.

Уақыт өтіп жатты. Жиналыста қабылданған өтініштерге университет басшылары жауап қайтарған жоқ. Факультеттегі комсомол жиналысының жалғасы шақырылмады. Жиналыстардың бәрі тоқтатылды. Көпшілік жәй күңкілдегендері болмаса, ашып-жарып ештеңе демеуге айналды. Жігерлі студенттердің сағы сынып, тура жауаптан сөз тайғақтаулары көбейді. Ренжістер іріп-шіріп іште қалып жаты...

Бәрі түсінікті болды. Студенттердің өтінішінен университет басшылары саяси астар тауып қажетті жеріне хабарлап, мүмкін көз-құлақтары көп мекеме өзі де білуі мүмкін, әйтеуір «сыпайы репрессия» басталды. Түрлі себеппен жиналыста белсенділік көрсеткен студенттер жатақханадан шығарылды. Кураторлар өз алдына, мұғалімдер кезектесіп жатақхана бөлмелерін аралайтынды шығарды. Туған күн, не қонақ шақыру тек жатақхана коммендантының рұқсатымен ғана өтетін болды. Осы оқиғадан кейін СССР-де бірінші болып тарих факультетінің негізінде ОКД (оперативная комсомольская дружина) құ-

рылды. Милиция мен КГБ-мен тікелей байланысты бұл ұйым университет басшыларынан ерекше қамқорлық тауып, оған есерсоқтаулар алынды. Олар жатақханамен, стипендиямен қамтамасыз етілді. ОКД мүшелері шаш алдесе бас алып, жатақханадағы студенттердің аяқтарын қия бастырмады. Кімнің не істегенінің бәрін деканат солардан біліп отырды. Кейін факультет үлгісіндегі ОКД университетте құрылып, олардың биліктері бүкіл Фрунзе ауданындағы студент-жастар жатақханаларына жүрді. Университет ОКД мүшелері 1973 жылы пасха кезінде Никольск шіркеуіне кісі жібермеудегі өрескелдіктерімен аты шықты. Сол ерекше қырағылықтары үшін Фрунзе аудандық партия комитетінен алғыс алып, ректораттың құрметіне ие болды.

Комсомол жиналысы өткеніне бір айдың шамасында тарих факультетіндегі өмір сырт қарағанда өз орнына келген сияқтанды. Университетте түрлі конкурстар, әдеби кештер, белгілі артистермен кездесулер көбейді. Тіпті факультет қабырғасында Анжела Девис АҚШ компартиясы ОК мүшесі, СССР-дің Азия және Африка елдеріне ағалық қамқорлығы деген тақырыптарға диспут-кештер өткізілді. Барлық жерде орынды да, орынсыз Қазақ республикасының халықтар достығы лабораториясы екені айтылып отырылды. Ал сен диспутқа қатысуға міндеттісің...

Өткендегі айғай-шу ұмытылғандай болды. Сөйтсе де, қозғалған тастың астына су бармай тұра ма. Бірен-саран студенттердің жатақхана фойесінде, көшеде, сыраханаларда қоғамдағы саяси ахуал, кемшіліктер, болашақтың қандай болуы керектігі жөніндегі құпия әңгімелері көбейді. Пікірлестер оңашалана бастады. Бұл кездесулерде жүрек түкпірінен шыққан болашаққа деген шынайы сезіммен бірге, нақтылы ұсыныстар айтылды. Қазақ тілінің тағдырынан басталған мәселелер КСРО-ның мәні және оның орнына ұласты. Бірігіп Лениннің ұлттық саясат жөніндегі еңбектерін қайта-қайта оқып, пікір алысты. Бәрі бір ауыздан өкімет ұлттық саясатты дұрыс жүргізбеуде және ұлт мәселесін шешу үшін

республика тәуелсіз мемлекет болуы керек деген шешімге келе бастады.

Қазақ тілінде кітаптардың жоқтығын сол тілді білмейтін қазақ жастары көбірек айтты. Мен қалада асфальт үстінде өскен балалардың ұлт жандығына таң қалдым. Керісінше ауыл балалары ана тілінде кітаптың жоқтығынан қиналып жүрсе де, көмбіскіленіп жұмған ауыздарын ашпады. Отырса опақ, тұрса сопақтың кейпін киді.

Не керек, қиялы мен арманы аралас болашақтың белесі сиқырдай шақырып, саналы жүректі тарихшы-студенттерді тынымсыз талпындырды.

Біртіндеп Виноградов көшесінің 88-ші үйіндегі тарихшылар жатаханасы саяси айдын аренасына айналды. Уақыт толқыны саясаттың айдыны бетіне өз ортамыздан жаңа тұлғаларды алып шықты. Ұлтжанды азаматтар көзге түсіп, көпшіліктен қолдау тапты.

Бізден үш-төрт жас үлкендеу, өмірдің ащы-тұщысынан хабары бар Салық саяси додаларды ұйымдастырып, бәрімізді ұршықтай иіріп әкетті. Сөзімізден, мақсаттарымыздан ортақ үндестіктер таптық. Археолог болып қазақ тарихын әлемге таратуды армандаған қауға сақал Салық көшбасшымызға айналды. Ол өзгемізден гөрі еті тірі, туралықты айтуға тайсалмайтын. Намысқой, қабағын да түйе білетін, жүрегі жарыла күле де білетін. Бір сөзді, уағдашыл, істеймін деген нәрсесін алдында таудай бөгет тұрса да елемей істейтін. Тек жалғыз кемшілігі қазақша түсінгенімен сөйлей алмаушы еді.

Ал тәуелсіздікке жетудің жолына келгенде тарих факультетінің 20 шақты студенті әркім өз ұсынысын жақтап ырду-дырду басталды. Біреулері үгіт-насихат арқылы халықты ереуілге көтеру керек десе, біразы шет елдермен байланысты баса айтты. Қызбалар жағы террорлық іс-әрекеттерді де ұсынды. Не керек Салық бастаған 10 студент ішінде өзім бар, үгіт-насихат арқылы мақсатқа жетпекші болып 1972 жылдың қазанында жасырын «Сарыарқа» ұйымын құрдық. Ой жосығы өрістес бір курстағы жолдастарды арман оты жақындата берді.

Тәуелсіз Қазақстан болашағын бар сезіммен аңсап, аңсап қана қоймай сол өмірге бар көңіл қиялымызбен араласып та кетеміз. Батыс елдеріндегідей дамыған, көркейген Қазақстанды көргендей боламыз. Көңіл шалқып, көкірегімізді күш кернеп еңсеміз биіктей береді.

Қайғы - зарын көз жасымен жуатын заманның қарасы үзілгені қашан деп Ұлы іске үлкен сеніммен құмарта, қызыға кірістік. Алды-артымызды ойламайтын жастық албырттығымыз да жоқ емес.

Ұйымның екі бөлімнен тұратын бағдарламасында түпкілікті мақсат тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру, ана тілге, ұлттық мәдениет, әдеп-ғұрыпқа ерекше мән беру, Біріккен Ұлттар Ассамблеясына мүше болу, дүние жүзіндегі қазақтарды өз тарихи отанына қайтару және тағы да басқа мәселелер ерекше айтылды...

Жасырын ұйымның Сарыарқа делінуіне Ұлы Дала тарихымен, Алаш Орда өкіметін құрған алаш зиялыларының еңбектерімен таныстық негіз болды. Сарыарқа қазақ елінің батысымен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін байланыстырушы бел омыртқа, арқасы ғана емес, ұлт болашағының қайнар көзі, алтын дінгегі деп есептелінді.

Ұйымдастыру қабілетіміздің аздығы былай, саяси біліміміздің жоқтығы да көзімізге оғаш көрінді. Біз енді бостандықтың қайнар көзі Алаш зиялыларының еңбектерін іздеп жүріп оқыдық. Тек сол жылдардағы газет-журналдардың төтенше жазу қаріпі қиындық туғызды. Араб қаріпін үйрену үшін қазақ көне дәуірі тарихынан дәріс беретін Мұсатай ағаны жағалаймыз. Төтенше жазуды үйретіңіз дейміз. «Оны не қыласыңдар» деп өзі кішкентай сары адам қисая бұлданады. Біз бірауыздан сіздің «Алтын сақа» пьесаңызды түпнұсқадан оқиық деп едік дейміз. Шал риза болып маңғазданып үйіне шақырып араб қаріптерінің асты үсті нүкте-сызықшаларын үйретеді.

Біз Пушкин кітапханасының қызметшілеріне аш кенедей жалына жабысып 20-шы жылдардағы газеттерді ақтарамыз. Жолымыз болғандарымыз кітапхананың жерастындағы ескі

газет-журналдар жинақталған қоймасына енеміз. Сол жерде отырып шаң басып сарғайған, беттерінің жыртылғаны бар түптеулі газеттер жинақтарын ақтарамыз. Газеттің қара бояуы қолға жабысады, көміскіленген шаң иісі қолқанды толтырады. Есесіне жаның жадырап тарихпен қауышып, шындықтың пердесін ашасың.

Кейде газет беттерінен басы бірікпеген қазақ зиялысының бай-кедей болып бөлініп алауызданғанын көріп жаның түршігеді. Ызы-қиқы өмірде кім не көрмейді. Көреді. Бірақ бәрінің бір тоқтамы бар ғой. Бірлігі жоқ ұяның ала қарға жауы бар, ат төбеліндей аз топ зиялы қауымның неге бастары бірікпеді деп налысың. Бәрінен түңілесін. Қазіргі классик саналатын кейбір ақын-жазушылардың шығармаларын оқығың келмей кетеді...

Сарыарқалықтар күнде кешкісін жиналып бағдарлама негізінде жұмыс жоспарын жасаймыз. Қиялымызбен болашаққа шарқ ұрамыз. Бәрі түсінікті, жұрттың бізді қолдайтынына сенімдіміз. Кімнің Тәуелсіз ел болып ана тілін, мәдениетін, әдет-ғұрып, ұлтының асыл қасиеттерін дамытқысы келмейді. Келеді. Міндетті түрде Тәуелсіз дамыған қазақ мемлекетін құруымыз керек. Құрамыз. Көңіліміз көтеріңкі, желікпелік те жоқ емес. Жора-жолдас көбейді, жерлестер де ұмыттырмайды.

Бірде ұзын бойлы, сыйдидандау көзілдірікті жоғарғы курс студенті келіп өзін факультет комсомол бюросының хатшысымын деп таныстырды. Аты-жөнімді дұрыстап сұрап, қоғам жұмысы жөнінде әңгіме қозғады. Деканаттағы іс-қағаздарымен танысқан ғой дедім, Ерейментау аудандық комсомол комитетінде неше жыл мүше болғанымды, қандай бағытпен айналысқанымды білді. Ақыры мені комсомол комитетіне мүше болуға көндірді. Қаланың әдепті интеллигент баласы орысша сөйлесе де қарапайымдылығымен баурап алды. Ойламаған жерден комсомол белсендісіне айналдым.

Күндіз жастарды патриоттық тәрбиеге баулу мәселесін қарайтын комсомол бюро мәжілісіне қатысамын, кешкісін

сарыарқалықтар жиналып Тәуелсіздіктің үгіт-насихаты жөнінде сөз қозғаймыз. Мен өстіп бір ұртым май, бір ұртым қан болып егізденіп университет қабырғасында жүріп жаттым...

Сарыарқа жасырын ұйым мүшелері жұмыстарын студент-жастар арасындағы үгіт-насихаттан бастады. Мақсат - жастарға тәуелсіз мемлекет болудың қажеттілігін түсіндіру. Бағдарлама негізінде үгіт-насихат жүргізуге кірістік. Бірақ студенттердің жәй тыңдағандары болмаса көпшілігі адырая қарап, мыналар не былжырап тұр деп бұрылып кетеді. Төменгі курс студенттері оқудан шығып қалам ба деп қорықса, жоғарғы курстағылар бізге ақыл айтатындай қайдан шыққан оқымыстысыңдар, мұрындарың жалпынып, ауыздарың қисаймай тұрғанда зытыңдар деп қыр көрсетеді. Сәтсіздіктер күннен күнге көбейе берді. Сарыарқалықтардың үміттерін студенттер ақтамады. Ауылын, елін жақсы көрсе де, ұйымға мүше болып тәуелсіздік үшін күрескілері келмеді...

Енді ұйым мүшелері қоғамдық құрылысты өзгертуден ештеңе жоғалтпайтын, ең революцияшыл тап жұмысшылар, сондықтан үгіт-насихатты солардың арасында өткізу керек деп тактикамызды өзгерттік. Әуелі Алматы қаласындағы АЗТМ, Киров, электро-прибор және басқа да ірі заводтардың жұмыс тәртібін біліп, таныс адамдар ізделінді. Заводтардың жекелеген цехтары қару-жараққа керекті жабдықтар жасайтындықтан, үгітшілеріміз тәртіптің қатандығына кезікті. Тіпті Қазақстан мұхит жағалауында тұрмаса да, қаланың қақ ортасындағы Киров заводы атом сүңгуір қайықтарына торпеда жасайтын болып шықты. Жұмысшылардың пәтерлері бар және мұндай заводтарда жергілікті ұлт өкілдерін қызметке алу шектелген екен. Совет өкіметі, мемлекет құрылысының асты-үстін, сыр-қырын жілік майына дейін қалай шағылатынын алдын ала ескеріпті. Завод аулаларына кіре алмаған сарыарқалықтар жұмысшы жатақханаларын айналдырды.

Тәуелсіздік идеясы азшылық арасында да, ұлттық жұмысшы табынанда қолдау таппады. Кедергілер көбейді.

Кейбір жатақханаларда милиция шақырылса, енді бір жерлерде насихатшыларды желкелеп жіберді. Вагон жөндеу зауытында ашықтан-ашық сөйлескен Жатқанбай таяқ жеп, денесіне өткен тепкіден басын көтере алмай бір жұма төсек тартып жатты. Сонда да кейін ол: «Өмір күрес. Дүниеге келген соң, өмірден жарақат аларың сөзсіз. Өмір сүргісі, алдына қойған мақсатына абыроймен жеткісі келген адам жарақатына қарамай күресуі керек. Адам қай заманда тууын таңдай алмайды, бірақ ол сол кезеңде өкінішсіз, сапалы, саналы, артындағыларға үлгі боларлықтай өмір сүруге міндетті зой» - деп мойымай, үгіт-насихатын жалғастыра берді.

Бізді бір қолдаса, үйсіз-күйсіз жүргендер қолдар деп пәтер жалдауға үй іздеуші жас жанұялар, студент-жастардың жиналатын жері Карл Маркс пен Пастер көшелерінің қиылысқан жеріне беттедік. Бұл жерді жұрт басқаша “жетімдер бұрышы” дейді. Алматы қаласындағы ең қиын мәселе баспана болды. Жұмысқа орналасу үшін прописка-тіркеу керек. Ал тіркеу-пропискаға үйің болмаса тұра алмайсың. Мемлекеттен үй алу-қияметтің қиыны. Он бес, жиырма жылда кезегі жетіп үй алғандар өздерін бақытты санайды. Кейбіреулер өмір бойы кезекте тұрып үй ала алмай қаңғырып жүріп өледі.

Алматыда студенттерге жатақхана жетпейді, деканатта не стипендия аласың, не жатақханада тұрасың деп кесіп айтады. Жолдамамен жұмысқа қалған жас мамандардың да көретін күні осы... Әсіресе, күздің ызғарлы былығы мен қыстың аязында бүрсеңдеп кешке дейін сүмірейіп пәтер іздеген жастардың еңсесі түседі-ақ. Жеке пәтер өз алдына, подвал, сарай, кей үйлердің шатыры бәрі-бәрі ауылдан Алматыға келген жастарға толы. Бір бөлмеге 5-6-ға дейін студент қыстырылысады. Жертөлелер дымқыл, төсек орын былжырап, сыздың иісі киім-кешекке сіңіп, денең жылымай жаурайсың да жүресің. Жастардың көбі ангинамен күн ара ауырып, 39-40 градус дене қызуымен лекцияға, жұмысқа барып жүреді.

Баспанасы болмаса да, Алматысын қимай төсек орнын арқалап көшіп жүрген қазақ жастарына ешкім таңданбайды да. 70-жылдары аз күн болсын Алматының шет-шетіндегі тауық қораларда тұрмаған студент кемде-кем шығар...

Сарыарқалықтардың үгіті бұл жетімдер бұрышында мүлде орынсыз көрінді. Ашынып, қиялиланған біреуі әй-дүй жоқ боқтап салды. Есі дұрыстауы жөндеріңмен жүріндерші, кешке бала-шағамның қайда жатары белгісіз, барар жер, кірер тесігім жоқ, қайыршылап кетуге дайын тұрғанда жанды кинамандаршы деді. Бәрінің ұнжырғасы түскен, бейшаралық күй басып кеткен. Үгіт-насихат бітті ...

Жігіттермен салыстырғанда, «Сарыарқа» ұйымы қыздарының жетістіктері молырақ болды. Олардың сурет көрмелері, концерттерде, театрларда творчестволық зиялы қауыммен жұмыс істеуі ауқымды нәтиже берді. «Ерен ерлер ісі бірлестігі», «Жас тұлпар» тағы басқа бірлестіктер жөнінде мағлұматтар алынды. Тікелей іс-әрекеттерге барғылары келмегендерімен қолдап, өз ойларын ашық айтқан зиялы қауымға жастар ризашылық білдірді. Театрларда ұйымның атынан “Қазақ халқына” үндеу таратыла бастады, әрине үндеу орыс тілінде болатын, нәтижесі де белгісіз ...

Сарыарқа ұйымы көп ұлтты құрам алды. Татар қызы Талима, бурят қызы Вера сияқты тарих факультетінің студенттері белсенділік танытты. Бірақ, қалай дегенде де үгіт-насихат жұмысы ойдағыдай нәтиже бермеді. Бұқара халық совет өкіметіне қарсы шыққысы келмеді. Дәл осы кезде 7 ноябрь Октябрь революциясы мерекесіне дайындық басталып, жұмыс бәсеңдеді.

Факультет деканы студенттер түгелдей демонстрацияға бір адамдай қатыссын деген бұйрық шығарды. Ол бұйрықты орындамаған студенттер университеттен қуылады деп кураторлар бұйрықты өздерінше нақтылады. Мерекеден сап түзеп өтуге дайындық қауырт басталды. 1-2 курс студенттері жаппай сабақтан босатылып әскери, дене шынықтыру кафедраларының мұғалімдерінің, кураторлар-

дың қадағалауларымен сап түзеп жүруді үйренуге кірісті. Бес-алты күнгі “айт - два” жер тепкілеуінен кейін КПСС саяси бюросы мүшелерінің портреттерін, мадақтау ұрандарын көтеріп шынықтық. Бас хатшының портреті алдында, қалған мүшелер бір қатар, соңында мүшелікке кандидаттардың суреті. Партия басшыларының портреттерінің былғанып, кірлеп қалмауы ерекше қадағаланды. Саяси бюро мүшелерінің портреттерін оқуды жақсы оқитын, тәртіпті студенттерге бекітті. Сенім артылды. Маған мүшелікке кандидаттың портретін ұстау жүктелді. Портретті аяқ асты қылып жерге қоюға, қалай болса солай ұстауға болмайды. Жұрт көретіндей биік, оңға солға қисайтпай тек алға қарату қажет. Оған қоса «жасасын компартия» деп бар дауысыңмен құлақ жарардай күшене ышқынып айғайлау керек...

Алматыда ерегескендей қар жауып-еріп, көшенің миы шығып былжырады. Ылғалды ауа денені қалтыратады. Қыстық киімдерін әкеліп үлгермеген ауылдың балалары аяқтарынан су өтіп күркілдеп жөтелгендері былай, дене қызуларымен жатып та қалды. Мұғалімдер жатақханадан шықпай, студенттерді дене қызуларына қарамай, аяқтарына тұрса болды сапқа қуумен болды. Студенттер амалсыздан айдауға көніп, оқудан шықпастың күні үшін сүйретіліп, Шевченко көшесі бойындағы КазГУ-дің стадионына беттеді ...

Жеміс-жидекті жылы күз, тұманды, дымқыл ауалы дене тітіркендірген бұлдыр күндерге біржолата ұласты. Кеш түскен жапырақтар тротуарларға жабысып, арықтар қарлы суға толды. Тек еш өзгеріссіз Космонавтар мен Шевченко көшелерімен бір сарынмен ерсілі-қарсылы жүрген трамвайлар ғана. Кейде кешігіп, ойламаған жерден кешкі тыныштықты тарсылымен бұзып, селк еткізеді.

Космонавтар көшесі бойындағы жатақханада тұратын студенттердің күнделікті өмірі тарсылдап келіп, сықырлап тоқтаған трамвай, саңқылдаған кондуктор дауысымен таңдарын атырып, кешкісін Целинный кинотеатрына баруымен өтіп жатты. Жатақхананың араның ұясындай

сапырылысқан уілі, түнгі 12-ден кейінгі бірінің есіктерін бірлері қағып, нан мен шәй сұраған дауыстар, фойе-фойенің қуыс-қуысына оңашаланып аймаласқан ғашықтардың күнделікті қылықтары сессиядан-сессияға дейін бір қалыпты еш өзгеріссіз жалғаса берді.

Виноградов көшесіндегі 88-ші үйде орналасқан үш қабатты ескі № 1 жатақханада әр түрлі факультет студенттері тұрды. Бірінші қабатта дайындық факультеті тыңдаушылары О-діктер жатады. Олар кешкі 10 нан кейін бала-бақшадағыдай ұйықтамаса да бөлмелерінен шықпайды. Себебі әлі студент емес, мектеп бағдарламасын қайта оқып бастары қатуда. Екінші қабат жағрафия факультетінікі, олар өздерімен өздері, іштері пыскандары 1-ші қабаттағы тыңдаушыларды тәрбиелеумен айналысады.

Ең шуы көп, әңгімелері көл-көсір, таң атқанша сабылатын үшінші қабат. Бұнда тарих және философия-экономика факультеттерінің студенттері тұрады. Әңгімелерінің тақырыбы жатақхана асханасының котлетінің күйе беру себебінен космостағы қара тесіктің көлемін азайту үшін не керектігін камтиды. Жаяуы жоқ, ұлы-қызы бірдей, шешен, ә десең мә дейді, ал бір-екі шөлмек Токай виносын ішіп алса тіпті бой бермейді, бәрі білгіш, бәрі данышпан...

Алматының кинотеатрлары да негізінен институт институттарға бөлінген. Целинныйға - КазГУ, дәрігерлік, шетел институттары студенттері; Октябiрге - КазПИ, Сарыарқаға – халықшаруашылық; Арман мен Қазақстан кинотеатрына - ЖенПИ мен АЗВИ барады. Политех пен физкультурныйдың жігіттері қай кинотеатрға қыздар көп барса топ-тобымен бірінің артына бірі ілісіп, сонда шұбатылады. Алматы қаласындағы кинотеатрлардың екеуінің құрылысы мен өрнегінде өзіндік ұлттық ерекшеліктері болды. Олардың бірі ескі ағаштан салынған жастар театрының кинозалы да, екіншісі Целинный. Алматы қонақ үйі қасындағы жастар театры кинозалына барғанда үлкен киіз үйдің ішіне кіргендей бола-сың, шаңырағы биік, уықтары ағаштан жасалып боялған, қару-жарақ асынған батырлардың суреті бар. Аспандаған

шаңырақ, саған қараған батырлар рухтандырып енсеңді көтереді.

Ал Целинный кинотеатрының сырты да, іші де казак эпостарының кейіпкерлерінің бейнелерімен өрнектелген. Рельефті суретті суретші Сидоркин білімділікпен, ерекше бір толқыныс үстіндегі сезіммен салған. Барған сайын қайта-қайта қарай бересің. Кішкентай кезімізден қотандасып отырған шал мен кемпірге пөзерек шамның жарығымен оқитын жыр-қиссаларымыздың көрінісі. Өрнектерге қараған сайын жүрегің лүпілдеп ауыл көз алдыға келеді. Кеудеңді қуаныш керіп, армансыз өткеніңді мақтан тұтасың. Студенттердің көбі осы рельефтерді көру үшін әдейі ерте келіп, құмарлары қанғанша қарайды.

Көркем фильм басталар алдында, 10-15 минут міндетті түрде Компартияның кезекті съезінің шешімін, фитиль журналын көресің. Студент қыз-балаларға, журнал да, кино да емес, шам сөнген соң бірінің бірі қолдарын сипап отырғаны керек...

Жатақхана бөлмелерінен Досмұқасан, Айгүл ансамблдерімен бірге Биттлз, Шокин Блю, Роунд Стоунздардың орындауындағы әндер жарыса шығып, жастықты, махабатты жырлайды. Көңілденесің, сезімнің көк дөнені көз алдыңда көлбеңдей жөнеледі. Жанды әуез тұла бойды түршіктіріп, қат-қабат боп сеңсіп қалған өткен күндеріңнің мұңды да, қуанышты да ерекше сәттерін көз алдыға әкеледі. Жүрегің елжірейді, жылағың келеді. Мәңгілік ғұмырды аңсаған Қорқыт атаға ұқсап кетесің. Дертке шипа, денеге қуат беретін арқаның қоңыр желі ескендей болады.

Ішті шымырлатқан керемет мелодия шалғайдағы сағымдай толқиды. Енді бірде ән ырғағы октавасын өзгерткенде жүректің мұңды нәзік тамыры да аяншақтана тітіркенеді. Жүрегің қақса да, дем алмастан қатып тыңдайсың...

Сыңсыған махабаттың ыстық сағынышындай назды, мұңды әннің сөзіне түсінбесең де музыканы түсінесің. Жаныңа жылы тиіп мүлгітеді, баурайды. Қайтадан әнмен әуендеп қалқи жөнелесің, биіктей бересің. Шексіз де шетсіз ғаламға бет аласың. Барған сайын сағымдай шалқып, балдай

тамылжыған ән аяқталғанда сен де таусылғандай, біткендей боласың. Ештеңенің қажеті жоқтай сезінесің. Бәрі бітеді. Таусыласың, босайсың. Тек жаңа ән басталғанда сен де ән ырғағына ілесіп тіріліп алға жылжисың. Жүрегіңнің соғысы біртіндеп лүпілге ұласып жан дүниені қайтадан рахатқа бөлене бастайды. Баяу толқын бірқалыпты тербетіп әлдилейді, еркелетеді. Амалсыз езу тартып назданасың. Тән рахаты, жан рахатымен кезек алмасып, ляззаттың шырынына малтыта береді, малтыта береді... Досмұқасанның оранжировкасындағы халық әндерінің жаңаша орындалуы көкейге қонымды-ақ. Ұлттық өнердің ерекшелігі жаңа леппен жастарға ой салады, намысын оятып болмысын тербейді.

Октябрь революциясының жеңіс күні де тойланды. Ленин алаңындағы өкімет үйінің алдынан сап түзеп, транспорт көтерген студенттер шұбатылғаны жүгіре басып, дірдектеп тоңып өтті. Барлық жердегідей қолдау шеруі. Өзгерген ештеңе жоқ...

Алматы күзі созылып аумалы-төкпелі болғанымен, бір күнде-ақ көрпесіне орантып қалың қысты әкеле салды. Кешкі ұйқыға күзде жатқан қала, ертесімен оянғанда түні бой жауған қардан жүре алмай қалды.

Тынық күнде жапалақтап жауған қар, көңіліңді шалқақтатып, ерекше сезімге бөлейді. Қар жамылған шыршалар ақ көйлек киген қыздардай қызарандап, еріксіз қызықтырып көз тартады. Биік теректердің басындағы қарлар төменде өтіп бара жатқан қыздарды көрсе борай салады. Қыздар сыңғырлап күледі, сұлуланады, жігіттерге көз қиықтарын төңкереді. Сенің де жүрегің алып ұшады. Еріксіз соңынан ересің, көзіңмен ұзатасың... Қыздардың ұзын кірпіктеріне ілінген ұлпа, дүниені ұмыттырып, кеудеңе от салады. Жатақханалардан шыққан қыз бен жігіттер Никольск базары арқылы “Золото Маккены” фильмін көруге Целинный кинотеатрына ағылады. Қар атысқан, әзіл жарасқан, қол ұстасқан күндер бір-біріне жалғасады кеп...

XX ғасырдың алтысыншы жылдарының соңынан бастап зиялы қауымның ұлт тарихын зерттеген ғылыми еңбек-

тері жарық көре бастады. Әлкей Марғұлан Байғазы-Дәндібай мәдениетінің көне көзін ашса, Кемел Ақышев Алтын Адамды тапты. Илияс Есенберлин, Мұхтар Мағауиннің тарихи тақырыптағы шығармаларына бүкіл түрік әлемінің тарихи-рухани мүддесін қорғаған Олжас Сүлейменовтың «Азия»-сы қосылып қазақты қазақ қылды.

«Азия» шығысымен-ақ қолға түспейтін кітапқа айналды. Түрік халықтарының тарихын Советтер Одағы мемлекеті тұрғындарына жәй айтып қана қойған жоқ, оның тамырының тереңде екенін, сарқылмас көзінің бар екенін дәлелдеп берді. Мен «Азия» кітабының құдіретіне Ленинград қаласындағы зиялы жастар арасындағы пікірталас отырысында әбден көзім жетті.

Сарыарқа ұйым мүшелері тек Алматыда ғана емес, республика бойынша үгіт-насихат жүргізуге міндетті еді. Қазақ студент жастарымен байланыс орнату мақсатында жүргенде таныс жерлестерді сағалап Ленинград қаласына жолым түсті. Әдеттегідей қанжығама Олжас Сүлейменовтың «Азия-сын» байлап жүргенім жақсы болар ма, сурет академиясының ескі жатақханасында Орталық Азиядан келген студенттер кітапты қотандасып оқыды. «Азия» кітабы қолға түсті дегенді естіген студенттер көзді ашып-жұмғанша жинала қалды. Іштерінде кітапты бұрын оқығандар да бар екен.

Әрбір сөйлем емес, әрбір сөзді баптап оқыған өзбек жігіті мағыналы жерге келіп қалғанда тоқтап, өзі ғана ойланбай басқалардың да айтылған сөздің астарына көз жіберткізіп отырды. Шыбын ызыңын естірткен үнсіздік, құлақтың құрышын қандырған мағыналы сөз, шексіз де, шетсіз ой түйсігі қатпар-қатпар көне тарихтың қойнауын қопарып жатты. Кітап таң атқанша оқылды. Қыбыр еткен жан болсашы. Кітап оқылып біткеннен соң да, қимылсыз үнсіздік тағы біразға созылды. Мен өзімнен жастары үлкендеу, ұзын шашты, сақал-мұртты студентердің жүзінен шөліккеп келіп, бұлақтан кәусар су ішкендей қызара бөрткен жан рахатын көрдім. Өзім де суретшілермен бірге

сақайып сала бердім. Олжасты енді түсіндім, мақтаныш сезімі кеудемді керіп, бір аршын биіктеп қалдым. «Азия» кітабы сарыарқалықтардың үгіт-насихат қорынан межелі орнын алды...

Тарих факультетінің студенттерін, әсіресе сарыарқалықтарды тарихи тақырыпқа жазылған шығармалар қатты қызықтырды. Оқыдық. Талдадық. Пікір таластық. Сарыарқалықтар Пушкин кітапханасының көне фондына арнайы рұқсат алудың көзін тауып, жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы газет-журналдардан Алаш азаматтарының мақала-шығармаларымен де таныстық. Олардың қызыл империясының қыспағындағы қуғын-сүргінге қарамай, көне тарихты зерттеу арқылы ұлт санасына шежірені құйып, кімнің кім екенін кейінгі ұрпаққа айтып кеткендеріне таң қалдық, табындық...

Жетпісінші жылдардың бір ерекшелігі халық үлкенді-кішілі болып жаппай көркем әдебиет оқып, өмірдің кейбір сұрақтарына жауапты кітаптан іздеді. Коммунистік идеологияның ықпалында болса да қоғамдағы іс-әрекеттерге көзқарасын өзінше қалыптастыруға тырысты.

«Ұзынқұлақтан» жұрт компартияның орталық комитетінің «Көшпенділер эстетикасы» мен Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я-сын» «ескілікті көксеп дәріптейді» деп шығарған жасырын қаулысын тез-ақ естіді. «Азия» мен танысуға мүмкіншілік болса, Мұрат Әуезовтың басшылығымен шыққан «Көшпенділер эстетикасының» барлық тиражы бірден жойылып оқырманға жетпеді. Бұл мақалалар жинағы көшпенді халықтарда мәдениет те, тарих та жоқ деген Компартия идеологиясына қайшы келді. «Көшпенділер эстетикасы» Алаш ұлтшылдарының кітаптарымен бірге қара тізімге ілікті. Мұрат Әуезовты сарыарқалықтар бұрын «Жас Тұлпар» ұйымының басшысы, ұлт жанашыры, алпысыншы жылдардағы жастар қозғалысының жетекшісі ретінде білсе, енді ғалым-күрескер ретінде таныды. Олжас Сүлейменовпен бірге Мұрат Әуезовте студент жастардың кумиріне айналды.

Осы жылдары қазақ оқырмандарына шыншылдығы, көркемдігімен бірге саналы ойға шоқ салған, ұлттық мүдденің болашағына көз жіберткен Қабдеш Жұмаділовтың «Соңғы көші» шықты. Бұл романда сарыарқалықтардың толғау талғамынан өтіп, жастанып оқитын кітабына айналды. Шет елдердегі қазақтардың өмірі, тұрмысы жөніндегі шыннайы болмыс «Сарыарқа» ұйымы бағдарламасының өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, роман бірден үгіт-насихат құралына айналды. Студенттер кітапты іздеп жүріп, жатақханаларда кезектесіп оқыды.

Автордың кім, қайда тұратынын біліп алған біздер «Соңғы көш» жөнінде ашық пікір алмасудың жөнін қарастырдық. Саясат пен қауіпсіздіктің қыр-сырынан хабардар болып қалған жасырын ұйым мүшелері Қытайдан келген жазушыға үш әріп тарапынан күдік тумауы үшін университеттің доценті Байтұрсын Дәрішовтың беделін пайдаланды. Екі аяғынан жарымжан ұстаз «Мен мүгедекке КГБ не істейді, кездесу ұйымдастырып берейін» - деп іске қызу кірісті. Ұлттың жанашыр азаматтарының бірі Байтұрсын ағай балдағын сүйретіп Жазушылар Одағына талай барып, ешкімнен тайсалмай, қытайдан келген тыңшы деген сөзге құлақ та ілмей, Қабдеш Жұмаділовты тарих факультетінің студенттерімен кездесуге көндірді. Жұмаділов сол жылдары Жазушылар Одағы ғимаратында қызмет істеді. Жас кезіндегі Мұхтар Әуезов тіріліп келгендей кең маңдайлы, бұйра шаш, маңғаз жазушымен өткізген пікір-алыс кездесу ұзаққа созылды. Сарыарқалықтар стипендияларынан жиналған ақшаға алыстағы арып, шашылып жүрген қандастарымыздың мұң-мұқтажын, жүрек сырын, арманын ата қонысқа сәлемдемедей жеткізген талантты жазушының иығына шапан жапты. Тарих факультетінің студенттері университетте бірінші болып Қабдеш Жұмаділовпен кездесу өткізді.

Уақыт зымырап сала берді. Қорқынышы көп алғашқы сессиялар да өтті.

Біздің үгіт-насихатымыз жақтастар таба алмай,

кібіртіктеп жүрмей қойды. Театрларда таратылған үгіт қағаздарынан да еш серпіліс, нәтиже шықпады. Дәл осы кезде жатақханада тұратын қырғыз студенттері ұлтшылдық сарындағы үндеулерімен ұсталған соң конспирация үшін ұйым насихат жұмысын уақытша тоқтатуға шешім қабылдады. Сарыарқа ұйымының жұмысын уақытша тоқтатуға ашық айталмағанымен тағы бір себеп болды. Бұл өзара түсініспеушілігіміздің көбеюі мен ұйым жетекшісінің салбырттығына байланысты еді. Қайсар мінездің қазығындай отан сүйгіш, айтқанынан қайтпайтын басшымыз Салық күрт өзгерді. Бізден қашқақтауы көбейіп, қосылмай саяқсып кетті. Бірде үйленейін деп жүрмін қолым тимейді десе, енді бірде ішімдік ішіп, бойына, ойына жат қылықтар көрсетті. Аң-таңбыз, түкке түсінсек бұйырмасын.

Салықпен бір жатақханада тұрғандықтан ыңғайын тауып дұрыстап сөйлесу маған жүктелді. Әңгіменің реті бола қоймай созыла берді. Өзіндей сүйек пен еттен жаралған адамды пір тұтудың қажеттілігі жоқтығына көзім жетті. Не керек ақыры бет ашылды. Салықтың өзі де іштен танып, тұншығып жүрген болуы керек бірден сөйлеп кетті. - Арман, арман ғой. Өмірдің ащысы да, тұщысы да бар. Қара басымның тыныштығын, қызығын ойлап жүргенім жоқ. Ісіміздің нәтижесінің болмайтынына күн өткен сайын көзім жетуде. Әрине бастаған істі тастау қиын, сендерге қой дей алмаймын... өгіздің үрген тұлыбынан жас бұзау артық. Біздікі бос әуре. Оданда білім алып, үйленіп, артымызға ұрпақ қалдырғанды дұрыс деп шештім. Ауылда кәрі әке-шешем, жалғыз қарындасым бар. Бәрі маған қарап отыр, соларға көмектесу керек.

Көңілдің шері қозғалғанда ғана шындық тілден шығады ғой. Салық ағынан жарылды. Мен оны түсінетінімді, дұрыс ұғатынымды аңғартып басымды изей отырдым. Бірақ ішім қан жылап, жаным құлази берді. Маған қауға сақалын сыйпалай қабағын ауырлап түйілген Салықтың еңсесін пендешіліктің қасіреті басқандай көрінді. Сөздерін нақтылап, дәлелді айтқанымен маған да, оған да бұл пікір

жат еді. Көз нұры бұлдырап, тура қарай алмай амалсыздықтың нышанын білдіргендегі жалпылай жаттанды сөйледі.

- Қазақ аз көбею керек. Көп болсаң көлсің, сенімен насасы. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады. Көтерілістен, революциядан біз ештеңе таппаймыз. Тәуелсіздік біздің маңдайымызға бұйырмаған. Барымызға қанағат қылып, тыныштықты сақтайық. Өзіміз де аман боламыз, ертеңгі күннің еншісіне үлесімізді қосамыз.

- Сонда қалай, тарихтағы қаншама күресіміздің, көтерілісіміздің құрбандары қайда қалады? Жер шарының тоғызыншы территориясын білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап ұрпағына қалдырып кеткен бабалардың аруағы атпай ма бізді.

- Дұрыс айтасың, бірақ айтқаныңның бәрі кешегі, өткен тарих. Қазір заман басқа, уақыт басқа, бізді сондықтан халық қолдамай отыр. Көпшілікте қажеттіліктің зәрулігі тумай ештеңе де істелінбейді. Жәй шығын, қайғы-қасірет кімге керек? 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі дейміз, ал соның пайдасы мен зиянын салыстырып салмақтап көрдің бе?

- Түсінбедім, 16-шы жыл Ресей империясының құлауына себебін тигізді емес пе?

- Дұрыс айтасың, бірақ қандай шығынмен? Пулемет, винтовкамен қаруланған әскерге шоқпармен шаптың, не таптың? Қырылдың. Азайдың. Әке болатын ұлдан, туатын баладан айрылдың. 1915 жылы 6 миллион болған қазақ, өскеннің орнына 1945 жылы 2, 5-ақ миллионы қалды.

- Күрессіз, шығынсыз өмір болуы мүмкін емес қой. Тәуелсіз ел болсақ осының бәрі басқалай болушы еді ғой.

- Әйтеуір айтасың да, гәп басқада. Соғысқа, көтеріліске аяқ-қолы сау, басы бүтін, есі дұрыстар қатысады. Өлсе, оттың ішінде жүрген жақсылар өледі, ал жамандар, мүгедектер үйде, пештің түбінде, бірақ аман қалады. Ертеңінде ит жоқта, шошқа үріп, солар мән айтып сөйлейді, ел билеп көш бастайды. Есесіне әлсіз, ынжық ұрпақ өседі.

Көз көргенді құлақ естиді. Мен Салықтың жүзінен «өлсе

басқа өлсін, мен өлмейін» деген сөзді көрдім. Таңмын. Абыр-жулымын. Басқадан болса бір сәрі Салықтан еститін сөзім бе еді. Тас балқып, темір ерісе де мыңқ етпей, қандайма деген де қиындығыңа мойымай шыдайтын нардай адам болады ғой. Міне Салық сондай жан еді. Не болды? Қандай қасірет өзі таңдаған ұлы жолынан бұрды? Бәрі жұмбақ түсінбедім. Салықтың күрсіністі демінен дәрменсіздік сезілді. Асыл тастай ерді қайыстырған қандай дүлей күштің дауылы...

Бұлт басқан түннің қараңғылығына өкініші көп, аянышты әңгіме қосылып еңсені көтертер емес. Жатақхана тынши мүлгіген, көңіл жабырыңқы.

Әңгімеміз тәмәмдана бергенде Салық бастапқы жүдеген, жабыққан күйіне қайта түсті. Іші жалын болып жатса да, сыртқы сабырдың сары алтынындай болып көрінгісі келді. Күлген болды, күлкісі жәй ырсию, әйтеуір бір ишараттың белгісі.

«Үйлену тойыма шақырам, қаланың қызы, ЖенПИ-де оқиды» деді. Мен ішімнің ашығанын, көңілімнің қалғанын білдірмей жарайды дедім, өздігінен езуім тартылды. Басшымыздың ісіне жаным қиналды. Тән дауасы, тән шипасы табылар, жан дауасы, жан шипасы табылмайды екен. Көз алдымнан Сарыарқа ұйымын құру кезіндегі Салықтың жүріс-тұрысы, жалынды сөздері шұбырып өтті. Ішімде әлде бір күдік қалды. Бұндай шешімге неге тез келді, бұрын қайда қалған. Жаманшылыққа, сатқындыққа жетекшімді қимадым. Амалсыз сарсаң ойға қалдым.

Армандап ден қойған үгіт насихатымызды жарты жолда қалдырдық. Қажызғандығымыз бен бірге істелген ісімізден нәтиже көрмеген соң сағың сынып, дәрменсізденіп бозөкпеленеді екенсін. Жастықтық буына пісіп жүрген күндер жазғытұрғы мамық түсті бұлттай болып, қайта оралмастай жоғала бастады.

Бос уақыт көбейді. Барып жүрген шығыс спорт түрлері секциясы да кенеттен жабылды. Қаратэ, Кунг-фу советтік құрылысқа қауіпті, коммунистік моральға сәйкес емес делініп, спорттың бұл түрімен отан қорғаушылар, КГБ мен милиция

қызметкерлері ғана айналыса алатын болды. Қайда барсаң қорқыныштың көрі - алдыңнан КГБ-ы шығады. Ендігі қалғаны тек жанкүйерлік қана. Сол 70-ші жылдары қазақта болып көрмеген допты хоккей, көгалдағы хоккей, судағы доп, волейбол сияқты спорт түрлерінен қазақстандықтар Европа, дүниежүзі чемпиондары бола бастады. Жолдастарымен милиционерлерді сұбыханым сүймесе де, патриоттық сезімнен “Динамо” командаларының жанкүйерлеріне біржолата айналдым. Енді қолдарымыз босай қалса, Динамо стадионы қайдасың деп сонда турасынан тартамыз. Студенттік өмір өрісімізді кеңейтті.

Бауыржан досыммен семинарға дайындалу арасында Пушкин кітапханасы жабылғанша Батыс Европа және Жапон әдебиеттерін оқуға да әуестендім. Бұған менің көне грек тарихынан «Эсхил трагедияларының» Шекспир мен Толстой және Ғабит Мүсірепов шығармаларына тигізген әсері тақырыбына курс жұмысын жазуым себебін тигізді. Ұлы адамдардың талғамдары да қызық Шекспир де, Толстой да Эсхилге табынса да, Толстой Шекспирдің талантын мойындамаған.

Алғаш рет Акутагава, Кабаватамен таныстым. Джеймс Джойстың “Дублиндіктері”, Ж. Сартрдың, “Тошнотасы”, А. Камюдің “Посторонний” жастанып оқитын кітаптарыма айналды. Әсіресе, Джеймс еңбектерінің қарапайымдылығы, сезімталдығы, жаныма жылы тиіп, ұйытып алатыны таң қалдырды. Герман Гессенің “Дала қасқырын” бір кешке алып оқып, соның әсерімен күй табақтан Пин Флойдтың орындауында “Айдың арғы беті”, “Иса пайғамбар”, музыкасын таң атқанша тыңдап ерекше бір күйге түстім. Көкейімде жүрген Войничтің “Көбелегі” жайына қалды.

Әдеби кітап оқуды әдетке айналдырдым. Мұхтар Әуезов пен Бейімбет Майлиннің повесть, әңгімелерін қайтадан басқа көзқараспен түгелдей оқып шықтым. Әдебиет классиктерінің сөз салымы, сюжет құрастырулары, ой тереңдіктері таң қалдырды. Қазіргі кезеңдегі прозаиктердің ішінен Сәтімжан Санбаевтың «Белая аруанасын» және Оралхан

Бөкеев, Ақселеу Сейдімбектің этнографиялық этюдтерін қызыға оқыдым. Көкейіме дүниелік бейне болып, өзім ұнатқан жазушылардың шығармалары мәңгілікке қалып жатты. Өмірде өзіңнен талантты адамдардың барлығы да бақыттың бір түрі екен-ау!..

Мен ұйықтап жатқан жолдастарымды оятып алмайын деп есікті сықырлатпауға тырысып сыртқа беттедім. Жатақхана-ның ұзын биік коридоры аждаһадай бос. Фойе арқылы үлкен колонналы балконға шықтым. Таң енді атып келеді екен. Көктемге не жетсін. Қолымды аспандата созып есінеген күйі бар тыныс тірлігіммен жұпар ауаны құмарта жұттым. Таза, салқын, дымқыл ауаға тұншығып қала жаздадым.

Алматының созылып ататын таңы, әдеттегі үнсіздігі дүние тіршілігінің мол үнін әкелуде. Тыныштықтың тұңғиығы менің жүрегімді алып ұшырды. Енді бір сәтте бүршік жара бастаған балауса ағаш жапырақтарының май иісі мұрнымды тілімдеп қытықтай бастады. Ауадағы жауын иісі көбейді. Көзге көрінбегенімен тамшылардың жақындағаны сезілді. Көктемгі алғашқы жауын иісі, Ала-тау баурайындағы Алматының таң құпиясы екі өмірдің ортақ есігінің алды сияқтанып кетті...

Университет факультеттері бір-бірлерімен бәсеке. Әр декан оқу процесінен ғана емес, спорт сайысы, көркемөнерпаздардың жарысынан да алда болуға тырысады. Декандардың конкурс алдында абитуриенттердің іс-қағазымен мұқият танысып, спортшы, өнерпаздарға ерекше қамқорлық жасағандарының беті енді ашылды. Атақты спортшылар қалалық, республикалық сайыстарда университет намысын қорғап, сабаққа да қатыспайды. Олардың орнына сессия кезінде сынып пен емтихан бағасын қойғызу үшін спорт кафедрасының мұғалімдері жүгіріп жүреді. Спортқа неге екені белгісіз жаратылыстану факультеттерінің студенттері икемдеу келсе, гуманитарлық факультеттер ән-күйге, өнерге бейім болды. Бәсеке, әсіресе, тарих пен журналистика факультеттерінің арасында жүріп жатты. Университет қабырғасынан асып Алматыға

танымал болған журналистерде “Ләйлім шырақ”, тарихшыларда “Армандастар” ансамблдері бар. ”Ләйлім Шырақ” халық әндерін орындаса, “Армандастар” әр тілде ән салып кейін университет ансамблі болды. Екі ансамбльде қала жастарының сүйікті орындаушыларына айналды. Армандастықтар Қазақстанда бірінші болып, ағылшын тілінде Битлздің әндерін орындады.

Виноградов 88-ші үйдегі №1 жатақхана ғылым қара шаңырағы КазГУ сияқты 1934 жылдан бері талай ұрпақты аяқтандырған баспана. Үлкен алты кереуеттік бөлмеде күні-түні ауыса 15-20-дан кем студент жатпай тұрмайды. Қонақ болып келіп жатып кететін студент жерлестер бәрінде бар. Тор астына тақтай қойылып ортасы қосылған екі кереуетке көлденеңінен жата қалғанда алты адам шалқақтай жатады. Әйтеуір төбесі биік болған соң бөлме іші қоңыр салқын, үшінші қабатқа дейін таласа өскен терек жапырақтары күн көзін көлгейлеп салқындатады. Студентке не, бірер сағат көз іліндірсе болды, жас денелері ширатқан қыл шылбырдай шиыршық атып шыға келеді. Тек мезгілсіз осы жатақханадағы жастардың мазасын ала беретін бір мұғалім болды. Ол жалпы тарих кафедрасындағы Өркендеу дәуірінен дәріс беретін Бақтажар Мекишев. Студенттерді өзі құрған “Жеті муза” қоғамының жұмысына шақырады да жатады. Мақсаты жақсы-ақ. Жастардың өнерден, оның ішінде бейнелеу өнерінен хабары болсын дейді. Бірақ күнде музей, кешке театр, артистермен кездесу өзі уақыт жетпей жүргенде жалықтырып-ақ жібереді. Орта ғасырдағы өрлеу, қайта өрлеу кезеңдеріндегі барлық суретші, мүсіншілердің негізгі еңбектерін білмесең тарихшы емессің. Бақтажардың қатаңдығы сондай Қозы-Көрпеш Баян-Сұлуды оқымайтын студенттер сынып, емтихан үшін “Тристан мен Изольдадан” үзіндіні түнде ойтса да жатқа айтады. Одан қалды “Жеті музаның” жұмысы аздай, мен сендерді сұлу қыздармен таныстырамын деп Жен-ПИ-дің “Қыз Жібек” эстетикалық клубына топырлатып апарып отырғызып қоятынын қайтерсің. “Данаянаның”

жалаңаш толықсып, ыңыранып жатқан суретін көрсетіп тұрып, оның қалай екі қабат болған хикаясын жырлайды, соның суретін салған Тицианды құдіретті деп мақтайды. Ал жастарды уақыт өтпей қинайды... Ұлдар қыздардан ыңғайсызданады, қыздар ұлдардан ұялып отырады...

Қазақ елінің маңдайына біткен жалғыз университет ұстаздары жалты өз білімдері мен көзқарастары, парасаттылықтарыменен басқалардан бір саты болса да биік тұрды. Сарыарқа ұйымы жөнінде білсе де, сол 70-ші жылдардағы тарих факультеті декандары студенттерін шектеспеді, қудаламады. Қайта шамалары келгенше жанашиырлық көрсетті ...

Көркемөнерпаздарының факультет аралық жарысы аяқтала бергенде 1-ші май демонстрациясы да келді. Қайтадан парадқа дайындалу, айт-два, портрет көтеру. Көше толы халық. Сап түзеп ұжым-ұжым болып орталық Ленин алаңына ағылған жұртта сан жоқ. Қызыл алау тулар, ұранмен қапталған машиналар, гүл ұстаған оқушылар, айтқаны өлең айтып, билегені бар айғай-шумен жүріп барады.

Әр жерде биік мұнараларға орнатылған радио қабылдағыштан Компартия ұрандарын тастаған диктор дауысы, компартияны қолдап айғайлаған, өтіп бара жатқан кісілердің дауысы саңқылдап шығады. Саптағы адамдар тоқтап-тоқтап, жүгіріп қайта сап түзейді. Күннің көзі де жарқырап бас көтертпейді. Аяқ астында не жатса да аттап өтесің.

Алаңдағы трибуна қасынан өткенде ұрандаған айғай күшейді. Алаңнан шыға бергенде алдымдағы келе жатқандар легімен бұрылғанда менде бұрылдым. Дәл алдымызда транспоранттармен безендірілген үлкен машина тұр. Машинаның дәл қасында ақ жейделі еркек қарақұсынан қан шыпшып етпетінен жатыр. Асфальт үстіне қан ағуда, бәтеңкесінің бауы шешіліп қалыпты. Тегі бәтеңкесінің бауын байлауға еңкейгенде ұрандармен безендірілген машина шофері көрмей қалып, қаққан болуы керек. Жұрт компартияны мадақтап айғайлаған диктор дауысын қайталап жасасын, жасасын деп өтіп жатыр. Музыка дауысы, той-думан көңіл-күйі

ауада қалықтап тұр. Мен жатқан мәйітке қараған күйі артымнан итермелеген сап лебімен немқұрайлы топтың бірі болып кете бердім. Артыма бұрылып тағы қарадым, жатқан адамды әлде кімге ұқсаттым.

Мерекені пайдаланып сол күні-ақ ауылға тарттым. Екі-үш күн өтіп, лекцияға келгенде джемонстрацияда машина қағып Салықтың өлгенін естідім. Туыстары жерлеуге еліне әкетіп те қалыпты. Төбем шымырлап кетті. Туған–туыстарына көмектесе алмадым-ау деп ойладым. Сумандаған сұм жазмыш... Тек ауырлаған аяғымды сүйрете басып, адамның басы Алланың ғана добы емес, идеологияның да ойыншығы екен-ау деп ойладым...

Күндер, айлар зулап өте берді. Өмір де, уақыт та сессия мен сессияның аралығымен мөлшерленеді. Жазғы сессия қысқы сессиядан қиындау тиді. Сынақ пен емтихан да көп, жұлдыздары жымыңдаған Алматының жылы түндері, жанды жадырататын түрлі сұлулықтар кітап оқытпай көшеге сүйрейді.

Көктемгі қызғалдақтармен жарыса, жартылай жалаңаштана күрт көбейген арулар есті кетіреді. Арасында Никольск базары айналасына орналасқан сыраханалар тағы бар. КазГУ-дың жатаханаларының қасында Космонавтар, Шевченко көшелерінің бойы жастардың шоғырланған аймағы болды. Шетел, медицина, денешынықтыру мен спорт, әріректе, политехникалық, мал дәрігерлік институттарының жатаханалары орналасқан. Сапырылысқан, ығы-жығы студент қауымы. Қай институт асханасының асы дәмді және арзан барлығы соған шұбырады. Никольск базарының айналасында бір емес үш сыраhana бар. Шашлык 22 тиын, сыра 24 тиын. Тек ең қиыны, сыра ішетін кружканың тапшылығы. Пысықтау, жоғарғы курс студенттері сыраhanaға екі-үш литрлік шыны ыдыстарын ала барып, күндерін ағаштардың көлеңкесіндегі көкалдың үстінде өткізеді. Гу-гу әнгіме, бітпейтін қалжың. Жерлестер бірін-бірі осындай жерлерге шақырады. Қиын болса да, емтихан бағаларының бәрі де ойдағыдай шығады. Алда жазғы демалыс.

Жазғы демалысты Торғай облысының Жаңадала ауданында өткізуімізге тура келді. Оған себеп айына 25 сом қосымша стипендия. Күзде университетте механизаторлар курсы ашылып, жазғы демалыста комбайншы болып, көп ақша тапқысы келген студенттер түгелдей соған жазылды. Қиындығы жоқ, жұмасына екі сағат комбайн жөнінде лекция тыңдайсың соған саған қосымша ақша төлейді. Мұндай напаканы құр жібересің бе?! Уақыт өте шықты. Енді емтихан бітісімен штаб ұйымдасып, факультеттерден отрядтар құрылды. Комбайнерлікке теория, сурет бойынша емтихан тапсырылды. Айлық жалақы кемінде 500-700 сом, ал егін шығып, жұмыс жүріп кетсе, одан екі еселенеді деп жатты. Біз екі айға шартқа отырсақ та, тағы бір айға қалсақ екі-үш мың жалақы тауып қалармыз деп есептедік. Ол дегенің бір машинаның жарты құны.

Студенттердің механизаторшылар отрядын республика бойынша Орталық комсомол комитеті басқарды. Бір эшелон Қазақ Мемлекеттік университетінің студенттері көтеріңкі көңілмен, оркестр үнімен, “Компартияның ауылшаруашылық саясаты жасасын”, “Бидайдың бір дақылында қалдырмай жинаймыз” деген ұрандармен Торғай облысына бет алдық. Поезд уақыт кестесінде болмаған соң тоқтатуды көбейтті. Тіпті Балхаш көлінің тұсынан өткенде студенттер жапа тармағай жүгіріп суға да түсті. Тарих-философия факультеттерінің құрама отряды “Титово” совхозына көмекке бекітілді.

Механизаторлық өмір басталды. Комбайн дегенің таудай болады екен, үстіне баспалдақпен шығасың. Емтихан тапсырғанда айтқан жауапқа бір де тетік сәйкес келмеді. Комбайнның бәрі сынық, ондауға бөлшектер жоқ. Студенттер берілген комбайндарын ондау үшін бірінің бөлшектерін бірі алып, әуре-сарапқа түсті. Тұрмыс жағдайы да айтқандарындай болмады. Жұрт ауыз суға тапшы екен. Жергілікті халықтың тұрмысы да күнделікті баршылық. Сиыры өрістен келсе қою шәй, ол келмесе қара су. Жақын арадағы емхана 100 шақырым жерде, жолдың аты бар, заты жоқ ...

Біз жергілікті бірен-саран кісілерді болашақ, тәуелсіздік жөнінде сөзге тартып көріп едік, әлгілер жындының сөзін естігендей адырайып шоши жөнелді. Есесіне жалақы алған күндері бүкіл совхоз тұрғындары бұзауына дейін естерін жия алмай мас болып мөңіреп жүрді. Ал студенттердің тапқан табыстары ішкен тамағынан аспады. Су жақпай іштері ауырып берекелері кетті, жүдеп-жадап ауылдарына қайтты.

Екі-үш ай көрмей Алматыға келгенде біз жұмақты көргендей естерімізден таза адастық. Ерекше сезім, шалқыған көңіл жаныңды жадыратып бойыңды сергітіп жібереді. Әсіресе 5 институт, 3 техникум студенттері жатақханаларының тоғыз торабы, Космонавттар көшесінің бойы араның ұясындай уілдеп жастарға толады. Өздеріміздің сүйікті көліктеріміз трамвайға мінбей, оқу ғимараттарына табиғатты қызықтап жаяу тартамыз. Шынында тау суы арықта сылдырап ағып, теректері күнді көлеңкелеген көшелерімен жаяу жүру қандай ганибет...

Күн қапырықтанғанымен, түнде таудан соққан салқын самал бойды сергітіп, көңіл көтереді. Қыркүйек - Алматының алтын діңгегі. Сарғайып тротуарға түсе бастаған жапырақтар жыл мерзімінің адам өмірі сияқты тоқтаусыз екенін көрсеткендей. Еңселі кең, ерте салынған жатақханаларды қалықтап, Никольск шіркеуінен созылған қоңырау дауысы естіліп қояды.

Әдеттегідей ашық тұрған терезеден естілген көкек дауысынан ерте оянсам да өз ойыммен өзім болып қозғалыссыз көп жаттым. Кейде бәрі дұрыс сияқты. Автобустар, поездар жүріп жатыр, самолеттер мезгілімен ұшуда, жалақы алынады, зейнетақы күнкөріске жеткілікті, оқу бар. Не керек... Бірақ, бірақ...

Бүгін біз Сарыарқалықтар үшін ерекше күн болмақ. Жүргізген үгіт-насихат жұмысы бір жылдан соң өз жемісін бере бастағандай. Өзіміздікіндегі сияқты жасырын студенттік ұйымдар Қарағанды, Шымкент қалаларында да бар екен. Шымкенттен келген «Адыр бөрілері»

жастар ұйымы өкілдерімен кездесулеріміз керек. Алғашқы таныстық кездесу Аққу кафесіне белгіленді. Қасындағы ойма суда аққулар жүзген ашық алаңдағы Аққу кафесі КазГУ-дің бас ғимаратынан онша алыста емес, кездесуге өте ыңғайлы да. Өкімет үйінің алдындағы жазушылар одағы үйімен шектескен кішігірім демалыс паркінің шетінде тұрғандықтан, кафе төңірегінiң шетіндегі ағаштары күтімді, гүл аллеялары мол, 100 жылдық теректердің бауыры қоңыр салқын-жансая.

Кешкісін кафеде кісі көп болатындықтан, кездесу түс мезгіліне белгіленді. Келген үш жігітпен танысып, балмұздақ жей отыра әңгіме бағдарламалар төңірегіне көшті. Ой-армандарымыздың ұқсастықтары бізді қауіпсіздік сақтану жөнін ұмыттырып, талай жылғы сырлас жан-достарша шүйіркелестірді. Тек судағы аққуларды қызықтаған адамдардың шуы сөзді бөле берді. Әңгіме-кездесу жатақханада жалғасын тапты. Түпкілікті мақсат бір - ол Қазақстанның Тәуелсіздігі делінді. Ынтымақтасуға, бірігіп жұмыс істеуге келісілді. Бірақ кездесу жалғаспады, байланыс көп ұзамай түрлі себептен үзілді...

Үшінші курс маған әлде қайда жеңіл тиді. Қолым да бос. Көркем шығарма оқу, консерваторияның Орган залына барып музыка тыңдау әдетке айналды. Бах, Штраус шығармалары көкейге қона бастады. 1975 жылы “Сарыарқа” астыртын саяси ұйымы өз жұмысын біржолата тоқтатты. Зымырап уақыт өтіп, өмір өз арнасымен жүріп жатты.

Бес жыл бес күндей өте шықты. Студенттік өмірдің ең қызықты шақ екеніне көз жетті. Жатақхана мен сияқты студенттердің үйіне, оқу корпусы аудиториялары көзін жұмып табатын жерге айналды. Диплом да қорғалды, енді ғылыми коммунизм пәнінен мемлекеттік емтихан тапсыру ғана қалды. Ғылыми коммунизм - үш қайнар көзден, үш құрамдас бөліктен құралған ғаламдағы бар тіршілікті үлде мен бүлдеге орап мәңгі бақытқа бөлейтін идея. Сенгің-ақ келеді... Былай қарасаң бәрі түсінікті оңай, оңай болса да қиын сабақ. Социалистік идеяны сөзбен жалпылама дәлелдеп мақтасаң,

жақсы баға аласың. Ал күмәндансаң, не дұрыс мақтамай кібірткітесең, күнің қараң. Бірде жәй отырмай табиғат та, адам да жалғасын табады, коммунизмнен кейін не болады деп мұғалімнен сұрағаным бар. Ұстаз да лекциясын тоқтата салып, ойланып қалып «бірденесі болар, біз ол кезге дейін өмір сүрмейміз» - деген. Хрущевтің әне деген коммунизмі де жеткізер емес...

Менің көңілім ерекше көтеріңкі :

Алматының алмасы
Күннің қызыл гүліндей,
Ұсынғанда алмайсың,
Жүрмін сәулем түсінбей.
Кеткенің бе сәулем-ау
Алма жүзің алаулап,
Менің дағы қалды ғой
Жүрегімде ән ойнап ...

Апорттың иісінің, арықтағы сылдырлап ағып жататын судың азайғаны болмаса, табиғат баяғы. Суы бал, бағы гүлдеп көкегі сайраған, жастарды сезім құшағына бөлеген, сағынышы көп жұмақ қала. Арман қала - Алматы...

Казгуград - студенттік қалашығы салынып та болды. Алғашқылардың бірі болып № 6 жатаханаға философтар мен тарихшылар көшті. Үйреншікті Виноградов көшесін кимағанмен көшуге тура келді. Жаңа жатақхана салынып жатқан Университет қалашығының ортасында. Кең алқапты алып жатқан қалашықтың тротуарларына дейін біртіндеп үйреншікті жолымызға айналды. Жатақхана емтихан уақыты болғандықтан тыныш. Секциялы бөлмелердегі әркім өзімен-өзі. Баяғы топырлау, у-шу жоқ. Өркениет, жаңа жатақхана студенттерді басқалай тұруға бейімдеді. Соңғы 5-ші курс апыр-топыр болып тез өтті. Жанды жадыратқан май мемлекеттік емтиханға да дұрыс мойын бұрғызбайды.

Алматының ыстық күндері қанша ұзақ болғанымен

оттың жалынындай тез жанып, айлы қапа түндер ұйқыға жетпей барынша қысқарып алма кезек ауыса береді. Университет қалашығындағы 5-ші курс студенттерінде күнде айт пен той. Бірі емтихан тапсырса, бірі диплом қорғауда, бармай гөр...

Түннің біраз уақыты болды. Қасымдағы бөлмелес курстас досым Оразбай кешкісін ЖенПИ-дің жатақханасына кеткеннен әлі келмепті. Досымның кроватиның үстіндегі қабырғадағы «мои студенческие годы» деген жазуы бар 1-ші курста түскен суретіне қарап «қайдасың, жүріп-жүріп бұзылдың ғой, досым -ау» дедім. Еріксіз езуім тартылды. Суретте жымиғандай болды. Көңіл көтерілді. Әлде бір қуаныш сезімі кеудемді кернеді. Жаныңды түсінетін армандас жан досыңның қасыңда болуын Тәңір жаратқан өзінің ең сүйіктісіне ғана беретін шығар... Біз талапкер кезімізде 4-ші тамызда танысқаннан, міне, бес жыл жұптарымыз жазылған жоқ. Енді жолдаманы да бірге Ақмола облысына алдық.

Дос – жан дос. Қияметтік дос. Жан мәңгілік, яғни достық та мәңгілік. Жалғанда тірі жүргендегі ғана емес, о дүниелік болғанда да жалғасатын достық. Ойланбай гөр. Тілдің ерекшелігі - сөздің құдіреті. Қазақ құдасын құдайға теңейді, жақсылық пен тазалықты кәусәрге, ал достықты жанмен өлшейді. Жанның мәңгілігін ескерсек, адал достық та мәңгі!

Диплом алған группалас қыздар да көңілді. Жігіттерге дипломды әскери жиын-сбордан кейін, офицерлік атақпен бірге бермекші. Кеше группалас қыз-жігіттерімен Алматының сәнді-көрікті жерлерінде суретке түсіп, үлкен естелік фотоальбомын жасадық.

*Гүл бағы дархандықпен көмкерілген,
Келіп ек Қазақстанның әр жерінен.
Ақ Орда, тәрбиелеп табыстырған,
Айналдым білім-жайым Казғуімнен,*

- деп өлең жолдарын жазыстық.

Бәрі қуанышты. Алматыда жұмыс жоқ делініп, студент-

терді жолдамамен негізінен Қазақстанның түп-түпкірлеріне мектептерге, институттарға мұғалім қылып жіберілді.

Арман қуған, қиял қуған студенттік өмірдің соңғы күндері кезіндегі мектеп бітіргендегі сезімдей қайталануда. Бірақ сабырлылық, кейбіреулерінде бақай есеп те жоқ емес. Жүректерінде қобалжу да бар. Тек Алматыны жаңа көргендей айнала қарап, бұрын көңіл бөлмейтін көшенің арығына дейін көз салып тамашалайды. Бәрі де Алматыны қияр емес... Емтихан толығымен бітті, КазГУ-дің барлық әскери кафедрада оқыған жігіттері үш айлық жиын-сборға Қырғызстанның Ош қаласы қасындағы полигонға жіберілетін болды.

Алматы І теміржол вокзалынан кетуге дайындалып сапта тұрғанда екі-үш жігітті түрлері суық бір адамдар жеңіл машинаға мінгізіп алып кетті. Кім, не, қайда әкетті ешкім оған мән бермеді... Бірақ, бір түсініксіз әскери адамдардың қолына уақытша болса да, біржолата түскенде бұл қалай жіберіп қойды, тәртіптің болмағаны ма деп жігіттер ойланып та қалды...

Поезд үш күн жүрді. Жата - жата жігіттердің жанбастары тесілердей болды. Алматыдан алып шыққан тамақ, арақ-шараптарымыз бірінші күні-ақ таусылды. Күн ыстық, вагон іші моншадай, дем алғанда таңдайың кебеді. Ақыры өлдік-талдық дегенде 900 адам тиелген эшелон Ошқа да жетті. Әр факультет рота деп есептелініп, қаланың қасындағы Сүлеймен тауы бөктерінде орналасқан әскери гарнизондағы ашық алаңға тігілген палаткаларға жайғастық. Жігіттер тәртіп бойынша моншаға түсіп, размерге қаратпай, жобасы болса болды, әскери киім алды. Ескі матрац, шұрық-шұрық тесік одеяло, бір уыс бүйірткі жастықшаны алдық деп қолдарымызды да қойдық. Келген бетте, мұрындарымызды шүйіріп жата алмап едік. Таңның атысы, күннің батысы әскери сүркіл басталған соң, бәрі орнына келді. Танауларымыз иіс сезуден қалғаны былай, қисайған жерге қата қалып, отырып құс сияқты көзді ашып ұйықтауға үйрендік.

Студенттік өмірден кейін 40°-ыстыққа бес аспабы асулы, шұлғауы дұрыс оралмаған керзі етікпен жүгіру оңайға түспеді. Кешегі Алматының саябақтарындағы қыдыру да, құрбы қыздармен қоштасу да келмеске кетті. Ішсек тамаққа, жатсақ ұйқыға қанбадық. Ең азабы аяқтарымыздың қажалуы мен шегің шұрқырап аяғыңды зорға сүйретіп жүргенде сапқа тұрып асханаға өлең айтып бару болды. Қиналдық, көндік. Әйтеуір көппен көрген ұлы той, екі айға қоян терісі де шыдайды деген сөз көңілдерімізге демеу. Әскердің азабына да көндіге бергенде кешкі астың алдында: «Сені командир шақырып жатыр» - деп, кезекші курсант жетіп келді. Мен ойымда ештеңе жоқ, әскери тәртіппен штабқа жүгіре жөнелдім. Есілдертім асханаға кешікпеу.

Командир сақалау орта жастан асқан полковник болатын. Былай қарағанда жылы лебізді, артық сөйлемейтін, өз ісіне мығым ақылды кісі көрінген. Осы жолы: «Сіздің бұйрығыңыз бойынша келдім», - деген рапортыма жауап бермей, әуелі: «Сендейлер осындай болады екенсіңдер ғой», - деген кісіше басымнан аяғыма дейін көзімен үнсіз шолып өтті. Сәл үнсіздіктен кейін мына кісілердің сенде сөйлесетін жұмысы бар екен деді. Мен сол жағымдағы стол басында отырған отыздар шамасындағы келбетті, бойшаң екі кісіні көріп, бас изеп амандастым. Олар орындарынан тұрып «рахмет сізге полковник» - деп біреуі маған басын есікке қисайта бізбен жүр дегендей белгі берді. Мен барайын ба дегендей командиріме қарадым. Ол бірден қабағы сәл қатыңқырай қалып, бар-бар деп қолын сілтеп, әлде неге ренжігендей төмен қарады. Мен әлдебір қолайсыздықты іштей сезе сыртқа беттедім. Арқаммен ту сыртынан командирімнің көзін сезіп, желкем шымыр ете қалып, жоғарыдан төмен арқам ду етті. Есік алдында сырты брезент жабық машинаның артқы орындығына мені орталарына ала, әлгі екі дәу отыра бере, машина бірден қозғалды. Не болғанын түсіне қоймаған мен көкейіме күдік пайда болып, ішіме суық кіргендей болдым. Ойыма ештеңе келе қоймаса

да, бұрын көрмеген көктен түскендей бөтен адамдардың бас, көз жоқ дөрекі қылықтары мені құбыжықтардың қолына түскендей дәрменсіздендірді. Амалымның жоқтығынан қайда, неге апара жатырсыңдар деп сұрауға батпадым. Өздігімнен тұншыға бердім. Машинадағы үнсіздік тынысымды тарылта түсті. Көп жүрмей, үлкен аула ішіндегі жалғыз қабат шағын үйдің қасына тоқтадық. Бейтаныс адамдардың бірі алдымнан, екіншісі артымнан жүріп отырып, мені үлкен бөлмеге кіргізді.

Бөлмеде дөңгелек көзілдірікті түсі өзімді әкелген адамдардан суық адам отыр. Әй-дүй жоқ, ол келген екі жігіттің біріне протокол жаз деді. Мен тұрған бойым, тізелерім дірілдеп, қорқайын дедім. Артық сөз жоқ. Әлгі жігіт үлкен денесімен арбаңдап қағаз-қалам алып столдың шетіне жайғаса бастады. Мен басымды түсіңкіреген күйі, жан-жағыма көз салып үлгердім. Бөлме шағын қонақ үйдің фойесіне ұқсайды. Бұрышта телевизор, ескілеу диван, екі кресло, ескі әйнектің шымылдықтары бар, бірақ терезелері жуан темір торлы екен...

Үстел басында отырған адам көзін сұқтана қараған бойы өзін КГБ-ның ерекше істер жөніндегі аға тергеушісі подполковник Сабеновтың деп салмақты, байсалды таныстырды. Мына жігіттердің кім екені енді белгілі болды. Күдікті ой көбейіп, қобалжу басталды. Әлгінде келе жатқанда биязы, мәдениетті көрінген жігіттердің онша көп сөйлемеуінің беті ашылды. КГБ-ға аса икемді, ысқаяқ, жорға тілді, ымырашыл боп көрінетін жандар іріктеледі дейтіні рас екен. Жігіттер сайдың тасындай бірінен бірі өтеді, бой десең бой, түр десең түр бар. Құтты Голливудтың актерлеріндей.

Бөлме ішінде ұзақ үнсіздік орнады. Тыныштық бөлме ішіне сұрқиясы, запраны көп ауыртпалықты жинап жатқандай.

Сабенов үнсіз суық көздерін өткірлей қысыңқырап маған ұзақ қарады, ол қараған сайын түршігейін дедім. Осылар қателесіп мені біреумен шатастырып тұрма. Әлде офицерлік

атақ берер алдындағы ерекше тексеріс пе деп, іштей өзімді демеп қоям. Бірақ КГБ-ның осыншама адамдарының келіп қолға алуы ойнайтын, қалжындайтын нәрсе емес. Сабенов «ал баста, өзің бәрін айт революционер жолдас»- деді. Дауыс ақырын шықса да төбеңді оятындай зілді естілді. Мен не айтарымды білмей жан-жағыма есім шыға жаутандай қарадым. Қиын-қыстау кезеңде, адам қанша жасқа келсе де өзіне мейір төгер көздерді тосады, іздейді екен.

Түсінбегенімді білдіріп, иығымды көтере, мойнымды ішіне тықтым. Менің түрім, іс-қимылым әдейі сайқы-мазақтанғандай көрінген болуы керек, Сабенов мырс етті. Жымиғансығанда шырайлы беті сұрлана қалып, суық көздері зәр шашты.

Мен аңырқап отырмын, не айтам. Қасым дірілдеп, көзім жыпылықтап, мазам кетті. Жан-жағыма алақтай қараймын. Пана болар, мені түсініп қайрысар кісі жоқ. Жүздері жылы, сұлу жігіттердің түрлері сазарып, сұстанып жеп қоярдай қарауда. Көз жанарлары өңшенімді өртеп жіберердей. Сөз арасындағы үнсіздік меніреу тыныштыққа қосыла мазаны алып, өнебойым оттанып, қызуым көтеріле берді. Бұрын мұндайды көрмегендіктен есім кетейін деді. Өлтірсе де айтып-өлтірмей ме. Сабенов әлгідегіден де зілденіп, жігіттердің біріне «машинкаға бірден бас, бұл да кара жаяу емес, дегеннің өзі, аяуға тұрмайды» деді. Жігіт атып тұрып, “құп” деп арбандап барып, бұрыштағы кішкене стол үстіндегі машинканың баспаларын күректей қолымен бір-бірлеп басып тарсылдата бастады. Мен ештеңеге түсінбеген бойы не айтарымды білмей, әлі толық түсіне қоймай отырмын. Тек қолдарымды қояр жер таппай, саусақтарымды алма-кезек сипап, қипылықтай бердім. Ес пен сезімім апыр- топыр. Ақты қарадай, қараны ақтай сезіндім.

- Сөйле, - дедім ғой, - қалай совет өкіметін құлатпақ болдыңдар? Ұйымдарыңның аты, қанша мүшелерің болды, істеген террорлық, үгіт-насихат істерің, түгін қалдырмай бәрін айт. От пен судың арасындағы көпірде тұрғаныңды ұмытпа. Қолға түскен екенсің біз бәрін айтқызамыз, біздің мекеменің

ерекшелігі сондай сөйле тез. Менде әлі үн жоқ. Сабенов әдеті ме, әлде қылмыскерге көрсеткен құқы ма, түйсіне сыймай ашулана тұтығып бөлмеде ерсілі-қарсылы жүре бастады.

Машинканың тырсылы да тоқтап, бөлмеде тыныштық орнады. Еденнің тақтайы Сабеновтың салмағын ауырсынғандай сыздана сықырлай бастады. Әрбір адым тергеушінің күшін көрсеткендей. Сабенов терең ойланғандай көзін қысып, ернін дүрдиткен күйі арасында маған алайып карап қояды. Танауын шүйіре мынандайларды түсінбейім деген кісіше жеркене қарайды. Өз қолымен быт-шыт қылып, жүндей түткісі келіп тұр. Менің ойым астан-кестен болып әр жаққа кетті. Жүйкесі басылды ма, әйтеуір Сабенов орнына отырып, байыпты түрмен сұрақ бере бастады.

Фамилияң? - Уақитов

- Атың?- Темір

- Әкең аты? - Мажит.

- Туған жылың? - 1954 жыл

- Қайда тіркелгенсің? - Жатақханада.

- Толық айт, қай жатақханада, мекен жайы? - КазГудің № 6-жатақханасы, Алматы қаласының Тимирязев көшесінде.

- Е, міне, жөнге келе жатырсың. Немен айналысасың, қызмет орның? - Мен студентпін, жоқ бітірдім, жолдама-ны ауылға, Ақмола облысына алдым.

- Оңдырасың ауылға барып. Ал енді нанның қоқымындай түк қалдырмай, Сарыарқа жасырын ұйымы жөнінде бәрін айт. Бізде уақыт жеткілікті. Есіңде болсын жәй айтқың келмесе, айтқызатын жер бар, көзінді жылтыратып қамап, аштан қатырсақ бұралқы ит сияқты өзің-ақ ұли жөнелерсің.

Менің денемді суық қарып өтті. Іс насырға шапты. Денемді толығымен үрей биледі. Маңдай, мұрнымның үстінен шып-шып тер шығайын деді. Сарыарқа ұйымы деген сөзден кейін-ақ өткен күндер қоңырауының дыбысы құлағыма келіп, сол өзімді ерекше сезінген күндер жылжып көз алдымнан өте бастады... Бәрі енді түсінікті болды.

Көмескіленген өткенді біз сарыарқалықтар іздеген жоқпыз, КГБ-ы есімізге түсірді. Жай түсіріп емес жауапқа тартып, сергелдеңін бастады. Ұзақтап алысқа кеткен ескі күндерге айналып қайта соқтық. Әлсін-әлсін ұрлана тергеушінің салқын сұсты жүзіне көз салам. Тура қарауға қауқар жоқ... Ұнжырғам түсіп, сұрақты мұңая тыңдап, күрсініп қойдым. Айласы, билігі көп адам, кімді болса да мұңайтпай ма. Тергеушінің мысы басып, дегбірім кете берді. Бастығырылып, демім біткендей ернім дірілдеп дұрыс сөйлей алмадым. Булығып тұншыға бердім. Шақша басқа, шарадай ой келді. Бағанағы биязы мінез, мәдениетті сұлу жігіттер күрт өзгеріп сала берді. Өндеріндегі жылулық рендерін сұрланып, қандарын іштеріне тартып алған. Қолдарынан келсе барлық совет өкіметіне, Коммунистік партияға қарсы адамдарды айып-қиыбын қыл арқанға тізіп, мойнына орап-орап, тамұқ отына бірден тастап жіберер түрлері бар. Қарапайым сұрақтардың ар-жағында қатерлі қақпан бар екені белгілі. Аяғың шалыс басылса біттім дей бер. Бұлардың іздегені, көздегені осы. Оларға көрсеткіш керек, қылмыскер ұстап, алған жалақысын ақтап, марапаттанылуы қажет.

Мені көрші бөлмеге апарып, анфас-профиль, тура-бұра қаратып қылмыскерлерше суретке түсірді. Қолыма қара бояу жағып саусақтарымның белгі-таңбасын алды. Суретке түсірушілерде де, саусақтан белгі алушыларда да үн жоқ. Бір механизмді робот сияқты. Қимылдары шапшаң, әбден шынығып машықтанғандары көрініп-ақ тұр. Итермелеп басыңды бұрып, жұлмалап саусақтарыңды арнайы қара майға батырғанда сенің жаның бар-ау, адам екенсің деп есептемейтін сияқты.

Суретке түсіріліп, саусақ сызықтарымыздың таңбасын алғаннан кейін тергеу тағы жалғасты. Жазғы таң рауандап терезеден сәуле кірді. Сабеновке білгенімнің бәрін айттым, ештеңе жасырғам жоқ. Ағынан жарылдым. Бәрі бұрын өткен іс, несіне қорқамын. Кісі өлтірген жоқпыз. Совет өкіметі орнында. Бізді ешкім қолдамады да. Қазақтарға тәуелсіздік не, бодандық не

бәрібір, аштан өлмей, көштен қалмаса болды. Сарыарқалықтардың үгіт-насихаттары тұлыпқа мөңіреген бұзаудың дауысы сияқты құрдымға кетті. Бәрі өтті, кетті бітті деп ойладым.

Айтуын айтып бойым жеңілдегенімен денемдегі үрей қорқынышы кетпей қойды. Төмен қарап, саусақтарымдағы кара бояудың қалдығын уқалай бердім. Жауабымның аяқталғанына Сабеновтың көзі жеткен соң өзі толтырған қағаздарды менің алдыма қойды. Оқы да қол қой деді. Дауыс зілді шықты.

Алақтап, қипалақтап не істерімді білмей дарбықтым. Сабенов оқы, оқы деп ақырын қайталап айтсада дауыс төбемнен төмпештеп ұрғандай бойымды тұқырта берді. Оқыған болдым. Жауапты қазақша бергем, мына жазылған орысша. Түсінгенімнен түсінбегенім көп. Астан-кестен, бірі ойымда, бірі жоқ. Терім самайымнан моншақтап ақты. Ар жағы меңіреулік, дың-дың, зың-зың... Тыныштықта тағы біраз уақыт өтті. Тергеуден босап сыртқа шыққанда иықтан бес батпан ауыр салмақ түскендей болды. Дене тыныштық алып жеңілдеп сала берді.

Жауап алу бір түнмен бітпеді. Күндізгі әскери дайындықтың сүркілі, кешкі тергеумен жалғасты.

- Сендердің жауаптарың бір-бірлеріңе ұқсас. Келісіп алғансындар ғой. Солай ма?

- Жоқ, келіскен жоқпыз.

- Қалай келіскен жоқсындар, басқалар қалай жауап бергендері жөнінде айтпады ма?

- Айтты.

- Сонда келесі жолы мынаны айтайық, мынаны айтпайық жасырып қалайық деген жоқсындар ма?

- Жоқ олай келіскен жоқпыз.

- Енді қалай келістіңдер.

- Біз жәй сөйлестік, ештеңені айтпаймыз деп келіспедік.

- Жәй. Сен сияқты Отанына қарсы шығып жүрген сүмелектерде ештеңе жәй болмайды. Өкіметтің бергенін, тегін оқу, тегін медицинаны ұмытасындар. Қоғамды өз-

герткілерің келеді. Боқ мұрындар. Бірдің кесірі, мыңға тиген. Сендейлердің кесірінен біздей күн-түн демей маңдай терімізді төгіп жүргендердің қызметі бағаланбай қалады деп ойланбайсыңдар. Сендерді соттап түрмеге жәй отырғыза салмау керек. Бірден құрту керек.

Азапты күндер есігін айқара ашты... Тылсым тыныштықтың көкірегін тырмалап, күннің батуымен бірге бойға күдік кіре бастайды. Қалың түнекті қапастың қоршауына түскендеріне жалғыз мен емес, Сарыарқа ұйымының барлық мүшелерінің көздері жетті. Айтпағандарымен бәрінің ойы осы құрықтан, жоқ қыл бұрау бұғалықтан қалай босана, сытылып шыға алам деген үміт саңылауын іздеумен болды. Ештеңенің із-түссіз жоғалып кетпейтініне, не істесең де сол іске ерте ме, кеш пе жауапкершіліктерімізді білдік. Тірліктің қамыты мойнын қажазған жанның көңілі жәй ала болса, тергеудің сергелдеңін көрген қияметтің қиыны, жүрекке түскен жарадай екен. Дүниеде адамның жүзінен жылы, одан ыстық ештеңе жоқ деп ойлайтын маған сұрқия жүздерді күнде көру ауыр соқты. Жақсылықпен жамандықты біле тұрып, құрдымға жіберер сұрақтарды қоя беретіндерін қайтерсің. Әжемнің жылтыраған әдемі бет итте де бар, қаражүректерден сақтанғайсың дейтін сөздері ойыма жиі түсе береді.

Уақыт жүрісін баяулатқандай. Ымырт түсе Сарыарқалықтар сүйретіліп КПП-ға беттейтін болды. Сол жерден қайсысын шақырса сонысы артына қарамай әріректегі жауап алатын үйге үнсіз беттейді. Гарнизон шетіндегі қонақ үй КГБ-ның тергеушілерінің тұрағына да, жұмыс істейтін орнына да айналды. Жауап алу кейде ерте, кейде кеш басталады. Алғашқыдай емес, кейін, жауапқа ет үйренуге айналды. Сұрақтар қайталанып, жауап алудың созылысы көбейді. Кейде жауапқа шақырылмай, біз таң атқанша КПП-да телефон шылдырын қалғып-мүлгіп тосып, сергелдеңге түсіп казармаға қайтамыз. Үлгерсек ұйықтаймыз, ұйықтамасақ таңғы сапка тұрып жүгіруге

кетеміз. Дүниенің қиыны аштық та, жалаңаштық та емес ұйқы екен...

Сарыарқалықтар бір жұмадан кейін бүкіл әскери гарнизонның үлкен дәретханасы кезекшілеріне айналды. Бұрын кінәлілерді, самоволкаға қашқандарды, әскери жарғыны бұзғандарды сол жердің нарядына тағайындаса, енді ол сарыарқалықтардың міндетіне көшті. Дәретхана тазаламаймын деген Мұратты үш күнге көрші десантшылар гаупвахтасына жіберді. Үш күннен кейін арып-шарып келген оны зорға таныдық.

Гаупвахтада тамақсыз отырғаны өз алды, бұзақы десантшылар ұйықтатпай, көйлек-шалбарын қолына ұстатып желдеткіш қылып айналдыртып ойына келгендерін істепті. Биліктің зорлық-зомбылы, айла күшінің шетінен хабардар бола бастаған сарыарқалықтарға бәрі бірден түсінікті болды...

Достарымның пішіндеріндегі томсарған кейісі, қабақтарының түксигенін көргенде мен де өздігімнен жүдеулене қалам. Бәрі уайымды, бойлары салбыраңқы. Жүрегі сезімді сарыарқалықтар ойын-күлкіден біржолата қалды. Айға созылған тергеудің шер уайымы жүздерін сарғайтып, қиыншылық пен күмәннің қара бұлтын қоюландыра берді. Қалай болғанда да өмірбаянымызға тасқа түскен таңбадай сенімсіз бен ұлтшыл ұғымының мәңгіге қалғанын білдік. Бұрыңғы арман-қиял, сенім, бұрыңғы талап-үміт бәрі, бәрі құрдымға кетіп, жапан түзде жалғыз қалғандаймыз. Үміт пен қатер біржолата безбенге түсті...

Сабақ өткізетін офицерлерде сөз арасында мұқатып, ал енді жауапты “революционерлер” айтсын деп тиісуге әдеттенді. Отырсаң опак, тұрсаң сопақсың...

Әскери жиынды басқарған офицерлер түгелдей шет елдерде инструктор-кеңесшілікте істеп келгендер. Араларында Египеттің, Эфиопияның, Сомалидің батыры атағын алғандары да бар. Соғысқа қатысып қандары бұзылғандықтан ба, әйтеуір, шетінен есер, майдандағыдай қатаң тәртіпті аңсап жүреді. Қайтсем біреуге билігімді көрсетсем, қолымды батырып мұқатсам деп сыныққа сылтау іздегендер. Бәрінінде

ұрсып-жекуден езулері қанатын сияқты. Айқайлаған сайын рахатқа батып, есерлене бастайды.

- Болашақтың бұлдыры көбейді... Екі айғы әскери жиын тамыққа айналды...

Секемшіл болып кеттім. Бұрын мүлде еленбейтін заттар дене түршіктіре салады. Жәй сөз ғана емес, былайғы көзқарастың өзі бойыңа инедей қадалады. Тексеріс, жауап күннен түнге ауысып созыла бергендіктен, қарадай шаршап еңсемді ауыр ойлар баса берді. Төбем шымырлап, көзім ілігіп кетсе жайсыз түстер еніп, қараңғы зындан елесі өкшелеп мазалайды кеп...

Бірақ жер бетінде адам тұрсын жәндік атаулы қалмаса да, дүние, әлем өз заңымен жүре береді емес пе?! Таң да атып, күн де батып уақыт жылжып өтіп жатты. Тек тас түскен жеріне ауыр...

Сарыарқалықтар азаптың торына шырмалып қысыла берді. Күндізгі сапырылыстан кейін түн қараңғылығы жәй ауырлатпай, тылсым тыныштыққа қосылып үрейді көбейте түседі. Уақыт жүректің дүрсілімен өлшенеді.

Міне, бүгінде күн қызарып ұясына қона, ерсілі-қарсылы сабылған курсанттардың аяғы саябырлап, лагерьде өлі тыныштық орнады. Түнеріп төніп тұратын үңгірлі Сүлеймен тауы да ымырт үйіріле көрінуден қалды. КПП-ға келіп күндегі әдегіммен шақыру күтудемін. Түн тыныштығы құлазыған жалғыздыққа қоса, қасіретін молайтып ішкі дүниемді жансыздандыра бастады. Тұнжыраған меңіреу қара түн жан алғыштай көрінеді. Жусап жатқан түңгі тіршілікте ішін тартып болар істі тоса қалғандай.

Маған бар әлем, дүние өргене қалса, сонымен бірге бар қайғы-қасірет, үрей мәңгіге бірден кетсе ғой деген ой келді... Өзім де зым-зия жоғалар едім, бітер еді азаптың бәрі...

Адам көнбіс. Бірақ алай-дүлей көңілің ештеңемен санасқысы келмейді. Ол өз бағытынан, толғанып піскен шешімнен қайта ма. Іштей өзін ақтайды. Тығырықтағы амалсыздықтан туған көнбістік пен үлкен істерге деген арман арасындағы айқас бас ауыртып, жүректі қанға тұншықтырып бойға үрей

әкеле береді, әкеле береді. Күн өтіп жауап алу созылған сайын үрей денеге, санаға, болмысқа біржолата сіңді. Жақсы-жаман. Әділ-арам. Патриот - қылмыскер бәрі ұйқан-тұйқан, қайсы дұрыс, қайсы қате. Оқу бітіріп, диплом алып таңдаған мамандығымды игеріп елге еңбек сіңірем деген арман да сағымданып барады. Айтып ақтала алмайтын бойыңа, арұятыңа жабысқан ластан тазарып, істемеген түсініксіз қылмысқа жауап беруің керек...

Бұрын халқым, ұлтым, Отаным, тәуелсіздігіміз десем, енді жеке бастың, әке-шешені, артымдағы іні-қарындас-тарымды ойлап, осы бір оттан аман шығудың жолын күндіз-түні іздедім. Көңілім құлазыған сәттерде Ұлы істер, мыңжылдық тарих желісіне жеке басымның тағдырымен де қарауға айналдым...

КГБ-ның тергеушілерімен құдайдың құтты күні кездесеміз. Сабенов өзін ірі оқшаулау ұстаса басқалары жылы сөйлеп, ақтағандай, қолдағандай әңгімеге көп тартады. Өмірдегі сырты сұлу, маймаң сөз таскөйлер КГБ-ға жиналғандай. Олар тілдерін майдалап жүздерін жылытып күле сөйлегенде, іш-бауырынды езгенде өз сұрқия мақсаттарына жету үшін істейтінін білеміз. Біле тұра сенгендей боп көрінеміз. Біз бір-бірімізді ыржиысып, қутыңдап алдағанымызбен көздеріміз «өтірік-өтірік» деп тұрады. Жалғаны көп болса да сыр шертіскен адамды іштей жақын тартатын әдетпен көңілімізді алдап, жақсылық дәметеміз. Қылмысты іс тоқтатылады, ақталамыз деген үмітіміз көз алдымызда бұлдыр сағым болып ойнайды.

Студент-курсанттар бөлімше-бөлімше болып Отанға ант беріп, офицерлік курсты тамамдап қалды. Ант беруге сарыарқалықтарды жібермеді... Курс кураторы полковник Савков анда-санда әскери жиынды бітірмеген студентке мамандық дипломы берілмейді деп қокан-лоққыны күшейтіп қояды. Бес жыл оқып, диплом жазып, оны қорғаған, мемлекеттік емтихандарды тапсырғанның бәрі осы әскери жиынның қасында түкте емес сияқты...

Кетуге бір күн қалғанда мен тағы жауапқа шақырылдым.

Алғашқыдағыдай діріл қағып, жан ұшырған қорқу азайды. Дегенмен іштегі болмыстың түйсігіндегі үрей ара-тұра елес беріп көлбеңдеп өтеді. Жан тыныштығының мазасы мәңгі құрдымға кеткендей.

Баяғы сарын. Бір сұрағанын қайта-қайта сұрайды. Сарыарқа ұйымы осыдан 3 жыл бұрын тарқалған десе де, Сабенов қадалған жерінен қан алардай болмайды. Қобызым не дейді, мен не дейміннің сыңары. Бүгін Сабеновтың кейпінде өзгеріс бар. Бұрын зікіп атарға оғы болмай дөрекі сөйлеп гүжілдесе енді көзі жылтырай қулана жай-барақат отыр.

Бір жұмадай көрінбегеніне қарағанда, Сабенов жаңа нұсқау алып келді, немесе басқа бір пәлеге жетелемекші. Мүмкін біз бар шындықты айдай ақтарып тастаған соң жұмсарды ма деп әлдебір жақсылықтан дәм ете қалдым. Сабенов созыла сөйлеп сөзді алыстан бастады.

- Бір мәселені білгің келе ме революционер жолдас, әлде мырзасың ба?.

- Мырза дегеніңізге түсінбедім.

- Неге түсінбей қалдың? Тегінді ұмыттың ба? Сендердің қайдан шыққандарыңды бақайшақтарыңа дейін талдап тексеруге тура келді маған. Инемен құдық қазғандай болса да іздегенімді таптым, бәрін таптым. Аталарыңның 1929 жылы Қазақстандағы колхоздастырудан қашып, Сибкрайға ауғанын, ағаштың арасында тығылып жүріп көбейгенін, одан басқа фамилиямен елге келгендеріне дейін білдік. Әкеңнің де Омбының Тәбіршен ауданындағы № 2 Үкібай ауылында 1930 жылы туса да, туған жылын 1932-ге өзгертіп Қазақстанда тудым деп жаңа құжат алғаны да аян болды. Мен үн-түнсіз сазарып қалдым.

Адамды меңгіртетін тылсым тыныштық туды. Көкейді дәметкізген жақсылықтың ауылы сағымданып ұзай берді.

- Бұның бәрін қалай анықтағанмызды айтайын ба?

- Маған бәрі-бір.

- Жо-жоқ, неге бәрі-бір болсын. Аржағың қайнай бастады білем, көзің қанталауға айналды. Сабенов төніп келіп “аға-

йындарың айтты” деп дауысын мәйделеп мұқатып ыржия қалды. Арсыз ыржыс...

- Біз білгенді кім біледі дедіңдер ғой. Құдайдың санатынан шықсаңдар да, КГБ-ның санатында бәрің барсың. Біз бүрге тағалап жүрген жоқпыз. Жеген нанымызды с гаком ақтап жүрміз. Тоқта, тоқта демесе, көрсетер едік сендерге. Талай контра-сілімтіктерді дірілдетіп-қалшылатқанбыз...

- Біз жау емеспіз. Тек тарих ары таза адамдарды шындық пен уақыт бетіне қаймықпай тура қарауды үйретеді.

- Сонда шындық сендерге ғана керек екен ғой. Біз мемлекетті күн демей, түн демей күзетеміз, сендер оны қиратқыларың келеді. Кімсіңдер сендер, өңшең үрпік ауыз. Қолдарыңнан не келеді. Ертең өздерің-ақ азып-тозып, бір-біріңнің беттеріңе қарай алмай, бейшара-байғұс, жолы болмайтын көптің біріне айналасыңдар да қоясыңдар. Есіңде сақта, біздің советтер елінде “уақыттан озғандар қашанда құрбандыққа шалынған”.

Тарих, шындық, ар дейді міне гәп қайда деп жүре сөйлеп, маңғаздана қалды. Ерні шүртіп, танауы шүйірілді. Көзілдірігін алып, қайта-қайта сүртіп киді. Сабенов өзіне-өзі риза. Кенет әлде не есіне түсіп кеткендей жалт бұрылып, екі көзі ызадан шарасынан шыға “сендерді бұрынан білеміз, көздеріңді сол 72 жылы ағызып соттау керек еді” деді.

- Біз кісі өлтірген жоқпыз ғой, не істедік сонша, - деп дауысым дірілдеп тұтыға шықты.

- Істегенде қандай. Листовка тараттыңдар ма, тараттыңдар, ұйым құрдыңдар ма, құрдыңдар. Мемлекетті құлатқыларың келді ме келді. Не керек енді сен иттерге. Әлін білмеген әлек. Тарихтың дөңгелегін теріс айналдырғыларың келді-ау ә. Сүйекті жұтпас бұрын көтке қарау керек.

- Тарихтың дөңгелегін ешкім кері айналдырғысы келген жоқ. Біз тек тіліміз бен мәдениетіміздің дамуы үшін жеке тәуелсіз ел болсақ дедік. Басқа ештеңе.

- Басқа ештеңе. Өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізгендерің, ұлттар достығына іріткі салуларың ше. Ал жарайды,

жеке мемлекет бола қойдық делік, одан сендерге не пайда? Күндеріңді көріп, тойғандарыңа мәз болмайсыңдар ма, сендердің кесірлеріңнен бар қазаққа Орталық сенімсіздікпен қарайды деп ойламадыңдар. Мисыздар, қайтіп сендерді университетте оқытқан.

Мен іштей тергеушімен келіспесем де үнсіз, жылан алдында арбаланған көжектей дәрменсіздіктен еңкейіңкіреп сұлық отырған күйі ләм демедім. Сабенов менің басылып үнсіз қалғаным қолтығына су бүріккендей екпіндеп еліре түсті.

- Керек десе біз сендерді еш дәрісіз, ұрып соғусыз-ақ үреймен қирата саламыз. Айтқанымызды жәй-ақ істетеміз. Есінде болсын саясат зиялы, көзі ашықтырға емес, қараңғы, ашық ауыздарға арқа сүйейді. Міне былай 100 процент ересектің саясаттан ең әрісі 10 процентінің түсінігі бар. 25-30 процентіне газетке не жазылса, теледидар не айтса сол жетеді. Қалғандарының ештеңеге уақыты жоқ. Келетін қонағы, үйлендіретін ұл-қызы, құдасы, көршісі, қырт-сырт, әрі кетсе қыстай қатып-сынып жиып жазда Бурабайға барғанын сөз қылады. Халық күнін көру үшін таңның атысы, күннің батысы күйбең-күйбең тірлік жасайды. Оларға сенің саясат, тіл-мәдениетіңнің құны қорасындағы тышқақ лағының бағасындай. Тәуелсіз ештеңе болмайды. Бәрі бір-біріне тәуелді. Мемлекеттерде сондай Бостандық таңдаулы-сүйіктілерге ғана тән.

- Жұрттың бәрі таңдаулы емес қой.

- Міне сөзің дұрысталып келеді. Тағы ойлана түс. Жыбырлат ана миыңның қабыршықтарын.

- Сізде соған жатасыз.

Мақтағанды кім жек көрсін. Сабенов орнынан тұрып кетіп, қарқылдай күле, әдетінше олай-бұлай жүре бастады. Советтер Одағының бір бұрышын өзі ұстап тұрғандай кекірендей түсті. Арасында мойыны тұтасқан қасқырдай бар денесімен бұрылып, осы не істесем бәлем дегендей түнеріп қояды. Менсінбей қарайды. Тұла бойы, омырауы мен жеңіндегі түймелеріне дейін көздері бардай маған қадала қарайды.

Сабенов бүгін мүлде басқа адам. Қанша жауап алғанда қанын ішіне тартып сазарып отыратын шырақ, қазір сөзшең.

- Қоғамды өзгертуге талайлар ұмтылған. Қазақ тарихында да 300 - ден аса көтеріліс болған деп жүр ғой. Кәне қайда соның нәтижесі. Текке қырылып, ит жеккенге айдалғаннан басқа ештеңе тапқан жоқ. Алашордашылар, Садвакасовшылар тағы тағылары советтерді дұрыс қолдамады. Енді міне олардың сүйектерінің де қайда қалғанын ешкім білмейді. Үрім-бұтақтары ит-құсқа жем болып, қаңғырып далада қалды. Әлихан Бөкейхановтарың «Егер жеңсек бір төбеде жиналамыз, жеңілсек-бір шұңқырда көмілеміз» деген екен. Кәне көмілгені, мүрделері жатқан молалары да белгісіз.

- Олар қазақтың болашағы үшін жандарын қиды ғой. Кітаптар жазды, тәуелсіз ел болуға күресті. Смағұл Садвакасов 25 жасында Адай уезін Түркменияға, Қызылжар уезін Ресейге бермей қырылысып, бар қазақ Сарыарқаға жиналса деп армандаған. Голощекиннің билігіне, істеген ісіне қарсы шығып елден қуылып, 33 жасында қыршынынан қиылды.

- Совет мемлекетінде білім алып, өсіп жетілесің, сөйте тұра халық жауларын пір тұтасың ә, сен шырақ. Әлде анау Садуақасов жерлесің, руласың болған соң жаның ашуда ма.

- Садуақасовтың кіндік қанының тамған жерін біледі екенсің ғой. Ақыл-ой, сана-сезім шырмаусыз, оралғысыз өтетін заманды аңсаған бар қазақ менің руласым, жерлесім. Ұлтының болашағын ойлап, соның жолында басын бәске тіккен адам қалай жау болады.

Ішкі қызу, албырт көңілмен көкейімдегіні айтуын айтсамда бетім қуқылданып, тұла бойым түршігіп, дауысым қалтырап шықты. Қорқыныш санамнан тыс бойымды билеп, өздігінен денем қалшылдап қоя берді. Біткен деген осы...

- Сен қара жаяу емессің. Ал біз бәрін білеміз. Жауларымыздың іші-сыртын, аяғының қия басқанын не сөйлегенін ғана емес, болашақта не істейтінін білуге міндеттіміз. Біз мемлекеттің сақшылары, қорғаушыларымыз.

Сәбеновпен салғыласу, өзіме ор қазғанмен пара-пар екенін еске алып, үнімді шығармауға тырыстым. Жас кезімде атамнан естіген Мағжан Жұмабаевтың түрмеде жатып айтыпты деген өлең жолдарын есіме түсірдім;

*Не көрсем де, Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім
Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін.*

Сабенов сөзін екпіндете түсті.

-Мемлекет тәртіп үшін керек. Қатаң тәртіп болмасыншы мәшинә мәшинәмен соғысады, адам адаммен төбелеседі. Қазір Сталин анау, Сталин мынау дейтіндер көп. Өзің тарихшысың білесің жеке бастың тарихтағы рөлі қандай екенін. Сол Отан соғысын біз Сталинсіз жеңер ме едік. Кім қазір Отан үшін деп оққа жанын байлай алады, ә ?.

- Ол идеология ғой, халық отанын қорғады. Солдаттарға ашқарынға 150 гр. спецпаек беріпті ғой соның да күші бар шығар. Мен үйдегі туыстарымның соғыстан жіберген суреттерін көз алдыма елестеттім. Есепсіз қаза болған, пушка етіне айналғандарды ойладым. Қай үйге барсаң да қабырғадағы соғыста хабарсыз кеткен көздер сарғайған суреттер қарап тұрар еді. 200 мың 18 бен 30-дың арасындағы қазақ жігіттері тек екінші дүние жүзілік соғыстан қайтпады. Көбінің жатқан жері де белгісіз. Үйленіп артына ұрпақ қалдыра алмағаны қанша ...

- Міне көрдің бе сенің оңбағандығыңды. Өзіңше түріңе қарамай ұлтшылысың, тіпті соғыста шәйт болған адал жандарды арақ ішкіш, чуть ли алкаш деп отырсың. Сендер ата-бабалардың батырлығын қастерлеуді білмейсіңдер. Эттең қолымда үлкен билік жоқ, әйтпесе қаның ағып болғанша Канаристі қабырғасынан тірідей ілгізген Гитлердей бір тамшы қаның қалғанша асып қойғызар едім. Асырап, мәпелеп өсіріп отырған мемлекетіне қарсы шығып жүрген сендердей сілімтіктерді бірден атып, жермен жексен ету керек. Жоқ, мен медициналық лаборатория ашып, осы-осы мемлекет саясатына қарсы шығады-ау дегендерді күні бұрын жобалап,

бірден піштірер едім, ха, ха, ха. Жүрсін сосын әтек болып. Әтектердің билікке қарсы шыққандарын көргенім жоқ, ха, ха. Сабенов мәз. Түрі қутындап, аркасын қасынғандай қозғап, қалай таптым ә дегендей орнында тұра алмай шыбжыңдады. Бетін өзіне тән арсыз ыржысы жапты ...

Іштей біз де адамбыз. Айыбымыз ұлтымызды сүйгеніміз бе? Тіліміз, қол-аяғымыз, жайнаған көзіміз бар, қайнаған қанымыз, жүрегіміз бар. Сен сонша неге қорлайсың дегім келіп, келіп үндей алмай тұншыға бердім ...

Сәл үнсіздіктен кейін Сабенов сабасына түсіп, дауысын бәсеңдете көпшілік, тобыр мал сияқты. Қарнын тойдырып, аш - жалаңаш қылмай, бір-бірлеріне үймелестірсең айдауына көніп жүре береді. Өздерімен өздері сынасады, ілігіседі. Олардың жауы да, бәсекелесі де, әрі кетсе көршісі. Неге олай, себебі қандарында үрей бар, басылып-бастырылған, аштан қырылған адамдар ешқашан революция жасай алмайды. Олардың ойлау қабілеті болмыстары шіріп, үзілген жіп сияқты қысқа.

- Совет өкіметінің халықтікі екенін ұмытып бара жатырсыз. Отан үшін шәйіт болғандардың аруағының алдында қайтпексіз. Мен осы сөздерді айтуын айтсам да, шорт тоқтап ката қалдым.

Босаңсыған жүйке тамырларым да шыр ете жиырылды. Сабеновтен көзімді тайқытып алып кеткеніммен, оның көзқарасын өн бойыммен сезіп, шекем дыз етті.

- Ы-ың, солай, солай. Біріншіден өлгендер ештеңе айтпайды ... Ал сенің қара жаяу еместігіңнің себебі арғы атаңнан келе жатқан Совет өкіметіне деген кегің ғой. Тыңда сен қасқырдың құйыршығы. Тобыр тағы айтам қарнының қамын, үйінің айналасын ғана ойлайды. Оларда қасиет қалған емес. Өйткені бабаларының үзілген жұлындарымен бірге көпшілігінен қасиет кеткен. Жұлынның үзілуінің не екенін білесің бе.

- Адамдар жұлыны үзілсе өледі.

- Осы сендер де университетте оқыдық дейсіңдер-ау. «Жұлынның үзілуі» деген жәй өлу емес. Ол, ол Сабенов ұли-

тын иттей дауысын алысқа созды. О-о- ол. Ұрпақ құриды. Адамдардың омыртқасы космостан, әлемнен энергия алатын антенна. Адамның белі сынып, жұлыны үзіліп өлсе, ата-бабадан келе жатқан жақсы қасиеттің жолы жабылады, келесі ұрпаққа жетпейді. Яғни ұрпағың жалтақ, көлеңкесінен де қорқар болар. Шыңғыс хан өзінің ең қауіпті сенбе, сенбе деген жауларының бел омыртқасын сындырып жүргені, ұрпағы әлсіз нашар болсын дегені. Шыңғыс хан білген бәрін. Данышпан мықты ғой...

Сабеновтың сұсты көздерінің от ұшқынынан көз айнасы шытынап кетейін деп тұр. Бар білімін, айла-қабілетін биліктің мүддесін қорғауға арнаған кекті көздер. Түймелері де көздей көрінеді. Ол орнынан керенау шұбыла тұрып, менің ту сыртыма келді. Тұрып-тұрып бөлме ішінде баппен ерсілі-қарсылы жүре бастады. Мен қимылсыз отырмын. Артық-ауыс қимыл тұрсын дем алмауға тырыстым. Ту сыртыммен өзіме шүйірілген жиіркенішті алакөзді сезем. Қозғалуға, лә деуге қауқар жоқ. Тек дем алған дыбысым күңгірленген құлағымға естіледі. Тынысым жиілеген сайын тұла бойым ысып-суып, суып ысыды. Талшықтанып жүрек те ашиды.

Қорқынышты қанша жан ұшырып жасырғаныммен үрей ішке сыймай бет әлпетімнен көрініп тұрғанын өзім де сезем. Қолымды сыйғызар жер таппай кипылықтай бердім. Сабенов те пісе түс дегендей көзін алмаған күйі үнсіз қарады да қойды. Қоян жыланға арбалса, адам адамға арбалынады екен. Көз жанары өңменімді өртеп жіберердей. Әлсін-әлсін өткір көздер шүйіліп, түйреп-түйреп өтеді.

Менің сөзім шабына тиді ме, әлде ойлағаны бола қоймағанға ма, ол өзінен өзі ашуға булығып, көзі шатынап кетті. Бағанағы жылтыраған маймөңке қутүлкілік жайына қалды. Адам бір әдеттеніп алса, өмірбақи солай бола берсін дейді ғой. Көкейіндегісінен басқаға беті бұрылар емес.

Менің тергеуде жүріп байқағаным КГБ-ның қызметкерлерінің кірпіктерінің қағылмауы еді. Тура жылан көз бе дейсің. Кірпігін қақса жауап беріп отырған адам шындығын басып қалып, жалтарып кетеді деп ойлай ма кім білсін. Міне

Сабеновтің де кірпігі бір қозғалсашы. Шыңғысхан жауларын қалай өлтіргенінің маған қандай қатысы бар, Сабенов осының бәрін неге айтып отыр деп ойлаумен болдым. Тергеу баяғы сарында өтті. Сабеновтың дәл мұрнының ұшына ызыңдап келіп бір шыбын қонды. Ол шыбынды қолымен қаққан бойы әзірше тергеу аяқталды деді. Алматыға келген соң Республикалық КГБ-ға келесің деп жауап жазылған іс-қағазға қол қойғызып алды. Дөрекілігін азайтып, сабасына түскендей сабырлылық ұстап әдеттегідей зекіп-жекірмей, көз алартпады.

Жалпы тергеу барысында күрт өзгеріс байқалды. Жауап алудың осылай біткеніне менің бойым сергіп, жүрегімнің дымкестігі ұмытылайын деді. Шығып бара жатып, Сабеновпен қол алысып қоштасып езу тартып күлген болдым. Әрине ол күлкі емес, күлуге арналған кейіп, бет бояушылық өзімізді, айналамызды бір мезгіл алдауға керек сиқыр, берекесіз ыржың еді. Амалсыздық, реніш бетін жабатын алдамшы шымылдық. Өзім жек көретін сайқал келбеттің өзімде де пайда болғанын сезіп, дірілдеп жиіркеніп кеттім.

Өтірік езу тартып күлімсіреу, өмір, уақыт өтумен жас ұлғая пайда болатын әдет қой. Бұған жастай душар болғаныма кейідім. Атамның аққан су да ағысын азайтар, емен де иілер, Бестөбенің террикондағы тасы да таусылар, арұятқа да дақ түсер ең ауыры сол деген сөзі есіме түсті. Казармаға жеткенше аяғымды басқан сайын шекем солқылдап Сабеновтың “уақыттан озғандар қашанда құрбандыққа шалынған” деген сөзі көкейімнен кетпей қойды... Алматыға барған соң КГБ-ға кел дегені - түрмеге қамаласың дегені шығар...

Арып-тозып, құр сүлдерлері қалған сарыарқалықтар көптің ең соңында әскери ант беріп лейтенант атағын алды-ау әйтеуір. Әскери жиын аяқталды...

1977 жылғы КазГУ-дің түлектері тиелген арнайы поезд Ош қаласынан шығып сол баяғы жолмен кері қайтты. Сүлеймен тауы сәт сапар тілеп артта қала берді. Бұл жолы келгендегідей емес көпшілік үшін уақыт тез өтті. Тек сарыарқа-

лықтарды қорқынышты белгісіздік тосып тұрды. Олар ауыр ой кернеп, оқтасанда күрсінеді. Барлық ұйым мүшелерінің сағы сынып, дегібірлері кетті. «Сарыарқа» жасырын ұйымы мүшелеріне «сенімсіздіктің қоңыраулы қаңқуы» біржолата байланды. Енді қайда барсақ та алдымыздан күйелі анкета, саусағымыздың ізі бар картотека шығатынын білдік. Ертеңгі күннің кедергілерін ойлағанда өздігінен құйқа шымырлап, ішің ұлиды. Ой мен жүрекке бірдей сіңген тергеу немен аяқталардың қоңырауы да күмбүрлеп құлақтан кетпей, еңсені баса берді... Бір-бірімізден қашқақтауға айналдық.

Поезд бірінші Алматы станциясына тоқтады. Вокзал алаңына түсісімен аспанға қарап едім ісінген күлді-күкірт түстес бұлт қол жетім жерде тұр екен. Бірінші рет сүйікті қалама келгенде қуаныштан өздігінен алып ұшатын жүрегім ештеңені сезер емес. Жігіттердің көбі поездан түсісімен автобустарға лек-легімен отырып өздерінің үйіндей болған КазГУград қалашығындағы жатақханаларына бет алды.

Мен мінген 30-шы нөмірлі автобус ең ұзын Сейфуллин даңғылының бойымен ыңырана жоғары көтеріліп өрлеп келеді. Жайда онша білінбейтін тас жолдың ойдымын машинаның ресорының солқылы мен бажылдай күшенген мотор дауысы сездіреді-ақ. Терезе қасына жайғасып көзімді көшеден ала-алар емеспін. Алматы толықсып, жеміс-жидегі піскен бейбарақат қалпы. Енді екі-үш күннен кейін қыркүйек. Жұрт абыр-сабырланып балаларын мектепке дайындауда. Үлкендердің тіл ашарға дайындықтары да жаман емес сияқты. Алыста Алатаудың ақ басы ағарандайды. Алматы, Алматы... Биік теректер, үйлерді жапқан ағаш жапырақтарының арасынан күн сәулесі жылт етіп шағыллыса қалады.

Шофер іші толық болған соң автобустан кісілерді түсіру үшін сұрап алып, аялдамаға жетпей немесе асып тоқтауда. Аялдамадағы көлік тосқан көпшілік жүгіріп, үлгергені мініп, үлгермегені әттең дегендей қолдарын сілтеп қалып жатыр.

Көңіл-күйім бей-жай. Сүйікті қаламның табиғатын тамашалап келе жатсам да ішімде әлде не кенеттен сынып, белгісіз аққан бір заттай әлде не төгілуде... Түйсігімде сыл-

тылдап кешегі күндер өтіп жатыр. Ақты ақ, қараны қара деп бар шындықты айтып жарылсақ та, Сарыарқалықтарға тергеушілердің сенбегені анық. Жауап алу жалғаспақшы, арты немен бітері белгісіз. Әлсін-әлсін ішіме суық жылан кіргендей денем дір етеді.

Жігіттер жатақханаға жетісімен студенттік соңғы қиқуды бастады. Өздері тұрған бөлмелеріне уақытша жайғасып, сақтау қоймасына тапсырған заттарына ұмтылысты. У-шу жанталас арасында дүкенге барып келгендер жағы ыдыс-аяқ, стакан іздеп безектеуде. Мен тапсырған заттарымды алуын алсам да, ішін ашқанда фотосуреттерім, бума хаттарым мүлде жоқ болып шықты. Комендант та, қоймашы да ештеңе білмейміз деп ақ безер де, көк безерленді. Бұрын амандығы дұрыс кісілер күйбүнжіңдеп теріс айнала берді. Әйтеуір киімдерім түгел. Мені қинағаны кішкентайынан бауырларына салып өсірген атам мен әжемнің ескі фотосуреті мен қалыңдығымның хаттарының буындысының жоқтығы болды. Неге хат, фотосуреттердің жоғалғанын іштей жобаладым. Біраздан соң басқа сарыарқалықтарда заттарының түгел еместігін айтты...

Кешкісін бөлмелес жолдастарым жол дайындығымен туыстарының үйлеріне кетіп жалғыз қалдым. Жігіттердің бәрі ауылдарына қайтпақшы, тек сарыарқалықтар ғана кете алмай жіпсіз байланған. Жазғы емтихандардан кейін сәл бір тынышталатын өліара кезең болғандықтан жатақхана да көңілсіз. Көкейіміздегі ойларымыздың да шешімі жоқ. Шекем де сыздауық шыққандай солқылдап, ішім де ашығандай. Бөлмеде жалғыз қалып, қарадай жатып терге түстім. Түн тыныштығы молайып, қозғалған сайын ескі креуеттің сықырлауы көбейді. Көрпешемді ысырған күйі атып тұрып, балконға шықтым. Төңірек тым-тырыс. Жатақхананың алдындағы орындықтар бос. Алыстан еміс-еміс қыз бен жігіттің андасанда қатты күлгендері естіліп қояды. Күлкі естілген жаққа қарап едім, ештеңе көре алмадым. Жастар тегі ағаш арасында болуы керек. Ойымды-ой түртті. Шілденің тымырсық талма түсіндей шөгіп жатып алған қапырық қасіреті көп жылдан кейін сыртқа шығып бұрынғыдан бетер батпандай түскен-

дей. Өздігімнен ауыр күрсіндім. Оған бөлме ішінің ауасы да қосылып, қабырғаға сіңді. Іш алай-дүлей не істеу керек. Барлық сұраққа ештеңе жасырмай, ағынан жарылып шынын айтып жауабын бердік. Жалғыз мен емес, сарыарқалықтардың бәрі сөйтті. Айтылды, істелді, қалды. Кейбір ұйым мүшелері Сарыарқа жөнінде алғаш жауап алғанда кинотеатрды білеміз, оған тек көркем фильм көруге барғамыз дегендері де болды. Тергеушілер әдейі айтпай бүркемеленіп тұр делінсе де, шынында уақыт өтіп кезіндегі істер студенттік өмірдің күнделікті оқтан жүйрік ағысының екпінінен көмескіленіп еді. Енді міне, сарыарқалықтар ұмыта бастағанды өкіметтің оң қолы, аяқтарын қия бастырмай, 5 жыл бойы аңдып, естеріне салып қана қоймай, жауапқа тартып отыр ...

Ертең КГБ-ға баруым керек. Ойсыз-қамсыз жайбарақат жүретін күндер көзден бұл-бұл ұшты. Таң ұзап, ұйқысыз түндер мазаны алады. Көңіл үміті үзіліп, тірегім сынғандай. Түн қараңғысы ой қуғызады. Бас-аяғы жоқ ала сапыран бірдеңелер санадағы қорқыныш жүректің қанын қойытады. Таудан самал есті. Төңірек бозамықтанды. Жауырыным тоңазыды, сәлден кейін менімен бірге ұйықтамаған адамдай екі көзі қыпқызыл болып Алматының күні де шықты.

Республикалық КГБ-ны тез-ақ таптым. Бес жыл университетке лекцияға барғанда күнде қасынан өтетін Дзержинский мен Виноградов көшелерінің қиылысына орналасқан зілділігі бар сұр суық ғимарат. Құжат беру бөлмесіне жүрексіне кіріп, әйнекшеден Сабеновке келгенімді айттым. Әскери киімдегі малжандап күйіс қайыратын сиырлардікіндей дүрдік ауыз келіншек ала көзімен атып, қанын ішіне тартып сұрланған күйі “нешеге шақырылдың, повестқаң қайда?” деп саңқ етті. Дауысы күректің тасқа қатты тигеніндей, құйқаны шымырлатып жіберді. Сасқалақтап, неге келгенімді зорға түсіндірдім. Әйел көзімен әлгіден де қатты жеп жіберердей атып, үн-түнсіз әйнекшенің есігін сындырардай тарс жапты.

“Бұлардың жұмыс стилі сондай, қазір арғы жағымен хабарласады”- деген дауысқа жалт қарадым. Енді байқадым. Рұқсат құжатын беру бөлмесінің кішкене кіре берісінде 3-4

кісі үнсіз сұлық отыр. Ұнжырғалары түсіп кеткен. Бір жас келіншектің түйіншекте тамақтары бар. Отырғандардың барлығы бастырылып ауырланғандай. Жүздеріндегі мұң, біз көргенді ешкімнің басына бермесін дегендей. Мен де қысылайын дедім. Отыратын орындықтың жоқтығынан, аяғымды ақырын басып сыртқа беттедім. Есіктен ұзамай, қолымды артыма ұстаған күйі үнсіз тұрдым да қойдым.

Жайшылықта құйындай ұйытқып өте шығатын уақыт мүлгіп, сағыздай созылып тұрып алды. Аяғым талып сквердегі орындыққа отырдым. Көз майымды ағызып, есікке қарай-қарай сабыр-тағатым таусылып жүрегім құлази берді.

Мең-зең күйі төңірекке көз салдым. Әшейінде күнде жүріп еленбейтін көшенің жасыл жапыраққа оранған көркемдігін көрдім. Ағаштарға, үйлерге қараған сайын КГБ-ның ғимараты қабырғасынан сызды суық ызғар соғып, жауырынымды мұздата берді. Көз шылауланып, демалыс жиілей түсті. Ой быт-шыт қашан бітеді бұл пәле. Аш кенедей жабысқан тергеу өлтірмей, қалжыратып, құртпай тоқтар емес. Жүйкеде жүйе қалмады. Сымдай тартылған неменің бүгін ертең үзілері сөзсіз. Көз ашып жұмғанша ұшқыр ой шарқ ұрып тынымсыз шарланды. Таптым, мені бүгін қамайтын шығар...

Ғұмыры түрме көрмеген қазақ даласында, бүгін түрме көп. Әкімет үй салмаса да терезесін торлап, есігін темірмен қаптап түрме салады. Міне мына ғимараттың асты да түрме. Түрме болғанда қандай асылымызды ақсатып, зиялымыздың тамырын қиған жер.

Арғы беттегі ұйғыр театрының екінші қабатындағы ашық терезеден ойнақы музыка үні естілуде. Тымырси қалған сквердегі биік қарағайларға қарадым. Қарағайлардың бойымен жоғары қарап, басына көз салдым. Алматыдағы талай табиғи да, адами да тасқындардың куәсі жүз жылдық кәрі қарағайлар. Көзденген қабыршықтары бейнеттен шаршап кәртайып, өле алмай жүрген кәрі кемпірдің беті сияқты әжім-әжім. Тамырлары тасқа тиіп, әрі кете алмай білеуленіп жер бетіне шыққан. Амалсызғы тірліктің күйін кешіп, күнәсі

көп жерден алыстайыншы дегендей биікке тігінен құлаш ұрған. КГБ-ның ғимаратына ерегескендей, күннің сәулесін көлеңкелеп жібермей тұр. Естімей қалмаймынба деп жалтақтай есікке қараймын. Еш қозғалыс жоқ. Тыныштық. Даңғылмен ағылып жүріп жататын машиналардың да дауысы естілмейді. Сұсты ғимараттың жаны бар сияқты. Менен көз алмай сырттан бақылап тұрғандай. Терезелеріндегі жуан арматуралардан істелген тордың өзі әлде неден хабар бергендей. Қарағайлардың басы сусылдап шулағандай болды. Дыбыс маған алыста көп әйелдер мен балалар сыңсып жылап жатқандай естілді. Денем түршігіп кетті. Өздігімнен көзім жасаурап, кірпігім қағыла берді. Жүрегім де тілімденіп аши бастады...

Мені түсінсе, көңіл-күйімді дұрыс сезсе осы жүз жылдық қарағайлар ғана білетін шығар. Бұл ғимарат кімге қорқыныш әкелмеді, кімді жылатып, кімдерді қыршынынан қимады... Өзімнің жалғыздығымды, дәрменсіздігімді, тығырықтан шығар жолды таба алмайтынымды, қол үшін беріп қорғар ешкімнің, ештеңенің жоқтығына көзім жетті. Уақыт өтер емес. Жаһанда жалғыз қалғандаймын.

Түс ауып, күн ымырттанды. Сабенов кеш қабылдайтын болды. Құжатымды беріп толтырылған рұқсат қағазын алып, Держинский даңғылы бойындағы кірер бас есікке беттедім. Есік аузындағы екі прапорщиктің бірі қағаз-құжатты тексеріп екіншісіне берді, ол тіркеп, құжатты стол тартпасына салып, салмақты түрімен енді бізсіз кете алмайсың дегендей бадырая қарады. Өздерінен басқаның бәрі совет өкіметіне қас екенін ойнақшыған көздері айтып тұр.

Денеден әлсіз діріл өтті. Күні бойы сарылып отырғанда ғимарат астының түрме екенін, жеке басқа табыну кезінде бүкіл зиялы қауымның осы жерде жауапқа тартылып, қиналып, жазықсыз атылғандарын да еске түсіргенмін... Прапорщиктің бірі жол сілтеп екінші қабаттағы кабинетке алып келіп, өзі кіріп шығып, мені кіргізді. Бөлме іші қараңғылау, стол шетінде жарық шам жанып, арғы жағында Сабенов отыр. Аға тергеушіге амандасып қолымды ұсына беріп едім,

сенің қолың керек еді дегендей иегін көтеріп, отыр деп сұқ саусағымен орындықты меңзеді. Сабеновтың обырлана қараған ызбарлы кейіпі «шэйнэмэй жұтып, жұтып жіберейін бе» дегендей қатаңдық танытып жиіркене қарады. Дауыс зілді, Оштағы бірінші жауап алған күндегіден де қатаң. Түрі де сұстанып, денесі де іріленіп кеткендей. Жауап алу бірден басталды.

Баяғы сарын сол сарын. Фамилиямнан кешегі күнге дейін не істедім, қайда болдым, кіммен кездестім, қайтадан айту. Тергеуші шамды маған қарай бұрыңқырап, өзі көмескі көрінгеннен бе дауысы өзгеріп, бөтен адам сияқты көрінеді. Күн ұясына қона бастағанда қоюланған кешпен бірге бойыма кірген үрей көбейді. Қараңғылықпен бірге жаманшылық келе жатқандай. Дене суықтанып, дірілдейтінді шығарды. Тұла бойдағы қорқыныш жүйкелерімді сыздатып бақайымнан қара құсыма дейін үзік-үзік от болып өтіп қояды. Кешке дейін сарғайтып ұстағанының да мәні бар екен. Бөлме іші жарық болса, стол лампасын жағып бетіме қызу шаша алмайды ғой. Жауап алу ұзаққа созылды. Арасында жауап алып отырған тергеушінің дауысы қарсы алдымнан емес бөлменің бұрыш-бұрышынан шығатындай сияқты болып кетеді. Қызулы шам бетінді қыздырып, көзіңнің нұрын жуасытып қана қоймай ойыңды пышыратып, есінді кетіреді. Адам алланың ғана ойыншығы, добы емес, КГБ-шниктердің де ойыншығы екен-ау. Сабенов сұрай-сұрай, арасында ойлана жазып, үнсіз қалады. Жазғанын қайта оқып, үтір қойып, тағы ойланады. Менің айтқаным аз, қалай көп жазуда деп ойланып, бір пәлеге ілігіп осында жатқызып қояр ма екен деп үсті-үстіне үрейленудемін. Тергеуді ертең жалғастырмақшы болып, кеш жіберді.

Бейбітшілік көшесінен жүретін 32 автобуска мініп КазГУградқа жеткенше түн ауа бастады. Ерегескендей вахтер жоғарғы этаждарға көтеріліп кетіп, жатақхана есігін қағып ұзақ тұрдым. Күні бойы нәр тартпасам да, шамды жағар жақпастан сұлдерімді сүйреткен бойы киіміммен кереуетіме етпетімнен құлай кеттім.

Шала туған қызыл шақа баланы адамның ба, малдың ба ұйығына қайта салып жетпеген күнін тоқ арқылы беріп жаңадан тууы үшін эксперимент жасалуда. Күн, түн екені белгісіз, бірақ бәрі айқын, қол созым жерде, көз алдыңда. Нәресте шыңғырмақшы болады, дауысы бірде шығып, бірде шықпайды. Маңырағандай аузын ашады. Мен бұл неге іңгәләп жыламайды деп таңмын. Эксперимент жасап жүрген адамдар негізінен бөтен-бөтен болса да, көрген жай таныс кісілер. Әлгі ұйық қуыстанған сүйегі жоқ ет сияқты ма, әлде сүйегі сылынып алынып бүтін еті ғана қалғандай ма, әйтеуір қаны сорғыған көк ет, ағарған пышак қыры май қыртысы бар. Экспериментті жасап тұрған адамның қолының сүйегінің тесіктері бар екен, тоқтың жарқылдағаны содан от шашып қояды. Құтты бір жоғарғы вольтті сварка жұмыс істеп жатқандай. Енді түсіндім, үлкен адамның денесінің ішкі құрылысын шек-қарны, өкпе бауырымен түгелдей алынып тасталып тек сәби жататын жерді ғана қалдырып соны эксперименттік ұйық - лаборатория көзіне айналдырыпты.

Жүріс-тұрыстарына қарағанда эксперимент жасаушылар бұрыннан істеп әккіленгендей. Себебі абыр-сабырсыз істесе де, кимылдары ширақ-ақ. Өздері тоқ күшейген кезде тұманданып жоқ болып кетеді. Нәрестенің бос жерін қалдырмай жіңішке сыммен орап, тоқтың жылдамдығын бұрап азайтып, көбейтеді. Тоқ сым бойымен қып-қызыл от болып жүріп тоқтап, тоқтап жүреді. Қызыл шақа нәресте денесі піскендей ағарады, сосын қоңырсыған тері иісі, шіріген жұмыртқа сасығымен алмаса қалады. Шықпаған қу жан...

Сәби сыммен құндықтаулы болғаннан ба аузын ашқанымен дауысын шығармайды. Тек көзі шарасына шығып, ернін ғана шиырып қозғауда. Таныс көз... Эксперимент жасаушылар бір-бірлерімен ақылдасып, осы болды-ау деген кезде кісінің қаңқасының ішінен ұстайтын сабы бар табаға салынған шала жансар баланы тыр жалаңаш күйі алып шығып үңіліп қарап жетілді, пісті дегендей бастарын шұлығысты. Нәрестенің денесі жаңа туған көжектікіндей қызыл

шақа, үлкен басы былқ-сылқ, денесінің сым оралған жерлері құрттікіндей аппақ буын-буын.

Тексеріске біреу келетіндей сияқты. Табаны көтерген күйі бірі кете бергенде, әлгі қызыл шақа балаға қалған екеуі: “біздің саған істеген экспериментімізді ешкімге айтпа”- деді. Табада бүрісіп жатқан шала-жансар бала еш қозғалыссыз дірілдеп жатқан күйі азабын тоқтатқанына ырза болғандай қалшылдап ерні-ерніне тимей жатса да “жарайды” - деді. Ол қазір өзін өлімге кескен шешімге де ризадай көрінді. Дауыс біркелкі. Үлкен адам әлде бірденеге көндіккенде, не амалдың жоқтығынан иә дейді ғой, дәл сонда шығатын дауыс...

Менің түсінгенім жаңағы бала біраз жасқа келсе де, өспегендей, әлде біреулерге небір себептен ұнамай, оған іште жатырда жатып, химиялық электр шок алып, қайта туу-өсу процесі арқылы жазаның қинау түрі белгіленген екен.

Өзімнің бір орында қозғалыссыз тұрғаныма таңмын. Әлгі адам-дүрділер мені неге қумайды, әйтпесе неге ұстап қинамайды. Неге бұл жерден кетпеймін. Көзім бәрін көріп тұр, бірақ өзім жоқ сияқтымын. Жоқ бармын, бірақ денем жоқ. Нәрестені салған табаны ұстаған адам кетті, қалған екеуі отыра қалып, смена арасындағы забойға түсетін шахтерлердей үнсіз сораптап, шылым шеге бастады. Алдарында үлкен жұмыс тосып тұрғандай, үлкен қауырт жұмысқа кірер алдындағы дайындық. Үстеріне киген киімдері құрылысшылардың киіміндей. Комбинезон, жеңі шолақ жейде, аяқтарында аңшылардың резина етігі, оның коньшы кеуделеріне дейін жетіп, иықтарына асылған. Бірақ етіктері резинадан емес, арасында мақта салынып қоңыр-қызыл матадан жол-жол тігіп жасалыпты. Бағанағы ағыл-тегіл шашыраған қанның етікте ізі де көрінбейді. Мен әлгі дүрділердің беттерін көре алмадым. Ұмтылып қайта қарағанда капишон бас киім ішінен теп-тегіс үнірейген қуысты көрдім...

Үрейден кірпігім қағылып орныма келгендей бола қалдым. Сасқалақтап, көзімді үсті-үстіне қатты-қатты ашып жұмдым. Денем әлі сезілер емес. Маған осы кезде табадағы қызыл шақа баланың қозғалыссыз бұйыққан күйі, басқаға

шарасы жоқ экспериментке көндіккен ренжулі дауысын бұдан бұрын да естігендей көрінді. Өзімнің үстімде қара зіл бар. Жанымның қысылғаны сонша денемде бастырылмаған иненің көзіндей жер болса жаным содан шығып кететін шығар. Кенет бастырылғып жәй тұңшыққаным, ауырлығым қыл бұрауға жалғасты. Әуелі балтырым, содан соң саным бұралды. Шыңғырдым, ашына, жалбарына байбалам салдым.

Тәннің ауырғаны, жанның қиналуына жалғасты. Босар емеспін. Жылағым келеді-ау, бірақ қыл бұрау ет пен теріні сүйекке қысуы ауыр ештеңеге үлгертер емес. Қыл арқан енді шекені қара құспен айналдыра басқа салынды. Көз. Көз. Көздің түбін суырып әкетіп барады. Аллаһ... Қиналдым ғой. Екпіндеп тыныс алу жиіледі. Қыл бұрау қысылған сайын көзімнің түбі бытырлап ағаштың тамырының үзілгеніндей ұясынан айырыла бастады. Әуелі сол көз, сосын оң көз ұясынан шығып ұшып барып сәйкестене қосылып үлкен бір көзге айналып ауада қалықтап тұра қалды. Үлкен сұсты көздің бағанағы балаға эксперимент жасап қинаған адамдардың капишон ішіндегі терілі тегіс беттеріне қатысы бар. Әлгі үлкен көз енді маған оқша қадалып сұстанайын деді. Өзімді қинап, жаншып басып, қыл бұрау салып жатқан кісілердің де осы көзге бір жақындығы бар.

Тесіле қарап тұрған көзде кірпік, қас жоқ. Кенеттен осы көздің кірпік-қастарының талшықтарынан мына өзімді қинап жатқан оңбағандардың жасалғанын сездім. Денем түршігіп кетті. Тек кірпік пен қастан осындай жан алғыш кісілер жасалса, денемдегі барлық шаш-жүн талшықтарынан қанша адам жасалатынын ойлағанда иненің ұшындай миллиондаған ұсақ қызыл шанышқылар денемді ду еткізді. Зәрем зәр түбіне жетті. Жан ұшыра айғайлаған күйі оянып кеттім...

КГБ-ның сергелдеңі жанымды жабырқатып, жалғыз-сырауымды күшейтті. Көзбен көрмегенге бәрі өтірік. Ақтығың, әділдік, тәуелсіздік үшін күрескеніңді арашаламақ тұрсын, түсініп мүсіркейтін жан табылмады. Оймен жүрекке бірдей сіңген тергеудің немен бітуінің қоңырауы күмбірлеп құ-

лақтан кетпей, еңсені баса берді. Қайда жатырмын не болды есімді бірден жия алмай, бір сәт мәңгіріп барып өзіме келіп, әлгінің түс екеніне қуана бере басыла қалдым. Есіме бүгінгі күні, студент достарымның бәрінің жан-жаққа үйлеріне кеткенде жалғыз қалғаным түсті ... Сабеновке берген жауабымды қайтадан есіме түсіріп, оқиғаны бастан аяқ көз алдымнан өткізе бастадым. Еріксіз бойымды үрей биледі, ой басып қозғалғым келмесе де, зәр қысқан соң әжетқанаға барып жеңілдендім. Қолымды жуып тұрып айнаға көзім түсіп кетіп, мыж-тыж бетімді, сұлық-сұлтен көзімді көрдім. Шегім шұрылдап қарнымның ашқанын сездім. Сағатыма қарап едім түнгі үш жарым. Меңіреу тыныштық. Аяқ басқан өз жүрісімнің дүңкілі ғана естіледі. Кешегідей тағы балконға шықтым.

Балконда тұрып-тұрып бой жазу үшін сыртқа бет алдым. Баспалдақпен түсіп келе жатып, екі жыл тұрған улышулы жатақханамнан құлаққа ұрған танадай тыныштықты бірінші көрдім. Аяқ басысымның шолпысы бос қуыстарда жаңғырып, күңгіріп қайтып келіп бойымды шымырлатқан қорқыныш әкелді. Далаға тезірек шығуға асықтым. Бірінші қабаттағы кезекші кемпір қырындап қисайған күйі қорылды соғуда. Өзі толық кісі қисайған күйі аяқ қолын бауырына жиып бүрісе домаланып қалған. Сыртқы есіктің ілгегін ақырын ашып сыртқа шықтым. Есік алдындағы шам өзін ғана жарық қылып өлермен болып сығырайып тұр. Сәл тұрыңқырап осым не дегендей аяғымды ілби басып, көрші жатақхананы бетке ұстап ерсілі-қарсылы ұзақ жүрдім. Алматы жазғы түн салқынындағы маужыраған тәтті ұйқының мұнарына батқан.

Аспан қара бұлт болып төніп, жерді бауырына бүрердей басып тұр. Тыныштықтан аяқ астындағы жердің бастырыла дем алғаны сезіледі. Ауырлықты жермен бірге төңірек те көтеруде. Біртіндеп түн қараңғылығы бойға үрей болып ене бастады. Бөлмемде ойға тұншығып ауа жетпей қысылсам, енді үрей араласқан батпан салмақтан ауырлай тұншықтым. Жәйден жәй өкпем алқынып кеңсірігім аши

жөнелді. Тынысым тарыла бере әжемнің: «қу жан кейде қиналып өсітеді», деген сөзі болмысымның арғы жағынан көміскіленіп бой көрсетті. Жүрегім елжіреді. Өне бойымды шырмаған темір құрсау босаңси қалды. Бетімді өздігінен ыстық жас жуды. Тұншыққан күйі тоқтаусыз ағыл-тегіл бола кеттім. Неге, неге осылай. Тым болмаса түсініп қол ұшын берер біреу болсашы, жаны ашыса ғой біреудің...

Кейде ұятсынбай осылай жылап-жылап алған да дұрыс шығар. Адамның көз жасының қайғы-қасірет пен мұнды жуып, әжептәуір сергітіп тастайтыны бар ғой. Көздің жасы көңілге де медет ...

Сәлден соң бойымды жиып, қолыммен көзімді сүрткен күйі серги бастадым. Бозарып таң атайын деді. Таңның ақ канаты етек жия Алатаудан асты. Алматы аспанының ақшыл көлеңке мұнары жұқарып, көмескі көрінген нәрселер, көзден көлегей тұрған көше бойы, төңірек айқындала берді. Шеке дың-дың. Біртіндеп төңірек айқындалып, жарықтанды. Мен сүйретіліп бастырылған күйі жүрдім де қойдым. Ентелей қарап тұрған Алатау сілемдері түнде біреу шомылдырып кеткендей тап-таза, көкпенкөк. Төбесіндегі қардың ақтығы ап-айқын, сүттей. Жоғарыдан төмен құлаған келте самал жел, әлсін-әлсін екпіндеп қояды... Бірақ, табиғат бұрынғыдай мені тебіренте алмады...

Келесі күні де, одан әрі де жауап жалғасты. Баяғы сарын сол сарын. Сабеновтың өзі де шығырланды. Ертеңгі жауапты ойласам болды күздің кара суығына ұрынғандай тұла бойым өзінен-өзі қалтырап қоя береді. Ойламай жүре алмайсың. Тек болар іс болды, тағдырдың жазғанын талайымнан көрейін деген тәуекел ғана бар, басқа амал жоқ. Түрмеге қамалмасам да әбден лажым бітіп қамығып, осынау кең дүниедегі өзімнің әлсіздігіме мойын ұсындым. Кейде сұс көрсетіп қақпалай беру соғыс ашқаннан да жаман ба дедім. Қажу адамды тығырыққа тіреп, осыншама дәрменсіз етеді деп ойламаппын-ау... Мен үшін дүниенің бәрі құрып, тіршілік қуарған сияқты. Аман жүрсең – заман сенікі деген сөздің жайына енді түсіндім.

Жатақханадан университетке Виноградов көшесі бойымен қасынан талай жыл күніне бірнеше өтетін КГБ-ның аждаһадай сұп-сұр мекемесіне осыншама кіріптар боламын деп ойлаппын ба. Онда асыға басып Сейфуллин, Дзержинский, Бейбітшілік даңғылдарын қиып өтіп, Коммунистік даңғылға жеткенде жолды көрсетілген жерден өтуге ерініп, турасынан консерватория мен бас пошта ғимаратының арасындағы арқа арқылы өтіп, университетке шыға келетінмін. Тез жүрсем 10 минут, асықпасам 15 – 20 минут. Бірден қосалқы есіктен кірсең, бірінші қабаттағы аудиториядан бір-ақ шығасың. Бүгінде сол жолыммен бас поштадан ақшам таусылып, аударма алуға беттедім.

Ғимарат қасындағы ескі архитектуралы консерваторияның екінші қабатындағы ашық үлкен айқармалы терезеден домбырада әуелі Огинскийдің Полонезі, Іле Түрік маршы ойналды да, шорт кесілгендей аяқталмай үзілді. Қайда асығып бара жатырсың, паузамен, бар ынтаңмен ойна деген дауыс естілді. Түрік маршы қайта басталып, домбыра үні енді басқаша шықты. Бұрын университетке лекцияға келгенде күніне бірнеше өтіп, айлар жылдар жүрген жер бүгін басқаша. Ағылып жүретін таныс студенттер де көрінбейді. Бұл жер әуелден жай тыныш емес, Алматының жан тыныштығын сақтаған шағын арал сияқты. Бір жағы Алматы қонақ үйі, Абай опера балет театры болса, төменде жазушылар одағы, үлкен фонтанды аллея – бағы бар өкімет үйі. Лекцияға кешігіп, өткен – кеткендерге қарап зәулім теректер саясында талай уақытты еш уайым-қайғысыз өткізген жерлерім. Ақша шығындамау үшін осы аллея бойы тақтайшаға ілінетін газеттерден күнделікті жаңалықпен танысатынмын. Консерваториядан жарыса шыққан әр түрлі кластың сан алуан әндеріне, жеке дауыста бір нотаны қайталаған әнші дауыстарына құлақ үйреніп елең қылмайды да. Ең арты бас поштаға аударма ақша, сүйіктілерінің хатына асыққан студенттердің өзі осы жерден өткенде айғай-шусыз жүріп емес, қалқығандай көзге көрінгенімен үнсіз өтуші - еді ау...

Жаманшылықтың қара бұлтты қоюланған сайын, кешегі асқақтаған армандар төмендей берді. Арман – мақсат, арман – махаббат. Оған қиянат жасап, орта жолда жәй тоқтай аларсың ба? Тоқтауын тоқтарсың - ау. Бірақ не боларсың. Өмір шоғының отының сөнбесіне кім кепіл. Өмір ұзақ жол, оның ең соңы сенің мақсатың, іздегенің. Өз орның, өз жолың. Ол да бір ән сияқты. Ән аяқталмай қалар ма. Аяқталмаса, ол ән болар ма. Арман – мақсат, әркімнің ішкі жан дүниесі, жүрекпен байланысып, тамырласып жатыр ғой. Бірінен-бірі айырылса, олардың жарақаттанып, қансырап, жүректі тұншықтырып, қалжыратары сөзсіз...

Жауап алу он шақты күнге созылды. КГБ-нің кіруге рұқсат құжатын беретін кеңсеге жұмысқа келгендей ертесімен келемін, содан қашан Сабенов шақыртқанша сарғая тосып отырам да қоям. КГБ-да сенбі - жексенбі, дем алу дегенің болмайды екен. Бүгінде күн жексенбі болса да жауапқа беттедім. Уақыт ерте болған соң, автобустан ертерек Сейфуллин көшесіндегі жындыхананың қасындағы аялдамадан түсіп жаяу жүріп келем. Күн сұрғылт. Бауырлаған бұлт не жаумай, не қоймай түнеріп тұр. Абайдан Держинский даңғылына бұрылдым. Анда-санда өткен жеңіл машиналар, бірең сараңғы өз жұмысымен олай-бұлай өткен кісілер болмаса бәрі солықы, төңірек тынши қалған. Денемді ауырлап, бастырыла жерге қараған күйі ілбіп келем. Тротуардың асфальтының су тиіп ойылған жерлері опырылып, қисайып денені тітіркендіріп ыңғайсыздық әкелуде. Жарылған жерлері де өрмекшінің тұзағындай тілініп әлде бір жаманшылықты меңзеп, аяқ басқан сайын тұзаққа түсетіндейсің.

Бұның бәрі менің көңіл-күйіме де сай. Өйткені, ойтүйсігімде сөз жетпейтін шаршағандық пен қажудың күнгірт көлеңкесі мен мұңдалап, бұлтты күнге сайма-сай келуде. Оң қолымды қалтама бір алып, бір салып, аяғымды зорға ілби басып, иығымда бес баттам ауыр жүгім бардай ой тұңғығына батқан амалсыз күйдемін. Көкейімде не болса да, тек тезірек бітсе екен деген бір – ақ шешім бар. Бос көше, сыл-

быр уақыт, асфальты сызықтанып жарылған тротуар, адам өмірінің бірден-бір бет пердесі, мәнсіз өмірімнің негізіндей

...

Өлгенде бәрі ұмытылады. Сен де жоғаласың, өлгендер жөнінде жаманишылық та айтылмайды. Мүмкін тезірек өлу керек шығар...

Сабенов те шаршаған болуы керек, бірден қабылдағанымен жиіркене, ызалы қарады. Дәл осылай жердің сызында жатып – жатып көрден тіріліп шыққан аруаққа гана қарайтын шығар. Көзқарасы сен осы біздің, коммунистердің арасында, тірілердің ішінде сүйегіңді сүйретіп неғып жүрсің дегендей...

Әдеттегідей жауап алудың басталар алдындағы тыныштық орнады. Тыныштықтың әр түрлі болатынын осы КГБ қабырғасында көрдім. Мынау даладағы тыныштық емес, ет пен теріңнен ине болып өтіп, сүйегіңді сырқыратып қадалып, жүйкеңді құрсап дәрменсіздендіретін, қорқыныштан қозғалтпай тастайтын ерекше суық тыныштық...

Екі қолымды қоярға жер таппай сыйпалана бердім. Қолдарымның қозғалуы, кейде дірілдеп терлеуі жауап басталарда өздігінен өсітетін әдетке айналған.

Сабенов бет-аузын тыржита күлімсіреген болды. Бұл күлу де емес, күлімсіреу де емес, сықақ, кекетудей бірдеме еді. Өзі тісін ақсита езуленген күйі үнсіз, менен көзін алмай бедіреюде. Шүнірек көз өңменімнен өтіп кететіндей сұсты. Әлсін-әлсін лықсып шыға келген ашуын әзер тежеп, көзін сықсита қарап зәр шашуда. Бір кезде титықтады білем, орнынан тұрып ерсілі-қарсылы жүре бастады. Мойнын бұра сүзеген бұқаша ала көзімен атып қояды. Айдай ашық күнде жауын күткен шермендедей не істерімді білмей тыпыршып мен отырмын. Ақырын қабағымның астынан барлай қарап, тергеуші, жаналғышымның ішінде не ұлып жатқанын білуге құмартамын. Сұрағын неге қоймайтынына таңмын, бүгінгі жауап алу мүлде басқа.

- Сендер жәй сотталмайсыңдар. Сотталудың да өзіндік ерекшелігі бар. Бұл әсіресе саяси жүйеге қарсы әрекет

жасағандарға қатысты. Қауіпті қылмыскерлер есі ауысып жындоханаға, мезгілсіз жол апатына түсіп жатады. Ал енді біреулері өмір бойы тергеуде болады. Себебі сотталған адам босайды, қылмыстық жауабын тартып өтей салады. Ол іштей сені кешіре ме, мемлекетке қарсы шығуын тоқтата ма, әлде зығырданы қайнап, арам ойын іске асыруға тырыса ма. Міне гәп қайда. Бір рет саяси жолдан тайған адамға сенуге болмайды, – деп Сабенов сұрақты өз сөзімен бастады. Түсіндің бе дегендей сөзін бөліп, дауысын баптай соза сөйледі.

Бұл сөздерді Сабенов мені қорқыту үшін жәй әшейін айтып тұр деп ойладым. Жындохана, жол апаты, өмір бойғы тергеудің болу мүмкін екендігі мың ұйықтасам түсіме кірер ме екен... Өзін мас па деп те қалдым. Түрі сау, бірақ сөзінде жүйе жоқ. Енді дұрыстап байқадым. Көзілдірігін қолына алып әйнегін сүрте бастаған Сабеновтың көзін анық көрдім. Қанталаған тарғыл суық көз. Бөлме іші тымырсық қапа болса да, денем дір етіп тоңып кетті. Айтқан сөздеріне сенбегенімді сезді ме, пішініндегі ашуы тарқар емес. Көзілдірігінің арғы жағынан ызаға булығы сығырайған көзі от шашады. Зілді дауыспен тістене тағы сөйлеп кетті.

Тоңғаның, ауырғаның, тамақ ішкіңнің келгені де тірліктің белгісі. Бәрі керек. Тіпті танаудың тесігі де керек. Ол болмаса қалай сіңбіресің. Сіңбірмей қалай жүрерсің. Табиғатта бәрі өз орнында. Тек, сендейлердің кесірінен қоғамда тәртіп жоқ. Адамдар айтқанды істеп, қабылданған шешімді бұлжытпай орындаулары керек. Жоғарыдағыларды тыңдағанда ғана мемлекет дұрыс дами алады.

Көпшіліктің пікірін қайда қоямыз.

Өй, сенде бір, көпшілік, демократия, құқық-мұқық, тәртіп болмаса кімге керек соның бәрі. Халық тобыр, топас. Оларға жөн сілтеп, жол көрсету керек. әйтпесе бәрі бас-басына би болып лағып кетеді.

Барлық сарыарқалықтардан ай жарым жауап алынды. Бірақ бізді беттестіру болған жоқ. Мүмкін бар шындықты ағынан ақтарылып, айтқандықтан жауаптарымыздың бір

жерден шыққанынан да шығар. Бәрімізде тергеуден шаршап қамықтық. Әбден лажымыз бітіп, осынау кең дүниедегі әлсіздігімізге мойын сұнғандай аянышты халде жүрміз. Сабенов қасында тағы екі көмекшісі бар тергеудің түрлі китұрқысына салып бізді біржолата титықтатты. Қалжырағанымыз сонша түрімізден мұң көлеңкесі қарауытып кетпей қойды. Белгісіз тұңғыық жүректі жаныштайды.

Бой десең бойы, ой десең ойы бар КГБ-ның қызметкерлерінің бірі жылы сөйлеп күле қарағанда баяғыдан білетін жақсы танысыңдай баурап әкетеді. Ал енді бірі қабағы қарс жауып, сұрланып тесірейе қарағанда бар қаның басыңа теуіп, жүрегің қысылып, кеудең ашиды. Бәрі де Совет өкіметі үшін жандарын шүберектің ұшына байлап жүргендер. Тек аңғарған адам ғана олардың көздерінің түбіндегі қаптарланған қалың сұсты сезері анық. Талай қырымсырымнан өтіп іріктелгеннен шығар үндеместердің бәрі дерлік сырқынды қу келеді екен...

Сабенов сөз арасында менің тұла бойымды тінте алғаш көргендей зер салып қарап қояды. Бірақ тергеушінің сөз саптасы, өзін ұстауы іс-әрекетінде әлдебір түсініксіз, қиюына келмей жатқан амалсыздық бар. Сабеновтың сөзінен шымырлаған денем түршіге-түршіге қан қысымымды көтерді. Құлағым шулап, меңіреуленіп айтылған сөздердің мағынасын шала шарпы естуге айналдым. Көзім де қарауыта бастады. Жүйкем тозып, мазамның кеткені сонша, қазір атып жіберсе де маған бәрі бір болды.

Кенет Сабенов әзірге бар, керек кезінде тауып аламыз деп нық сөйледі. Маған дауыс кекесінді естілді. Аң-таңмын. Үнсіздік орнады. Бадырайып қарап қалғанымды өзім де сездім. Сабенов: “бар, бар тергеу аяталды”, - деп рұқсат қағазыма қол қойып берді. Мен қаттым да қалдым. Өзіме-өзім сенбеген таңданыс сезімі еріксіз есімді кетірді. Күтпеген, өң мен түстің аралығындай бейне бір түсініксіз тосын жай.

Бар болғаны осы. Осыншама зәре-зәп қылған, шыбын жанның зығырданын шығарып бірнеше айға созылған тергеудің біткені ме. Не сенерімді, не сенбесімді білмедім. Мыл-

қау адамдай мелшиіп, кірпік қағуға да шамам келмей Сабеновке қарадым да қойдым. Өне бойыма ие бола алсамшы. Менің есімнен шала айырылған түрімді көрген Сабенов мейізі қана мырс етті. Езуі құлағына жете ыржиганда бетінде өзінің күш-қуатын көрсеткен, содан рахат алған кейіп пайда болды. От шашқан суық көз, сұсты түрдегі мына кекесінді, қуаңқы жымию сұрқиялықтың бәрін бойына жиып мәңгіге есте қалдырғандай.

Жүрегім өрекіп кетті. Аяғым жерге тимей КТБ-ның гимаратынан қалай шыққанымды байқамай да қалдым. Өзек талып, көз қарайғанда тергеу бітті-ау әйтеуір. Іште осы қулық емес пе деген күмән да бар. Салқын сабырымнан айырылмауға тырыстым. Жолға шығу үшін жатаханаға бет алдым. Тұла бойдағы қорқыныш іздері өте қоймады. Ту сырымнан ала көздер сұқтана бақылап тұрғандай әсер етеді. Бәрі бітті деп өзімді жұбатқаныммен көңіл құрғыр елеңдеп, жан-жағым жалтақтай бердім. Жарық дүниеге келгеннен бергі естіген бар дауысым бір төбе де, Сабеновтың кекесінді зұлымды үні бір төбе...

Алматының қоңыр кеші бойымды жеңілдетіп көңілімді көтерді. Алатаудың бөктерінен қалаға ескен самал желді қайта сездім. Алматыда бес жыл тұрып, күннің қай жағынан шығып, қайда бататынына мән бермеппін де. Әйтеуір арқадағыдай емес, ақшам болар болмаста күн ұясына тез-ақ қонады. Қаланы қоршаған Алатау сілемдері де, биік-биік көп кабатты үйлерде күннің тез кетуіне себепші-ақ. Тек кейде батып бара жатқан күн шұғыласы биік үйлердің арасынан сәулеленіп көрінеді де, тығылмақ ойнағандай жоқ болады.

Аспандағы күн жарығына, ақшылданған төбе-төбе бұлттарға ұзақ қарадым. Бұлттар сырғанап жылжып көшіп барады. Ерік өздерінде, бастары бос, ешкімге тәуелді емес. Жүрегі құрғыр құлази түсті... Шексіз дүние, шексіз жол. Ал сен сол жолдағы жолаушысың. Бұл жолмен талайлар жүрген, жүреді. Біреу ол жолдан ерте, біреу кеш бұрылады. Әркім өз мақсатына өз жолымен жетеді. Жетеді ме... ? Бүгінгінің бәрі ерте ме, кеш пе тек естелік болары да сөзсіз...

Ауробиноның «ұстаз қалай осы күйіңізде, осынша жасқа келгенше кәртәймай сақталдыңыз деген сұраққа – Мен жас күнімнен-ақ бүгінгі күнгі қиыншылық, кедергіге ертеңгі күннің көзімен қарауды үйрендім, бүгінгінің қайғысы ертең басқаша болатынына көзім жетті» деген сөзі есіме түсті. Бірақ бүгінгіне ертеңгі күнімен қалай қарарсың...

Ерте болғанымен, күн тез өтіп төңірек ала көлеңкелене қалды. Көше шамдары сығырайып, әлі жарық бере қоймай, елең-алаң болды. Түнделетіп Целиноград қайдасың деп, жолсерікпен келісіп билет алмай-ақ поезға міндім. Жол бойы терезеден көз алмай сыртқа қарадым да қойдым. Ойым әр жаққа кетіп, тарыдай бытырады. Алматыдан алыстай берсем де Сабеновтың: «Ия революционер шырақ, не айтасың», - деген кекесінді дауысы зердемде өшпестей мәңгіге қалды. Поезд ұшы-қиырсыз сары даланы зуылдап тіліп келеді. Кішігірім станциялар жарқ етіп көрініп, жыпылықтап артта қалады. Таңата бере, аспан ала бауырлатты. Алматыдан ұзай елді мекен азайды. Көзжетерлік көкжиек барып-барып қою қараңғылықтың қойнына сіңді. Сарыарқаға жұтаң жаз өтіп, қуаң күз келіп жеткен екен. Қоңыр күздің салқын желі де ызыңдап сарғайған ақселеуді толқындатып, арасында иіріп қояды. Селеудің қатайған дәндері тікенеңтенген. Жол бойы жүдеу тартып, жұмырланған боз төбелер суыққа ұрынып, қыстың шерін тосып сазарғандай. Тұнжыраған ала бұлттар да бауырлай жылжиды. Мен жол бойы өткен күндердің бәрін амалсыз сарсаң ой елегінен өткізумен болдым. Жалғызсырауым бар жылуымды жаным жабырқап шығармай, қаным кеуіп тұнжырап, торыға бердім.

Қарағандыға жақындай сағым шалған сілем дөңдер, қыраттар көбейді. Сағым көмген көкжиек бірде дөң үстінде тұнып қалған түтін сияқты, енді бірде адыр-адырдың арасындағы көл тәрізді.

Суық жаңбыр сілбіп көк иық қылуда. Жұрт қыстың қамына қызу кіріскен. Жол бойы егін орағының қарбаласы көрінеді. Целиноград қаласына да жеттім-ау, әйтеуір. Өзімнің ба-

сым еркін екеніне әлі де сенбеймін. Жүгім де көп, студенттік кезімде жинаған кітаптарымның біразын таныс жолдасымның үйіне тастап кетіп, осы керек-ау дегенін жол серікпен келісіп алып келе жатырмын. Жауын күшейді. Суық - дымқыл ауа ашылған есік-әйнек терезелерінен кірген желмен бірге ілесе келіп, дене тітіркендіреді. Станцияға жақындағанда шашылған-төгілген мардымсыз көрініс көрер-көзге жалғасып, ауа-райымен бірге денені де ауырлата берді. Қалай болса, солай салынған үйлер де жөндеу көрмей жартылай жерге батып бара жатқандай. Кейбір шалшық-көлшік жағалауларын қамыс та басып кеткен. Айқыш-ұйқыш қиылысқан рельстің қоқысынан, жөндеу көрмей тұрған вагондар «біздің қал осындай» дегендей мүжіліп, мүлгіп тұр. Вокзал басындағы жолаушылар да бей-барақат, киімдері де жұпыны, әйтеуірі өлместің амалы сылбырт. Мені достарым қарсы алды, өз үйлеріне орналастырды.

Бірден жұмысқа шығудың реті бола қоймады. Жұмыс іздеудің сергелдені екі айға созылды. Әйтеуір өлдім-талдым дегенде таныстықпен техникумдағы комсомол жұмысына орналасудың реті келді-ау. Сенің біліміңе, дипломыңа қарап жатқан кісі жоқ.

Пейіштей болған Алматыдан кейін суық желі азынаған, менталитеті, тұрмыс жағдайы басқаша облыс орталығы көңілден шықпады. Жөндеу көрмеген үйлер, ерте келген күз, бейтаныс орта менің мысымды баса берді. Мәдениет ошақтарын былай қойғанда, кітапхана қорларының өзі жоқтың қасы болып шықты. Жаңбырлы күз, суық ауа, беймәлім жұмыс студенттік шақты сағындыра берді. Тек Целиноградтық достарымның ортасы, солардың көңілдерінің жылылығы жоқты бар қылып, еңсені көтеріп демеу болды. Біртіндеп өзім істейтін техникумдағы комсомол жұмысы да игерілді. Студенттердің сабағы басталысымен қалалық комсомол комитеті разнарядқасымен ТЭЦ-2-нің жұмысы қызу басталды. Менің түсінгенім ТЭЦ-2 іске қосылмаса, қалада жылу болмайды. Жайшылықта, ел аман жұрт тынышта жоғарғы қабатқа су көтерілмей жүргенде енді жылудың болмауы тіпті

де түсініксіз. Күнде таңертеңімен автобус келіп арасында группалардың кураторлары бар студенттерді жұмыс орнына жеткізеді де кетеді. Қаптаған халық, қаланың, қолына күрек ұстауға жарамды дегенінің бәрі осында. Екі-үш адамға бір күрек, бір қайла, ана жерді, мына жерді шұқылау. Бұл не деген сұрағыма маған бір кісі биікте тұрған «Ударная комсомольская стройка» деген жазуды көрсетті. Бәрі түсінікті болды. Содан не керек бір жарым ай, жауын-шашын, қарлы боран студенттер кезекпен ТЭЦ-2-нің құрылысына араласты. Қабағы қатқан қарашаның суығына да бой үйренді. Қиындығы көп алма-кезек күндер. Ызғырықтап соққан суық жел іштеріне кіріп, икемдері кеткен студенттердің жұмыс істегендерінен жылынғандары көп. Студенттердің сабағы жайына қалды. Беріп жатқан жалақылары да жоқ. Бірдеңе төлемеуші ме еді десе, сендер «подхваттасындар» және бұл сендердің комсомолдардың құрылыстары деп шығарып салады...

Уақыт өтіп жылжи берді. Аязды қыс келді. Алай-түлей ақ түтек боран саябырласа, шартылдаған сар шұнақ аяз қысады. Аяздатып соққан жел бет қаратпай қарып өтеді. Жел дүрілдейді, ысқырады, ұлиды. Қала көшелері тау – тас қар. Тек машина жүретін бір із ғана тазаланады. Автобустар аз, адамның көптігінен оған міну бір құдайдың азабы. Аяғыңның басылғаны былай, түймелерің үзіліп, өз аялдамаңда шыға алмай қыстырылып жатқаның. Менің жаным батқаны ана тілінде сөйлейтін адамдардың аздығы, ұлттық әдет – ғұрыптың жоқтығы болды. Тіпті қазақша сөйлеген адамдарға жұрт алая қарайтынын қайтерсің.

Қазақ тілінің өз деңгейінде ресми пайдаланбағаны былай тұрсын, қоғамдық көлік автобус, троллейбус ішінде ана тілінде сөйлегендерге кондукторларға дейін ескерту жасауы көрер көзге оттай басылып, аңыздап шабатын көңілді тағалай берді...

Арада бес-алты ай өтті. Уақыттың жазбайтын жарасы бар ма. Өткеннің қара түнегін күнделікті тіршіліктің жүгірісімен ұмытуға айналғанда жұмыс орныма КГБ-ның қызметкері із-

деп келді. Келесі күні облыстық КГБ-ға келуіме шақыру қағазын тапсырды. Ұзын қол, тіміскі тұмсық мұнда да жетті. Жанның уақытша тылсым тыныштығының көкжиегі сағымданып алыстай берді. Қарада бой, қарда ізін қанша көрмейін десем де КГБ-ның қызметкерлерімен кездесуге тура келді. Бардым. Бәрі өткендегідей еш бұлтырықсыз бірге-бір. Суық түс, арбау. Сұрақ-жауап. Бір өзгешелігі мөлітіп көп тостырған жоқ. Ең бастысы бұл шақырыс менің облыстық комсомол ұйымы үгіт-насихат бөлімінің лекторлық тобына ауысып жатқан кезіме дәл келді. Әдейі істелінді ме, жоқ солай кездейсоқ болды ма, оны ойлауға уақыт та болмады. Мазалап көп шақырмаса да күдік пен үрейдің сергелдені қайта басталды... Екі жұмада бір КГБ-ға келіп белгіленетін болдым. Күрең қабақ жүріс. Төсекке күдікпен жатып, күпті көңілмен ояну тағы да әдетке айналды.

Көктем шыға комсомолдың жұмысы қызды. Советтер Одағында теңдесі жоқ, тәрбиелік мәні зор КПСС-тың бас хатшысы Леонид Ильич Брежневтің «Тың», «Қайта өрлеу», «Кіші жер» атты әдеби-көркем шығармалары дүниеге келді. Комсомол бар күшін осы үш қиянды зерттеп-насихаттауға салды. Барлық бастауыш ұйымдарында күн тәртібіне қойылып жиналыстар өткізу өз алдына, конференцияларда оқытушылардан бастап зейнеткерлерге дейін кітапшалар мазмұнымен таныстырылды. Үгіт-насихатпен бірге жоғарғы жаққа ай-сайын цифрлы-сөзді есеп беру күшті жолға қойылды. Ауыл комсомол ұйымы ауданға, аудан облысқа, облыс республикаға есеп берді. Ең қиыны есеп беру емес, ай-сайынғы жиын-конференция, лекцияларға қатысқан адамдардың санын өткен аймен салыстырғанда кем дегенде 1, 5%-ға өсіру болды. Кейбір аудандарда есеп бойынша жиналысқа қатысып сөйлеген адамдар саны, аудандағы комсомол мүшелерінің санынан асып кетіп жатты. Жан қысылды. Не істеу керек. Аудандағы халықтың санын көрсеткіш үшін көбейте алмайсың, өлгендерді өлмеді, тұмағандарды туды деп жаза да алмайсың. Ал жоғарғы жаққа жіберетін көрсеткішті кемітсең жұмысты нашар істеген болып шығасың. Бас қат-

ты. Адам тығырыққа тығылса таппайтын амалы болмайды екен. Жауап кенеттен Архимедтің эврика деп айғайлағанындай ойда жоқта шешіле кетті. Кітаптардың құндылығы, жақындығы сондай, көптеген комсомол мүшелері жұмысқа да бармай, жиналыс-конференцияларға өз еріктерімен қайта-қайта бара берген болды. Жағдай жөнделді. Ең бастысы бұрынғыдай әлулэй...

Енді уф-дей бергенде ВЛКСМ-нің Орталық Комитетінің құрылыстарға комсомолдық қамқорлықты күшейту туралы қаулысы шықты. Брежневтің кітаптарын жаппай сүйіспеншілікпен оқыған жастар, идеялық жағынан толығып пісті деген болулары керек. Әлде жан-жақтан барған есеп-баяндамалардың буы ма кім білсін. Комсомол ұйымдарына үлкен сенім артылды. Одақ бойынша Целиноград облысы солтүстік мұхит аралығындағы Депутат кенішіне, ал Қазақстан бойынша Екібастұз ГРЭС-іне адамдар жіберуге міндеттелді. Сүркіл қайта басталды. Ешкімнің солтүстік мұхитқа да, мына тұрған Екібастұзға да жоғарғы жалақы деп үгіттелінсе де барғылары жоқ. Әйтеуір жеңіл машинаны кезексіз аласындар дегенге қызығып, біраз қыз-жігіттер Депутат кенішіне жұмысқа баруға келісті. БАМ құрылысынан тәжірибе алған комсомол басшылары жұмысты қыздырды. Жалма-жан кетушілерден отряд құрылып оның атын, ән-ұранын жасап, командирімен комиссарын тағайындап үрмелі аспаптармен музыкалатып шығарып салынды. Ал Екібастұз құрылысы бүкіл облыс жұмысының көрсеткішін бұзып тұрып алды. Адам жоқ, ешкім келіспейді. Сөйтсе Екібастұзға бұрында жастар жіберіліпті. Жағдайлары болмай бәрі арып-аршып, жүдеп қайтқанға ұқсайды. Не керек бұған да айла табылды. Облыстағы әр аудан комсомол комитетіне 5-10 адамнан табу жөнінде нақты тапсырыс берілді. Кімді әкелсең оны әкел, әйтеуір Екібастұзға жетсе болды. Арғы жағына сіз жауап бермейсіз делінді. Жылым жиғандай жалынып бұл құрылыс отряды да жасақталды. Кімнің кім екенін түсінбейсің. Көбінің кейіптерінде береке жоқ. Жуынып-шайынып бір-

келкі форма кигендері болмаса, көптен жұмыспен шаруалары болмай шөлмекпен айналысқандары түрлерінен көрініп-ақ тұр. Әдеттегідей Ленин ескерткіші алдында митингі өткізіліп гүл шоқтары қойылды. Теледидар-радио, баспасөз қызу жұмыс істеді. Милицияға не істесе де отряд мүшелерін ұстауға тыйым салынды. Отряд мүшелерін Есіл қонақ үйіне орналастырып екі күн әке-көке деп күтіп, музыкалатып оларды да аттандырдық. Орталық комитетке жоспар орындалды деп ақпарат жіберілді. Менің түсінгенім әр республиканың облыстық, қала-ауданның өз құрылыстары бар. Ол құрылысқа ерекше көңіл бөлінеді. Сенбілік, жексенбіліктер өткізіледі, оған басшыларда кезіндегі Ленин сияқты қатысып үлгі көрсетіп қояды. Кейбір бірінші хатшылардың арнайы күрек-айыры да бар екен. Басшының құрал-сайманын жалпы бөлімнің нұсқаушысы нөкер сияқты көтеріп жүреді... Ендігі жұмыс Шұбартаулықтардың ұсынысын қолдап мектеп бітіруші оқушыларды класымен қойдың санын 50 миллионға жеткізу үшін бригада құруға үгіттеп жұмысқа жіберу.. Комсомол жұмысы менің көңіліме бірде жағып, бірде жақпай жүріп жатты.

Дәл осы кезде Целиноград қаласы Одақта болмаған үлкен жаңалықтың куәсі болды. 1978 жылдың жазында Целиноград қаласында АҚШ-тың ауылшаруашылық көрмесін өткізуге Мәскеу рұқсат берді. Бұл айға ұшқандай жаңалық еді. Ауылшаруашылық көрмесі Американикі болғандықтан тәртіп сақтау органдары әсіресе КГБ алдын ала өз жұмыстарын күшейтті. Комсомол, кәсіподақ ұйымдары алдына патриоттық міндеттер қойылды. Қала тазартылып, үй-күйсіздер, қаңғыбас-қайыршылар ұсталынып қаладан алысырақ апарылып тасталынды. Көрмені көруге баратын адам тізімі завод-фабрикалардың 1-ші құпия бөлімінде күні бұрын жасалып, олардың арасынан өте сенімді екі-үш кісі таңдап алынып не істелінуі, қандай сұрақ қойылуы керектігі үйретілді. Целиноград облысы бойынша көпшілікке айтылмағанымен обком, горком төңірегінде ерекше жағдай жарияланды.

Күн де жылыды. Көктемнің былығы азайып, құрғап көк шығып жаз келді. Өз бетімен жүріп бара жатқан ешкімге, ештеңеге тәуелсіз табиғат, уақыт қана...

Мені КГБ-ға шұғыл шақыртты. Мосқал кішкене бойлы, толық полковник менімен сыпайыланып қазақша сөйледі. Біраздан соң орысшаға көшіп: «Жарайды, балақай жағдай былай, не үшін екенін өзің білесің 48 сағаттың ішінде қаладан өз еркіңмен кетуің керек. Жұмысыңмен келістік, еңбек кітапшаңа өз өтінішіңмен-деп жазылады. Ал қазір мына параққа *келісемін* деп қол қой», - деді. Үнсіздік ұзаққа созылған жоқ. Мен сыртқа беттегенде полковник ілесе шықты. Кабинетінің есігін жауып жатып ұзын коридорға оңды-солды қарап алды. Баспалдақпен екінші қабаттан түсе бергенде полковник тоқтармандай баяулап: «Балақай, басыңа қауып төніп тұр, алды-артыңа қарамай кет», - деді. Мен аң-таңмын. Секем жүрек қуыстанғаны қашан. Жаманшылықтың торын бұрын сезгем. Сөз бітті. Жауап қайтарылмады. Астыңғы қабаттағы кезекшілердің қасына келген кезде полковник бойын тік ұстап тоқтаусыз өтіп кетті. Құжатымды алып далаға шыққанда ешкімді көре алмадым. Әлде-неден ұшынған адамдай бойым бей-жай күйі жаяулап тұрып жатқан жатақханама ілбіп-салбып зорға жеттім. Көрші бөлмедегі радиодан денені шымырлатқан сазды да, мұнды күй орындалып жатты.

Айықпайтын, аяусыз қасіретті көрсеткен қара домбыра бірде баяу, бірде қатты тебіреніп сарнайды. Іштегі қайғы-қасірет басқа өрбіді. Шекем солқылдап, тіршіліктің жазы салқын тартып, айнала қарандана берді.

Басқа барар жер, басар тауым болмағандықтан үйреншікті Алматыма бет алдым. Кетер күн бұлтты болды. Кешкісін нөпірлеп сабаған жауын бәсеңдегенімен түні бойы сіркіреп көк иық қылды. Күн күркіреді...

Алматы өзгеріссіз, бірақ солғын. Көпке пана болып арманға айналған қала жасыл желеңге оранған күйінде. Тек кәрі Алатау сабырлық сақтап, ойға шомып мүлгіп Алматының ысын түсіріп басып тұр. Жұмысқа орналасу үшін баспа-

на тіркеуін іздеп көп әуреге түстім. Ал тіркеу сол үйдегі кісі басына 9 шаршы метр жер болғанда ғана рұқсат етіледі. Қай туыс-таныста қашан ондай артық шаршы жер болған? Қайда барсаң да тіркеуің бар ма деп сұрайды. Төл-құжатыңда қалада тұрады деп тіркелген жердің мекен-жайы көрсетілген бұрыштамаң болмаса сен маман да, адам да емессің. Не керек үш айда қасқырды жезде, ешкіні апа дегенге жетіп, тағы да жора жолдастарымның арқасында тіркеу тауып, Алматы Халық шаруашылық институтына мұғалім болып орналастым-ау. Бас саулығы, жан тыныштығы үшін Советтер Одағының Коммунистік партиясы тарихынан сабақ беруге мамандандым. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруге икемдендім. Мені мұң мен сейіл тез алмасып, қу тіршіліктің қақпағы безілдетіп заман ырқына көндіре берді. Біреуді біреуге телміреткен томырық, топас қоғамның қаңбағы болып домалай беру ғана қалғандай...

Күндер өтті, айлар өтті, алыстады жастық шақ. Үйлендік, балалы-шағалы болдық. Бәрін үлгеру керек. Балаларды қалада пәтерімнің жоқтығынан әке-шешем Бестөбеге алып кетіп өсіріп жатты. Өмір өзінің арнасын, жалғасын тапты. Бесігіңнен зиратыңа дейінгі аралық алыс, алыс та болса жақын екені біліне бастады. Жер жәннәті Алматыға қанша бауыр бассам да көңілім ауылды аңсайды да тұрады. Қаланың қарбалас тірлігі терінді қалыңдатып, ана-мынаға мойын бұрғызбайды. Содан болар іштегі әлде бір асылдарым күн сайын сынып, оның орнын болмашы бірденелер басып жатқанын сезінем.

Міне кешегі ұйқысыз шаршамай арманмен талай таңдарды атырған жастық шақта зуылдап өте шығып ізде қалмай барады. Тек сол кездердің ерекше сәттері көз алдымнан кетер емес... Өткен күнімді ара-тұра КГБ-да ұмыттырмады. Мен қайда барсам да, не істесем де сырт көздің барлығын әрқашан сезіп жүремін. Қайтқан көңіл не болса содан секемшіл болып алды. Күнделікті тірлік, бала-шаға қамы пендешілікке белуардан батырды. Заманның ағымына біржолата бейімделдім. Жағдайымен санасып, істеген істеріме жалтақтай

қараймын. Іштей сенбесем де қоғамдағы ахуалдарды дұрыс болсын, қисық болсын қолдайтын болдым.

Былай қарасаң бәрі жақсы сияқты. Экономика жылдан-жылға өсіп, қорғаныс қабілетіміз күшейіп, ұлтаралық, халықаралық достығымыз күн санап артуда. Жетістіктер жоқ емес. Бірақ... бірақ көңілде күмән көп. Көзге көрінгісіз жоқтың, дұрыс еместің елесі көкейде қалықтап тұр. Жалғандықты кімнің сұбыханы сүйген... Ең әділ дамыған социализм қоғамын орнату барысында коммунистік басшылық қарапайым әділдіктерден айырылуы көбейе берді. Көзбояушылық кеңінен етек алды.

Қазақстанда көз көріп құлақ естімеген бүлік аяқ-астынан ойламаған жерден бұрқ етті. Батыс Германияның канцлерімен кездескен КПСС Бас хатшысы Леонид Брежнев екінші дүние жүзілік соғысқа дейінгі СССР-дегі неміс автономиясын қалпына келтіруге уәде берді.

Автономиялық облыс немістер жер аударылып шоғырлана қоныстанған Қазақстанда ашылатын болды. Целиноград және Павлодар облыстарынан жер бөлінді. Бөгенбай батырдың қыстауы Ерейментау қаласы Ассельборнға ауыстырылып, облыс орталығына айналатын болды. Автономиялық облыстың партия және атқарушы органдары басшылары да жедел түрде неміс ұлты өкілдерінен бекітілді. Әдеттегідей халықпен санасқан ешкім жоқ. Халық та бір, мал да бір.

Жуас түйе жүндеуге жақсы ғой. Қазақтың жуастығын, ақ көңіл ашықтығын пайдаланған өкімет коммунистік моральді үдіртіп, ойына келгенін істеп бақты. Бірақ аққан суға да тоқтау бар, шыдамның да шегі барын ескермеді. Бәріне көнген қазақ халқы сонау бағзы заманнан бері найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғалып ата-бабадан мұра болып келе жатқан жер-анасына ауыз салғанға шыдап тұра алмады. Көп зұлымдық, көп қорлықтан асқан мына зорлық ұлт ішіне тас шемендей қатып, ел жүрегін ыза кернеді.

Өткеннің олқылығын, жіберген ыза-кегін қайтарғылары келді. Қазақтың жер тұтастығы үшін өмір таразысына барын салып, халқына адал қызмет еткен басшылар еске алынды.

Шымкент облысының ең құнарлы үш ауданының Өзбекстанға белден басылып берілгені ұмытылмаған. Алматы облысынан Ұйғыр автономиясын ашпақшы ниетті іске асыру үшін Юсуповтың компартияның бірінші хатшысы қойылғаны да айтылды. Әсіресе тың өлкесі ашылып Ресей Федерациясына Қазақстанның бес облысын қоспақшы болған Хрущевке қарсы шығып қуғындалған Ташеновке ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты. Бәріне көнген халық ата-баба мүрделері жатқан жерден автономия ашуға жол белгілері келмеді. Ел дүрлікті, жастар алаңға шықты. Бірнеше күнге созылған Ақмола – Ереймен көтерілісі туралы ести сала мазасыздандым. Алды-артымды ойлап қипақтасамда Алматыда бұғып қала алмай Целиноградқа бет алдым. Ақмола-Ереймен көтерілісі кезінде Мұқағали Мақатаевтың өлең жолдары есіме түсті.

Зер ұсынған кісіге нан ұсынған,
Алысудан аулақпын, шабысудан,
Ей, қазақтың баласы, есіңе ұста,
Өлсем өлем, сірә, мен намысымнан.

Жақынынан, жауынан, жалдақтардан,
Ата-баба намысын қорғап қалған.
Момын қазақ намысын жібермеген,
Жоңғар, Шыңғыс, жөйтпен қалмақтарға.

Сол қазақтың мен де бір жапырағы,
Арқасы бар, Алматы, Атырауы,
Ар-намысын аяққа таптатпайды,
Қашаннан да қазақтың топырағы.

Әдептімін, ұяңмын именемін,
Сыраға бал, сыйыңа-сый беремін
Аңқау қазақ екен деп ағайындар,
Намысыма алайда тиме менің!

Әрине ақынның бұл өлең жолдарын Компартия басшыларының оқымағаны белгілі...

Естігенімді келіп көзіммен көрдім. Бұл советтік жүйенің билігіне қарсы шыққан үлкен оқиға болды. Қазақ халқы кіндік қандары тамған туған жерлерін қорғауға көтерілді. Көпшілік 1916 жылғы Ресей патшасының июнь жарлығына қарсы шыққандағысындай дүрбелеңге түскен. Ызаға булыққан жұрт бір түйін болып жиылып, неден болса да қайтар емес. Өз ұлтымнан мынадай өр мінезді алғаш көрдім. Жүрегім асаудай тулап, алып-ұшты...

Жерлестерімнің өтінішімен елден шыққан, қазір зейнеткер болса да беделді Сиязбеков ақсақалмен оқиға жөнінде ақылдасуға кері қайттым. Алматыда Төлебаев көшесінде тұратын ақсақалдың пәтерін тез-ақ таптым. Шай үстінде басталған әңгіме үйдің қасындағы шыршалы скверде жалғасты. Көрген-білгенімді аптыға жеткіздім. Ақсақал үнсіз, мұқият тыңдады. Жетпісті белдеген қарияның жұқа өңінен берік төзім, сабыр нышаны сезілді. Ақсақал Ақмола – Ереймен оқиғасынан толық хабардар екен.

Болған іс болды. Саяси қателік кетті. Қазір Мәскеудегі соғыс ардагерлері комитеті басшылары бұл мәселемен айналысуда. Көзсіз от пен суға түсе бермендер, - деп Сиязбеков ақсақал қоңыр дауысымен баяу сөйлеген күйі маған қарады да суық езу тартты.

Мәскеу бізді не қылсын, соғыс ардагерлері комитеті қолынан не келеді? Сары ешкінің бәрі ешкі емес пе?

Сиязбеков ақсақал маған үнсіз, ұзақ қараған күйі тұрып-тұрып, «ол жерде кешегі Германиямен соғысты басқарған генералдар мен маршалдар бар» деді де ақырын аяндап жүріп кетті. Мен соңынан ілбіп келем. Іштей наразымын. Сквер тыныш. Бейсауат жүрген адам жоқ. Бұл Мұқан Төлебаев атындағы көше – элита көшесі. Біраздан соң ақсақал қолын беріп тұрып: «Қарағым адамның көнбейтіні жоқ. Қиыншылықтың үлкенді-кішісі болмайды. Бірақ сенен де қиындықты көп көріп, соған көніп жүргендердің бар екенін ұмытпа. Олар да Отанын сүйеді, хал-

қына, ұлтына жақсылық жасағысы келеді. Балаларының болашағын ойлайды. Кім ұрпағының өмір айдынында аққудай қалқып жүргенін көргісі келмейді? Келеді. Бірақ өмір-дүние аспанға көтерілген баспалдақ сияқты. Сен соның бір жеріне жетесің де тоқтайсың, әрі баруға ғұмырың жетпейді. Ал арман, мақсат-тілегіңді артыңдағы ұрпағың ғана жалғастырады. Адам не істесе де, ұрпағының болашағы үшін істейтіні содан. Сол үшін өмір сүреді, сол үшін күреседі. Ал енді бірде өмір үлкенді-кішілі толқындармен тоқтаусыз ағатын, өз арнасымен жүретін өзен сияқты. Саған тек соны көрушілік қана пешенеңе тиеді... Бәрі жақсы болады, түзеледі, ерте ме, кеш пе әділдік орнайды. Ал мен барайын, бел мен аяқ шыдар емес, аурудан емделу бар да, кәрілік бар екен, кәріліктен ешкім емделген емес» - деді де ақсақал бүкіреңдеп еңкейген күйі жай басып үйіне беттеді. Мен бір сәт орнымда мелшиіп тұрып қалдым да, сосын тро-туар бойымен төмен беттеп өз жөніме кеттім...

Сабыр түбі – сары алтын. Халықтың наразылығынан автономиялық облыс ашылмады. Сиязбеков ақсақалдың айтқаны келді, бұл іске Мәскеудегі соғыс ардагерлері комитеті де қатты араласыпты. Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысынан «Тың өлкесі» жасалып Ресейге қосылмағанындай, Алматы облысын бөліп Ұйғыр автономиясы құрылмай қалғанындай тағы бір апаттың дауылы қазақ даласын айналып өтті. Бірақ Целиноград қаласындағы Ленин ескерткіші алдындағы алаңға шығып, жер тұтастығын талап еткен студент жастардың біразы оқуларынан шығарылды. Қазақ жастары советтік биліктің жуан жұдырығынан дәм татты.

Отыз тістен шыққан сөз отыз ру елге тарап, автономиялық облыстың ашылмағанына жұрт тәубә десті. Қазақтар бастары қосылса ата қоныстарын әлі де болса қорғай алатындарына көздері жетті. Бірліктің күшін көрді...

Күндер айлап, жылдап күнделікті күйбеңмен білінбей өтіп жатты. Қолым босай қалған кездерімдегі ермегім, өзімнің үйреншікті ісім – жамбастанып жатып алып көр-

кем кітап оқу. Сыр шертісетін ең сенімді достар да осы кітаптар. Міне Акутагаваның «Расемон қақпасы» әңгімелер жинағы қолымнан түсер емес. Кітап – өмір, кітап – жеке дүние, әлем. Әрбір кітап сол жазушының ойы ғана емес, өмір жолы, шындап келгенде өзі. Сәттілігі, қиыншылығы араласқан кітаптар да әр түрлі. Кейде адамдар сияқты кітаптардың да ештеңе тұрмаса да сырты жылтырап тұратындары да кездеседі. Бірақ адамдардан кітаптардың бір ерекшелігі сырты бүтіні, іші түтіні аз және олар өз ойларын саған тықпақтап, мойныға салмақтап жабыстырмайды.

Өзіме Мұхтар Әуезовтен бастап бүгінгі күнгі жазушылардың шағын шығармаларынан, новелла, әңгімелерінен кітапхана жасауды студент кезімнен әдет қылғам. Тәкен Әлімқұловтың, Оралхан Бөкеевтің, Сәтімжан Санбаевтың қысқа да нұсқа шығармаларын әлсін-әлсін ақтармасам жан дүнием жүдеп сала береді. Бойымды билейтін елдік сезім мен еркіндік мұратын осы кітаптардан сусындатамын.

Сексенінші жылдар да келді. Советтер Одағында бұрын-соңды болмаған саяси билік өзгерісі басталды. КПСС Бас хатшылары билікке қол ұстасып, бірін-бірі сүйемелдеп келгендеріндей бір мезгілде бұл дүниеден бірінің артынан бірі кезекке тұрғандай кете бастады. Брежнев, Андропов, Черненко. Халық бұл уақытты «әдемі жерлеу рәсімінің бес жылдығы» деп атады. Естегісі Юрий Андроповтың елге қатаң тәртіп орнатқысы келгені ғана. Сағат тоғыздан кешкі алтыға дейін көшеде, дүкендерде, моншаларда рейдтер жасалып, адамдар ұсталып, тексеріліп, жұмыс уақытында бос жүргендері үшін жауапқа тартыла бастады. Соғыс кезінде 1 килограмм бидай үшін 10 жыл берілгендей, жұмыстан шеге алған жұмысшы сотталды. Социалистік мүлікті көздің қарашығындай қорғау кеңінен етек алды. Белсенділер тіріліп КГБ мен милицияға қосылып еліріп шыға келді. Халықтық бақылау комитеттерінің жұмыстары жанданды. Естілер, зиялы қауым жағына 37 жылдың қара бұлты елес беріп, кең дүние тарығайын деді. Алматының дымқыл ауасы түнерген бұлтпен бірге иықтан жаншып жүргізбеуге айналды. Қатаң

тәртіптің арғы жағында шектеуліктің шеті шығып, халықтың көңіл күйі сергелдеңге түсті...

1985 жылдың көктемінде билік басына Михаил Горбачевтің келуін халық қуана қарсы алып «уһ» деді... Горбачев қайта құруды бастап кеп жіберді. Саясаттың қалың сеңі орнынан қозғалайын деді. Кешегі құлдық менталитеттегі совет азаматына енді өзінің өміріне, жан ұясына, мемлекетіне жауапкершілігін түсінуінің керектігі баса айтылды. Мемлекеттік құрылыстың адамға емес, адамның мемлекетке жауапкершілігінің беті ашылды. Горбачев құқықты, демократиялық социалистік қоғам құрғысы келіп шындықтың шымалдығының етегін көтере бастады. Қайта құрудағы романтикалық ұмтылыс жылылықтың жаңа лебін әкеліп, мүлгіген қоғамды ұйқыдан оятты...

1986 жыл Алматы күзі. Аумалы – төкпелі ауа – райы. Күндіз шағыр күн жылымықтана қалса, іле-шала жауырыныңнан соққан ызғарды сезесің. Қалада жауын жауса, тау бөктерлеріне қар жауады. Күтінгендер күтініп, жастар жағының ангинасы мен тұмауы басталуда. Тек менің биыл ештеңемен ісім жоқ, кандидаттық диссертациямды қорғауыммен басым әлек. КПСС Бас хатшыларының тез ауыса беруі қоғамдық ғылымдар, әсіресе тарих саласындағы зерттеушілерге қиындық әкелді. Партия архивтерінен құжат алу кедергілері былай, ең бастысы мемлекеттің жаңа басшысының бағдарламасына, соның сөйлеген сөзіне сілтеу жасау, диссертацияны қайта жазумен бірдей.

Міне бүгін де тұман ызғар. Аялдамада кісі көп, бәрі үнсіз. Ұнжырғалары түскен. Меңіреуленген топас тұрыс. Адамдардың іс-қимылы ғана емес, ой тұмшасы, көз қарасы да жансызданған. Суық ызғар сезімді де қарығандай, жан жылылығы, тән қызуы зым-зия ... Бұл ұйқысын қимай оянып, жылы үйден амалсыз шыққан қала халқының әдеті болса да, әлде бір жаманшылықты табиғат білдіріп, соны адам жаны сезгендей. Тұманның түске қарай қар араласқан жауынға айналары сөзсіз. Балақ жеңнен шырмалай кірген дымқыл суық ызғар денені тітіркендіреді. Бүгін де профессор – кон-

сультантымды іздеп марксизм-ленинизм институтына тағы келдім. Іздеген кісімді таба алмай, әлекпін. Осында дейді. Өне бас киімі тұр дейді. Өзі жоқ ...

Адам өмірінің қорытынды түйіні, оның өзі ойлап құрған жобадан басқа болып шығатыны, бәрін сырттай реттеп жөнге салып тұратын әлдебір құпия күшке бағынатының дүдәмәл нәрсе емес. Өмір ағысы өз ыркына көндірмей қоймайды екен. Әйтпесе мен бүйтіп жүрер ме едім...

Қоғамдық құрылыстың бір қалыпты айналымы, өзгерістің болмайтынына мүлтіксіз сенім, компартияға табыну - өтірік пен шындықтың мәніне адамдардың немқұрайлықпен қарауына әкелді. Ішкі жан дүниенің азапты дауысын тыңдамау әдетке айналды. Шындық пен өтіріктің араларының жақындығы соншалық, адамдар қоғамдық тәртіпті бұзбау үшін ар-ұятымен санаспады. Ақыл-ой мен санасыз мәңгүрттіктің арасы жақындап жұғысып кеткендей. Сөзі мен ісі көп ретте кереғар, ой еркіндігі мен сөз бостандығы жоқ елдің ертеңі көмескі. Өйткені қоғам қисапсыз өтірік пен қисынсыз мақтанның жемі болары сөзсіз. Бірақ оның байыбына барып жатқан ешкім жоқ. Күнкөріс, пендешілік. Іштегі уайымды жеңіп, көңілді болуға тырысқаныңмен әлдебір ызғар жан дүниенді суыта береді. Амалсыз бықсисың. Салмақтанған қалың ой тұла бойыңды жаныштап, аяғыңды ауырлатады. Келешектен үміт, сәуле, шара күту күмәнді болды.

Не істелінсе де соғыстың, ашаршылықтың жоқтығымен ақталып жатты.

1986 жылдың қараша айында өкіметтің мекен-жай, пәтерге байланысты қаулысы шықты. Онда пәтерлер мемлекет меншігі болғандықтан, үйді қосымша табыс көзіне айналдыруға тыйым салынды. Қаулыдан қорыққан пәтер тапсырушылар квартиранттарын жаппай шығарды. Жатақхана ала алмаған студенттер, үйлі-баранды пәтерсіз қазақ жастары күн суықта тұратын жер іздеп, Алматыда өріп жүрді. Күннің аязында балаларын жетектеген, не көтерген жас әйелдер «жетімдер бұрышында» Карл Маркс пен Пастер көшелерінің қиылысында таңертеңнен күн батқанша тұрды...

Күн суық. Қанша жылы киінсең де ызғар еттен өтіп, сүйекті сырқыратады. Жер бетінде адам тұрсын жәндік атаулы қалмаса да, табиғат, дүние - әлем өз заңымен жүре береді емес пе?! Әсіресе желтоқсанның 10-ынан бастап Алматыда өмірі болмаған суық басталды...

Демалысымның біраз күндері пайдаланбағандықтан, ауылыма соғымның етін алып келуге кетіп бораннан жол жабылып біраз күн жүріп қалдым. Он алтыншы желтоқсан күні шаршап – шалдығып, 507 рейспен ұшып Целиноградтан Алматыға бет алдым. Ұшақта партия мектебіне оқуға келе жатқан кезінде комсомол қызметінде бірге істеген таныстарымды кездестірдім. Ұшақ ішінде тамақтарымызды жылыттық.

Күннің аязы болмаса, еш өзгеріс жоқ, баяғы сарын бір сарын. Түстен кейін елден келген азаматтарды үйге шақыру үшін менің таныстарым тоқтаған Ленин мен Сатпаев көшелері қиылысындағы партия мектебі жатаханасына беттедім. Таныстары келгендерін, кездескендерін жуып жатыр екен, дастархан үсті әлсін-әлсін шөлмекке толып, тез-ақ босауда. Гөй-гөй әңгіме. Партия қызметкерлерінің үйреншікті тақырыптары кім қайда барса, қызметі өседі... Қазақстан компартиясының жаңа бірінші хатшысы жұмысты қалай істер екен. Жел қай жақтан соғады, кімді паналау керек... Колбин деген кім, неге Қазақстанға қайдағы бір Ульяновскіден әкелген. Өзімізде де бар ғой әр ұлттың талайлары деп жатыр. Енді бірі баяғыда Брежнев те Молдавиядан келді ғой. Жаман болған жоқпыз, орталықтың өз есебі бар шығар десе, пысықтау партиялық функционер: “Грузияда екінші хатшы болып көзге түскен көрінеді, тәртіпті күшейтетін болды. Жаңа басшы, жаңа сыпырғыш сияқты біразын тазалайды енді”, - дей бергенде есік айқара ашылды.

Есік ашылар ашылмаста ішке қасқырдан қашқандай ентігіп бір жігіт кіре бере, алаңға жастар жиналуда, газет жыртуда соны көремін деп кешіктім деді де қойнынан екі шөлмекті алып стол үстіне қойды. Шөлмекті аша берген бір пысық, “қазір тарқамаса екі-үш сағат ішінде таяқ жеп тарқайды, кім соған бір шөлмек коньякқа бәстеседі”, - деді.

Сөздің күштілігі мемлекеттің билігінің мықтылығын көрсеткендей ешкімнің бәстесуге дәті бармады... Отырған партия қызметкерлері Пленумның Колбинді тағайындау шешіміне қарсы жастардың көшеге шықты дегеніне мән де бермеді. Бұл қалай деп ойламады да...

Абай даңғылына дейін жаяу аяндап 19-шы троллейбусқа мініп, ойымда ештеңе жоқ, үйіме келіп, жолдан шаршағандықтан ерте жаттым. Қатты ұйықтап кеткен екенмін әйелім оятты. Үрейлі. Көше шу деді. Шынында у-шу, дауыстар алыстан шыққанымен естіліп тұр. Балконның есігін ашып карағанда Мате Залка көшесі бойымен кетіп бара жатқан көп жастарды көрдім. Жайшылықта ерте сөнетін көше шамдары жарқырап тұр, жол бойы күндізгідей жап-жарық. Микроаудан тұрғындары барлығы дерлік балкондарына шыққан. Өлең айтып, арасында демократия, перестройка, Горбачев деген ұрандар тасталуда. Демескен, қолтықтасқан жастардың адымдары ширақ. Қанат бітірер кең, шалқақтаған көңіл ауада қалқи берді. Демократия, Перестройка, Горбачев деген сөздер шынайы жүректен шығады. Арман мен сенім ұштасып бірігіп кеткен.

Жастардың көбі дерлік АХБК жатақханаларының қыздары. Мен де шыдай алмай, әйелім екеуміз тез киініп жастарға қосылдық. Шеруден бір топ қыздар бөлініп, Абай даңғылы бойындағы жұмысшы-студент жатақханаларының әйнек-есіктерін қағып жұртты өздеріне қосылуға шақырумен болды. Уақыт түнгі он екі-бірдің шамасы. Даңғыл бойымен қала ортасына беттеген жастарды көше-көше қиылыстарында тұрған милиция қызметкерлері алыстан бақылап, рацияларымен шерудің қай жерден өтіп бара жатқанын хабарлап жатты. Жастардың милицияда, милицияның жастарда жұмысы болмады. Шерудің мәні неге Қазақстанға басқа жақтан басшы әкелініп сайланды. Жастардың, тұрғылықты халықтың жағдайын білмейтін адам басшы бола ала ма?. Халықпен санасу, демократия, қайта құру қайда?. Міне тек осы...

Шерушілер Абай даңғылымен жүріп, Бейбітшілік көшесімен жоғары көтеріліп орталық алаңға шықты да алды

тоқтай қалды. Алаңда ешкім жоқ. Тек екі – үш жеңіл машиналар төңкеріліп жанып жатыр. Өртті сөндірген бір адам болсашы. Шерумен ентелей келген жастар да аң-таң. Бағанағы лепірген көңіл, даурыққан сөз тиылған. Үнсіздік-белгісіздікпен бірге әлде бір түсініксіз көңіл-күй әкелді. Не милиция, не күндізгі жаңа бірінші хатшының суреті, Қазақстан компартиясы кезектен тыс пленумының шешімі бар газет жыртушы жастар көрінбейді. Тек түсініксізі алаң түгел дерлік көк-тайғақ мұзға айналған. Өрт сөндіруші машиналардың су шашқаны көрініп тұр. Бағана көше арасында тез жаяу жүрген соң байқамаған екенмін. Әйелім екеуіміз жаураған соң топтан бөлініп үйге қайттық. Жолда мінген таксиші алаңда тәртіпсіздіктің болғанын жастарды күн аязда өрт сөндіруші машиналармен су шашып қуғанын, жастар ертең алаңға жиналмақшы екен лепіре айтты. Мен күннің аязын, бар денеммен тітіркене сездім. Әйелім де иығыма дірілдеп жабыса берді...

Жол бойғы күнде сөніп тұратын үйлердің барлықтарының терезесінен жарық көрінеді. Жаңалық жақсы, жаманына қарамай тез тарайтын әдеті емес пе, түн ортасы болса да Абай даңғылы, орталықтағы қала тұрғындарының көз ілгені шамалы. Бұндай да мүмкін екен ғой дегендей, халық аң-таң күйге түскен. Көршілер де қазақ-орысы аралас сырттай, сөзбен болса да жастарды қолдап, бірінің пәтеріне бірі барып таң атқанша сапырылысты...

Тойдың көкесін түйе сойғанда көрдік. Кеше кешкісін болған оқиғаны қала түгел естіген болулары керек, ертесімен мыңдаған жастар Брежнев алаңына ағылды. Жігерленген жастар, намыстарының отына қызып, желтоқсанның қақаған аязына қарамады. Халық неден болса да қайтып тартынар емес. Тыңдаса дейді, әділдік іздейді. Тоқырау жылдарынан басталып іште жиналған запыран сыртқа шығуда. Ән айтады, ұран жазып, өкіметке көкейіндегі тілегін, арман-мақсатын жеткізбекші. Шеру шулы болғанмен шектен шықпады, тәртіпті бұзбады. Алаңдағы шерушілердің бір бөлігі Фурманов көшесімен төмен түсіп, Гоголь көшесімен паркке дейін,

енді біразы Бейбітшілік көшелерімен ескі алаңға дейін барып келді. Өлең айту, саяси ұрандарды қайталау. Екінді болғанымен, бейбіт жүріс. Тек бір топ жастар милицияның жолға қойған машиналарын күштеп бұрып тастап отырды.

Ұрандардың бірінде орыс тілінде «Никаких привилегии ни одной нации, каждому народу своего вождя» - делінген. Жігіттер жағы өздерін сабырлы ұстады, сөйлеген сөзге, айтылған әнге мұрындық болып, белсенділік көрсетіп жүргендер негізінен қыздар. Қазақ қыздары халықты қайран қалдырды...

Көп жылдардан жинала берген бітеу жара бір жарылмай қояр ма? Сыныққа сылтау табылып, өзі жарылды. Бейбіт шеру өкіметтің қиястығынан көтеріліс болып бұрқ етті.

Тоталитарлық жүйенің идеологиялық күшті ағысына қарсы Ұлы тілек Тәуелсіздік үшін - жастар қарсы жүрді. Бірігіп, ұрандап рухтанды. Қызу қанды жастар тұрсын еңкейген кәріге дейінгілердің ішінде намыстың өр толқыны тулай бастады. Жұртты тіршілік толқыны өмір ағысына итермелегенімен, көпшілік біржолата оянды. Намыстың атына қамшы басты. Жастардың жүректерінен шыққан ыстық жалын желтоқсан ызғарын ығыстырып, Алматыны от қылып ысытып жіберді.

Демескен, қолтықтасқан жастардың адымдары ширақ. Көпшілікке қанат бітірер кең көңіл ауада қалқи берді. Арман мен сенім ұштасып бірігіп кеткен.

Шәмші Қалдаяқовтың әндері ұлттық рухтың көрігіне айналды. Ар-намыс, терең сезімнің толып жатқан бояуы мен сыры ән болып қалқып еңсені көтереді. Азамат жүнжіме жүрме бос, адамсың басыңды көтеріп тік жүр дейді. Еркін бол, таза махаббатты сүй, азаттыққа ұмтыл дейді...

Желтоқсанда намыстың рухы сүйекке қарыспалық қасиетті сіңдірді. Зор қайрат лебі жастарды сілкіндіріп тастады. Тасқа шапса да қайтпайтын асыл қайрат жиган жастар еңселерін көтеріп еркін жүр. Олардың талайдан бері толқып, іштегі түйініп жүргендегі тосқаны осы еді.

Енжар қарап, жай қозғалатын қала тұрғындары да жастар-

ды қолдады. Алаңға шықты. Қаны қазақ үйінде отырып қала алмады. Бірі нан-су, енді бір мосқал әйелдер жеңіл желпі ет, манты әкеліп тарата бастады. «Құлындарым—ау, мертігесіңдер ғой, талаптарына нұр жауып, тәңірім сақтай гөрсін» - деп көздеріне жас алушылары да бар. Алматы қаласы тұрғындарының елегізуі ұмытылып, үміт дүниесі еселеніп өсе берді. Брежнев алаңы жастардың көптігінен көлдей шалқып, теңіздей толқыды. Жаутаң көз болып жүрген көпшілікке мына көрініс қанат бітіріп, дайым көкірек қоламтамызды бір көсеп тастады. Көңілде бәрі сайрап тұрса да, іштегісін сыртқа шығармай бұғысқан жұрт бір жасап қалысты. Құлак естігенді көз көреді деген тамаша тәмсілдің мысалын өз бастарынан тапты.

Қазақ өшпеуге, өлмеуге тырысқан ұлт екеніне көзі жетті. Алматы жастары бір күндік жолдасқа мың күндік рух сыйлады. Бір күшті түйсік, бар зейнемізді еркіндіктің өміріне жетеледі.

Жастарға тән бітіспес кәр, мойымас тәккапарлықты көптің көзі көрді. Бітіспес, иілмес өрлік қазақ намысын менмендетіп, биіктетіп шарықтата берді. Көп нәрсені басынан кешіріп, көңілі суынған жұрт енді қайта жасарғандай, жаңа қарқынға көшкендей.

Алаңға жиналған мыңдаған жастарға, қала тұрғындары қосылды. «Менің Қазақстаным» әні кезінде тың игеруге қарсы Шәмші Қалдаяқовтың көңіл—күй тебіренісінен шықса, енді ол желтоқсандықтардың ән-ұранына айналды. Ән ырғағы көкейде ойнап, бойыңды билейді, өздігінен өлең жолдары іштен шығады. «Менің елім, менің елім, гүлің болып егілейін, жырың болып төгілейін елім, туған жерім менің Қазақстаным». Жекелеген өкімет өкілдері тараңдар деп жатса, жастар жағы саяси ұрандарын жоғары көтеріп, Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін бұрынғыдан да қатты айтады. Ондаған мың адам қосылып айтқан қазақ әндері аспанда қалықтап халыққа күш беріп, рухын көтеріп, жігерлендіре түседі. Түске қарай партия мен өкімет басшылары алаңдағы мінбеден кезекпен сөз сөйледі. Колбин алаң-

дағы мінбе астындағы бункерде шерушілерді қабылдады. Кездесуге қатысқан дәрігер келіншек «Тарқандар, әйтпесе бәрімізді құртамыз» - дейді. Бізді тыңдар, жаны ашитын басшылар көрінбейді. «Жасасын Қазақ елі», алаңнан кетпеу керек - деді. Жұрт:

«Өз елімізге өз ұлтымыздың азаматы басшы болсын», «Демократия жасасын», «Қайта – құру жасасын» - деп айқайлап жатты. Жастардың арасына өкімет жіберген елге таны-мал әнші апаларымыз келіп, тараңдар, партияның шешіміне қарсы шықпаңдар деп үгіт-насихат та жүргізді. Оларға құлақ асқан ешкім жоқ...

Милиционерлерге өрт сөндірушілер училищесі мен милиция мектебі курсанттары көмектесті. Шеруден бөлініп қалған жастарды милиционерлер жұлқылай сүйретіп әкете бастады.

Бір шүкіршілігі түске дейін алаң шетінде сап түзеп тұрған милиционерлер мен училище курсанттары орындарынан қозғалмай тұрды. Бірақ түстен кейін сап түзеген шекара курсанттары орындарынан қозғалып алаңдағы халықты тықсыра бастады. Алғашқы кикілжің шекарашы училищесінің курсанттарының қол күрек жұмсалудың әсерінен болды. Қарусыз ашынған жастар тротуар шетіндегі тастарды қопарып қарсыласуға кірісті. Күн бата алаңның астан-кестені, апыр-топыры шықты. Халық қайда барарын, бас сауғалау үшін қалай қарсыласарын білмей жан-ұшыра топ-тобымен ерсілі-қарсылы шұбады да қойды. Ашынды. Ағаштарды сындырып, милиционерлердің таяқшаларын тартып алып қарулана бастады. Жігерленді. Қайтпас ұлы іске азаттық үшін жанын пидә етіп бас тікті...

Күрекшемен құлаштап шекарашы курсанттар пәрмендеп бергенде гүрс ете құлаған ессіз кісіні, немесе соққыдан кейінгі шапшыған қанды көргендегі жан ұшыра жас қыздардың шыңғырған дауысы төбеңді ойып аяғыңа дейін қорғасын құйғандай құйқанды күйдіре шымырлатады. Алаң ғана емес, төңіректегі студенттер жатақханалары, көше қиылыстары шайқастың орнына айналды. Адамның көптігінен ми-

лиционерлер мен курсанттар халықты ұрып-соғып тарқата алмады. Жұдырық жұмсау мен тепкіге көпшілік көндіге қоймады.

Күн батса да Брежнев алаңы жап-жарық. Милиция қызметкерлеріне қолдарында күрекшелері бар қосымша жүздеген шекарашылар училищесі курсанттары көмекке келді. Олар әй-дүйге қарамай, күрекшенің қырымен қолы жеткенін бас демей – көз демей соққыға алды. Жан ұшырған шыңғырыс, байбалам, ағыл-тегіл аққан қан алаңды алып кетті. Шамасы келген жұрт бас сауғалап кері шегінді. Алаңда қаңсырап жүре алмай есінен танғандарынан басқаны милиционерлер мен шекарашылар қуып мертіктіріп тарқатты. Бір жағында шекарашы – курсанттар жастарды күректің қырымен ұрып қан қылып жатқанда, мінбеден компартия бюро мүшелері тарқандар деп кезектесіп сөйлеумен болды. Соққыдан ессіз қансыраған денелер алаңда шашылып жатты...

Түннің біраз уақытында жаяулап-жалпылап үйге зорға жетіп, дене қызуым көтеріліп жатып қалдым. Түні бойы шым-шытырық түс, қайдағы-жайдағы зират, жалаңаш адамдар есімді кетірді. Келесі күні дірілдеп-қалшылдап басымды көтере алмай жатқан күйі радиодан қайталанған өкіметтің қала халқына арнайы үндеуін естідім. Радио әлсін - әлсін қазақ-орыс тілінде балаларына ие болыңдар, көшеге шықпасын, алаңға бармасын, наркомандарға қосылмасын деп қаралы үнмен қақсап хабарлап тұрды. Анаша тартқан наркомандар мен мас алқаштар топ-топ болып тәртіп бұзуда, сақ болыңдар, – делінді. Аңқаулардың сенімін күшейту үшін өкімет қара түнекті қапталты. Ұлтшылдар көше аралап, кісі тонап-зорлауға, бала-шағаны өлтіруге кірісті деп өсек таратты. Кімдікі өтірік, кімдікі шын екенін білмейсің. Күллі ел дел-сал. Аһылау-уһілеу, езу тартқан адам жоқ.

Әйелім де көршілерден ұлтшылдар бала-бақшаны басып алып, балаларды бауыздапты деп естіп есі шығып келді. Өсек-аяң тал түсте қала көшелеріне құбыжықтарды қапталты. Дәл осы сәтте қалаға арнайы әскер кіргізіліп, олар халықты қырып жатты. Бір үйде талай жыл көрші болған адам-

дар ұлттарына бөлініп қырғи-қабақ бола қалды. Қараңғылық алауыздықтың шегіне жеткізді.

19 желтоқсан күні түстері суық денелі үш жігіт маған келіп өздерімен бірге жүруін өтінді. Өтінген жоқ бұйырды. Көшеде тұрған жеңіл машинаға міне беріп артыма бұрылғанымда терезелерінен жапырлай қарап тұрған көршілерімді көрдім... Еңсем түсіп, аруағым каша бастады. Көзбен көріп үлгермейтініңді көңілдің қас-қағымда сезе қоятыны бар ғой. Ішім жаманшылықты сезіп, мұздап кетті. КГБ-ның қызметкерлерімен тағы кездестім. Күрең қабақ жүріс қайта басталды. Өзімді соншалықты дәрменсіз, қорғаныссыз сезіндім.

Машина Комсомол көшесімен жүріп-жүріп келіп, жаңа үйдің қуысшасындағы темір есік алдына тоқтады. Жол бойы үнсіз отырған жетекшілерім итермелеп, бағанағыдай емес машинадан жұлқылап түсіріп, қолдарын батыра желкелей ішке кіргізді. Малақайымды, тонымды жұлып алып қолымды көтергізіп, теуіп аяғымның арасын ашқызып, қабырғаға теріс қаратып қойды. Бірі қалып, екінші келесі бөлмеге кіріп кетті. Уақыт орнында тоқтап қалды. Шекем қатты солқылдаған соң, маңдайымды қабырғаға сүйкеп көзімді жұмдым. Шым-шытырықтанып екі самайым тілінердей сызықшаланса, төбем шеңберлене шымырлануда. Көзімді ашқанда аяғымның астындағы бетон бетіне жабысқан қанды көрдім. Жүрегім қобалжып, локси жаздадым. Денем тітіркеніп барып, жіпсі қалды да басымның ауырғаны қоя қойды...

Ойым үрейге қосыла жан ұшырып, әр саққа кетті. Алдыңғы күнгі алаңда болғанымға ақталу үшін дұрыс жауап іздеп шарқ ұрдым. Жол бойғы, көрмедім, білмедім, болмадым дегенімді дәлелдей алмайтынымды ойладым. Алдағың келсе жартылай шындықты айту керек, бірінші күнгі түнде көргенімді ғана айтпақшы болып ұйғардым.

«Жүр» деп, гүж ете түскен дауысқа селк етіп, қолымды көтерген күйі бұрылып жүре бергенде әлгі дауыс қолынды түсіріп дұрыс жүр деп қайталады. Келесі бөлмеде үлкен үстел басында, еңгезердей түсі әлгі өзімді әкелген екеуден де суық шошқаның айғырындай біреу гүжірейіп отыр. Қансыз

салпиған ұрты, тікiрейген сары мұрты, едiрейген қып-қызыл қан талаған көзi еттен өтiп, сүйекке бiрден жеттi.

Баяғы қанша жыл өтсе де, көкейiмде мәңгi қалған, еш өзгерiссiз көрiнiс... Сондай сұрақтар, аты жөнiн, мекен-жайың, қайда-не жұмыс iстейсiң. Аландағы оқиға жөнiнде сөз болмағаны таң қалдырды. Алдыма қағаз бен қалам қойып, соңғы екi айдың iшiнде қайда болғанымды, кiмдермен кездескенiмдi, не iстегенiмдi, не айтқанымды есiңе түсiрiп жаз дедi. Әлдене айтпақшы ниетпен оқтанып барып, өзiме жеп қоярдай анталап, сазарған кейiптердi көрiп, қаламды қолыма алып, есiме түскендерiн жаза бастадым. Негiзiнен кандидаттық диссертацияны қорғап, соның құжаттарын Мәскеудегi ВАК-қа жiберудiң әлегiмен жүрдiм дедiм. Стол басындағы тергеушi – бастық, өзiнiң кiм екенiн таныстырған да жоқ, қай мекеме, не үшiн мен жауап берiп отырмын, олардың ойына кiрiп те шықпады. Әйтеуiр бағанағы екеуi үйге келгенде бiр ауыз сөзбен бiз КГБ – данбыз деген. Тергеушi бастық жазылғанды оқу арасында көзiмен бiр атып алып, осы ғана ма деп қағазды ытқытып итере салды. Сен кiмдермен кездескенiндi, әсiресе анау астыртын ұйымдарың мүшелерiнiң қайсысымен кездестiң соны жаз деп сұқтана қалды. Көзiнде, бiз бәрiн бiлемiз, қолға түстiң ендi тырп етiп көр деген қоқай тұр. Жон арқамды от қарып өттi. Бетiм де ду ете қалды. Шекем қайтадан солқылдап, дыздады... Жауап төрт-бес сағатқа созылды, ең соңында ғана 16-17-18 желтоқсан күндерi қайда болғанымды сұрады. Тергеушiлер Целиноградқа не үшiн бардым, қайда, кiммен кездескенiмдi толығырақ бiлдi. Қайта-қайта сұрап-жаздырғандары Қонаевтiң орнынан түсiп, Колбиннiң келетiнiн қай уақытта естiдiң, 16 желтоқсанға дейiн ол жөнiнде кiм бiлдi. Алаңға жастар қалай бiр мезгiлде көп жиналды. Ұрандарды кiм жазды. Алаңға кiмдер, қандай машиналармен тамақ әкелдi. Менiң бiлмейтiн сұрақтарым, әйтеуiр, не зеку, не ұру болған жоқ. Олар кiре берiстегi дәлiзге қайтадан қолымды көтерiп тұрғызып қойып, шәй iшiп көп күбiрлестi. Телефонмен де қатты-қатты бiрнеше рет ұзақ сөйлестi. Сағатым қалып кетiп, уақыттың да қан-

ша болғанын біле алмадым. Бір кезде бағанағы екеуі сыртқа алып шығып, өздері келген машинаға отырғызды. Мен үйге апарайын деп жатыр екен ғой, өзім барам деуге сәл қалып, тоқтадым. Аналар екі жағыман отырған күйлері, сыр беріп қозғалар емес. Мылқау ма дерсің, іштері қалай пыспайды. Үнсіз жүруге де адам үйренеді екен-ау. Міне, үндемес деген сөздің түп- төркіні қайда жатыр. Машина жүріп келеді. Қайда баратындарын шофер қайдан біледі. Комсомол көшесімен жүре отырып, Коммунистік даңғылмен жоғары өрлеп бір темір қақпадан өтіп, шамы жарық үйдің ауласына кірдік. КГБ-шниктің бірі «жан-жағыңа қарама» деп зекіп, машинадан басымды тұғырта түсірді.

Есікке бет ала бергенімде, жоқ былай деп төмен кеткен басқышты нұсқады. Сығырайған шамы бар жер астына баспалдақпен біраз түскенде есік көрінді, арғы жағы жарық екен. Кіре берісте екі – үш солдат, үш – төрт милиционерлер көрінді, иықтарында автомат, темір қоршаудың арасында есікше, арғы жағында тағы екі – үш милиционер бір келіншекпен әңгімелесіп отыр. Біз кіріп келгенде, іштегілер қарай қалды. Әкелген КГБ-шниктерді аналар жақсы танитын болуы керек, амандықсыз-ақ шүйіркелесіп сөйлеп кетті. Әлгі үндеместердің тілі бар екен. «Мынаны астына» - деді. Мынау жердің асты, тағы асты болғаны ма деп шошыдым. Әкелген КГБ-шниктің бірі документің бар ма деп, айқай салды. Мен қалтамнан паспортымды алғанша анау қол жұмсап та үлгерді. Паспорт жерге түсіп кетті, оны алуға сескеніп еңкейе бергенімде бір тепті. Бөлме ішіндегілердің бірде біреуі орындарынан қозғалған да жоқ, міз бақпай, жай қарады да қойды. Мына адамдардың қаныпездігін көріп, жауыздықтың ұясының ортасында тұрғандай сезіндім.

Желкеленіп есіктің арғы жағындағы бөлмеге апарылынып тінтілдім, шешіндіріп ішкі киімдеріммен ғана қалдырылдым. Үнсіз айтқандарын ләм деместен мүлтіксіз орындадым. Киімдерімді жерден көтерместен бір милиционер аяғымен бұрышқа теуіп ысырды. Астан-кестен арасында КГБ-нің да, мына милиция, солдаттардың да арасында да

казактың жоқтығын байқадым. Келіншек кнопканы басып еді, арғы жағынан тағы бір темір тор есік ашылып, білегін сыбанған қолдары күректей гимнастеркелі біреу табалдырықтан еңкейіңкіреп, басын көтергенде төбеге тиер-тимес болып кіріп келді. Түр-түсі, жүрісі гүрзі-маймыл сияқты. Мынаны да анда апар деді. Білегін сыбанған зеңгі әйелге сол ғана ма дегендей үнсіз бадырайа қарай қалды. Құнтийыңқы пішінді көзі ұры мысықтың көзі сияқты жылт-жылт еткен әйел КГБ-шникке қарады. Ол қапелімде сәл үндемей қалса да, аналардың не сұрап тұрғанын біле қойды білем, жо-жоқ, бұл тексерісте, әзірше бір түнге деді. Әйел езу тартты, зымиян, сұрқия, сайқал кейіп. Білекті дәу мені жұмысымнан қалдырып, неге шақырдыңдар дегендей бетін тыржита, иығын қиқаң еткізді. Тор есіктің арғы жағындағы құлама баспалдақпен төмен түсе бере сасық дәреттің күйік аралас иісін сездім. Ұзынша шахта шамдары қабырғаға жапсырыла бекітілген екен, сыртындағы қалың шынысынан жарық көмескіленіп тұр. Баспалдақпен төмен түскен сайын иіс күшейіп, даңғыр-дұңғыр дауыстар, күніренген өкірік күмбірі естіле бастады. Жап-жарық алаңша, арғы жағы кісі толған тор-тор есікшелер. Ыңырсып, ақырын сөйлеген кісілер, көбінің үсті алба-жұлба, беттері-көздері көк ала қойдай, біреулерінің бастары таңулы. Ақ матадан шыпшыған қызыл көрінеді. Отырған, жатқандардың бәрі қарай қалыпты. Мені жалаңаш, сескенген күйі ұл-қызы аралас көп жастар отырған бөлмеге енгізді. Жұрттың бәрінің үстінде жыртық, қан болса да, уқаланған киімдері бар мен жалаңаш. Есік сарт етіп, ту сыртынан жабылды. Алыс бармай, босаға қасына жүрелей отыра кеттім.

Адамның көнбейтіні бар ма, көрге де үйренбейді ме. Дәрет, иод иістері араласқан қапырық ауаға да мұрын үйренді. Жастардың көбі соққыдан күп болып ісіп кеткен. Түрлерінде қажығандық болса да, көздерінен қайрат оты ұшқындайды. Олардың сұрағаны сыртта алаңда не болып жатыр. Мен мардымды ештеңе айта алмай, өзімнің ішкі киіммен отырғаныма ыңғайсызданумен болдым. Жастардың бірі «сенен не жауап

алып жатыр» деді. Мен таңырқай қарап, оны қайдан білдің деуім сол-ақ екен, бөлме-камераның ішіндегі 30-40 адамның күлмегені қалмады. Камера іші бір серпіліп қалды. Біреулері жөн сұрады. Сөйтсем маған дейін де сырттан әкеліп жауап алғандардың бәрін ұрып-соққанда киімдері былғанбасын деп шешіндіріп әкеледі екен.

Бұрышта мәңгірген киімі бүтін бір қыз басқалардан оқшау отыр. Ойлана айналасына қарап-қарап, үнсіз жылайды. Меңіреулене қалады. Менің қызға қарай бергенімді аңғарған қасымдағы жасаң бала «бізде қапелімде мылқау ма, жынды ма деп қалып едік. Тілі бар екен. Түс кезінде әкелген. Тек өзінің кім екенін, неге мында отырғанын есіне түсіре алмай әлек. Аналар бірдене істеген болуы керек. Қыз машина, жасыл-қызыл, от-от деп бетін қос алақанымен жаба қалды. Бүріскен күйі қалш-қалш етеді...»

Камерада отырғандардың көбінің аяқ-қолдарының ит қапқан жерлері уығытып, күп болып іскен. Менің түсінгенім арнайы әскер солдаттары жастарды машинаға салып әкетуге үлгермегендіктен қардың үстіне жатқызып қойып, бас көтергенін таяқпен ұрып, керзі етікпен теуіп есенгіретіп, итке қаптыра беріпті. Әлсін-әлсін тарсыл – гүрсіл, кейде шыңғырған қыздардың дауысы естілген кезде, камера тынши қалып, жастар іштеріне кек түйіп сұрлана қалады. Кейбір қыздар жыласа, жігіттер шыдамсыздана, жігері құм болып, бастарын қабырғаға ұрып, тізелерін жұдырықтайды... Дәрменсіздік. Қапалық... Сапырылыс. Көз өздігінен кілкілдеп жасқа толады. Уақыттың қанша болғаны да белгісіз. Жастардың бірін әкетіп, бірін әкеліп жатыр. Ұйқы да жоқ. Тек қалғып-мүлгу...

Сарт етіп тор есік ашылды. Бір-бірлеріне бұйығысып отырған жастар селк етіп бастарын көтеріп алысып, есіктен кіріп келген екі милиционерді көздерімен ата қалды. Бағана өзімді әкелген білегі түрулі милиционер бірден төніп келіп, жүр деп қолымнан шап берген күйі сыртқа сүйрей жөнелді. Топтың ішінен біреу: «Бостандық, ұлтымыздың болашағы үшін Жан пида», - деуі мұң екен, бар камера ішін-

дегілер «Жан пида» деп қайталады. Дауыс сүйегімнен өтіп, жүрегімді елжіретіп жіберді. Көзім тұманданып барып, баспалдақпен көтеріле бере сырттан соққан салқын ауаға шайдай ашылды. Артымда келе жатқандардың бірі «саған тиюге бүгінше рұқсат жоқ, біз бірақ сен сияқты ұлтшылдарды тәртіпке шақырып кегімізді алмай, жәй жібере салмаймыз» - деді. Бағанағы өзім түскен баспалдақ пен жоғары көтеріліп, сыртқа беттедік. Кіре беріс жердегі дәлізге келіп тоқтадық. Түннің біраз уақыты болған. Аяз дене қариды. Жалаңаш дене өздігінен тітіркене қалшылдауға айналды. Аяқтан өткен сыз, төбемді шымырлатты. Қалғып мүлгіп, автоматтарын құшақтаған екі солдат ұйықтап отыр. Мені бұрып, сыртқы есіктің ішкі қосалқы торына арқамды бергізіп, қолдарымды айқара артыма қайырып кісен салды. Байлап қойып ұруға дайындалғандай. Бір солдат бұйыққан күйі, еріне басын көтеріп, сығырая бір қарады да, әрі қалғыды. Әлгі қолыма кісен салған милиционер тордың арасынан қолын сұғып, даланың есігін итеріп ашты да, міне осылай дегендей, кекесінмен бажырайып қарап жөніне кетті. Даланың аязы ашылған есіктен ішке лап етті. Қозғалыссыз қалдым. Солдаттар да орындарынан тұрып, милиционер кірген есікке беттеді. Есіктің қасындағы терезеден арсыз ыржиған милиционер әйел көрінді. Азап басталды...

Сырттан бағана сымдарын ысқыртып уілдеген жел естілді. Әуелі үп-үп еткен суық ауа бетті шарпыды. Іле аыздатып соққан жел денені қари бастады. Жылтыр аяз жауып бекіген қарды шеміршектей қатырғандықтан суық жел борамай сыпырыла көтеріліп өңменіме инедей қадалады. Дем ала алмай тұншығып, қарбалақтауым көбейді. Санамда да «бәрі біттінің» дәрменсіздік түйсігі көлбендеп етек алды.

Мұздаған аяқ сықырлауға айналды. Білектеріммен ашылған қос бүйірімді қалқалаған кезде, денем жылығандай болады. Біраздан соң дене тітіркеніп, тікенектеніп, мұздап ауырлай бастады ... Тұла бойым қалшылдап, тістерім сақылдай бұрын көрмеген болмысымнан тыс ерекше бір күйге түстім.

Аяз, өздігімнен көзім жұмылды, әлде бір дауыс, әлде түс,

кұбылыс, меңіреу тыныштықта күмбірлегендей ... өзім бар ма, жоқ па, бәрі аралас. Астан-кестен. Түсініксіздік ... мелшиген меңіреулер. Қалғып барып денем сылқ еткенде, селк етіп, өзіме-өзім келіп ұйықтап тұрғандай бойым серги қалады. Уақыт өтпей, түннің тылсым тыныштығына қосылып бір жаққа өз бетімен кеткендей. Сәлден соң ұйқы қайта басады, ұстай алмай салбыраған басымды көтерген кезде көзімнің түбінің тамырлары үзілердей дызылдайды...

9 айлығымнан бауырына салып, арқалап өсірген әжем екеуміз жайлауда бие сауып жүрміз. Қырдың басындағы ескі зираттағы мұралардың қасында көп кісілер жүр. У-шу. Жөнсіз айқай. Мен: «Апа, ана жаққа барып келейінші, не болып жатыр, зират басында біреулер төбелесіп жатқандай ма», - деп едім. Әжем: «Отыр, қарғыс атқандарға ерме» - деп зекіп тастады. Қатты дауыстан үріккен күрең қасқа бие өрсімен далаға қашты. Пішпе шелектегі саумал төгіліп аяқ асты сарғайды. Әшен деген ертеде қайтыс болған туыс тірі екен, сауынды биені жығып, соғымға союда. Қып-қызыл қою қан бірден ұйып, шылапшынға толуда. Бұл бие атамнан қалған жылқылардың соңғысы. Айғай-шу көбейе түсті. Таң бозара қатты тоқтаған машина дауысы, айғай, апыр-топыр, тарсыл-гүрсіл бір әйелдің «бұл заңсыздық, біз ешкімнің мазасын алған, шулаған да жоқпыз, бұл звондаған көрші кемпірдің әлегі, ұлтшыл емеспіз, үйде балаларымыздың туған күнін атап отырдық» деп жылай сөйлеген дауысы естілді. Бірінің үсті қан, бас киімсіз, омыраулары ашық, үш төрт жігітті қолдарын қайыра сүйретіп милиционерлер алып келді. Мен түс көргендей құлақ күңгіріме, әлде есімді суық қарығандікі ме ұйқылы-ояудай, түсінер-түсінбестен тек төбемнің шымырын ғана сезіп, білектерімді екі бүйіріме жапсыра қысқан күйі мәңгірленіп тұра бердім. Абыр-сабырдың арасында босатылып, камераға жеткізілдім... Келесі күні алғашқы жауап алынған жерге әкелініп тергеу жалғасты. Қызуым көтеріліп денем жылымай, күркілдей жөтеліп, жауапты бас изеумен бердім. Сұрақ-жауап қағаздарына қол қойылған соң, сен әзірше боссың, бірақ үйінде бол, ертең өзіміз хабарласамыз

деген сөзді естігенде сенерімді де, сенбесімді де білмей қимылсыз қалдым. Есімді толығымен үшінші қабаттағы өз пәтерімнің есігінің алдына келгенде ғана жинадым ...

Келе құладым. Ұйықтап-оянып, оянып-қалғып таң атқанша есеңгіреп, әлсін-әлсін жүрегім алқынып ауызыма тығыла мазам кетті. Бойым ыстық үйде де жылымады ... Келесі күні көп күттірмей КГБ–лықтар түс ауа келді. Ішіндегі бастық-сымағы: «Дұрыстанып киініңіз, галстук тағыңыз», - деді. Мен кекетіп тұр ғой - деп, сол жұпыны қалпы, сыртқы тонымды киюге ыңғайланғанда, әлгі жігіт: «Вам же говорят», - деп айғай салды. Келесі бөлмеден есік арасынан сығалап қарап тұрған кішкентай қызым шошып, шыңғырып жылап жіберді...

Амалсыз әлгінің түріне бір қарадым да, киім ауыстыруға кеттім. Кешегідей емес, КГБ-шниктер жұмсарайын депті. Дауыс, іс-қимылдары зілді болса да, тартынғандық байқалады. Біз Құрманғазы мен Карл Маркс көшелерінің қиылысына келгенде жол шетіне тоқтап жастау КГБ-шник тез қимылдап үлкен ғимаратқа кіріп кетті. Мен аң-таңмын. Тұрған жерлеріміз Алматының ортасы, Ғылым Академиясының қасы. Енді анықтап бақтым, әлгі КГБ-шник жаңадан іске қосылған ЦК КПСС-тің Алатау қонақ үйіне кіріпті. Көп кешікпей қонақ үйіне кіріп, баспалдақпен жоғары қабатқа беттедік. Көлденең жүрген ешкім де, қарбалас та, шу да жоқ. Биік мәрмәрлі колонналар арасына орналасқан тіркеудегі қыз бен жігіт те үнсіз, жансызданып қатқан тас күйі, бізге ұрлана қарай қалыпты. Жылтыр тазалық, алпамса кеңдікте ыңсаны басар суықтық бар. Үшінші қабатқа келгенде ақ көйлегіне ұзын қара галстук таққан денелі жігіт қарсы алып, анда бара тұрыңдар деп есігі ашық бөлмені көрсетті. Қонақ үйдің екі кісілік нөмері. Таңырқағандығымды білдірмеуге тырысып, қасымдағылардың іс-қимылын бақылаудамын. КГБ-шниктердің емін-еркін сезінгеніне қарағанда бұларға бәрі таныс, бір контордың адамдары. Істес - қызметтес адамдардай стол үстіндегі журнал-газетті ақтарып, бірі телевизор қосып,

өз үйлеріне келгендей еркінсуде. Қозғалыссыз отырған, ойым оймен қырға шауып, енді не болардың күдігіндегі мен ғана. Толық денелі мосқал кісі ашық есіктен кіріп келгенде үшеуіміз де орындарымыздан тоқ соққандай атып тұрдық. Келген кісінің түрінде абыржу бар, мұрнының үсті де жіпсулі. КГБ-шниктің бірі: «Жолдас полковник», - дей беріп еді, оны тыңдаған анау жоқ, көзін менен алмай, едірейіп төнген күйі: «Революционер, ұлтшылсың ба?» - деді. Не дерімді білмей үнсіз қалдым. Сұрақ әрі жалғасқан жоқ, полковник КГБ-шниктің бірінің қолындағы іс-қағазды папканы алып ақтара оқи бастады. Қалың парақтар, кеше бір парақтың екі бетіне ғана жазылған қағазға қол қойып едім, мына іс қалың кітап. Бәрін анықтадыңдар ма? - деп басын көтергенде, екеуі үнсіз бастарын шұлғыды. Парақты ақтара бере, осы сенсің бе дегендей ала көзімен атып қояды. Мен қаққан қызықтай орнымда тұрдым да қалдым. Кешегілері анау, бүгінгісі мынау. Не жауап алу, не қамау емес. Бәрі басқаша. Кенет полковник мен қазір деді де, ұсақ адыммен тез-тез басып шыға жөнелді. Өлгінде кіруі қалай тез болса, шығуы одан да жылдам. Полковник кешікті. Желке жүйем бұратыла берді. Уақыт өтсейші. Түндегі ұйқысыздықтың сыры білінді. Көзімнің түбі суырыла бастады. КГБ-шниктер теледидарды қосып ештеңе болмағандай әлденелерді айтып өзімен өздері. Маған мән беруден қалды ...

Екі үш сағат көлемінде полковник пысылдап жүгіре басып кірген бойы: «Мынаның 16 сына дейінгі алибилерін дұрыс тексердіңдер ғой», - деді. Ана екеуі үнсіз күйі мылқауларша бір мезгілде бастарын тағы шұлғыды. Полковниктің терлеп-тепшіп, бақайына тотияйын қыстырғандай зымырағанына қарағанда, көрші нөмірдегі жоғары лауазымды екені айтылмаса да білініп-ақ тұр. Ол маған қалың қабағының астынан алая қарап алып, әзірге қоя беріңдер, керек кезінде әкелесіңдер деді де, іс-қағазды папканы бағанағы КГБ-шникке бере салып шығып кетті ...

Бөлме ішінде меңіреу тыныштық орнай қалды. КГБ-

шниктер де аң-таң. Бұлай болады деп ойламаған-ау. Беттеріне ашу-ыза жинала қалды. Иесінен қамандар, не істесеңдер соны істендер деген сөздің шықпағанына қапалы сияқты. Үнсіз қалпы сыртқа шықтық. Көше шамдарының жарығы болмаса, күн батыпты. Қолында іс-қағазды папкасы бар не кешірім, не еш түсініктіру жоқ, байлаулы қабаған иттей арс етіп, «үйіңді табатын шығарсың жүре бер» - деді. Мен ауырлаған жансыз аяқтарымды сүйретіп Карл Маркс көшесімен жоғары көтеріліп Абай даңғылына шықтым. Көшеде адам аз. Онша көп жүрген машиналар да көрінбейді. Оңға бұрылып Төлебаев көшесінің қиылысындағы Жетісу аялдмасына келіп өзіме керекті 25 автобусты, 19 троллейбусты ұзақ тостым. Басым ауырып, көзім қарауытып, өздігінен жүрегім айни берді. Үйіме жете құладым. Зауқым болмай тамақ ішуге де тұрмадым.

Қарлығаш қораның ішіне салған ұясының айналасында шырылдап ұшып жүр. Қыраттың етегіне жайыла орналасқан ауыл. Күн ашық. Үйлердің арасы алшақ-алшақ. Жер үйлерден әр-түрлі дәу-дәу улы жәндіктер жартылай шығып, улитка сияқты жабысып тұр. Үйлерге кептетіліп шыға алмай тұрғандай. Улы жәндік-құбыжықтардың үлкендігінен үйлер кішкентай болып көрінеді. Үйлердің арасында үстеріне су жаңа костөм-шалбар киген ит басты адамдар жүр. Меңіреу тыныштықтағы көрініс белгісіз алыс галактикадағы өмірдей. Жылан-шаяны, қасқыры, адамы да көп оқыған, бәрін біліп тұрғандай. Бірақ өздерімен өздері ... Менің желкем шымырлап сызықтана берді. Бір кезде әлгі сызықшалармен лаулаған өрт өте бастады. Айнала от болып ысып, жұтқан ауа ішті өртеді. Дың-дың. Күңгір-күңгір. Меңіреулік. Алыстан шахта тасын диірменнің үккен дауысы естіледі. Шықыр-шықыр, шықыр-шықыр.

Сығырайған қыраулы терезе. Арғы жағында ұлыған боран. Аяздан қатқан ақ жал қар. Кенет кішкентайынан асыраған күшігім Құтжолдың қиңсылы естілді. Жәй тоңса шөптің үстінен үйшік жасап жатар еді ғой, қарны ашқан болуы керек. Әлде аш қасқырлар қотанға кіріп кетті ме екен. Әрірек-

те ертеде қайтыс болған атам мен әжем тірі күндеріндегідей әлденеге ақылдасып бас изесіп отыр. Маған бәрі ап-анық көрініп тұр, бірақ ештеңе түсініксіз ...

Төбем қайтадан шымырлап қысыла бастады. Дене қимылым, сөзім, ойым да тежеліп баяулады. Тұншыққаннан тер бұрқ етіп, шеке тамырларым жарылардай сыздап барып, тұла бойым шымырлап, қаным қоюланып, күш-қуатым азая, қалжырап қалғуға айналдым. Шошып жылаған бала дауысы қатты шықты. Мен мең-зең күйі қайда жатқанымды біле алмай сәл мәңгіріп барып өзіме келдім. Қараңғылыққа көзім үйренейін деді. Үйімде жатқанымды көрдім. Халатын иығына іле көрші бөлмеге жұбайым Салима «Тағы шошыды-ау, кешеден осылай, биссіміллә-биссіміллә», - деп тұра жүгірді. Еденнің ағаш тақтайы сықыр-сықыр етті. Сықыр тозғандық, ескілік емес, әлде бір жаманшылықты меңзегендей үйдің ішіндегі түн тыныштығын запырандата тіліп өтті. Шиық-шиықтың артында шаңыраққа келе жатқан әлде бір жамандық бар. Дыңылдап шыңырау түбіне құлаған ойыммен бірге өзім де бата бердім....

Алдымнан қанден ит шыға келді де жалт бұрылып жоқ болды. Өй, мынау қауып алар ма екен деп, тұра қалған күйі шыр айнала қарадым. Өлгі жоқ, бірақ қабатыны анық. Тұман ба, төңірек ала көлеңке ештеңе көрінбейді. Жүремнен отыра қалып, тұманның етегіне көз жібердім. Қанден ит із-түссіз жоқ... Кетті ме пәлекет деп жүре бергенімде сым ілініп оралды. Аяқтарымды босатпақшы болғанда шегіне құлап барып, қос қолдап жер тіредім. Сым тікенді екен аяқ қолға кіртілдеп кіре бастағанына қарамай, жан ұшыра босай бастадым. Қанден иттің көрінбегенімен қасымнан алыс еместігін сездім. Босандым-ау. Тұрған бойда ашық тұрған есікке кірдім. Дәретхана. Ерлердікі ме, әйелдердікі ме белгісіз. Дәрет тазалағыш су тас іргеден шұңқыршаға жоғарыдан қабырғаны бойлай ағуда. Қабырға сарғайған. Су кенет қатты ағып, шұңқыршаға кетіп үлгермей, аяқтың астын түгелдей алып кетті. Шұңқыршадан бұрқырап бок атылып, су бетімен қалықтап жайыла бастады. Үлкенді-

кішілі адамдардың қиы... Қарғалардың қарқылы естілді. Тілерсегіме жеткен боқ-судан қалай кетудің амалын таппай тұрған күйі дауыс шыққан жаққа жалт қарағанда, шүңір көзді қарға тұмсық ұсқынсыз кемпірдің кішкене терезеден бүктетіле аяғын салбыратып отырғанын көрдім. Бір кісінің құйрығына май жағып емдегенін мақтана айтып, жон-арқасын шыбжыңдай қозғап маз болып қояды. Анау айтып отырған кісісі маған таныс адам. Кемпір бұған жақындамақ ниетпен ыржыңдап имік иегін қозғағанда, күлік аузы опырылып ашылып, сойдиган жалғыз тісі көрінді. Мына кемпірмен дәретхананың ішінде тұрғанымды біреу-міреу көріп қояр деп аяғымның астына жеркене қарап бұрыла бердім. Табалдырықты аттай бере шымылдықтардың саңлауларынан көп көздердің қарап тұрғанын көрдім...

Өзім Виноградов көшесіндегі КазГУ-дің жатаханасында тұрады екенмін. Немере ағаларым Қасен, Қайыржан достарымен келіп, бір шәй ішейікші - деді. Інім Сабыр қайтыс болыпты, соған асықтық. Бүгін бірде шығарады екен неге айтпаған. Қырдың басы, Медеу жақ. Біз 29-шы автобусқа міндік. Мен 6-шы экспресс автобусқа мінсек тезірек барушы едік қой дедім. Тыңдап жатқан ешкім жоқ. Кейігендігім сонша қалғып кетіп, өз аялдамадан өтіп кеттім. Автобустан түсе сала бала-шағалы сығанның ат арбасына міндім. Сағат бір жарым, жарты сағатқа бауырымды жерлеуге кешіктім-ау деп ренжідім. Жыладым. Қатты жыладым, өксігім кеудемді ашытты. Туысты соңғы сапарға шығарғанда, аруақтарды еске алғанда, құдайы бергенде бірінші рет үйде болмадым ау деп ойландым, қапаландым. Аялдама қасы қараңғылау. Сығанның арбасындағы жалаң ат. Божыны ұстаған әйелі. Мен орта жастағы еркегімен екі баласының қасына отыра беріп, тез-тез деген соң, божыны әйелінен күйеуі алып, атты қатты айдады. Арба салдырлап зырылдаған күйі дөңгелектері жерге бірде тиіп, бірде тимей көлденеңдеп үлкен жарық жолдан өтіп, жол ережесін бұзып шұғыл бұрылды. Артта-

рымыздан гаидің жигулиі келе қалды. Ішінде жалғыз таныс әйел сазарып, қақиып отыр. Гаидің машинасының алдыңғы есігін аша бергенімде артына отыр деген дауыс саңқ етті. Қайда бару керегін айтпаса да машина ағып келеді. Жол тақтайдай. Менің қайда баратынымды қайдан білді деп ойлаған күйі үнсіз-қозғалыссыз отырған бойымды әлде бір секемдік билей бастады. Рульде отырған таныс милиционер келіншек емес, жөн арқасы күжірейген дәу біреу. Сөзім тамағымға кептетіліп ештеңе айта алмаған күйі, алақтап жан жағымға көз салдым. Терезелер қараңғыланған алдағы жол ғана көрінеді. Тұншыққан күйі мені түсіріп кетіңіз деп зорға сөйледім. Қазір ана қоянды алайық, сосын деген дауыс күжілдей шықты. Рульде басында қалпағы бар кісіге ұқсас қасқыр отыр. Ну погодидегі қасқыр.

Көзім машина шамшырағы түскен жолға қарап жарықтан шыға алмай, алдымыздағы жан ұшыра қашып келе жатқан қоянды көрдім. Еш қайда бұрыла алмай, аяғы-аяғына тимей қашып келе жатқан қоянның жолдан шығар түрі жоқ. Жолдың үстінде машина жарығының бойымен қасқыр шопырдың ойыншығына айналып ес-түссіз зытып келеді. Қасқыр ыржиганда, ырыл естіледі. Ехе, ехе ... сілекейі шұбыруда. Қоян таныс. Әлде бір түсініксіз сезім ... Қоян қоян емес менмін. Өкпем қабына жүгірдім. Артымдағы дәу құбыжық, бұрылуға шама жоқ. Алқындым. Қуғыншы жақындап қалды. Желке тұсымдағы ырсыл күшейді. Енді ұстайды. Ұстады а а а

Мен өз дауысымнан өзім шошып ояндым. Борша-боршам шығып, терлеп, күйіп-жанып демігіп жатыр екенмін. Көз жіберіп қайда жатқанымды бірден есіме түсіре алмай, көзімді төңкеріп айналама алақтай қарадым. Өз үйім, өз төсегім ... Бөлме іші бозамықтанып, ала көлеңкелене бастапты. Денем алқа-салқа жұлымданса да тынығып қалғанға ұқсайды. Тек ойым да, түсім де шы-шытырық. Бірден кешегі түнеп шыққан түрмемнің қай жерде орналасқанын есіме түсіре бастадым. Коммунистік және Киров көшелерінің қиылысы маңы. Машинамен аулаға үлкен темір

қақпа арқылы еніп шыққанымыз есімде. Бұл жер өзіме жақсы таныс, еш түрме жоқ еді. Дыбыс естілмейтін қабырғалары қалың, есіктері темірден жасалған, терезе дегеннен мақұрым ғибрат мүлде жоқ. Ойлай ойлай бас айналды. Бір болса бас почтаның қасы болар деп жорамалдадым.

Қызыл империяға қарсы совет жастарының алғашқы көтерілісі қанға боялып жеңіліс тапты.

Алматыдағы 1986 жылғы Брежнев алаңындағы қанға бөккен бейбіт шеру ескі мен жаңаның, советтік қатпа догматикалық идеологиясы мен қайта құру арасындағы алғашқы қақтығыс болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Ресей империясының құлауына себепші болса, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі Советтер Одағының шаңырағын шайқалтты.

Қазақстанда репрессия басталды.

19 желтоқсаннан бастап бір жұма бойы жетектеген итері, араларында милиционерлері, қолдарына ұстаған темір-шыбықшалары бар каскалы дружинниктер Алматы көшелерін аралап көзге түскен қазақ жастарын ұрып-соғумен болды.

Кейін Мұхтар Шаханов бастаған парламент комиссиясы көрсеткеніндей сол күндері мыңдаған жастар ұрылып-соғылып, түрме жетпегендіктен, қаладан 30-40 шақырым жерге киімдерін шешіп аязда апарылып тасталыпты. Операцияның аты «Метель 86». Бұл операция жоспары СССР ішкі істер министрінің 19 желтоқсан 1985 жылғы № 0385 бұйрығымен алдын ала жасалған екен. Халыққа, елге қайта құру, демократия керек деген Коммунистік партияның Орталық Комитеті алдын-ала бұқараның шеруін қалай тарқататынын да ойластырыпты. Сол бір жыл бұрын дайындалып, бектілген «Метель 86» жоспары Қазақстанда тәжірибе жүзінде сорақылықпен тексерілді. Советтер Одағының 8 қаласынан мыңдаған арнайы үйретілген қаныпез топ бір түнде ұшақтарымен жеткізілді. Адам болып туса да, адамды ұрып-соғып мерткітіруге, өлтіруге үйреніп ма-

шықтанған екі аяқты зеңгі-машина хайуандар мыңдап іске кірісті. Бұйрықты өзі өлмей орындамай қоймайтын қазіргі заманның адам кейпіндегі зеңгі иттері цептен босатылды. Талады. Ұрды. Зорлады. Қырды... Мыңдаған албырт жастар бостандығы үшін күрес жолында жараланды, қаншамасы өлді. Тағдыр сары тәлкегіе түсті. Ең бастысы Горбачевтың демократияландыруымен қайта құруына деген сенім сағымдай сырғып жоғалды...

Кейін құқық органдарының дерегі бойынша 1986 жылдың желтоқсанының 17-сі-18-сі күндері сегіз жарым мың адам ұсталынды делінді. Бұл тек жобамен алаң, алаң төңірегінен ұсталғандар, ал олар шындығында бұдан бірнеше есе көп. Көтеріліске жоқ дегенде 150 – 200 мыңнан аса адам қатысты. Бұған Көкшетау, Целиноград, Қарағанды қалаларындағы институт, техникум студенттері қосылды. Тек бір Целиноград қаласының өзінде бірнеше мың жастар алаңға шықты. Ереуілшілердің негізін ауылшаруашылық, педагогика, құрылыс институттарының және автотехникум студенттері құрады. Желтоқсан көтерілісін қолдаған басқа қалалардағы жастар жұмыстан, жатақханадан қуылып, студенттер ондап-жүздеп институттан шығарылды. Кейбір институт ректорлары ереуілге шыққан студенттерге жаны ашып, ата-аналарын шақырып, балаң сотталмасын десең оқудан шығарып, алып кетуін өтінді. Целиноград ауылшаруашылығы институтынан Нұрбай Ахметжанов бастаған бір топ студенттер оқудан осылай шығарылып ауылдарына қайтарылды. Целиноград автомобиль техникумының директоры Кенже Бекпаев өзінің студенттерін жақтағаны үшін партиядан шығарылып, жұмыстан босатылды.

Қазақстандағы жағдайдың насырға шапқаны соншалық орыс және басқа ұлт өкілдері қорқыныштан желтоқсан оқиғасы қуғын-сүргінін не жақтауға, немесе ақтауға батылдары жетпеді. Қазақстанда тұратын жүз сан ұлт өкілдерінің ішінен желтоқсан көтерілісіндегі жастарға жаны ашыған жалғыз Сергей Дуванов болды. Ол шамасы келгенінше көтеріліске демократиялық тұрғыдан баға берді. «Қазақтарды сыйлай-

мыз қиын-қыстау репрессия кезінде бізді өлімнен құтқарып қалған солар», - дейтін чечен-ингуш, неміс, кәрістерінің бірде біреуі жұмған ауыздарын ашпады. Бір ауыз жылы сөз айтуға жарамады. Қайта Мәскеу қаласының, Балтық жағалауының мемлекеттерінің зиялы қауым өкілдері көтеріліске әділ бағасын беріп арашашы болды.

Тек партоқраттар өздерінің сатқындықтарын жуып-шаю үшін бер жағымен жаппай интернационалистеніп бірікті. Елдің тыныштығы, достығы үшін белсенділіктерін арттырып, «ұлтшылдардан арылайық», - деп бұқара халықпен күресті күшейтті.

Кең қолтық, мол қолды, аңқау қазақ тағы да қилы заманның қаһарына ілікті. Ел сең соққан балықтай сергелдеңге түсті.

Бет тырнас, кеудем соқсын көбейіп, Қазақстанда бәрі жаман болып шықты. Экономикасы дамымағын, бұратана, жалқау халқы бар, Совет өкіметінің тапқан-жиганымен күн көріп жүргендер. Жылда беретін миллиард астығымыз, жүздеген тонналаған ет – майымыз, шикізат, қазба байлығымыз ұмытылды.

Билік ұлт арасына да оңды-солды іріткі салды. Қазақ халқына бір – ақ күнде ұлтшылдықтың, қаныпезерліктің кейіпін кигізіп ит терісін басына қаптады. Адамгершіліктің не екенін білмейтін, жақсылықты түсінбейтін өз ұлтын ғана ойлайтын, пара алғыш жалғыз осы қазақ болып шықты. Бар қазақ жер басып жүруге жарамайтын арамза ұлтшыл екен...

Қазақтың 40 жылда Қырым мен Қытай да өзгерер тек жамандық қайталанбасын дегені келді. 1937 жылғы оқиғалар бұлжытпай қайталанып, саяси құғын-сүргін басқа кейіпте жалғасын тапты. Жақынынан мезгілсіз, себепсіз тірідей айырылған бейбақтардың азалы күңіренісі қайта жаңғырып, төңіректі торлады. Жаманшылық ауада қалықтап жүрді ...

Желтоқсанның саяси ызғары кімді болсын бей-жай қалдырмады. Әсіресе дәрменсіздік пен көңіл жүдеулігі зиялы қауымның бәрін жалмап жатты. Сырттары бүтін көрін-

генімен іштерінің дерттері қалыңдап, жүректерін қан басты. Әжімді ашаң жүздері сұрланып, қабақтары қайғымен түйіліп, көкіректері қарс айрылып, ауыр-ауыр күрсінген ел ағалары көбейіп кетті. Айтар сөзін ұрпақтан-ұрпаққа кетердей қып кесіп айтатын адам қалмады. Кісілік сөз айтуға ақсақалдар жағы тайқақтай берді. Олардың сөзіне құлақ асқан да ешкім жоқ. Бұрынғыдай самбырлай асығып сөйлеу жоқ, не айтылса да електен өткізіліп, арты ойланып айтылады. Сөз арасының созыңқылығы сөйлеуші адам - айтатын ойын пышыратып алды ма деп те қаласың. Ауыз бағар заман қайта келгендей. Қорланған ел аяншақтап, қайғы сарынмен қоректенуге айналды. Үлкенді – кішінің еңселері түсіп, кішірейіп, шөгіп кеткендей. Автобус, трамвай аялдамаларындағы тұрған адамдар да жабырқау. Институт мұғалімдері әсіресе, тарих, философия сабақтарында байқап, тартына сөйлейді. Көпшілік жұрт уақыт өткізіп өлместің күніне қайта көше бастады. Ең арты есуастау таңның атысы, күннің батысы езуі жиылмай ыржиып жүретін көршінің жынды баласы да жақыны өлгендей қамығып жүрді.

Желтоқсан ызғары кеуде мен жүректі сұп-суық қылып жібіместей мұздата берді. Кеше тасыған, дариясынған, толқындаған қалың ел енді ығысып көзге көрінбей пышырауға айналды. Бірен-саран өз тірлігімен жүргендерден басқа бейсауат жүргендер де көрінбейді. Бейберекет аяқ басу жоқ. Жаманшылықтың қара бұлты төңіректі торып тұрып алды. Жұрт ой шырмауына оралып үнсіз жүруі көбейді. Іштегі күл-талқан қызарып бетке шығып, бастырып қырыстандырады. Басқаны қойып, жанашыр туыстарыңа да сыр шерткің келмейді.

Амалсыз сарсаң ойға қамаласың. Менің де шақша басыма шарадай ой келеді. Көз алдымнан өткен күндер ызғары ұзақ шұбырып өтеді. Сынық көңіл не болса да содан зәре заптанып титықтай береді. Мезгілсіз телефон шылдыр етсе немесе бөтен адам үйге келсе сол бір күндердің дауыл тасқыны қайта келді ме деп ойым аласұрып, бір сәт жан дүниемді

қорқыныш торлай қалады. Бала-шаға, іні-қарындастарды ойлау жиілеп, көңіл өздігінен суықтанады.

Әр күн ұрланып басталып, мазасыз, мардымсыз тірліктің ыңғайымен өткенімен түн жан азабын әкеледі. Әлсін-әлсін бастырылып шошып оянам. Қара терге батып тұла-бойымның дел-сал болып жатқанын көремін. Оң мен түстің арасында жүрегім беймазаланып не ойлап, не қойғанымды есіме түсіре алмай әлектенем. Сайрап тұратын көкірегімде жансыздана көміліп қалғандай ештеңеге қызықпаймын. Бәрі солғын. Жолдастардың әзілі де, үйдегілердің сөзі де түрпідей тиеді. Дөңгеленіп жақын тұрған күн де қызарып суық ызғар шашып тұрғандай.

Жоғарғы жақта комсомол-партия мектебінен өтіп, Мәскеуге жаққан қызметкерлер ғана билігін сақтап қала алды. Пендешілік не істетпейді, кейбір басшылар жасында жетім болғандары естеріне түсіп, теледидардан қазіргідей күнге жеткеніне совет өкіметі мен компартияға қарыздар екенін айтып жылағанда етектері толды. Енді біреулері әйелінің басқа ұлт өкілі екенін мақтана айтып, қалтасынан тастамай суретін көрсетіп, интернационалистігін дәлелдеді.

Партократтар мен шенеуніктер бірігіп желтоқсан көтерілісінің ұйымдастырушыларын жарық күнде шам алып іздеді. Басты кейіпкерлік компартияның идеологтарының қолына тиді. Олар ағайын арасына да алауыздықты кіргізіп бақты. Ат төбеліндей аз қазақты саяси жүйе оңтүстік-солтүстікке, жүзге, руға бөлуге тырысты. Мәскеуден тексеріспен келген КПСС Орталық Комитетінің хатшысы Соломонцев желтоқсан көтерілісінің екі қайнар көзін ерекше атап көрсетті. Оның бірі қазақ тілінде бала бақша, мектеп ашып оған эпостық жырлардағы кейіпкерлердің атын қою да, екіншісі жоғарыдан келген нұсқауларға қарамастан қазақтардың санының қалаларда 20%-тен асып кетуі делінді. Ауыз әдебиетінің кейіпкерлерінен бастап, батыр-палуандарға дейін ел-ұлт қамын ойлаған тарихи тұлғалардың бәрін халық жадынан өшіру үшін ұлтшылдықтың көзі осылар делінді. Жергілікті билік айтылған сөзді нұсқау деп түсініп, бала бақшалардың

Қарлығаш атын Ласточкаға, Алпамыс атын, Дружба народовкаға ауыстыра бастады. Компартияның айтқанын істейміз деп партия қызметкерлері ақылынан алжысты ...

Үйіме сыймай демалысымды тоқтатып жұмысқа шықпақ ниетпен институтқа беттедім. Жолда аялдама қасындағы дүңгіршіктен «Социалистік Қазақстан» газетін сатып алдым. Газет бетінен бірден көзге түскені атақты адамдар қол қойған қарар, ішінде белгілі актер ағамыз, әнші апайымыз бар. Үндеудің мазмұны желтоқсанды қаралау болған. Алаңға шыққандардың бәрі дерлік есірткіден есі ауғандар дегенге келтіріпті. Денемді суық қари қалды. Ойыма бірден келгені мына ағаларымыз бен апайларымыз КГБ-ның қолына түскен екен. Ал олардың кімге болсын қандай құжатқа да қол қойғызары айдан анық. Бұл кісілерде шыдамай алаңға барып, өкіметке тікелей қарсы шықпаса да жастарға жандары ашып араша түскен ғой деп түйдім. Жакындарының бірі қолға түсіп, жан ұясын аман сақтау үшін де бұндай іске барған шығар. Әйтпесе азат болуға бейбіт шеруге шығып, мұң-мұқтажын билікке өзінше жеткізбекші болған, қорланған, түрме-түрмеде азапта жатқан жас ұрпағын жәйдан-жай қаралауға кімнің дәті барар ...

Басқа ештеңе оқымай газетті қасымдағы ластың қобдишасына лақтыра салып, автобусты тоспай институтқа жаяу аяндадым.

Социалистік қоғам ауруға шалдығып жынданды. Желтоқсан көтерілісін идеология жағынан дайындауға ат салысқан деп жоғарғы оқу орны басшылары қызметтерінен еш кінә, дәлелсіз босатылды. Әсіресе Орталық партия комитеті КазГУ мен халық шаруашылық институтына ерекше шүйіліп, бастарына қара бұлтты төндірді. Өзім жұмыс істейтін халық шаруашылығы институты ректоры Самыров аман қалу үшін бас сауғалап Қазақстаннан кетуіне тура келді. Алматыдағы жоғары оқу орнындағы студенттер таныстықпен түскен, ал мұғалімдерінің бәрі пара алғыш деп айып тағылып, ашық күнде қара дауыл орнатты. Барлық институттарға КГБ-дан жауапты адам тағайындалып, оларға жұмыс бөлмесі бөлінді.

Институт әкімшілігі ғимаратындағы ректорат пен парткомның қасында сарғайып жанып тұратын белгі шамы бар бөлмеге КГБ-шник орналасты. Сол есіктің қасынан өтіп көзге түспеу үшін қауырт жұмысы болмаса мұғалімдер ректоратқа бейсауат баруын тоқтатты.

Желтоқсан көтерілісінен кейін КГБ саяси сенімсіздер мен зиялы қауымға қысымын күшейтуге кеңінен мүмкіншілік алды. Қорқытты, жала жауып сергелдеңге түсірді. Ал ең бастысы оларға нақтылы іс қозғалмаса да ілгекке іліп, үзеңгіледі...

Алматыдағы барлық оқу орнынан Брежнев алаңы төңірегінде ұсталған студенттер шығарыла бастады.

Студенттерді институттан шығару қағаз жүзінде екі са-тыдан тұрды. Ректоратқа КГБ-дан алаңда мына студенттер болды делініп тізім беріледі, сол тізім бойынша институт комсомол комитеті оларды сырттай комсомолдықтан шығарады. Ал факультет партия ұйымы әлгі комсомолдықтан көтеріліске қатысқаны үшін шығарылды деген протокол көшірмесінің негізінде ашық дауысқа салып студентті оқудан шығару керек деп ректоратқа ұсыныс жасайды. Жиналысқа қатысқан мұғалімдер үн-түнсіз кінәлі болмаса да өз шәкірттерінің болашағының тамырына балта шауып оқудан шығарылсын деп бір ауыздан дауыс береді. Алғашында ықласты да, бірауызды сияктанып жиналыстарда беделді ұстаздар шәкірттерін жақтап, қорғап бақты. Бірақ партком хатшысы «Оқудан шығару керек, Орталық комитеттің жабық нұсқауы бар», - деп бой бермеді. Компартияның нұсқауының арты немен тынары белгілі. Жұрт көндігіп, төмен қарап шешімге қол көтеретін болды. Сөйтіп коммунист – мұғалімдер бастауыш партия жиналыстарында ұнжырғалары түсіп шұлғымаға айналды.

Бұрын институт парткомы негізінен бастауыш ұйымдарының жарнама жиналымын, жиналысын қала берді әйелдерінің коммунист күйеуіне шағымын қарауымен айналысса енді саясатқа мықтап кірісті. КГБ-ның желтоқсан оқиғасына қатынасқандарының берген тізімімен күндіз-

түні әлекке түсті. Былай барса аты өледі, былай жүрсе арбасы сынады, ал коммунистік белсенділігін күшейтіп, ұлтшылдарды әшекерелеп жазаламаса жұмыстан қуылуы мүмкін. Ел сасып, ер жасыды. Ұлттың рухын түсіру үшін өкімет зорлықтың бар күшін жастарға қарсы жұмсады. Болашақтың тірегін ұясында тұншықтырмақшы болып, істемеген әрекеті қалмады. Меңіреу қаралы қайғы, ауыр ой қаптаған жастар тығырыққа тіреліп амалсызданды. Биліктің тауқыметі талай жасты тас бауыр қылып, талайды зарлатып, талайды құрбан қылды...

Жатақханадағы студенттердің де біреулерінің жүректеріне уайым, күдік, енді біреулерінің жүректеріне аяныш кіріп, көпке дейін бойларын жаза алмай жүрді. Бойларына наз-нала, арыз-арман жинақталып қасіретке батты. Көкіректеріндегі шерлері тарқамай құсалы болуға айналды. Бірақ қанша сергелдеңге түссе де, жастар мойымады, сағы сынбай, еңселерін түсірмеуге тырысты.

Ел дағдарып, әркім өлместің күнімен сең соққан балықтай мең-зең болып жүргенде жан тыныштығын ойлағандар оңай боялып, интернационалистерге айнала қалды. Екі иығын жұлып жеп құтырған интернационалистер лай судан балық ұстағылары келді. Аранауыз – керауыздар бұркеменің бет-пердесін алып тастап оңай май – шелпекке ұмтылды. Олар қилы кезең, қарбаласта арзан бедел, уақытша мансапқа жетіп қалуға жанталаса тырысты.

Ел болашағы, ел қамы дегенді ернінің ұштарымен айтамын шенеунік көбейді. Халқының қамын жеп шара таба алмай дағдарып есі кеткен шенеунік көрер көзге көрінбеді. Мыңдаған жастар істі болып, қамалып қуғын-сүргін көргенде, жүздеген компартия қызметкерлері ұлтына опасыздық жасап шен-шекпенінен айрылмаудың жолын іздеді.

Теледидар, газет-журнал беттерінде ұлттық намысқа тиер сын көбейді. Көптің бірі болып жүрсем де, қылмыс істегендей қиналдым. Аяғым да байлаулы, ту сыртымда көзім бар. Ұйқым қашты, күмәнім көбейді, күлкім азайды. Жұрттың бәрі бас сауғалап, өздерімен өздері. Мұңыма ортақтасар кісі

таппадым. Амалсыз ішкі дүниемнің күңгірт бір жықпылына кіріп алып, оқшауланамын. Іш қазанын ыза оты жайлайды... Жалғанның жақсылығы мен жарығын түпсіз, шетсіз тікенекті мұң орамы езіп-жаншып талқандай берді, қиналғаным сонша, кәртәйайын дедім. Адам ғұмырын шынайы шын көңілден шыққан күлкі ғана ұзарта алатынын түсіндім. Кеуде басылып, жабырқап жүру көбейді. Қол созып демер ешкім жоқ. Тек қан басқан жүрек шымырлайды: О, жүрек.

Менің алтын қазығым -ау!

Қайтейін қажыдың - ау!

Атың адам болған соң, қайтіп надан боларсың. Әттең дүниде бәрі жарты...

Міне бүгінде КГБ-дан келген қосымша тізім бойынша тағы екі студент оқудан шығарылды. Бұлардың алаңда болғанын жасырын түсірілген суреттерден танылған көрінеді. Алаңда болды, бітті... Тағы бір КГБ-шник қылмыскер ұстап қызметімен ерекшеленді-ау... Жиналыстан көпті көрген беделді профессормен бірге шығып аялдамаға аяңдадық. Іштеріміз алай-дүлей, ана-мына ұсақ түйекте тілге оралмай екеуіміз де үнсізбіз. Мен шыдай алмай: «Аға, бұл дүние не болып кетті, ертең балаларымыздың бетіне қалай қараймыз?», - дедім. Ана кісіде іштей тынып жүрген болу керек «ыһ» дегенде ішінен запыранды күңіреніс шықты. Аяқтарымыз батпаңданып, аязды күнде пысынап тыныстарымыз тарыла берді. Өлгі кісі: «Біздегі ит үрген сайын қоянның бір тал түгі түсетініндей зәрезәп мінез қанымыздағы қорқыныштың салдары. Ол жүздеген жылғы құлдықтың, жоқшылықтың, езгіннің белгісі. Еркін азамат болу үшін Тәуелсіз мемлекетте туу керек. Сондай елде өскен азамат ел билеуге жарағанда ғана ол пенденің құлы емес, адамның ұлы, ұлтының қорғаны болады. Қанында қорқынышы бар ұрпақ, біреуді қорғамақ тұрсын өз көлеңкесінен қорқады. Жалған дүниеге келген екенсің, уақыт таңдауға мұршаң жоқ, итшілеп өмір сүруіңе тура келеді. Адам өмірі сын. Өмір бойы емтихан тапсырасың. Жылап келіп, жылап кетесің. Ойланып қарасаң қуаны-

шыңнан қайғың көп. Істегің келмейтінді істейсің, дос жоғалтасың, әкенің өлгенін көресің», - деді.

Сәл үнсіздіктен кейін жерден көзін алмаған күйі тағы да баппен сөзін жалғастырды: «Күнделікті тойғанға мәзбіз, бір мезгіл өмірдің сабағына көңіл бөлмейміз. Жоғалтқанымызды еске алып, қайтсек ілгері ұмтыламыздың қамын жасамаймыз. Аруақты құрметтемеген, асылын қадірлемеген елде қасірет көп. Басқа елдің мұражайындағы соңғы ханымыз Кенесарының бас сүйегі, ұлтының болашағы үшін жандарын қиған алаш арыстарының мүрдeleri отанына оралмай қазақ ел болып көгермейді. Адамгершіліктен айрылып мәңгүрт болу оңай, мәңгүрттіктен арылып қайтадан адам болу қиын».

Қабағы қатып, ренжіген бойы әлде бір қара күш үстінен басқандай еңкейіп пәстене қалды. Түрі мүлде бұзылып кеткен. Үлкен кісіні аяп кеттім. Сөз тоқталып, ойларымыздың арғы жағын үнсіздік жалғастырды. Аяқ астындағы қардың сықыры шекені шытырлатты. Аялдама қасына келгендерімізде солғын қоштасып, әр қайссымыз өз жөндерімізге ілбідік.

Коммунистік партия қазақ халқын қалыпқа салып түзету үшін тәртіпке шақырып, идеологиялық тәрбиені күшейтті. Кәмпитін беріп, қамшысын сілтеді.

Компартияның саясатының ықпалымен ұлттар жақсы мен жаманға бөлінді. Бір ұжымдағы адамдар ашық ерегестерге бармаса да, ара-қатынастары суыды. Ұлтқа, дінге бөлініп жіктелу басталды. Ұжымдардағы қазақтардың саны есептелініп, ол республикадағы халықтың процентіне шағылды. Партияға өту мәселесі, пәтер алу кезегі қайта қаралып, саяси сенімділікке сай електен өткізіліп қазақтар тізімнен шығарыла бастады.

Өкімет тарапынан сенімсіздік жастар мен зиялы қауымға ғана емес, қызметкерлерге, әсіресе, құқық сақтау органдарындағы азаматтарға да тарқады. Оңтүстік облыстардағы құқық қорғау мекемелерінен «қазақтар жұмысқа алынбайды, мазаламандар» деген хабарландырулардың кездесуі ешкімді

таңдандырмады. Ертесімен жұмысына беттеген адам кешке дейін қызметін сақтап қала ала ма, жоқ па, оған сенімділігі болмады. Акутагава айтпақшы, адам өмірінің кейбір сәттері бір қорап сіріңке сияқтанды. Қорқып қарауға – күлкілі, мән бермей, жәй қарасаң – қауіпті ...

Желтоқсанның аязы бәсеңдемеді. Бұрын мұндай суықтың қашан болғанын алматылық ежелгі тұрғындардың өздері естеріне түсіре алмады. Түкірігің жерге жетпейді. Арқа жерінде ғана болатын сықырлаған шыңылтыр аяз. Бұрын сонды болмаған суық жел де түнделетіп ішін тартып уілдейді кеп.

Міне 1987 жыл да келді. Алматы тұрғындары жаңа жылды 70 жыл бұрынғыдай сергелдеңге түсіп, күпті көңілдерімен қарсы алды. Қазақтар 1916 жылы балаларын соғыстың кара жұмысына жібермейміз деп көтерілсе, 1986 жылы әділдік іздеп азапқа түсті.

Алматыға қар қалың түсті. Терезеден сыртқа қарадым. Дала ақ қардан күндізгідей жарық. Ой тұңғиығына батып қозғалыссыз ұзақ тұрдым. Орнаған қайғы, жүрегімді жеген дерт сыртқа шыққандай... Біртіндеп ай жарығы төңіректі көкшіл түске бояй бастады. Көше бос. Тылсым тыныштықтың ту сыртындағы белгісіздікте қатерлі қауіп бар. *Тарихқа көз жүгірттім. 70 жыл. Әрбір 70 жылда қазақ тарихында естен кетпес үлкен оқиға болады екен-ау. 1846 жылы Кенесары Касымұлы тәуелсіздігімізді сақтау үшін соғысты, 1776 жыл Досалы, Сейдалы сұлтандардың жеңілісі, Емельян Пугачевті қолдаған қазақтарды жазалау, 1916 жылғы көтеріліс...*

Енді міне Желтоқсан көтерілісі ! .

Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Г. Колбин ұлттық, жергілікті мамандарға сенімсіздікпен қарап басқа республикалардан мамандар жинай бастады. Алматы қаласының 1-ші хатшысын Мәскеуден әкеліп Қазақстанды жағырафиялық картадан ғана көрген Романов деген азаматты сайлады. Завод-фабрика директорлары, жоғары оқу орындары ректорларын да Советтер Одағының түпкір-түпкірінен әкелу әдетке айналды. Алматы ха-

лық шаруашылығы институтына ректорды Киевтен әкеліп тағайындады. Қазақстандағы әскери құрамаларда қызмет жасап жүрген қазақ офицерлерін жедел түрде басқа республикаларға ауыстырды. Қызметтің барлық салаларында аттестациялар жүргізіліп, мінездемелер берілді. Билік басындағы қазақ азаматтары жаппай қызметтерінен босатыла бастады. Ең арты азаматтық қорғау саласының басшыларына дейін жарамсыз деп саналды. Керісінше желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың қылмыстық істерін тергеуге басқа республикалардан тіс қаққан, тәжірибелі тергеушілер жүздеп шақырылды. Сотталған жастардың статьяларына қарап олардың алдарына қандай мақсат қойылғаны тез арада-ақ белгілі болды...

Ұлтты қорлау, намысқа тию бұнымен бітпеді. Бұл тағдыр кепешесін теріске бір кесе болмайды екен. Жығылғанға жұдырық. Аталарымыз қан төккен, әкелеріміз жан берген Компартия басқарған Совет үкіметі қазақтарға біржола та қырбайланып қисайды. ЦК КПСС-тің шешімімен қазақ халқы ұлтшыл аталып, репрессия заңдандырылды... Бүкіл қазақ халқы ұлтшыл... ЦК КПСС-тің қаулысы дем беріп репрессия күшейді. Ұлттың қалың қайғысын ыдыратар, қабағын ашқызып, бойын сергітер күн жақын арада тумайтынына көз жетті.

Газет беттері желтоқсандықтарды құбыжық қылып көрсетіп жатты. Ал өз пікірлерін білдірмей тек сот залынан Рысқұлбеков бастаған төрт азаматтың суретін берген бірнеше газет редакторлары бірден жұмыстарынан ұлтшыл деп қуылды. Рысқұлбеков өлім жазасына кесілді дегенде көздері қызылжиектеніп жасқа буланбаған адам қалмады. Көкіректерінде әр қилы наз-наласы бар үлкенді-кішінің бәрі жасыды. Жеке адамның басынан өткен елеулі оқиға, күйзелісті хал бірден өсіп көпшіліктік - ұлттық болып шықты. Бірдің басына түскен, мыңның басына түсті. Көп зұлымдық, көп қорлықтан асқан мына зорлық ұлт ішіне тас шемендей қатып, ел жүрегін ыза кернеді. Менің де тарих факультетінде бірге оқыған Шора есімді азаматтың сотталғанын естігенде

жүрегім қан жылады. Жаны таза, адал азамат отқа жазықсыз күйді-ау дедім. Амал не...

Жұрттың көбі бұқпантайланып қалса да, арғы жақтары қыз-қыз қайнады. Өкімет бір қазақты жүз-жүзге, оңтүстік-солтүстікке қанша бөлгенімен ел бірікті. Көкіректің көзі ашылып, қанына тартуға айналды. Билік қанша тырысқанымен қазақ қауымы арасына өзек құртын түсіре алмады.

Отырсаң опақсың, тұрсаң сопақсың. Ешкімде осы ұстаған саясатымыз жақсы ма, әлде жаман ба деп ойланбайтын-дай. Кейін бір тентектер өкіметтің идеологиялық-насихатының әсерімен қазақ зираттарындағы сүпітастарды қиратып хайуандық жасады. Артынан орталық мешітке жұма намазы күні оқ атылды. Аруақтар қорланды... Бірақ еш қылмыскер ұсталып, бірде-бір адам жауапқа тартылмады...

Көктем келді. Күннің қызуы бойынды жылылыққа дәмеленткенімен ызғардың қатқағымен ыласы араласып бойды бейжайландыра берді. Қыс уақытының өткеніне қарамай кетпеге әуес-ақ. Адам, қоғам тұрсын табиғат та заңдылығын бұзып, жыл мезгілдері бір-бірлеріне қарсы тұруға дағдылана бастағандай. Күн жылына Колбин интернационалист Алматыда Қазақстанның облыс күндерін өткізді. Облыстардағы түрлі-түсті тағам, ет әкелініп арзан бағаға сатылды. Концерттер ұйымдастырылып, әртүрлі ұлт өкілдерінің ауыздарына жаттанды сөз салып, халықтар бірлігін, ұлттардың достығын дәріптеді. Бірақ қолдан жасалған достықты ешкім қолдай қоймады. Әрі кетсе арзан бағамен сатылған жылқы етін алумен шектелді. Тамыры терең шынайы сыйластықтың ауылы әріректе қалды. Көзбояушылық халықтың қансыраған жүрек жарасын жаза алмады. Жұрт әйтеуір күнделіктің күйбеңіне алданып уақыт өткізуге үйренді. Өздігінен өтіп бара жатқан күнге амалсыз ілеседі. Жұрт баяғы әдетпен қайғы-қасіретті, іштегі запыранды сыртқа шығармауға тырысып бергі жақтарымен ойнап-күлген болды. Бірақ тойлардың өзінде өкінішті, өксікті, қасіретті мұңды әндер көбірек айтылды. Ән мен күй бойларын сергітіп, көңілдерін кө-

тергендей болғандарымен, желтоқсанның ызғарынан тұла бойлары арыла алмады. Жүректерін өкініштің асыранды ала мысығы тырналай берді...

Тіршілікте мән қалмады... Өкімет ойына келгенін істеп, милиция, КГБ, прокуратураның күшімен зиялы қауымды қудалауға кірісті. Жұдырықтың жуанын институт мұғалімдері жеді. Жастардың, студенттердің алаңға шыққанын тәлім-тәрбиеден көрген құқық органдары мұғалімдерді пара алған деген сылтаумен жаппай тергеуге алды. Куәлар табылып, жәй айтылған сөз адамның бас бостандығынан айырылуға жетті. Алматы халық шуруашылығы институтында үш-төрт ай тергеу жүргізіліп, талапкерлердің оқуға түсу емтиханы кезінде сот процестері басталды. Сот ашық және институттардың үлкен залында дәл емтихан болатын күндері өтті.

Жоғарғы қабаттарда абитуриенттер емтихан тапсырды, ал бірінші қабатта мұғалімдерді пара алғаны, ұлтшылдығы үшін соттап жатты. Баласы төмен баға алып қалған басқа ұлт өкілдері емтихандағы мұғалімдерді ұлтшыл деп бірден балағаттап айғайға басып партия комитеттеріне шағым жасады. Әрбір екі алып қалған басқа ұлт өкілі үшін түсініктеме жазуға тура келді. Қазақ балаларын оқуға қабылдауға шек қойылды. Қабылдау комиссиясы күнде қалалық партия комитетіне, Орталық комитеттің оқу бөліміне есеп беріп, нұсқауда көрсетілген проценттерді бұзбады. Қазақтың білімді, талантты өрімдей-өрімдей жасөспірім ұл-қыздары саясаттың құрбаны болып, көздері мөлтілдеп оқуға өтпей жатты. Маған сол күндері кенет мына запыранның аласапыранға шыдамаған жастар өзіне-өзі қол салады-ау деген суық ой төтеннен сап етті. Өз ойымнан қорқып қалдым. Неге бұндай ой пайда болды, өзім де біле алмадым... Қиындыққа шыдау бар да, төзім бар. Үлкендер көнер, өмірді енді қызықтап, бой түзей бастаған жастар қалай төзер, не істер. Жазығы не олардың...

1987 жылдың жазы. Тәуелсіз ел болу деген ұмтылыстың қаншалықты қымбатқа түсетіндігін білетін Украина-

дан Қазақстанға ақын Драч бастаған жазушы-әдебиетшілер келді. Абай атындағы опера-балет театрында Олжас Сүлейменов жүргізген кездесу кеші болды. Кезекті сөз алған атақты Драч ақын әдеби байланыстар емес қазақ халқының Украина жерінде қан төгіп батырлық көрсеткенін, оның қарапайым-қайырымдылығы, Отан сүйгіштігін, бауырмалдығын, шынайы тұрғыдағы интернационалистігін білетіндігін бірден айтты. Залда шыбынның ұшқаны сезілердей тыныштық орнады. Бұл қалайдың таңсығы жиналған шенеуніктерді арбап тастады. Отырған партия қызметкерлерінің шошынғаны сондай дем ала алмай, қимылсыз қалды. Ақын сөзін қандай шешімді кім қабылдаса да бүкіл халықты ұлтшыл дегенге қосыла алмаймын деп аяқтады. Жиналыс-кездесу тез бітті. Жиналған жұрт әркім өз ойымен өзі болып үнсіз қайтты. Менің еңсем биіктеп көтеріліп қалды. Кездесуге келгеніме қуандым. Тек келесі күні делегация жоспарын күрт өзгертіп, Тарас Шевченконың айдауда болған, талантының кемеліне келіп шыңдалған, Ұлы туындыларының дүниеге келуіне нәр берген Маңғыстау жеріне шұғыл кетіп қалды.

Сол күндері маған өмірдің қызығынан өлім жақсы көрініп жүрді. Ауа-райы бұзылған күндері түс көремін. Аруақтар – зираттар. Атам заманда өлген кісілермен кездесіп, өңімдегідей айқын жүремін. Жан тыныштығы, қызық сол жақта... Түстер. Түс уақыт пен кеңістікке тәуелсіз ғой. Әр мезгілдегі адамдар бір мезгілде жүреді. Жол сілтейді, болашақты меңзейді. Бірақ түс жорығым жоқ. Уақытым да аз, істегім де келмейді. Шындығында түсімнен қорқам... Қолым босай қалғанда амалсыз әдетімен Акутагава, Кафка, Прустың кітаптарын оқимын. Өзіндік ерекше өмір жасаймын, оқшауланамын...

Үміт өшпес. Арман өлмес.

Қуғындау да, ЦК КПСС-тің қаулысы да шындықты, азаматтық қасиетті қадірлей білетін қазақ ұлтының сағын сындыра алмады. Бүкіл ұлттың рухани дамуына, адамгершілік пен парасаттың салтанат құруына кедергі бола

алмады. Әсіресе жастар аз күнде шыңдалып, құлқынның құлдығынан арылды. Олар енді бұрынғы қарны тойса қалғып сала беретін ынжық ұрпақ емес. Желтоқсан көтерілісі ұлттық идеяның сарқылмас қайнар көзіне айналды.

Ең бастысы Горбачевтің демократияландыруымен қайта құруына деген сенім сағымдай сырғып жоғалды. Жариялықтың жартылай ғана шындық екеніне көз жетті. Горбачев Алматыдағы Брежнев алаңындағы көтерілісті көрген соң шошып кетті. Өркениетті өмір бағытынан бұрылды. Ескінің қараңғы жолына түсіп, империялық саясатқа қайта көшіп, шоқпарын оңды-солды сілтей бастады. Алматыдан кейін қанжоса Баку, Рига, Вильнюс, Тбилиси оқиғалары болды. Горбачев бір жағынан адам құқығы қадірленген қоғам құрғысы келсе, екінші жағынан коммунистік көзқарасы тұтқынынан шыға алмады...

Қайта құрудағы романтикалық ұмтылыс қатал шындықтың жартасына әкеліп соқты. Көпшілік болмысы кезекті тарихи қиял-шындыққа тағы да сәйкес келмеді. Мұхит бетінде ғана болатын орасан цунами-толқын үсті-үстіне соққылап зорлық-зомбылықтың көкесін көрсетті. Империялық саясат жарқын болашаққа деген сенімді жоғалтты. *Халықтың аузын құлыптап, ойын көгендеп, еркін шідерлеп ұстаған тоталитарлық коммунистік режимге алғашқы соққы беріп, негізін шайқалтқан желтоқсан көтерілісі болды...*

Желтоқсан қазақты қазақ қылды. Ана тілде сөйлеу, қазақтың ән-жырыын айту, жөн-жоралғы өткізу әлеуметтік мәртебе болып, соған қажеттілік туындады. Халық батырларын төбесіне көтеріп пір тұтып, ұрпағын сол рухта тәрбиелей бастады.

Тіршілік ұсынған ащы сыбағамен сынақты басынан кешкен, алдарын кес-кестеген қырсық пен тағдыр тезінен өткен желтоқсан қаһармандары ұлттық болмыстың шыңдалуына, бұқара халықтың ой-өрісі, ойлау деңгейінің жаңа сатыға көтерілуіне әсерін тигізді.

Шыңдалған рух 1987 жылы Мұхтар Әуезовтың 90 жыл-

дығына арналған мерей-тойын ұлттық шабытпен Мен қазақпын деп өткізді!

Қайғы-мұңның сеңі бұзылып біртіндеп ел есін жиды. Аяқ-қолын бауырына алып, желтоқсан көтерілісімен рухтанған ел серпіліп, еңсесі биіктеп жадырай бастады.

Бірде жұмысымнан үйіме кіре бере жұбайымның жүзінен үрей көрдім. Бәрін бірден түсіндім. Қолыма КГБ-ның шақырту қағазын ұстаған күйі ойым әр саққа кетіп, кібіртктеп қалдым. Не керегім болды екен деген ой тұла бойымды дір еткізіп, суытып жіберді. Түстен кейін ауырлаған күйі амалсыз КГБ-ға баруға тысқа шықтым. Өздігімнен бастырыла қысылып, тамыздың қоңыр жайы болса да тынысым тарыла берді. Автобус аялдамасына Гагарин кешесі бойындағы саябақ арқылы бет алдым. Ағаш арасындағы шағын алаңда он-онекілер шамасындағы балалар ес-түссіз бар жандарын салып, айғай шумен футбол соғып жатыр екен. Шынайы таза күлкі, аласы жоқ ақтық сөз, кіршіксіз албырт балалық төңірекке ерекше сән беруде. Көрініс кенет менің бақытты балалық шағымды есіме түсіріп, бойымды жеңілдетіп тастады. Бір сәт бар ойымнан айырылып, балалардың футболына қарап қалдым.

Биік теректердің арасынан түскен күн сәулесі маңдайымды қыздырып, тынысым кеңейейін деді. Алматының жан сая қоңыр жай алтын күзі де жақындап келеді. Балалардың сабақтарының басталатын күндері де жақын. Айналама қызығып, таңырқай қарадым. Әлгінде ғана мән бермей жұпыны санаған қасымдағы тіршілікте қаншама сұлулық, қаншама мәнділік бар екенін көрдім. Бойым жеңілдеген күйі біраз тұрдым. Енді болмағанда өзім де жүгіре жөнелетіндеймін. Кенет футбол алаңының қасындағы жеке меншік үйдің ауласынан екі-үш рет гүрс-гүрс етіп атылған мылтық дауысы естілді. Іле жан ұшыра қыңсылаған иттің дауысы құлақты жарып кетті. Қапелімде ештеңе түсіне алмай аңырап қалған балалар доптарын тастап дауыс шыққан жаққа шұбатылып тұра жүгірді. Мен де солай беттедім. Басы қан-қан кішкене қанден тұра шығып, қайда қашарын білмей мәңгіре үлкен

даңғылдағы тас жолды кесіп өте берді. Көзіне құйылған қаннан ештеңе көрмей барады. Қыңсылап жылағандай, пана іздеп аянышты үн шығарды. Тас жолда қанды із қалды. Мылтық ұстаған еркек ештеңе болмағандай аяғын жайбарақат басып үйіне кіріп кетті.

Қанден ит ауладағы қалдық-қоқысты қопарған сияқты. Аяғын сүйрете басқан ит жолдың шетіндегі тас жиекке соғылып, шаңқ етіп шошып бұрылып алып кері қашты. Дәл осы кезде қатты жылдамдықтағы джип машинасы келе қалды. Жүргізуші ит кері қашады деп ойламаған болуы керек, қанденнің сүйегін бытырлатып басып өте шықты. Иттің сонда да жаны шықпай тұмсығын көтеріп адамдарға әлде не айтатындай аузын ашқан күйі сұлқ құлады. Бәрі көзді ашып-жұмғанша болды. Менің денем шымырлап, орнымда қаттым да қалдым. Ал ентелеп қарап қалған балалар, бәрі бір сәтте кері бұрылып, ештеңе болмағандай футболдарын қайтадан ойнай бастады. Жүрегім бір түрлі кобалжып сыздап кетті. Ештеңе көрмегендей бірден ойындарын жалғастырып кеткен балаларға қарай алмадым. Балалардың айғай-шумен доп қуған дауыстары да бір түрлі жат, суық, жиіркенішті көрінді. Артыма қарамай, КГБ-ға бет алдым.

КГБ-ның рұқсат қағазын беретін темірлі терезесіне келіп, Яковлевке келгенімді айттым. Тесікшенің арғы жағындағы әскери киімдегі әйел ләм деместен сәлемімді де алмай, тесікшенің есігін қалай ашты, солай жапты. Түрінде қан жоқ, манекен сияқты сұп-сұр, кірпігі де қағылмады. Үйреншікті шыдамдылықпен ұзақ күттім. Мекеменің жағымсыз ауыр кескінімен тылсым өзіндік тірлігі ысымды баса берді. Сарылып тұрған тыныштықты амалсыз ауырлайсың.

Талай құпияны бойына сіңіріп, талай зиялының тағдырын шешкен ғимарат... Тарс етіп ашылған тесікшеден сақ етілген өз фамилиямды естідім. Әйел аузын ашып үлгергенше паспортымды ұсына қойдым. Көздеріміз түйісті. Тесікшенің есігі әлгіден де қатты тарс етіп қайта жабылды. Көп кешікпей тергеушінің аты-жөні, кабинеті көрсетілген рұқсат қағазын алып Дзержинский көшесіндегі кірер есікке

беттедім. Виноградов ескерткішінің қасынан өте бергенде қарсы беттегі театр ғимаратының екінші қабатынан ұйғырша ойнақы әсем би әуені естілді. Әуен шыққан жаққа бір карадым да, сүрдемді сүйреткен күйі КГБ-ның ішіне кіргенде өзімді тосып тұрған Сабеновтың орынбасары Яковлевті көрдім. КГБ-дағы әдет бойынша келушілерді кім шақыртты сол тергеуші кезекшіден қабылдап алып, кетерде қайтадан өткізіп шығарып салады. Бұл тәртіп кезінде Бериядан қалған деседі. Сақтықта қорлық жоқ, кірген адам КГБ-ның бірденесін іліп кетпесіне кім кепіл...

Тергеуші Яковлев көптен таныс адамдарша жайбарақат сөзге тартып, бір сағаттан аса отырып-отырып ең соңында: «Қалай, лотерея ойнайтын болдық па, қаншасын алып тараттың?», – деді. Түсінбей: «Мен мемлекетпен азарт ойындарын ойнамаймын, неге сұрадыңыз?»-деп жауап бердім. Тергеуші көздері тышқан аулаған мысықтай қуланып, қарай қалыпты. Құлаққа ұрған танадай тыныштық туды. Жанды жейтін баяғы үнсіздік. Тергеуші Яковлев менің лотереядан хабарсыз екеніме сенгендей болып, езу тартып, сұрқиялана: «Мүмкін сенің бұған қатысың жоқ та шығар, бірақ жұрт не дейді», - деді. Шынында ештеңе түсінбей, өзімді-өзім қалай ұстарымды білмей, қипылықтай қозғалып езу тартқан болдым. Саңырауларда болатын мылқау ыржың.

Яковлев 30 тиынның ұтыс лотереясын столының тартпасынан алып шығып, екі қолдап жазып ұстаған күйі бетіме тақады. Лотереяға карадым да, тергеушіге, «кәдімгі лотерея» дедім.

Жоқ сен ұтыстың қай күні болатынын оқы.

Он жетінші желтоқсан. -

Иә, ал суретте не салынған.

Орталық партия комитеті мекемесі.

Тағы не көріп тұрсың.

Мінбе, Брежнев алаңы. Мен аузымды жабар-жаппастан тергеушіге жалт карадым. Көздеріміз түйісті. Яковлевтің қутындаған көзінің қарашығының арғы жағында сұрқиялық тұрды. Суырып алғандай маған лотереядағы суретте, оның

кай күні ойнайтынының бәрі бір десем де өзім іштей ойла-
нып қалдым. Яковлев кірпік қақпай сазарып сұқтанған күйі
әр қимылымды, бетімнің қан жүгірісін қадағалап қатып қа-
лыпты. Сәл үнсіздіктен кейін Яковлев: «Сонда, сендер ұлт-
шылдар былтырғы желтоқсан оқиғасының 1 жылдық күніне
халықты Брежнев алаңына қайтадан шақырып отырсыңдар
ғой», - деді.

Мен осы лотереяны қайдан шығатынын естісем, құла-
ғымның тесігі бітеліп қалсын.

Кім бұны ұйымдастыруы мүмкін, сенің достарың шығар,
қайда жүр олар.

Қайсы қайда, біздің баяғы Сарыарқа ұйымына байланыс-
ты ісіміз жабылған жоқ па еді.

Саяси сенімсіздерге ашылған іс, сотсыз жабылуы мүмкін
емес. Ал сот әлі болған жоқ. Яковлевтің дауысы кекесінді
құйтырқы шықты. Ұзақ үнсіздіктен кейін тергеуші ештеңе
біле алмайтынын сезді білем, бір парақ қағазды өзі толты-
рып: «Мынаған қол қой», - деді. Параққа ат үсті көз жүгіртіп:
«Бұл не, сұраққа жауап па, сіз менен жауап алдыңыз ба», -
дей беріп кілт тоқтадым.

Жоқ, мен сенімен әңгімелестім. Ал мына парақ соның
белгісі. Ертеңге азық. Қалай әлгі Булгаков қолжазба жанбайды
демеуші ме еді. Бізде классиктерді оқимыз. Өзімізде таныл-
маған классикпіз. Ха, ха... Яковлевтің күлкісі, аумаған Сабен-
новтың күлкісі. Дауысы да ұқсас, мына көзқарас, іс-қимылда
дәлме-дәл сол Сабеновтікі. Не нәрсенің болсын жұғатынынан
шығар, жақсы мен аралассаң жақсысың, жаманмен аралассаң
жамансың. Адам мінез-құлқына қоршаған ортасы ғана емес,
істеген қызметі де дақ салатын сияқты. Әсіресе құқық мекеме-
лерінде істегендердің егіздей ұқсастықтарын қайтерсің. Қыл-
мыскерлермен көп араласқаннан шығар, жәй секемшіл емес,
өздерінің де соларға бейімділігі байқала береді. Көздерінен
бірін-бірі таса қылмай қол ұштарын беріп жүреді. Зейнетке
шыққан КГБ-ның қызметкерлерінің жұмыссызы жоқ...

Яковлев менің рұқсат қағазыма қол қойып, сыртқы ке-
зекшіге тапсырып тұрып, күлген болып «тағы кездесеміз,

әзірше» деп қалды. Сарыарқа ұйымына байланысты мойнымдағы қыл арқаннан жәй босағаныммен біржолата құтыла алмайтынымды білдім.

Күн батқан. Дзержинский көшесі биік теректерден шам жарығы дұрыс түспей бұлыңғыр тартқан. Кештің жауыннан кейінгі ызғары қойны-қонышыма кіріп денемді мұздатты. Бойымның мұздағанынан, жүрегімнің мұздағанын көбірек сездім. Лотерея есіме түсіп, кім жасаса да, азамат екен деп іштей ризалық білдірдім. Ағын суына іліккен бұтақтай кете бермей, өздерінше тірлік жасап жүрген азаматтар бар екен-ау деген ой, қуаныш сезімі көкейімде қалықтап тұрды. Бетіме қан жүгіріңкіреп, денем шымырлады. Дзержинский ескерткішінің қасынан өте бергенде бойым жеңілдеп, жүрісім жылдамдады.

Советтер Одағындағы қанды оқиғалар тек ұлтаралық сипат емес, саяси, тәуелсіздік үшін демократиялық-идеялық мән алып қанатын кеңінен жая бастады. Империяның қандайы болмасын ерте ме, кеш пе әйтеуір бір құлайтыны заңды ғой. Рим, Византия, Араб халифаты бәрі де даму шегіне жетіп ыдыраған. Тек не нәрсе болсын қирағанда айналасындағыларды мерткітіріп басып қалмай жай құласа ғой... Жер шарының алтыдан бірін алып жатқан қызыл империяға да тықырдың таянғаны белгілі болды...

Уақыт көңіл жарасын жазды. Осы жылдары өзіме ерекше ермек таптым. Қолыма қалам алып бос уақытта көркем шығарма жазуға әуестендім. Шығармашылығымның басталуына желтоқсан көтерілісі тікелей әсер етті. Алғашқы әңгімем Қазақ әдебиеті газетінде Герольд Бельгердің алғы сөзімен жарияланды. Бұл жаңа леп, жаңа бағыт, көңілге үлкен медет болды. Ақын-кинорежиссер Бақыт Қайырбековпен танысу көркем шығармашылықтың сан түрлі сиқырын аша түсіп, сол бағытқа біржолата бет бұрғызды. Оның тілі, сөз саптасы ғана емес, ой тереңдігі, білімі, жүрек жылылығы, айтылмаған дүниесі өз ішімнен табылды. Шер тарқаттым, ғанибет алдым. Әдебиет майталмандарының шығармаларымен бірге жаңадан шыққан әңгімелерді қызығып оқыдым. Әсіресе

ақындардың прозасы көңілге қонымды. Алғаш рет Қазақстандағы түрме жөнінде жазған Хасен Қожахметтің деректі әңгімесі көкейімде мәңгіге сақталды.

Ал елдегі қайта құру, сөз бостандығын жариялау өз нәтижесін бере бастады. Ұлттық сана оянып, әр ұлт өз шежіресі, тарихына мән беріп, ана тілі мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

Бірақ сол жылдары Қазақстанда өкімет қос тілің - қос қанатың деген ұранмен жұрттың ит-сілікпесін шығарды. Әйтеуір абырой болғанда Сафуан Шәймерденов, Рүстем Жанғожин, Смағұл Елубаевтардың ұйымдастыруымен қазақ тілінің мәртебесін қорғаған елу зиялының хаты қос тілділікке тосқауыл болды. Қазақ тілі заң жүзінде өз құзырын сақтап қалды.

Әркімде де арман ұялаған бір ұя бар ғой. Кім нені армандайды дерің бар ма. Ол біреуге ұсақ мардымсыз болғанымен енді біреуге орны толмас асқар тау көрінер. Мен үшін осындай орындалған арманның бірі қазақ тілінің мәртебесін көтеретін істер болды. Республикалық қазақ тілі қоғамы құрылып, оның бөлімшелері облыс, аудандарда ашылды. Елдікті, әдет-ғұрыпты, тілді, мәдениетті дамытуға арналған қоғамдық ұйымдарды қарапайым халық өздері ұйымдастырды. Алматыда «Ана тілі», Целиноградта алғашқылардың бірі болып «Қараөткел» газеттері шыға бастады. Бұл газеттерді жұртшылық қолдан-қолға түсірмей іздеп жүріп оқыды. Алдан Смаилов сияқты газет редакторлары ұлтшыл деген айып тағылып, қуғын көрді. Бірақ бұл сексенінші жылдардың соңында компартиядан бедел кетіп, совет өкіметінде баяғы сұрапыл соқыр күш азайған еді.

Елде саяси қозғалыс ұйымдары да кеңінен етек алды. Желтоқсан көтерілісіне байланысты парламенттік комиссиялар құрылып оны ақын Мұхтар Шаханов пен сенатор Сабыр Қасымов басқарды. Комиссия мүшелері сотталған желтоқсандықтардың ақталуына үлкен үлес қосты. Желтоқсан көтерілісіне байланысты әділдіктің беті ашыла бастады.

«Азат» қозғалысына Михаил Исиналиев пен Советқазы Ақатаев бас болып, ұлттық сананы Тәуелсіздікке тәрбиелеуге кірісті. Олжас Сүлейменовтың Невада-Семей қозғалысы халықаралық деңгейде қолдау тауып, әлем Қазақстанды таныды.

Республика басшылары да Орталыққа жалтақтай бермей, өзекті мәселелерді өздері шешуге айналды. Қазақтың зиялы ақтаңдақтары ақталды. Алаштың алтын ұлдары тарихтан өздеріне тиісті әділ орындарын алды. Қадау-қадау тарихи тұлғалардың үзіліп жеткен еңбектері жаппай шыға бастады. Алғашқылардың бірі болып Шәкәрім, Мағжан, Ахметтердің еңбектері шықты. Зиялы бабаларымыздың кітаптарынан олардың ой-өрісі, ұлтқа деген жанашырлығы, айтып кеткен өсиеттерімен табысып ләззат алдық, сырлас таптық.

Сырғып жәй білінбей өтетін күндер енді біртіндеп мазмұнды пікір алысуларға, жиындарға ашық қатысуларға ұласты. Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары елінің ертеңін ойлайтын жас зиялы қауымның басын біріктірді. Осындай бостандықтың бір тілімі Абай атындағы педагогикалық институтының «Педагог» газеті мен студенттік кәсіподақ комитеті төңірегіне жинақталды. Жасарал Қуанышалин, Оразбай Уалихановтар басқарған ұжымдар формальді емес жиын, пікір сайыс орталықтарына айналды. Ұлт болашағы, ел тағдыры күнделікті әңгімеде ауыздан түспеді. Редакция бөлмесінде темекілерінің түтіндерін будақтатып шахмат ойнаған жігіттер көкейіндегілерін бүкпендемей ағынан жарылатын. Ой-пікірлер футбол ойынынан кейін де жалғасын табады...

Адам аласынан, сөз аласы жаман емес пе. Кей-кейде елдің болашағы жөніндегі сөздер орынсыз талым-таластарға да ұласып жатты. Енді бірде бостандықты бодандықтан айырғысы келмегендердің құлақтан кірген суық сөздері көңіліңе барып мұз болды. Тағы да ең ауыр майдан-надандықпен күресу майданы екеніне көз жетті.

Бірде мен Азат қозғалысының кезекті жиынында Сабеновпен бетпе-бет кездесіп қалдым. Жұпыны киім киіп, кейпі

карапайым адамның түрі болғанымен сұқты көздері жиырма жыл бұрынғыдай құтырған иттікіндей оқ атып тұр. Жұлын тамырларым ду ете түсті. Үстімнен ыстық күнде мұзды су құйып жібергендей болды. Үрейден тілсіз, тыныссыз калдым. Сабенов те бірден таныды білем езу тартқандай болды. Оның езу тартқанының өзі қасіреттің белгісіндей көрінді. Көтеріңкі көңілдің сағымнан салған сарайын үрей дауылы жоқ қылды. Төбе құйқам шымырлап, жүрегім лықсып өңешіме келіп кептетілді. Ойыма мына сұмырай мұнда не қылып жүр деген сұрақ қана келді...

Советтер Одағының барлық республикаларында сексенінші жылдардың соңында тәуелсіздік үшін күрес кеңінен етек алды. Ұлт намысы - рух тазалығы үшін жұрт көпшілік болып күресті. Жоғарғы кеңеске депутаттар сайлау ескі мен жаңаның, партократиялық билік пен демократиялық бағыттың арасындағы ақтық шайқасқа айналды.

Әсіресе Алматы қаласы компартиясының 1-ші хатшысы Романов пен Алматы құрылыс комбинаты бас директоры Сафроновтың арасындағы депутаттық орынға талас саяси мән алды. Алматылықтар Сафроновты қолдады. Бірінші хатшының сайлауда өтпей қалуы бұқара халықтың өкіметке, ескі саяси жүйеге көзқарасын көрсетті. Бұл оқиға Қазақстандағы басқа сайлау округтеріне де әсерін тигізіп, сайлаушылар алғаш рет өздері қалаған кандидаттарын депутаттыққа өткізді. Бұл Тәуелсіздік жолындағы күрестегі қомақты жеңістердің бірі болды. Өткеннің ызғары мен күмәні жоғалып, болашаққа деген сенім оты бойды қыздырып, арман-мақсатты қол созым жерге әкелді. Сол жылдары жұмыс орным да ауысты.

Ал Алматыдағы Ленин даңғылы мен Комсомольский көшелерінің қиылысындағы Республикалық мәдениет мәселелерін зерттеу орталығы тоқсаныншы жылдары бостандық аралы сияқтанды. Тәуелсіздік лебі, еркін пікір алысу, мемлекет, ұлт болашағын ойлаған азаматтар осында бас қоса бастады. Бұл жерден алпысыншы жылдардағы «Жас тұлпар» мүшелерінен бастап, өзін тәуелсіз сезін-

ген жаңа саясаткерлерді күнде кездестіре аласың. Осында Мұрат Әуезовтың басшылығымен «Тамыр» атты зиялылардың саяси-мәдени бағыттағы клубының құрылуы, еркіндіктің тынысын кеңейте түсті. Клубтың алғашқы қонақтарының бірі болып Мәскеуден жазушы ғалым Мұрат Аджи шақырылды. Оның «Полынь половецкого поля» кітабы оқылып, талқыланып, кездесу барысында клуб мүшелерінен қызу қолдау тапты. Ғимараттың алдына Алатау асуынан әдейі арнап әкелініп, білім мен ғылымның, ұлттар достықтарының тамырының тереңде екенін көрсету үшін шыршалар егілді.

Мен бұл жерде үлкеннен де, кішіден де өзіме пікірлес дос таптым. Әсіресе мәдени революция кезінде ұлт жандылығы үшін Қытайда екі рет өлім жазасына кесілген Айтан есімді азаматпен танысуым өміріме үлкен із қалдырды...

Михаил Горбачев Советтер Одағын сақтап қалу үшін, ескі партиялық номенклатураға сүйеніп қолынан келгеннің бәрін істеді. Президентте болып сайланды, демократиялық даму барысындағы мемлекеттермен қарым-қатынасын да жақсартты. «Берлин қабырғасында» құлатып екі Германияны қосты. 1991 жылы Наурызда сүрленіп жаңаланған Советтер Одағын қолдауға жалпыхалықтық референдум де өткізілді. Газет-радиодағы хабарларға қарағанда халықтың тоқсан жеті пайызы жаңа Советтер Одағында тұрғысы келетінін білдірді. Жұрт әдеттегідей бір-бірлерін құттықтап жатты. Бірақ халықтың көңіл-күйі дауыс бергеннен мүлде басқа еді...

Коммунистік идея бұқара халықтан біржолата қолдау табудан қалды. Компартияның саясаты ағыл-тегіл жауған нөсерді сылқылдата сорып алып, ертесіне кебірсіп жататын шөлдегі шұқанақтай жан-жағын жайпап қуарта берді.

Күмән көбейді. Коммунизмнің жақын арада болмайтынына көздеріміз жетті. Тәуелсіз елде, бостандықта өмір сүргіміз келді. Ескі билік пен жаңа демократиялық бағыт арасындағы қайшылық шегіне жетті. Ақыры 1991 жылдың тамызында

Янаев бастаған ескі номенклатура тобы аз күнге билікті өз қолына алды. Мемлекеттік төтенше жағдай комитеті құрылып, олар елде тәртіп орнатып, социализмді қорғамақшы болды. Жұрт аң-таң. Біреулер бұл мемлекеттік төңкеріс десе, енді біреулері бізге қатаң тәртіп керек, әйтпесе малша жайылып кетеміз деп жатты. Ел Президенті Горбачев Фороста дем алып жатқан күйі ешқайда шыға алмай қоршауда қалды. Басынан желтоқсанды өткізген қазақстандықтар бұл хабарға жәй елең етпей, арты не болар екенінің күдігімен қарсы алды. Мәскеу көшелері танкі мен бронд машиналарға толып кетті. Халық у-шу. Мәскеуліктер империялық сойылдың не екенін өз қара бастарына түскенде ғана анық білді. Көшеге шықты, бостандық, демократия үшін күресті. Жеңді. Төңкеріс тоқтатылды...

Алматы күзі де саяси ахуалдай құбылмалы болды. Шуақты күн шұғыл бұзылып, сұрлана қалып қарлы жауынмен қысқа созылып ұласты.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ елі өз Тәуелсіздігін жариялайтыны жөнінде құжатқа қол қойды. Мың өліп, мың тіріліп Тәуелсіздікті тілеген қазақ халқының арманы орындалды. Көңіл аспандата қалықтады... Жүрек жастық шақтағыдай жарылардай тулап аласұра жөнелді. Бірден сарыарқалықтарда мендей ес-тұстарынан айрылып жатқан шығар деп ойлады.

Аруақ ренжітпеген елге ерте ме, кеш пе бақыт құсы қонары сөзсіз екен. 1986 жылдың желтоқсанында Қазақ жерінен басталған коммунистік дағдарыс бес жылдан кейін ызғарлы желтоқсанда Қызыл империя Советтер Одағының ыдырауымен аяқталды. Алматының Брежнев алаңындағы төгілген қазақ жастарының қаны зая кетпеді. Ойдағымыз болды. Ортамыз толды. Төбедегі келді... Жастарымыз ана тілінен, мәдениеті мен дәстүрінен жатсынбауына объективтік жағдайлар жасала бастады.

Тәуелсіздік, еркіндік екпінімен, саяси тұрақтылық, уақыт ұтып нығаяу үшін парламент Қазақ елін, Қазақстан Республикасы деп атады. Советтер Одағының өзінде қазақ

республикасы болған ел Қазақстан болып шыға келді. Бұл мәселені көтергендерге көп ұлтты республикамыз, әзірше осылай болғаны дұрыс деп түсіндірілді...

Тәуелсіздік есті кетіріп, бақытты етті! Беймәлім бір қуаныш жан дүниені, бүкіл ықыласымызды еріксіз баулады. Көкіректі керіп кеудені отқа толтырып, еркін лапылдайтын болдық. Бостандықтың буы қиындыққа қысылтпай, кемшілікке алаңдатпай еңсені көтерді. Теңеуі жоқ қуаныш тауымыз шағылып, бетіміз қайтқан күндерді ұмыттырды. Көкसेгені көктен түсіп, армандары орындалған жұрттың жарқыраған көз нұрлары жүздеріне төгіліп жасарып кеткендей.

Тәуелсіздік жергілікті халықтың көптен тосқан арманы болса, басқа ұлт өкілдері даурығып қалды. Ертеңіміз не болар, ұлтшылдар күн көрсете ме, өткеннің кесапаты үшін кикілжің басталмай ма деп үрейленді. Жаппай қопарыла әркім өзінің ата-жұртына, тарихи отанына көше бастады. Совет үкіметі кезіндегі халықтар достығының беті ашылып, қабырғасы сөгілейін деді. Степногорск қаласы сияқты орталықтың құзырындағы қалалар Қазақстанның тәуелсіздігін мойындамай, депутаттар кеңестерінде бірауыздан шешім қабылдап, Россияға қосылуды талап етті.

Славян ұлт өкілдерін қолдайтын қоғамдық бірлестіктер, казактардың ұйымдары құрыла бастады. Орыс, украин, белорус ұлт өкілдерінің мүддесін қорғайтын «Лад» қозғалысы республикалық деңгейде жұмыс істеді. Газеттер, үнпарақтар шығарып, ұлттық – этникалық мүдделерін қолдады. Омбыдағы Сібір өлкесі казактарының, Орынбор казактарының Қазақстандағы одақтары станица ретінде жаппай ашылды. Олар ұлттық – этникалық мәдениетті, әдет-ғұрыпты жаңғыртумен бірге, жер, тіл мәселелері жөнінде саяси талаптар қойды.

Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық мемлекет құрудың мүмкіншілігіне қауіп төнді.

Бірақ алды – артын ойлаған көпшілік жұрт сепаратистерді қолдамады. Күндер зымырап айға, ай зуылдап жылға ұласты.

Кезінде жоңғар-қалмақ табанынан босаған Арқаға қазақ

жұрты қайта қоныстанып, Абылай хан ордасын тіккен еді. Енді міне «ел елге қосылса құт» десіп Сарыарқаның апайтөс даласының бел ортасына үш жүздің баласы қайта жиналды. Елорда Астана болып асқақтап, Ақорда бар қазақтың басын біріктірді.

«Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» деген экономикалық-әлеуметтік бағыт та іске асып, өз нәтижесін бере бастады. Елорданың Сарыарқаға орнығуы мемлекеттің дамуына мүмкіншілік жасады.

Ең бастысы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев астананы Арқаға, елдің кіндігіне көшіру арқылы тәуелсіздік тұғырын нығайтты. Қазақ халқының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етті!

Архитекторлар Кисе Курокава, Лорд Нормандар қала мен табиғаттың үйлесімін көрсететін, тарих пен аңызды меңзеген жобалар жасады. Хрущев пен Брежневтік дәуірдің сұрқай құрылысы адам танымас болып өзгеріп, Батыс пен Шығыс өркениеттерінің мәнді белгілерін бойына жинаған қала бой көтерді. Жаңа астана терең тарихымызды оятып, ұлтымыздың рухын көтерді. Еліміздің болашағының символына айналды.

1993 жылдың жетінші қарашасы. Ауылдан келген қонақтарымен Әуезов театрынан спектакль көріп кеш шықтық. Ол жылдары елден келген үлкенді-кішіліні күндіз Медеу мұз айдынына, ал кешкісін театрға апару әдетке айналған. Көшеге шыққаннан-ақ ерекше бір жағдайға тап болдық. Ымырттағы ағыл-тегіл халық саябырлай қалған. Көшеде ағылып жататын көлік тұрсын, көрер көзге кісі жоқ. Бұл ненің әсері деген күман ойландырып тастады.

Үйге жеткенде ең басты жаңалықтың куәсі болдық.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев теледидардан ұлттық теңгенің шыққанын жариялап, үлгілерін көрсетіпті. Қапелімде аңыраңқалай қалған жұрттың қуанышында шек болмады. Көңіл шалқи жөнеліп, арман асқақтады. Тілек орындалды. Мемлекеттің нақты белгісі Ұлттық теңге шықты...

*Менің жүрегім тайдай тулап, көзім бұлдырап, тама-
ғыма жас тығылғандай тынысым бірден жиілеп кетті.
Абай, Әл-Фараби, Шоқандардың келбеті салынғанын есті-
генде, тыпыршып орнымнан тұра алмадым. Міне нағыз
Тәуелсіздік. Қанатым болса ұша жөнелер едім. Бірден ойы-
ма тағы да «Сарыарқалық» достарым түсті. Қайда екен
олар. Естері шығып қуанып жатқан шығар... Бұл күнге
жеткен де бар, жетпеген де бар...*

*Тәуелсіздік уақыт қарқынын тездетті. Ай мен жыл ара-
сы атқан оқтай зымырады.*

Міне, Астанадан Алматыға келіп, әдейі Алматы қонақ үйінің сегізінші қабатына, Алатау бөктері көрінетін жағына орналастым.

Алматы ерекше. Көңілдің көк дөнені тулай жөнеліп, жас-тық шақты көз алдымда әкелді. Өне Абай театры, әне Көк-төбе... Айналаны тамашалап тұрып, жаңа салынған биік үй-лерді көріп сұбыханым сүймей қалды. Қақиған биік үйлер әне жер, мына жерде жасыл, өзіндік біркелкілік ерекшелігі, жарасымды жылылығы әсемдігі бар қаланы сойдиып-сой-диып бұзып тұр. Ағаш көленкесіндегі жапыраққа оранған қаланың ескі үйлері, мына пәлелер қайтеді деген кісіше ығысып, төмендеп қалған.

Түнде жауын жауыпты. Ылғал. Тау басы бұлыңғырланып, ағараңдағанымен суық ылғал дене тітіркендіреді. Ағаштар-дың су басқан бұтақтары иіле түсіп, жапырақтар үзілердей тамшылары жылтырап салбырауда. Көшеде халық аз. Бұл жексенбі күнгі тәңертеңгіліктегі Алматы үшін үйреншікті жай. Мен таң самалымен бой жаздым. Қабанбай, Бөгенбай көшелерімен жүріп-жүріп Наурызбайға айналған Дзержинс-кий көшесіне бұрылдым. Қала көшелерінің жүз жылдық биік кәрі емендері тротуарды жауып қасынан өткен кісілерге иіле қарайды. Тілім-тілім, бұжырлы қабыршықтарының миллион көзі бар айдаһар іспеттес. Талай тасқын, дауылдың түр-түрін көрген құшақ жетпес емендер адамдарды елер емес. Кейбі-реулерінің тамыры білеуленіп қабыршығынан айырылып қу сүйектей ағарған.

Көшенің екінші жағына жолды кесіп өте бергенде жүрегімнің соғысының жиілегенін сездім. Қарсы алдым-да КГБ-ның бас ғимараты тұр.... Жолды адымдай өтсем де бұрышқа жете бере саябырлай қалдым. Токтап, жүрегімді басып өзді-өзіме келу үшін біраз тұрдым. Шымырлаған төбеммен солқылдаған қос самайымнан басқа ештеңе сезер емеспін. Өткеннің енді қайтып келмейтінін білсем де, әлде бір үрейдің құйыны ішімді астан-кестен қылып өтті...

Арнайы рұқсат қағазын беретін есік көрінді. Әр сағаты он жылға қартайтқан, зарықтырған, жүректі талай қан бастырған баспа жер.

Ия, 1992 жылы Қазақстанның бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей тапсырысымен Бас прокуратура «Сарыарқа» және басқа да ұйымдар бойынша қозғалған істі елдегі саяси құрылыстың өзгеруіне байланысты тоқтатты.

Мен КГБ-ның «Сарыарқа»ұйымына байланысты қылмысты іс тоқтатылды деген бір паракқа басылған шешімінің көшірмесін өтініш жазып жүріп қолыма зорға алдым. Қылмысты іс тоқтатылды делінді, бірақ, кінәлі емессіндер, ақталдыңдар делінбеді. Кезінде КГБ-ның ерекше істер бойынша тергеушісінің «саясилар» үшін қозғалған іс сотсыз жабылмайды дегені шындық екен. Қылмысты деген істің тергеуі 19 жылға созылды ғой... Тек бір мәселеге жауап жоқ, қуғын-сүргін өз алды, статья бар, қылмыс дәлелденді, неге сотталмадық...

Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күресті өз ұлтының Тәуелсіздігіне қосқан үлесі деп түсінген бурят қызы Вера Китова екі жыл Улан-Уде жындылар емханасына отырғызылып, АҚШ құқық қорғау ұйымдарының көмегімен шет елге кетті. Алған бетінен қайтпайтын Жатқанбай Қайранов пен Мәди Көккөзовтер машина апатынан әр жылдары қаза болды...

Уақыт, жылдар өте арманың мен қасіретіңді бірдей қаныңа сіңіріп, сыртқа мен мұндалап шығармай ішіңе бүктіреді екен. Жылдар жылымына іліскен сарыарқалықтар әлі күні де

кеуделері мұң мен сырға бірдей отанышыл көрінеді. Кейде қай-дасыңдар деп іздеп кеткім келеді. Бірақ іздемеймін, неге екенін өзім де білмеймін. Мүмкін армандаған Тәуелсіздігімізге жеткенімізден шығар. Балкім басқа болар...

Әрине қуанышта шек жоқ. Уақыт өмірдің мәнін бізге анықтап берді. Битлз бен Роллинг Стоунз біріккен Европаны құруға көптеген саясаткерлердің істей алмағанын қалай істесе, Шәмші Қалдаяқовтың әндері мен «Жас тұлпар» козғалысы қазақ халқының Тәуелсіздікке жетуіне сонша әсер етті... Бәрі өзгерді. Көше-даңғылдардың аттары да басқа. КГБ-ның бас ғимараты өнер музейіне айналыпты. Рұқсат құжатын беретін есіктің маңдайшасында дәрігерлік орталық деген жазу тұр.

Көңіл-күй тәнертеңгідей алып ұшпады. Тек көптен көрмеген жасыл көшелер, таныс ғимараттар өткенді еске түсіріп, ой тұртуде. Уақытқа мойын ұсынбаған теректер, үйлердің тыныш ауласы бәрі, бәрі сол қалпы. Жүріп бара жатып, артыма өздігімнен жалт бұрылдым. Биік теректер арасында солармен қатарласа үш ақ қайың өсіп тұр. Қалай байқамағам, зәулім, құлаш жетпес аспанмен таласқан теректермен тай-таласа өсіпті. Қайыңның бұндай болып өскенін мүлде көрмеппін. Кәрі теректер көрген тіршілікті бұл қайыңдарда көрді-ау.

Жақын келіп, көзім алдап тұр ма деп қолыммен ұстап көрдім. Қабыршықты тік өскен ақ қайыңдар. Қалай өлмеген. Бұл қайыңдарда қасындағы ғимараттың талай сұмдығын көріп кәртайғандай әжімденген. Қабығында теректердің қабыршағына ұқсаған түйіршіктер де көп. Күрескер қайыңдар желтоқсанның ұл-қыздарына ұқсап кетті.

Алатау бауырайынан жанға жайлы жылы леп есті. Еңкейе соққан жылы леп тұла бойға ерекше бір тіршіліктің нұрын сепкендей. Жастықтың арманды күндерінің оты қайта жанғандай. Көптен толқымаған тілім жүрек дамылсыз тулап, бұлқына соғады. Желдің жұмсақ қоңыр сарыны ой тербейді. Кенет өзгеше сезімнің қуаныш саусағы ет жүрегімді сығып-сығып жібергендей ыстық қан отша

шарпыды. Жан-тәніммен сағынышты ыстық жүрегіммен Алматымды құшқым келіп кетті...

Сәлден соң бұлт арасынан күн шығып, жауыннан кейінгі Алматы көшелері жадырап сала берді. Мен бірден апорттың иісін сездім.

Алматы -Бестөбе-Астана,
2010 жыл

ҚАШҚЫН СУЫР

Жаздың қысқа түні тез өтіп, бозарып таң ата бастады. Биылғы жылдың жазы өмірі болмаған ыстықты әкеліп, күйдіріп тұр. Түннің өзі қапырық, ештеңе істемесең де, жай жүріп-ақ дел-сал шаршайсың. Тек бүгін ғана Шолпан жұлдызы туа бір шөкім бұлт пайда болып, әпсәтте төңіректі көл қылып жауып өтті. Шөліркеп тұрған жер көні жібіп буырсаңа қалды.

Ұшы-қиыры жоқ мидай жазық дала. Жазық алқап көкжиекпен астасып кеткендей. Төңіректе қыбыр еткен тіршілік нышаны білінбейді. Жауыннан кейінгі бұдырлы тастақ жолда қиян даланы қақ жарып, жеңіл көк машина көрінді. Тылсым тыныштықты мотор дауысы мен ойлы-қырлы жолдағы машина қорабының қаңғыр-күңгірі ғана бұзып тұр. Көк «Москвичтегі» адам қайда асығып бара жатқанын қайдам, ой-шұңқырға қарамай қарқында-тып-ақ келеді. Міне, машина тағы да жол ойығына соғылып салдыр-күлдір етті.

«Москвичтің «руліндегі Әсет бастапқыда газды қаттырақ басқанымен шапшаңдық шамадан тыс өсіп бара жатқан соң шошиын деді. Дереу газды қоя беріп еді, сонда да баяуламады, әлдебір тылсым күш машинаны еркінен тыс тықсырып келе жатқандай. Машина иесінің машықты қолына бой берер емес. Оқыра тиген өгіздей оқпан жолда мөңкіп келеді. Тежегішті бірнеше рет басып көріп еді, тоқталатын түрі жоқ. Көз ұшында бұлдырап, таң-

зы сағыммен ереуілдеп алыстан шахта терриконы шалынды. Сасқалақтап шығысқа қарап еді, күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Маңдайынан шып-шып тер шықты... Әсетке машина салдырының ара-арасынан суырдың шыңғырған дауысы естілгендей болды. Шыңғырған дауыс біртіндеп айқындала күшейе түсті. Енді сол дауыс төбе құйқаны шымырлата, жүйкені жұқарта, қатты бұралған домбыра шегіндей шірей ширықтыра түсті. Жаңбырдан соңғы кішкене шалшықтардан жол дұрыс көрінер емес. Тағы бір орға созылғанда тарс етіп руль жақ алдыңғы дөңгелек атылып, машина жалт беріп бірден солға бұрылды. Әсет жалма-жан жанталаса рульді оңға бұрды. Көк «Москвич» келе жатқан екпінімен қираңдай бұрылып, жол жиегіне жантая аунап құлай берді...

Әсет өз бетіне біреудің тесіле қарағанын сезді. Шұқшия үңіліп, бетпе-бет таяп келеді. Ол енді біраз еңкейсе, алған демі бетті шарпыры сөзсіз. Бірақ леп білінбеді. Ол толқиын деді. Тесірейе қараған жанардан екі беті ду-ду жанып барады. Көзін ашуға қауқары келер емес. Кірпіктері бір-біріне желімделіп жабысып қалғандай. Сәлден соң ғана көзін ашуға шамасы келді. Абайлап қараса, қасында ешкім жоқ. Әлгі өзіне төніп келген елес ілезде ізім-қайым жоғалды. Жан түкпірінде жылт етіп пайда бола қалған үрей де тарқайын деді... Денесі біреу ұрып, әбден сүйреп тастағандай дел-сал. Әсет біраз ойланып жатып, өзінің қайда жатқанын есіне түсіруге тырысты. Ой, мынау әскери казарманың іші ғой!

Көзі бірте-бірте қараңғылыққа үйреніп, енді жан-жағын бағдарлай бастады. Қос сатылы кереуеттерде жатқан әскерлер шырт ұйқыда. Казарма ішін шұлғаудың, тердің қоңырсық мұңкіген иісі жайлап алған. Осы күлімсі тыныштықты жігіттердің ауыр дем алысы, баз біреуінің қорылы ғана бұзып тұр. Біреу тісін шықыратса, енді біреуі әлдене деп ұйқысырайды. Тіршіліктің күйкі күйбеңін ұмыттыратын тәтті ұйқы.

Әсет кенет желке тұсынан әлгі елесті тағы сезді. Бірден төбе құйқасы шымырлап, құлағының ұшы ду етті. Аунамақшы болып еді, сол қырынан жатқан күйі қозғалуға тағы да

шамасы келмеді. Аяқ-қолы салданып, еркіне көнбеді. Өзінікі емес, әлдекім кесіп әкеп шегелей салған келдек пе, кеспек пе, әйтеуір жансыз бірдеңе. Бар күшін салып бұлқынып көріп еді, тынысы тарылып, борша-боршасы шықты, қойны-қонышына сүмектеп тер құйылды.

Сол... иә сол! Көптен бері көне тарта бастаған сол бір үрейлі елес... Жүрек те лүпілдеп, алқынып жатыр. Үрей әкелген көңіл кірбіні кере қарыс маңдайынан әжімдене білінгендей. Әсет осы бір үрейді шын мәнінде алғашқы рет жан жүрегімен сезінгенде, оның он екі-он үш жастар шама-сындағы жаңадан толысып келе жатқан шағы еді...

... Ол бір кез аспан айналып жерге түсердей шілденің шіліңгірі еді. Әсет өзі теңдес екі-үш баламен Сілеті өзеніне велосипедпен барып, суға шомылып келе жатты. Жазғы демалыс болғандықтан да шығар, көңілдері тым көтеріңкі. Араларындағы кейбір балалар елеурей, тіпті, даурыға сөйлесіп келеді. Сөйтіп келе жатқандарында әлдебір таяу маңнан бірдеңе ысқырғандай, енді бірде әлденеге айбат шеккендей шақылдаған үн естілді. Балалар айтып келе жатқан әңгімелерін кілт үзді. Жолдан бір бүйір аулақта шоқайып отырған ана суыр іннен ұзап кеткен күшіктерінің біреуін мазасыздана, төніп келе жатқан қауіптен сақтандыра шақырып тұр. Ерігіп келе жатқан балалар сәл аңтарылын тұрып, күшік суырдың алдын орай жүгіре жөнелді. Күшік суыр да барын салды. Өліп-өшіп тырбындап ініне қарай жүгіріп-ақ келеді. Әттең, бәрі кеш... Арман болған ін жеткізбеді. Андағалай, шулай жүгірген жүгермек балалар жолын кесіп, белдерінен бір елі тастамайтын әскердің жезді белдігін жалаңдата үйіріп төніп-ақ қалды. Суыр барын сала кейін қашты... Күшік суырдың енді өздерінен қашып құтыла алмасын білген балалар айқайлай жүгіріп, ақыл-естерінен айырылған адамдай құтырынып кетті. Әсіресе Әсет өмірінде болмаған қатыгездік көрсетті. Суырды тепкілей бастады. Белдігінің темір басын суырға дәлдеп тигізіп, ауыр жез айылбасын үсті-үстіне өршелене сілтеп, ала-алмай жүрген өші бардай төпелей

берді, төпелей берді. Тіпті балалардың өзі де бұрын-соңды одан мұндай қатыгездікті көрмегендіктен сескене бастады. Суыр қан-қан болып қозғалыссыз қалғанда да Әсет соққылауын қоймады. Балалар қой-қойлап жүріп зорға тоқтатты. Суырды Әсет тағы бір теуіп үлгерді. Тұлабойы қанға батқан аң былқ-сылқ еткен күйі аунап түсті. Басы мыжғыланып, тұмсығынан қан сүмектеген суыр - ақырғы күшін жинап, әлденеге, әлдекімге мұңын шаққандай, жарасы жанына батып әлсіз ыңырсыды. Ыңырсу ендігі сәтте күшейе келе тән шымырлатқандай зарлы дауысқа айналды. Балалар бұрын-соңды естімеген, естігеннің еңсесін езіп, жігерін құм қылатын ащы запыран үн. Мынау қиындығы да, қызығы да мол қасиетті өмірге айтқан соңғы «Қош-қошы» ма, болмаса ембей жатып кеудеден тепкен қатыгездікке деген шерменде, іште кеткен кегі ме? Балалардың мынау сұмдықтан зәрулері ұшқаны сонша, төбеден ұрғандай бір орындарынан қозғалар емес. Тілдерін тістеп, біресе Әсетке, біресе өлген аңға жапақ-жапақ қарайды. Суырдың бір көзі жұмылып, соққы тиген екінші көзі оқырая ақшиып ашық қалыпты. Сол ақшиған көз енді Әсетке қадала қарап, «жазығым күнәм не?» дегендей, үңіле тесірейіп тұр. Өн бойын отты қамшы осып еткендей бір сәт мелшиіп қалған Әсет зәресі кетіп жүгіре жөнелді. Аңырып тұрған балалар да тіпті түгіне түсінбесе де, Әсеттің соңынан түгелдей ауылға қарай тырақайлай қашты.

Сол күннің ертесіне, күн қызылымен таластыра, көз байлана Сәтен кемпір жермен ұшықтап, Әсет өзіне-өзі зорға келді. Содан бастап ол үрейленгіш, секемшіл болып алды. Қараңғы жерлермен қорқып жүретін болды. Суырдың ақшиып ашылған көзі қайда жүрсе де не көкейінен, не көзінен бір сәтке кетпейді. Қайда барса да қалтаңдаған көлеңкесіндей қасынан бір елі қалсайшы. Елес боп еңсесін езіп, қуғыншыдай қыр соңына түседі. Сол қуғыншыдан құтыла алар ма, құтқарар ма?

Әсіресе желтоқсан уақиғасынан кейін аздап ұмытыла

бастаған сол бір үрей, ескірген елес енді Әсетті қайта тапты. Тапты да, жүрегiнiң бiр түкшiрiне тапжылмайтын қара тас-тай жатып алды. Желтоқсан ызғырығында ақ қарға тамған алқызыл қан тағы да бағзы жылдардағы суырдың ақшиған көзiн еске салды.

Әсет онда Алматыдағы экономика институтының студентi едi. Қалада болған екi жылдың iшiнде ол әжептәуiр ширап, оң-солын танып қалған. Студенттiк өмiрдiң кiмдi болсын пысытпай қоймайтыны бар ғой. 1986 жылдың желтоқсанының 17-сiне дейiн Әсетке мынау өмiр коммунистер айтып жүргендей «гүлденiп» тұрғандай көрiнетiн. Бойын алақұйындатып өтетiн анда-сандағы қорқыныш та ұмытыла бастаған едi. Соның бәрi бiр-ақ күнде быт-шыт болды. Дүрбелең аяқ астынан басталды. Қазақ елiне жаңа бас хатшы сайлау қайғымен, қан төгiспен аяқталды.

Кейiн уақыт таразысына салып сол күндерге көз жiберсе, гәп басшы сайлауда емес, iштегi бiтеу жараның жарылып, бiр-ақ күнде, бiр-ақ сәтте сыртқа шығуында екен. Халық қаһары қанасын осты, түнерiп жатқан алып теңiз ұйқысынан оянды. Алапат толқындар арыстан жалын желпiлдетiп, аждаһа аранына арқырай атылды. Астананың Брежнев атындағы айналасы ат шаптырым алаңы ығы-жығы адамға толды. Құмырсақдай қайнаған көптiң үнi, ың-жың шудан құлақ тұнып, көз алдың қарауытады. Жастар жағы ерекше ереуiлдеп алған. Жаппай у-шу, дабырласу, өлең айту, iштегiнiң бәрi ендi өздiгiнен лықсып сыртқа шығуда. Дененi тiтiреткен күдiреттi үн. Жас қыздар мен жiгiттер өлген-тiрiлгендерiне қарамай айғайлаған күйлерi өңмендеп алға ұмтылады. Дауыстарымен жеткiзе алмағанды түйiлген жұдырық, қаһарлы қабағымен жеткiземiз дей ме? Алайда Үкiмет үйiн қоршап күзеткен қызыл жағалы, темiр тағалы милиционерлер самсаған сары қол, қалың солдаттар қозғалар емес. Алдыңғы жақ апыр-топыр. Жанталас. Қақтығыс. Сапер күрегi тиiп, басы жарылып, көзi шыққан қаршадай қыздардың жанұшыра шыңғырғаны, жұлынған шаш, ақ қарға шашыраған қан. Өлiм есiрiгi есiн алып, көзiн тұмшалаған құр қол жiгiттер

көк темірге құрсанған қалқанды әскерлердің жағасына жар-масады. Жармасады да бастан тиген ауыр гүрзіден гүрс етіп көкшіл мұзға құлайды. Ендігі бір сәтте алаңға гүрілдей дарылдап су шашатын машиналар легі ілінді. Жастар оған қарайтын емес. Кейбіреуі рульде отырған айдаушыны тымақтай жұлып алып, итше тепкілеп жатыр. Біреуді-біреу біліп болмайды. Бір жерде жеңіс, бір жерде жеңіліс. Денелеріне соққы тигендері ессіз құлайды. Ондайлар овчарка иттердің қапқандарын да елер емес. Аққан қан, сынған қол, жарылған баста есеп жоқ. Жастардың қарбаласып жағаласқандары да, қарсыласқандары да бәрі бірдей солдаттардың соққысына жығылуда. Әлсін-әлсін жастар жағы Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін қосыла шырқап, ән аяқталғанда: «Бостандық, демократия» деп айғайлайды. Солдаттардың енді бір тобы құдды өлген итті жинаушылардай құлағандарды жайбарақат машина үстіне лақтырып жатыр. Қалай болғанда да аланды тазарту жөнінде жоғарыдан келген бұлжымайтын бұйрық барға ұқсайды.

Әсеттерді институттан ОКД-шниктер ретінде алаңда тәртіп орнату үшін милицияға көмекке әкелді. Декан тағы да үш-төрт оқытушы мен жиырма шақты студентке қолдарына шүберек таққызып, автобуспен алып барды. Алаңға бір-екі көше қалғанда, халықтың көптігінен оларға әрі қарай жаяу жүруге тура келді. Ән салып, ұран ұстаған жастарға мегафонмен «тараңдар, әйтпесе жағдайларың киындайды», - деген әскери адамның сөзі алыстан талып жетіп, жаңғырығы қала көшелерін қуалай шарықтап барады.

ОКД-шниктерді қайда апарарын білмей, оқытушылар біраз жүрді. Ақыры қасында бір милиционер бар, орта бойлы, дембелше келген бастық олардың қай жерде тұрып, не істейтіндерін түсіндірді. Міндет - жастардың жаңа тобын алаңға жібермеу. Айғай, ән айту үсті-үстіне күшейіп барады. Кімнің не істеп жатқаны белгісіз. Бір кезде алаң жақтан гуілдеген машина, бронетранспортерлердің дауысы шыға бастады. Бұлар бір орнында тапжылмай тұрды да қойды. Сонау жақта қантөгіс басталып, жастар қырылып жатыр,

бұлар болса бейнебір киноға келген көрермендер тәрізді. Жөн айтып, бас болады деген мұғалімдерінде де, қасындағы милиционерлер де үн жоқ, сұрлары қашып, сүмірейіп тұр. Бір кезде алаңнан елу-алпыс шамалы жастар бұларға қарай бұрылды. Сол-ақ екен, әлгі милиционер ОКД-шниктердің ортасына жып етіп кіріп: «қызыл шүберектеріңді шешіңдер, әйтпесе ана топ бәрімізді жайратады» деп, құйрығын үйшігіне тығып үрген бұралқы иттей шәуілдеді. Жалма-жан қызыл шүберектер шешілді. Жүгірген жастардың бұлармен ісі болған жоқ. Әскер қоршауынан бір-бірлеп шыға алмағандықтан, топтанып ұмтылғанға ұқсайды. Шүберек орнына қайта байланды. Еш бұйрық жоқ. ОКД-шниктер сол қалыптары тұр. Әлсін-әлсін алаң жақтан үлкен-үлкен топтар көрінгенде, жігіттер бұйрықсыз-ақ қызыл шүберектерін шешіп, қайта байлайды. Әсет сонда өзінің осы ит тірлігіне зығырданы қайнап, іштей мырс етіп күліп жіберген. Көз алдына әлдеқашанғы бір кинодан көрген көрініс елестей қалғаны. Азамат соғысы жүріп жатқан кез. Орыстың бір селосын біресе ақтар, біресе қызылдар басып алады. Сол селоның старостасы ақтар келсе, ақтың, қызылдар келсе, қызылдардың бас киімін киіп қарсы алады.

Бір кезде шүберектерін шешіп, қайта байлап үлгергенше қалтарыстан ит жетектеген, үсті-бастары сауыт-сайман, рәзіңке шоқпарлармен жарақтанған жиырма-отыз солдат шыға келді. Әскері адам өлтіруге, иті адам талауға әбден үйретілген империяның қанды қолдары бұларға бірден дүрсе қоя беріп, ту-талақайын шығарды. Өздеріне соқтығар деген ойдан аулақ жасақшы жігіттердің сойылға жығылғаны жығылып, жығылмағаны иттердің аранынан қашып барады. Үш-төрт солдаттың алдына түсіп жан ұшыра қашып келе жатқан Әсет төбеден ұрғандай тұра қалды. Құлағына қарындасы Бақыттың шырылдаған үні шалынғандай. Жоқ, жоқ, ол емес... баяғы суыр үні ғой. Сол! Айнымаған өзі! Екі сауытты әскер әкесінің құны қалғандай екілене, қардың үстінде жатқан жас қызды тепкілеп жатыр. Әсет жан ұшырып арашаға түсті. Солдаттар оған жабыла кетті... Есін емханада жиды.

Басы жарылыпты, сандарында ит тістерінің іздері бар. Солдаттар тепкен болуы керек, денесі көк ала қойдай. Емханаға милициядан тергеушілер келіп іс қозғады. Әйтеуір кейін алаңға өз еркімен келмегенін бірге тұрған милиционер арқылы зорға дегенде дәлелдеді. Соның өзінде тергеушілердің айтуымен «кім ұрғанын білмеймін» деп өтірік қолхат беруіне тура келді. Жастардың көбі-ақ кінәсіз болса да, алаңда ұсталғаны үшін сөзге келмей оқудан шығарылды. Көбінің ісі комсомол қатарынан шығарылудан басталып, аяғы сотпен тынып жатты.

Жиналыстың шешімін жұрт күні бұрын біледі.

Милицияға түсіпті, алаңда болды десе болғаны, басқа дәлелдің керегі жоқ. Әр адам өзінің сол бір тізімге ілікпегеніне тәуба қылды. Оқу деп қалаға армандап келген жастардың тағдырына қараған не өкімет, не қоғамдық ұйым болмады... Оған қоса «үш әріп» қызметкерлері студенттерді кезек-кезек шақырып ап, алаңнан түсірілген үйме-жүйме фотосуреттен танитындарының аты-жөнін сұрап әлек қылды. Мұғалімдер студенттеріне, студенттер ұстаздарына жасырын мінездеме жазды. Үлкен де, кіші де бір сәт белгісіз жойқын қара күштің шырмауына түсті. Адамгершілікті пендешілік жеңді. Бас амандау үшін басқаның үстінен өтірік айтуға тура келді. «Бір елі ауызға - екі елі қақпақ» күн туды. Қақпақ қойсаң - құтыласың, қоймасаң - тұтыласың. Әр адамның ішіндегі қастерлеген жақсылығы өліп, үміті сынып жатты. Ең қиыны - олар өзін-өзі өтірікпен алдаусыратты, қиянатты істерін қиюын тауып, қилы сылтаумен ақтауға тырысты. Сезім сарқылып, сағыздай созылған төзім қалды. Зиялы қауым деп жүргеннің ілуде бірі болмаса, көбісі-ақ кімнің егіні піссе, соның торғайына айналды. Қым-қуыт сағым тіршілік басталды...

Әсетті сол бір қат-қабат оқиғалы қаралы күндер енді басқа адам етті. Дүниеге, ортаға деген көзқарасы күрт өзгерді. Жан дүниесінде әлдене үзіліп, әлдене сынды. Бұрын мән бере қоймайтын ұсақ-түйектің өзіне ойлана қарайтын болды. Жиналыс дегенге сылтау тауып бармады. Өзін қылмыс істегендей, әділетке арашашы бола алмағанына кінәлі сезінді. Тіпті,

тамыр қуалаған қанмен бірге, іште, жан түкпірінде әлдеқандай өзгерістер, жаңғырулар жүріп жатты. Сол жаңғырық, сол жаңалық - оны өзі бұрын сезбеген, мүлде түйсінбеген өзге бір тылсым ой тұңғыығына батыра берді, батыра берді.

Желтоқсан ызғары Әсеттің жан-дүниесіне өзгеше бір өзгеріс әкелді. Жел лүп етпейтін тымық күндері үлкен тоқтау кара сулар болмаушы ма еді. Сол беті бұлк етпей жатқан судың айдынына тас атсаң шәт-шәлекейі шығып, талайға дейін толқып, дірілдеп тұрып алады. Содан бері сол кара судай Әсеттің жаны да астан-кестен бір мазасыз күйге түсті. Өзі өші бардай тепкілеп өлтірген суырдың ақшиған ашық қалған көзіндегі: «Не жазығым бар еді, саған адамзат», - деген өлі сұрақ қайда барса да кес-кестеп тұрып алды. Атгаса алдынан шықты...

Өмір деген арқыраған асау өзен. Біреулер сол өзеннен қиналмай-ақ өтер, ал енді біреулерге сол өзен қияметтің қыл көпіріндей көрінер. Адамзат - жалған дүниеге жылап келіп, жылап кетер... Тәніңнен қонақ жан «қош!» - деп ұшқанша, пендесі Жер-Ана қойнына қайта кіргенше, әркім ар деген ұлы қазының алдында өзінше есеп берер. Мүмкін, бүгінгі бұлыңғыр тіршілік - қазіргі мыңжылдықтың соңғы жүзжылдығының соңы, өтпелі дәуірі болғандығынан да шығар. Біздер білмейтін әлдебір құдіретті Ұлы күштің өзі жаратқан табиғатпен есептесетін кезеңі де осы шығар. Адам - қай заманда да, тіпті, тас ғасыры мен қола дәуірінде де адам болып қалған жоқ па. Бірін-бірі қадір тұтып арулап көміп, қиыспас құрдасы, сыйласқан сырласы тұтып, сол әдетін ұрпағына қалдырып, рухани дүниені жоғары ұстады ғой. Тек кім болса да адасып, өмір діндегінен алыс кетпесе, өскен мәуесінен шалыс түспесе болғаны да... Бірақ біреулер сол жолдың ту басында, енді біреулер соңында, жырасында адасады. Бүгінде сол өткен өмірінің ойы мен қырына, ашығы мен қалтарысына көз сап отырса, азғантай тірлігі ішінде істеген тиянақсыздығы, ар кірлертердей абыройсыздығы жоқ сияқты. Ертелі-кеш есінен шықпайтыны сол... сол өлген суырдың көзі! Сол қатыгездігіне іштей жауап іздейді. Иә, тапты!

Бала күнгі үлкендердің аузынан естіген бір аңыз есіне сап ете түсті. Ерте заманда улы дала төсінде ғұмыр кешкен бір ғұлама көздің құрты қу дүниеге бола елін сатқан сатқындарды шетінен суырға айналдыра берсе керек. Суырды «адамнан азған» деген аңыз да эне, содан қалған. Олай болса, Әсет те адам өлтірген. Өлтіргенде де, азғыны мен сатқынын өлтірген. Өзін-өзі жұбатты. Жұбатты дегені болмаса, ойы оңға, қиялы санға бөлініп мазасы қашты. Ойының әлдебір түкпірінен жылт еткен әлдебір мазаң ой: «өзіңді өйтіп алдама, өлтірдің бе, бітті! Өлтіргенің азғы ма, адал ма, бәрібір» деп бедірейіп бет бақтырмады.

Әсет оз ойынан шошып кетті. Өзіне өзі ызаланып, жиіркенішпен қарады. Өзін-өзі жек көрді. Жүректі жаралаған сол қатыгездік қайдан келді? Қатыгездік тек қана жан адамнан мейір көрмегендерге, тауда туып, таста өскен, ағайыннан жырақ өскендерге ғана тән емес пе еді? Жел соққандай ашық жатқан аяғы мұздады.

Міне, қанша уақыт өтсе де жүрегі құрғыр сол бір күннің айықпас күнәсін айнытпай көз алдына көлденең тартады да тұрады. Уақытқа тәуелсіз оқиғалар, суырдың өлімі, желтоқсан оқиғасы қазіргідей көз алдында. Жай жара емес, жан жарасы, мүлде жазылмайтын жара. Көңілі кешірсе де, жүрегі Әсетті кешірмеді...

Мүмкін, өткенді қазбалай бермеген жөн шығар. Сөйтсе, ескіре келе еленбей қалар, кім біледі... Мүмкіншілік барда дүние тауып, ештеңе ойламай, рахатқа батып, тіршіліктің қызығын көре берсе қайтер? Ақшаға қайда да бостандық, қайда да жол ашық емес пе? Бүгінде сатылмайтын ештеңе жоқ, қызмет, әйел - бәрінің де құны бар. Тек ұятыңды ұмытып, арсыз болсаң болғаны... Бәріне ұят кедергі... Әсет астан-кестен шым-шытырық ой иіріміне шырматыла берді. Күйің жаман болса тәнің тозатыны, көңілің жаман болса жаның тозатыны рас екен-ау.

... Мен осы өзіммін бе, өзім емеспін бе? Қалайша өзгеріп кеттім? Сезімталдық болмаса, сезіктілік, секемшілік қашан тән еді маған? ... Ол қозғалыссыз жатқан күйі

үрейден арылып, көзін жұмып, біраздан соң қайта ашты. Бойын тез жиып, өзін-өзі қолға алып, алдына арман, өз жүрегінен соған жетер сенім таппаса, өмірінің өксігені, жігерінің құм болғаны. Онда өзінді құрдымға кеттім дей бер. Ар бұйрығы - бар бұйрықтан ауыр. Егер де сол бұйрыққа құлақ аспасаң, тарпаң тағдырың қай тығырыққа тірерін кім білсін. Сонда не істемек? Қайда барарсың?.. Ойына бақытты балалық сәттермен бірге бүгінгі күннің сергелдені қатарласа кел-ді. Қанша уақыт отсе де ештеңе ұмытылмайды екен-ау. Жарайды, еткен - есте, болашақ - киялда. Сонда бүгінгі күн қайда? Жәй әншейін күйбің бе? Неге күнделікті өмірдің біз үшін мәні жоқ?.. Әсет түтігіп кетті. Іштегі сұр жылан қайтсе өледі? Бар күшімен бір түйін болып, ішкі дүниесіне бет бұрды. Ойының әсерінен қан қысымы көтеріліп, тамырлары білеуленді. Көптен бергі ой өлкесінде өсіп келе жатқан белгісіз құбылысы өз тірлігінен белгі берді. Міне, әлгі пәле іштен сыртқа шыққысы келгендей, бұлқынып-бұлқынып қояды. Өзінің бұл өмірде бар екенінен хабар бере бастағандай. Елес қайта ғайып болды. Көңіл-күйі осылай нілдей бұзылып, судай сұйыла берсе, түбі жақсылыққа апармас. Ақылынан ауыса ма, әлде өзін жұбату үшін аз да болса алдарқату үшін ішкілікке салынып, содан тыныштық таба ма, кім білсін?.. Болашағын болжайтындай бұл әулие де, әмбие де емес. «Көп айтса көнді, жұрт айтса болдымен» өтіп жатқан өмірай! Октябрыт, пионер, комсомол... Қызыл ту астында... біз бақытты баламыз... Отряд, дружина. Айт, два, солға, айт, два, оңға. Дайынсыңдар ма? Әрқашан да дайынбыз! Неменеге дайын?! Не үшін дайын? Оны өзі де білмейді, өзгелер де білмейді. Сол марғау, мәңгүрт көпшілік грузин көсемнің де, хохол көсемнің де, еврей көсемнің де соғына еріп таңы айырылды, тығырыққа тірелді. «Ит сорлысы - көшбасшыға ередінің» кебін киіп қалды. Сонда да алақтап жан-жағына қарайтын түрі жоқ. Жосып барады, босып барады... Айналайын Брежнев, бәрімізді бауыр қылып сүйістіріп жіберіп еді. Енді Сталинді қайта тірілтпесе

болмайды. Айт, два, левый. Әсеттің денесі біреу төбесінен суық су құйғандай мұздап жүре берді. Сонда бостандық, демократия, егемендік қайда? Азат, тәуелсіз ел болу адамзаттың арманы емес пе? Мың өліп, мың тіріліп, әйтеуір балапандай талпынып тәуелсіздікке қарай қанат қақтық. Иә, біз жаспыз. Жас жетпей ме, жарлы байымай ма? Ертең-ақ қанатымыз қатайып, буынымыз бекиді. Ол сөзсіз. Тәңіріміз бізді ұмытпапты. Елдігіміз, ерлігіміз, тіліміз, дініміз, арымыз өзімізге қайтып оралды. Өңіміз кіріп, жүзімізге күлкі орала бастады ма десек... Көрмегеніміз көп екен. Бәрі бұлдыр, бәрі беймәлім, артымыз түнекке, алдымыз тұманға айналып бара ма, қалай өзі?!

Казарма іші қапырық. Терезеден біліне бастаған таң жарығы түн қараңғылығының салмағын сілкіп тастап, ондағымұндағы көзге шалына бастады. Үрей азайғанымен өткеннің әлегі көлеңкеңдей көлбеңдеп қыр-соңынан қарыс сүйем қалсашы.

Иә, желтоқсан оқиғасынан кейін Әсеттің институтты тастап, армияға кетуіне де осы көңіл-күй көлеңкесі кесірін тигізген. Құтылам ба деген. Сондағы ойлап тапқаны бос далбаса болып шықты. Басымның бостандығын тәрік етсем, өзгеге тапсырсам... Командирдің тұр дегенімен тұрып, жат дегенімен жатсам қайғыдан да, бойды билеген қырсықтан да құтылармын деп ойлаған.

Міне, жылдан асты, армиясын да көрді, бірақ өзгерген ештеңе жоқ. Бәрі қаз-қалпы. Сырты бүтін, іші түтін мимырт тірлік. Бір жаманшылық келе жатқанын іші сезеді. Неден, қайдан келерін бағдарлай алмай дал. Жайшылықта қас қаққанша өте шығатын күн де өтпей қойды. Арқаның мандымай қоятын мимырт күндеріндей ұзағынан сарылтады. Көңілде күдік. Шашыраған тарыдай бытыраған ой көбейді. Соңғы күндері, тіпті, уақыт пен кеңістіктің заңдылығы бұзылғандай. Кенет Әсеттің құлағына жан түкпірінен естілер-естілмес, өліарадағы қараңғыға тұншығып шыққандай үн еміс-еміс белгі берді. Үн қатты шықпаса да, арман алдамшы, дос дегенің аяр, жақының жат деп тұрғандай оның шекесі

солқылдап, сол көзі тарта бастады. Күні кешеге дейін көңіл кірбіні сәттерінде жүрек түкпіріне бойлап, соған бұйығып, жаны сая тауып тынышталатын. Ал қазір ол қайда барса да, не істесе де мазасызданып, тыным таба алар түрі жоқ. Әйтеуір жанды жеген бір беймазалық... Күн қысқарып түнге, түн қысқарып күнге ұласады. Уақытпен бірге Әсеттің көңіл күйі де мәңгілік айналымға түскендей үйіріле береді.

Ұлы жаратушы адамдарды өмірінде үш рет сынайды екен. Соған орай сынақтың шарттары да әр түрлі жағдайға сай болады. Негізінен әділдік, тазалыққа бағышталады. Одан дұрыс өтсең қорғаушың - періштен болады. Өте алмасаң... онда сезімің қор, еңбегің сор, соқырдың кебін киіп, айналаңды сипалап, айналшық күн кешесің. Көп тобырдан, қорадағы хайуаннан айырмаң жоқ. Иә, солай! «Айт!» десе үріп, «шайт» десе жусап, қарын тойса қалғисың дегендей...

Ағараңдаған таң терезеден мол төгіліп, ішіне шуағын шаша бастады. Үрей мүлде тарады. Тек құлақтың күңгірі кетер емес. Әсет желкесі тарта берген соң, басын қозғап байқап еді, мойны сықырлады. Құяң ба, не пәле? Ол ой тұтқынынан біржолата шыға алмай, өзінше: «Мен үшін екі үлкен сын сағаты болды, бірақ сол сыннан дұрыс өте алмадым», - деп есептеді. Дегенмен, ер кезегі үшке дейін, соңғысынан дұрыс өтсе, бәрі де орнына келетін тәрізді. Ендігі міндет қайткенде де содан дұрыс өту. Денесі әлі жеңілдер емес. Әсет өзінің ешбір аялсыз шыңырауға құлайтын сәтіне таяп келе жатқанын сезеді. Бүгін-ертең немесе әйтеуір жақын арада, өзіне күш беріп, демеп келген іштегі тіректің біржолата сынары айқын. Өмірі жойқын жарылыстан айнымайтын аласапыран апатқа жақындап қалғандай. Енді бір шалыс адым, арғы жағы қара түнек. Белгісіздік. Жұмбақ дүние ме? Мүмкін беймаза итшілеген жалғанның бейнеті мен қорқынышынан құтылатын мәңгілік тыныштық шығар... Жоқ, белгісіздік...

Таң әбден атты. «Тұрындар» деген кезекші солдаттың дауысы шықты. Әлгіндегі ғана тып-тыныш казармада астанкестен қозғалыс басталды. Солдаттар асығыс киініп, жүгіріп сыртқа беттеді. Аландағы взвод командирі оларды сапқа тұр-

ғызуда. Әсет өз қатарына барды. Бас-аяғы жиылған взвод командиріне ілесіп таңғы жаттығу жүгірісін бастады. Ауладан шығып, күнделікті бағытпен казарманы айналды. Студент қыздар жатақханасының қасынан өте бергенде ерте тұрған екі қыз балконнан жігіттерге қол бұлағады. Солдаттар улап-шулап мәз болысты. Күнделікті әдет. Тек жаттығу біткеннен кейін ғана командир бүгін әскери тапсырма болатынын, сондықтан азанғы тамақ «сухой паек» арқылы берілетінін, дереу жолға дайындалу керектігін айтты. Әскери тапсырма бір сағаттай жол жүріп, Заречный поселкесіне жеткен соң, үлкен түрменің ауласына кіргенде ғана бұйрық түрінде айтылды. Міндет - сотталған бұзақыларды жазалап, тәртіпке шақыру екен. Қапелімде ешкім де тапсырмаға мән бере қоймады. Әдеттерінше қалжыңдасып, бей-берекет тұра берді. Тек Әсет қана өзінен-өзі сезіктеніп, сұп-сұр боп, өңі қашты. Ауыр ой құшағында көзді ашып жұмғанша әр бөлімшеге жеке-жеке тапсырма беріліп, бұйрық бойынша операция басталып кетті. Шындығында бұл операция жоспар бойынша солдаттарға тәжірибе жүзінде тұтқындарды ұрғызып үйрету, қатыгездікке баулу. Істің мәнін солдаттар блок-блокқа кіріп, бұйрық бойынша жайбарақат жүрген сотталған адамдарды ұруға кіріскендерінде бір-ақ білді. Бұндайдың талайын көріп, кәнігі болған тұтқындар бірден секем алып, қарсылық көрсете бастады. Барлық жерде жаппай төбелес басталды. Әсет ешкімді ұрмай шеттеп жүр. Төбелескендер бірін-бірі аяр емес. Қолдарына не түссе, сонымен ұруда. Командирлері арт жақтан бәрін байқап, көтермелеп дем бере айғайлап қояды. Әсеттің ол айғайды тыңдауға мұршасы жоқ. Екі-үш рет денесіне орындық тиді. Сонда да ешкімге қол көтермеді. Бір кезде күш ала бастаған тұтқындар бұларды қоршап, сабай бастады. Жан бермек оңай емес. Әсетке де, қасындағы сылбыр жүрген екі-үш спорт шеберлеріне де шындап төбелесуге тура келді. Арнаулы взводтан алған дайындықтары бар солдаттар енді ай-дүйге қарамай бәрін жапыра бастады. Ақыры төбелес солдаттардың түрмедегілерді жаппай соққыға жығуымен аяқталды. Солдаттар тапсырманы орындап сыртқа шығып, түрме

ауласына сапқа тұрды. Бәрі де үлкен қылмыс істеген адамдай түнеріп, жүздері түтігіп қарайып кеткен. Жайшылықта шаршағандарын білмей жайрандап жайдары жүретін солдаттардың ешқайсысында түр де, сиық та қалмаған. Әсет шыдамай, ақыл-гөйсіп сөйлеген командирімен сөзге келіп қалды. Командирі ақталған адамша оған қоқилана айғайлап, олардың кеше жұмысқа шықпағанын, сондықтан да бұл жатып ішер жалқауларды тәубесіне келтіргеннің еш айыбы жоғын айтып түсіндірген болды. Бұйрықтың аты бұйрық, - деді, - бұйрық талқыланбайды! Түсіндің бе?..

Енді екі-үш айда әскери қызмет те бітеді. Тезірек бітсе екен. Жол бойындағы ағаштардың басында отырған көп қарға әлденеге қуанғандай қарқылдай ұшты... Әскери машиналар сап түзеп тас жолмен қалаға зуылдап келеді. Ол басын шалқалап кузовтың бортына сүйенді. Шекесі солқылдап, көзін жұмған күйі біраз отырды. Құлаққа жел шақырып, бір қалыпты гүрілдеген мотор дауысы ғана естіледі. Көзін ашып меңірейген бойы аспанға қарады. Солдаттардың бірі терең күрсінді. Кенет Әсетке аспандағы бір шөкім ақша бұлт жақында ғана Семей полигоны туралы деректі фильмнен көрген кеңістіктегі атом бомбасының жарылысына ұқсап кетті. Көз алдына сол жарылыс кезінде тәжірибелік экспериментке арналып байлаулы қалдырған ит келді. Жүні үрпип бүрісіп тұр. Машина қала шетіне іліне бере жүрісін баяулатты. Солдаттардың біразы ұйықтап, қалғып-шұлғуда. Әсетке қасында жүні жығылып мең-зең күй кешіп келе жатқан жолдастарының бәрінде де сол жарылыс алдындағы итке ұқсаған ортақ күй, айнымас тағдыр бардай көрінді...

Азап бұнымен бітпеді. Казармаға келген соң «әскери рухты» көтеру үшін жаттығу алаңында маршировка басталды. Солдаттардың жүздеріндегі жаңағы әзірдегі өкініш пен аяушылықты командир тамыршыдай дәл басыпты. Дәл басты да соны ұмыттыруға тырысып, әрі қатігездік сабағын олардың бойына бұрынғыдан бетер сіңіре түсу үшін үсті-үстіне бұйрық жаудырып жүгірте бастады. Таң атқалы тілін тістегендей аш солдаттар ашынып, ашуын керзі етіктен алардай

кара жерді тарсылдата, өршелене ұрғылайды. Әсет кеудесіндегі дауыл басылып, бойы сәл сергігендей болса да сол күні көрер таңды көзімен атырды. Өкініш пен күдік араласып, жамбасына тас батқандай көп дөңбекшіді. Кезінде ағасы Саяттың тілін алмай әскерге кеткеніне де қатты өкінді. Ағасының тілін алмайын деген жоқ, басқа барар жері, басар тауы болмаған соң ең ыңғайлысы осы шығар деген. Қайда барсаң да Қорқыттың көрі. Ағасына деген реніші де аз емес. Ол да өзімен-өзі болып, өмірден жолы болмай жүрген бір жан. Жиырма жетіге келсе де үйленбей, жоғары білімі болса да шахтада істейді. Сәтсіз махаббаттың отына күйіп, өзімен-өзі әуре. Бірге оқып жүрген қызы әлдебір себеппен өзінің бір жолдасына тұрмысқа шығып кеткен. Содан бастап Саят күрт өзгерді. Бұрын ақкөңіл, ойын-тойдың сәні, қалжыңбас, жүрген жері думан азамат бір-ақ күнде өзгеріп шыға келді. Басқа ешкіммен көңіл жарастырмады, көз де салмады. Міне он шақты жыл болды, сұр бойдақ атанып жалғыз жүр. Әсет те әке-шеше, туыстарына қосылып оған ақыл айтқансиды. Оған ағасы күле қарап: «Саған не жоқ, оқуыңды оқысайшы, әр нәрсе өз кезінде болады да», - деп сырғақтап кететін.

Әсет соңғы кездері ағасын жиі сағынады. Кезінде қатты кеткеніне өзі де өкінеді. Алтынның қолда барда қадірі жоқ. Қандай болса да бірге туғанға жетер ешкім жоқ-ау. Мынау дүниеде бoқ жаман, бoқтан да жоқ жаман...

Арада екі-үш күн өтті. Әсет сол сүлесoқ қалпы жүрді де қойды. Әйтеуір, реті келіп, бүгін командирінен «еркіндік» сұрап алды. Ол әскери бөлімшеден шығысымен қаланың ортасындағы моншаға тартты. Жүріс-тұрысында асығыстық бар. Әдетте бірдеңе тындырарда осылай асығатын. Моншада адам көп емес екен, Әсет жақсылап жуынып-тазаланды. Сөйтті де, бес-алты көше жаяу жүріп, мешітке келді. Күн бейсенбі еді. Қалтасында сары майдай сақтап жүрген тиын-тебенін шығарып, мешіттің алдында жүрген жетімдерге үлестірді. Өзі ішінен: «Садақа тие берсін», - деп күбірлеп қояды. Көп жылдан бері салынып жатқан мешіттің мұнараларына қарады. Әлі бітетін түрі жоқ. Құрылыс тағы біразға

созылатын сыңайы байқалады. Ол - келген кісілерге құран-қатым оқып беруге арналып салынған кішкене құжыраға кіріп, сонда отырған кәртендеу молдаға құран оқытты. Аят оқылып жатқанда бұрынырақта қайтыс болған атасы мен әжесін, басқа да туыстарын есіне алды. Мешіттен шыққанда Әсет әжептәуір жеңілденіп, еңсесі көтерілгенін сезді. Біраз жүрген соң есіне түсіп, жолдастарына ұстара, темекі алу үшін дүкені көп Жібек жолы көшесіне беттеді. Көше бойы ығы-жығы халық. Илеудегі құмырсқадай өріп жүр. Серуендеп, сенделіп жүргендерден гөрі өзгеше бір тобыр қала көшесін жаулап басып алғандай. Ал мына жұрттың сықпыты да, салты да мүлде басқа. Бүкіл қала халқы алыпсатар болып кеткендей, кез келген бұрышта қолына бірдеңе ұстаған үлкенді-кішілі адамдар. Жақындасаң-ақ, бәрі өзінің затын мақтап, жақынын көргендей жабыса кетеді. Түрлерінде жылылық жоқ, қажыған құр сұлдері мен жылтыраған көздері ғана көрінеді. Жүріс-тұрыстары былай тұрсын, күлкілерінің өзі де жасанды. Жымысқы, жиіркенішті бірдеңе. Ар жағында алдасам, арбаласам деген құлығының құлағы көрініп тұр. Кезінде жақсы кітап іздеген халық бүгінде қу қарынның, обыр құлқынның құл тобырына айналған. Жүздерінде жақсылықтың, адамдықтың, мейірімнің жылт еткен нышаны болсашы. Бұрын әр адам өзінше бір қайталанбас әлем сияқты еді. Әркімнің өңінен тек өзіне тән тектілік, өзінше тәрбиелік табы айқын аңғарылып тұрушы еді-ау! Қазір пәлен деп айтудың өзі қиын. Сылдыр сөз, сырғақ жүздің ар жағын қалай жобалайсың? Қараңғы үйде тышқан ұстағанмен бірдей тірлік те, әйтеуір. «Аяғын көріп, асын іш, анасын көріп, қызын ал», - дейтін мәтелдің адыра қалғаны қашан! Қазір өз халқыңның ұлын да, қызын да өзге халықтан айырып алу қиындап барады. Туған тамырыңнан, өскен өркеніңнен ажырау деген осы да.

Әсет адамы аздау көшеге бұрыла бергенде алдынан ит жетектеген толық әйел көлденендеп өте берді. Ол иттен сескеніңкіреп, жүрісін баяулатты. Бульдог ит пен әлгі әйелде бір түрлі ортақ ұқсастық бар. Өте бере әлдене ұмытқандай

бұрылып қайта қарады: Иә, әйел мен иттің жүріс-тұрысында егіздің сыңарындай ұқсастық барында дау жоқ. Сынықтан басқаның бәрі жұғады екен-ау! «Иті иесіне тартады» деген сөзде жан бар-ау, тегі. Әсет езу тартты. Күлімсіреп, жайлап күрсініп қойды. Кішкентай кезінде өзінің де күшігінен асыраған иті болған. Күшік пен көгершін десе ішкен асын жерге қоятын. Әсіресе, көгершіндердің неше алуанын: почташы, вертун, тресун, шелкун деп орысша аталатындарының не көкесін өз қолынан өткізген.

Кенет Әсет өзінің атын атап шақырған дауысты естіді. Жан-жағына алақтай қарап еді, ешкім көрінбеді. Дауыс қайта шықты. Сөйтсе, дәл қасындағы жаңа шет ел машинасының рулінде институтта бір курста оқыған, спорт секциясында бірге дайындалған жолдасы отыр. Дауыс сонікі. Бауырымдап құшағын жайып, машинасынан шыға берді. Көптен кездеспеген достар құшақтаса кетті. Досын былайғы жұрт денесіне қарап Алпамыс атандырғанымен азан шақырылып қойған аты - Сағындық. Олар тез шүйіркелесті. Көктемнің түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз кезі болатын. Таңғы ызғырық ығысып, күн де жылып шеке қыздыра бастады.

- Әсет-ау, мынау формаң не? «Қызылқалпақ» болғансың ба? Өткенде сені соңғы курстан институтты тастап, әскерге кетті деп естігем. Жаман оқымаушы едің, қай шайтан түртті. Жүдеусің ғой тіпті, тамақ бермей жүрген жоқ па өздері? - Жолдасы бұған біртүрлі мүсіркей қарағандай сезіліп, Әсет іштей қысылып қалды.

- Береді, береді... неге бермесін! - деді Әсет кәдімгідей сасқалақтай қысылып. - Тіпті, аузыңнан қалады... Өзің қалайсың, бір қалада жүрсек те кездеспегенімізге көп болды-ау. Қайдасың, мына жүйрігің құтты болсын, өзіңдікі ме?

- Енді кімдікі деп едің, осы күні біреу біреуге бірденесін тектен-текке бере қойғанын қашан көрдің?

- Игілігіне мін, көрімдігі сосын...

- Әскерден алатын айлығыңнан ба? Одан да ана қалпағыңды бер, милициянікінен айнымайды екен. Артқы әйнегіме көрсетіп салып қояйын, ГАИ ұстамасын... Ха-ха-ха...

- Баяғыдан кейін милициядан жүрегің ұшып қорқатын болғансың ба?

Әсет пен Алпамыс бір мезгілде қарқылдап тұрып, ішек-қарындары ақтарыла күлді. Сол жағдай үшін Алпамыс институттан шыққан.

Бірінші курсты бітіріп, студенттік құрылыс отрядына жүргелі отырғанда бұларға «Қазақфильмнің» режиссері кездесе қалғаны. Әлгі неме бұлардың дене бітімдеріне қызықты ма, әйтеуір, тарихи кино түсіріп жатыр екен, соған басты рольдерге сендер сияқты жігіттер керек деп жабыссын. Бұлардың бара алмаймыз дегенімен ісі болмай, өлердегісін айтқандай болып, тіпті, намыстарын қоздырып ақыры көндірді. Институтқа арнайы хат жазып, ССО-дан босатып алды. Сөйтіп, Әсет пен Алпамыс құрылысқа барып, қаражат тапқанның орнына, кино түсіріліп жатқан жерге жүріп кетті.

Түсіру алаңына таңдап алынған жер таудың қойнауы, табиғаты сұлу, адам аяғы аз тиген тамылжыған аймақ екен. Жақын деген ауылдың өзі бес-алты шақырымда. Киіз үй, палаткалар тігіліп тасталыпты, абыр-сабыр біршама халық. «Режиссердің» сөзі дүмбілез болып шықты. Әсет пен Алпамысқа дені дұрыс роль берейін деген ниетті бұлар байқамады. Әрі оларды әкелген пысықай жігіт те режиссер емес, ассистент екен. Операторлар мен артистердің кино түсіргеннен гөрі демалысы, көрші ауылдың дүкеніне шабуылдары көп. Бастапқыда онша қосылмай саяқ жүрсе де бостықтан екі қолын алдарына сыйдыра алмаған Әсет пен Алпамыс та отырыстарға араласа бастады. Артистер бұларға әлі берілмеген беймәлім жұмысқа алдын ала ақша бергізіп, кеу-кеулеп көпсіте мадақтасып: «осылардан бар ғой, мына деген әртіс шығайын деп тұр! Шықпаса, мына пыштиған мұрнымды бес жерден кесіп берейін... Айда, шап дүкенге!» - десіп, екі күн жуғызды. Тарихи көркем фильм дегендері жай ғана деректі, демеушілердің күшімен қазіргі ауыл өміріне арналып түсірілетін кино екен. Демеуші, заказ беруші - көрші совхоз. Әсет пен Алпамыс сол совхоз директорының әлдеқашан дүниеден өткен батыр аталарының беинесін жасауға тиіс екен...

Бір күні совхозда той болып, бұлардың барлығы да шақырылды. «Режиссер-ассистент» тойға тамадалық жасады. Ламбада биінің енді шығып, дүркіреп тұрған кезі. Той кеш басталса да ерте қызды. Жұрт ән айтып, би билеп, ақаңнан біраз тастап алған соң көңілденіп кетті мүлде. Бір кезде «режиссер-ассистент» ламбада биін үйретпек болып бір жас келіншекті қайта-қайта биге шақыра берді. Бидің ерекшелігі - бөксе қозғалту. Басқа ешкім билемей екеуден-екеуі секектей бергеннен бе, билері ерсілеу көрінді. Ақыры ламбаданың соңы келіншектің күйеуінің төбелес шығаруымен аяқталды. Әсет араласпай-ақ қояйық десе болмай, қызбалау Алпамыс «режиссер-ассистентке» көмектесті. Той тарқайды. Аздап ыңғайсыздық туды. Ауылдың ішіп алған қулары той төбелессіз тарқаушы ма еді, ештеңе етпейді деп жатты. Артистер кино түсіретін жерлеріне қайтты. Арада біраз күн өтті. Бір күні жолдың шаңын бұрқыратып, екі-үш машинамен киностудиядан партком хатшысы бастаған бір топ адам, жергілікті бастықтар, милициялар сау ете қалды. Түстері суық, өрт сөндіруге келгендей. Келе жиналыс ашылып, тәрбие жұмысы басталды. Жұрт қапелімде ештеңеге түсінбей, «арақ ішпеу қаулысының» бізге қатысы қанша деп дал болып отыр. Әнеүгінгі төбелес ұмытылып кеткен. Кейін білсе, бірден-бірге жетіп, тойдағы ламбада төбелесі жөніндегі сөз ауданның бірінші хатшысына жетеді. Ол: «Ауданда не жаңалығың бар, партияның араққа қарсы шешімін қалай орындап жатырсыңдар» деген облыс хатшысына әңгіме арасында әлгі ламбада үшін болған төбелесті айтады. Тағы бір күні ОК-ның идеология секретары облыс хатшысынан не жаңалық бар дегенде, «бәлендей ештеңе жоқ, ламбада биін үйретеміз деп Алматыдан келген әртістер аздап қызыңқырап кетіп төбелесіпті», - демей ме. Сол-ақ екен, бастықтардың телефондары қызып, қызынып алып безілдеп жөнелсін. «Қазақфильмнің» парткомына, милицияға тапсырма берілсін. Ақыры «режиссер-ассистент» пен Алпамысты милиция алып кетіп, жауып тастады. Сөйтіп Алпамыс «тоқал ешкі құдайдан мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылғанның»

кебін киіп, байтал түгіл бас қайғы, әртістік жайына қалып институттан шығарылып тынды.

Әсет нен Алпамыс ананы-мынаны айтып біраз тұрды.

- Әскерің қашан бітеді?

- Алла жазса, осы майда. Екі ай қалды.

- Дембльге дайындалған «шал» екенсің. Танертең жастарды бұйрық оқытып, әтеш қылып шақыртасыңдар ма?

- Біздің ондай иттігіміз жоқ.

- Жарайды, жүр, казармаңа асықпа. Қазір мен бір жұмысты тындырайын, сосын екеуіміз дем аламыз.

- Асығып тұрғам жоқ, саған кедергі болмасам. Олар орталық көшедегі қаз-қатар тұрған көп шыны дүңгіршектердің қасына тоқтады. Алпамыс Әсетке сен машинада отыра бер деп, өзі кетіп қалды. Сөйтті де, әлгі дүңгіршектерге кезек-кезек кіріп, айналып шықты. Машинаға үлкен пакетпен бірдеңе әкеліп, артқы орындыққа лақтыра салды.

- Бүгінгі жұмыс осымен бітті. Енді бір жұма дем алуға болады.

- Қалай бітті, қызметің жақсы екен.

- Бәрін сосын айтам, былай қарай шығайық. Олар жеке меншік үйлердің арасындағы ойқы-шойқы жолмен біраз жүріп, темір қақпалы биік дуалмен қоршалған екі қабатты үлкен үйдің қасына келіп тоқтады. Алпамыс әлгі артқы орындықтағы пакетті ашып, пачкадағы біраз ақшаны бөлектеп, қалтасына салып, қалғанын алып үйге кірді. Әсет досының нендей қызмет істейтінін айтпаса да іштей жобалады. Бағанағы көтеріңкі көңіл-күй біртіндеп қожырай бастады. Кетіп қалуға оқталып еді, қалталы машинаны тастау да қиын. Кеткенде де бөтен жер, қайда барады? Алпамыс шықты, көңілі көтеріңкі. Рульге отыра бере Әсеттің тізесінен қағып: «кеттік, енді боспыз» деді. Әсет езу тартқан боп, немкеттілеу, селқос бас изеді. Жаңа «Вольво» газға аяқ тиісімен-ақ зымырай жөнелді. Олар біраз үнсіз отырды, Алпамыс та Әсеттің не ойлап келе жатқанынан хабардар сияқты.

- Өмір - түлкі, дүниенің қызығын көргің келсе, тазы боп шал. Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас.

- Тапқан ақшаның иісі болмайды дейсің ғой.

- Дұрыс айтасың. Табиғаттың бергені бар, өзіміздің спортпен айналысқандағы үйренгеніміз бар, бәрі пайдаға асып тұр. Әлгінде шефке де сен жөнінде айттым. Армияң бітісімен бізге кел. Шәй-пәйлігіңді былай қойғанда, әрі кетсе алты айда жаңа «Жигули», бір жылда «Вольво» мінесің. Жиған ақшанды тиімді жерге салсаң, екі-үш жылда ортан қол бизнесмен болып шыға келесің.

- Рахмет, достым. Менің қолымнан жылатып тартып алу келмейді. Арамдық қып ішкен ас, ішіңе барып тас болмасына кім кепіл. Адал еңбек, маңдай термен келмеген нәрсе маған жақпайды.

- Сен не, періштемісің, әлде пайғамбармысың? Кім ұрламай жатыр? Анау әкелерінен де пара алуға дайын банкирлерің бе, немесе шет елден валютаға арақ пен темекі, «Сникерс» әкеліп сатып жүрген бизнесмендерің адал дейсің бе? Қазір ешкім де таза емес. Былғанбаған ауыз жоқ.

- Жұрт өлді деп, бәріміз де өлеміз бе енді? Әркім өз арұятының алдында өзі есеп береді. Өтпелі дәуір көпке сын. Кезінде он процент адамның байлығын қалған тоқсан проценті бөліп алып еді, бүгін керісінше, бүкіл халықтың жиғанын ат төбеліндей аз ғана топ қалталарына басып отыр. Тіпті, қазақ жерін қойып, шет елден де сарай сатып алып, мемлекеттің қаржы-қаражатын сол жақтың банкілеріне тоғытып тығып жатса керек. Әйтеуір ел іші гу-гу...

- Е-е, газеттен оқығамыз...

Алпамыс Әсетке қарап мырс етіп күліп қойды.

- Білсең өзің айтшы, пәлсапа мен тарихтан аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтінсің. Біресе Америка жолына, біресе Корея жолына түсеміз деп таңымыз айрылды. Қайда сондағы оңғанымыз?

- Тапқан екенсің білгішті. Мен де сен сияқты институтты бітірмей шығып кеткенмін.

- Сонда да не ойлайсың?

- Меніңше, дүниедегі барлық құбылыс бірін-бірі біржолата жоққа шығармауға тиіс. Мысалға француздар күні бүгінге

дейін революция кезіндегі Бастилияны алуды атап өтеді. Қай халық та өзінің тарихынан безе алмайды, ол жақсы ма, жаман ба - сонікі, тек қана сол халықтың маңдайына біткен тағдыр, талайы. Ал бізде болса, бәрі керісінше, бір революцияны жетпіс жылдан кейінгі екінші революция түгін қалдырмай жоққа шығарып отыр. Сондықтан біз тығырыққа тірелдік, капитализмнен социализмге өту жолын таптық, ал бірақ әлі ешкім социализмнен капитализмге өту жолын көрсете алмай келеді.

- Міне, көрдің бе? Бұны катаклизм, хаос дейді. Сондықтан мұрының барда сіңбіріп қал. Мүмкіншілік барда ақша жинап, капитализмге кетіп бара жатқан поездың соңғы вагонына іліксек іліктік, ілікпесек ана тоқсан процент жалаң аяқ кедейдің ішінде қоржынымызды арқалап біз де қаламыз.

- Жарайды, қойшы, басты қатырдың. Бір сөзбен айтқанда бизнесменсің бе, рэкетменсің бе, кімсің?

- Екеуі де.

- Институтқа түсуге дайындалып, абитуриент болып таң атқанша сырласқан армандар құмға сіңген судай жоғалды де. Білгір маман, жақсы спортсмен болып елімізге, халқымызға адал еңбек етеміз демеуші ме едік? Ал кейін институтқа таныстық арқылы түскендерді арамсындар деп ұратынымыз қайда?

Үнсіздік орнады. Алпамыста да әлгіндей даурыға сөйлеу жоқ, қабағы қатып, жас кезіндегі әдетінше ерні бүртия қалыпты. Әсет досын ренжіткісі келмеді, сөзін әрі жалғастырды.

- Ақша деген, әрине, көздің құрты, талтандап басып, ешкімге жалтандап қарамайсың. Ақша - бостандық дегеннің де жаны бар шығар. Бірақ мен ақшаға табынып, оны Құдайдай көруге қарсымын. Адам рухына жететін не бар? Бассыз, білімсіз, мәдениетсіз қандай қоғам болмақ? Қарыннан жүрек әрқашан жоғары емес пе?

- Сен баяғы күйінде қалыпсың. Кім біледі, сенікі дұрыс та шығар. Тіршіліктің күйбеңіне көндікпейтін кім бар, уақыт көрсетер. Ал, бүгін дем алайық. Сені командиріңнен сұрап алайын. Таң атқанша рахаттана құмарымыздан шығайық.

- Сұрап алғаны қалай? Маған кешкі жетіде казармада болу керек, тәртіп солай.

- Өй, қойшы. Кездескенімізді атап өтеміз. Командиріңмен өзім-ақ келісем. Олар да - пенде. «Чегистен» қыздар аламыз. Ақшаң барда қалтанда, талтандасаң талтанда.

Алпамыс алпамсадай денесімен рульді ұстаған күйі қозғалақтап билей бастады.

- Баяғыда сен Вергилий жазыпты, Макендонский бір түнде он қызбен бірдей болыпты деуші едің ғой... Қалай еді өзі?..

- Қайдағыны сен де ұмытпайды екенсің. Ол - Мишель Монтенің «Вергилий поэзиясы» деген еңбегінде Римнің Прокул атты императоры жөнінде жазғаны ғой. Өтірік-шынын кім білсін.

- Сол, сол. Ал бізбен жұмыс істесең, сенде одан да көп әйел болады.

Әсет еріксіз күлді. Жүзіндегі ащы күлкі жауыннан кейінгі шалшықтағы судай аз ғана тұрды да, ілезде ғайып болды.

- Рахмет, достым. Не болып кеткен саған? Мүлдем өзгеріп алыпсың...

- Уақыт өтіп барады, уақыт.

Көп жылдан кейін кездескен достардың сөздері онша жараса қоймады. Алпамыс болмаған соң, олар ресторанның түстенді. Досының «Чегис» дегені шетелдіктер сатып алып, атын өзгерткен «Қазақстан» қонақ үйіндегі ресторан екен. Содан соң Әсет Алпамыспен қоштасып, біраз қала аралады. Бойы жеңілдеп, жүзіне күлкі оралды. Ол денесінің жеңілдігін мешітке барып Құран оқытқызып, жетімдерге садақа беруімен деп есептеді. Студент кезінде қанша шаршап ұйықтап жатқанда да, оянатын кезде әлдебір сезім түртіп оятатын. Ұйқысы қанбаса да, жан дүниесі шайдай ашылып, көңілді тұратын. Өзі сол дауысқа сенетін, оны «құдіретті күшім, пірім» деп есептейтін. Көбіне ол күш оған ата-бабаларының жебеп жүретін аруағындай көрінетін. Әсіресе, өзін кішкентайынан бауырына салып өсірген әжесінің аруағы деп ойлаушы еді. Бірақ кейін бәрі өзгерді. Жанға жеңілдік,

тәнге күнәқылық әкелетін бұлақтың көзі біртіндеп бітеле берді. Әсеттің денесі шау тартып қағылездігінен айырылып, көңілін үнемі мұң басатынды шығарды. Қанша еңсесін көтеріп желпінейін десе де, шамасы келмей әлекке түседі. Әсет жүріп-жүріп, жолдастарының аманаттарын алып, көрсетілген уақытынан бұрын казармасына келді. Демалыс күні де атқан оқтай зымырап өте шықты.

Әсет өзі де қобалжып, әне-міне елге қайтамын деп жүргенде, комиссариат пен емхананың мөрі соғылмаған «Саят қайтыс болды» деген тілдей жеделхат келді. Әсет жеделхатқа сенерін де, сенбесін де білмеді. Есің кіріп, етегіңді жапқаннан бастап, көрмейтін сұмдығың, төзбейтін азабың, естімейтін сөзің бар ма? Мына жаманшылық төбеден жай ұрғандай есеңгіретіп тастады. Жүрегі алып-ұшып, өзін қоярға жер таппады. Үлкенді-кішілі командирлердің бәріне барып, жағдайын түсіндірді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Жергілікті комиссариаттың мөрінсіз жеделхат есепке алынбайды» деп бедірейін отырып алды. Оны састырған тағы бір мәселе: «Жерлеу екі күннен кейін» деген сөз еді. Бәрінен жанына батқаны еркінің жоқтығы. Өлгеніне бару үшін өзгеге жалынудан өткен қорлық бар ма? Не керек, Әсеттің басына түскен қайғыны түсінген кейбір командирлер ақылдаса келіп, уақыты біткендіктен біржолата жіберетін болып келісті-ау, әйтеуір!

... Ауылға қарай ұшатын самолет тек түн ортасында ғана екен. Уақыт деген өтсейші. Күндіз әскерден босанғанша айғай-шу, жүгіріспен жүріп, жаманшылықтың мөлшеріне көңіл бөле қоймапты. Енді өзімен-өзі қалғанда суық хабар жүрегін қобалжыта берді. Ерсілі-қарсылы жүрді. Жұрт отырған жерден оңашаланып барып көпке дейін өксігін тыя алмай, көз жасын ішке жұлып налыды. Адам жаны неткен күрделі, неткен шытырман, теңіздей толқып, жағадағы жартасқа соғылған сайын, беті қайтып басылу орнына өрекип, өршелене түседі. Әсет ағасының өлгенін, ертең кара жер қойнына енетінін, мәңгі оралмайтынын ойлап, іші қоңылтақсып көп отырды. Бәрі көрген түс сияқты. Ойға сыймайды. Кеше ғана

жайрандап күліп жүрген адамның бір күнде мәңгілік жоқ болуы мүмкін емес...

Самолеттің ұшар кезі жеткізер емес. Уақыт тоқтап қалғандай. Әсетті реніш, қорқыныш, сағыныш - бәрі қосыла қинап, шаршатты. Жеделхат жеткізген қаралы хабар уақыт өткен сайын жүректі кескілеп, тілімдей түсуде... Ақыры жолаушыларды тіркеу де басталды, самолетке де отырды.

Түн ортасы ауды. Күндізгі қапырықты ығыстырын, Алатаудың қарлы басынан желмен жеткен ызғырық оның денесін тітіркентті. Жұрт самолетке мінер-мінбестен кейбірі газет оқып, енді бірі қалғуға кірісті. Түн тылсымы кімді болсын қалжыратпай қоя ма? Әсет шаршаса да самолеттің терезесінен қараған күйі қадалып, қалшиып отырды да қойды. Самолет жоғарылаған сайын жер бетінің тіршілігі көмескі тартып, қалың бұлт тарауға айналды. Ұзамай таң нышаны білінді. Бір кезде көзі ілініп кеткен екен, шошып оянды. Жоғарыдағы желдеткіштен суық жел соғып, бойын тоңазытты. Денесі тітіркеніп, ойдың суығынан ба, әлде бойдың суығынан ба, Әсет тоңазиді бастады. Бойы сергігендей болды. Ол төменде үдере, ағараңдап жөңкіле көшкен бұлттарды көрді. Жүрек бірде орнына тұрмай әлденеге алаңдай алқына соғып, енді бірде жетімсірей құлазиды. Әсет самолеттен түсе салысымен такси жалдап, бірден ауылына тартып кетті. Екі жүз шақырым жер екі мыңдай көрінді. Тас жол ауылға қарай суыра тартқанымен жеткізер емес. Жыл жарым көрмей сағынған даласы да, жол бойғы таныс мекендер де - бәрі бәз баяғы қалпында. Бәрі орнында, бәрі күні кешегідей болғанмен бір түрлі алыс, жат... Жаманшылық тек дәл ағасының үйінің қасына келгенде білінді. Жұрт топырлап, бірі кіріп, бірі шығуда. Сендей соғылысқан жұртты көргенде Әсеттің көзіне жас үйірілді. Ішінен «мүмкін емес, жалған шығар, бұны сағынған туыстары тез қайтсын деген амалы болар» деген есек дәме, әлсіз үміттің шырағы лып етіп сөне қалды. Әсет машинадан енді түсе бергенде, есік алдына шыққан қарындасы бауырымдап жылаған күйі қар-

сы жүрді. Дүние толқып астан-кестен болды... Аяқ астындағы қара жер теңселіп бара жатқандай. Әншейінде барына қанағат қылып көңілді жүретін адамдардың еңселері түсіп, үрпиісіп қалған. Үлкендер жағы «сабыр, сабыр», - дегенше Әсет ештеңеге қарамай, жолындағыларды баса-көктеп үйге беттеді. Үй толған үлкенді-кішілі туған-туысқандар да дауыс қылып жоқтау салды. Бір-екі үлкен кісі: «былай жүр, бауырың мына жақта» деп жабулы есікті аша берді. Керілген ақ шымылдықты көрді. Шымылдык ашылғанда - аққа оранған Саят жатты. Әсет еңкейіп тізерлеген күйі ағасын аймалай сүйе бастады. Ағасы мұздай... Әлден уақытта барып жанысыз, сұлық жатқан денеден Әсетті үлкендер зорға ажыратты. Көріскен адамда сан жоқ. Ес-түстен айырылып, көкіректері қарс айырылып қалған әкесі мен шешесі отыр аңырап. Болып жатқан уақиға жаман түс сияқты... Саят алыстағы туыстар келе алмай жатқандықтан келесі күні жерленеді екен. Кеш бата адамдар саябырлады. Тек екі-үш үлкен кісі әлсін-әлсін мұз ауыстырып, желдеткіш қойып, мәйіттің бұзылмау камын жасауда. Күн қапырық. Көрші үйде қабыршыларға тамақ берілді. Әсет не істеп, не қойғанын білмей, мас кісіше жүрді де қойды. Кісі аяғы саябырлаған сәтте ағасының қасына барды. Алғашқы келгендегідей құшақтап сүйген жоқ, үнсіз, қимылсыз жатқан ағасына қарап отырды да қойды... Алдында жұрттың айтқанынан білгені - ағасы өзіне-өзі қол жұмсағанға ұқсайды. Әсет неге олай болды деп тіс жармады, ешкімнен сұрамады. Тіпті сұрауға батылы жетпеді, өзімен-өзі болғаны сонша, сөйлеспеді, тамақ та ішпеді. Әсет жайлап үңіліп, ағасының бетін ашты. Саят жұмыстан шаршап келіп, қатты ұйықтаған кісідей шалқайған күйі жатыр. Өзі бойшаң адам, бұрынғыдан да созылып, бұрынғыдан да ұзарыңқырап кеткенге ұқсайды. Әсет оң қолымен ағасының білегінен ұстап, сол қолын оның маңдайына басты. Ағасының мойнындағы көгерген даққа көзі түсіп қатты да қалды. Жылыстап аққан ыстық жас бетін жуды.

Ет жүрегі елжіреп: «Бұл не қылғаның, қалай бізді қиып кеттің, тым болмаса, артыңда қалған тұяғың да жоқ...» деп

дүрсілдеп соғып тұрғандай сезінді. Көз жасы жапырақтан сырғып түскен тамшыдай тырс-тырс етіп моншақтап Саяттың үстіне тама бастады. Ол тумасымен бірге жүрген шақтарын, іштегі айтылмаған сырларын есіне түсірген күйі бозарып отырды да қойды. Әсет сол сәтте тұңғыш рет Саяттан мәңгіге айырылғанын, бұдан былай онымен кездеспесін, құшақтап көріспесін мойындады. Оны мойындатқан аяусыз ажал еді...

Ағасының қолын ақырын сипап отырған Әсет бір кезек өң мен түстің арасындай хал кешті. Саят кәдімгідей асықпай сөйлеп отыр. Құдды тірі кезіндегідей...

- Білем, сен де қиналып жүрсің. Адам дүниеге жалғыз келіп, жалғыз кетеді. Тағдыр сызығы жеткен жер осы. Міне, жылы өзенге түсіп ағып келем. Айнала жұмсақ, балдырдай былқылдаған бірдене. Алыс-жақынның бәрі айқын көрінеді. Ойлаған арманың да, туған, туыс, дос-жаран өзінмен бірге. Жұпар иіс, самал жел... Көңіл де мәңгі көктемдей жас, жайдары... Ағыс барған сайын күшейіп, сендерден алыстата бастады. Қайтқым, кері жүзгім келеді. Бірақ, ол мүмкін емес... Құлаққа ұрғандай тыныштық Саяттың үнін жел қуған желдеткіш қалақшасының сыртылдап айналғаны ғана бұзып тұр. Жел көтерген ақыреттің астынан теміреткенің ағараңдаған дағы бар жалаң аяғы көрініп қояды.

- Саят өмірге өкпелегенмен, бізге өкпелеген жоқсың ғой! Қара шаңырақ шайқалды ғой. Бұл не қылғаның, ағатай!..

- Кешіріңдер, бауырларым... Маңдайға жазғаны сол.

- Кешіреміз, кешірмей қайда барамыз. Орныңды қалай толтырамыз? Қиналған сәтінде қасыңда бола алмадым... Саятым, тірегім, сен мәңгіге кеттің. Мен қалдым... енді кіммен сырласам, кіммен силасам? Жалғыздық деген, қу томардай шошайып қалған осы да.

Саят ұйықтағандай болып жатқан күйі іштей жылай бастады. Көзі құп-құрғақ. Бір кезде ол інісін құшақтады. Әуелі ұзақ иіскеп, сосын сүйді. Әсет бәрін сезді. Оның да ағасын аймалағысы келіп ұмтыла берді. Түсініксіз бей-жай бірдене.

Ол ағасының бауырына кіре бергенде еңкейіп құлап барып есін зорға жиды. Мәйіт қозғалыссыз жатыр. Ағасының құшағы, сөйлеген сөзі әп-сәтте ғайып болды. Әсет дел-сал боп ұзақ отырды. Жанағы көргендері өң бе, түс пе, әлде ақылы ауысардағы елес пе? Түсініксіз бір зат.

Әсет қатты тоңғандықтан қалшылдауға айналды. Екі күннен бері ұйықтамаған ұйқы, шаршағандығы сыр білдірді. Суық мәйіт, ызғарлы жел, құлаққа ұрғандай тыныштық, өзі анық естіген ағасының сөзі, жылағаны арқасын құрыстырды. Желке тұсы инемен шанышқандай бәрі-бәрі жиналып келіп сұғып-сұғып алды.

Көзі суырып әкетіп барады. Құлағы күңгірлеп, басы мәңгірді. Неге екені белгісіз, ойына баяғы өзі өлтірген суыр түсті...

Тұла бойын үрей билеп алды. Тән өлгенмен жан өлмейтініне Әсеттің көзі анық жетті. Ол ағасының қолын кеудесіне ақырын қайта қойған күйі буыны құрып, босап орнынан эзер тұрды да сыртқа беттеді. Ту сыртынан өзіне қадала қараған көрінбейтін елес көзқарасын арқасымен сезді... Әсет сол шыққан бойы үйден алысырақ кетіп жараланған тағы аңдай ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Ағасының тірі кезіндегі бейнесі, сөздері, есінде ерекше қалған басқа қылықтары көлбеңдеп тұрды. Бұрылып үйіне қарады. Барлық терезеден жарық көрінеді. Бірақ бұл таң атқанша думаны тарамайтын, күлкісі тыйылмайтын той-томалақтың жарығы емес, адамдардың еңсесін басып титықтатқан аза түнінің жарығы.

Уақыт кеш болса да ешкім ұйықтаған жоқ. Олар әдет бойынша мәйітті күзетуде. Үй қасында әне жер, мына жерде екі-үштен қосылып ақырын сыбырласа сөйлескен туыстар, көршілер. Ақсақалдар жағы жерлеудің рәсімімен сүйекке түсетіндердің, қабіршілердің тізімін жасап, өлімді жөнелту жабдығымен әуре. Күрсініскен көптің түрінде қайғының қалың табы бар.

Әсет жүресінен отыра, сырттан Саят жатқан терезеге караумен болды. Іші-бауыры езіледі... Егіле жылайды...

Ол көптен бері бұлай жылап көрмеп еді. Қатты ренжісе де жүрегі шаншып, жатып қалатын әдеті еді. Әсет кішкентай кезінде әжесімен бірге нағашыларына барып, сол ауылдың өзі шамалас балаларынан шапалақ жеп, жылағаны бар. Шапалақтың қаттылығынан емес, бөтен жер болғандықтан өзіне жазықсыз жапа шектіргеніне ыза болып дәрменсіздіктен, есе қайтара алмасын біліп қорланып жылаған.

... Міне, ағасы қайтпас сапарға кетті. Тағы да дәл сондағыдай дәрменсіздіктен ағылған көз жасы. Қасында болсам қайтер едің, мүмкін мені қимас па едің, өзің үшін болмаса да, өзге үшін өмір сүрер ме едің...

Келесі күні түсте Саят үйден шығарылды. Мұп-мұздай жансыз денеден ауыр бұл әлемде ештеңе жоқ шығар. Адам жарық дүниеге өмір сүру үшін келеді, бірақ өмірдегі күнделікті күйбеңмен уақыттың зымырап, қалай өте шыққанын білмей де қалады. Өмір өзегінің өзінде мұңға толы, ешбір жауабы жоқ беймәлім бір сұрақ бар. Адамзат баласы әлі күнге сол сұраққа жауап таба алмай әлек. Япырмай, неге адам мың жасамайды екен. Күннен қызу, жерден нәр алып жүре берсе, жүре берсе... Бірақ ішкі дүниедегі аласапыран сабасына түспей, иығыңнан басқан зілдей ауыр жүктен қайда қашып құтыларсың? Қашқанмен құтқара ма? Саят та өз орнын табу керек еді. Өмір айдынында еркін қалқу үшін, алаңсыз ләззат құмарынан шығу үшін жүзе білмесең бола ма? Өмірдегі өз орныңды табу, сол өмірдің керектігі, тым болмаса титтей ғана тетігі екендігіңді сезіне алмасаң, қу тірлікте не мән, не сән бар?

Жұрттың айтуынан естігені - бір айдан бері жер бетіне тырс етіп тамшы тамып, жауын жаумапты. Аяқ асты бұрқыраған майда шаң. Жел лүп етсе, атқа мініп ақ құйын құтырады.

Кенет бір шөкім бұлт күннің көзін жапты. Көлеңке зират басында Саятты жерлеп жатқан кісілердің үстіне түсті. Іле жұрттың азасына ортақтасқандай алыстан шыққан зеңбірек дауысындай күн күркіреді. Ортада жатқан ағасының аяқ жа-

ғында салы кетіп салбырап отырған Әсет басын қалт көтеріп аспанға қарады. Әлгі күркіреген үн оған жоғалтқаныңды енді жерден емес, аспаннан ізде дегендей ишарат жасады... Кешегі ойнап-күліп, тірлік жасап жүрген адам бүгін марқұм. Оны жұрт мәйіт деп аттандарып, қара жердің қойнына беріп, көміп те болды. Күндегі кеше ғана өмір оты көзінде ойнаған, тамырында тірлік қаны тулаған адам енді төмпешік топыраққа айналды...

Қара жер өлімге қашан тойған. Қаралы күндер өтіп жатты. Құлазыған аңызак жел жас қабірдің топырағын кеберсітіп, дегдіте бастады. Әсет үй-іштерімен таңертең күн шықпай, кешке күн батпай зиратқа молда апарып құран оқытады.

Бір күдірет бізді өмірге жолдайды,

Біз өмірді түсінбейміз -

Сол қайғы.

Бақыт үлкен болған емес, шынында,

Ал қайғының кішкентайы болмайды, -

деген Қадыр Мырзалиевтің сөздері көкейге келеді. Саятқа ең көп қайғырған - анасы Айжан. Уақыт өткен сайын адамдар да зат сияқты тозып ескіреді. Біреу ерте, біреу кеш қартайады. Орындалмаған арман да қайғыға айналып, бара-бара алыстап, бұлдырай береді де, адамды ерте қартайтады екен. Айжан ұлынан айырылғаннан кейін өзіне-өзі дұрыстап келе алмады. Шашы сиреп, сұйылып, мәңгіріп бір нүктеге қарап отырады да қояды. Оңаша қалғанда Саяттың суреттерін ақтарады. Үнсіз отырған әр суретке ұзақ қарайды. Толғанып ойға берілетіні соншалық, көз жасының бетін жуғанын да сезбейді. Көзі мұнды болғанымен, көңілі әлдеқайда. Бауыр еті перзентін қиялында көріп, бауырына басқандай. Тіпті, күні кеше ғана жер қойнына бергеніне сенбегендей бей-жай, күңгірт күн кешеді. Бертін келе молая түскен әжімдерінің сай-сайын қуалай аққан мөлдір жас Әсетке кейде сарқылмайтын қайғы бұлағына ұқсап кетеді. Анасын аяғаннан өз ойынан өзі қарап отырып түршігеді. Кей түндері анасы түсінде сөйлеп, таң атқанша ұлының атын атап шақырып шығады... Көздің жасы ажалға араша тұрар болса, талайлар

арманда кеткен боздақтарын баяғыда-ақ тірілтіп алар еді. Тек тірі пенденің шыбын жаны қиналады да...

Сол бір қызығы да, қуанышы да жоқ бір өңкей сұрқай қорғасындай ауыр сұрғылт күндердің бірінде кім әкелгені белгісіз, қолына «Работница» журналы түсті. Журналдың «Поэтикалық дәптер» бетінде жиырма жеті жасында өмірден өз еркімен кеткен Вадим атты ұлының өлең жинақтарын Галина Сверканова деген ана жариялатқан екен. Вадим де өмірден өз орнын таба алмай, «Әйтеуір» тірлік жалына жармасып өмір сүргісі келмеді. Вадим бір өлеңінде былай депті:

Бросьте в костер Джордано -
Вот вам данные.
Он в костре краснокожий -
Вот возможность.
Он не выйдет оттуда к вам,
К вашим ртам и к вашим богам.
Он горит и сегодня и завтра,
Не зовите пожарников.

Мәңгі от болып жанып, адамзатқа жылу әкелуді ол да армандапты. Оның да артында анасы қалды. Журнал бетіндегі жылы шырайлы, сұлу мұртты жігіт те Саятқа егіз тамшыдай ұқсас еді. Уақыт өтер, он, тіпті, жиырма жыл да бір күнгідей болмас. Тек дүниеден түрлі себеппен ерте қайтқандар соғыста өлген солдаттардай мәңгі қартаймай, жас қалпында қалады. Саят та тоқтап қалған сағаттай, өзінің 27 жасында мәңгі тұрады...

Үйдегілердің бәрі де түні бойы кірпік ілмей дөңбекшіп, таң ата шаршап талығып барып ұйықтады. Төсектеріне қайғымен қисайып, күпті көңілмен оянады. Бір-бірлерін жұбатқылары-ақ келеді. Іші-бауырлары елжіреп, не дерлерін білмей жаутаңдап қарай береді. Жүректегі қайғыны шолақ тіл, олақ ой жеткізе алмастай... Әсет бірде түн ортасында әлденеге елегізіп басын көтергенде бөлмеде ерсілі-қарсылы жүрген бір кісіні көрді. Ол ағасының бөлмесінде, соның кереуетінде

жалғыз жатқан. Көзі қараңғыға үйреніп, бажайлай қарағанда әлгі жүрген кісі өзінің ағасы Саят екенін таныды. Иә, сол. Үстінде көк трико, жұқа ақ футболка, аяғында өзі жақсы көретін жұмсақ аяқ киімі. Өзі бір жаққа асығулы. Саят жұмыстан кейін үйде жүргенде осылай жеңіл киінуді ұнататын. Әсеттің не қимылдауға, не сөйлеуге дәті жоқ... Содан екі-үш күн бойы ол өзіне-өзі келе алмай жүрді... Түс - уақыт уысында кеткен, сарғайып сағынғаныңмен кездестіретіні шын екен. Айға татыр күндер, жылға татыр апталар сарсылтқан сағаттар азап үстіне азап жамап баяу сырғып өте берді.

Енді бірде жол жүрмек ниетпен Әсет зиратқа әкесімен таңертең ертелете барды. Өзен жағасындағы ауылдан алысырақ қыр үстіндегі зиратқа бару да бастапқыдай емес, үйреншікті дағдыға айналды. Алғашында құран оқылғанда оған топырақ қозғалып, көтеріліп келе жатқандай көрінетін. Адамның көндікпейтіні жоқ екен. Зираттан қайтқан туыстар тасаға бұрылғанша біріне-бірі білдірмеуге тырысып, арттарына жалтақтап қарай беретін. Бәрі де бауырларын қара жерге қимай амалсыздан ауылға беттейтін. Әсет қалаға аттанар күні күн бұлыңғыр еді. Ол автобуска үлгеру үшін әкесін тоспай жалғыз асыға басып келе жатты. Аялдамаға барар жол бойында өңшең бір жатаған үйлер бар. Автобус аялдамасында тұрған Әсет жан-жағына көз салып еді, көз алды бұлдырап сала берді... Анадай жерде өзіне қарай келе жатқан ағасы Саятты көрді. Жүрегі алып ұшып, жүгіре жөнелгісі келді. Саят сол кәдімгі тірі қалпында, жылы шыраймен асықпай күлім қағып келе жатыр. Тек шашы өсіңкірегені болмаса, бәз баяғы қалпы, үстінде күнделікті жұмысқа киетін жұпыны киімі. Қалшиып тұрып қалған Әсет көзін уқалап жіберіп қайта қарап еді, ғажап - ештеңе жоқ, зым-зия. Мектеп қоршауының селтиген бағанасы ғана тұр...

Өз көзіне өзі сенбей айналасын тағы шолды. Бәрі-бәрі баяғы қаз қалпы. Алыстан мүлгіген таң тыныштығын жарған трактордың барылы естілді. Таңертеңгі дымқос ауа жырттылып айырылды. Әсет бойында ешбір сезік білінбесе де, автобус аялдамасынан артына жалтақтап қараумен кетті.

Содан қалаға жетіп, құрылыс материалдарын іздеуге кіріскенше, Саятты ойлады. Сағыныштың қасіреті қайда барса да қыр соңынан қалмады.

... Сәті түсіп, достарының арқасында өзі іздеген қажет құрылыс материалдары түгел табылып, ісі оңға басты. Достардың адал сыйласып, бір-біріне тілектес болып, шама-шарықтарынша қиналғанда қол ұштарын бергеніне жететін не бар. Әсетке қалада тұратын Шаттық, Мұрат, Болат, Жасұлан, Сәкен деген достары қайғысына ортақтасып, қолдарынан келгенше уақыттарымен санаспай көмектесті. Жалға КамАЗ машинасын шақыртып алудың да реті онша қиынға соқпады. Олар соңында тіркеуі бар КамАЗ-ға кірпіш, тас қиыршық тиіп, кешігіңкіреп, намаздыгер шамасында қаладан шықты. Әсеттің қаладағы жұмысының бітуін тосқандай, ауа райы да бұзылып сала берді. Батып бара жатқан күннің қызарған бұлттарын желпілдете қуып, Ерейментаудың жеті есігінен шыққан қоңыр жел аңқылдай соқты. Бұлт қоюланып, жауынның иісі білінді. Шілденің қапалы, қапырық күні аяқталып, қоңыр салқын кешкі ауа тынысын кеңейтті. Иықтан зілдей жүк түскендей дене де жеңілдеп сала берді... Ашық кабинаның терезесінен салқын жел ұйтқи соғып гуілдеп келеді. КамАЗ-дың шофері Әсеттің қарындасымен бірге оқыған, ауылдас таныс жігіт екен. Кездеспегендеріне біраз жыл болса да, олар жылы сөйлесіп, ортақ таныстарын сұрасып, жатырқамай шүйіркілесіп кетті. Жол бойғы көлшіктерде қарайған ноқаттай қаз-үйрек қаптап отыр. Сілеті өңірі күндізгі ыстықтан шаршағандай делсал мүлги маужырайды. Міне, шоғырланып, қоюлана үйірілген бұлттар тұтаса келіп, жауынның алғашқы тамшылары машина терезесін тырс-тырс ұрғылады. Жауын күшейген үстіне күшейді. Ілезде жол бойындағы ойдым-ойпаттарға су жиналып, кішігірім шалшықтар айнадай жалтырап шыға келді. Тас жол дұрыс көрінбегендіктен машинаның жүрісі де баяулады. Күшейген желмен бірге кабина мен капотты ұрғылаған қатты жауынның тарсылы мо-

тордың үнін басып барады. Терезелер жабылса да дене тоңазыды. Айналаны жаңбырдың ызғар сызы жайлап алған.

Әсет бар жан-тәнімен, бүкіл сай-сүйегін сырқыратқан суықтан басқа тағы бір белгісіз күшті сезді. Жүрегі секем алып, тізесі суып, әлсіз дірілдеуге айналды. Үнсіздік басталысымен ойынан Саяттың бейнесі шықпай қойды. Өзін-өзі нық ұстауға тырысқанымен жүрегіне қобалжу, көзге шалынбайтын күдік енгенін аңғарды.

Әсет терезеден аспанға қарап еді, Саяттың келбеті сонау карауытқан аспан төрінен өзіне көз сап тұрғандай елестеді. Денесі бір ысып, бір суыды. Үрей биледі. Селдете төккен жауын көз жасына ұқсап, терезеден тарамдана ағады. Иә, сол... Саяттың марқұм болып жатқанда жылай алмай, қыстығып шықпаған көз жасы... айнымайды... Жарқ етіп найзағай ойнады, іле артиллерия атысындай дүниені күңірен-те күн күркіреді. Шофер жігіт селк етіп «біссімллә» деді. Әсет өз ойымен өзі, үн қатса жылап жіберердей, көз жасына тұншығып отыр. Төңірек қара майға малып алғандай дымқыл, жабысқақ қараңғылық құшағына бөленді. Машина жарығы түскен жол ғана теңбілдене, шұбарыта ағараңдайды. Олар ауылға шаршап-шалдығып түн ортасында бір-ақ жетті. Үйдегілер әлі жатпапты. Ертең Саяттың қырқы, бүгін соңғы күн. Зымыраған уақыт. Шофер жігіт те рульмен алысып сілесі қата шаршағаннан ертең зират басына апарып түсір-мекші болып, машинаны кірпішімен қоя салды. Әсет те жөні түзу ас ішуге мұршасы келмей Саяттың кереуетіне жата кетті.

Таң ата ол ұйқылы-ояу күйі бастырылып жатқанын сезді. Қол-аяғы ағаш болып қатып қалған. Үстінен нығарлай басқан салмақ босатар емес. Зілдей басып езіп барады. Тұншығып барады. Салмақтан құтылып оянайын-ақ дейді, бірақ бойын жинауға дәрмен жоқ. Ол қара терге түсіп, жаны алқымына келді. Енді кішкене жатса тұншығары сөзсіз. Жанталасқан ұйқылы-ояу, қас пен көздің арасындағы арпалыс. Құдды үстіне үйдей тас құлап, бұл соның ауыр салмағынан

жаншылып бара жатқандай. Уақыт өтпей қойды... Ақыры әлгі алапат күштен босанды-ау, әйтеуір.

Әсеттің бойы жеңілдеп сала берді. Өне-міне тұрам деп жатып қайта ұйықтап кетіпті. Ол «тұр, неғып жатырсың, Құран оқы» деген бұйрықты үннен шошып оянды. Дауыс үй ішінен естілді... Селк етіп жан-жағына қараған еді, жан жоқ. Бәрі бүгін Саяттың қырқы болғандықтан ертемен зиратқа Құран оқытуға кетіпті. Әсет те жүре киініп солай қарай асықты.

Дұға оқылып бітті. Мазар салу басталды. Туған-туыс, көрші-қолаң қолдарынан келгенше көмектесуде. Әсеттің қаладағы Шаттық досы Сармантай деген қалақшыны алып келіп, мазар салынып біткенше басы-қасында болды. Абыр-сабыр іске білек сыбанып кірісіп кеткен Әсет уақыттың қалай өткенін де байқамай қалды. Тек Әсетке айналадағы ескі зираттардың тақта тастарындағы көне суреттер көз алмай қарап, қалай бұрылса да соңынан бақылап тұрғандай әсер етті. Ол үлкендердің бейітке сурет салуға шарифат қоспайды деп отыратынының мәніне енді түсінгендей болды. Әсіресе дәп ағасының қабіріне іргелес жатқан екі зираттағы суреттен сескенді. Шөп басқан төмпешік астында осы адам да жатыр-ау деген ойдың өзі өрескел, ақылға қонбайды. Әсеттің көзі әсіресе соның біреуіне ерекше ауды. Зират мұсылмандардікі болса да, «Мария Адамовна» ден жазылған құлпытастан басында ақ орамалы бар мосқал ана күлімсірей қарайды. Түрінен қарапайымдылық пен сабырлық байқалады. Сурет анық, жақсы шыққан. Тіпті көзінен ой тұңғиығында жатқан жігерлілік тайға таңба басқандай көрінеді. Әсет өткен-кеткенге көз жүгірткені болмаса, біразға дейін ешкімнен әлгі әйел жөнінде сұраған жоқ. Тек кейін Талғат деген шалдан сол кісінің жай-жапсарын сұраудың реті келді.

- Мына әйел мұсылман дінін қабылдаған-ау, сірә.

- Ә-ә, марқұм Мариям апайды айтасың ба? Жатқан жері торқа болғыр, әулие, қасиетті кісі еді. Шалы да осы елдікі. Қазір балалары көрші совхозда тұрады.

- Шалы қазақ болған соң ғой мына зиратта жатқаны.

- Олай деу аздық қылар. Сендер білмейсіңдер, кешегі аласапыран заманда небір топалаңды көрдік. Адамның басы Алланың добы делінетіні рас та шығар. Кім не көрмеді?..

... Талғат шал үндемей қалды. Қабағы түйіліңкіреп, жүзі түнеріп, қайғы табы білінді. Әсет бұл кісінің кезінде сотталып, ит-жеккенде болғанын, тіпті, паспорты да, ондағы аты-жөні де өзінікі емес, өзгенікі деп еститін. Жазықсыз жиырма бес жылға Ібір-Сібірге айдалып, он шақты жылдан кейін қашып келгенде елдегі өлген ағайынының құжатын иемденіпті де, өзін өлді қып қойған, сөйтіп, амалдап өкіметтің құрығынан құтылыпты. Жасындағы әнші, сері атанған Талғат кейін ұры атанып, тек заман түзеле келе ғана тыныштық тапқанға ұқсайды.

- Мариям көпке үлгі, қолы ашық, ақ жарқын, еңбегінің арқасында сый-құрметке ие болған адам.

Әсет үнсіз қалпы сүпі тасқа анда-санда көз тастап, мұқият тыңдап отырмын дегендей басын изеп, шалдың сөзін ықыластана тыңдады.

- Ол інісі үшін Сібірге айдалған Мырзатайдың сол жақта үйленген әйелі. Мырзатай жасы үлкендеу болғанымен өзімізбен құрдасша араласқан жігіттің төресі еді. Інісі колхоздан бидай ұрлап сотталатын болған соң, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас бала тектен-текке өледі-ау деп, түрмеге өзі кеткен. Заң қатты, сондағы інісінің колхоздан ұрлағаны - қос уыс бидай ғана екен. Заман да қатал, адамдар да көнбіс, мал сияқты айдауға жүре берген. Мырзатай Сібірде жүріп үйленіп, соғыс басталғанда өзі штрафной батальонға сұранып, майданға кетеді. Мария бір ұл, бір қызымен қала береді. Бірақ, Мырзатай: «Бестөбе деген жерде елім бар, менен қара қағаз келсе, балаларымды туыстарына жеткіз» деп өсиет қалдырады. Марқұм сезген болар, көп ұзамай қара қағазы да келеді. Мариям одан кейін де тағы екі жылдай хабар тосады.

Соғыстың қайнап тұрған кезі. «Бәрі де майдан үшін,

бәрі де Отан үшін» ұранының уралап тұрған шағы. Ешкім де бейсауат жүре алмайды. Мария ештеңеге қарамай, екі баласын қойнына тығып алып, үш жарым ай көрмеген бейнетті көріп, жаяулап-жалпылап, сонау ит елген Сібірден келіп, Мырзатайдың балаларын ата-енесінің қолына тапсырады. Ол екі ортада Мырзатайдың баяғы інісі Темірбек те соғыстан жараланып келеді. Не керек, Мария қайнысына қосылады, сөйтіп осы елде біржолата тұрып қалады, - Талғат шал сөзін бітірді. Мазар салып жүргендердің бірі де сөз бұзбады. Үнсіздіктің өзі түсінген адамға әңгіменің жалғасы іспеттес емес пе? Зират басы тыныш. Әлгі әңгімені жер астында жатқандар да тыңдай қалғандай. Олар да осы сәтте біздің, тірілердің жан дүние тамырын тап басқандай. Үнсіздік біразға созылды. Жұрттың бәрі бір сәтке сүпі тастағы Мария апайдың суретіне қарап қалыпты. Парасаттылық ерліктен де жоғары болады екен-ау...

Мария есімі Қорғалжын өңірінде өмір сүрген Мария Жагорқызын еске түсірді. Інжілдегі Әулие Мария тағы бар. Үш есім, үш бұрыш, жалпы дүниенің үш өлшемі... Осылардың бәрінде жалғыз Мария атына сыйған айнымас ұқсастық бар. Адам тағдырын пешенесінен ғана емес, азан шақырып қойған атынан да оқуға болар. Үлкен махаббат иесі Мариям Жагорқызының сүйген жігіті Дударға арнаған өлең жолдары да жұрттың мәңгі есінде.

Саяттың қыркынан кейін жұрт аяғы саябырлады. Мазар да салынып бітуге таяп қалды. Тасқа ойылған сурет орна-тылғаннан кейін, зират басына бару Әсетке ауыр соғып жүрді. Көрші-қолаңнан күнде бір үй шақырып, көңіл сергіткен болады. Қыркүйек жақындап, балалардың тілашары да көбейді. Қос қанатыңның біріндей, егіздің сыңарындай бауырыңнан айырылсаң, жұрттай жайрандай алмайсың. Әсет жартасқа соғылған шортандай мең-зең болып біраз жүрді. Қайғы уыты жиналып келіп, шарасынан асса, аяғы қайда апарарын кім білсін? Болашағын болжау жұмыр басты пендеге бұйырмаған іс қой. Күндіз бүтін, түнде түтін әрі-сәрі хал... Ғұмырыңның, қамшының сабындай келте уа-

кытыңның бос өтіп жатқанын білуден, сезінуден, өткінші өмірдің сұрқайылығының мәнін білуден ауыр не бар дейсің? Әсет кеше түсінде бірінші рет дәл өңіндегідей Саятты тағы да көрді. Екеуі бір таныс жерге барған екен дейді. Біраз жүрген соң Әсет қашуға беттеді. Саят әдеттегідей ұяндығына басып, көзімен жер шұқып мұңайып: «Сен жүре бер. Мен осы жерде қаламын», - деді. Әсет ештеңе демей бұрыла берді... Бәрі ап-анық. Әсет оянып кетіп, Саяттың жоқтығы есіне сарт ете қалып, түсін қайта жалғастыруға тырысты. Ол өзінің бұрылған сәтін елестете, неге екені белгісіз: «Әлгі айтқаныңды қағазға жазып берші, Саятжан» деп қолын созды. Бірақ қолына ештеңе ілінбеді, түс жалғаспады. Бұл - бауырының о дүниеде біржолата қалғаны, енді қайтып жарық дүниені көрмейтініндей елестеді. Саят сәл жүдеулеу және жастау көрінді. Киімі анық көрінбеді, көз тартар не ақ, не қара емес, есте қалмайтын бұлыңғыр түс...

Әсет жұмулы көзімен таныс бейнені енді өңіндегідей көріп, ойы сынған айнадай шашылып, әлем-тапырық болды да кетті.

Күндер өтіп жатты. Жайдары жаз жылыстап, қоңыр күзге ұласты. Әсетті ағасының Серік деген досы баласының тілашарына шақырды. Ол алғашқыда барғысы да келмеп еді, бірақ сол балаға Арман деп ат қойған Саят болғандықтан амалсыз көнді. Ертесіне балаға сыйлық алмақшы болып орталық дүкенге беттеді. Әсет үйден шыға бере көше бойында ұйыққан бір қаншыққа ерген бес-алты итті көрді. Қаншық көзі оттанып, жан-жағына жалтақтай қарап, өз бағасын сезіп мақтанғандай сыңай танытады. Соңынан сүмендеп ерген төбет біткенге сайқал сұлуларға тән тәкаппарлық көрсетеді. Кейбір өңмендеп итініп келгендеріне: «ары, аулақ жүр» дегендей арс-арс етеді. Одан именіп жатқан ит жоқ. Көшенің бұралқы иттерінің мына жүрісі ерекше. Өздерінше шошқаға да бір мейрам дегендей қаншықтың соңынан паңдана, қитұрқылана ұмтылады. Әсет жүрісін баяулатқан күйі қорқынышын білдірмей қастарынан өте берді. Ол иттердің апыр-топыр болып та-

ласқанын талай көрген. Бірақ дәл мынадай құтырынған тобырды көргені осы.

Әсет балаға ыңғайлы-ау дейтін ештеңе кездестіре алмай, мектепке ұстап жүруге лайықты портфель алып ізінше үйге қайтты. Келе жатса, бағанағы көп иттің екеуі - бірі шығысқа, бірі батысқа қарап жабысып тұр. Оларды, қайдан келгені белгісіз, ұсақ балалар қоршап алып таспен атқылап жатыр. Әсет иттерге араша түсті. Балалар цирк көргеннен бетер естері шығып, құтырына айқай сап кетер емес иттер жабысқан күйлері бірін бірі сүйрелеп ұзай берді. Қаншықтың көзінде бағанағы жалын жоқ, жүні үрпиіп берекесі кетіп қалыпты.

Әсет ағасының досының үйіне кешігіңкіреп келді. Жұрт дастархан басына отырып қалған екен. Көбі Саятпен бірге өскен, мектепте бірге оқыған құрбылары. Үй иесі Әсетті қоярда-қоймай жоғарылау жерге отырғызды. Ол алған сыйлығын Арманға берді. Әсет көп арасынан қаладан келген Балжанмен оның күйеуін көрді. Бірден бойын тоқ соққандай болды. Олардың Саят қайтқалы кездесуі осы. Балжанның көзінен толқығанымен онысын білдіртпеймін деген қиналысы сезіледі. Әсет қарамайын десе де, ағасының қазасына себепші болған осы жас келіншекке көзі еріксіз түсе берді...

Отырғандардың бәрі ағасының кластастары болғандықтан Әсет еркін отыруға тырысты. Көңілінің кірбіңін арақпен басу ниетімен бұрын онша әуес болмаса да, рюмкасына құйылған арақты бас тартпай алып отырды. Дастархан басы көңілдене, қыза түсті. Арасына ән қосылды. Әсет көңілді көрінуге тырысты. Бірақ ішкі толғанысы, әсіресе, Балжанмен дастарқандас отыруы оған оңайға түспеді. Тілек жиілеген сайын отырғандардың сөзі жарқын-жарқын шыға басталды. Сөз тау суындай сарқырап, теңіздей сапырылды. Өтірігі қайсы, шыны қайсы - айыру қиын. Миша былыққан бірдеңе. Уақыттың көбі істен гөрі сөзге кететіндей. Әсет те сөзге араласып қалжыңдасқанымен, іштей оңашалана, оқшауланып алай-дүлей күйзеле берді. Әлдебір ащы запыран жүрегін қыжылдатқандай. Жан дүниесі лоқсып-лоқсып кетеді.

Бір кезде тост арасында композитор Шәмші Қалдаяқовтың кәрі-жасқа бірдей жағатын, жүректің нәзік қылын шертетін, ғашықтардың бірде мұңды, бірде алыс арманын махаббат алақанында аялай тербеткен әсем әндері қалықтай жөнелді...

Болсақ-тағы жана таныс,
Жүзсек те алғаш қайықта,
Ұшқыр қиял кетті-ау алыс,
Бұйырмашы айыпқа.

Отырғандардың бәрі қосылып салған ән толқындай ыргалып, жібектей желпіп, әр жүректі баурай жөнелді. Ән бірінен кейін бірі шалкыды. Жұрт әуен ырғағымен жайрандап, айдын көлде аққудай қалқып бара жатқандай. Әннен басқа ештеңе жоқ. Күнделікті құмырсқаның илеуіндей бітпейтін тыртыңы, жегідей жейтін шым-шытырық ойы құмға сіңген судай жоғалған. Өткен тұрсын, ол жерде өзің де жоқ сияқтысың... Кенет келесі ән жуыр маңда бастала қоймай, құлаққа ұрған танадай тыныштық орнай қалды. Әркім бір сәтке болса да өзімен өзі болып, әлденені, қайдағы бір кимасын еске алғандай. Сол ыстық шақтарының, бақытты сәттерінің алтын пернесін Шәмші әні нақ басқандай...

Саяттың достары да әртүрлі. Бірақ бәріне тән көзге көрінбегенімен ортақ бір ұқсастық бар. Мүмкін ол - бірге өскен ауыл балаларының жылтыр-жалғаны жоқ пәк қарапайымдылығы шығар. Жұрт орнынан көтеріліп, үзіліс жасай бастады. Темекі шегетіндер біртіндеп сыртқа беттеді. Әсет те солармен бірге болып, өткен-кеткен әңгімені тыңдады. Жігіттердің ешқайсысы да Әсеттің жүрек жарасын тырнағысы келмеді ме, әйтеуір, Саят жөнінде ләммим деп жұмған ауыздарын ашпады. Айтпағандарымен көздерінде тойдың ортасында жарқылдап жүретін Саятты іздеген, құрбысын аңсаған жасырын мұң бар. Айғайға бермес үнсіздік, айтқанға бермес тілсіздік болады. Жұртта айтылмайтын сыр көп. Тіпті, сол құпияны білмеудің өзі

де ғанибет. Өз қайғыңа өзгенің қайғысын жапсырғаннан мүйіз шықпасы белгілі.

Үзіліс әдеттегідей жастардың биімен ұласты. Жетпісінші жылдардың көне сазы үсті-үстіне қайталанады. Әсіресе көп ойналып, көп қайталанып тұрған сол кездегі жастардың сүйікті музыкасы Жизгарес пен Бельфаст. Жизгарес Саяттың да сүйікті музыкасы еді.

Сөзі түсінікті болмаса да, бойында жігер, адуын да албырт жастық қаны ойнаған ән мен саз көңілін көтеріп, бишілердің қимылына ширақ шабыт бітірді.

Құйқылжи тамылжыған музыка әуені қиялыңды тербеп өткен күндерді сағынтады. Енді бірде кластастар мектептегі демалыс кештеріндегідей екі-екіден вальс ырғағымен айдындағы аққулардай қалқи жөнеледі. Өзіңді аспандағы құстай сезініп сұлу саз жетегіне ілесіп қалықтап ұша бергің келеді...

Әсет алысырақ тұрып сырттан Балжанға қараумен болды. Ішқұсалық жанын жегідей жеп, жай таптырар емес. Балжан оған онша сұлу сияқты көрінбеді. Бірақ сұлулыққа бергісіз сүйкімділігі бар екен.

Әсет Балжанды биге шақыруға да оқталды. Бір кездегі Саятпенен билейтіндей қиялында құйындай үйіріп билеп жүр... Билеп жүріп: «Саятты сүйіп пе едің, Балжан? Сүйсең, қалай қидың ажалға? Ара түспедің бе?» - деп сұрағысы келді. Бірақ мұның бәрі тек ойлаған ойы еді. Балжан да Әсетті көргеннен-ақ түрі өзгеріп сала берген. Жұртқа біреудің не өрге шығып бара жатқаны, не өрден құлап келе жатқаны қандай қызық. Сырттай ол жөнінде де әңгіме қосетектеніп қаңқу ұлғая берді. Елегізгендей ара-тұра жұртқа сездірмей Әсетке қарап қояды. Әлде Балжан да жұрттай Әсетті Саятқа ұқсата ма екен. Балжанның да өз арманы, оңаша, ешкімге аспаған сыры бар шығар. Саяттың қазасына өзін кінәлі санайтын да болар. Қара жердің бауыры суық. Алғанын қайтармайды. Жалғызсың ба, жартысың ба, оның шаруасы шамалы... Әлде Балжан Саятты сүймеді ме? Солай болуы да мүмкін-ау... Өзін біреу сүйе

ме, жек көре ме? Жанында оған деген жылуы жоқ жанның жұмысы не онда... Олай болса, қабағында неге кірбің бар? Өзге кластастарымен қоян-қолтық араласып, арасында жаркылдап жүрмес пе? Балжанның Саятты сүйюі де мүмкін ғой... Иә, мүмкін. Алайда, сол сүйгенін Саятқа айта алмаған шығар. Сол кезде сыртқа шығара алмаған жүрек сырын енді Әсетке айтып шерін тарқатқанын қалап тұр ма... Әсет пен Балжан бір-біріне жанарлары шарпысып қалды да, екеуі де қысылып қалып қызарып кетті. Олардың араларында билеген екі-үш адам ғана жүр. Балжан қызараңдап магнитофонның қасындағы орындықта отырған бойы кипақтап қолын алдына сыйғыза алмағандай тізесіне бір қойып, бір алды. Аппақ шүберектей болған күйі жұқалтаң ернінің ұшы дір-дір етті де басыла қалды. Бөлме іші есік-терезе ашық тұрса да қапырық. Қыркүйектің кешкі салқыны сезілер емес. Арақ қызуы бойға тарап, қаны қызына бастаған кей жігіттердің көзі бұлдырай бастаған. Денесін ұстай алмай, билемей-ақ жай жүріп те қиқалаңдап қалғандар бар. Тойдың нағыз қызған кезі. Әсет жағаға шығып қалған қайықтай жалғыз тұрғанын енді аңғарып, ертеңгі жұмысын сылтауратып, үй иелеріне ризашылығын білдіріп, шығып кетті.

Арқа жеріне ерте келетін күздің ызғарлы түні тымық. Желсіз, аспан толы шүпірлеген сансыз жұлдыз. Сарғайған ірімшіктей балқып, он төртінде туған ай құбылаға бет бұрыпты. Музыка дауысы түн тыныштығын бұзып, қараңғы көшелерді бойлап ұзап барады. Әсет сәл жүргеннен соң тоназиын деді. Ол Саяттың достарынан алыстаған сайын екі иығынан әлдебір ауыр жүк басқандай, ілгері басқан аяғы кейін кетті. Жүрісі маңдымай кібіртіктей берді. Бұрыш-бұрыштағы ұйыған қараңғылық пысын басып жалғызсырап жабырқай берді. Тіпті, бұл әлемде өзінің ешкімге керексізін білді. Көшеде ешкім жоқ. Жапырақтары түсіп үлгере қоймаған мидаң ағаштардың арбиған көлеңкесі үй қабырғасынан қараңдай көзге түсіп, құбыжықтай елестейді.

Ол жалғыз келе жатса да, енді бірде қасында Саят еріп

келе жатқандай сезінді. Бірақ ол ақтарыла күліп, әлдебір әңгіме айтып келе жататын тірі Саят емес, өлі Саят. Көзге көрінбейтін көлеңке Саят... Кенет оның қолы иығына тигендей, әлгі үйге қайта барайықшы деп жетелегендей болды. Әсет селк етіп, жан-жағына алақтай қарап еді, көзіне ештеңке ілінбеді. Өңі бұзылып әрі-сәрі сәл тұрды. Сонан соң, өзі барса, Саят, елес Саят, сол үйге қоса барады. Балжанды көреді... Аруағы риза болады. Әсет қайта бұрылып әлгі үйге аяндады. Үйге кіруге батпай алысырақ тұрып, билеп жатқан ағасының достарына қарауға кірісті. Би қызып, шаңына жеткен. Жұрт би арасында қалжыңға да басып қояды.

- Е-е, и-и-и, ха-ха...

- Ой, дөйт де...

- Па, шіркін...

- Өкірт, өкірт...

Енді бірде секіріп билеген бишілердің бәрі а-а-алап қайырмасына қосылып: «Жизгарес айн, ефае, Жизгарес» деп жалғастырды. Үйден екі адам шықты. Қызыңқыраған жігіт әйеліне даурығып барқырады. Әсет таныды. Бұл Балжандар еді. Бұлардың шыққанын күтіп тұрғандай музыка үні тына қалды. Балжан ұйықтап қалған кішкентай баласын бауырына қысқан күйі артына қарамай кете барды. Күйеуі тағы да былапыт бір сөзді айтты да, кері бұрылып, тәлтіректеп үйге кірді. Балжан кеш бойғы Әсетті көргеннен басталған ішінде булыққан сезімге ерік бергендей, Әсетке ол үнсіз жылап бара жатқандай көрінді... Балжан қараңдап түн қойнына барып, көрінбей кетті. Тек қана туфлиінің тастақ жолға тиген тықылы біразға дейін естіліп барды да, алыстан жоғалды. Сәлден кейін Әсет те басы салбырап, іштей толқып, қиналған күйі орнынан қозғалды. Саяттың елесі енді қасында жоқ... Бәлкім, жаңағы Балжанның аусар күйеуінің сөзіне ренжіді ме, немесе, жылап бара жатқан ғашығының соңынан кеткен шығар... Бірақ кеткен қалғанды жұбата алар ма?..

Арада біраз уақыт өтті.

Әсет астанадағы сессиясына бір жұмадай кешігіп келді. Лекциялары басталып кетіпті. Соңғы курс бол-

ғандықтан әдетте жайбарақат жүретін сырттан оқитын студенттердің бәрі биыл кешікпей уақытысында келгенге ұқсайды. Не нәрсенің болсын, дәл кезінде, аяқ астынан қинайтын әдеті емес пе? Курстастарының кейбіреуі өткен сессиядағы қарыздарын тапсырып әлек. Әйтеуір дес бергенде Әсет күндізгіден ауысқандықтан еш айырма тапсырмайды екен, сонысы жақсы болды. Ол курстас студенттерімен жай танысқанымен, онша шүйіркелесіп кете алмады. Лекциядан бос уақытында қаланы аралады. Өзі болмаған төрт-бес айдың ішінде қала өзгеріп кеткен, күзгі Алматы әсем-ақ. Мол жеміс-жидек пен қоңыр салқын ауа райы көңіл тоғайтады. Саябақтарда аяқ астында сары ала жапырақтар сусылдайды. Жаздай көні кеуіп, шыт-шыт жарылып жататын тротуардың өзі де өлі жапырақты жамылып қызыл, сарғыш реңге енген. Алатау үстіндегі ақша бұлт та әлдебір жаққа асыққандай немесе қош-қошын айтқандай сәл аялдап көз жасын сығымдап, сіркіреп өте шығады. Әсет қолшатыры болса да жауыннан бүркенбеді. Таудан самал жел соқты. Көшеде адам азайды. Әсетке бір сәт табиғат та, адамдар да қысты күтіп жүргендей, оның ұзақ ұйқысын сағынғандай көрінді. Бір-біріне ұқсас көп күндер өтіп жатты. Зачет, емтихандар тапсырылды. Ол екі жыл армияда қарайып қалдым ба деп еді, олай болмай шықты.

Сабак онша қиынға соқпады. Қайта соңғы емтиханды ертерек тапсырды, ауылға қайта беруіне мүмкіндік туды.

Самолетке билет болмаған соң, поезбен қайтуға тура келді. Билет те алынды. Әсет шешесінің мәсісіне «баракхолкадан» кебіс іздеп, поезд дәл жүрерде келді. Перронда адам көп. Жолаушылар мен шығарып салушылар арасында ұсақ-түйек, түрлі тамақ сатқан алыпсатарлар да аз емес. Құмырсқаның илеуіндей ығы-жығы халық. Әсет те өз вагонына жетті, поезд да салдырлап, пысылдап жылжи берді. Жолсерік оған «мінгізбей қояйын ба осы» дегендей түйіле қарап, вагонның есігін тарс еткізіп соғып бәлсініп жапты. Ерні жыбырлап, мұрнының астынан күбірлеп қоя-

ды. Әжімді бетінде аурудың табы бар. Вагонның ішінде аяқ алып жүретін жер жоқ. Өне жерде де, мына жерде де теңкиген-теңкиген буындылар, теңдер, түйіншектер, кісі сыйып кететіндей үлкен-үлкен сөмкелер. Арасында Қытайдың ала қаптары да аз емес. Әсет өзінің орнына келді. Орынында үш адам отыр. Билетін көрсетіп орнын босатуды талап етті. Шалбарланып буынып киінген әйелдер бұған «қайдан келдің» деген кісіше ала көздерімен ата қарайды. Әлгі жолсеріктің кесірленіп сөйлегенінің мәні енді белгілі болды. Әйелдер сазарған күйлері жарылып кетердей болып, Әсетке өз орнын зорға дегенде босатып берді. Вагондағы жолаушылардың сөздері мен жүріс-тұрыстарына қарағанда көбі бірін-бірі жақсы білетін, Қытайдан келе жатқан «челноктар» екен. Қапшықтары мұндай көп болар ма, поезд жүрмей жатып вагонның іші ысып, әлі ұсталмаған дүние-мүліктің бояуының иісі шыға бастады.

Әсет іштегі у-шуға онша алаңдамай, терезеге жақын отырып, сыртқа қараумен болды. Күн әлі бата қоймаған. Қаладан былай шыға елді мекендер азайып, ұшы-қиыры жоқ қиян дала көрінді. Бозарып құлазыған далада өңменнен өтетіндей ызғар табы байқалады. Кешеден бергі күн райының күрт суығаны ауадан айқын сезіледі. Солтүстіктен соққан Қордайдың желі сарғыш тартып, қурай бастаған бұта-шеңгелді жұлып алардай екілене соғады. Запырандай сарғайған сары далада көз сүрінер көрік қалмаған, құлазып жатыр. Аспанды шымқап алған қара қошқыл қорғасын бұлттар, еріне асықпай әлдеқайда маңып барады. Қабағында таяп қалған қаһарлы қыстың салқыны бар.

Поезд жүйткіп келеді, жүйткіп келеді. Жол бойғы ұсақ разъезд, станциялар көзге қораш, пәс тартып анда-санда қараң-құраң етеді де, томсарып артта қалады. Жұрт қимылы саябырлаған. Отын-суын жиып алып, енді қыстың суығын тосқан түрлері бар. Қалалы жерге оқуға кеткен бе, ала жаздай шойын жол бойында қаптап жүретін балалардың да төбесі көрінбейді. Бірақ күздің осы жайсыз кейпінің өзінде қайталанбайтын бір түрлі жылылық, мамыражай

момақандық бар. Әсет далаға қараған күйі ойы әр саққа кетіп, ұзақ отырды. Ештеңені естір емес. Ойланған сайын мылқау кинодай көп нәрсе көз алдына келе берді. Шіркін, сонау балғын бала кезіндей туған ауылға жүрегі тулап, көңілі алып-ұшып оралу қайда. Көңілден кетіп, көзден бұлбұл ұшқан күндер-ау!..

Іңір ерте түсті. Құлағының түбінен жерді дірілдетіп жүк поезы өтті. Ерсілі-қарсылы тынымсыз тірлік. Рельстің тарсылы құлақ жарардай. Вагон іші күңгірт. Теңкиіп үйілген қап-сөмкелер де, теңкиген теңдер де, қалғып отырған жолаушылар да қарауытып, қараңдап көрінеді. Кейбір жолаушылар жатуға ыңғайланған. «Челноктардың» бағанағы поезға мінердегі бірін-бірі баса көктеген үй жыққандай екпіндері жоқ, өңдерінде шаршау, қажығандық табы бар. Қанша тырбыңдаса да жеткізбейтін қу тірліктен түңілген түрлері мынау... Ара-тұра қалғып бара жатып, селк етіп оянып, ұйқылы көзін қапшығына салады. Бір мосқалдау еркек қарап отырғанша қысыр әңгіме болсын деді ме, қасындағы екі-үш серігімен күңкілдей әңгімелесіп отыр.

- Осылай кете берсе, екі-үш жылда елде мал да қалмас. Колхоз-совхоздар да тиімсіз делініп, жабылып, мал-мүліктері сатылып жатыр. Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті.

- Мал азаймағанда қайтеді. Ақшаның ауысқанына жылдан асса да оны дер кезінде ала алмаған, тіпті, сол шіркіннің бедерін де көрмегендер көп, қажетті ұсақ-түйек, сіріңке, сабын жарық алып іздесең де таптырмайды. Кезінде құны сумен тең ағып жататын бензиннің де қаны жерге тимей тұр, таптырмайтын болды ғой. Амалсыздан жұрт малын қант пен шайға айырбастайды да, не істейді енді? Үш қой - бір қап қант. Ту сиырың асып кетсе бес мың болады. Ол бір етіктің құны. Ал бір сиырдың орнын толтыру үшін үш жыл керек!

- Айтпа, малдан құн, елден береке кетті. Әсіресе, қаладан алыс, теміржолдан мойны қашық ауылдарға ауыр соғып тұр. Еңбектері еш болып, бейшаралар далада қалды. Енді аздан

кейін егін салып, сиыр сауу да тиімсіз болып қалар... Бүйте берсе, 32-жылдың да ауылы алыс бола қоймас.

- Соны қайталап отыр ма осыларың деп қорқам... Үкіметтің жекешелендіруі де кім бастық, соған ыңғайлы. Қолындағысын алып, қазынаны талап майшелпектетіп жатыр. Приватизациясы прихватизацияға, қазақша айтсақ, қамтып қалуға айналды.

Терезеден қараңғы дала қарауытып қалып жатыр. Кенеттен дөңгелектің тарсылы естіліп, іле вагондарының жарығы жарқ-жұрқ етіп жолаушы поезы өтті. Әсет жолсеріктен төсек-орын алып, астыңғы сатыдағы өз орнына жатып қалды. Күндізгі көп жүгірістен қалжыраған екен, бойы балқып ұйқыға бата берді.

Жүйткіген поезд жүрісін баяулатып, салдыр-күлдір етіп барып тоқтады. Әсет оянып кетті. Көп уақыт өтпесе де, қатты ұйқы бойын сергітіп тастапты. Вагон ішінде қимыл көбейіп, алакөленкеде жолдағы заттардың үстінен аттаған адамдардың күнкілдеген наразы үндері естілді. Поезд үлкен станцияға тоқтапты. Әсет кірген-шыққандарды сезсе де жатқан күйі орнынан қозғалмады. Сырттағы абыр-дабырдың арасынан әйелдердің көрісіп жылаған дауысы естілді. Қайғылы жоқтау оның денесін түршіктіріп жіберді. Құмырсқа кіріп кеткедей арқасы шымырлап кетті. Ішке кіргендердің арасындағы еркек «апа, мына жерге отыра тұрыңыз», - деп бір кішкене кемпірді Әсеттің аяқ жағына отырғызды. Алакөленке болса да, кемпірдің жігіттің мойнынан құшақтағаны көрінді. Кемпір еңкейген жігітті бетінен сүйіп: «Қарғашты өзіне тапсырдым», - деді жыламсырап. «Қол тисе барып тұрамыз ғой, апа», - деді жігіт те қабаттаса.

Поезд орнынан қозғалып, жылжи бастады. Әлгі жігіт асығып сыртқа беттеді. Кемпір кемсеңдеп, қыстығып, үн шығармай жылаған күйі вагонның терезесіне ұмтылды. Қолын бұлғады. Басында қасына рұқсатсыз отырғанын ұнатпай қалған Әсет аяғын жиып, кемпірге орын босатты. Кемпір ештеңе анық көрінбесе де, станция басының жарығы азайғанша терезеге үңілді де тұрды. Тек сыртта қайтадан түн

қараңғылығы торланғанда ғана бүгжеңдеп күрсінген күйі әлгі босаған жерге денесі жансыз қалғандай сылқ етіп отыра кетті. Қайғыдан қалжыраған адам екені вагон қараңғылығынан көрінбесе де, Әсет сезіп жатыр. Әлсін-әлсін «уһ» дегенде көкірегі қарс айырылады. Әсет кемпірді аяп кетті. Жүрегі сыздады. Вагон іші тынышталды. Кемпір үнсіз, бүкшиген қалпы қимылсыз отыр. Әсет одан әріге шыдай алмай, «шешей, алысқа барасыз ба» деді. Кемпірде үн жоқ. Ол басын көтеріп, даусын қаттырақ шығары, әлгі сұрағын қайталағанда ғана кемпір «Ақмолаға дейін» деп ақырын жауап берді. Әсет «сіз осы жерге қисайыңыз, мен үстіне шығайын» деп сыртқы киімдерін алып, үшінші сатыға көтерілді. Кемпір «әуре болдың-ау, балам» деп кібіртктеп қалды. Әсет көзін жұмып, ұйықтай алмай ұзақ жатты. Вагон іші бағанағыдан да қапырықтанды, күлімсі иіс қолқаны атады. Ұйқысы келер емес. Ол көп дөңбекшіді. Анда-санда заулап қастарынан өткен поездың дауысы естіледі. Терезеден кей-кейде қою бұлттың арасынан жұлдыздар ағараңдап жылтырайды. Шымшытырық ой, дамылсыз тарсылдаған шойын жол... Таң ата шаршап барып, кірпігі зорға айқасты...

... Әсет кеш оянды. Айнала жап-жарық. Мезгіл біразға жеткенге ұқсайды. Вагон іші араның ұясындай гу-гу. «Челноктар» қайтадан тіріліп, абыр-сабыр жанталасқа кіріскен. Жұрттың қимылынан поездың Қарағандыға жақындағаны білінді. Түндегі кемпір Әсеттің кешегі терезе қасындағы орынында отыр екен. Ол жоғары сатыдан түскен Әсетке күлімдеп қарады. Езу тартыңқырап, түндегі азаматтығына үнсіз басын изеп, ризашылығын білдірді. Әсет те амандасты. Жуынып келіп, кемпірдің қасына отырды. Бір стакан шай ішті. Кемпір түйіншегін шешіп, ішінен пісірілген ет, жұмыртқа шығарды. Жетпістер шамасындағы жұқа өңді кісі екен. Бүгінде өңін әжім басқанымен, үлкен отты қара көздерінен, ашық маңдайынан жас кезіндегі сұлулықтың әлі де мөрі өшпегені көрініп-ақ тұр. Көзқарасында өмірден жиған жай байыптылық қана емес, табиғат берген ішкі тереңдік те бар. Бұл қуаныштан гөрі қайғыны көп көрген, мұң шымыл-

дығы көлегейлеген, терең сабыр иесінің жанары. Не тағдыр дауылына ұшырағанмен, ішіндегісін сыртқа шығармайтын мол қайрат иесі екенін бүгіле қйомаған тіп-тік денесі айқын-дап тұрғандай.

Сапырылысқан челноктар: «рәкет келмесе екен» - деп жатыр. Кемпір Әсеттен жөн сұрады. Содан кейін барар жері алыс жолаушылардың үйреншікті дағдысына басып, баяу әңгіме басталды. Ұзақ әңгіме іштегі шерді де тарқатты, тағдырдың тәлкегіне түскен заманды да тәуір-ақ шарлатты. Сөз арасында кемпір көзінің қиығымен байқатпай, Әсетке ұзақ барлай қарап қалады. Тегі жас баланың ізеттілігі үлкен адамға жағып қалғандай. Шай ұзақ ішілді. Әсет екі мәрте титаннан қайнаған ыстық су әкелді. Олардың әңгімесі біртіндеп ойысып келіп, уақыт тіршілік арнасына бұрыла берді.

- Өтпелі дәуірдің өліара кезеңі сын болып тұр ғой. Соғысын да, бәрін де көріп едік, бірақ сонда да бүгінгідей ешкім делсал болып, сен соққан балықтай сенделген жоқ еді. Есек дәме болса да ертеңінен жақсылық күтіп, үміт шырағын өшірмей ұстайтын. Ел аман, жұрт тынышта бұнымыз не зорық? Тәуелсіздік алдық... іргелі ел болдық дедік. Ел болғанда жеткізген жері осы ма еді?..

- Шешей, бәрі түзеледі. Ескіні қираттық, ал жаңа әлі салынып жатыр, қиындық ертең-ақ ұмытылады. Өз еркіміз өзімізде, әйтеуір бір жерден шығамыз.

- Қиындықтан қорқып отырған ешкім жоқ. Бұдан жамамызда да тойға барғанбыз. Жұртты қинайтыны басқа. Бұрын адамдар бәйтеректей мәуелі, самырсындай саялы сияқты еді. Қазір бәрі де басқаша болып кетті ғой, шырақ! Істеген ісімізде де, жүрген жүрісте де береке қалмай барады. Тепсе темір үзетін өздеріңдей жастар қолы бостықтан жұмыссыздықтан азып барады. Бұрын сүрінсең қол ұшын беретіндер көп еді. Жұрттың жүзінен жылылық көрінетін. Біреу болмаса біреуден іздеген жақсылығыңды, бойынан мейірім шуағын табатынсың. Соны көріп ішпей-жемей марқайып көңіл көтерілетін. Қазір әркім өзімен өзі, томаға тұйық. Тіпті жақындап тіл қатуға да сескенесің. Тиіп кетсең тарс етіп жа-

рылардай үрлеген қуық сияқты торсиған бірдеңе шетінен, әдірам қалғырлар. Өткенде ғой, телевизордан айтып жатыр, әлгі реклама деген де бір бәле болды ғой өзі, «Сникерсті» көре-көре, соны алып бер деп қыңқылдаған баласын жылай бересің деп шешесі балконнан лақтырып жіберіп, өзі асылып өлген. Не болып барады, Құдай-ай? Бұл қайдан шыққан қатыгездік? Ішіңнен шыққан балаң емес пе? Кемпір ауыр күрсінді.

Әсет үндемесе де іштей кемпірдің тұспалдап отырғанын дөп басты. Адамшылықтан, иманнан безгеніміз бе деп отыр. Шаттығы, шапағаты жоқ өмірде не сән, не мән бар дейді. Тегімізді танымай, тамырымыздан ажырасақ елдігімізде, ерлігімізде не құн бар? Көзге көрінбейтін, тілге түсінбейтін әлдеқандай жасырын жау жымысқыланып келіп, жан дүниемізді де, қазынамызды да қымқыра үптеп жатқандай. Өзіміз де тоналуға бойымыз үйреніп, етіміз өліп кеткендей қыңқ етпейміз. Тіпті, тоқты ғұрлы өлерде тұяқ та серіппеспіз бұл қалыпта.

Кемпір сөзін әрі жалғастырды:

- Саулық қойдың жасындай жасым қалғанда енді байқасам, адам тірлігі аз күнгі әуре екен әншейін. Жылап келіп, өмірден жылап шығасың. Өз қайғысын айтып отыр деме, қарағым. Қартайған адамның дәрменсіздігі шығар... Кейде әлемдегі бар адам бір мезгілде тұра қалып, жаратқан Тәңірге қарап жалбарынса деймін.

- Шешей, бәрі Алланың ісі ғой.

- Жаратқанға менің сөзім басқа.

Кемпірдің дауысы кенет зілді, қатқыл шықты. Көзі шүңірейіп, түрі сұрланып алған. Әсет не дерін білмей ыңғайсызданды. Үнсіздік орнады. Кемпір әлдекімді көз алдына елестеткендей терезеге бұрылып, сырттан көзін алмай ұзақ қарады. Бетін көрсетпесе де, қарияның иығы дірілдегенін байқап, Әсет жылап отыр деп ойлады.

- Шешей, қойыңыз, ойыңызға әлденелер түсіп кетті, білем, сабыр етіңіз... - Әсет одан әрі не айтарын, қамкөңіл жанды қалай жұбатырын білмей тосылып қалды.

- Жоқ, қарағым, жыламаймын, жылап болғанмын. Алды-артымды түгел жалмап, шалымнан айырылып, жалғыз ұлымның артында қалдым, енді, міне, немеремді де алдыма салып, қу ағаштай сопайып отырмын. Бұл құдай ал десең алмайды, бер десең бермейді. Өзгеге келген ажал менің маңымды баспайды.

Ол қалтасынан көлдей орамалын шығарып көзін басып көп отырды. Әсет те үндемеді. Айтар сөздің реті жоқ. Әсет кемпірдің сөз барысынан ұлының Ауғанстандағы соғыстан жарақаттанып келіп, үйленген соң, көп ұзамай қайтыс болғанын білді. Артында әйелі мен бір ұлы қалған екен.

- Түндегілер шығарып салған туыстарыңыз екен ғой.

- Келінім. Оған да кінә жоқ. Жас адам. Қолымда біраз жыл тұрды. Немерелі болдым. Вагонға кіріп, мені отырғызған кейінгі күйеуі. Ол да соры арылмаған жан екен. Әскерін Семей жерінде өткізіпті. Шопыр болыпты. Жер астында жаратын бомбының бірдеңелерін машинамен тасығанға ұқсайды. Сонымен, не керек, басында шашы, өзінде бала жоқ. Барып емделмеген жері, қаралмаған адамы қалмапты, бірақ ем қонбаса керек...

- Қиын болған екен.

- Бәрінен батқаны - хабардың кеш жетіп, ақшасы құрғыр дер кезінде табылмай немереме топырақ салуға зорға үлгергенім. Өкіметі құрғыр да өтірікші. Кассада үш мың сом бар еді, кешегі ақша айырбасында сол құрғыры алты-ақ теңге болып қалды. Қолымдағы екі сиырымның бірін несиеге беріп, соның пұлына барып келем. Немерем көп ауырмапты. Асатынан келген ажал алып тынды. Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. Сұм ажалды күнде жатарда шақырумен шаршадым. Құлындарымды көз алдыма елестетем. Тым құрыса әкесі мен баласы бір жерде жатпады-ау деп өксимін. Былтыр қаласы құрғырға неге ғана жібердім екен, өзім де бірге кетуім керек еді. Шалымның шаңырағын қимадым ғой, - Кейуананың көз жасы әжімді бетіне жылыстай ағып, тырс-тырс үзілген моншақтай еденге тамып жатты...

Поезд Қарағанды қаласына келді. Станция басы толған адам. Қазақ жері қандай кең еді. Кеше ғана Алматыда қоңыр күз еді, ал мына жақта қар жатыр. Қарасаң көз қарықтыратын кіршіксіз аппақ қар күн сәулесіне шағылысып, шынының ұнтағындай жанарды жейді. Адамдар қыстық киіміне көшкен. Қабат-қабат киінген станция басындағы жолаушылардың да жүрісі икемсіз, аюдай қорбаң-қорбаң. Жылы жақтан келе жатқандарға осының бәрі ерсі. Әсеттер отырған вагоннан ешкім түсе қойған жоқ. Заттарының қасында отырған «челноктардың» түрінде алаңдаушылық бар. Бәрі бірдеңе тосқандай, құлақтарын түрген бойлары үнсіз. Кемпір өзімен-өзі болып отырған соң, Әсет орнынан тұрып перронға беттеді. Сыртқа шыға бергенде суық ауа бетті қарыды. Әсет өкпесін кере ауызын толтырып дем алды. Үрлеп еді, демі көгілдір от болып көрінді. Ол денесі мұздаған соң тітіркеніп, арқасын қозғап-қозғап қойып, баспалдақпен шапшаң көтеріліп, вагонына кірді. «Челноктар» қатып қалғандай орындарынан қозғалмапты. Сырттай қараған Әсетке олар күлкілі көрінді. Көз қиығымен шола қарап, күлкісін білдірмеген қалпы орнына келіп отырды. Бағанағыдай емес, кемпірдің де жүзі жылып, сәл еңсесі көтеріліпті. Қунақы отыр. Оның да көзі челноктарда екен. Кәрі кісі шыдамады білем.

- Қарақтарым-ау, мына қаптарың не, көшіп келе жатқанның қай жағындасыңдар? - деді.

- Біз Президентке көмектесейік деп жүрген адамдармыз.

- Е, оған не бопты?

- Нарықты жандандырамыз, халықты киіндіреміз, базарды затқа толтырамыз.

- А-а, солай деңдер...

Поезд орнынан қозғала бергенде челноктардың біразы шу ете қалды. Біреулері, тіпті, қуанғандарынан орындарынан тұрып кетті. Қолын шапалақтаған біреуі: «Біздің шекара басталды, енді қорқыныш жоқ» деді. Кемпір сөзін жалғастырды:

- Е-е, тірлікке не жетсін, аман болып жүре беріңдер түгел, - деді.

- Апа, ақша, ақша керек. Жай амандықты босқа берсе де алмаймыз. Өз сөзіне өзі тауып-ақ айттым ғой дегендей қарқылдай күлді.

Қайтадан ерсілі-қарсылы сапырылыс күшейді. Көрші вагондағы басқа челноктар да келе бастады. Не керек, поезд Ақмолаға жеткенше олар заттарын түгендеді, ақшаларын санады, әйтеуір тыным таппады. Поезд станцияға жеткенде қайтадан заттарын дырылдатып сүйретуге кірісті. Өздерінде қыздарға тән нәзіктік жоқ, баяғының батырларындай жүрістері одағай. Үсті-бастары алқам-салқам. Әсет кемпірдің поездан түсуіне көмектесті. Кемпір тағы да ризашылығын білдіріп жүзі жарқырап қоштасты. Плащының етегі далбақтап, қатқан қарға тайғанақтаған кемпір кішкене түйіншегін ұстай ілбіп басып кете барды. Әсет жақынын шығарып салғандай көз жазғанша соңынан қарады да тұрды. Кемпір мұңға шомғандай денесі ауыр тартып, аяғын сүйрете басып аяндап барады. Жас айырмашылығына қарамай, әлгі кемпірдің өзінің шешесіне ұқсайтындығын енді аңғарды. Бірақ оның қандай ұқсастық екенін айыра алмады. Кемпір үлкен сөмкелі челноктардың арасына сіңіп көрінбей кетті. Әсет поезд орнынан қозғалғанша кемпір тағы да көзіне шалынар ма екен деп қарап тұрды. Ауыр күрсінді. Ол енді бұл адамды қайтып көрмейтінін, енді дәл осындай поезбен бірге сапарлас болмайтынын сезінген адамның өтпелі өмірге деген өкініш күрсінісі еді...

Әсет ауылға келісімен бірден жұмысқа кірісіп кетті. Өзі сұранып, ағасы Саят істеген шахтаға барды. Жаңа ортада бұрын үйренбеген жер асты жұмысы оған көпке дейін қиын соққанмен біртіндеп үйренуге айналды. «Үш күннен кейін көрге де үйренесің» депті аталарымыз.

Түн құшағындағы тыныштықты жұмыстан салы суға кетіп үнсіз келе жатқан Әсеттің аяқ астының сыбдыры ғана бұзады. Үй арасындағы қараңғылық тұмшалаған бұралаң жол да «беймезгіл жүрген неғылған адамсың?» деп жатқандай. Ол жүріп келе жатып, әдетінше зираттың арғы бетіндегі

үйіне көз салды. Биікте тұратын көше шамының жарығы көрінбеді. Үйде ешкім жоғы белгілі. Әкесі мен шешесі Саят қайтыс болғаннан кейін артында ешкімі қалмады деп, орнын өгейсітпеу үшін оның үйіне біржолата көшкен, Әсет үйінің қасына келгенде денесі тітіркеніп, өлі тыныштық құшағында мүлгіп тұрған мекеніне қарап тосырқап сәл тұрды. Өзінің туып-өскен үйі болса да кіруге келгенде кібіртіктей бастады. Ол табалдырықтың қасындағы төңкерулі шылапшынның астынан кілтті алып үйге кіріп, бірден шам жақты. Бөлмелер күңгірт. Бұрыш-бұрышқа қара көлеңке тасасына әлдеқандай көзге көрінбейтін құбыжық тығылып тұрғандай, қазір ғана шыға келердей...

Кезінде балалардың у-шуынан, опыр-топыр ойынынан араның ұясындай гуілдеп жататын үлкен үй аңырайып, бір түрлі жетімсіреп тұр. Әсет үйге сыймай қыдырып келсем бе деп оқталды. Сағат он екі болып қалған шығар. Түн ішінде қайда бармақ? Ауыл адамдарының қызыл іңірден жатып қалатын әдеті. Ас үйге барып, қаймаққа батырып бауырсақ жеп, сүт ішті. Қайтадан қонақ бөлмеге келіп, теледидарды тоққа қосты. Симфониялық концерт беріліп жатыр екен. Ол теледидардың каналын бұрап, Алматыны іздеп көріп еді, экран қар жауғандай шұбартып, ызындап тұрып алды. Баржоғы екі канал, амалсыздан бірінші арнаға бұрады. Симфония азалы бірдеңені ойнап жатыр екен. Әсет кенет: «Мына симфонияның ойнауы қалай-қалай өзі, компартия көсемдерінің бірі шаһит болғаннан сау ма өзі...», - деп теледидар бағдарламасына көз жүгіртіп еді, олай болмай шықты. Онда да симфониялық концерт көрсетіліпті. Әсет: «Е-е, ешкім өлмепті» деп өлмегеніне өкінгендей желкесін қасыды. Одақ тарамай тұрғанда теледидардан немесе радиодан симфониялық музыка естілсе, жұрт кімнің өлгеніне өз жорамалдарын айта бастайтын. Әсіресе соңғы жылдар - «генсектерді әдемі жерлеу бесжылдығы» атанған. Еріккен жұрт теледидардан жерлеу рәсіміндегі орден тағылған қызыл жастықшаларды санап, бірінікін екіншісімен салыстыратын. Әсет теледидарды өшіріп, кітап оқымақшы болып, ағасының үйінен әкелген

кобдишаны ашты. Ішінде - ағасының сүйіп оқитын Шервуд Андерсон, Акутагава, Гессе, Андреевтердің кітаптары бар екен. Сәл ақтарып отырды да, қолға ілінген біреуін ашып оқи бастады. Үй ішіндегі өлі тыныштық өз жүрегіңнің соғысын естіртіп тұрғандай. Қолына түскен Хорхе Борхестің «Құдай жазбалары» деген кітабы екен. Сырты қара қалың кітаптың қырына «Дін, мәдениет, ғылым кітапханасы» деп жазылыпты. Ол арасына қағазбен белгі қойылған бетті алып оқи бастады. «... Біздер өлімге де, ауруға да, кәрілікке де ұшыраймыз, сөйткенмен де кәрінің, науқастың немесе өліктің сұқпыты бәрімізді тітіркендіреді». Әсет оқуын тоқтатып басын көтеріп алды. Жүзіне мұң ұялап, түрі сұстанды. Тыжырыңқыраған маңдайына әжім сызықтары пайда болды. Өзі де Саятты жүгіріп келіп құшақтап бетінен, маңдайынан сүйгенде суық денеден тітіркеніп еді-ау. Сонда ғана бауырының өлгеніне көзі жеткен. Кітап мазмұны көңіліне сай келді. Ол сәл ойланды да, келесі парақты ашқанда, арасынан сусылдап ағасының, қолымен жазылған бір парақ түсті. Таныс жазу. Оның жүрегі алып ұшты. Әріптері ірі, өзінің мінезі сияқты тасқа басқандай айқын, жасыратыным жоқ деп жарқырап тұр. Әсет парақты ашып оқи бастады. «Қоштасу сағаты сокқанда әркім-ақ кімді сүйсе сонымен, өмір мәнін не деп білсе, онымен өзін не байланыстырса, сонымен қоштасады». Ол әрі қарай оқуын жалғастыра алмады. «Бауырым-ай сенің де сол сәтте, өміріңнің ақырғы минутінде бізді ойлағаныңды білемін. Бірақ қалайша сен бізді қиып кеттің? Ішіміздегі ең бауырмалымыз да, жаны пәк, сүттей аппағымыз да сен едің ғой. Неге сонша түңілдің өмірден? Артында қалған біз үшін орны толмас өкініш қалдырарыңды ойладың ба, арысым! Содан бері де арада талай талай ай өтіпті. Арамызда тек сен жоқсың. Бар қызық, бар шаттық өзіңмен бірге кеткендей. Құр сұлде құса болып біз жүрміз. Сағыныш сарғайып сағымға айналды. Қу тірліктен қызық қашты... ». Әсет қалтасынан қол орамалын алып, жас жуған бетін сүрте бере кітаптардың арасындағы екі үлкен блокнотты көрді. Ол қалыңдығы қойын кітапшасындай бірі қызыл бірі көкшіл екі қалың блок-

нотты қолына алды Ағасы қызыл блокнотқа көрген түстерін жазыпты, ал екіншісі ой-толғам, мақал-мәтел, есінде ерекше қалған сәттерін қағазға қысқаша түсіріп жүрген күнделігі екен. Әсет әуелі түстерін жазған қызыл блокнотты ақтара бастады.

13. 02. 89

Аспанда, лифтіде ме, әйтеуір кішкене ғана дүңбіршек бір-деңенің ішінде тұр екем. Бір кезде төмен қарай құлдилап жөнелдім. Зәрем ұшты. Зымырап келемін. Әлгінің терезесі бар екен, содан қарасам, үйдің қабырғасына жақындап қалыппын. Өне соғылам, міне соғылам деп келе жатқанда, лифт кілт бұрылып, үлкен асфальт жолға тақап қалды. Быт-шытым шығатыны айдан анық. Ақырғы секундтар. Жүрегім қабынып, аузыма тығылды. Үйлер көзіме үлкейе көрініп, жер жақындаған сайын жылдамдық та үдей түсті. Кенет ештеңе болмағандай бәрі де тынши қалды. Аман-есенмін. Маңайда жан жоқ жалғыз тұрмын.

15. 02. 89

Зор денелі, алып күштің иесі бір адам ағаштан қиып үй салуға кірісті. Біраз адамдар көмектесуде. Салынып жатқан үй баз сияқты ұзын. Үйдің қасындағы бір әйел әлденеге өздігінен қызғаныш білдіріп, мойнындағы жұқа орамалын сілкіп қалғанда найзағай ойнап, күн күркірегендей болды. Жарқыраған сарай үйге бірнеше кісі еден пәркет төсеуге кірісті. Жұмыс істеп жүрген адамдарға төтеннен бір келіншек килікті. Ескі қонысқа – жаңа жарық зәулім үй салынды. Айна. Тарақ. Шымшуыр.

11. 03. 89

Жүзі таныс бір адаммен ұзақ сөйлестім. Төбемнен, инемен ғой деймін, жіп өткізіп алыппын. Енді жіпті суырып алайын десем, бір ұшы түйінделген екен, суырылсашы... Әйтеуір маңайда ешкім жоқ. Қайшы тауып алыппын...

15. 03. 89

Көлікке мініп келе жатырмын. Үйдің кілтін алмай шыққаным өкініп келемін. Бұрылыста Әсет кездесті. Кілт қайда десем, «сенің студенттік досың Бауыржан әкесі екеуі үйге келді» дейді. Оның: «Әкем бұрынырақта қайтыс болған дегені қайда?» Бауыржан екеуміз бір бөлмеде отырмыз. Күнсандықта музыка ойналып, қасында көп күйтабақтар жатыр. Екеуіміз әңгімелесіп болып, енді музыка тыңдауға көштік. Жизгарісті тыңдаймыз. Соны қайта-қайта тыңдағымыз келеді (студент кезімде көп тыңдайтын бұл әуенді көптен ұмытып кетіп едім). Мен ішімнен Шәмші Қалдаяқовтай композиторлардың күй табақтары көп болса ғой деп армандадым.

23. 03. 89

Міне, атамның қайтқанына жиырма жыл. Ал әжеме бір жыл. Солай болса да, екеуі баяғыдай, мен бауырларында жүрген кездегідей тірлік қылып бірге жүр. Ешбір өзгеріс жоқ. Пеш түбінде отырып дөңгелек үстелден шай іше бастады.

Өзіміздің үй. Ауылдағы үлкен зират. Мен де сол жерде жүрмін. Зираттар машинаға тіркесіп алғандай... Шелектегі су төгіліп жерге сіңді. Әлдеқандай саңылау көрінді, мен содан шығуға тырысып едім, сыймадым.

27. 03. 89

Үйдің сыртындағы бақшаның ішін қазып жатырмыз. Ең терең қазған немере ағам Қ. екен деймін. Әкей үйге кіріп келеді, ал мен шығып келем. Күн қапырық, тыншу. Кенет сіркіреп жауын жауды. Әсет «жауын бұдан да қатаяды. Бұлт тұтасып келеді» деді. Соғымға соятын жылқының қасына бардым. Ауылдағы үлкен зираттың ішінде ұйықтап жатыр екем, оянып кеттім. Қарасам, жаңағы емес, мүлде бөтен зират. Оянуыма екі-үш адамның ұйқыда жатқанымда маған жасап жатқан эксперименті себеп болды. Қолымды бұлшық етімнен тесіп бірдеңе істепті. Тағы біреуге дәл сондай тәжірибе жасаған екен, ол жынданып, өткені мен ертеңі туралы

миша былықтырып сөйлеп жатыр. Қолыма қарасам, тескен жерден қан ағып тұр. Зираттан шошынайын дедім. Қасымда кебіс жатыр. Бір кезде бейтаныс әйелдің айғайлаған дауысы естілді. Жынды адамның дауысы. Іздеп барып таптым, сөйтсем, әлгі бір зираттың үстіне атша мініп алыпты. Өзі ертерек қайтыс болған ағамыздың жесірі екен. Ол маған бірденелерді айта бастады, мен оны мыңдамай, әй-шүйге қарамай бар пәрменіммен жұдырықпен бетке періп жібердім. Зираттың биік қоршауынан басы қылтиып бір бөтен адам қарады. Әлгі кісіге мына әйелді аласың ба дедім, ол бұрылып алып, қаша жөнелді. Мен зираттан тез кету үшін қоршаудан секіре ырғыдым.

05. 05. 89

Жалғызбын. Көп қораз кезек-кезек шақырады. Теңізден шашыраған суға қарамай кеме үстінде телевизор сөйлеп тұр.

13. 05. 89

Әжем екеуміз үйде жүрміз. Маған жабық тұрған есіктің артында біреу бар сияқтанды. Өзімнен-өзім секемдендім. Денем тітіркенді. Есікті ашып қалғанымда сап-сары, тырдай жалаңаш әйелді көрдім. Мен оған ұмтыла бергенде әжем жүгіріп келіп, екі қолымнан тас қып ұстай алды. Бұлқынып едім, босай алмадым. Амалсыздан бүкіл бойымдағы энергия қуатын шоқтай жайнатып көзіме жинақтай бастадым. Әлгі әйел кесірткеге айналды да жорғалай жөнелді.

15. 05. 89

Қасымда көп кісі бар ауылдағы үлкен зиратқа бардым. Кіре берісте үлкен-үлкен ескерткіштер тұр. Сүпі тастар үйден де биік. Бейтаныс адам ұзақ Құран оқыды. Мен іштей сөзбе-сөз қайталап отырмын. Құран оқылып болған кезде, кабірлердің бәрі көздерге айнала бастады. Бәрі маған қарап қалыпты. Жалғызбын. Қаша жөнелдім. Ұзақ жүгірдім. Өкпем өшіп алқынып артыма қарасам, ештеңе жоқ, жап-жазық тақыр дала ғана көрінеді.

19. 05. 89

Биік тау. Бір жағы кесілген алма сияқты тайқылау жар. Екі адам өрмелеп таудың биік шыңына шығып барады. Со-лардың біреуі таныс болған соң үңіле қарадым. Сөйтсем әлгі өзіммін. Байқамаса тайып кетіп жардан құлайды-ау деп уайымдаймын, өзімді өзім уайымдап тұрмын. Мен өрмелеп барам.

21. 05. 89

Үйдің қабырғасына соғылдым-ау деймін, астынан су шықты. Өзім душ қабылдау үшін тыр жалаңаш шешініппін.

27. 05. 89

Үйлер, үйлер. Ешқашан есіме алмаған кісілердің бәрі жи-налуда. Балшық илеудеміз...

09. 06. 89

Зираттар шөп шабатын шабындықтай кең... Әсет күн-делікті оқыған күйі шаршап көзі ілігіп кеткен екен, ұйқы-лы-ояу күйде өзінің қорылдағанын естіп оянып кетті. Бұрын қорылдамайтын. Ұзақ ұйықтағандай бойы сергіп қалыпты. Қайрадан күнделікке қарады. Соңына таманғы бетінің бірін оқыды:

Саят хатында көрген түсін жазыпты, міне қызық! Екеуіміз де бірдей түс көріппіз. Үлкен зираттың ескі бөлігінде ашық кабірде әуелі мен жатыппын, сосын Әсет сонда мені іздеп келіпті.

Әсет жалма-жан өзінің түс көрген күні мен Саяттың қай-тыс болған уақыты аралығын есептеді. Тұп-тура алты ай екен. Ол көзін жұма қойды. Құлағы күңгірлеп, төбесі шы-мырлап кетті. Орнында байыз тауып отыра алмай, әрлі-берлі жүрді. Жүрегін әлдебіреу ұстарамен паршалап тіліп жатқан-дай. Басы зеңіп, тамағы қайта-қайта кеберси берді. Ол тере-зенің пердесін ысырды. Көше бұлыңғыр, айнала елең-алаң көрініп, таң сібірлеп келеді екен. Үйлердің шатырлары мен мұржалары қараң-құраң көзге түседі.

Мандайға не жазса, соны көреміз. Тағдырдан құтылған жұмыр басты пенде жоқ. Алайда табиғаттың айнымас заңдылығындай, ажалдың да өз ережесі бар. Өмірді шын сүйген адамның басты жауы да - өлім. Мүмкін адамдардың ерте өлуінің де тылсым сыры бар шығар. Өйткені махаббат пен жастық шақ уақыт тезіне түспей, сол сұлу мәңгі жас күйінде өзгеше бір ғажайып дүниеге көшеді. Әсет өз ойынан өзі шошыды. Ол енді сол отырған бойы күнделік жазылған дәптерді қолына алып, орта тұсынан ашылған бетіне көз жүгіртті. Саят нақыл сөздер мен ойындағыларын араластырып жаза беріпті.

* * *

Алматыдан Әсет келді. Бұрын ондай емес еді, тұйықтанып кетіпті. Қабағында мұң бар. Желтоқсанда не болды, жазықсыз жастардың қырылғаны рас па десек үндемейді. Әйтеуір өзінің ештеңеге ілікпей аман қалғанына қуандық...

* * *

Армияға кетерінің алдында Әсет те маған неге үйленбейсің деп өкпесін айтты. Анамнан бастап үйдегілердің бәрі үйлен, үйлен дейді. Өзімнің де үйленгім келеді... Бірақ... Бір құдіретті күш маған кедергі жасайтындай. Құданың құдіреті, қыз біткен маған туған қарындасымдай көрінеді. Кейбіреуін жақсы көрем, тіпті сүйетін тәріздімін. Бірақ... Ешқайсысына да үйлене алмайтыным сөзсіз. Балжанды да қанша сүйгеніммен, одан да сол себепті айырылысуға тура келді. Сыңарынан айырылған аққудай жалғызсырап жүруім де содан. Адам жарық дүниеге тек «күнә» арқылы келіп, көретін қызығы да соған барып тіреледі ғой...

* * *

Тағдырдан қашып құтылмайсың. Жазғанға көнесің. Тек үміт қана, арман ғана мәңгілік. Талантты, жаны жарқын адам дүниеден өтсе жақыныңды жоғалтқандай, әлдебір асылыңнан айырылғандай алаңдайсың. Алланың құдіреті, кейінгі кездері өзімнен-өзім көңілденіп көтеріңкі жүрдім.

Әлдебір істі тындырып тастағандай үйге сыймадым. Кешкісін мектепте бірге оқыған кластасымның туған күніне бардым. Көңіл-күй көтеріңкі. Ойнадық, күлдік. Әдеттегідей сырнайға қосылып көп ән айттық. Сол баяғы сүйекке сіңіп қалған үйреншікті Шәмшінің әндері. Бір кезде ауыз үйден кіріп келген бір жолдасымыздың әкесі: «Әттеген-ай, - деді өкініп, - жаңа ғана теледидардан Шәмшінің қайтыс болғанын хабарлады». Соны айтты да бөгелмей тез шығып кетті. Үйде үнсіздік орнап, бәріміз де төмен қарап отырып қалдық. Не болғанымызды білмедік. Жан дүниемізді мұң басып, жүрегіміз тоқтап қалғандай сезіндік. Шәмші бізге туыстан да жақын еді. Абай, Мағжан, Мұқағали, Шәмші... ажал шіркін алудан тоймайды екен-ау... Таң атқанша көше аралап жападан жалғыз жүрдім де қойдым. Көзіме жас үйіріле берді.... Себеппіз тым қатты қуанып кетсем, арты әрдайым өсітетін әдеті. Шәмшінің сырлы сазды сұлу әндері әлі талай жылдар қазақ елі аспанында қалықтап, халқының жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз.

* * *

Жақсы көретін адамыңа, не бір қимас затыңа жететін ештеңе жоқ. Өмірдегі жалғыздығыңды солар еске түскенде мүлдем ұмытып, аз уақытқа болса да өзіңді-өзің алдарқата-сың. Егер күндердің күнінде сол қимасыңды, сыйласыңды жоғалтып алсаң, мынау ғажайып ғалам сен үшін бос қуысқа, әрсіз де нәрсіз бірдеңеге айналады. Ажарынан ада болады.

Менің күшігінен асырап өсірген Құтжол деген итімді ит ататындардың қалай өлтіргендері әлі көз алдымда. Ол ана бір жылдары Хрущевтің ит пен мысықты қынадай қырғызған кезі болатын. Ең өкініштісі өкіметтің сөзіне сеніп, ауруын тексереміз деген соң Құтжолды өзіміз апардық қой. Иттерді сұйық дәрі ішкізіп тексергені көз бояушылық екен. Сау деп жетон алғандар ілуде біреу. Көбіне иттерді иелеріне кішкене қазыққа апарып байлатады да атады. Мылтықтың гүрсілі, күкірттің иісі, иттердің қыңсылаған аянышты даусына араласып дене тітіркендіреді. Құтжол да: «Мына жерден тезі-

рек кетейікші» дегендей көзі жасаурай, аяғыма орала берді. Не керек, біздің де жолымыз болмады. Қазыққа апарып ит байлау кезегі бізге де келді. Құтжол жаутандаған күйі, менен көзін алар емес... Қолымнан не келеді, әлім көз жасыма ғана жетті. Мылтық дауысынан құлағым бітелгендей болды. Қас қағымда көзін ашпай қолымда өсірген Құтжолымнан айырылдым. Өлген итімнің қарғы бауын апам шешіп алып, маған ұстата берді. Сондағы күкірттің ашқылтым иісі әлі күнге дейін кетпейді. Құтжолдың өлер алдындағы әлсіз қыңсылағаны, мұң шаққандай болғаны көпке дейін құлағымда тұрып алды. Басқа күшік асырамадым. Құтжолымның қарғы бауын басқа итке таққым келмеді...

Ал қазір маған темір болса да көк «Москвич» бәрінен жақын. Өзінің жаны бар сияқты. Оңаша мінсем, жақсы тартып, моторының үні ән ырғағындай бір қалыпты шығады. Өзімнің де көңілім көтеріліп, ыңылдап өлең айтып кеткенімді байқамай қалам. Кейде көк машина менен көзін алмай қарап тұратын сияқтанады... Көп көрмесем, өзімнің де жүргізгім келіп кетеді. Ол да мені сағынатындай... Біз бір-бірімізсіз өмір сүре алмайтын тәріздіміз. Бірақ анда-санда кесірленіп калатын кездері де болып тұрады. Шаң-тозаң басса, дұрыс тартпайды. Ал қыз-келіншектер мінгізсем бар ғой, от алмай қақалатыны бар... Ондайда маған бұл өмірдегіні жанды-жансыз деп бөлу сыңаржақтылық шығар деген күпір ой келеді...

* * *

Меніңше дүниедегі тірліктің тірегі, қайнар көзі екеу - ол өлім мен махаббат. Өлімнің ақиқаттығы бізді өмір сүруге ынталандырады. Ал махаббатсыз өмір мәнсіз... Пәктік мәңгі, махаббат мәңгі... Таза сезімді ешқашан кір шалмақ емес. Тозса өмір тозсын, махаббат тозбаса, кіршіксіз болса екен...

* * *

Өткенді қайтару қолдан келмесіне көзің жетіп тұрса да, әйтеуір біздің санамыздан тыс бір күштің бар екенін сезі-

несін. Сол күш күндердің күні болғанда мейірімі түсіп, жоғалтқанынды қайта берердей іштен дәмеленіп жүргенің...

* * *

Еркек пен әйелдің бір-біріне деген парасатты қарым-қатынасы өмірге, айналаға сән береді. Сезім барда дүние қызық...

* * *

Адамзатта өмірбақи кешірілмес сұрқиялық болады және ол нендей қайырымдылық істелінсе де ұмытылмайды...

* * *

«Әйел дәмдеп істелген дастархан іспеттес, тамақ ішкенше өліп-өшесің де, қарның тойса қалғи бастайсың» деп ішіліп-желінгеннен кейін мүлде басқаша көпірген бір жігітпен сол сөзі үшін жанжалдасып қалдым. Ол оңбағанның шамасы қарындасы жоқ-ау деймін, әйтпесе, әйел туралы ондай былапыт сөйлемес еді.

* * *

Адам жан тыныштығын іздесе, бақытты балалық шақ естеліктері негізінде өзіндік шағын әлем жасап алуы қажет.

* * *

Балдырған бала күннен алысып-ойнап бірге өскен көрші қыздың өсе келе қос анары көйлегін түртіп білінгені, әлденеден қысылып қызаратыны өкінішті-ақ. Өйтіп бой жеткені бар болсын.

* * *

Жалған дүние – ойшылдар мен жайсаң жандарға тамұқ.

* * *

Дүние тауқыметінен екі-ақ адам құтылады: біреуі – жарық жалғанға келмеген нәресте, екіншісі – өлген адам.

* * *

Кімге де болса жеткізбей кеткен арман бар.

* * *

Адам өліммен бетпе-бет келгенде ғана, өмірінің шын мәнін біле алады.

* * *

Күлкісіз өмір – құссыз орман секілді.

* * *

Зымырап зулаған уақыттың ауырлығы келер ұрпаққа қалар.

* * *

Қара шаңырақтың түтіні ыстық.

* * *

Бұрын шетсіз де, шексіз ой ғана ма десем, түпсіз тұңғиық – жамандықта да бар екен.

* * *

Ғасырдың күдіретін – адам, адамның күдіретін – ғасыр айқындайды.

* * *

Ел ауызындағы ескі сөз – көпшіліктің ар-иманының айнасы.

* * *

Сөздің жаны бар. Ол да құстай ұша алады.

* * *

Үрей мен Үміт бір заттың екі беті. Үміттің үзілсе, Үрей келеді, ал көп үрейден соң үміт туады.

* * *

Түнде көлеңке іздейтін адамдар болады. Бірақ оларды әлі ешкім түсінбей жүр.

* * *

Өнер жиынтығы мәдениет қана – жан азабын жеңілдетеді.

* * *

Көптің тілегі ерте ме, кеш пе, қайткен күнде де орындалады.

* * *

Өмір – өлім, өлім – шексіз өмір.

* * *

Дүниедегі ұлы өкініштің бірі – қабірге оның ақылының да, білімінің де адаммен бірге көмілетіні.

* * *

Әлем өзгереді, бірақ шындық өзгермейді. Сондай-ақ, күнә де біржақты болмайды.

* * *

Анашым, айналайын лебізіңнен
Күн-түн демей ақ сүт беріп емізіп ең.
Жыламасын, қуанышым, қуатым деп,
Тәттіні өзің жемей жегізіп ең.
Анашым бір мен үшін шалқып жатқан,
Шөлдесем мейірімнің теңізі ме ең!

Шым-шытырық түстер басты ауыртты. Түстің уақыт пен кеңістікке тәуелсіздігіне көзім енді жетті. Түс жоруға уақыт жоқ, тіпті, жорығым да келмейді. Серігім, ермегім – үйдегі кітапханам. Кітап шіркінді қолыңа алсаң болды, көңілің көтеріліп, сезімнің сергіп сала беретіні несі екен. Әр кітап жазушының айтар ойы ғана емес, өмір жолы, шындап келгенде өзі. Сәттілігі мен қайшылығы аралас кітаптар да әртүрлі.

Әсетке ағасының жазған күнделігі көп сырдың шетін аңғартты. Ол жандағы жараға, жанған ішке дауа іздегендей мәңгіріп көп отырды. Сонан соң ауыр күрсініп жастықты жұмарлаған күйі төсегіне құлады. Өзегін әлдеқандай сағыныш уы жалап барады... Далада жел күшейіп, есік алдындағы жеңіл-желпі шелекті, шатырдың қаңылтырын қаңғырлата қақты.

Күн райы бұзылатын сыңайы бар. Әсет буындары сырқырай ерте оянды. Ештеңеге зауқы болмай, деңбекшіп жатты да қойды.

Бөлме іші қараңғы, орнынан тұрып, шам жақпай пердені ысырып сыртқа қарады. Қайтып жатқысы келмеді. Киініп сыртқа шықты. Түн мүлгіп тұр. Қарашаның шым-шым аязы тыныс кереді. Ерте түскен қар төңіректі ақ көрпесімен шымқап алғандай мүлгіп тұр. Қыр мен ойы теңеліп, Сары дала биыл ұйқыға ерте кетті. Күнара ызғырықтатып, жаяу борасындатып қояды. Бағана бастарына ілінген электр шамдары айналасына мол жарығын шаша, түн қараңғысынан жалғыз көзді жалмауыздай бедірейе қарайды. Тек самсаған жұлдыз ғана жер бетінің суығын сезбегендей жымың қағады. Иығына ілген әкесінің үлкен күпісін қымтаған күйі Әсет үй іргесіндегі орындыққа келіп отырып, темекі тартуға кірісті. Толықсыған ай төңіректі көгілдір жарыққа бөлеп тұр. Ол темекісін сораптап ұзақ тартты. Түтін аралас қышқылтым иіс бойды алды. Қабағы сыныңқы, өңі мазасыз. Ол осы сәтте айға оңаша мұңын шағуға дайындалған бұралқы аш қасқыр сияқты еді. Бұл да сол қасқырдай түн қойнын қалтырата ұзақ ұлып: «Тым құрыса көп жұлдыздың бірінде тусам, қара жердің қайғысын арқалап қамықпас едім. Мұңсыз өмір, алаңсыз көңілмен күн кешер ме едім, дариға!» дегісі келетіндей. Көңіл жұбататындай... Ойдың шегі болған ба? Өмір - жалған, өмір - азан... Ес біліп, етек жапқан соң бұрынғыдай ешкімге де елжіремей есейіп, томаға-тұйық күйге ауыса бастайсың. Кейде Әсетке бүкіл өмір қоштасудан тұратындай көрінеді. Бір күні ағасы Саят сияқты онымен де туған-туыс,

жора-жолдастарының қоштасар мезгілі келер. Басы жұмыр пенденің одан қашып құтылғаны болсайшы. Міне, соқпақты жолдың жар басына тірелер сәті де таяды. Өткеннің өкініші мен ертеңгі бұлдыр болашақ арасында теңіздей толқыған жан азабы мен белгісіз қорқыныш жатыр. Алға қойған мақсатына жетпей өлім теңізіне түсіп кету неткен өкініш! Қанатсыз құстай армансыз ғұмыр кешу де қиын... Неге солай?.. Дауыстап жария жасамаса да, Әсеттің не айтқанын үнсіз түсініп, жан сырына ортақтасқандай төңірек тылсым тыныштық құшағында. Жерге жарық түсе бастады. Жұлдыздардың өңі қашып, алыстай түсіп, біртіндеп сөніп жатыр... Аяз дене тітіркендіруге айналды. Таң жақындағанымен, түн бұйығып ұйқысын ашар емес. Әсет тоңазыған күйі үйге кірді. Терезенің ішкі жағына тұрған қырау ай жарығын сүзіп, бөлме ішіне сүттей сәуле себелеп тұр. Ертеңгі жұмысқа түнгі кезекке барады. Ұйқысы келмеді. Тіпті сол ұйқыдан өзі шошынайын деді. «Ұйқыменен өлі тең» деп бекер айтқан ба! Бір ұйықтаған соң оянбай қалуы да мүмкін-ау. Өз ойынан өзі сескеніп қалған Әсеттің жүрегі біресе өрекип, енді бірде лүпілдей соқты. Баяулаған кезде жайлап барып кілт тоқтай қалатындай. Төсекке жатқан соң бұйығып, бойы жылып, ойдан сілесі қата шаршаған жігіт өзінің қалай ұйықтап кеткенін де сезген жоқ...

Әсет келесі күні тамағын ішіп алып, қолы бос болғандықтан мәдениет сарайының кітапханасынан алған кітаптарын өткізбекке сыртқа шықты. Дала аппақ. Көрші үйдің қасында балалар у-шу, мээ-мәйрам, жабылып аққала соғып жатыр. Қыстың меңіреу тыныштығын солардың айғай-шуы ғана бұзады. Қар аяқ басқан сайын сықырлап ән салады. Әсеттің тұрған қалашығы он шақты мың халқы бар өндіріс кеніші. Үлкен қалалардан жырақтау орналасқан осы кеніштің өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Қалашық көлеміне қарай, рудник ашылғанда-ақ беске бөлінсе керек: Қоржынкөл, Жаман қала, Аяқ көше, Жаңа ауыл, Орталық. Жұрт та әуелгі кезде өз ауданының адамдарымен, сосын басқалармен араласады. Балалар жағының ара-қатынасы мүлде бөлек. Олар-

дың сыйластығы көбіне жақ-жақ болған төбелеспен бітеді. Тіпті, кейін есейіп, үйленгендерінде де көбіне өз аудандарының қыздарына қосылып жатады.

Жаңа салынған үйлер аз. Жылдан-жылға тұрғындар саны да азайып келеді. Оның есесіне жартылай құлан, иессіз қалған үйлер көбейді. Елдің тұрмыс жағдайының қиындағанын ауыл көрінісі айтпай-ақ білдіреді. Жұтаған жұрттың көңіл күйі де басқа. Күндіз білінбегенімен кеш бата ескі үйлерге қараңғылық ерте үйіріледі. Жалғыз келе жатқан кісіге әлгі үйлердің үңірейген есік-терезелеріндегі қараңғылық саған құбыжық болып қарап тұрғандай әсер етеді. Денеге шымшымдап қорқыныш енеді. Ескі үйлерде күндіз балалар ойнағандарымен, күн баға солардың ешқайсысы манайламауға тырысады. Кейбір үйлердің қасында әлі де ағаштар баяғы күндеріндегідей сексиіп тұрғанымен олардың да ерте ме, кеш пе өлері, курап ку түбірге айналары сөзсіз. Иессіз, ессіз дүние көпке шыдаған ба...

Әсет өз үйінен ұзай бере шүйіркілесіп әңгімелесіп тұрған екі әйелді көрді. Оның бірі көрші болғандықтан амандасып еді, ол жауап қайтармақ түгілі жанынан өткенін де көзге ілмеді.

Қайтып оралғанша арада бір-екі сағат өтсе де, бағанағы екі әйел сол орындарында тапжылмаған күйі әлі тұр. Көрші әйел енді өзі амандасты. Әсет бірден жауап қайтармай сәл аңырып барып басын изеді. Жүре бере, езу тартып, әйелдердің әңгімеге құштарлығы оларды төзімділікке де тәрбиелейді екен-ау деп ойлады.

Әсет әдетінше түнгі ауысымдағы жұмысына ертерек келді. Үйреншікті шаңсорғыштардың гүрілі анадайдан құлаққа келеді. Ол бірден киім ауыстыруға асықпай, демалыс бөлмесіне барып, миллиард ойнаған екі-үш шахтермен әңгімелесіп біраз отырды. Биллиардшыларда мән жоқ, шарларының тигенінен тимегені көп, әйтеуір ойнадық деген аты. Оның есесіне арасында анайылығы бар дөрекі қалжың сөз, қарқ-қарқ күлкі, бұрқ-бұрқ темекі түтіні жеткілікті. Әсет біраздан соң арнайы киімін киіп, құрал қоятын орыннан шамы

мен нөмірін алып, клетпен 530-шы горизонтқа түсті. Кваршлаг жарық болғанымен басқа тұстары қараңғы. Аяқ асты су. Жүрген сайын резеңке етігің былш-былш етеді. Оқпаннан келген суық жел де дене тітіркендіреді. Анда-санда әуелі рельс бойлап тарсылдаған электровоздың дыбысы естіліп, артынан жарығы көрінеді. Бұл жер астының өзгеге ұқсамайтын өзінше тырбың тіршілігі. Әсет забойына келіп, басын көтергенде тас арасынан сызылып аққан суды көрді. Қабырғаланған үлкен жалтыр тас құдды үнсіз жылап тұрған адам сияқты. Ол бұрылып артына қарады, шам жарығы түскен жерден басқаның бәрі түнерген қараңғылық. Шам жарығы блоктың біраз жеріне жетіп күңгірттенген бойы бара-бара қараңғылық құшағына сүңгиді. Бейнебір жарықты қараңғылықтың қомағай араны қылғып жатқандай. Қанша тырысқанымен жұмыс өнбеді. Күнде әлденеше рет дікіндеп келетін мастер де көрінбеді. Жұмысы ауыр түнгі ауысымнан соңғы уақытта мүлде береке кетті. Біресе жарғыш заттар, бірде бекіткіш ағаштар жетіспейді. Кезінде көл-көсір боп жататын дүние қазір біреу ұрлап кеткендей немесе тығып тастағандай шам алып іздесең таптырмайды. Бес-алты айдан бері жалақының жартысы ғана қолға тиеді, қалғаны қолма-қол ақшаның жоқтығынан кассаға аударылады. Жинақ кассасынан өз ақшанды барып алу да ерлік жасағанмен бірдей. Қашан барсаң да - кассада отырған әйелдердің жоқ деп ауыздарын қу шөппен сүртіп отырғандары. Көп барсаң, сен-ақ қайта-қайта келе бересің деп, өзінді балағаттап сөгіп тастайды. Ақша сенікі емес, солардікіндей. Инфляциясы тағы бар.

Сырттан «тормозок келді» деген дауыс естілді. Үзіліс жарияланды. Бір-біріне жақын орналасқан ауысымдағы шахтерлер бір жерге жинала бастады. Жігіттердің әзіл-шыны аралас қалжыңы шаршағанды ұмыттырып, біраз бой жеңілдеткендей болды. Ішпейтіндері берген сүттерін үйлеріне алып кету үшін құтыларына құюға кірісті.

- Біздің экономикамыз сияқты тормозок та күннен-күнге шидііп берекесі кетіп барады. Міне, бүгін ағаш, бұрғы жоқ боп тағы да бос отырмыз. Бастықтар не ойлайды-ей, осы.

- Не ойлаушы еді, өзінің қалтасын ойлайды да. Бұрын құдайдан қорықпаса да, қариядан қорқатын. Қазір өзі би, өзі қожа.

Қазаншының еркінде, қайдан құлақ шығарса. Кім ненің құлағын ұстап отырса, соның қожасы. Заң да, зәкүн де жоқ.

- Ұятыңа түкіргені бар ма, есесіне машина мініп, туыстарына дүкендер аштырып жатыр.

- Елді билеп үйренгендер қашан да заманның ұсынған ойынын ойнауға қабілетті келеді. Жеңе алмайтын жерінде кейін шегініп, алатынын алу үшін тонын теріс айналдырып көз бояп, өзгере салады. Ал іштерінен жұртты малға санайды. Олардың ойынша ақыл мен қабілет тек соларда ғана. Басқалар олардың айтқанын істеп, айдаған жағына қарай жүруге тиіс. Жанға бататыны - алдап тұрғанын білсек те соған көнетініміз, байлаулы иттей бұлаңдап, басқа теуіп жатса да табан жалайтынымыз.

- Әй, мына біздің данышпан ақыл айтып сөйледі-ау. Бәрін біліп тұрсаң, мұғалімдігіңді тастап, шахтаға неге келдің? Жазбадың ба, кезінде ашпадың ба? Бәрін құртқан осы сендей интелгентсымақтар.

- Сәкенде не шаруаң бар? Мектептен шахтаға кетсе, ақшасы аз болғандықтан, бала-шағасын асырау үшін кетті. Әйелі врач, алды студент бәлен баласы бар, онысы несі? Әлде Одақты таратқан осы деп отырсың ба?

- Бәсе, бәсе, әңгіме енді қызайын деді. Төбелесті жанжалсыз бірден бастап кетіндер!

- Ха-ха, - қыран топан күлкі шахта ішін жаңғыртты.

- Жаңаның бәрі ескіні қиратумен басталушы ма еді? Ең арты үй салғанда да жаңаны салған соң барып, ескіні бұзбас па?

- Қойшы, Беке, кім бізден сұрап жатыр? Кешегі коммунизм құру үшін қызмет еткен жолбасшы көсемдер бір жүз сексен градусқа бұрылып, енді капитализм құруға кірісіп кетті. Тек қызметтерінің аты ғана өзгерді, заты - сол бәз баяғы. Бұларда не тойым, не қойым жоқ. Ұрлап жиған дүние кімге опа әкелген, өлгенде соның бәрін көріне әкете ме?.. Олар кеше капита-

листерді жамандап күнін көрсе, бүгін соларға қызмет жасап, коммунистерді даттап қызыққа батып жүр. Бет деген болсайшы, шіркін-ау бет қайда бұларда?..

- Айтпа... түп-тура бар ғой Чеховтің «Хамелеоны».

- Елдің байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуде. Талан-таражға салынбаған зат жоқ. Көшуге дайындалып шет елден үй салып, мемлекетті сорып, сыртқа жіберіп жатқаны қаншама. Соның бәрін кеше ел билегендер істеп отыр. Қарапайым еңбекші халық кеше де алданды, бүгін де алдануда.

- Ертең де оңбаймыз...

- Мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылған деген осы. Тәуелсіз ел болып жақсы тұрамыз ба десек, бәрі бұлдырап барады. Тіпті, үкіметтен айырылып барамыз. Көк туымыз құлап қалмаса қайтсін?..

- Бізді қойшы. Ұрпағымыздың ертеңі не болады?.. Осылай кете берсе, халықтың қайыр сұрап кетпесіне кім кепіл? Саясатшылар тойып секіреді, ашыққан халық тоңып секіреді...

- Идеяның өзі иттің итаяғындай бірдене екен ғой. Марксизм-ленинизм деп қақсап едік, бәрі бір күнде құмға сіңген судай, құрдымға айналды. Енді жетпегені осы еді...

- Әйтсе де ол идеядан емес, қоғамның азғанынан. Адамдар ұлты, діні басқа болғанымен түбі бір емес пе? Бәрі де бір жаратушының құлы. Қырылатындай не жетпей барады? Осында бір гәп бар ма деймін.

- Болуы да мүмкін...

- Қырғын соғыс, жанжалдың бәрі бұрынғы жасыл жағаулау, демалыс аймақтарынан шығып жатыр. Байқайсыңдар ма, осы қанды қасаптың көбі теңізі бар жерлерде. Ондай жерлерге дем алуға жақсы да, жаман да барады. Биоэнергияның нашар түрі жинақталады.

- Е-е, әңгіме жаңа қызды, осылай курорт, әйелдер жөнінде айтсаңдаршы.

- Шынында, қай жерде жын-ойнақ көп болса, түбі сол жерден бір пәле шығады. Жұрт Қырым, Кавказ, деуші еді,

әне, бұлқан-талқан. Адриат теңізі, Югославия анау. Таза жүрмеген соң күнәлар жиналып-жиналып, бір-ақ күнде бұрқ ете түсетін болар.

- Қалада студент қыздар жиырма долларға кім көрінгенмен жата береді дейді, сол рас па екен?..

- Рас болса, барайын деп пе едің?

- Қазір ол да кәсіп. Өкіметіңнің өзі не істесеңдер де ақша табындар деп жатқан жоқ па? Оқу-білім, мәдениет адыра қалды. Стипендия, зейнетақы ештеңеге жетпейді.

- Оның есесіне президент көбейді ғой. Таяқ алып лақтырсаң әйтеуір бір президенттің басына тиері сөзсіз.

Жұрттың гу-гуі көбейіп, орындарынан қозғаласып мәз болысты. Біреулері «күйеуі жоқ әйелге барған сауап екен» деп жатты.

- Әйел мен арақтың бары да жақсы, олар болмаса не істер едік?

- Не дерің бар? Кезінде арақ арзанда араққа қарсы заң шығып, ішкізбеді. Енді қымбаттағанда радиациядан қорғану үшін арақ ішкен дұрыс екен деп жатыр.

- Осы сенің естімейтінің жоқ. Радиациясыз-ақ мына заманда еркек те - әйел, әйел де - әйел. Онсыз да кей түні таңның қашан атуын күтіп, өздігіңнен ақша табуды ойлап қара тер болып, әйеліңе жағынам деп көрер таңды көзбен атырасың. Таңертең тұрғасын ақша болады, қатырамыз қатын деп күпсінесің.

- Сенің әйелің жақсы екен ғой сөзге тоқтайтын.

- Әйелдің жөні бөлек, ол тұрсын немереңнің алдында беделің қалмай барады. Бұрын базарға шыққанда тым құрыса балмұздақ әперетінсің. Қазір оған шама қайда. Шахтер деген атың ғана.

- Демалыс бітті, жұмысқа барындар! - деген ауысым мастерінің дауысы естілді.

- Жұмыс істеуге келгенде дайын тұрады, одан да мезгілімен жалақыны бергізбей ме, бастық болғаныңнан...

Шахтерлер тұрып, әлі де даурыға сөйлеген күйлері забойларына беттеді.

Әсет жұмысын ерте бітіріп, мазасы болмай, мастерден сұранып жер бетіне ертерек көтерілді. Киімін ауыстырып жатып, қолындағы сағатына қарап еді, таңғы төрт болыпты. Ұйқының нағыз тәтті кезі. Қалғып-шұлғып отырған зарядчицадан басқа бейсауат адам жоқ. Тек кептіргіш жақтағы бу атып гуілдеген машинаның үні естіледі. Әсет тонын түйме-леген күйі сыртқа шықты. Қызылшұнақ сары аяз бетін шымшылап, қойны-қонышын кеулеп алды. Әсет өңменінен өткен суық желге тұншығайын деді. Ол жұмыс істейтін Восток артелі өндірістің шетінде орналасқан, бұның үйінен біраз жер.

Әсет қырық қадамдай жүргеннен кейін әлгінде ғана жарқырап тұрған өндірістің барлық шамы сөнді де қалды. Төңірек көзге түрткендей қараңғылық құшағына енді. Тек қана жер бетін жапқан ақша қар ғана ағараңдап көзге шалынады. Кенет шахта жақтан машинаның жарығы көрінді. Әсет әлгінде менімен бірге ешкім киім ауыстырған жоқ еді, кім де болса үйге жетіп қалатын болдым ғой деп артына бұрылып қараған күйі тоқта дегендей қолын көтерді. Жеңіл машина баяулап келіп тоқтады. Әсет бұл кім болды деп нөміріне қарай бастады. Көзіне жарық шағылысып ештеңе көрінбеді. Шофердің өзі алдыңғы есікті аша берді. Таныды. Өздерімен бірге істейтін, ағасы Саяттың кішкентай кезінен бірге өскен Шайзрат деген досы. Әсет қуанып кетіп, жылдам басып келіп машинаға отырды. Қол беріп, қол алысты. Шайзрат жымыып күлген күйі басын изеді. Аузындағы алтын тісі жарқ етті. Әсет машинаның дауысын естімеді. Көңілі кетеріліп, денесі жеңілейді. Шаршаудан із де қалмады. Бағанағы ауырлап, мазасызданғаны ұшты-күйлі жоғалды. Әлденелер айтылып жатыр. Әсет ала бөтен көңілденіп, сапылдап сөйлеп отыр. Ойдан сөз озуда. Шайзрат тура жолға бұрылмай, өндірістің ортасымен айналма жолға беттеді.

- Шәке, былай төтесінен кетпедік пе?

- Жоқ, үйреншікті әдет қой, жолы жақсы орталықпен кетейік. Мүмкін сендей түнделеткен біреу-міреуді үйіне жеткізіп тастау керек болар.

- Осы сенің сондайың. Сол жақсылығың алдыңнан шықса ғой.

- Шықсын, шықпасын, әр адам жақсылықты өзі үшін істейді. Жаратқанымыз риза болсын. Өзің Аллаға сенесің бе?

- Барына күмәнім жоқ. Бірақ құлшылығым күмәнді. Ашынып, қиналған кезде ешкімді ойлауға шамам келмейді. Сабырлылық жасай асықпасам, жаратқанға бар түйсігіммен беріліп жалбарына алам. Дұға-аят оқылғанда Алла бар, ал жай жүргенде ұмытыла береді. Әсіресе Саяттан кейін көп нәрсе өзгерді... Құдайды көз алдыма елестетіп, сөйлесіп те көрдім. Ол бірде маған ақ сақалды кәрі шалдай, енді бірде көпті көрген мейірімді ана іспеттес елес береді. Көбіне әйел емес, ер адам бейнесінде ойыма түседі.

- Қалай болғанда да құдіретті күшке сенуіміз керек. Ол жалғызсыраған жарымжанды адамдардың өмір сүруіне көмектеседі.

- Шәке, айтқаныңызға рахмет. Күні бойы жанталасып жүріп-жүріп, кешке жатарда өлімнің барлығы есіне келіп, жаратқанға іштей жалбарынасың. Күн өткен сайын өзіңнің де қартайып, біртіндеп тозып, таусылып бара жатқаныңды сезесің. Мендей ешкімге шарапаты тимегенге қайырым бола қояр ма екен. Сыйға сый, сыраға бал дегендей. Ыңғай жақсылар елден бұрын кетіп жатыр ғой. Кімге кінә артарыңды білмейсің...

- Әрине, жалғаннан өз еркімен кететіндер ең бастысы - өмірмен қоштасу дейтін шығар. Мүмкін шындығы да сол болар. Бірақ олардың қайғы-қасіреті артта қалғандарға түспей ме? Әсіресе, артында зарлап анаң қалса, одан асқан қиындық бар ма? Дегенмен, қалай болғанда да марқұм болғандарға ғайбат сөйлеуге тірілердің ауызы бармайды. Адам өлгенде ғана әділ бағасын алып, жақсылық-жамандығы таразыланады.

- Саят қайтқаннан бері мені де күннен-күнге бұрынғыдай емес, өмірге, қызыққа құмартудан гөрі, селсоқтық басып барады. Жалған дүниеге жылап келіп, азды-көпті өмір сүреміз бе, жоқ па, қайтадан жылап кете береді екенбіз. Өткен күнде белгі жоғы рас-ау...

- Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қияғы бүтін сұңқар жоқ. Төрт

құбыласы сай ешкім жоқ. Саналыға қызық жоқ өмірде...
Өлімсіз қорқыныш жоқ, айналып келгенде өмірде мән жоқ.
Ерте ме, кеш пе, жұрттың бәрінің де көлеңкеге айналары
сөзсіз.

Шайзрат кірпік қақтастан терезеге қараған күйі бір қалыпты отыр. Жайшылықта езуі жиылмай жадырап жүретін адам бір түрлі байсалды қалыпқа түскендей. Кейпіндегі әлдебір белгісіз жылылық Әсетті де жайбарақаттандырып, жанына тыныштық шуағын шашқандай. Рахат тыныштығы мол, өңшең түстің арасындағыдай белгісіз хал. Әсет бұрын мұндай күйде болған емес. Қою қара түн. Фабрика қасындағы үлкен террикон алып таудай аспан тіреп биіктеп кеткен. Көшеде тірі жан жоқ. Екі-үш қабатты үлкен үйлер қарауыта сұстанып тұр. Түнгі жарығы сөнген қалада осындай қорқыныштың болатынын Әсет бірінші рет көрді. Мүмкін, о дүниеде де осындай шығар... Оның түрі бозарып, жүрегін әлдене шаншып өткендей болды. Шайзратқа қарап еді, мананы жұмбақ сәт тағы да қайталанып, сезімінің аласұрғаны су сепкендей сап болды. Машина суда жылжыған қайықтай еш дыбыссыз жүрген күйі Әсеттің өз үйіне емес, әкесі мен шешесі тұрып жатқан ағасы Саяттың үйінің алдына тоқтады. Әсет «өз үйіме баруым керек еді ғой» деп ойлап үлгермей жатып-ақ, «осының - өзі дұрыс-ау» деп Шайзратпен іштей келісе кетті де, түспекке ыңғайланды. Енді ол рахмет дегенінше болған жоқ, машина рулінде үнсіз бедірейіп отырған Шайзрат байыппен сөйлеп кетті:

- Адам бұл жалғанға жалғыз боп келіп, жалғыз боп кетеді. Аллаға ден қойған құлдарының өмірінің мәні де осы жалғыздықта. Бұрынғыдай емес, қайырымды, жаны да шуақ шапағаты мол пенделердің өмір сүруі қиындап тұр! Сезімтал кісі басқаның бақытсыздығын іштей болса да бөлісіп, алары болмаса да, берері жоғын сезініп, жан дүниесі жүдеп, жүнжіп жүр. Заман аумалы-төкпелі болған сайын, адамгершілік пен арды сақтау оңайға соқпай тұр-ау. Шайзрат сөзін кілт үзді. Артына бұрылып «жақсы» дегенде, Әсет те бірден «сау тұр» деп басын изеді.

Оның тісі бұл жолы сарғайып көрінді. Әсет бұрылып үйіне беттеді, машина қозғала берді. Іле артына бұрылып еді, машина жер жұтқандай ғайып болды. Есікті анасы ашты. Әсет шешінер-шешінбестен, ештеңе ішпестен жата кетті. Ол ертеңінде түске қарай оянды. Денесі ширап тыныққанымен, көп жатқандықтан ба, басы ауырыңқырап қалыпты. «Тұрды ма екен» деп әлсін-әлсін келіп байқап тұрған болуы керек, шешесі Айжан ақырын есіктен қарады. Сөйтті де: «жылы айран бар, әкелейін» деді. Қолына ұстаған кесесі бар анасы қайта кірді. Әсет ағасының бөлмесінде, соның төсегінде жатқан күйі басын сәл көтеріп, айранды дем алмастан жұтты. Қатты дем алмай ішкендіктен бірден кекірді. Анасы «Ас болсын, құлыным» деді. Әсет езу тартты. Бұрылып тез басып шығып кеткен анасының иығы селкілден бара жатқандай көрінді. Қабырғада Саяттың үлкейтілген суреті тұр. Бөлмесі де сол баяғы көзі тірісіндегідей жұпыны қалпы: бір қабырғаны тұтастай алып, тізіліп тұрған кітап, еденде палас, жақтауы ағаш екі кісілік кереует, киім ілетін айналы шкаф, стол. Заттарының бәрі орнында, өзі уақытша ғана жолаушылап кетіп, әне-міне үйге кіріп келетіндей. Әсет Саят екеуі телелес болғанымен, қандай қиын жағдайда да бір-бірілерін түсініп, сөзге келіп шекісіп көрмепті. Оларды әлдебір күш бір-біріне тартып тұрғандай... Ағасы екеуі біраз кездеспей қалса, іздесіп, егіздің сыңарындай жетімсірей қалатын. Суретке түссе де көбіне құшақтасып түсетін...

Әсет сол күйі біраз жатты. Сол күйінде қол созып, сөредегі Абайдың сырты қызыл, кішкене ғана таңдамалы өлеңдер жинағын алды. Бұл да Саяттың сүйіп оқитын кітаптарының бірі. Арасында қағаз қыстырып қойған бетті ашып оқи бастады:

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсең, жеткізбес.

* * *

Адамзат - бүгін адам, ертең - топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

* * *

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?

Осынау өлең жолдары адамды бірден терең ойға жетелейді. Әсет Абай өлеңдерінің басқа тілге аударылғанда жақтық шықпайтынын бұрыннан байқап жүретін. Иә, Пушкин де өзінің ана тілінде - Ұлы. Абай да солай. Кітаптың соңында ақын аударған Гетенің де өлеңдері жүр. Гете мен Абай - екеуі екі елдің бетіне ұстар беделі. Ұлылар қашан да бір-бірін жаңылыспай табады-ау! Зерттеуші Герольд Бельгер шындықтың тамырын дұрыс басып: «Данышпандар уақытқа, дәуірге тәуелсіз» дегенін амалсыз мойындайсың. Гете мен Абай қандай ұқсас... Әсеттің ойын анасының «көп жаттың ғой, басың ауырады, тұра ғой, балам» деген сөзі бөлді. Ол тұрып сыртқа беттегенде, анасы «Ақтабанды қораға кіргізіп, кілттеп кел» деді. Әсет сырттан басын шайқап, ішке күле кірді. Үстел басына отыра бере:

- О заман да, бұ заман, мал емес, қораға ит қамағанды сендерден көрдім, - деді.

- Жұрттың бәрі сөйтеді. Қазір иттің терісінен қолғап, аяққа ұнты жасау әдетке айналды. Келеді де, үні шықпайтын мылтықпен атып кетеді. Көршілердің жүні қалың иттерін сөйтті. Танертең тұрса, иттерінің үйшіктерінің қасында қарғы бауы мен қанның ізі ғана қалады.

- Милицияға айтпайсыңдар ма?

- Милиция қай жағына жетеді. Басынғандары ғой, көрші Шәріптің үйінің қойын қорасында сойып, басы мен ішек-қар-

нын қалдырып кетіпті. Милицияға барған екен, «ұрлаған кім, қайда тұрады, киімі қандай?» деп өзін әурелеп сұрамағаны қалмапты. Кім алғанын білсе, өзі-ақ төлетіп алмай ма?

- Табылды ма?

- Қайдан, өңештен өткен нәрсе табылушы ма еді?

- Обал ғой...

- Обалға кім қарап жатыр. Даладағы жылқыны атып алып жүргендерге аяушылық не тәйірі. Қандары бұзылған де...

- Малды осылай соя берсек, кейін не болмақ? Құлын бие болып өсім бергенше төрт-бес жыл уақыт керек қой.

Оны кім ойлап жатыр, күнделікті тірлік қиындап кетті. Бәрін айт та, бірін айт, көппен көрген - ұлы той, ел тыныш болсын. Басыңды қатырып қайтесің! Жұртты сен түзейсің бе? Айтпақшы, ертең Шайзрат марқұмға күдайы береді екен, бағана соған шақырып кетті. Саяттың досы еді, марқұм ағаң сияқты ол да өмірден еш қызық көрмей кетті.

Әсет асын ауызына апара беріп, сілейді де қалды. Көзіне түнгі көрініс елестеп тұрып алды. «Түнде осы мен үйге Шайзраттың машинасымен келмедім бе?», «Өңім бе, түсім бе, астапыралла!» деген ой оның миын қас-қағым сәтте талай аралап етті. Елес шығар дейін десе, ауызба-ауыз сөйлескені есінде. Жындандым ба десе, оның да қисыны жоқ. Сап-сау. Арқасынан жылан жорғалап өткендей, аяқтары дірілдей бастады. Бәрі де ап-анық өз алдында. Анасы өзіне қарап отырғандықтан түрінің бұзылғанын білдірмеуге тырысып, тамақ жеген болды. Дүниенің апыр-топыры шыққандай. Бетінің дуылдағаны сезілді. Шайзрат ағасы Саяттан жеті күннен кейін қаза болған. Кеніш тұрғындарының көпшілігі шахтер болғандарымен, олардың бәрі де мал ұстап, косалқы шаруашылықпен айналысатын. Тіршілік деген қу түлкі кімге тыным берген. Жақын жерде қала жоқ, күнкөрістің өзі қиын. Сондықтан да жұрт жазда жұмыс арасында жанталасып қыстық отын-су мен жем-шөптерін дайындап алады. Шайзрат даладан шөп әкелмекші болып КамАЗ жалдап, өзі «Жигулимен» барады. Айдала. Күннің ыстығы қарғаның миын кептіреді. Ауа тымық. Ол жерде сүрлеу жолы ғана бар. Күніне сол

жолмен жүрсе, бірер машина өтеді. Шөпті КамАЗға артып жіберіп, сусын ішіп кейіндеп қалған үш жігіт кештеу қозғалады. КамАЗ өткен жердің шаңы аспанға көтеріліп, ештеңе көре алмаған соң жолдан бұрылып, озып кетпекші болады. Құданың құдіреті, дәл сол сәтте қарсы алдынан су таситын машина кездесіп, ол да шаң жұтпайын деп жылдамдығын көбейтеді. Сөйтіп, машина көп жүрмейтін айдалада апат болып, Шайзрат дүниеден өтеді. Машинасы ондауға келмей, туыстары ауылдың шетіне апарып көміп тастады. Тағдырдың жазымышы деген сол...

Әсет түнгі кездесуді тағы көз алдына елестетті. Шынында қалай болғаны сонда? Ол маңдайын ұстады. Оң қолын төмен түсіріп, үстел астынан өз балтырын өзі шымшыды. Ауырғаны сезілді. Бөлме ішін айқын көріп, шешесінің сөзін жақсы естіп отыр.

- Шайзрат марқұм біреу десе ішкен асын жерге қоятын қандай кішіпейіл кісі еді. Сол жақсылықтары алдынан қайтпады. Мүмкін, шынында Алланың да жақсы адамды ерте алатыны рас шығар. Сен ауырып қалғаннан саумысың, тегі, оңған шүберектей болып отырсың ғой, балам.

- Тамағымның баспасы ұстады-ау деймін. Көктем мен күзде ауыратын әдеті емес пе. Мүмкін, жұмысқа шықпайтын да шығармын, артық істеген күнім бар.

- Ауырсаң өзің біл...

Әсет сол күні жұмысынан қалып, мазасы болмаса да Шайзраттың үйіне барып, асын атқаруға көмектесті...

Өлмеген қысты да өткереді, тірі адамға жадырап жаз да шығады... Көктемнің өкпек желі, миы шыққан жерді ерте кептірді. Әсет диплом қорғауға сессияның шақыру қағаздарын жұмыс орнына тапсырып, демалыс алды. Енді екі-үш күнде Алматыға жүрмек. Ол кетер алдында асығып үйдің анау-мынау жұмыстарын бітіргісі келді. Аспан қысырап тұр. Тырс еткен жауын жоқ.

Жер кебе өндіріс тұрғындары күнде бір-бірімен жарысқандай үйлерінің маңындағы қыстай жиналған көң-қоқыстарын жинауға кірісті. Көлігі барлары ауыл сыртына тасып,

жоқтары бір жерге үйіп жинауда. Бүгін Әсет те аула ішіндегі сыпырындыны жиып, жаға бастады. Әуелі қара түтін шығып, біртіндеп жалындап, жыланның тіліндей сумаңдай бастады. Әсет үй күйбеңімен айналысып, өзін алдағандай болғанымен, қауқары қашқан қариядай тірліктің қызығына көңіл бөлуден біржолата қалғандай. Іштегі әлдебір от өшіп, өлі күйге түскендей, сезімі селт етпейді. Әйтеуір көрер көзге сырты бүтін. Ол отқа қарап, айырмен сыпырындыны отқа тастап тұрғанмен ойы әлдеқайда. Соңғы күндері үйдің күйбеңі оны мүлде бейжайландыра берді. Ағасының қайтқанына он ай, жылына сойылатын жылқы да жемде тұр. Тірі адамға жеткізбейтін оқтай зымыраған күндер... өтіп жатыр, өтіп жатыр... жеткізер емес... жеткізбейді...

Ештеңеге де зауқы жоқ, жолдастарына да бара беруді азайтты. Олардың жөні бөлек бала-шаға, үйлерінің анау-мынау шаруасы тіршілік қамы бар. Мұрындарына су жетпей жүр. Өздерінің жұрт қатарлы көштен қалмай бірқалыпты жүргендеріне дән риза. Барына қанағат қылып, жоққа бас қатыра бермейді. Дүкен аралау, көз алдап киіз үй тігіп, той жасады деген ат шығару. Қазір қит етсе, жоқ болса да бәсекелесіп, жиған тиын-тебенге той жасау әдетке айналды. Шаршағанша тойып тамақ, арақ ішу, той иесін есірте, ішін кептіре мақтау. Кім көп мақтаса, әдемі мақтаса, сол дос.

Үлкен тойдың көптігі кішігірім бастықсымақтарға жақсы болды. Дайын майшелпек. Мемлекет, өндіріс қаражатына киіз үй, палаткалар тігіп, дастархан жаяды. Көп бастықтар жасалған дастарханға туыс, жора-жолдастарын шақырып, соларды сыйлап мәре-сәре болады. Әсіресе, осындай дарақы тойлар соңғы жылдары, еліміз тәуелсіздік алған соң тіптен қаптап кетті. «Қырғын соғыста - қырт семіреді». Бұрын жасырын - жабық жем жеп үйренген әкім-сәкімдердің құдайы беріп тұр.

Әсет ертең қойдың кезегінен құтылмақшы. Ауылда біраз жылдан бері қой-ешкілерін жиырма-отыз үйден бірігіп, кезектесіп бағу әдетке айналған. Малымен күн көріп отырған

кәрі-құртаң шал мен кемпірге қойдың кезегін күту оразаның айтын тосқандай үйреншікті іс. Әсет шаруасын доғарып, ертең қой бағатынын айтайын деп әке-шешесіне кетті. Үйде шешесі жалғыз өзі, сүт тартып отыр екен, ол кісі де ризашылық білдірді. Шешесінің бет-әлпеті бүгін жаман емес. Қайғы басып күрт қартайғанымен денесі әлі ширақ. Әсет кішкене орындыққа отырды.

-Шәугімдігазплиткағақоясалшы. Қазірболам. Жолжүрсең ала кетсін деп қаймақ тартып жатқаным ғой.

- Несіне әуреленесің. Банкі тасып жүрем бе? - Әсет кейіп барып тоқтады. Анасының жүзінен бір мұң елес беріп, сөне қалды. Саятқа әрдайым жолға деп қаймақ пен таба нан пісіріп салатын еді. Саятты бір түсінсе, түсінген жан тек анасы шығар. Ол орнынан тұрып, анасын құшақтады да, ақырын қолын сипап, «мен шай қояйын» деп асханаға қарай кетті.

Дастархан жайылып, қою шай ішілді. Анасының бетіне қайтадан қан жүгіріп, көзіне нәр ойнады. Ол Әсетке қараған күйі: «үйленбейсің бе, әлде Кәрім нағашыңдай жас қыз алып, кейін қиналам деп қорқасың ба?» деді. Әсет те езу тартып, еріксіз күлді. Оның нағашысы кемпірінің иығынан да келмейтін кішкентай кісі. Үнемі аласа пәкене адамның әдетінше басын шалқалатып қайқайтып ұстайды. Жұрт оны сыртынан «қайқы бас Кәрім» деп те атайды. Ол соғыста көп жүріп, біраз жасқа келіп барып, он алты жасар қызға үйленеді. Әуелде олардың бойлары бірдей болса керек, бірақ кейін жас қыз өсіп, ал күйеуі керісінше шөге беріпті. Ол екі ортада балалы-шағалы болады. Сөйтіп осы екі адам ауылда ұзынды-қысқалы болып өмір сүріп жатыр. Әйтсе де мықыр адамдардың кесірленіп жүретін әдеті емес пе. Жасына қарамай аздап «ағекеннен» ішіп алса, Кәрім шал соғыстағыша «За Сталина» деп урасына басып, үйінің мазасын алып шу шығаратыны бар. Ондай кезде кемпірі екеуі жағаласа кетеді. Кәрім шал сонда да болмай, «қоя бер, өлтірем» деп боқтап жағады. Әсет езу тартып күлген бойы «бұйырғаны болар» деді. Сөйтіп ол ертең қой бағуға мінетін атының ер-тоқымын дайындауға кірісті. Шешесінің айтуымен немере ағасының

биыл мектепке баратын Азамат деген баласын ертетін болды.

Таңертең ертелетіп Әсет қасына Азаматты алып, бір отар қойды жаюға беттетіп алып шықты. Қойдың серке бастаған алдын қайтармай, соңын жинады да отырды. Түні бойы қарны ашқан мал жүре оттап, өндірістен ұзай берді. Жаңа көтерілген күнде әзірге қызу жоқ. Ересектер қатарына қосылып, қой бағуға шыққанына Азамат мәз. Бүгін балабақшаға да бармай қалды. Тыным таппай кішкене велосипедімен қойдың о жақ, бұ жағына шығады. Әсеттей ол да айдауға көнбеген қойларға қазақша ұрысып қояды. Бір кезде әлдене есіне түскендей Әсетке қарап:

- Кеке, қойлар бізді түсінеді ме, - деді.

- Ә-ә... түсіне ме деймісің? Түсінеді, әне, кермейсің бе, айдауға жүріп, айтқаныңа көнгенін.

- Ақтабан да түсінеді, - деді бала бөсіңкіреп кетіп.

- Иттің бәрі ақылды. Не істе десең, соны істейді.

- Яғни, менің Ақтабаным да, біздің мына қойлар да қазақ болды ғой. Солай ма, көке?

Әсет баланың мына сұрағына не деп жауап берерін білмей мүдіріп қалды. Қойдың алды ойпандағы көкке барып, кадалып, шашырамай жайыла бастады. Азамат үлкен кісіше сөзін жалғастырып:

- Әзірбайжан, армяндар «жер менікі» ойнап соғысып жатыр, - деді.

- Иә, Қарабах үшін соғысуда.

- Біз бақшада «дөң менікі» ойнаймыз. Бірақ біз жай алысамыз, үлкендер құсап қолымызды қатты батырмаймыз. Өткенде Жәкібай қатты құлап жылағанда мен де жыладым. Ол денесі қатты ауырмаса неге жылайды. Ал әзірбайжандар мен армяндар неге бір-бірін аямайды?..

- Үлкен адамдар сырттай қырылысып соғысып жатқандарымен, көріп тұр, түптің түбінде жарасып, пәтуаға келеді. Әлі-ақ түсінісіп, жақындарын бірге жоқтасады. Шындықтың қашан да кеш келетін әдеті. Қазір қоғам өзгеруде, сондықтан әркім өмірді өзінше түсінуде. - Азамат Әсетті түсінбеді

ме, адырайып «не деп кеттің» дегендей қарап қалды. Әсет те оған күле қараған қалпы атын тұсап, қоржынынан сусын алып, таңдайын жібітті.

- Азамат, бар, қойды қайыр, ана кебенек түс болмай суға беттеуге кірісті. - Бала басын шұлғи, мойнын қисайтып жүгіре жөнелді. Алысырақ ұзай бере «әй, жануар, шүү», - деп санын сабалап-сабалап алды.

Түс болды, Қойлар ауыл іргесіндегі көлшіктен суғарылып, сол жерге иірілді. Әсетке әкесі машинамен тамақ әкелді. Үшеуі түстенді. Ас ішіліп болған соң Азамат та үйге қайтты. Қой басында Әсет жалғыз қалды. Қойлар жусап жатты. Тұсаулы ат анда-санда құйрығын шипалақтап шыбын қағып, жайылып жүр. Әйтеуір күн бүгін ысыған жоқ. Қайта бір үлкен бұлт онсыз да бұлыңғыр күнді көлеңкелей берді. Әсет таңертең ала шыққан кітабын да оқығысы келмеді. Отырған күйі шексіз-шетсіз алып далаға қараумен болды. Күн бесінге ауды. Шегірткенің шырылы бәсеңдеп, бір бозторғай аспан төрінде ноқаттай боп, әндетіп қалықтап тұр. Күн тымық. Алыстан бұлдырап шахта терриконы көрінеді. Бәрібір мен сені көріп тұрмын деп мойнын соза қарап қалғандай. Беймаза тірліктің у-шуының бұнда ізі де жоқ. Төңірегі шайтанның жұртындай тып-тыныш. Көкейіне Пастернактың: «О, тыныштық, ғажап жоқ қой бұл өмірде өзіңнен, ғажаптығын жан-жүрекпен сезінгем» деген өлең сөздері келді. Арада бірекі сағат өтіп, қой қайта өрді. Енді олар Алдабике бұлағына қарай беттеді. Әсет те атын өрелеп, қойға қосып, өзі соңынан ерді. Кенет ол басын көтеріп, аспанға қарады да, бағанағы күнді көлеңкелеген үлкен бұлтты тағы көрді. Төңіректің бәрі жарқырап тұр, ал мына бұлт күнмен бірге қозғалып бір елі қалар емес. Қойдың алды бұлақтың жағасына жетті. Бұлт та Әсетпен бірге жүрді де отырды. Жас кезінде өзі бұлттың көлеңкесін іздеп атпен қуғанды жақсы көруші еді. Мына бұлт соны біліп, әдейі қыр соңынан қалмай келе жатқандай. Әлде сол бұлт па екен?.. Шынында былай қараса жер де, ауа да, жел де, құстардың дауысы да бәрі сол баяғы қалпы ғой... Кіндік қаны да осында тамған, жығылғанда көтерген де осы

жер... Бірақ қазір оған бұлт та, аспан да, жер де мүлде жат, бәрі Әсетті бөтенситіндей. Оның жүрегі мұздап, көңілі суыды. Туған жеріне, балалық шағын өткізген жеріне келгенде саналы адамның жүрегінде жастық оты қайтадан лаулайды дейтіні қайда?.. Ол кеудесін керіп, белін жазды, қоржынын иығына асты. Қырдың үстінен тастан үйген қарақшы тас көрінді, Әсет солай қарай беттеді. Ол қарақшының қасына келіп, алақанымен күннен қалқалап төңірекке көз салды. Бұлақ жақтан соққан самал жел аймалап бетін өпті. Әсеттің жүрегі бала кезіндегідей алып-ұшып лүпілдеп кетті. Бар дауысымен «Ұшы қиырсыз қайран дала, сен неткен кең, тамаша едің!» деп тоқтап күрсініп алды да, «Жақсыны да, жаманды да тең көріп бауырына басқан» деп айғай салды. Жүзі отқа үйітілген ақ терідей қарайып, ерні мен тізесі дірілдеді. Алыстан сағымданып «Жақсы тұз» көрінді. Әсет атасы Уақиттың көзі тірісінде мектептегі жазғы демалысында шөп шауып, сол тұздың бөктері Сара ала-бие Байжігітте өткізетін. Ол жерде атасы қазған құдық та бар. Адыры көп сол өзекті алқап төңіректегі ең құнарлы жер. Кейбіреулер бұл жерді «Жақсы тұздың өзекті құлағы» деп те атайды. Уақит шал жылда ала жаздай өзі сияқты жас күндерін шахтада өткізген, құрметті демалыстағы екі-үш замандасымен осы жерге қос тігіп, бие сауып, шөп шабатын. Машина-тырнауыштарына ат жегіп, асықпай «даланың түгі таусылмас дегенмен, нәрі кетпей тұрғанда, жер-ананың бұйырған ырыздығын мезгілімен жинап алайық» деп қарқынмен баптанып іске кіріседі. Басы артық малдарын жайып, сүмбіле басталғанша кеуделерін кере дем алып, кәріліктің қыңқыл-сыңқыл ауруын уақытша ұмытқандай болады.

Ал бұл жердің Сарыала бие Байжігіт аталуының өз тарихы бар. Ертеректе ол - қаз ұшып, үйрек қонған қалың қамысты айдын көл екен. Өзеншелердің бәрі ернеулеріне дейін толып, тіпті көктемде еріген қар суы айналаға жайылып, жойқын теңіздей теңселіп, ат шаптырым төңіректі алып жатыпты. Ол әлі де дархан даланы тағы құландар дүбірлеткен табиғаттың тозбаған тамаша бір кезі екен. Бірде осындай

даланың желден жүйрік боз тағысы жайлаудағы жылқыға келіп қырғидай ойран салып, табындағы бие-байталдарды иектеп, берекесін кетіріп жүреді. Көпшілік жиналған ойын-той, жаназада халықтың ауызындағы сөз сол Боз айғыр жайында болып, оның түр-түсі, айбаттылығы, жүріс-тұрысы ауыздың суын құрытқан әдемі әңгімеге айналады. Біреулер бұны жылқы емес, көл жағасына жын, шайтан жиылып, соның бір еріккені бозайғыр болып көзге көрінеді дейді. Ал жылқының қасиеттерін қастерлеген көпшілік қауым Бозайғырдан малдың сұлу сымбатын көріп сүйсініп, оны Байжігіт деп атап кетеді. Ен далада сары ала биімен оңаша жайылып жүрген Байжігітті еріккен жылқышылар ұстамаққа әрекет те жасайды.

Бір-біріне бойлары үйреніп, еркіндіктің дәмін татып, құла дүзді ен жайлап жүрген Байжігіт пен Сарыала биені қуғыншылар жабыла қоршауға алады. Қамысты көлге үш-төрт шақырым жер қалғанда қуғыншылар қос сәйгүлікті биік жар қабаққа қаумалай тықсырады. Байжігіт пен Сарыала биеге қолға түсуден басқа, құтылудың басқа амалы қалмайды.

Оларға бостандық пен бұғалықтың бірін таңдауға тура келеді. Бірақ олар жар басынан бірге құлап екеуі де опат болады. Күркірей тасып жатқан тасқынды өзен олардың денелерін қамысты көлге қарай ағыза жөнеледі. Бостандықты бұғаулы тіршіліктен артық көрген Байжігіт пен Сарыала биені қалың жұрт құрметтеп, осы өңірді «Сары ала бие Байжігіт» деп атайды. Қос мұңлықтың қайғысына табиғат ана да ортақтасқандай, ұзамай айдын көл тартылып тұзды көл сорға, қамысы қурап жағасы қу тақырға айналады. Ағып жатқан кәусар бұлақтар суалып, көзі бітеледі. Қазір сол көлдің орнын жұрт «Жақсы тұз» деп, жаз болса ауырып сырқағандар суға түсуге ағылып кеп жатады. Содан бері қаншама жылдар өтсе де, жұрт Сарыала бие Байжігіт жөніндегі әңгімені аңыз қылып ұрпақтан-ұрпаққа адал достықтың үлгісі ретінде айтып келеді... Ал қазір болса, тұздан тапшылық көрген кейбір совхоздар сол көлден ас тұзын алатын көрінеді.

Аспанда айдаһардың құйрығындай-ақ түтіннен жол са-

лып, гүрілі кара жерді қақырата жаңғыртып, реактивті әскери ұшақ аспан төрінде жұлдыздай ағып барады. Қойлар үркіп үйіріле қалды. Әсет орнынан тұрып қойға беттегенде, көлденеңдеп, қанден ит сияқты аң бүрсендеп жүгіріп өте берді. Әсет иығынан қоржынын сыпыра сала оны қуа жөнелді. Сөйтсе тұмсығын ішіне тығып қашып бара жатқан борсық екен. Әсет те қамшысымен жер сабалай жақындады, борсық та жалпақ үлкен тастың астына кіріп үлгерді. Ол еңкейіп түрткілегенде қамшының басы жұмсақ бірдеңеге тиіп былқылдады. Тастың асты ін емес, жәй қуыс. Әсет жантайып тастың астына қол сала бергенде, күңгірттеу тас астынан екі көз жылт етті. Көз бен ақсиган тіс - адамдікі. Ыржиып күліп тұр ма, жоқ, айбат шегіп тістеніп тұр ма, ол жағы белгісіз. Әсет қайтадан қамшыны тас астына сала бергенде, өктем шыққан еркек дауысы «тоқтат!» деді. Ол біреу кеп қалды ма деп орнынан ұшып тұрып артына қарады. Тірі пенде жоқ. Әсет өз құлағына өзі сенбей қайта еңкейе беріп, амалсыз тоқтады. Белгісіз бір зор күш бойындағы күш қуатын сарқып, сарсылтып кеткендей. Бойын үрей биледі. Әлгіндегі дауыс анық тастың астынан шықты. Ол тасқа қараған күйі шегіншектеп, біраз жерге барды да, артына қарамай, бұрылып жүгіре жөнелді. Әлгі дауыс иесі жетіп ұстап алатындай артына қарамады. Әсет атына жетіп, мылтығын қолына алғанда ғана есін бір-ақ жиды. Анда-санда елендеп тас жаққа қарап, отарды о жерден алысырақ әкетуге тырысты. Елегзи берді, ту сыртынан біреу қарап тұрғандай, мазасы кетті. Жайшылықта білінбей тез өтетін уақыт та өтпей, күн батпай сарғайып тұрып алды. Әсет өз-өзінен елегізіп, тезірек бұл маңнан кеткісі келді. Ерте болса да қойды ауылға беттетті. Үйге келсе шешесі тамақ істеп күтіп отыр екен. Ол кісі «өңің бозарып тұр ғой, құлыным, күн өтіп ауырып қалған жоқсың ба?» деді. Әсет: «жай шаршағандікі ғой» деп анасына сыр бергісі келмей, жалған жымыып күлген болды. Бірақ түрінен қорқыныш көлеңкесі арылмағанын, қайта күшейе түскенін өзі де сезіп тұрды. Тамақ үстінде шешесі Әсетке қаза бола-рынан аз бұрын Саяттың бұлақ қасындағы өзекте мал баққа-

нын айтты. Әсет дір етіп, қимылсыз қалды... Сонда бағананың бәрі аруақ па, елес пе? Дегенмен, Әсеттің борсықты өз көзімен көріп, адам дауысын өз құлағымен естігенінде күмән жоқ. Ойы шілдің қиындай шашырап, әбден сілесі құрып, мелшиген күйі бір орнында отырды да қойды...

Әсет сессиясына уақыт ұту үшін Ақмолаға дейін самолетпен ұшпақшы болды. Бұрын алысты жақындатып, күніне үш рет ұшатын АН-2 соңғы кезде бір-ақ рет қатынайтын болған. Ұзынқұлақтың айтуына қарағанда, экономикалық жақтан тиімсіз. Тіпті, ұзамай осы шағын аэропорттың өзі де жабылмақшы екен.

Аэропорт басында ұшайын деп тұрған Сәулені көрді. Біраз туыстары оны шығарып салды. Былтыр Саят қайтқанда «демалысқа үйге келіп едім» деп көңіл айтып шыққан. Бұрынғы араларындағы сезімді мүлде ұмытқандай, қайғыдан қан жұтып, Әсет ол жолы Сәулеге көп көңіл бөлмеген. Ішіндегі махаббат мұзы жібімеген. Ләм-мим демей үнсіз қалып еді. Дей қоярдай да түгі жоқ. Сәуле күйеуімен қалада тұрады. Жолдары бөлек. Он екі кісілік самолетке үш-төрт кісі ғана мінді. Оның өзінің - біреуі бала. Самолет моторы жарылардай барылдап от алды да жердің шаңын әп-сәтте қара құйын етіп, таптауырынды тақыр алаңқаймен біраз секектеп барып аспанға көтерілді.

Әсет пен Сәуле қатар отырды. Тұрмыс құрған үш жылдың ішінде Сәуле мүлде өзгерген. Денесі толығып, ірі тартқан. Іс-қимыл әрекетінде мосқал адамдарға тән ептілік бар. Бетінен тәкаппарлық пен менмендік байқалады. Шашы да, киімі де, қимылы да, мінезі де бір-біріне қонып тұр. Олар ана-мынаны айтқанымен, біраз әңгімелескенімен, сөздерінің қиюы қашып, қожырай берді. Бір кезде самолет қатты теңселген кезде олар қолдарынан ұстаса кетті. Екеуі де бір-біріне қарап қалды. Екі жанар бір-біріне түйісті. Баяғы бірге өсіп, бірге жүргендегі таныс көзқарас. Сәуле өзгеріп сала берді, бағананы жасандылықтан, тәкаппарлықтан із де қалмады. Көңілде үміт, жүректе діріл пайда болды. Әсеттің көз алдына Сәулемен бірге өткізген бақытты кездері келді.

Алғашқы сезім мәңгілік. Осы сезім өмір бойына адам баласының жүрегін жылытып, бойын мұнды қуанышқа бөлейді. Әсет пен Сәуле кішкентайларынан бірге өсіп, мектепте бірге оқыды. Қарақат көзді нәзік Сәуле алғаш көргеннен-ақ Әсеттің мазасын кетіріп, бұрын болмаған сезім әкелді, өзі еш сезбеген мазасыз күй кешті. Қызды көрсе, жүрегі дүрсілдеп, ауызына сөз түспей сілейіп қалатын. Ешкім бетінен қақпай, еркін де ерке өскен ол енді Сәуле бар жерде берекесі кете беретін болды. Сәуле көңілді болса, Әсет те көңілді. Жүре бара Әсеттің осындай сәттері Сәулеге де әсер етіп, ол да жұқа ернін тістеп, төмен қарап ұялатынды шығарды. Екеуі де көпке дейін бір-бірімен сөйлесе алмай, ал ойын барысында қатар тұрып қалса, берекелері кетіп, тайқақтап, құпия сырларының беті ашылғандай қызара бастайды. Енді бірде аралары алшақтап, топ ішінде тұрса болды, көздері бірін-бірі іздеп, түйісе береді. Әсет бой түзеп, өзіне сын көзбен қарайтын болды. Бірде дұрыс сөйлемеген сияктанса, тағы бірде килікпейтін жерге араласқанына, оңашада өзіне-өзі кейіп, жерден алып, жерге салатын. Осындай сәттерден кейін ойынға да бармай, жоқты сылтауратып, үйден шықпай қойғаны бар. Ішінде Сәуле бар ойнап жүрген балаларға қызығып, оларды иттің етінен жек көріп жүрген шақтары да болды. Ақырында қырсыққаннан ештеңе таппай, мойнына су кетіп, ұнжырғасы түсе салбырап, ілби басып ойынға өзі келеді. Айтпағанымен, осы күйін түсінбегені үшін Сәулеге де іштей өкпелеп жүрді. Әйтсе де басқа балалар оған қатты сөз айтып, иә болмаса шеттетсе, қалай ара түсіп кеткенін де байқамай қалады. Ал жасырынбақ ойнаған кезде Сәуле басқа балалардың біреуімен оңаша жасырына қалса, Әсеттің ішін әлдебір нәрсе тырнап өткендей болатын.

Бірде балалар өзекшенің жағасындағы құмдауытқа «Әсет+Сәуле=махаббат» деп жазып кетіпті. Оны көріп, терісіне сыймаған Әсет, қолынан еріксіз асыл заты сусып кетіп бара жатқандай өзін қысқан ашу-ызасын әлі келетін бір екі баладан алғаны есінде.

Сөз жазылған құмдауытты тепкілеп өшіріп болған соң,

балаларға араша түскен жолдасымен төбелесіп те қалды. Енді бәрі бітті деп салы суға кетіп, бұл дүниеден күдер үзген жанша дүрдиіп ешкімге жоламай екі-үш күнге дейін аттап үйден шықпады. Ойламаған жерден бәрі керісінше болып, олардың аралары үнсіз жақындады. Сәуле Әсет төбелескен балалармен ойнамақ тұрсын, сөйлеспейтін болды. Махаббат пердесі бір-ақ күнде сыпырылды. Олар енді ойынды доғарып, өздері құрдас балалардың көз алдында ерте есейді. Есейткен махаббат... Бұдан әрі қалжың мен мазақтың орынсыздығын білген балалар да өздерімен өздері болып жайларына кетті. Балалардың жазғы демалыс шақтары қызықпен өтіп жатты. Қайран, біреуге ерте, біреуге кеш келген жас дәурен, қимас күндер-ай!

Әсеттің институтын тастап, әскерге жүрер алдындағы ауылға келіп Сәулемен кездесуі де күні кеше. Оның ауылға келген мақсаты - бір күнге болса да Сәулені көру болатын. Бірін-бірі әбден сағынған қос ғашық сол күнгі кешті асыға күтті. Ақыры шам жамырап, көз байланды. Бұлар ауылдан қаға беріс дөң астындағы бұлақ бойында ұзақ сырласты. Қыз оның әскерге өзі сұранғанына бұртиып біраз өкпеледі. Сәуле одан көзін алар емес. Дәрменсіз, үрейлі, аянышты көзқарас. Бірақ бұл үнсіздік ұзаққа созылмады. Аңсаған жүректер, ыстық құшақтар тез табысты. Ендігі сәтте бәрі де бір сәтте естен шықты...

Алайда Әсет өз өзінен іштей қысылуда еді. Қыз алдында бір ағаттықтың кеткенін жан-жүрегімен сезінді. Әскерге кетуге шешім қабылдағанда, ол Сәулені ойламағанын іштей өкіне мойындады. Қыз үндемесе де сол жайды айтқысы келетінін жаутаңдаған жанары тілсіз ұқтырғандай. Сәуле үндемей тұра берген соң, бұрылып ап жүре берсем бе екен деген ой санасында жылт етті де сөне қалды. Алайда қыздың қарақаттай көзі оны арбағандай орнынан екеуі де тапжыла алмады. Бейне бір көзге көрінбейтін жіңішке болат сым темірмен шырмап тастағандай. Екеуінің де түн қараңғылығына көздері үйренді. Әңгімелесе жүріп келген тұстары стадионның қасы. Әсет Сәулеге көзін қадап ұзақ

карады. Қыздың қарақат көзінің нұры сезімді сан күйге салады. Екеуі де қол ұстасқан қалыптары үнсіз. Кенет екі құшақ өзінен-өзі айқаса кетті. Бірін-бірі қимаған ғашықтардың қоштасу сәті де тілмен айтып жеткізе алмайтын қиял дүниесіндей ғажап, сезім иіріміндей тұнық екен-ау... Толқығандары сонша, жүздері алаулап, бал-бұл жанады. Сәлден кейін Әсет Сәуленің қолын ұстап, аялап сипады. Енді бір сәтте Сәуленің тұңғыық, нұрлы жанары мөлдіреп жасқа тола бастады. Әсет те толқып, жүзі қуарды. Ауызын ашса, жүрегі атып шығардай. Ол бір сәтте өзін ұстай алмай, қызды қатты қысып құшағына алды. Сәуле қарсыласпады, үн де шығармады. Қайта Әсетті аймалап, шашынан сипады. Әсет басын Сәуленің кеудесіне қойды. Бетіне қыздың ыстық жасы тамды. Қыз оның шашын артына қайырып сипаған сайын, жігіт бойына бір тәтті мұң ұялағандай... Сезім дегенің осылай көздің ыстық жасы болып келеді деп ойлап па? Олар дәл сол сәтте аса бақытты еді. Дүниеде тек екеуі ғана бардай. Әсет өмірінің мәнін осы сәтте айқын сезінді. Сезінткен - махаббат. Олар іштей құшақтарының мәңгі ажырамауын тіледі. Екеуі бір-біріне айтпаса да, осылай мәңгі тұра берсек, тұра берсек деген дүрсілдей соққан қос жүректің үнінен тап басып түсінді. Әсет басын көтеріп аспанға қарап еді, шүпірлеген сансыз жұлдыздар жымыңдай «көз қысып» «Өмір мәні махаббатта екенін енді ұқтың ба, жігітім» деп тұрғандай. Әсет түсінді... Түсінді де сұлу қызды құшырлана құшты. Адам өмірінде мәңгілікке серт еткендей сүйеді ғой, мынау да дәл сондай сүйіс болды. Олар әлгіден бетер толқыды. Жастық сезім ештеңені ойлатар емес. Жаздың қысқа таңы да, түнгі тәтті ұйқы да дәл қазір екеуіне қажетсіз. Әсет пен Сәуле таң атып, жұрт тұра бастағанда амалсыздан зорға айырылысты. Иә, онда олар сол қалыптары мәңгі тұра беруге дайын еді... Ал кейін ше, сен, сенбе, арада бес ай өтпей Сәуле өзі де дұрыс танымайтын бір жігітке тұрмысқа шықты да кетті. Шіркін жастық, шіркін жалған дүние-ай... Әсет өзін байсалды ұстауға тырысып, қыза бастаған де-

несін, қызыға бастаған көңілін тежеді. Үзілгенді жалғау, сынғанды жамаудың қажеті қанша?..

Самолет біресе төмендеп, біресе жоғарылап ұшып келеді. Ондайда жолаушылардың ішек-қарындары ақтарылғандай өңештеріне келеді. Ауыздың дәмі қышқылданып, жүрек айныды. Кішкентай бала құса бастады. Мотордың гүрілінен ештеңе естілер емес. Құлақ тарс бітті. Самолет ақыры тарс-түрс етіп, секіріп-секірін барып, жерге табаны тиіп қонды-ау, әйтеуір. Жұрт мас адамша мең-зең болып түсті. Әсет Сәуленің түсуіне көмектесті. Екеуі де аэропорт залына жаяу жетті. Сәулені ешкім қарсы алған жоқ. Ал Әсеттің самоләті Алматыға кешке қарай ұшады екен. Әлі қанша сарсыларын құдай білсін.

Олар екінші кабаттағы ресторанға көтерілді. Бойлары бір-біріне үйреніп, әңгімелесе бастады.

- Жағдайың қалай? Жұбайың екеуіңді бизнеспен айналысады деп естігем.

- Жаман емес. Екі-үш комогімыз, коммерциялық киоскіміз бар.

- Біраз жыл болса да кішкентайларың жоқ кой деймін.

- Әзірше оның керегі не? Қазір бала туып, оны тәрбиелеуге уақыт қайда? Батыста құтыға ұрықтандырып бала жасайды деп жүр ғой. Шіркін, сондай болса ғой. Ал қазақ ғылымы әлі артта, оларға жеткенше қайда?..

- Құтыда жасалып, интернатта өскен балада мейір, сүйіспеншілік болушы ма еді? Ол дегенің далбаса ғой.

- Ха-ха. Сен өзгермейсің, жиырманың жуан ішіне келсең де баяғы қалпың. Мүмкін маған әлі де ғашық шығарсың.

- Иә, әлі де жақсы көрем. – Сәуле бұған үнсіз қадалып қарап қалды. Олардың көздері түйісіп, шарпысып өтті. Үнсіздік орнады. Әсет қалтасынан «Кент» алды.

- Маған да берші, - деді Сәуле.

Ерсі көрінсе де Әсет «сен тартасың ба?» дегендей бетіне бір қарап алып, сигарет ұсынды. Әсет оттығын шығарып, екеуі темекі тұтатты. Біраз темекі тартылды. Официант қыз күл салғыш әкеп қойды. Сәуле темекіні көптен

тартатын болуы керек, сигаретті мәнерлеп, барынша рахаттанып, сызылып тұрып шегуде. Бір кезде темекісінің күлін түсіре беріп, басын жоғары ұстаған күйі:

- Өмір кімді болса да өз дегеніне көндіреді. Сен мені тоспадың деп іштей кінәлайтыныңды білем. Уақыт өтіп жатты, ауылда істейтін жұмыс жоқ, күтетінім - анда-санда келетін сенің хатың. Бәрі жалықтырды, қалай тұрмысқа шыққанымды өзім де байқамай қалдым. Бастапқыда қиналдым, ренжістік, ұрыстық, айырылысуға дейін бардық. Кейін қарап тұрсам, идеальный семья жоқ екен. Жұрттың барлығы да солай тұрады екен. Сыртқа жалтырап көрінгенімен, бәрінің де іштей бірдеңесі жетіспейді. Ал сенің жолыңның болмауы неден екенін білесің бе?

- Мүмкін, басқадан кем шығармын.

- Сен ешкімнен кем емессің. Қайта біраз жігіттен артықсың. Бірақ қыздар батыл, шешімді жігіттерді жақсы көреді. Біздің де айтқымыз, істегіміз келетін нәрселер болады, қанға сіңген әйелдік нәзіктіктен аттауға шамамыз жетпейді. Сол сәттерде өжеттеу жігіт еркектік жасап, іске кіріссе, соған түсіп қаламыз. Тек батылырақ бір адым ғана, сол ғана жетпейтіні. Өзі қысылып сыртқа шыға алмай тұрған сезімге сенің ұяндығың ездіктей көрінеді. Сондықтан да жуас, ақ көңіл жігіттер көбінесе тақыс, қу қыздардың уысына ілігеді.

- Сонда сен мені махаббатың үшін күресе алмадың демексің бе?

- Мені түсінбедің. Жалпы сен сезім шытырманына шырмалып, мына алдамшы пасық өмірден қайдағы жоқты іздеп, елеске алданған адамсың. Үй-ішіңмен сондайсыңдар. Ағаң Саят та түкке тұрмайтын бір қыз үшін өзіне өзі қол салды. Халқына, еліне қызмет ететін ер адам жоқ бүгінде.

- Саятта жұмысың болмасын. Сен оны қайдан түсінуші едің, - деп Әсет түтігіп кетті.

- Жай айтқаным ғой. Оған несіне ашуланасың? Сен қызық жігітсің, Әсет. Шын айтам. Жоқтан өзгеге жүйкенді жұқартып жүргенің. Жүрегіңнің де ауыратыны содан. Оған қоса жанталасып бәріне қамқоршы боламын деп килікпейтін

жерге килігесің. Жұрттың көңілін қимай, бәріне көмектескің келеді, сосын айтқан сөзіңде тұра алмай қипақтайсың. Содан не таптың? Өзі аузын ашса көмейінен жүрегі көрініп, далаңдаған біреу болмаса, мына жанды жеген, алдамшы, жылтырағы көп, қымбат, түлкідей бұлаңдаған қу заманда есті қыз сенімен қол ұстасуға тәуекел етпейді. Қазір арқасы ошақтай, азуы пышақтай, пысық, қасқырдай қайсар жігіттердің етегінен ұстайды есі бар қыз.

- Мені неге тоспағаның енді белгілі болды.

- Өзімді емес, жалпыны айтып отырмын. Қай қыз өз сүйгенімен тұрмыс құрып, түтін түтеткісі келмейді дейсің, бірақ ертеңін ойлайды... Өзің айтушы едің ғой, Хауа ана мен Адам атаның алма жеп, күнәһар болып, пейіштен қуылғанын. Сондықтан бір Адам арқылы бұл дүниеге күнә, ал күнә арқылы өмір келеді. Өлім сол күнәнің қорытындысы... Қарап тұрсаң барша ғалам күнәдан жаралыпты. Сонда бір адамның жасаған күнәсі үшін Алла тағала бүкіл адамзатты айыптаса, бізге не жорық? Білімің қазір кімге керек.

- Даналық пен білім - Алланың адамға берген байлығы. Оның құдіреті мен дарғайына шек келтіріп болмайды. Ал уақытқа бәріміз де тәуелдіміз. Құзырына мойын ұсынып, алдына тізе бүкпеген ешкім жоқ. Хан да, қара да дәм-тұзы таусылған күні, Жер-Ана құшағына мәңгіге енеді. Әлгінде сен Саятты айттың. Өлім - күшті, бірақ өлімнен де ұят күшті. Өмірден өз орнын таба алмаған адамның неге өлуге хұқы жоқ? Ғасырдан да ұзақ күндер мен жылдар болады. Ондай күндерді кім жиырма төрт сағатпен шектеп, пәлен дей алады?

- Біз бір-бірімізді ешқашан түсінген емеспіз. Кез келген нәрсеге әр түрлі қараймыз. Қазір жердегі құдай - ақша. Денсаулығың, оқу-білім, айналып келгенде рухани жан дүниенің ақшаға байланысты. Ақшасы жоқ адамның өмір сүруге де қақы жоқ.

- Бүгін заңды бұзбай, арамдық жасамай жан сақтай алмайсың. Адал еңбекпен келмеген дүние ерте ме, кеш пе, өзіне бұйырмайды.

- Ақшасы көп адамның азап шеккенін көрмедік. Мен де сені сағынам. Кейде таң ата оянып, қасымда күйеуім жатса да, сені есіме алам. Жата берсем, ойлай беретін болғандықтан тұрып кетем. Суық сумен дене шынықтыру жүйесін жасаймын. Күнделік күйбеңіне бір араласып кеткен соң, ештеңе ойлауға да мұршаң болмайды. Көріп тұрсың, жағдайым жаман емес. Ең бастысы, біреуден кейін, біреуден ілгері жүріп жатырмын. Сәуле сәл үнсіз отырып күрсінді, сонан соң өзімен өзі сөйлескендей: «Жалпы әйелдің сұлулығын өмірден тәжірибесі бар еркектер ғана бағалай алады». Ол аялы, аздап шаршағандық табы бар шаралы қара көзін Әсетке қадай отырып: «Міне, мен түсінетін өмір осындай», - деп аяқтады. Әсет бір сәтке Сәуленің жанынан тән ләззатының құлына айналған келіншектердің көзінде кездесетін мекерлік ұшқынын көргендей болды... Қандай сезім болса да тозбай, көмескіленбей тұрмайды екен-ау. О, уақыт, қандай қатал едің сен?! Шын сүйген адам сүйіктісінің кемшілігін қатар жүргенде көрмейтіні рас. Махаббат тек қана тән сезімі емес, жан сезімі де ғой. Өзің біреуді сүйіп, өзге сені де сондай сүйсе шіркін! Біреуге керек болғаннан артқан бақыт бар ма?

Әсет мелшиіп үнсіз қалды. Жүрегін жегідей жеген бір қасіреттен бүгін құтылды. Өзінің осы бір тоғышар әйелді қалай сүйгеніне таң қалды. Тіпті соны сүйген өз сезімінен жиренді, Әсет...

Мына ащы әңгімеден кейін олардың аралары жақындағанның орнына алшақтап, сөздерінен береке кетті... Бірақ Сәуле сырттай өзін ұстағанымен іші алай-дүлей еді. Бар жан дүниесінің лайланғанын бұрын жай сезсе де, енді анық білгендей... Әлдебір жаман запыран аузына келе берді. Ол жүрегі қобалжыған күйі артына қарамай такси ұстап үйіне кетті. Әсет кешкі рейспен Алматыға ұшты.

Самолет астанаға кешкісін келсе де, қала әлі тымырсық қалпы екен. Әсеттің бірден тынысы тарылып, тұншығуға айналды. Қысылғанынан денесі жіпсіді. Күннің әлі қапырықтығы сонша, бас айналғандай. Балқыған асфальт иісі де

танау жарады. Май көктем айы боп есептелсе де, шілдедегідей. Әсет үшін қаланың ығы-жығы тірлігі басталды.

Лекциямен қатар емтихандар тапсырыла бастады. Бұл соңғы сессия емтихандары. Күзгі сессиядағыдай емес, өз тобының адамдарымен жақсылап танысып, кемедегінің жаны бір дегендей, шүйіркелесіп, араласып кетті. Кітап, конспект алмасып, емтиханды бірге тапсырды. Ол сессияның соңғы емтиханын тапсырып, бірінші болып мемлекеттік емтиханға жіберілді. Әсеттің сыртқа шыға бергені сол еді, есіктің сыртында тосып тұрған курстастары шуылдап құттықтауға кірісті. «Бізге сенің жолыңды берсін» деп Қатира, Раиса деген екі сылқым келіншек оның құлағына жармасып, ырымдап жатыр. Қатира мен кеттім деп ернін шүйіріп, мықынын былқылдата, аяғын еріне басып аудиторияға беттеді. Жігіттердің бірі: «Қатирашка, бесінді білмеймін, төртті бар ғой, көзін бірер аударып қараса, бөрікпен ұрып алады» деді. Жұрт ду етіп күлді. Қабырғаға сүйеніп конспекті ақтарып тұрған қарапайым киінген биязы бір қыз «дым оқытпадыңдар ғой шуылдап, әрі барыңдаршы», - деп күңк етті. Не керек, курс түгелдей мемлекеттік емтиханға рұқсат алды. Енді мұқият дайындалу керек. Уақыт жеткілікті. Сондықтан емтихан жуу, дем алу кештері басталды. Күнде мейрам, күнде той. Жігіттердің көбі Қатираның төңірегіне жиналғыш. Бәрі де жайылып жастық, иіліп төсек болуға дайын-ақ. Қатираның өзі де осы сыйға тұрарлық - ақылды да, көрікті де. Кімді болса да бірден баурап алады. Жүзінде, іс-қимылында жұртты жадырататын ерекше бір қасиет бар. «Менің жарым осындай болса ғой» деп таңдай қақтыратын, бабындағы ақбалық келіншек. Байқап жүр, соңғы кездері Әсетке де ерекше сезіммен өзімсігендей қарайтынды шығарды. Ол бастапқыда бұған жеңілтек адамдай көрінген-ді. «Еркектің соруы сөзінде, әйелдің соруы көзінде емес пе» деп Қатираға сын көзбен қарайтын.

Жолдастары бүгінгі жиынды жекеменшік үйі бар бір жігіттің үйінде өткізді. Әсет те көптен бөлінбей бірге жүрді. Гу-гу әңгіме, орынды-орынсыз қалжың сөз. Келін-

шектер құлпырып, жігіттерді есіртіп, естерін алып, ебін қашырды.

Әсет Қатирамен қатар отырып қалды. Затында ұяң Әсет артық сөз айтылса қызараңдап берекесі кетеді. Ішімдікке де, тамаққа да онша зауқы жоқ. Тамада болып жүрген жігіт Әсетке «арақ пен әйел еркектің жан сарайын ашатын бірден бір дәру. Ішіміздегі жасымыз сенсің, әйелге барып жатқан жоқсың, сондықтан арақ іш. Анау-мынауың барлығы жуылып-шайылады да, өткен күн тұрмақ өзінді де ұмытасың. Кейде жеңілдік әкелетін у да жақсы» деді.

Әсет не дерін білмей қысылып, ыңғайсызданып, үнсіз қалды.

- Әсетте жұмыстарың болмасын. Әрі жүріңдер. О несі-ай, бетімен сөйлеп. - Қатираның дауысы саңқылдап шықты. Бетімен сөйлеген тамаданың сөзіне әзілмен жауап беріп, оның бетін жылы қайтарды. Отырғандар да ду күлді. Осы жерде не айтылса да, бәрінің де күлкісі орынды. Адамдардың ештеңе ойламай, тек ойнап-күле бергісі келетін сирек сәті. Келесі бөлмеде музыка ойналып, біреулер билеуге кірісті. Қатира оларға көңіл бөлме дегендей бұған көзін қысып күле қарады. Әсеттің иығынан ауыр жүк түскендей болды. Келіншектің аппақ мойыны созылып, омырауының түймесі ағытылған жерінен үлбіреген бұтақты ақтамағы көрінді. Әсет өзінің қызыққанын білдірмей өтірік салмақтана қалды. Қатира мен Әсет оны-мұнының басын бір шалып, әңгімелесіп біраз отырды. Жігіттер келіп биге қанша шақырса да Қатира шықпай қойды.

- Әсет, өмір - аққан су. Қызығын көрем, ләззатын тамам десең, көзді жұм да қойып кет. Тән рахаты әркімнің өз еркінде. Табиғаттың тамаша сыйынан бас тарту жастық кезде күнә, - келіншек үлбірете бояп қойған оймақ ернін сәл аша сыңғырлай күлді. - «Өлдің Мамай - қор болдың» деген мәтелді естіген шығарсың. Сүйегің салдырап, бетіңе әжім түссе, кім қарар дерсің? Мен сендей жігіттердің бақытты болғанын қалаймын...

- Жастыққа бәрі жарасады, жасындағының бәрі кешірі-

леді демекпісің. Түсіндім... Бірақ ойынның да ойыны бар. Сол шіркін адамдық емес, дарақының далбасасы болып шықпаса...

- Бір көргеннен ғашық болған жанға ақырына дейін ғашық болу мүмкін емес. Бір түрлі тамақты бір күн емес, бір жыл емес, өмір бойы сүйсініп жей аласың ба? Әр нәрсенің дәмін татқың келеді. Көз салған көрінгенге көңіл арсыз... Арсыз көңілді аулаймын деп алданып, табанына шок басқан жан аз ба?.. Неге үнсіз қалдың, әйелден мораль естуің бірінші ме? Әлі талай құлағыңның құрышы қанар...

- Мен тілсіз, мылқау әйел алам.

Қатира ха-ха-халап қатты күлді. Дауысы сыңғырлап, бар ішкі дүниесі ақтарылғандай болды. Күлкісі де бойды еріксіз билеп барады, от шашқан көзі ойнақшып төңкеріле қарайды... Әсеттің шампан ішкендей маңдайы қызды. Бетінің де алаулағаны сезілді. Күлкі созылып барып бітті-ау, әйтеуір. Үстел басында өздерімен-өздері отырғандар бұларға қарап қалыпты. Әсет ыңғайсызданып қалды. Билеп жүргендер жақтан «па, шіркін, ана мықыннан ұстар ма еді» деген дауыс естілді. Жұрттың назары сонда ауды. Әңгіме тартылған ішектей кілт үзілді...

Өңі күреңденіп, не істерін білмей, езу тартып күлген болды. Өзіне тура айтылмаса да Қатира әлденені көздеп, меңзеп айтты деп ұқты. Әсет ішінен әлдебір шешімге келді. Курстас жігіт Қатираны тағы биге шақырып, осы жолы әй-шайға қарамай, қолына жабысып сүйрей жөнелді. Әсеттің денесі дір етті. Қатираны жұлқылап биге шақырған мұртты жігіт оған суырға ұқсап көрінді. Әсет отырып-отырып, сыртқа шықты. Бағана бұлт жоқ сияқты еді, жауын жауып өтіпті. Оның қайтып үйге кіргісі келмеді. Ешкіммен қоштаспай-ақ ол қонақжайына жаяу беттеді. Бауыры жаз, басы қыс асқар Алатау жауыннан кейін еңсесі көтерілген күйі айқын көрініп, сұлулығымен көз тартады. Қала іші де ұзақты күнгі қапырықтан арылып, бусанып, жадырап сала берді. Жұрттың тынысы кенейіп, бойлары жеңілдеді. Әсеттің ойына кенет Сәуле түсті.

«Мен сені қазір де сағынам» деді-ау! Иә, солай деді... Саятты да ойлады. Бір нәрсені қайта-қайта ойлай берген адам қай оңған дейсің. Өлгінде көппен бірге жүргенде мүлдем басқа еді. Ол Абай даңғылына шығып, тротуарды бойлап, жаяу беті ауған жаққа кете берді. Аздап ішкендікі ме, шекесі шыңылдап, басы ауырлап келеді. Ол бауыры Саяттың өз өмірінен қандай орын алғанын, оның ешқашан толмайтынын ойлаған сайын өзінің жалғызсырай беретініне көзі анық жетті. Уақыт жараны жазғанымен, қасіретті жаза алмайды екен. Оған дауа жоқ... Өзіңе ең жақын, ең ыстық жандардың бейнесі жанында мәңгі қалады. Қалғаны жөн. Онсыз, естеліксіз адам адам емес. Жанындай жақсы көретін адамдарды ұмытқаннан асқан не сұмдық бар... Әсет Саятты ұмытып қалай жүрер? Ерте ме, кеш пе, өзі де сонда барады. Кім қашып құтылған қара жердің құшағынан. Намаз оқығанда да маңдайымызды сәждеге тигізіп, Жер-Анаға тағзым етеміз. Ол біздің перзенттік борышымыз жерден пайда болдық, сол жердің құшағына міндетті түрде қайта кіреміз...

Су тротуармен біраз жүрген соң Әсеттің аяғы шылқылдады. Түн қоюланып келеді. Сауда дүкендерінің шамдары жағыла бастады. Дәл қасындағы аялдамаға 19 троллейбус тоқтай қалды. Ол жүгіріп барып орнынан қозғала берген троллейбустың артқы есігінен кірді. Әсет троллейбуста келе жатып, алдыңғы жағында сыртын беріп тұрған жігітке көзі түсіп кетіп, жүрегі дір ете қалды. Көзін алмаған күйі кірпігін де қақпастан бір қызарды, бір бозарды. Сөйтті де жұртты кимелей жігітке жақындай берді. Ұзын бойлы, мұртты қараторы жігіт екі қызбен сөйлесіп тұр. Реңі ашық, дауысында бір түрлі тазалықтың нышаны бар. Әсет таяп келіп, көзін алмай қарады. Көңілі сәл іркілді. Саят емес, бірақ егіздің сыңарындай айнысашы... Дауысы да майда қоңыр. Сөз арасында күлген бойы әлсін-әлсін көзін жыпылықтатып қояды. Бұрын мұндай ұқсастықты кездестірмеген Әсеттің іші алай-дүлей болды. Ол әлгі жігіт түскен аялдамадан өзінің де қалай түскенін байқамай қалды. Бір күш итермелегендей дедектеп соңынан ілесіп келеді. Екі көзі тек сонда. Әсет бір кезде амал-

сыз тоқтап, есенгіреген күйі тротуардың шетіне отыра кетті. Жұрт ерсілі-қарсылы өтіп жатыр. Әсет отыр. Оны белгісіз бір мұң басты, алаңдаған күйі жоқ іздегендей төңірегіне алақтай қарап, тағы да басы ауған жаққа мас адамша кете берді.

Ол түн ортасына дейін жүрді. Қаланың шамдары біртіндеп сөне бастады... Жайшылықта жер бетіне төніп тұратын көп жұлдыздың нұры бүгін тіптен биіктеп, шырқау шығып кеткендей.

Арада біраз күн өтті. Мемлекеттік емтихандар ойдағыдай тапсырылды, енді диплом алу ғана қалды. Әсет бүгін әнеугіден ойында жүрген құпиясын іске асырмақшы. Өмір деген ку түлкі кімге не істетпейді? Ол «Қазақстан» қонақ үйінің жиырма бесінші қабатынан жеке нөмір алды. Сөйтті де Қатираны ресторанға шақырды. Олар уағдаласқан жерінде кездесіп, түстенді. Қатира ештеңе білмегендей, әзілдесіп күліп қояды. Әсет оны нөміріне шақырудың ретін таппады. Бірден бұл ойын айтуға батылы жетер емес. Шампаннан бастап коньякпен жалғастырды. Әсет Қатираны қыздырам деп отырып өзі мас болуға айналды. Не керек, Әсеттің бұл тірлігінен ештеңе шықпады. Олардың айтатын әңгімелері таусылып, үнсіздік көбейе бергенде Қатира Әсетке қарап:

- Менің де өзіңмен тетелес өскен сендей бауырым болған. Ол қазір тірі жүргенде сендей болар еді, - Қатира сөзін орта жолдан үзді. Әсет үстіне біреу мұздай су құйып жібергендей болды. Ол өз ісіне өзі ұялып, кірер тесік таппады. Қатираның өзіне ерекше жылы қарағанын қалайша теріс түсінген. Бірақ Әсеттің не үшін шақырғанын біле неге келді? Інісін еске алса бұрын қайда қалыпты? Мазағы ма, жоқ әлде, жай әншейін еркектің темір тегеуірінін аңсаған ұрғашылығы ма? Түсініп көр осыдан соң әйелдерді... Әсет үнсіздік көбейген сайын не істерін білмей қысылды. Неге жұрт жөнінде жаман ой тез келеді? Шынында, қарап тұрсаң дүниеде жақсылық көп болса да, жаманшылық көзге тез көрінгіш. Біреуге сан рет жақсылық жасап, сұрағанын берсең де, реті келмей бір рет бере ал-

масаң, соның есте қалатыны бар ғой. Қатира кенет бірден жадырап:

- Сен ішпе, мен мынаны жақсылық үшін алып қояйын, - деп фужеріндегі шампанды ішті.

Әсет ештеңе дей алмай қалды. Олар даяшымен есептесіп, сыртқа шықты. Қызып алған Әсет: «Мен шахтермін, ақша жетеді», - деп такси ұстап, Қатираны жатақханасына апарды, сөйтіп өзі қонақүйге келді.

Ол фойедегі барға барып, коктейль ішті. Денесі былқ-сылқ болғанымен есін біледі. Ойына болмашы бірдеңелер кіріп-шығуда. Басы салбырап төмен қараған күйі өзімен-өзі көп сөйлесті. Адам - жұмбақ. Адамның өзінен гөрі ғұмыры жұмбақ. Біреудің жолы болғыш, біреу дүние тапқыш. Енді біреулер тірі өлік болып, мандайынан соры арылмай сорпасы шығып жүр. Ол бір коньяк алып жиырма бесінші қабаттағы нөміріне беттеді. Лифтінің тез көтерілгенінен жүрегі айныды. Бөлмесіне теңселіп зорға жетті. Ваннаға кірген бойда лоқсыды. Суық суға бет-ауызын шайып еді, бойы сәл сергіді. Содан соң айнаға қарап еді, екі көзі қып-қызыл, беті мыж-мыж біреуді көрді. Ол ұзақ қарады. Шырамытты. Айнадағы өзі, бірақ бұған мүлде ұқсамайды. «Сен ешкімге керек емессің, өміріңде мән қалмады. Бір ұртың май, бір ұртың қан». Ол сол жерде қолындағы коньякты ашып, ауызынан іше бастады. Бөтелкені көтеріп, айнадағы өз бейнесімен соғыстырды. Әсетке айнадағы өзі емес, өзіне ұқсаған жат біреу, сияқтанды. Ол оған жаңа көргендей кірпік қақпастан қарауда. Қанталаған сұсты көз өңменінен өтіп барады. Жылуы жоқ суық жанар. Көзқарасы таныс. Сонда өзі кім? Әсет басын шайқап, көзін жұма тістеніп еді, мойнының күре тамыры білеуленді. Денесі мұздады. Оған көрдің суық сызы сезілді...

Әсет көзі бұлдыраған күйі ваннаны көзімен шолып өтті. Қолында жібі болмаса да жіп ілінер жер іздеді. Төбе биік, трубалар тігінен орналасқан, батарея мүлдем жоқ. Тек орамал ілетін жіңішке шеге ғана бар. Қол жуғыш та төмен орналасқан, сен тиме де, мен тимейін деп тұр. Душтың су

шашқышы ваннаның ішінде жатыр. Ол бөтелкені ұстаған күйі жүрді де қойды. Бір кезде тынысы тарылды. Терезені ашты. Келгенде қалай байқамаған, аспанның түбі тесіліп кеткендей сыртта жауын құйып тұр. Әсет терезенің екінші жағын айқара ашты. Төменде машиналар ағылуда. Қонақүйдің қарсы алдындағы аялдамада толған адам. Әріректегі үлкен сәулетті ғибратхананың қасындағы фонтаннан су атқылауда. Ол көзін бір ашып, бір жұмды. Бар денесімен кеудесін кере тез-тез дем алды. Өкпесі мен кеуде сүйегі қабынып, жел үрлегендей болды. Сонда да дем жетер емес. Секірген кезде тізесін бүгіңкіреп, қолын қанат сияқты жаюды ұмытпаса болғаны?.. Ұзақ ұшуға тиіс. Биікке самғап, аспанда қалықтай алатын құста да арман бар ма екен? Адамға да құстікіндей қанат бітсе ғой шіркін... Ол ештеңе ойламауға тырысты. Әсет ауызын толтырып коньяктан тағы да бір-екі ұрттады. «Жерде, мына жалғанда менің алашағым да, берешегім де жоқ. Сүйгені жоқ, сүйенері жоқ жанда қандай берешек болмақ. Бәрі бекер... Құр әуре!». Әсет те енді бұрынғы Әсет емес. Тірі өлік... Мен несіне өмірге келдім. Өзгені қойып, өзіме керек емеспін. Мен сияқтылар бұл дүниеге келмеуі, туылмауы керек... Ол зорға дегенде терезеге көтерілді. Салқын жауын Әсеттің бетіне шашырады. Аспанда ұйытқып соққан жел бар. Ештеңе сезілер емес, тек шекесі шаншып, жүрегі айныды, ауызына жаман дәм келді. Сұрқай дүниенің бояуы оңған өмірінде мүлде мән қалмағандай... Бүгінгі күнге дейінгі бар білгені, өмір деп маз боп жүргені бір көрген түс секілді. Ол терезеден жіпсіген денесіне тиген салқын желді сезді. Сырттың суығы мен іштің суығы араласып, денесін қалтырата бастады. Сүйектері де үгітілгендей шымырлап, буындары сыздауға айналды. Өне секірем, міне секірем деп тұрғанда Әсетті дәрет қысты... Ол терезеден түсіп, теңселген күйі ваннаға зорға жетіп, дәрет сындыруға кірісті. Зәрі құрғыр бітсейші, шығып жатыр, шығып жатыр. Денесінің бәрі суға толып кеткендей. Іші босап, ауыр жүк түскендей бойы жеңілденді. Әсеттің денесін

үрей биледі. Безгегі ұстаған адамдай қалшылдап бүрісті. Жылы жерден үскірікті аязға шыққандай денесі қалтырап, терезенің қасына қайта келді. Бұрын көрмеген ерекше жай. Құдды бос қалған бөшке секілді. Басы ғана емес, іш-құрылысы түгелімен абыр-сабыр бірдеңе. Қаңырап ескерусіз қалған, ешкімге керексіз бос үй сияқты. Көз алды дір-дір еткен тұнжыр тұман. Әсет қолындағы бөтелкесін енді аңғарды. Ол теңселіп тұрған күйі сыртқа лақтырамы деп құлашын жаза бергенде, бөтелке сусып кетіп, арт жағына қарай ұшты. Бөтелке қабырғада ілулі тұрған кішкене радиоқабылдағышқа барып тарс етіп соғылды. Радиодан гитараның сүйемелдеуінде таныс әуен қалықтай жөнелді. Әсет жалт бұрылды. Қыз сөзі, қыз арманы... ел тілегі... ұлт болашағы. Әнші қыздың сезімге берілген сүйкімді дауысы да бірден жүрегінің нәзік шегін қағып қалғандай. Ән жанын тербеді. Өмір мәңгі, пәктік мәңгі, махаббат мәңгі дейді мынау ән. Өмір сүруге, қызықты күндерге шақырады... Әншінің майда дауысымен бірге Әсеттің бойына жылу тарады. Кеудесін тесіп, қысып, тынысын тарылтқан кара түйнек шешіліп, көңіл-күйін құрыстыра қысқан темір құрсау босауға айналды. Тірліктің нышаны білініп, іштегі кірбінді сыр жуыла бастады. Мәңгілікті жырлаған әсем ән қалықтап, жер бетіне түнерген қою түн құшағына қанат қағып аспандап барады. Жердегілерді жадыратып, желеп-жебеп, енді қат-қабат болып түнере төнген бұлттарды сазымен тербетіп, көз жасын көлдете, көңілін босатпақ...

Әсет сол қалшып тыңдаған күйі келесі әнді күтті. Диктор – Гүлжан Ақұрпекованың орындауында берілген концерттіміз осымен аяқталды деді. Әсет өз-өзінен көңілі босап, ағыл-тегіл жылады дейсің бір. Ойына Саят келді. Бұрын онша көзіне жас ала қоймайтын Әсет ағасы қайтқаннан бері бордай босап кеткен. Дүние неткен терең, жұмбақ едің. Ол бұрышта тұрған кереуетке қарай еңбектеп шынтақтай, тізерлеп зорға жетіп құлай кетті. Көзі ғана қарауытып қойған жоқ, дүние, бар әлем түнекке айналды. Әсет денесін, аяқ-қолын сезер емес, тек дыңылдаған уіл ғана бар. Біртіндеп

шекесінің солқылы азайып, өзі де белгісіздік әлеміне шым батты. Бейтаныс әнші қыз, қатерлі қадамнан, өлім ауызынан алып қалды оны. Шіркін, жаралы жанды да жазар қазақтың мұңды, сырлы әніне не жетеді?..

Әсет жолындағы ор сияқты бөгетті сезді. Бөгет кейде жоқ болып кетіп, тиісті жерге шықтым-ау дегенде, күн сәулесінің көз қарықтырған жарығынан қайта пайда болады. Теп-тегіс сайрап жатқан қара жол орға тіреліп, кілт үзілді. Ол жақындап келіп қарап еді, әлгі апан машинамен құм алған үлкен карьер екен. Әсет басын көтергенде күн тастөбеге шығып, жалғыз жалынды көздей бұған шақырая төніп тұрғанын көрді. Құдды баяғы өзі өлтірген суырдың кекесінді көзі. Төңірек меңіреу тыныштық. Әсет алаңдап, құлағы үйренген шуды іздеді. Ерсілі-қарсылы безектеп зуылдаған машиналар қайда?.. Әлгі шаншыла төнген көз от шашып төніп келе жатыр. Әсет оттан қашқан күйі еңтігіп барып етпетінен құлады. Құтқарар түрі жоқ. Ауыр салмағымен бұны жаншып езгілей бастады. Жерге жабыстырып жіберердей қорғасын салмақ. Қарсыласуға шама жоқ. Әсет жаны шығып кеткендей қыңқ деместен, былқ-сылқ етіп жата берді. Әлгі күш жаныштауын қойды-ау, әйтеуір бір кезде. Әсет есін жиды. Қатты шаршап, тынығып, ұйқыдан ояңғандай. Ол тынысын аша жан сарайына енген саф ауаны сезді. Құшырлана дем тартты. Салқын ауамен бірге өн бойын ағаштың су сіңген қышқылтым иісі билеп барады. Құдды су бетінде құйын ойнаған қамысты көлдің айдыны. Енді бірде осының бәрі табиғат пен адамның түп-тамырында ортақ байланыстың бар екенін меңзеп тұрғандай. Кенет бағанағы салмақ қайта пайда болды. Жаныштай бастады. Қып-қызыл үлкен жалғыз отты көз үстіне төніп тұр. Салмақ денесін түгелдей еңсере басып езіп тастайтындай. Енді сәл болса шыбын жаны шырқырап шығып кетердей. Аспандағы отты қызыл көз жақындаған сайын қысым күшейіп барады. Әсеттің іштегі бар демі лықсып келіп тамағына кептелді. Осындай тамағын қырнап, дем ала алмай қиналғаны бар еді ғой бұрын да. Иә, енді есіне түсті. Сол баяғы өзеннен келе жатып, суыр өлтірген күзде мектептің

буфетінен тәтті тоқаш алмақшы болған бес тиынын байқамай жұтып қойғанда дәл осылай қиналған. Ол тұншығып, қырылдап демігуге айналды. Кенет, қайдан келгені белгісіз, ақ кимешекті әжімді бейтаныс әже «қақалдың ғой» деп жауырынынан қағып-қағып қалды. Әсет жөтеліп барып, тынысы ашылып кетті. Көзін де ашып алды. Құлағының ұшы мен беті дуылдап жатыр. Ол өзінің қонақүйде жатқанын білді. Желкесі шымырлап, ту сыртында біреудің өзіне қарап тұрғанын сезді. Жүрегі шайылғаннан ба, оның бірден бұрылуға дәті бармады. Бағанағы терезеден секірмекші болған іс-әрекеті есіне келе бастады. Бірақ бойында еш қорқыныш, ойында еш өкініш жоқ. Әйтеуір елең-алаң бұлдыр бір жай. Әсет жаңағы ту сыртынан қадалған көзге тез бұрылып жалт карады. Айқара ашылған терезеден үлкен қып-қызыл отты көз өзіне қарай төніп тұр. Әсет орнында қатты да қалды. Қызыл от таныс көзге ұқсайды. Иә, бұл сол жұмылмай қалған көз... Ол оттың ұшқынынан жасқанып, көзін жұмды. Біртіндеп өн бойы қалыпқа келгендей. От ұшқыны азайып деді. Құлағының дүңгірі де азайып, бойына өмір қаны жүгірді. Әсет әрең дегенде көзін ашты. Терезеде қызарған отты көз жоқ. Тек әріректе қызыл-жасыл болып кемпірқосақ Алатау шыңдарына садақтай иіліп асылып қалыпты.

Әсет өзіне-өзі келіп, Қатира мен қонақүйдегі бағанағы әрекетінің болмашы бірдеңе екенін түсінді. Ойдың, көңіл-күйдің ала құйынын ақыл жеңді. Іштегі сұр жылан бір жаққа кеткендей, орны босап үңірейіп денесі жеңілденді. Керуеттің шетінде басы салбырап, бар денесі босаған күйі отырды да қойды. Құлағындағы қол диірмен айналып тас пен тастың егелгеніндей шықырлаған дауыс басылар емес. Жүйке тамырлары сымдай тартылуда. Жүрегі шаншып, ашыды. Өзіме керегі осы емес не? Түндегідей ақылдан ада-су менде бұрын сонды болып па еді? Мүмкін, сырттай жұрт қатарлы сау жүргенімен, туғаннан жарымес шығар. Ол дүниенің қызығынан жиренген сайын, жарық жалған да оны жатырқап алыстап барады. Қырға қарай ыңырана көтеріліп бара жатқан машиналардың дауысы естілді. Әсет орнынан

тұрды. Буындары дір-дір етеді. Құдды қатты ауырып, сал боп сары аурудан тұрған науқас сияқты. Ол терезенің жақтауынан ұстаған күйі сыртқа қарады. Аялдамадағы автобуска жұрт үймелеп мініп жатыр. Әркімнің өз тірлігі өзінде. Біреудің біреуге қажеті жоқ...

Арада бірнеше күн өтті. Әсет өзіне-өзі келе алмай, өзін-өзі қоярға жер таба алмай жүрді де қойды. Әнеукүнгі ән, қыздың сүйкімді дауысы көкейінен шығар емес. Бойын баураған тазалық, пәктік әкелген ән бітпесе екен деп тіледі. Шіркін, адамзат баласын бір сәтке болса да селт еткізіп, өзін де, өзгені де ұмыттыратын, құштарлық құсын жүрегіне ұялатар өнер күдіреті-ай!.. Әсет әнеукүнгі әннің өз жүрегінің түкпірінен біржолата орын алғанын сезді. Пенде емес пе, естігенін ғана місе тұтып қоймай, ән орындаушы қызды тым болмаса бір көрсем деп ынтықты. Танымаса да, көрмесе де белгісіз бір құштарлық пайда болды...

Диплом алынды. Әсет әне-міне кетемін деп жүргенде кешкісін теледидардан Шәмші жөнінде хабар көрді. Композитордың Изольда деген қызбен танысып сығандардың арасында бірнеше ай болғаны айтылуда екен. Әсеттің көзі қарауытып, әлде бір істелмей қалған ісі есіне түскендей бозара қалды... Ол келесі күні Кеңсайдағы зиратқа барды. Үлкенді-кішілі ескерткіштер. Әр тастың астында бір ғұмыр. Бәрі үнсіз. Меңіреу тыныштық мысынды басады. Әсет ауырлап, аяқ басқан сайын шекесі солқылдауға айналды. Шәмшінің қайда жатқанын зират қызметкерлері білмейтін болып шықты. Көп іздеді, ақыры мазар салып жүрген үлкен кісілердің көмегімен Шәмшінің қабірін Әсет зорға тапты. Тірісінде керексіз болған ұлы Шәмші өлісінде де жермен жексен болып басы көтерілмей жатыр екен... Әсет құран оқыды. Ұлт ойсанасын оятушы зиялы ағасының топырағына қолын тигізіп, бас иіп тағзым етті... Халықтың сүйіктісі Шәмші, қазақтың ескерусізі Шәмші...

Әсет ауылға оралды. Өзгерген дүние шамалы. Тірліктің күйбеңі кімді болсын жеңетін әдеті емес пе, уақыт өте берді. Жеті күннен кейін Саяттың да жылы болмақ. Ма-

мыр айы былтырғыдай шыжғырылып күйіп тұр. Дұғаға сойылатын мал реттеліп, жабдықтың дайындығы басталды. Күн бата өрт сөндіргендей болып, машинаңмен қайын жұртыма апарып тасташы деп Әсеттің ерте үйленген досы келді. Үйдегілер Саяттың көк «Москвичін» әлі мінбеп еді. Ешкімнің де гаражды ашуға дәті бармаған... Досы жалынып отырып алды. Әсет амалсыздан гаражды жүрексініп ашты. Машинаны шаң басыпты. Ол терезенің шынысын сүртіп от алдырғанда, машина қалың ұйқыдан оянғандай, жанданғандай болды... Әсет қиналды. Ақыры ол түн болса да таңғы жұмысқа дейін барып келмекші ниетпен үй-ішіндегілерге де айтпай, досын бала-шағасымен машинаға отырғызып алып жүріп кетті. Түнгі жүріс өне қоймады. Баратын жерлеріне кешігіп жетіп, шайға да қарамай, екінші түн ұйықтамаған күйі жалғыз өзі кері қайтты. Жұлдыздар еріне, біртіндеп сөніп, аспан көкшілдене марғаулаанып, таң атуға айналды. Әсет асығып күйіп-пісе бастады. Бірінші ауысымдағы жұмысына үлгеру үшін машинасының жүрісін тездетті...

Әсет рульді қатты қысып ұстаған күйі тежегіш пен қосқышты бірдей түбіне дейін басты. Машина аунаған кезде денесінің салмағын мойнына түсірмеуге тырысып, аяқ-қолымен тірей қарманды. Терезелердің шынылары үгітіліп, салдырлап түсе бастады. Машина ішінде бос жатқан кілттер, бөтелке, аптечка, тағыз басқа ұсақ-түйектер ерсілі-қарсылы ұшты. Салдыр-күлдір көбейіп, құлақ тұнды. Әсеттің кеудесіне руль батып, шекесі екі-үш рет есікке соғылды. Шынының ұсағыз бетіне шашырап, мойнына, қойнына кірді. Машина жылжи бере қырынан тағыз аунады. Осы жолы шоқалақ жолдан үш-төрт рет домалап, аунады да, төрт дөңгелегімен жол жиегіндегі еңіске дік ете түсті. Төңіректі өлі тыныштық басты. Машинаның моторы өзі сөнді. Қасынан бейтаныс «Жигули» өте берді. Әсеттің көзі түсіп еді, «Жигули» ішінде

өзара қызу әңгімелесіп Саят пен Шайзрат отыр. Әсет есеңгіреп, үсті-басын шыны сынығы жауып рульден тасқып ұстап қозғалмаған күйі бар дауысымен айғай салды. Саят пен Шайзрат ештеңе естімей әңгімелескен күйлері ұзай берді. Әсет жанталаса тағы айқайлады. Ол енді өз дауысын өзі де ести алмады.

Меңіреу төңірек дүбірге толды. Сөйтсе, күңгірлеп тұрған өз құлағы екен. Көтеріліп келе жатқан күн шоқтай қызарып үлкейе берді. Алыстан көрінген шахта терриконы кішірейіп, күнді қалқалай алмады. Күн көзі бақырайып, одан әрі өсті. Әттең, енді біраз жүріп үлгергенде терриконның көлеңке тұсына жетіп те қалар еді. Әсет жас кезінде өзі өлтірген суырдың адамдікіне де, аңдікіне де ұқсамайтын жан түршігерлік дауысын анық естіп таныды. Дауыс біртіндеп ұлғая берді. Құлақ шыңылдады. Күн біржолата өлген суырдың көзінен айнымай қалды. Жан-жақтың бәрі қаптаған сол бір көз... Майысқан капоттың астынан от лап-лап етті... Әсет жынды адамдай не істерін білмей, меңіреу қалпы рульді ұстаған күйі отырды да қойды. Машина іші моншаның буындай қапырық. Қоңырсыған күйік иісі шыға бастады. Кенет әлгі суырдың дауысы «не қылып отырсың, тұр» деген бұйрықтай зілді естілді. Әсет ұйқыдан шошып оянгандай селк етті. Ол орнынан қозғалып үлгергенше белгісіз орасан зор күш оны от құшағынан жұлып ап атып жіберді. Әсет сол екіінімен он шақты адым жерге барып құлады, машинаның моторы да атылды. Көк «Москвич» лаулап жана бастады. Атып тұрған Әсет көз ұшында көрінген шахта терриконын бетке алып, жан ұшыра жүгіре жөнелді. Қарсы алдынан жан сергітер салқын самал есті. Әсет алқыныңқырап, жүгірісін баяулатты. Өзі жалаң аяқ. Кроссовкасы машинаның ішінде қалғанға ұқсайды. Әсет тұла бойымен, бар тылсым-тірлігімен аяғының астындағы Жер-Ананың лебін сезді. Ол тоқтай қалып төңірекке

көз салды. Көптен тосқан жаздың жомарт жауыны жуып өткен Сілеті өңірі сұлуланып жайнап тұр.

Жер-Ана тершіп, тас емісегі иіп жатыр. Ұшықиырсыз дархан дала бұрынғысынан да кеңейіп, шалқи түскен. Алыстан бұлдырап, Қояндының шыңы қол бұлғайды. Шөп басына маржандай ілінген жауын тамшылары күн нұрына шағылысуда. Әсет ұзақ ауырып төсектен жаңа тұрған адамдай дүниеге құштарлана, құмарта қарады. Қисық ағаштың теріс біткен бұтағындай ешқашан түзелмей, тірліктің қызығына енді бет бұра алмай кетемін бе деп еді. Олай болмады. Қаз қалпында мүлгіп тұрған төңірек Әсетке жаңа күш берді. Қысталаң сәттер естен шығайын деді. Төбесінен ұдайы төніп тұрған зілмәуір қара қайғы біртіндеп сыпырылып түсе бастады. Шер-мұңын, қорқыныш-елесін Ұлы даланың жұпар ауасы емдеп, тым-тырыс жатқан туган ауылына ұзақ қарады. Жырадағы көктен бүлдіргеннің иісі шығады. Әлемнің жарығы қандай тамаша едің сен. Сені сыйлаған Анаға мың рахмет... Әсет еңсесі көтерілген күйі дүниеге қайта келгендей аяғын нық басып, ұйқыдан жаңа оянған ауылына беттеді.

*Бестөбе-Алматы
1995 жыл.*

МАЗМҰНЫ

Оқырманға.....	3
«Жас тұлпар» дүбірі.....	7
Азаттық аңсағанСарыарқа.....	205
Қашқын суыр.....	362

Әлпейісов Әміржан

«ЖАС ТҰЛПАР» ДҮБІРІ
АЗАТТЫҚ АҢСАҒАН САРЫАРҚА
ҚАШҚЫН СУЫР

Редактор *Жаңабек Шағатай*

Суретшісі *Сырлыбаев Қ.А.*

Компьютерде беттеген *Айнагул Ауанова*

Басуға 05.05.2015. қол қойлды

Пішімі 84x108 1/32 Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 21. Таралымы 2000 дана

Тапсырыс №